



ЕСМАҒАМБЕТ
ЫСМАИЛОВ

ӘДЕБИЕТ
ЖАЙЛЫ
ОЙЛАР





**ЕСМАҒАМБЕТ
ЫСМАЙЫЛОВ**

**ӘДЕБИЕТ
ЖАЙЛЫ
ОЙЛАР**

(Ақындық өнер мен ақындар туралы)

«Жазушы» баспасы
Алматы — 1968

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті марқұм Есмағамбет Ысмайыловтың әдеби мұрасы сансалалы. Бұл кітап ақындық өнер мен ақындар жайлы ойлар, толғаныстардан тұрады. Автор қазақ поэзиясының теориялық, практикалық мәні зор келелі мәселелерін кеңінен сөз етумен бірге Ақан сері, Үкілі Ыбрай, С. Сейфуллин, Қ. Аманжолов сынды көрнекті ақындардың творчествосына арнайы тоқталған.

Шығарушылар алқасы:

*С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Д. Әбілев,
О. Нұрмағанбетова, М. Қаратаев, Ш. Ысмайылова,
Т. Абдрахманова, Т. Кәкішев,
М. Хамраев, М. Дүйсенов, Р. Бердібаев.
Алғы сөзін жазған Ә. Тәжібаев.*

ҮАКЕН ДОСЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ

Біз Есмағамбет Ысмайыловтың тірліктегі жолын бұрын да ұғатынбыз, оған іштей сүйсініп қадірлейтінбіз. Бірақ оның көзіне айта бермейтінбіз. Тіпті, Есмағамбеттің ақ еңбегін, адал еңбегін кірлегіштер табылып, мінегіш, сынағыштар шулыған салып жатқанда да әлсіз ғана: «бұларын қалай, қойсаңдаршы» дегеніміз болмаса Ысмайыловтың ардагер азамат, талмайтын ғалым, тарихымыздан өзіндік үлкен орын алған коммунист екенін, жұртын сүйген үлкен жүректердің бірі екенін айта алған емеспіз. Біздің ажарсыз әдеттеріміздің бірі осы болатын. Бірақ әлсіз достары арашашы бола алмаған жерлерде Есмағамбетке де Қазақстан Орталық партия Комитеті пана болып жүрді, кезінде қорғап, кезінде сүйеді. Оның үлкен талап, талантына жол ашып, үздіксіз еңбектенуіне мол мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде Ысмайылов дәл кезінде ғылым докторы атанды, Қазақстан Ғылым академиясының мүше корреспонденттігіне сайланды, толып жатқан наградтарға ие болды. Мінекей сол Есмағамбеттің қайтыс болғанына екі жылдан асты. Біз, мезгілсіз мерт болған қызу майдан, қыруар еңбек үстінде қаза тапқан досымыздың өткен жолына, қалдырған бай мұрасына, кісілік мінезіне көз тастаймыз. Сонда жылдар өтсе де бізден алыстамайтын, жаңа мезгіл, жас қауымнан қашықтамайтын ғажайып жанның жарқын бейнесін, жанды тұлғасын көреміз. Соған қуанамыз.

I

Мен Есмағамбетті ең алғашқы көргеніме отыз жеті жыл өтіпті, онда он тоғыз жастағы бала жігіт еді, ол Көкшетаудан Алматыға келіп, жаңада ғана ашылған қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтының әдебиет факультетіне түсті. Әлі есімде, көзінен күлкі, мейірім өшпейтін бейтаныс жігіт маған қолын созып:

— Сіз Әбділда боларсыз?— деді.

Қолы қандай жылы болса, үні де сондай жылы екен. Біз лезде-ақ табысып кеттік. Мен сияқты ол да интернатта тәрбиеленген, қабырға газетіне өлең жазған, енді ақындық

жолын қуынған жастың бірі екен. Содан бастап ұзағырақ уақыт көріспей кетсек аңсап, сағынысып тұратын достарға айналдық.

Ысмайылов Есмағамбет те өзгеміз сияқты оқи жүріп өлең жазумен шұғылданды. Көп ұзамай «Тұлпар жыры» атты жинағы да басылып шықты, ол да өзгеміз сияқты Ленинді, партия мен Отанды, жетілген жетімдер мен ел болған санаққа қосылған кедей, батырақты жырлады. Бірақ Есмағамбет туа біткен қабілетіне лайық болу керек, әдебиеттің сын және зерттеу жанрына ауысып кетті. Содан бастап бәрімізге белгілі ғалым, сыншы, университет, институттерде сабақ беруші ұстаз Есмағамбетті сыйлайтын болдық.

Қазақ әдебиетінің барлық жанрлары толысты, қазақ жазушылары барлық жағынан өсіп, сөз өнерін толық меңгерді, халқымыз үшін қадірі артты десек, бұл сияқты жедел көктеуімізге әдебиет ғылымының сіңірген еңбегі мен берген көмегі де аз емес. Ал, сол әдебиет ғылымының тарихын жасауда, әсіресе оның алғашқы қалыптасу кезеңінде ерекше еңбектенген Есмағамбет Ысмайыловтың орны ерекше бір биік.

Жасыратыны жоқ, белгілі, бір кезде қазақ совет әдебиетінің тарихын, оның өткен жолын сөз ету қиындығы былай тұрсын, жазушыларымыз бен сыншыларымыз сан жағының өзінен құлдырай азайып қалды, қиын кездің ең ауыр салмағы бірлі-жарым аман қалған: Есмағамбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, Бисенбай Қенжебаев сияқты жас мамандарға түсті. Осы әрі жас, әрі шағын топ әдебиеттің ғылым туын берік ұстап, ендігі өсер жастардың көшін бастады.

— Апырмау, енді қайтпекпіз, Сәкенсіз, Бейімбетсіз, Ілияс, Жұматсыз совет әдебиетінің тарихын қалай түсіндірмекпіз?— деп Есмағамбеттің оңашалап талай қиналғаны есімде. Ол кезде жалған қараланып кеткендер былай тұрсын, көздері тірі Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтардың (соңғы екеуі партиядан шығарылғанды) өздері туралы жылы сөз айту недәуір қиын болатын. Бірақ, осының бәріне қарамастан қазақ совет әдебиетінің барын үгіттеуде, оның болашағына болысуда Есмағамбет тынбай қимылдаушылардың бірі болды. Ол поэзияның қасиеттерін ұғындыру үшін Абай поэзиясының сан алуан сырларын талдауға әлденеше оралды.

Орыс және Европа ғалымдарының үлгілерін, әдебиет

теориясының ғылымдық негіздерін пайдалана отырып қазақ оқушыларына қажетті мақалалар, кітаптар жазды, хрестоматиялар жасады.

Осы жылдардың бірінде Есмағамбеттің маған келіп:

— Біздің поэзиямызда жаңа заман тақырыбына жазылған баллада үлгілері тапшы екен. Бір-екі баллада жазып берсең кітапқа қосар едім,— дегені бар. Мен Испания оқиғасына байланыстырып «Батыр шал», «Ормандағы бала» деген екі өлең жазып бердім. Есмағамбет осы сияқты жанрдың жетпестеріне де түрткі салып, ұйымдастырып жүруші еді.

Есмағамбет өзімен бірге оқыған ақын құрдастарына да әр түрлі ойлар беріп, кеңестер айтып отыратын. Оның жазған мақалаларында да, жай сөздерінде де «совет әдебиетінің берік қанаты — революциялық романтика, романтикалық поэмалар туа берсе екен»,— дегенді көп әңгімелейтін. Есмағамбеттің осы кеңесі Қасым Аманжолов, Диқан Әбілев, Қалижан Бекқожиндардың отызыншы жылдардың екінші жартысында бірсыпыра жаңа поэмалар жазуларына себепкер болды деп білемін.

Бісмайылов үшін сөз өнеріндегі көркемдікті тексерудің шегі мен жігі болған жоқ. Ол көне әдебиетті, әйтпесе жаңа әдебиетті тексеремін деп тар шеңберде маманданған жоқ, ол өз замандастарының шығармаларымен үзбей шұғылданып, совет әдебиетінің тарихы мен теориясына байланысты проблемаларды шешуге белсене қатыса жүріп-ақ, революцияға дейінгі әдебиетіміздің тарихын дәуірлеуге де ерекше көңіл бөлетін.

Қазақ әдебиетінің ұзақ тарихын дәуірлеу, оны бай фольклормен байланыстыру, ұлттық сөз өнерінің үнемі дамып, жалғасып отырған дәстүрін бағу, құрғақ социологияға ұрынбай, эпикалық дастандар мен көп сырлы, көп қырлы халық лирикасының бай материалдарын терең талдау арқылы дәлелдеу — оңайға соққан жоқ. Мұндай іргелі проблемаларды шешу үстінде өзгелер сияқты Бісмайыловтың да ағат айтқан, жеңіл кеткен жерлері болған. Бірақ талмай-танбай іздену үстінде, әсіресе материалдарды көп білу, терең тану нәтижесінде өз кемшіліктерін жөндеп үнемі ғылыми дұрыс арнаға салып отырды. Есмағамбеттің ертедегі көптеген мақалаларымен тоятпап қалмай, кейін монографиялық еңбектер жазуы да сондықтан болатын. Бұл жағынан келгенде Бісмайыловтың «Ақындар», «Ақын және революция» атты қалың кітаптарының әдебиет ғылымынан алатын орындары ерекше қымбат.

Әрбір творчестволық дарыны көрінген ақын-жазушының зерттеуші ғалымның оқыған-тоқығаннан өзге, оған тікелей ықпал жасайтын, ісімен де, сөзімен де жақсы өнеге ұсынып отыратын сыйластары болады. Есмағамбеттің де осындай сыйластары аз емес-ті. Ол кешегі, өзіне сабақ берген Сәкеннен, бүгінгі ірі әдебиет ғалымы Сәбиттен, және басқалардан көмек алып отырған-ды. Солардың ішінде оған ерекше ықпал жасаған, Есмағамбеттің ірі еңбектеріне күнделік, қолма-қол жәрдемін аямай беріп отырған Мұхтар Әуезов. Мен Мұқанның мұндай жәрдемін әсіресе «Ақындар» атты монографияның жазылған, талқыланған, докторлық диссертация боп қорғалған үстінде көбірек көрдім. Ауыз әдебиетін барынша сүйетін, барынша терең тексерген, Шығыс фольклорына байланыстыра, салыстыра тексерген — білгір Мұқан, Ысмайыловтан да тереңдік, нәзіктік талап етті. Эпос пен айтыс, халықтық лирика тағы басқа жанрлардың ішкі, өзара байланыстарынан, олардың көркемдік эволюциясынан көз жазып қалмауды, ауыз әдебиетінің дәстүрлік күшіне тікелей әсер ететін әлеуметтік тарихи себептерге де кеңірек сүйенуді ескертуден жалыққан жоқ. Ысмайылов жан ашыры, аға досы болған Әуезовтың мұндай кеңестерін әлі жеткенше пайдаланып та, орындап та бақты. Сөйтіп бүгінгі данқты халық ақындары: Жамбыл мен Нүрпейістің, Шашубай мен Нартайлардың ақындық өнерлерін орнықты тексерумен импровизациялық дәстүрдің жаңа өмірде жаңа сапа табулары жөнінде Есмағамбет Ысмайылов үлкен ойлар айтарлық дәрежеге көтерілді.

Қазақ совет поэзиясының тарихын, оның көркемдік даму жолдарын зерттеуде жаңа, жақсы еңбектер жыл асқан сайын молайып келеді. Әсіресе 1930 жылдардың ортасына дейінгі поэзиямыз жөнінде талай қалың кітаптар шықты. Солардың ішіндегі көбірек тексерілгені Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы. Мен сол еңбектердің бәрін де сыйлай отырып, Сәкенге арналған Ысмайыловтың «Ақын және революция» атты кітабын айрықша бағалаймын. Бұдан, әрине, Есмағамбет Сәкен және оның дәуірі туралы бәрін айтып болған екен, мінсіз айтқан екен деген қортынды шықпаса керек.

Шығарманың көркемдігінен көрі идеясын әсірелсіз дәріптеу соның нәтижесінде ақынның әлсіз жырларында орынсыз әлпештеу көп сөзділік, көп қайталаушылықтары бар. Сөйте тұра «Ақын және революция» совет поэзиясының тарихын жасаудағы оның күрес жолын, көркемдік

табу жолын, қазақ совет поэзиясының жаңа дәстүр орнатып, кешеден бүгінге жалғасқан табиғатын түсіндіретін ең зор ғылыми еңбектердің бірі. Бұл Ысмайыловтың ұзақ уақыттар бойындағы совет әдебиеті үшін жүргізген күресінің жинақталған, жентектелген ірі көрінісінің бірі.

Есмағамбет елу жасқа толғанда оның аға досы Мұхтар Әуезов:

— Мен сені қазақ әдебиетінің, әдебиет ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі, еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де, бек бағалаймын,— деп өте әділ, өте жылы бағалаған Есмағамбет расында да сондай еді. Қазақстан Ғылым академиясы, оның Тіл және әдебиет институттарының жоқ кезінде Ысмайылов әдебиет ғылымының негізін ұйымдастыруға талмай күш салғандардың бірі. Ол алғашқыда осы күнгі республикалық музейге әдебиет қорының жиналып, олардың ғылымдық жүйеге түсуіне күш салды. Кәзіргі әдебиет институтындағы бай қолжазба фондысының құралуы оған елдегі ақын-жыраулар фольклор материалын жинампаз мұғалімдердің, әдебиетшілердің барынша мол тартылатын кезі сол шақтан басталады. Мінеки содан бастап Ысмайылов әдебиеттің ғылымдық жұмыстарын ұйымдастыру, басқару, оған қажетті мамандар әзірлесу, жас ғалымдарға үзбей жәрдемдесуде қашан көзін жұмғанша бір мезет те тынған емес. Соңғы отыз жыл бойында шыққан толып жатқан жинақтар: эпостық дастандар, салт-ғұрып жырлары, дәуір кезеңдеріне арналған жырлардың құрасындылары, оқулықтар. «Қазақ әдебиеті тарихының очеркі», Қазақ әдебиетінің алты томдық тарихы (оның ішінде кәзіргі шыққан екі томдық совет әдебиетінің тарихы» да бар), тағы сондай күрделі ғылыми жұмыстардың бәрінде де «еңбек торысы» Есмағамбет бар, соның бәрінде де ол білгір, басшы ғалымдардың бірі.

2

Елін сүймей, ер азаматын сүймей, ол елдің өнерін, өнерпаздарын сүю онай емес. Демек шынайы әдебиетшінің таланты да, таза адамгершілігі де оның көңілінің тазалығы мен жүрегінің үлкендігіне байланысты. Көңілі жарық, жүрегі жылы адамның махаббаты да зор. Сондықтан достары — сыйласы мен қимастары көп. Ондай адам әмбеге амандық, саулық, жақсылық пен жемістілік тілейді. Ондай адам жасы үлкен жақсыға айнымас іні, жасы кіші жақсы-

ға айнымас аға, солардың бәріне қамқор, бәріне пана. Есмағамбет дәл сондай еді. Есмағамбеттің жабылмас есігін көп ашып, жиналмас дастарқаннан көп дәм татқандар аз емес, солардың ұмытшақтары болмаса, көпшілігі-ақ жақсы біледі. Есмағамбеттің үйінде түстене, қона жатып жыр айтпаған халық ақындары кемде-кем. Есмағамбет солардың бәрін де жылы төсегі, жылы көңілімен риза ететін. Барлығын ақыл-кеңесімен, қолма-қол жәрдемімен қуантып шығаратын: академия мен баспа орындары, журнал, газет редакцияларымен байланыстырып жіберетін. Есмағамбеттің үйінде түстене, қона жатып диссертацияларын, тағы басқа ғылыми бастамаларын оқыған, сол үйде отырып жазғандарын жөндеген жас ғалымдар да аз емес. Есмағамбет оларды да жылы төсегі, жылы көңілімен риза ететін. Солардың дені ғалымға иелік еткенше, орнықты қызмет тапқанша Есмағамбет дамыл таппайтын. Есмағамбеттің өзі оқытқан студенттері, аспиранттары үшін талай қуанғаны да есімізде. Ысмайылов шын мәніндегі ақ көңіл, әділ коммунист еді. Әрине адам әртүрлі. Есмағамбет ұшырған балапандардың бәрі бірдей сұңқар болып шыққан жоқ. Тіпті ғылым баспалдағын әкімдік дәрежеге шығуға пайдаланып, сол адал Есмағамбеттің өзін кірлегісі келгендерді де көрдік. Есақаң ондайларға кейде күліп қарайтын.

— Ақмақ ақмақтығын өзі көрсетпесе біз оны қалай таныр едік,— дейтін әзілдеп.

Есмағамбет өзі істеп жүрген әдебиет институтына, қазақ университетінің әдебиет кафедрасына тәжірибелі әдебиетшілерді барынша көбірек тартуға тырысатын. Мұқаң кейін:

— Қартая бастадым. Енді әдебиет институтынан босанып, жазуға бірыңғай шықсам — дегенді көп айтушы еді. Талай рет солай шешкені де есімде. Бірақ соның көбінде ақ Есмағамбет балапандай шырылдап Мұқаңның кетіп қалмасына себепші болып жүрді. Ондаған жыл бойы амалсыз сырттап қалып, әдебиет ғылымына қайта оралған Мұхамеджан Қаратаев үшін де керемет қуанғанын жақсы білеміз.

— Әдебиет институтында қызмет істеу керек, жастарға болысып, іске жәрдемдескен жөн,— деп мені де ғылым қызметіне тартқан осы Есақаң болатын.

Есмағамбет әдебиетке ең әуел ақын болып келді деген сөз жоғарыда айтылды. Сол ақындық түйсігінен, сезімталдығынан ол еш уақытта айрылған емес. Сезімталдық, ша-

быттылық, іске еліккіштік, адамға үйірсектік, достардың қайғы-қуанышына бірдей тұтанғыштық бойынан арылмайтын қасиеті еді.

Есмағамбет ел аузындағы нешетүрлі әңгімелерді ба-тырлар, ақындар жөніндегі аңыз, хикаяларды да бүгін-нің — тірілердің оқиғасындай қабылдайтын, сөйтіп сол естігендерін суретшідей түйіп, ғалымша қорытатын. Есмағамбеттің бұл қасиеті де оның шығармалық жұмыстарына керемет көмек етті. Оны біз осы жинақтарына кірген ақындар туралы жазғандарынан анық көреміз. Ол кеше ғана көзі көрген Жамбыл, Шашубайлар туралы қандай жазса, өзі көрмеген Біржан, Ақандар, Балуан Шолақ пен Ыбырайлар туралы да солай жазатын. Сондағы оның ерекше бағатыны өткен ақындардың өскен тарихи ортасы, жаратылыс құшағы. Соларға қарап отырып ақындардың творчестволық жан күйлерін зерттейді. Шабыт қозғалысының жырға, әнге айналатын кезеңдерін ашады. Сонда біз өзімізге таныс ауыздан ауызға өтіп келе жатқан белгілі жырлар мен ән өлеңдерінің қалай туған процестерін танимыз.

Халық ақындарын өнерлеріне қарай жіктеп бөлуде Әуезовпен қатар Есмағамбет Ысмайыловтың да көрсеткен тапқырлығы аз емес. Солардың бір тобын (өлеңмен әнін қоса шығаратын ақындар) әнші ақындар деп атап, және олардың талант табиғатын түсіндірудегі Есмағамбет еңбегі ерекше қымбат. Ысмайылов бұл салада ғылыми зерттеулер үстіне бүгінгі кәрі ақындардың өмірлерін, шығармалық тіршіліктерін үзбей бақылады. Ол іздеп жүріп кешегі Ақан, Ыбырайларды көрген қариялармен кездесіп көп сұрастырды, өте қымбатты фактілер, материалдар жинады. Есмағамбеттің бұл еңбектерінің пайдалылығы сондай, әнші ақындарды композитор ретінде зерттейтін музыка мамандары да Ысмайылов материалдары мен оның тәжірибелерін еркін пайдалана бастады. Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Шолақ, Ыбырайлар туралы музыкашылар жазған очерктерден біз осыларды көреміз.

Жалғыз көркем әдебиет пен оның ғылымы ғана емес, Есмағамбет көркем өнердің барлық салаларына араласып, барлық табыстарды қызу қолдап, үн қосып отыратын. Оның театр өнершілерімен достасып, олар жайында жазғандары да аз емес. Театрдың репертуар мәселесі, артистердің ойындары жайында айтқандары өте көп. Ол опера театрының бірінші рет сахнасы ашылғанда да шын жүрегімен қуанды. «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» опералары туралы өз пікірін айтты: мұндай үлкен өнердің аз

ғана уақыт ішінде қазақ астанасында орын тебуін халқымыздың, партиямыздың ұлы жеңісі деп танытты. Сахна өнерпаздарының алғашқы қарлығаштары Қалыбек, Серке, Күләш, Құрманбектермен достасты. Оның кино өңеріне де көмегі кем тиген жоқ.

Қорыта айтқанда Есмағамбет Советтік Қазақстанның ардагер ұлдарының бірі еді, өз жұртының ақыл-парасат майданындағы барлық тірлігіне түгел араласып, үзбей жәрдемдесіп отыратын коммунист қайраткері еді. Есмағамбет сол еңбеккер, қайраткер қалпын бұзбай, еңбек үстінде қалам ұстаған күйінде дүние салды. Біз оның сол бейнесін ешқашан да ұмытпаймыз.

Мен Есмағамбет жерленген күні оның жас қабырының басында тұрып асыл доспен сол кездегі алабұртқан сезімнен туған өлеңіммен қоштасқам. Мына алғы сөзді де сол өлеңіммен аяқтаймын:

Көзің тұр көз алдымда
Үнің тұр құлағымда.
Есет-ау, тірі едің ғой
Шынымен құладың ба.
Шынымен құладың ба,
Шыны-ақ мен жыладым ба,
Қалайша өлді дермін
Келбетің тұр алдымда.
Неге сен қалғып кеттің,
Неге сен оянбадың.
Ішінде жүр едің ғой
Ғажайып бояулардың.
Дәл кеше жүр едің ғой
Қайыңдар арасында.
Күлімдеп тұр едің ғой,
Жасыл көл жағасында.
Қуанып қарамап па ең
Көкшенің күмбезіне
Көзіңді қадамап па ең
Көктегі күн көзіне.
Ойларың сол кездегі
Ормандай қалың еді-ау.
Арманың сол кездегі
Аспандай жарық еді-ау.
Кенеттен түстің құлап,
Қүйреген армандай боп,
Сөндің деп тұрмыз жылап,
Адасып қалғандай боп.
Қош, достым, қамқор досым.
Халқымның мақтанышы.
Қабіріңде ант етеміз,
Еңбегіңді ақтау үшін.

Әбділда Тәжібаев.

АСҚАҚТЫ ЖЫР КЕРЕК

(Қазақ совет әдебиетінде романтика мәселесіне)

Адам баласы тарихында бұрыннан-соң теңдесі жоқ қоғамдық және ғылымдық революцияның нәтижелері іске асқан коммунизм дәуірінде адамгершілік мерей үстем, жеңімпаз да алғыр совет адамын жан-жақты көркем бейнелеудің маңызы аса зор. «Коммунизм орнатып жатқан біздің ерлік істерге толы заманымыз көркем творчествоны бұрын болып көрмеген көлемде жаңадан көркейтуге ең зор өріс ашып отыр. Өзінің күнбе-күнгі ерлік еңбегімен жердің бейнесін өзгертіп, табиғаттың шексіз байлықтарын ашып отырған, жаңадан қуатты индустрия орталықтарын салып, материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасап жатқан, техниканы үздік жетілдіріп, космосты билеуге батыл кіріскен совет халқының өмірі мақсаттардың, тақырыптар мен образдардың ұшан-теңіз байлығын жазушының алдына жайып салуда!» (Совет Одағы коммунистік партиясының совет жазушыларының III съезіне құттықтауынан.)

Коммунистік құрылыстың сан салалы жаңалықтары мен шындығын жеткізіп суреттеу үшін ақын-жазушы бүгінгі өмірді біте қайнасып араласып білудің үстіне совет халқының үздіксіз дамып жетілетін ұлы мақсат-армандарын терең түсінетін алғыр көреген болу керек. Ғажап ерлік оқиғаларға толы коммунистік дәуір адамдарының бүгінгі өмірі мен келешегін бірдей жарқын бейнелеу талабы суреткердің творчестволық қиялы, шабытты ойлары, қанатты сезім дүниесі, көркемдеу тәсілдері әлдеқайда толықсып жетілгенде ғана іске асады. Мұның өзі социалистік реализмдегі көркемдік стиль, формалардың әралуан ерекшелікте гүлденіп, дамуға апаратын реализм мен романтиканы ұштастыра білетін шеберлік жолы.

Романтика революциялық дамуымыздың жарқын айнасы болып отырған совет әдебиетінің барлық дәуіріне тән

сипат. Үйткені революциялық романтика дерексіз қиялдан тумайды, революция заманындағы өмір шындығынан туады.

Осыдан ширек ғасыр бұрын үздік совет адамдары (ғалымдар, ұшқыштар) адам баласы тарихында болмаған таңғажайып ерлік жасады. Солтүстік мұз теңізін ойып отырып жүзетін кемеңі жүргізді, Москвадан Америкаға, Қиыр Шығысқа самолетпен қонбай ұшты, жиырма екі километр биіктікке көтеріле қанат қақты. Әрбір адамның қалыпты еңбек нормаларын мың есе асыра орындайтын стахановшылардың қозғалысы басталды. Әлемді таң қалдырған бұл ұлы ерліктер халықтардың, әсіресе, ақындардың қиял дүниесін керемет молықтырып жіберді. Эпос, эпопеядағы аңыз ертегілердің өзі тамаша ерлік оқиғаларға ілесе алмай қалды. Адамның ізгі арман, тәтті қиялдарының өмір шындығынан озып та, тең түсетін де, кем түсетін де кездері мол.

Ертегі, эпостың шығып дамыған заманында адамның қиял дүниесі жоғарыда, озық болды. Ал, табиғат, өмір сырларын нақты зерттеп білген, ғылым мен тәжірибеге сүйенген біздің социалистік заманымызда өмір шындығы мен қиял дүниесі жарысқа түсті, бірде қиял шарықтап ілгері кетсе, енді бірде өмірде болған ғажап оқиғалардың өзі сол қиял дүниесін басып озды. Совет адамдарының отызыншы жылдардағы үздік ерліктері сол шарықтаған қиял дүниесінен де биік көтерілген таңғажайып оқиғалар еді.

Ал таңғажайып ерлік оқиғасын творчестволық қиялы бай ақындар алдымен шабыттана жырлады. Сөйтіп өмір шындығының өзі асқақты романтикалы жырлардың дамуына жол ашты. Бұл ретте біз алдымен Тайырдың «Күн тіл қатты» поэмасын атаймыз. Жиырма екі мың километр биіктікке ұшып көтерілген даңқты ұшқыштардың ұлы ерлігін ақынның күнмен тілдескен батырлар деп жырлауы шарықтаған ақындық қиялдың аумағына әрі сыйымды, әрі жарасымды еді.

— Дулыға сыймас басыңа
Асау күн келдім қасыңа...
Құздан ұшып күн сүйген
Түйіліп топшым көк түйген
Айды аймалай бұлт бүрген
Танымасаң бұл жүрген
Мен бағынбас қыранмын!»

Аспан әлеміне шарықтап көтерілген совет қыраны күннің жолын бөгеп, қаһар шашқан қарсылықтарынан қаймықпайды, атылған нажағайын да, долы дауылдарын да байлап, бұлттарын «түбіттей түтіп», «желін желектей желпіп» күнмен, ай, жұлдызбен тілдеседі. Күнмен тілдескен қыранның ақын тілімен төгілдіріп берілген толғауында совет адамына тән жеңімпаздық, қандай асуды, қандай берік қамалды болсын жеңіп алмай тынбайтын батылдық, өршілдік сипаттар тамаша суреттеледі. Бұл қандай жыр? 1934 жылы поэма жарыққа шыққан кезде мұны дерексіз қиял деушілер де болған. Ал байыбына барып қарасақ бұл болған уақиғаны қиялға бөлеп жырлаған асқақты романтикалы жыр еді. Бұдан ширек ғасыр бұрынғы совет ұшқыштарының биікке, алысқа, қиырға шырқап ұшқан сапарларын ақындар асқақты романтикалы тілмен, күнмен және басқа планеталармен жақындасып тілдеседі деген ізгі арман, ғажап дүние бейнесінде ажарлап жырлады. Поэзиядағы новаторлықтың бір көрінісі, сонымен бірге Тайыр сияқты ақын поэзиясында жаңа асулы кезең екендігі белгілі.

Оның бер жағында бір топ ақын челюскиншілердің ұлы жорығын да, Чкаловтың Москвадан Америкаға қонбай ұшқан сапарын да, барлығын да жаңа ақындық шабытпен жырлады. Осы дәуірдегі ерлікті көтеріңкі леппен, романтикалы ажарға бөлеп жырлаған Сәбиттің, Әбділданың, Асқардың, Жұмағалидың, Қапанның, Ғалидың, Қасымның, Қалижанның және басқаларының поэзиялық шығармалары жалпы әдебиетімізге өз жаңалығын ала келумен бірге Тайыр бастап жырлаған асқақты жыр сарынын молықтыра түсті. Өмір шындығын әсірелеп, романтикалық ажарға бөлеп суреттеу социалистік реализмнің творчестволық принциптеріне қайшы емес. Ұлы Горькийдің «болғанды ғана жырлап қою жеткіліксіз, болуға мүмкін нанымды жайларды суреттеуге, шындықты типтендіріп көрсетуге назар аудару керек» деген қағидасы романтикалық суреттеуге мезгейді.

Өмір шындығын асқақты жырлау дегеніміз — екінші сөзбен айтқанда — романтикалық әсірелеумен ажарлап, қызықтап суреттеу деген сөз. Романтизмнің негізінде қиялдану, арман ету, қиялдың шындықпенен тепе-тең түсе бермеуі, білген, сезінген өмірлік фактілерді елес, емеурін, тұспал түрінде көрсету сияқты творчестволық принциптер жатыр. Романтикалық шығармаларда адам әрекеті, өмір шындығы қарапайым табиғи заңды қалпынан көрі таңқа-

ларлық ғажап көріністе, қиял дүниесімен ғана қисындырылған шартты түрде, ерекше ерлік, ерекше махаббат, ерекше апат, ерекше жан толқындары түрінде елестейді. Әдебиет тарихындағы ақын-жазушының белгілі бір творчестволық әдісіне айналған романтизм мен романтика бір емес. Романтика реалистік шығармалардың жарқын, ерекше бір формасы ретінде көрінеді. Ал романтизм реалистік өнермен тартыста, қайшылықта болған әдебиеттік ағым.

Ақын-жазушылардың дүние тануына қарай романтикалық суреттеу әдістері әр түрлі. Жаңалыққа қарсы, өмірден түңілуге салынған ақын-жазушыларда бұлдырлық, үмітсіздік, сары уайымға салынушылық сарын басым болды, олар өлімді, көрден тірілген аруақты, өң мен түс арасындағы ақылдан адасқан халдегі көріністі суреттеуге салынды. Мұны біз Батыс Европа, орыс әдебиеті тарихынан да, Шығыс елдері әдебиеті тарихынан да, қазақ әдебиеті тарихынан да жақсы білеміз.

Өршіл романтика бұған қарама-қарсы, адамдардың ізгі арман-тілектерін жырлайды. Пушкин, Лермонтов, Блок, Байрон, Гейне, Гете, Шиллер, Гюго, Гогольдің романтикалық шығармалары өмір шындығын асқақты қанатты жыр гүліне бөлеп суреттеді, қол жетпес махаббаттың ұлы арманы дейсің бе, Отаны мен адамдық ар-намысты қорғаған таңғажайып ерліктер дейсің бе,— сұрапыл апат құшағындағы жауыздық пен ізгіліктің майдандасқаны да, барлығы да тамаша кең суреттелгенде жұртшылықты өмірден түңілуге шақырмайды, ізгі арманға жетуге, өмірге құштарлыққа, ақиқат жан сырларына тебіреніп түсінуге үндейді. Өршіл романтика сыншыл реализм әдебиетінің даму жолына қайшы болған емес, қайта бірін-бірі толықтыра түсті. Асқан реалист ақын, жазушы бола отырып Пушкин «Кавказ тұтқыны», «Руслан мен Людмила» сияқты тамаша романтикалы поэма жазды. Лермонтов «Демон», «Мцыри» поэмаларын, Гоголь «Тарас Бульба» тағы басқаларын жазды. Бұл шығармаларда шындықты көтеріңкі әңгімелеудің үстіне ертегі аңызбен ұштасқан жайлар да кездеседі, ізгілікті махаббаттың, ерліктің керемет сырларын жарқын суреттеу үшін ақындар шығармадағы тартысқа халықтың қиял дүниесіндегі мифтік кейіпкерлерді де (саятанды, періштені, жез тырнақты, алып күшті, дәулерді, су перілерін, аққу құсты т. б.) араластырады. Сәкеннің «Аққудың айрылуы», «Лашын әңгімесі» классикалық романтикалы поэма. Әбділданың «Толағай» атты поэмасы да романтикалық шығарма. Өршіл романтизмның өзі де екі

жағдайда кездесетінін бұл жерде ұмытпауымыз керек. Бірі — бүтін шығармасын романтизм рухында жазып, сол арқылы заман, өмір сарынын елестететін ақын-жазушылар бар. Мәселен Байрон, Шелли, Шиллер. Байрон өзі өскен ақсүйектер тобына наразылығын, ар, ождан, бас бостандығын көксеуін бірде сүйікті кейіпкері Чайльд Гарольдтың саяхаты арқылы бейнелесе, бірде дауылды күнгі теңіздің ашулы, долы толқыны арқылы бейнелейді. Бірде бағы заманның мифологиялық аңыз-ертегілерін жандандырып жырлау арқылы бейнелейді. Екінші — бүтін шығармасын реализм рухында жазып отырып, кейде романтикалық формаларды пайдаланатын ақын-жазушылар бар. Классик, реалист жазушылардың көбінде, социалистік реализм суреткерлерінде де бұл соңғы ерекшеліктер мол табылады.

Романтизм әдебиетте қатып қалған қағида емес. Тарихи қоғамдық дәуіріне, элеуметтік таптық ортасына, ұлттық әдебиеттің дәстүрлеріне қарай өзгеріп, жаңа мән алып отырады.

Империализм және пролетарлық революция заманындағы бұрынғы кертартпашыл және өршіл романтизм сол бір-біріне қарсы бағытта дами отырып екеуі де екі түрлі идеялық, көркемдік сипат алды. Кертартпашыл романтизм — декаденттік, символистік ағымдарға айналды. Ал өршіл романтизм революцияшыл романтикаға ұштасты. Кертартпашыл романтизмнің түрлі түстегі көріністері — қазіргі замандағы империалистік буржуазияның таптық салт-санасына «таза» искусствоны, мистиканы, бұлдырлықты, модернизмді дәріптеуге салынып отырса, социалистік реализмге ұштасқан революцияшыл романтика халықтардың азаттық, демократия, социализм жолындағы күрестері мен армандарын бейнелеуде.

Революцияшыл романтика туын көтерген Горькийдің ана туралы әңгімелері, дауылпаз, сұңқар туралы жырлары, «Қыз бен ажал» атты поэмасы, жеңімпаз, күрескер адамның ұлы арманы мен тұлғаларын жарқын елестетеді. Әділдік, бостандық, ізгілік жолында ажалдан, апаттан, дауылдан, нажағайдан, нендей де болсын қиындықтан қорықпайтын мейлінше табанды, тәкаппар, ерекше қайсар адамдардың образын асқақты жырмен ардақтау Горький бастаған жаңа романтикаға тән сипат. Ұлы Социалистік Октябрь революциясының жеңіс тақырыбына арналған талай тамаша шығармалар Горький дәстүріндегі романтика рухында жазылғандығын жақсы білеміз.

Бірақ совет әдебиетіндегі романтикалық сарын тек бұрынғы классиктерге немесе Горькийге еліктеуден тұмайды. Революциялық даму тарихымыздағы бүкіл дүние жүзілік қоғамдық ерлік уақиғаларға байланысты, халықтың мәңгі-бақи өлмейтін прогресшіл аңыз-әңгіме жырларына байланысты туады. Мәселен, адам баласы тарихында бұрынсоң кездеспейтін таңғажайып ерлік оқиғалар социалистік заманымыздың, совет адамдарының дәстүріне айналды. Мыңның бірі ғана емес, екінің бірі Отанды қорғау, еңбек, құрылыс, творчество майданында керемет ерлік жасайтын болды. Революциялық өмір сілкіндіріп, бөгетін алған тасқын судай тегеурінді күшпен дамыған еңбекші қалың бұқараның жаппай ерлігі шындықты көтеріңкі леппен бейнелеуге мүмкіндік береді. Даңқты Чапаевтың, Павел Корчагинның азамат соғысы кезіндегі ерлік өмірлері әрі тарихи шындық, әрі қарапайым іс-әрекеттен гөрі поэзиялық аңызға бөленген романтикалық тұлғалар. Серафимовичтің «Темір тасқын» романы шындықты ғажап романтикалық көркемдікпен суреттеген шығарма. «Орыс совет әдебиет тарихы» (I том, 389-бет) совет поэзиясы, ең алғаш романтикалық өнерге бейім дамыды, революция тудырған ғажап жаңалықтар ақындардың романтикалық ой дүниесін қанаттандырып отырды, М. Голодный, И. Уткин, М. Светлов, Н. Тихонов, Э. Багрицкий тағы басқаларының алғашқы шығармалары революциялық романтика рухында жырланды деп анықтайды. Бұрынғы романтик ақындар түгіл әдебиетке жаңа келген Багрицкий, Уткинның ең күшті поэма, лирикалары романтикалық рухта жазылған. Романтикалық шығармалары жаңа дәуір тудырған күрескерлердің, ерлердің нақты образын жасаудан гөрі, революция әкелген ұлы тасқынды, дауылды қозғалысты, қалың бұқараның тұтас тегеуірінді күшін әсірелеп суреттеді.

Қазақ әдебиетінде революцияшыл романтика Сәкен шығармаларынан басталды. Өзі белсене араласқан революцияшыл күресті, күрес ерлерін реалистік тұрғыдан жырлаған жаңашыл ақын дәуірдің келешекпен астасқан тұтас тұлғаларын асқақты, жалынды жырмен де бейнелейді. Жиырмасыншы жылдардың басында жарияланған Сәкеннің «Асау тұлпар», «Домбыра», «Қызыл сұңқарлар» атты шығармаларында революцияның дауылды тұлғасы даланы жаңғыртып, ескі дүниені сілкіндірген, ор мен қияны баса-көктеп арқырай шапқан асау тұлпар бейнесінде сипатталады. Ақын сол мінген тұлпарын аспанға қарғыта ойнатып, құйқылжыта тегеуірінді ән шырқайды. Тұлпардың

дүбірінен, құдіретті домбыра үнінен, ұйқылы дала серпілгендей. Атар таң мен шығар күнді дауыл мен нажағай ойнаған қияға қанат қағып, қарсы алған қызыл сұңқарлар да, айдарына қызыл шоқ қадаған асау тұлпарлар да тыным тауып тоқтамайды. Бәрі де асығыс, ерлік күреспен алға ілгерілей, биікке өрлей береді. Революцияның жеңіс тұлғасын бұлай асау тұлпар, сұңқар құс бейнесінде ғана жырлап қоймай, оны заңды түрде дамыта отырып, жел қайық, аэропланды жеңімпаз өмір бейнесінде алып суреттейді.

Дауылда ұшып жарқылдап,
Ән мен күйді жараттық.
Күркіретіп аспанды
Жаңадан ұран тараттық.

Мұндай романтикалық лирикаларында «дауылмен ойнап», «бұлттардан асып» қызыл күнге қол созған, жер мен көкті күңретіп бостандықтың ұранын таратушы, қазақ даласының аспаннан құс боп ұшып, жарқын болашаққа кең құшақ жайған ерлердің тұлғасы елестейді.

Шығарманың тақырыбына қарай ақын поэзиясындағы романтикалық сарын әр алуан көркемдік ерекшелікте көрінеді. Жалпы поэзияда бірыңғай қатып қалған форма болмайтын сияқты, романтикалық шығармаларда біркелкі машық бола бермейді. Сәкеннің «Сыр сандық», «Аққудың айырылуы», «Бурабай» атты шығармалары осылай жазылған. Бірінде адам көңіліндегі жасырын сырларды қия жартастың терең құзында сақтаулы кілтті сандыққа ұқсатып жырласа, екіншісінде адал махаббатты екі аққудың арманы бейнесінде, ал соңғысында сұлу Көкшенің Бурабай аталуын ақ бура аңызына байланысты суреттейді.

Демек поэзияда романтиканың мұндайлық әр алуан көркемдік бояулармен көрінуі совет әдебиетіне ерсі емес, қайта жарасымды, оны түрлендіріп құлпырта түседі. Бір кезде РАПП-тың сыншылары әдебиеттегі романтика атаулыға қарсы болды, реализмнің негізі материализм, ал романтизмнің негізі идеализм деген тұрпайы қағидаларды ұсынды. Бірақ совет әдебиетінің даму тәжірибесі мұндай тұрпайы қағидаларды мансұқ етті. Талантты ақын-жазушылардың қай-қайсысы болсын романтикадан қол үзген жоқ.

Ақиқат көркем шығармалардың қандайынан болсын, романтикалық сарынды айқын сезінеміз. Белинский — романтизмнің негізі алдымен адамның сезім дүниесі, жүрек

сырларын ашып көрсетуде романтизм де өмірден суаттанады. Өйткені өмір бар жерде адам бар, адам бар жерде романтизм болады; адам жақсылыққа, асқақ арманға қиялымен талпынбай отыра алмайды деп түсіндіреді. А. Фадеев Белинскийдің бұл қағидаларын бұдан да гөрі анықтай түсіп, революцияшыл романтика социалистік реализмнің бір формасы ретінде дамиды. Өмір шындығын социалистік реализм әдісімен суреттеуде қатып қалған ереже жоқ, онда әр алуан көркемдік форма, тәсілдердің молшылығына кең жол ашылу қажет деп біледі. Міне осы талап тұрғысынан қарағанда қазақ совет әдебиетінің бар жанрында, бар дәуірінде де бұрынғы өршіл романтиканың, Горький негізін салған революцияшыл романтиканың дәстүрі іргелі орын алып отырды. Оны біз тек Сәкеннің, Тайырдың поэзиялық шығармаларынан ғана емес, Мұхтар мен Ғабиттің прозалық, драмалық шығармаларынан да, Исаның, Әбділданың, Қасымның, Жұмағалидың, Қалижанның, Әбудің және басқаларының поэзиялық шығармаларынан да айқын сезінеміз.

Тарихи фольклорлық тақырыптағы драмалық, поэзиялық шығармаларда махаббат, ерлік сарындағы халықтың аңыз әңгімелеріне бөленген, қол жетпес арман түрінде бейнеленеді. Бірақ, жағымды кейіпкерлер сол ізгі, асқақ арманға жетуге талмай-қажымай талпынады, Еңлік пен Кебектің, Қозы мен Баянның, Ақан сері — Ақтоқтының, Құралай сұлудың, Күләнданың ақиқат тарихи шын бейнелері ғажап романтикалық жырға бөленіп суреттелуі сондайлықты жарасымды да, қызықты да. Саттар Ерубаевтың «Терек пен гүл», «Мәңгілік өмір» және басқа әңгімелері де қызық жазылған. Ерекше мықты, өмірге құштар адамдардың тәкаппар, өршіл табиғатын Горький романтикасының сарынында суреттеу Саттар әңгімелеріне де тән қасиет. Өзіне пір тұтқан ұстаз ақындарымен қиял дүниесі арқылы тілдесіп, сырласуы Әбділда лирикаларын жандырып, құлпырта түскендігі бәрімізге белгілі. Әнші, күйшілер жайын халықтың тәтті қиял, ғажап аңыздарына бөлеп жырлаған Ілиястың, Әбділданың, Қалижанның, Хамиттың поэмаларында да реалистік, романтикалық мотивтер ұштасып отырады. Майдандағы солдаттың туған елге, сүйген жарға деген сағынышы Әбудің аспандағы ақша бұлтпен сырласу арқылы беруі қандай келісті!

Қасымның «Алтын жұлдыз», «Дариға сол қыз», лирикалары бірін-бірі толықтыратын күшті романтикалық шығармалар. Көкте, алысқа зымырап бара жатқан алтын

жұлдыз, жерде майдан кешкен жас Әлия қызбен тілдескендей жердегі қыз төсінде жарқырайды, ағып өткен алтын жұлдыз сөнбейді. Мәңгі сөнбейтін жұлдыз даңқты Әлияның ақындық қиялмен бейнеленген тұлғасы. Ал екінші лирикасында майдандағы солдаттың арман қиял дүниесіндегі махаббаты жырланады. Я өңінде, я түсінде күлімдеген нәзік бір сәуле қайда жүрсе де арманы болады.

Сапырды дауыл
Тебіренді теңіз,
Тулады толқын
Шайқалды шың-құз,
Кып-қызыл өрттің
Ішінде жүрміз,
Қайда екен, қайда,
Дарига, сол қыз?!

Қан кешкен жаралы, жауына кекті солдаттың сұрапыл соғыста өзінен алыстап, елес дүниесіне бөленген махаббаты мәңгі сөнбес арманға айналған. Сол үшін де өмірге құштар, өлең айтып еліне қайта оралған. Мұнда өмірдің шындығы, лирикалық кейіпкердің сезімі табиғи қаз-қалпында алынбай, асқақты жыр сарынымен, қызықты елес, тәтті арман бейнесімен берілген. Махаббатты осындай мәңгі сөнбес арманға бөлеп суреттеу Диханның соңғы «Махаббат тағдыры» поэмасында күшті берілген. Сұлу қыз Жаннаның жанындай сүйген жігіті Баубек майданда ерлікпен қаза тапты, соғыстың дәл алдында екеуінің бірге өткізген, сүйісіп табысқан қызықты, бақытты шақтарын, онан кейін соғыс кезінде бірін-бірі алыстан аңсап, тәтті қиялымен кездескен шақтары қыздың жан дүниесінен мықтап орын алғандығы сондай, сүйікті жарының жарастықты мінездері, жарқын тұлғасы алыстап жоғалмайды. Ойлаған сайын арман етіп, жоқтаған сайын көз алдына жақындап, жанды, тірі қалпында елестейді. Бұл не? Мұны өлмеген жауынгердің тұлғасы, сөнбеген ұлы махаббатының бейнесі дейміз. Мұны ақын өмір шындығының қалыпты табиғи заңынан гөрі, шартты көрініс, елестегі тәтті арман түрінде романтикалық сарында суреттеп отыр. Сыншы М. Қаратаев жолдас: «Бұл шындық емес, шындықты бұрмалау» деп, поэмаға үлкен мін тағады. Майданда сүйген жары өлгесін Жанна жаңа жігітке тию керек еді, оның жігітке тимеуі ерсі дейді. Соғыста сүйген жігіті ерлікпен қаза тапқан Жанна сияқты жас қыздың талайы ерге шығып, екінші жар тапқанын да жақсы білеміз. Бірақ әңгіме бұл жерде Жаннаның екінші ерге шығуы жайында емес.

Баубекпен екеуінің арасындағы өлмейтін махаббаты туралы болып отыр, сол махаббат, сол арман құшағына оралған мезгілде қыз кәзіргі отырған табиғи тіршілігін бір сәтке ұмытады, оның жүрегінде соғыстың зардабынан қалған өкініш те бар, махаббатын жоймайтын жалынды сезім де бар. Олай болса даңқты жауынгер ақынға деген сұлу жардың сөнбес махаббатын, бақытын жойған соғысқа қарсы наразылығын жырлаған романтикалық шығарманы шындықтан алыс деп мансұқ ету әділеттікке жатпайды. Кеше сүйген жігітін бірте-бірте ұмытып, бүгін екінші жар тапқанды айту оңай ақындық шешім, ал соғыстың жүрекке салған ауыр жарасын, мәңгі сөнбес, арман дүниесіне айналған махаббатты жырлау ақынның творчестволық ізденуінен туатын жаңалық.

Егер совет әдебиетінде романтикалық шығарма жазу мүмкіндігін танитын болсақ, онда әр алуан ақындық өнер, үлгі, формаларда жазылған жаңа туындыларды қатып қалған бір ғана қалыппен өлшеп-пішпей әрбір суреткердің түрлі-түрлі көркемдік тәсілдерінің молшылығы тұрғысынан қарап тексергеніміз мақұл.

Әсіресе романтикалы шығарманы танып тексергенде мынау типтік, мынау типтік емес деген ережені өте сақтықпен пайдалану керек. Ұлт азаттығы, революциялық күрес заманындағы Ботакөздің бас бостандығы арманынан асып, қоғамдық арман жолында күресуі типтік шындық емес еді, бірақ болуға мүмкін, творчестволық арманға сыйымды еді. Мұны романтикалық тұрғыдан әсірелеп көрсетуден жазушы ұтылған жоқ. Қайта әдебиетке жаңа образ әкелді. Сол сияқты әнші Майра да тарихи шындық тұлғасынан гөрі болуға мүмкін асқақты романтикалы образ болып суреттеледі. Ғабит суреттейтін өмірді сілкуге жарған мықты, қайсар аналар от басы, ошақ бұтының күң әйелдері емес, өлімнен де, ажалдан да қорықпайтын ерекше жаралған әйелдердің образын көз алдына алып келеді. Табиғаттың долы күшін бағындырған жеңімпаз жорықты Сәбит Солтүстік мұз теңізін мекендеген ақ аюдың тіршілігі арқылы аллегориялық формамен суреттейді, ұлы ерлік жорығын өлең-очеркі түрінде баяндаудан гөрі аллегориялық бейнемен суреттеу анағұрлым қызықты екендігі әдебиет жұртшылығына белгілі ақиқат.

Махаббаты мәңгі сөнбеген, ажалды жеңген, табиғаттың долы күшін бағындырып, күнмен тілдескен керемет ұлы ерлердің тұлғасын реалистік тұрғыдан да, романтикалық тұрғыдан да жан-жақты бейнелеуіне суреткерлердің мүм-

кіндігі мол. Осыдан келіп социалистік реализм әдебиетінде революциялық романтикалық үлгілері дамуы мүмкін бе деген сұрау туады. Бұған Горький де, Жданов та, Фадеев те және басқа көрнекті әдебиетшілер де совет әдебиетінде романтикалық суреттеу формалары дамуы әбден мүмкін деп жауап береді. А. Фадеев былай дейді: «Романтика дегенді мен өзім реализмдегі қиялдану деп білемін, бірақ ол қиялдану шындықпен байланысты, өмірден ілгері асып түсетін, ізгі арманға меңзейтін болсын... Кейбіреулер реализмде романтикалық форманы пайдалануға қарсы; реализмде ақиқат өмірлік формалармен қатар, нанымды шартты формалар да болу мүмкіндігін түсінбейді. Поэзияда мәселен И. Сельвинскийдегі сияқты әжуа түрінде құдаймен сөйлесу, Н. Хикметтегідей аңыз-ертегі сарыны болуы ықтимал. Мұндай көркемдік шешімдер әбден қисынды. Бәрінің де өмірлік астары болсын. Бірақ түгелдей өмірдің өзіне ұқсап тұру міндетті емес. Л. Леонов «Алтын күйме» атты талантты пьесасында идея мен шындықты символикалық формамен бейнелеп отыр. Социалистік реализмде де романтикалық формалардың болу мүмкіндігін теориялық тұрғыдан анықтап беретін Фадеевтің бұл пікірлері қазақ совет әдебиетінде әр алуан көркемдік форма, стиль, ерекшеліктерін нақты түсініп, жан-жақты зерттеуге де дұрыс жол сілтейді. Әдебиетке романтика керек дегенде көркемөнер мен әдебиеттің нағыз толықсып кемелденуі социалистік реализмде екендігін ұмытуға болмайды, тек реалистік өнер ғана дамудың мыңда бір негізгі арнасын жасайды. Демек романтика реалистік өнерге қарсы қойылу тұрғысынан емес, қайта оны толықтыру, гүлдендіру тұрғысынан қабылданады. Әдебиетте романтикалық формаларды пайдаланудың жазушыны кейде бұлдырлыққа, тайғақ, бұраң соқпақтарға ұрындыратын қиындығы да мол. Классиктердің романтикалық суреттеу тәсілдерінің бәрі бірдей сол күйінде социалистік реализмнің бойына жарасымды бола бермейді. Әсіресе оларға жалаң еліктеу ақынның творчестволық өрісін тарылтып тастайды. Шығыс әдебиетіндегі бұрынғы ғайыптан кездесетін кереметтерге толы қиял-аңыз дүниесіне аралас романтизм де үнемі үйренетін үлгі емес.

Бұрынғы әдеби өнерден жаңа өмірдің ұғым-дәстүріне, жаңа көзқарасқа сәйкес, ең тиімді формаларды кәдеге асырған мақұл. Қазақ драматургиясының тарихында бұрынғы романтикалық формаларға еліктеу жазушыларды қандайлық сәтсіздікке ұшыратқанын жақсы білеміз. Қа-

зақ драматургиясындағы ең таңдаулы деген шығармалардың өзі революциялық романтика дәрежесіне көтеріле алмағанын Мұхтар Әуезов жолдас өте орынды көрсетті. «Революцияшыл романтизм дәрежесіне өзінің барлық аңсағанымен, еңсесімен жетіп болмаған Шиллер үлгісіндегі романтизм, Шекспирдегі романтизм реалистік кендікке, даналыққа, кемелдікке қосымша бір сипат есебінде қатысады. Ал Шиллер де болса романтизм адамды көбінше кең көрсетпейді, барынша өзеуреп тұрғанмен адамын бір-ақ сезімге, бір-бір-ақ импульске қадалтып алады». Демек, бұрынғы романтикалық суреттеу тәсілдері тек социалистік реализм әдісі тұрғысынан екшеліп, сыналып, творчестволық електен қайта жаңартылып пайдаланылады. Әбділда Тәжібаевтың романтикалық драма жазудағы творчестволық ізденулеріне де әдебиет жұртшылығы осындай талаптар қойып отырды. Бұрынғы романтикалық сарындарға жалаң еліктеу кейде қазіргі ақындардың лирикаларында да кездесіп отырады. Талантты ақын Сырбай Мәуленовтің Көкшетау туралы соңғы лирикалары жаңалық емес, бұрынғы әр ақын жырлап кеткен сарындарды қайталау ғана.

Қазіргі әдебиетімізде романтика өткенге еліктеуден емес, өмірдің шындығынан туғаны табиғи заңды құбылыс. Ғылым мен техниканың шарықтап дамып алға кеткен қазіргі заманында, әсіресе айға, жұлдызға ракеталар жіберіп, төбемізде жер серігін, аспан кемесін құстай ұшырып, басқа планетаға бару мүмкіндігін тудырып отырған советтік ғылым мен техниканың керемет жаңалықтары іске асқан. коммунизм дәуірінде өмір шындығын асқақты жыр қиялына бөлеп суреттеудің маңызы аса зор. Физика, математика, атом қуаты ғана емес, химияның өзінде адам қиялы ойлап жетпейтін ғажап сырлар, тамаша жаңалықтар туып, соның бәрі адамның игілігіне жұмсалып жатқан жоқ па? Баяғы ертегілерде перілердің арқасына, самұрықтың қанатына, сиқыр кілемнің үстіне мініп алып қас қаққанша бір қаладан екінші қалаға жетіп баратын, немесе жеті қат көк, жер астын әп-сәтте аралап шығатын, мұз от тауларын кешіп өтетін кереметтердің барлығы да қазіргі атом қуатымен жүретін мұз жарғыш кемелердің, реактив самолеттерінің, ракета серіктердің қимыл әрекетінен туған өмір шындығы болып отыр. Бір замандағы ертегі, эпос арман еткен қиялдар да, Ж. Верн, Г. Уэлстің фантазиялары да біздің дәуірдегі ғылым мен техниканың шындығымен жарыса алмай қалып жатыр. Міне осындай ғылымдық

революция заманының шындығын жеткізіп бейнелеуге шалқыған ақындық қиял-романтика керек. Социалистік отанымыздың тәуелсіздігі мен жарқын болашағы жолындағы қатал, сұрапыл күрестерде ерліктің, ғылым мен еңбектің керемет үлгілерін тудырушы совет адамының тамаша өмірлері мен жаңа характерлері де көркем творчестволық қиялға кең өріс беретіні баршамызға аян. Ерлікті революциялық романтика сарынында көтеріңкі леппен суреттеудің өзі құрғақ қиял болмай бүгінгі, ертеңгі өміріміздің шындығынан, іске асуға мүмкін армандардан туып отыру басты талап.

Бұрын тарихта, адамдардың ғасырлар бойғы тіршілік тәжірибесінде іске асуға мүмкіндігі жоқ деген тұжырымдарды совет адамы мүмкін екендігін іс жүзінде дәлелдеді, қолдан келмес деген тұжырымдарды да бекерледі. Екі аяғынан айырылған адам қайтадан ұшқыш, яки тракторист болып, ұлы ерлік жасау, өмірінің ақырғы сағатына дейін жауының алдына бас имей ажалды, апатты жеңу тек совет адамына тән қасиет.

Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында Абдолланың айнала қоршаған жау оғынан жасқанбай, өртен, ажалмен алысқан арыстандай ашулы алып тұлғасы бір мезет от ұстаған Прометейге ұқсайды, өмірмен қоштасар мезгіл жеткенде оның табиғи ақындық мінезіне сай, от жалындар сұлу жардай сыландап ойнақ салады, өлімді жеңген батырды өмірге құштар сезім де билейді. Ажалмен алысқан жанның жүрегі өмірлік махаббатқа толы.

Асау өзенді бағындырған алып ерлікті де нақты прозалық тұрғыдан да, асқақты жыр сарынымен де суреттеудің мүмкіндігі мол екендігі совет әдебиетінің тәжірибесінен белгілі. «Сырдария көкпары» атты поэмасын романтикалы сырında шебер жазған ақын Қалижан:

Көктен атқан жасындай
Аптығы бір басылмай.
Арқыраған дария
Күм даланы қыдырып,
Желден озған жүгіріп
Асыққандай жарына.

ұмтылып аққан Сырдарияның толқынды суымен сұлу қызды тілдестіреді, ерке қыздың тақиясын қағып алып кеткен асауды канал қазған алып ер жігіт алысып жеңеді:

Естіп желдің сыбырын,
Біліп жігіт су сырын

Көкпар алып тасыған
Тақияны алды да
Кетті сүйреп ауылына
Көк толқынды шашынан.

Қыз қиялын билеген, көк толқынын шашынан сүйреп, ауылына апарған ер жігіттің өмірі де, тынымсыз тулап аққан дарияның сыры да жай қарапайым суреттелмей, қанатты, асқақты поэзия тілімен аңызды-әңгіме сарынымен суреттелуі өмір шындығынан алыстау емес, қайта оны жандандырып, қызықтандырып жіберетін көркемдік тәсіл.

Рас, романтикалық суреттеудің негізінде нақтылықтан көрі жалпылай, мегзей аңдату сарыны басым, ашық айқын суреттеуден гөрі тұтас аңғарын, сәулесін елестету мол орын алады. Демек күнгірт, дерексіздік факті мен өмірлік оқиғаларды шартты түрде бейнелеу романтикалық шығармаларға тән сипат. Бірақ әдебиетте дерексіздік, күнгірттік екі түрлі жағдайда — бірі шынайы, көркем романтикалық шығарманың ерекшелігі ретінде, екіншісі — талантсыздықтың, құнсыздықтың көрінісі ретінде байқалатынын ұмытпау керек. Біздің поэзиямызда ешкім түсініп оқымайтын, идеясы, оқиғасы бұлдыр, музыкалық, эстетикалық қасиеттен жұрдай өлең, поэмалар талай кездеседі. Ол сияқты идеялық, көркемдік мәні көмескі, мағынасыз бұлдыр нәрселердің қандайы болсын романтикамен ешқандай қатынасы жоқ.

Қазіргі қазақ әдебиетінде романтикалық суреттеу тәсілдері жоқ дей алмаймыз, ақындардың талантты шығармаларында асқақты жыр әрдайым бой көрсетіп отырады. Әсіресе жас ақындардың лирикасында махаббатты, көңіл күйлерін жалынды, көтеріңкі леппен жырлау сарыны байқалады. Алайда бір кезде Сәкен дамытып жырлаған, отызыншы жылдарда Тайыр, Әбділда жырлаған романтиканы, шалқыған асқақты поэзияны өзінің тұтас, биік, терең мағынасында дамыту қазіргі басты бір творчестволық міндет дейміз.

Қазір не нәрсе жетіспейді? Қазіргі поэзияда оқиғаны әсірелеу, жандандырып суреттеу жетіспейді, өмірлік оқиғаларды, ғажап ерліктерді асқақ романтикалық қиялмен бейнелеудің орнына болған фактіні сол күйінде баяндап шығатын өлең очеркті жазу мол орын алып отыр. Биылғы «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Мұхит теңізінің толқынымен, апатымен алысып жеңген төрт батырдың ұлы ерлігі туралы поэмасында Байсеитов Мақсұт етігінің ұлтанын жегенін дәріптеп жазды. Асқар Тоқмағамбетовтың осы тақы-

рыпқа арнаған толғауы да, қазіргі ғылым техниканың кереметтеріне арналған өлең-жырлардың қай-қайсысы болсын болған фактіні оңай көшіру тұрғысынан жазылғандығын байқаймыз. Ізгі ниет — жақсы ойлар асқақты, қанатты жырлармен безенбейді.

Қазіргі поэзияны анағұрлым қанаттандырып, құлпырту үшін екі түрлі үлгіні ұмытпау керек. Орыс совет поэзиясының тынымсыз ізденгіш, жаңашыл өнерінен үздіксіз үйрену, екінші қазақ совет поэзиясындағы кешегі челюскиншілерді, күн тіл қаттыны, Чкаловты жырлаған романтикалық жырдың дәстүрін еске түсіру.

Жақында «Новый мир» журналында С. Антоновтың «Аленка» атты әңгімесі жарияланды. Мұнда жазушы тыңдағы ерліктің жай-күйлерін нақты суреттеп жатпайды, сол далаға келген үлкен-кіші адамдардың ой дүниесін, қиялын, арманын әсірелеп бейнелейді. Белгілі сыншы Л. Новиченко қазіргі украин прозасындағы, атап айтқанда Ю. Яновский, А. Малышко, О. Гончардың шығармалары мен белгілі кинорежиссер А. Довженконың әңгімелері мен киносценарийлерінде реализм мен романтиканың қабысуы, отан, ел тіршілігі, табиғаты кейде асқақты жырға, жанды поэзиялық образға, кейде шартты символикалық үлгілерге бөленіп суреттелуі — украин совет әдебиетінің көркемдік форма молшылығын байқатады дейді. Орыс, украин әдебиетшілері Довженконың шығармаларын «Қанатты реализм» деп бағалайды. С. Кирсанов «Биік шырқау» («Вершина») поэмасында атом қуатын пайдаланған замандағы асқақ армандарды терең философиялық тұрғыдан жырлайды, ақын өмірлік материалдың нақты ақиқат сырынан гөрі — дамып жетілетін ізгі мақсаттарды қиял дүниесіне бөлеп елестетеді. Өмірлік материалдарды, фактыларды типтендіріп, ажарлап, ерекше сипат дәрежесіне көтеріп суреттеу социалистік реализмнің творчестволық принципіне әбден сыйымды.

Адам әрдайым қайран қалатын ерекше бір сұлулыққа, ерекше бір қызықты оқиғаларды есітіп тыңдауға құмар. Шығарма өте қызықты, бір мезгіл қиял дариясына алып баратын жай-күйлерді суреттесе екен деймін. Өткен тамаша жастығы мен болашақ қызықтарға ізгі арманға талпынбайтын ешкім жоқ, бәрі де алдына бүгінгі күнімнен ертеңгі күнім әлдеқайда мағыналы, қызықты болса екен деген мақсат қояды. Үмітсіз, армансыз адамдық өмір жоқ. Коммунизм дәуірі адам баласының қоғамдық және жеке-лік арманы мен бақыты толық жетіліп дәурен сүруді

мақсат етеді. Олай болса сол ұлы мақсаттың іске асуы жолындағы арман мен талаптарды таң-тамаша қиял дүниесінде, тәтті, қанатты сезім құшағында көргің келеді. Әлемді таңқалдырған ұлы ерлікті өлең очеркі — газет хабары түрінде оқудан гөрі тауды көтерген Толағай батырға ұқсас па, я жер бетінің қуатын бойына жинаған Антейге барабар ма, от ұстаған Прометей тәрізді ме, әйтеуір ғажап үздік тұлғада көргің келеді. Махаббатты натуралдық қалпында жырлағаннан гөрі алыс арманға талпынатын, жан дүниені тебіrentетін махаббат дастанын оқығың келеді. Ләйлі — Мәжнүн, Қозы мен Баяң махаббаты, Мересьев ерліктері қандай қызықты!

Бір дәуірдегі бір ел әдебиетінде, тіпті бір жазушының творчестволық тәжірибесінде романтика мен реалистік суреттеу тәсілі қатар, бірін-бірі толықтырып дами бермек.

Социалистік реализм әдебиетін молықтырған сом тұлғалы Абай туралы эпопеяның өзінде кейіпкерлердің ақындық жан дүниесі, табиғат құбылыстары бір мезет асқақты, көтеріңкі поэзия тілімен суреттеледі. Алуан түрлі гүлдің толықсып құлпыруы сияқты мұндай табиғи жарастық шынайы реалистік туындыларға тән сипат. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуірінде Сәкен шығармасында романтика елеулі орын алса, сонымен қатар Бейімбет пен Сәбит өмір шындығын нақты реалистік тұрғыдан суреттеді. Одан бергі жердегі Ғабит пен Ғабиденнің, Әбділда мен Асқардың, Қасым мен Ғалидың шығармаларын салыстыратын болсақ, бірінде үнемі романтика ілесіп отырса, екіншілерінде реалистік сипат айнымайды. Біз ана жазушыда романтика бар, мынада ол неге жоқ деген сын айтудан аулақпыз, әрбір ақын өзіне қолайлы суреттеу тәсілімен өмір шындығын бейнелейді. Бұл жерде біз ақын-жазушылар неғұрлым әр алуан көркемдік формаларды жетілдіріп пайдаланса соғұрлым біртұтас реалистік әдебиеттің дамуы жемісті болатын ақиқатты танимыз.

Қайталап айтайық, романтика, бұрынғы, реализмге қайшы келетін романтизм емес. Совет әдебиетінің негізгі даму арнасы социалистік реализмнің творчестволық тәжірибеде іске асуына байланысты. Ал романтика сол социалистік реализм формаларын молықтыра, ажарлай түсетін көркем тәсілдердің бірі болмақ.

Коммунистік дәуірдегі өміріміз бен адамдарымыздың бейнелері әр алуан гүл сияқты қаншалықты терең сырлы, гармониялы жарастықта болса, сол шындықты суреттейтін

көркем туындыларда сондайлық әр алуан әшекей, бояулармен, әр алуан қызықты, әсем жарастықпен мүсінделуге тиіс. Әдебиет пен өнердегі көркем форманың молшылығы да, түйісуі де, реалистік романтикалық тәсілдердің өз ара бір-біріне әсер етуі де, көркем жанрлардың тұтастыққа айналу (синкретизмге) процестері де, әрбір ақын-жазушының өзіндік стиль ерекшеліктері де, бәрі де міне осы коммунистік дәуір шындығын жан-жақты терең суреттелген шығармаларда жетіліп қалыптасады.

1960

ПОЭЗИЯМЫЗДЫ СӨЗ ЕТКЕНДЕ

I

Сұлулық, ақындық шабыт керек пе?

Поэзия деген сөз жалпы көркем әдебиетке де қолданылумен қатар, өлеңмен жазылған шығармалар ұғымын да береді. Қай жағдайда болсын поэзия әдемі, сұлу сөз деген мағынаны қамтиды. Көркем әдебиеттің асылы — сөздегі көркемдік. Бұл көркемдіктің, сұлулықтың ішкі, сыртқы тұлғасы оның мазмұны мен формасының бірлестігінен туады. Мазмұн сыртқы сұлулық арқылы да, сыртқы сұлулық ішкі сезімділік арқылы да айқын көрінеді.

«Әдебиет — сөз арқылы сұлу суреттелетін искусство», — дейді М. Горький. «Поэзия — искусствоның ең жоғарғы саласы», — дейді данышпан Белинский. Бұдан туатын қорытынды: поэзия үшін алдымен қажет нәрсе — сұлулық, көркемдік. Осы сұлулық, көркемдік арқылы терең идеяны бер, өмірді таныт, шындықты көрсет. Сұлу образ, сұлу манера арқылы берілмеген поэзия — жансыз поэзия. Жанды, жансыз поэзия болуға мүмкін бе? Мүмкін.

Мәселен:

...Малды сыртынан санаған,
Соқаны дөңгелегінен қараған,
Элемент,

Винт,

Дружина

Сеп.

Ондайларына жоламаған.

Дөңгелегі тұрғанда

Жүре бермейтін несі бар?—

Деп ұсталарды маңайына жолатпай

Істі әулиелікпен

бағалаған.

Екі ат ғайып болған,

Он түйені сатып жіберген...

(Қалмақан).

Сырттай қарағанда бұл «өлең» қимылды, адамның іс-әрекетін көрсеткен. Ал өмірдің сан алуан қимыл динамикасын көрсеткен шығарманы жансыз поэзия деуге бола ма? Бірақ бұл «өлең» — жансыз, өлі поэзия. Ешқандай сын көтермейді. Мұндайларды өлең, көркем шығарма деп ауызға алуға болмайды.

Екінші мысал:

Дала ақша қар плюшпен,
Жалатқандай күміспен
Жерімнің;
Баурында ай жүзіп.
Саурында күн қызып
Дөңімнің;
Құлан иек қиядан
Тақына туған қуанам
Нұрына туған
Елімнің.

(Тайыр).

Бұл өленде де Отанның сипаты беріледі. Ұйқас, ырғақ және форма бар. Екі өлеңнің екеуінде де сырт құрылысында болатын мүшелер түгел-ақ. Бірақ сұлулық, көркемдік жағынан алғанда араларында, жер мен көктей айырма бар. Соңғы өлең сұлулықты тек сыртқы құрылысымен ғана беріп отырған жоқ, терең түйсінді идеясымен де беріп тұр. Мұны шын поэзия дейміз, мұны Горький, Белинский анықтаған қағидадағыдай көркем образ арқылы берілген искусство дейміз. Бұл поэзия — сұлу, әдемі сөз.

Шын поэзияны жасайтын ақында сұлулықты жан жүрегімен танитын, оны образды сөзбен бере алатын сезімтал шабыт болу керек. Соңғысында ақынның шабыты айқын.

Шабыт дегеніміз — ақын жүрегінен шалқып, тасып шыққан ой толқыны, өмірге жан-тәнімен берілген махаббаттық сезім. Ой толқыны мен махаббаттық сезім өршіл жігермен ұштасқан жан жүректі тербететін лирика арқылы сыртқа шығады. Ақын шабытының жаны — лирика, лириканың қуаты — ақын шабыты. Біздің совет дәуіріндегі ақындардың шабыты, әрине, ақынның сезім дүниесі, өмірді, адамдар әрекетін терең түсініп түйсінуді, бұрай қоятын машина емес, қат-қабаты, ой қырлары, бұраң жолдары көп те өте күрделі психологиялық процесс. Ақынның жан дүниесі әрі алғыр, берік те, әрі сыртқы әсерге берілгіш нәзік те. Демек, ақын өзі араласқан өмірдің ілгерішіл құбылыстарын, адамдардың ізгі рухани дүниесін әралуан

сөз өрнегімен, әралуан сезім күшімен және нәзік ойлы, өршіл лирикамен де суреттей алады.

Осы талап тұрғысынан алғанда біздің ақындарымыздың өлеңдері қандай?

Қазақтың бұрынғы тамаша бай халық поэзиясы мен Абай шығармасы биік бір белес болса, сол ерекшелік бүгінгі поэзиямызда да айқындалып, Жамбыл бастаған халық поэзиясы бүкіл одақ көлеміне шейін көтеріліп отыр. Қазақ поэзиясының ұйытқысы Абай, Жамбыл ғана емес, бұлардан басқа да ақын таланттар бізде көп. Осылардың тұтас коллективі бүкіл қазақ совет поэзиясының негізін жасап отыр. Сонымен қатар бұлар бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі ақындар. Мәселен, Тайыр мен Жұмағалидің екеуі де өлеңді үлкен ақындық шабытпен жазады. Шабытпен жазғанда ақынның сезгіш жүрегінің айқын көрінетінін, әрбір қысқа суретінде сұлу сипат, көркем картина жасайтынын, поэма болса, образының ішкі сезімін шебер жеткізіп бере алатынын, суреттелген адамдармен бірге қуанып, бірге ренжіп, іштей ой толқынын тудырып отыратынын байқаймыз.

Тайыр Алатауды:

Көріп пе ең мұндай ару тау еркесін,
Үстіне табиғаттың көркем кешін —
Жамылып, шайы көрпесін сұлу серпіп,
Ашқандай айға еркелеп аппақ төсін,—

деп сұлу қыз бейнесінде сипаттап, оған өзінің тура қатынасын білдіреді. Ал «Тасқын» поэмасында ананың баласына деген ұлы махаббатын тамаша елестетеді:

Ананың балбыратты бала өзегін,
Жұлынын шымырлатты және өзегін,
Сұрланып, жүзі солып кемсең қағып,
Толтырды қанды жасқа қара көзін.

Ақын осы бір шумақ өлеңде адамның өлер алдындағы аянышты халін, сонымен бірге өз өлімінен гөрі іштен шыққан баласының өлімі жанға ауыр бататынын жеріне жеткізе суреттеген.

Бұл екі өлеңде нендей ерекшелік бар? Бірінші шумақта тау сипаты метафорлы образбен, яғни жансызды жандының бейнесінде құлпыртумен берілген сұлу лирика. Екінші шумақта күрделі образ жоқ, бірақ жай суреттелудің өзінде шиеленіскен трагедиялы жағдайдың толық сипаты берілген, бұ да терең мазмұнды поэзия. Екеуінен де ақын-

дық шабыт аспанға шапшып тұр. Бірақ Тайырдың ақындық шабытының өрісі бұл емес. Ол асқақ романтика мен шешендік толғауларынан айқынырақ көрінеді. Пікірімізді дәлелдеу үшін ақынның «Күн тіл қатты» поэмасынан бір үзінді келтірейік:

«Қику салып құзға ұшқан,
Күздан суық мұзға ұшқан,
Мұздан биік бұлтқа ұшқан,
Бұлттан биік көкке ұшқан.
Қарулы қыран кім еді?..
Дулыға сыймас басыңа
Асау күн, келдім қасыңа,
Сенен де күшті туғанмын —
Советтен ұшқыш қыранмын!»—
Деді ұшқыш қыран да..
«Күздан ұшып күн сүйген,
Түйіліп топшым көк түйген,
Айды аймалай бұлт бүрген,
Танымасаң бұл жүрген
Мен бағынбас қыранмын!»

Бұл — жалынды, жігерлі сөз нәсерімен берілген лирикалы шешендік толғау. Мұнда ақын шабыты творчестволық қиялмен ұштасқан. Романтикалық асқақтау шарықтап ақындық қиялдың биігіне жетеді. Лирикалы толғаудың өрісі кең, үнемі көсіле дамып отырады.

Асқақтау, өрлеу, шарықтау мотивін берудің маңызы біздің заманымыздағы оптимистік поэзия үшін аса зор. Күн сайын ерлік, батырлық, табиғаттың долы күшін жеңу салтанаты, жігердің үстемдігі, шаттық сезімінің құлпыруы — барлығы поэзиямызға жаңа мотив — асқақ романтикалы мотив береді. Бұл мотивтер асқақтаған лирикалы толғаумен, асқақтаған ақындық көркем образбен суреттелуге тиіс. Тайырдың соңғы өлеңінен асқақтаған романтиканың сұлу лирикамен ұштасып, дәуірдің айбынды, асқақты мотивін қамти жырлағандығын көреміз.

Жұмағалидың «Пилот сыры» мен «Достыма хат» деген поэмасын алыңыз. Мұнда да ақынның жүрегінен тасқындап шыққан лирикалы толғау, творчестволық қиял бар. Жұмағалидың өлеңінде өмірді, жаратылыс әлемін сүйген, сонан сұлулық ләззат алған, терең сыр ұққан, ол терең сырды адамдардың қуаныш-қайғысына ұштастыра білген ақынның сезгіш жаны көрінеді. Ақын әрқашан сұлу өмір, жаратылыс көрінісімен сырласа біледі, тілдесе біледі:

«Десе де көз құмартқан көңіл ояу,
Аспанның аясына барып таяу.

Көрер ең түрленгенін табиғаттын,
Мың түрлі дүннеңе шашсам боғу.
Бұл өңім: үй ішінде жарық сәуле,
Қасымда қарындасым отыр Зәуре.
Алтындай иек артып тереземе,
Көз тікті көремін деп болып әуре».

(«Екі түннен»)

Бұл үзіндіде өмірді, табиғат көрінісін көркемдік аясында бейнелеген образды ой мен ақын жүрегінің сыры өрісі кең шабыт арқылы беріліп тұр. Көңіл күйі, түнгі ай сипаты жанды образбен суреттеледі. Тайыр мен Жұмағалидың поэмаларында ақындық кілт яғни лирикалы кіріспе, лирикалы шегініс өте-мөте жаратылыс сипаттары шынайы ақындық шабыт, сұлу лирикамен берілген.

Сөйтіп, біз бұл екі ақынның шын талантын көрсететін ақындық шабытты таныдық, поэзия — көркемдікпен берілген өмір шындығы екенін көрдік. Мұндай сұлулық пен шабытқа жете алмай жүрген, өлеңінде көркемдіктің нұрын қашыратын, дөрекі тұрпайы сөз өрнегінен арылмаған шығармалар бізде көп-ақ (Қалмақанның, Жақанның, Тынбайдың, Омарбайдың, тағы басқалардың өлеңдерінде). Бұған кейін айрықша тоқталамыз.

Ақындық шабыт пен лирикалы жүрек сезімдерін жарқын көрсетіп, поэзияны шын мағнасында ұғынатындықтарын нық танытуға тырысып жүргендердің ішінен талантты жас ақын Қалижан мен Қасымды айрықша атап өткен жөн. Қалижанның «Орман қызы» мен «Ақсақ құланын» оқып, Қасымның «Жұмбақ қызы» мен лирикалы өлеңдерін оқығанда, жүректен жарып шығып, құлпыра өсіп келе жатқан көктемнің гүліндей жарқын, ашық ақындық талантты көресіз. Тайыр мен Жұмағалидың өлеңдерінде сырттай құбылу, ойнақшу басым да, ал мына екеуінің өлеңдерінде іштей толғану, құлпыру басым.

Ақындық таланттың, шабыттың сұлу лириканың өрістерінде нендей ерекшелік бар? Бұған келгенде әуелгі екі ақынның да, басқа ақындардың да бірқатар өлеңдерінде сырты жарқылдаған моншақ болып, ішкі мазмұны пікір байлығынан жалаңаш, бос болып келетін кемшіліктерді көресіз. Бұл кемшіліктер пікір жалаңдығынан емес, көркем сөз, образды ой тапшылығынан байқалады. Бұл үшін бірнеше ақын өлеңдерін нақты талдап көрейік.

Пушкинге «Арнау» деген қысқа өлеңінде Жұмағали:

Тәңірісі сұлу сөздің ағындаған...
Кіршіксіз күміс судай музаң өтті.

Меруерттей сөз мұрасын жарқылдаттың
Секілді күміс қанжар моншақтаттың...
Тәңірісі өткір сөздің көркем жырдың
Саған деп шапағына сұлу күннің...
Алтындай ескерткішті мен қойдырдым
Түрленіп сұлу күннен күміс шапақ
Алтынды ескерткішсіз жарқылдаттым,—

(«Алтын таң», 24—26-беттер.)

дейді.

Мұндағы қайталап келген «нұр», «күн», «күміс», «алтын», т. б. сөздер өлеңге көрік берудің орнына, қайта оның көркемдік қасиетін көп төмендетіп тұр. Сырты жылтыр, іші тұлдыр. Көркемдік қасиетінен жұрдай өлеңдер Тайырда да кездесіп отырады.

«Еділ толқыны» сияқты көрнекті поэма жазып ақындығын танытқан, талантты жас ақынның бірі — Әбу. Әбудің «Көсемге арналған кілем» деген өлеңі мынадай:

...Оянды ұйқысынан колхоз қызы?!
Қатарлап жиды сәндеп шай көрпені.
Жуынып, ақ жібекпен сүртіп бетін,
Жібектей сәндеп өрді қос өрімді.
Қырда өскен қызғалдақтай колхоз қызы.
Күлімдеп, нұрға балқып ақшыл жүзі,
Туғандай көкжиектен күннің көзі.
Ойнақшып, өткір, нұрлы қара көзгі,
Түрленіп нұрға балқып жайнап жүзі.
Қырмызы жібек жіппен безендіріп,
Әшекей тізді өрмекке қызыл гүлді.
Отанның есіп жібек майда желі,
Тербеліп майда желмен қызыл гүлі,
Қалықтайды көкте күміс күннің көзі.

(«Жүрек сыйы», 11—12-беттер)

Бұл өлеңнің ішіндегі көркем сөз образдарының сиқы осындай. Мұнда толып жатқан жылтыр қайталамадан басқа не бар! Мәселен, өлеңде жібек, сән, нұр, жүз, ерке, гүл, көз сияқты жеке сөздер мен бүтін сөйлемдер олақ қолданылған және орынсыз қайталана берілген. Бір жерінде: «Еркелеп майда желмен толқынданып» деп дала сағымын сипаттаса, екінші жерінде: «Отанның есіп жібек майда желі, тербеліп майда желмен қызыл гүлі» деп Отан мен гүлдің бейнесін суреттемек болады. «Қатарлап жиды сәндеп шай көрпені»,— деген жолдан кейін-ақ бірден «Жібектей өріп сәндеп қос өрімді» дейді. Барлық жағдайда да ескірмейтін, тозбайтын бір «жібек» бар, ақын оны қол

жаулықша олай да, бұлай да жұмсайды, дамыл таптырмайды.

Қазақтың әйелдері бұрын құрақ көрпе істейтін, әлі де тігетін болуы мүмкін. Ол сәндік үшін, бүтіндік үшін, немесе ермек үшін емес, кездеменің қиқымдарын далаға тастамас үшін жасалады. Құрақтың арасында жібек, шәйі, патсайы, барқыт, шұға, атлас сияқты асыл нәрсенің қиқымдары да, помази, сукно, зонт, сиса сияқты тұрпайы нәрсенің қиқымдары да болады. Біздің ақындарымыздың кейбір өлеңдері осы құрақ көрпені еске түсіреді. Мұндай өлеңдер арнаулы үлгімен пішіліп тігілетін орамал кестесіндей, не текеметтің оюындай емес, құрғақ көрпенің алақұла, жолақ-жолақ әлеміштеріндей болып шығады.

Мұндай жағдайда автор үш түрлі кемшілікке кездесіп отырады: бірі — нақты нәрсенің, не адамның дұрыс сипаты берілмейді, екіншіден, бүтін өлеңде тұтас образ жасалмайды, үшіншіден, түйінді, жинақты идея, пікір-ой айтылмайды. Әбудің жаңағы өлеңінде осы үш кемшіліктің үшеуі де бар. Ақын даланың, табиғаттың, қыздың, кілемнің т. б. объектілердің нақты суретін шын, дұрыс бере алмағандықтан образдың тұтастығы жойылған, бұл жағдай ақын нысанасындағы өткір, мағыналы пікірді жалаңаштап жіберген. Сырт қарағанда өлең құлпырып тұрған сұлу сияқты, өйткені өлеңнің жолына сөздегі асыл моншақтар қадалған. Олар жалт-жұлт етіп, көз тартып, оқушыны алдандырады. Ал шындығына келсек, мұндай өлеңдер сұлу, көркем поэзия санатына қосыла алмайды.

Бұл айтылғандардан поэзияға тән, соның жан жүрегі болатындай әдемі теңеу сөздер, образды сөйлемдер қолданылмасын деген қорытынды тумайды. «Алтын», «күміс», «гүл», «жібек» сияқты сөздер керегінше пайдаланыла берсін, бірақ олар орынды жерінде, жаңа, тың көркемдік оралымда қолданылу қажет. Екіншіден, мұндай сөздер өлең ішінде сан рет қайталанып та келуі мүмкін, бірақ қайталау әдісін ақын көркемдікті айқындай, пікірді еселей түсу үшін саналы түрде қолдануы керек. Мәселен, Тайырдың «Қыран туғанда» деген өлеңіндегі «күн, нұр», Жұмағалидың «Бақыт құшағында» деген өлеңіндегі «аққу, айдын көл, гүл, күн» сөздері саналы түрде, шабыт аясында қайталанып, суретті ашып, пікірді еселеп жібереді. Халық поэзиясында кездесетін сан алуан қайталауларда пікір жалаңаштығы, образдың олқылығы болмайды, үнемі ширақ, нық келеді (Ақжүністің толғауы, Қыз Жібектің көші, Махамбеттің толғауы т. б.).

Демек, поэзия үшін алдымен сұлулық, ақындық шабыт, творчестволық қиял керек, мұнсыз поэзия жансыз. Нағыз сұлулық, терең идея тұтас образ жүйесінде жасалады. Идеядан, тұтас образдан жалаңашталған көркемдік поэзияға нәр бола алмайды.

ЖАҢА ШЫҒАРМА ТУРАЛЫ

II

Ақындық, жазушылық — үлкен өнер. Сен өнер иесі екенсің, әрбір шығарманда жаңа өрнек, жаңа тапқырлық көрініп тұрсын. Өзіңе дейін басқалар жасап, өмір базарына ұсынып қойған өнерді қайталасаң, немесе жұрт тоздырып тастаған нәрселерді жамап-жасқап, сыртын бояп жылтыратып шығарсаң, ол ақындық өнер емес, құрастыру, сыналау болады. Жаңа шығарманы жаңа өнер ісі деп түсіну керек. Жаңа шығармаға қойылатын басты шарт дәл шығарма жазылған уақытқа дейін айтылмаған жаңа пікір түйіндері, терең ой толқындары, жаңа образдар, жаңа теңеулер, ең ақырында, тың сюжет құрылыстары берілетін болсын. Жарқырай шыққан талант иесі екенсің, сен дүниеге жаңа өнер аясындағы жаңа шығармамен көрін. Сан рет айтылып, сан рет жазылып, образдары жасалған объектіні, теманы, көркемдегіш сөздерді қайталай бермей, поэзияда, әдебиетте тыңнан жарып жол салуға тырыс, соған құлаш серме.

Міне, осындай талаптан туған көркем шығарманы біз жаңа шығарма дейміз. Бірақ жаңа өнер аспаннан түспейді, әдебиетіміздің бір бұтағы, сабағы есебінде өсіп жетілуге тиіс. Мұндай көркем өнерді тудыратын таланттар, жаңа, тың, шығарманың үлгілерін беретін кесек еңбектер біздің көркем әдебиетімізде мол. Халық поэзиясының алыбы Жамбылдың әрбір жаңа өлеңінде жаңа тапқырлық ой-пікір, жаңа ақындық өнер үлгісі сезіліп тұратындықтан, оны жұртшылық бірден ынтыға қабылдайды. Сәбиттің әрбір өлеңі, поэмасы жаңа сюжеттік мотивпен, жаңа образ, жаңа көркемдік системамен жазылған («Сөз — советтік армия», «Қолхоз аулы осындай», «СССР — асқар Гималай т. б.»). Асқардың әрбір жаңа саяси өткір лирикасы, публицистикалық сатиралары оқушыны бірден өзіне тартып, ертіп отырады. Әбділданың, Қалижанның музыка темасына жазған толқынды, романтикалы поэмалары, жастар-

дың, геройлардың ерлік, патриоттық, махаббаттық өмірін бейнелеп жазылған Тайырдың «Тасқын», «Жұмағалидың «Достыма хат», Қасымның «Жұмбақ қызы», Диханның «Шалқыма», Әбудің «Еділ толқыны», Саяділдің «Ақын шабыты», Қапанның «Шешілген жұмбақ», Жақанның «Самолеттегі батыр» сияқты өлең, поэмалары, халқымыздың ізгі ерлік дәстүрлерін сипаттаған. Исаның «Алтын аясы», Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмалары т. б. осының бәрі біздің соңғы бірер жылдағы поэзиямыздың күрделі жемісін, кең жайлау өрісін көрсетеді. Нұрпейістің тодғаулары, талантты жастардың лирикалары да бүгінгі поэзиямызға жаңа үлес болып қосылып жатыр.

Қазақтың халық әдебиетінің сұлу сөзін таза, орынды қолданып, ой-пікірін өткір, ашық әрі орынды образдармен құлпыртып беруде қаламын қарыштай сілтеп талант көрсеткен ақындарымыздың бірі — Қасым Аманжолов. Қасым, Жұмағали, Қапан т. б. бірқатар жас ақындар — өздерінің талант өрісін жазушылық стажбен емес, ұшқыр қаламымен, азды-көпті нәрлі, дәмді шығармалармен өлшеген жас түлектер. Бұларда бірыңғай тебіндеп өсіп, қырдың бетін жапқалы тұрған қалың көк бетеге сияқты тұтас түлеген, құлпыруға айналған талант бар. Поэзиямыздың кең жайлау өрісінің биік жотасынан да, жазық алаңынан да, терең сайынан да бұл таланттардың жарқ етіп көрінетіні сөзсіз.

Қасымның «Болат сұңқар», «Ұшқыш болғым келеді», «Ақын соты», «Көктем», «Ақынның ескерткіші» сияқты қысқа өлеңдері жастықтың жалынды жырын, алымды ойын, жігерлі сезімін береді. «Ұшқыш болғым келеді» (совет жастарының тілегі) деген өлеңінде ақын былай дейді:

Мөлдір тұнық көк аспан,
Сол аспанда жарасқан
Самолеттей сұңқармен
Ұшқан құспен таласқан
 Ұшқыш болғым келеді.
Көңлі — дария, ойы — аспан,
Ай, күнімен аспанның
Әзілдескен, сырласқан
 Ұшқыш болғым келеді...
...Ар-намысын ақтаған,
Жүректе сыр жаттаған,
Туған елін — ұясын
Жан-тәнімен сақтаған
 Ұшқыш болғым келеді.

(«Өмір сыры», 41—42-беттер).

Совет жастарының Отанды сүю сезімі, өнердің, ғылымның биік шыңына өрлеу идеалы, социалистік заманымыздың өскелең, өрлегіш, талапты да алғыр қасиеті — міне, осыны ақын сондайлық еркін ақындық шабытпен, табиғи көркемдік өнермен төгілте жырлап берген. Ақынның түйдектеп, еселеп, дамыта қолданған теңеу сөздері шынайы жүрек серпінімен айтқан ой-пікірін өсіріп, асқақтатып тұр. Өлеңнің сыртқы динамикасы ойнақшып аспанға өрлеудің, ұшқыш болудың асқақты әсем қиялын елестетіп тұрса, соған сай өткір ой түйіні де ширатылып, нық айтылған. Әрбір совет жасының жүрегінен құйылатын ант, серт сияқты бейнелер қарапайым, қалыпты халық әдебиетінен алынған, бірақ жаңа ақындық, сұлулық кестемен берілгендіктен ол күшті шыққан, соны шабытпен қанатталған, сондықтан да біздерге үлкен әсер етеді. Бұл өлеңде ешқандай сырты жылтыраған әлеміш бояулар, алтындап-күмістеп қадаған моншақтар жоқ, барлық теңеу, образдар орынды әрі тапқырлықпен алынғандықтан, мейлінше жатық. Міне, осындай шығармаларды біз жаңа шығарма дейміз. Мұндай шығарманы ақындарымыздың бәрінен де кездестіруге болады.

Жаңа шығарма беруде қазақ поэзиясындағы ірі ақын Сәбиттің өлеңдері мен поэмалары айрықша орын алады. Жоғарғы атап өткен жас ақындарымыздың бірер шығармасынан ғана жаңа өнерді көретін болсақ, ал Сәбиттің өлеңдерінде ол жаңалық системамен келіп отырады. Сәбит — қазақ поэзиясының үлкен жаңашылы. Бұған айрықша назар аудармаса болмайды, өйткені Сәбит поэзиясының ерекшелігін кейбір жетіліп қалдым деп мен-менсіген ақындарымыз түсінбей жүр. Олар халықтық қарапайымдылыққа тапқырлық пен жаңашылдық өнерді ұштастыра отырып өлең жасап алу екінің бірінің қолынан келе бермейтінін, бұған өрісті талант, зор ақындық мәдениет керек екенін ұғынбай жүр. Әрі өзінің өнеріне, әрі басқаның өнеріне шалағай қарап, «муза» деген жалаңаш елесті, не соның қу қарағайын құшақтап, «гүл», «жүрек» деп елжіреп тұратын «лирик» ақындарымыз шын ақындықты аз да болса түсінуге тиіс.

Ақын-жазушылардың бір жиналысында Қапан Сатыбалдин жолдас: «Сәбиттің өлеңі өлең емес, лирикасыз, жансыз сезім мен дөкір жазылады»,— дегенді айтты. Сәбиттің өлеңдерін бүкіл Қазақстан жұртшылығы жиырма жылдан бері үнемі сүйсініп, құмартып оқитыны, қай оқушы болсын Сәбиттің өлеңіне айрықша ынта қоятыны өз

алдына бір алуан басқа, сын болса, нағыз поэзияның қатаң заңымен, көркемдік критерияның өлшеуімен тексеріп қарағанда, Қапанның әлгі сияқты сөздері негізсіз, дәлелсіз екенін көресіз.

Сәбит поэзиясының, әрине, өсу жолдары бар. Ақындығының алғашқы дәуірінде ол бірталай өлең, поэмасын ұйқасқан қара сөз түрінде жазды: ауыз әдебиетіне жалаң еліктеді, поэзия көркемдігін меңгеріп кетпеді. Бірақ Сәбит үнемі ізденумен өсіп отырған ақын. Осы іздену үстінде оның шынайы ақындығы, лирикалық сезім күшін жырлай алатындығы, новаторлығы айқындалып отырады. Әке мен баланың туысқандық махаббатын, ол махаббатты өмірді, ұлы Ленинді шексіз сүйеу сезімі мен табиғат шаттығына бөлеу арқылы сұлу, шебер суреттеген «Пионер» поэмасын, жау қолында тұтқын болып, биік жардан суға құлап өмірмен қоштасқан Күнәйім қыздың ауыр трагедиясын, табиғат құшағындағы, домбыра күйіндегі романтикалы қиялмен көркем жырлап берген «Жетім қыз» поэмасы, жалынды махаббатты, сұлу табиғатты, еркіндік жолындағы трагедияны жарқын бейнелермен суреттеген кең айдын лирикалы, романтикалы поэзия — «Сұлушаш» романы, жаңа социалистік лириканың жақсы үлгісі саналатын «Майға сәлем», «Он алтыда қарындас» өлеңдері, адам ақылы мен жаратылыстың мылқау күшінің образын бейнелеген «Ақ аю», «колхоз өмірінің сұлу, сәнді көрінісін тамаша еңбек процесімен бірге шебер, сұлу суреттеген «Колхоз аулы» поэмасы, халықтық поэзияны құлпыртып берген «Май бұлақтан Мәскеуге» деген қисса, көркем сөзді ақындар командасымен жусатып өргізген «Сөз — советтік армия» т. б. Сәбит поэзиясының жансыз поэзия емес екенін, бұл поэзияның өрісі мейлінше кең, жемісті, мәдениетті екенін толық дәлелдесе керек. Мұндай сан алуан ақындық өнермен көрінген талант иесін үлкен лирик, үлкен эпик, үлкен новатор деп айтуға толық праволымыз. «Сұлушаш» сияқты өлмейтін құнды шығарманың өзі тек Сәбиттің творчествосы үшін ғана емес, бүкіл қазақ совет поэзиясы үшін үлкен мақтан. Осы бір поэманың өзімен-ақ Сәбит қазақ совет поэзиясының биік қырқасында табанын нық басып тұра алады.

Сәбит өлеңдерінде, әрине, пікірдің топшылары басым жүреді, өйткені Сәбит публицистикалық лирикаларды көбірек жазады. Нәзік лирикадан гөрі публицистикалы лирикада қоғамдық өмір туралы ой басым болатыны белгілі. Жамбылдың, Асқардың, Саяділдің, Нүрпейістің өлеңде-

рі — негізінен алғанда, қоғамдық пікірдің өткірлігіне сүйенген публицистикалы поэзия. Бұл поэзияда пікірдің байлығына сәйкес мықты көркемдік образ болуға тиіс. Мықты көркемдік образбен берілмесе, ол поэзия — өткір саяси поэзия, өткір публицистикалы поэзия болмас еді. Мұндай поэзия — совет поэзиясының жүрегі. Жалпы поэзияның өзі, жалпы лирика атаулының өзі — қоғамдық өміріміздің айнасы. Осы тұрғыдан қарағанда Сәбиттің «СССР — асқар Гималай» деген өлеңі жаңа ақындық өнермен жазылған шын мәніндегі публицистикалы поэзия екені даусыз.

«Сөз — советтік армия» деген атпен Комсомол баспасы бастырып шығарған Сәбиттің өлеңдер жинағында он тоғыз өлең басылған. «Майға сәлем», «Он алтыда қарындас», «Гүл бағындай Отаным», «Жүрегімді мандат қып», «Мектеп — білім есігі», «Біздің маршал Буденный» сияқты өлеңдері көркемдігі, пікір түйіні, сюжеті жақтарынан тың шығармалар, шын жаңа шығармалар. «Сөз — советтік армия» мен «Колхоз ауылы осындай» поэмаларының Сәбиттің творчествосы үшін де, бүгінгі поэзиямыз үшін де айрықша маңызы бар.

Соңғы бір-екі жылдағы поэзиямызда колхоз тақырыбына жазылған шығармалар өте аз. Әрине, үстірт жазылған, әсіресе колхоздың қаракөз сұлу қызын ғана алыстан бұлдыр көріп жүрген лирик ақындарымыз жоқ емес (мысалы, Қасым, Әбу, Қапан сияқты). Колхоз жұмысынан есеп беретін колхоз бастығының роліндегі ақындар да жоқ емес. Бірақ мұның бәрі де поэзияда бүгінгі колхоз өмірінің шындық бейнесін елестетпейді. Ал соңғы жылдардағы поэзиямызда Сәбиттің «Колхоз ауылы» колхоз тұрмысын нақты суреттеп, көркем түйінмен жазылған ірі шығарманың бірі болып отыр. Сюжеті шағын, суреттелетін объекті — колхоздың бір түні мен бір күнгі еңбегі. Ақын осы бір түн, бір күнгі көрінісімен колхозшылардың еңбекке жұмылған бірлігін, жігерін, сол еңбек арқылы құйылып жатқан орасан мол табысын, байлығын, колхоздың еңбек күнінің өзі мереке, той екенін шебер суреттейді. Осы суреттеу арқылы колхозшылардың Отанға берілген махаббат сезімі, колхоздың шаруашылық қуаты көрсетіледі.

Автор поэмасының кіріспесінде түнді бейнелеп, күзетшісі Кенбай қартпен сырласа отырып, сарала таңнан колхозшылардың егін ору жұмысына қол қойғанын, тракторшы жігіттің комбайнды тіркеп, жұмысқа кіріскен еңбек өмірін сүйсіне жырлайды.

Поэмада ақын колхоз маңының сұлу көрінісін, колхозшылардың кешкі сауық кешін шебер суреттей келе:

«Ән-күйге құлағын жұрт салып тұрды,
Сұлу күйге сусыны қанып тұрды.
Бұлтсыз күндей жарық айлы түнде
Қызыл ту жалындай боп жанып тұрды»,—

деп, ақын колхоз даласының шаттығына үн қосады, жүрегінен бұған сұлу, тәтті жыр жазады.

Ақын поэмасында колхоздың жұмысы жайында өз атынан не колхоз бастығы атынан баяндама жасамайды, колхоздың табысты, ауқатты, сауықты өмірі суреткердің кең, еркін, шебер суреттеулерінен көрінеді. Мұны сұлу поэзия емес деп ешкім де айта алмаса керек.

Сөйтіп жаңа шығармаға, жаңа ақындық өнер, жаңа пікір түйіні, тың көркем образдар керек, әрбір жаңа шығармадан жұртшылықты өзіне тарта алатын тапқырлық ойлар, соны теңеулер, жаңа системалы лирикалы толғаулар керек.

Біздегі жазылып жүрген өлең атаулының барлығы бірдей жаңа шығармаға қойылатын тілектерге жауап бере ала ма? Толып жатқан өлеңдер біздің дәуіріміздің әр саладағы шындығын қамтып, көркем түйін жасап беріп отыр ма? Поэзиямызда үлкен кесек образдар бар ма? Біздің жұртшылығымыздың талайы-ақ өлеңдердің бастапқы екі-үш жолын оқиды да, «арғы жағы өзіме де түсінікті» деп қолын бір-ақ сілтеп, оқымай тастай береді. Олар: «Өлеңдерің нашар-ақ, көңілге қонбайды, қызықты, дәмді қылып жазбайсындар» деген тілектер қойып, айтып жүр. Мұнан нені аңғаруға болады?

Бізде өлең өте көп жазылады, тіпті қисапсыз. Осы көп өлеңнің маңызын салмақтап, нағыз көркем поэзияға тән қасиеттері жағынан сұрыптай бастасақ, бізде бүгінгі жұртшылығымыздың тілегіне жауап бере алатын өлеңдердің өте аз екенін көреміз. Бұл неліктен? Бұл ақындарымыздың өлең жазуға, жаңа шығарма беруге жауапсыз қарағандығынан, дәуіріміздің шындығын толық, кең қамтып айтып бере алмағандығынан.

М. Горький 1935 жылы сөйлеген бір сөзінде былай дейді: «Жолдастар, ақындар жүздеп бар. Меніңше, зор талантты шығармалар берушілер тіпті аз. Өлеңдер километрлеп жазылады. Бұл өлеңдердің әлеуметтік мәні өте шамалы-ақ» («Әдебиет туралы», 498-бет).

Бұл сөздің қазақ поэзиясы үшін маңызы айырықша.

Бізде осының негізінде тақырыпты меңгеру, көркем образ, сурет, лирика, сюжет, ұйқас-ырғақ сияқты бірқатар басты творчестволық мәселелер төңірегінде ойластыратын жайлар көп-ақ. Ең алдымен творчестволық көркем тақырып жағдайын алып қарайық. Біздің өмірімізде ақындарымыздың шығармаларына өзек бола аларлықтай тақырыптар ұшан теңіз. Бірақ көп ақындарымыз сол тақырыпты меңгеруде немесе теманы тандауда белгілі бір стандарттан шыға алмай келеді. Нақты объектіні, нақты істі, адам әрекетін суреттеп, сол арқылы кең байтақ социалистік еліміздің шындығын толық көрсетуден гөрі, жалпылау, СССР-дың немесе Қазақстанның табыстары жайында газет тілімен баяндама жасау, рапорт берушілік басым. Ақындар өлеңді қысқа, дәмді жазудың орнына, атының басын тоқтата алмай, ұзақ сонарға түсіп кетеді.

Ақын Қасымның «Өмір сыры» деген жинағындағы көлемді өлеңдерінің бірталайы-ақ отчет, рапорт болып жазылған. Екі жүз жолдай «Өмір» атты және үш жүз жолдай «Толғау» деген өлеңдері ұзақ поэма сияқты. Шындығында екеуі де поэма емес. Екі өлең бірін-бірі қайталаған және сол екі-үш жүз жолдағы пікірді жиырма-отыз жол өлеңге сыйғызып айтуға болатын сияқты. Қасымның бұл өлеңдері мына сарындас:

Социалды СССР —
СССР-да жаңа жыр,
Жаңа тұлға, жаңа түр,
Құлпырды өмір, жайнады...
СССР-дың жандары
Қайнап, қызып қандары,
Қолға құрал алғаны,
Солқылдата балғаны,
Егінге орақ салғаны,
Қаптап астық тапқаны,
Төрт түлік мал баққаны.

Немесе

Ақ жамбыдай атылған
Байқал, Балқаш балығы.
Гудогымен ашылса
Фабриканың қақпасы,
Жанған қардай жал болған,
Орта Азия мақтасы.
Баржы сүйреп пароход
Балық тартса теңізден,
Қазақстан малдары
Балалаған егізден.

Сыпыра отчет айтудың өзі дұрыс сөйлем құрылысымен, тың көркем сөзбен берілмей тұр. Бастапқы үш жол «жыр», «түр», «жайнайды» деген сияқтылар жауыр болған, дерексіз, жалпылама сурет. Онан кейінгі жеті жолда «жан» мен «қан», «алған» мен «салғанға» «балғаны» қыстырып, «астық тапқан» мен «мал баққан» дегенді жайша ұйқастыра салған. Соңғы шумақта да осы сияқты әр жердің атын атап, тізімге алып өте шыққан. Мұндай отчет сарынды өлең, немесе жер жүзілік саясатты бір-ақ шолып өтетін «километр» өлеңдер Жақан, Дихан, Әбу, Тайыр, Асқарларда да бар.

Асқар — қысқа сюжетті лириканың, қысқа сатиралық, публицистикалық өлеңдердің үлкен шебері. Мәселен, ол қызыл әскер туралы жазғанда, өлеңнің ішкі-сыртқы динамикасын дәл әскердің өз ойындай құйғытып, ойнақшытып жібереді. Ал жастар өмірін, көктем сияқты сұлу көріністерді жазса, оның өлеңдері ерекше құлпырып, ширатылып, қарыштап, аспандап кетеді; музыканы, театрды жазса, құйқылжып, әсем ырғақпен төгілгендей болады; техниканы, машинаны жазса, жүйткіп ентелеп шарықтайды («Бұлар кім», «Қызыл әскер», «Жастар», «Көктем», «Турксиб түйіскенде», «Тамара», «Күшті болса көктем де», т. б.). Барлық жағдайда да шапшаң, алымды, өткір, тапқыр сөз кестелері, түйдектеу, тасқындау, еселеу приемдары ақын поэзиясына жан кіргізіп отырады. Бұл қарапайымдылық, тапқырлық өлеңді әрі қысқа, әрі өткір пікірмен жазу жұртшылықты бірден қызықтырады. Асқар ақындығының айрықша құндылығы осында.

Өлең сөзден неше түрлі сұлу мәнер жасауға шебер кең өрісті талант иесі Асқар кейбір өлеңдерінде жалпы баяндама, схема сарынына салынып кетеді. Айталық «Кең дала» деген өлеңі жалпы Қазақстан тақырыбына арнап жазылған (өлең «Әдебиет майданы» журналының 8-санында басылды). Жаңа дала мен ескі даланы салыстыра отырып, Қазақстанның табыстарын айтады, соған ақын өзінің қатынасын арнау түріндегі лирикалық толғаумен білдірмек болады. Өлең жүз қырық жол. Бұған бір поэманың сюжетін сыйғызуға да болады, өміріміз, заманымыз жайында не түрлі сұлу сурет, көркем образдар беруге болады. Бірақ бұл өлең Асқардың құйқылжытып, құлпыртып беретін поэзиясына тіпті ұқсамайды; өлеңнің ырғағында, көркем сөзбен образ жасауында сылбырлық, жасықтық, бытыраңқылық басым. Өлеңнің сыртқы құрылысындағы осы олқы-

лықтар ондағы пікірдің жинақталмай, түйінделмей, бет-бетімен жайылуына себепші болған:

Уа, құлпырған кең дала,
Ежелгі елге кейуана!
Қойныңнан қойма қопарттың,
Қойнауың толған ел, қала.
Төрінде темір жол ойнап,
Өрнегін салды ол жаңа.
Орманың ойда ығысып,
Егіспен толды ең дала...
...Көкорай шалғын, көк майса,
Кескінді кесе айдала.
Топырағы түлеп торқадай,
Орнаған завод, зор қала.

Мұнда сан рет қайталанып келген Қазақстан байлығы мен «жаңа, жайнады, қала, айнала» деген сөздер ешқандай тұтас сурет жасап тұрған жоқ. «Кейуана» деген жергілікті сөздің оқушылар жұртшылығына түсініксіздігі өз алдына. Сондай-ақ ақын «қойныңнан қойма қопарттың, қойнауың толған ел, қала» деген суреттемемен де татымды мүсін жасай алмаған. Автор орман, ағаш — жердің көркі, елдің ырысы ретінде қашаннан бері суреттеліп келе жатқанын естен шығарған. Ол далаға егіс толу үшін орман ығыстырылды, оны қиратып жойдық деп шындықты бұрмалайды.

Асқардың ескі өмір мен жаңа өмірді салыстыруы да әлсіз, тіпті тұрпайы:

Жырымыз басар жер жүзін,
Кеңейді тыныс біржола.
Домбырам жаңа күй төкті,
Ел жүрегі, ол — мұра.
Адыра қалды ашығу,
Нан жемеймін жалдана.
Кигенім торқа... тон емес,
Бүтінделді жең, жаға...
Уа, гүлстан, кең дала,
Өз бойыңа сен қара...
Өзіңді өзің танымай,
Қаларсың мүмкін кейуана (?)
Керегем кеше тырбып (?),
Ұшарымды жел ғана
Білетін кезді еске алсаң,
Тұнжыраймын мен де ана...
Уа, кең дала, кең дала,
Бір кезде жыртық жең, жаға!
Таңертең гудок шақырса,
Тұрушы едім ыңырана.

Бұл өлеңдерде ақын не ескі сұр өмірді, не жаңа күй, жаңа шаттық сарынның өзін өте айқын жандандырып, өз дәрежесінде құлпыртып суреттей алмайды. Алдыңғы жол жаңа өмір туралы болса, соңғы жол ескі өмір туралы; екеуінің айырмасын айқын көрсетудің орнына, жалаң топшылауға түскен. Бір сөйлемнің ішінде бір-біріне қайшы пікірлердің болуы шығарманың логикалық қисынын әлсіретіп жіберген.

Жыр жер жүзіне жеткен өрісті болса, келесі жолда тыныстың кеңейгені туралы емес, жырдың әлемді таң қалдыратын сезімдік қуаты жайында айтылуы керек. Домбыра жаңа күй төксе, келесі жолда және күйдің тасқынды, жігерлі, тәтті сезімді сипаты жайында айтылу керек. Ән-күй жайында айтып келе жатып, аштық, нан жеу туралы әңгімеге түсіп кетуге болмайды. Ескі сұр өмірдің картинасын тұтас, жинақты берсе айқын елестейді ғой, автор бұл арада пікірін шашыратып алған. Бүгінгі адамның жақсы киінетінін бір жолдың жартысында айтып, екінші жартысында ескі заманның киімін тықпалай қойған. Мұнан әрі киімнен «жаға» мен «жеңді» ғана айтады да қояды. Ескі замандағы үйсіздік, панасыздық, қоныссыздықты көрсету үшін алған образы — керегенің «тырбиғаны». Онан әрі «ана» деген сөзді ұйқас үшін сүйей салады. Ең соңғы шумақта кең даланы айтып, «жең, жағаға» тағы келіп түседі де таңертеңгі гудоктен бір-ақ шығады. Ақырғы жолға «ыңырана» деген сөз қосақталған. Осы төрт жолда бір-біріне қатынасы жоқ төрт түрлі мағыналы сөздің басы еріксіз құралып тұр. Бірінші жол — дала туралы, екінші жол — жең, жаға, киім туралы, үшінші жол — гудок, завод туралы, төртінші жол — шаршау туралы.

Міне, бұл сықылды қырық құрау жамаудың барлығы бұл шығарманы өлең дегізбейді. Не шебер көркемдік жоқ, не күшті образ жоқ, не өткір пікір түйіні жоқ, не жатық ұйқас жоқ. Ұйқастың ақсақтығын айтпай-ақ, ұйқасқан сөздердің қаншалық қайталағанын алсақ былай болып шығады: дала — тоғыз рет, ана — бес рет, бала — жеті рет, айнала — төрт рет, ғана — үш рет, жара — үш рет, қала — үш реттен т. б.

Ең соңында ақын екі сөзінің бірінде «қуанышты құндағына бөлеулімін», «айналам толған ән, мені әлдилейді», «мен балаңмын» дегенді айтады. Өмірге, қоғамға, туған елге арнап сөйлегенде ақын өзін бала бейнесінде суреттеуі мүмкін, бірақ мұнан — ол бесікке бөлеулі, құндаққа ораулы жас нәресте образында болу деген ұғым-тұмайды. Адам

сол қоғамның ортасында туып өскендіктен, өзін баламын дейді, ал өзін өсірген ананы ана деп тану дәрежесіне жеткен адам — саналы ақыл иесі, өмірдегі ерлік күрестің, қайратты жігерлік істің иесі адам. Ақын «мен бала» дегенде, өзін даланың перзенті екенін түсінген ақын, творчество иесі адам бейнесінде суреттеу керек еді. Асқар оны түсінбеген. Қорытып келгенде, Асқардың бұл өлеңі көркемдік жағынан да, образдары жағынан да, идеялық түйіндері жағынан да әлсіз, көмескі жазылған. Бұл жаңа шығарма емес. Тоқталып сынағандығымыз, өлең жазуға салақтық, ұқыпсыздық қандай болатынын басқа ақындарымызға да айқын көрсету еді. Әрине, Асқар ақындық күші жетпегендіктен осылайша жазып отырған жоқ, бұл көркем шығармаға салақ қарағандықтан, атүсті, жүрдім-бардым жағдайда жазудан туған олқылық.

Қазіргі ақындардың алдына: бірінді-бірін қайталама, әрбір жаңа шығарманда тың, жаңа пікір айтатын бол, тың — жаңа көркемдік өнермен көрінетін бол дейтін талап қойылады. Көп ақындарымыз Жамбылдан үлгі алады. Жамбыл бүгінгі өміріміздің ең маңызды тақырыбын, озық ой-пікірін мезгілімен тез жеткізіп, басқа ақындардан бұрын жырлайды. Жамбылдың осы қасиетінен үйренуді бірқатар жас ақындарымыз дұрыс ұғынбай жүр. Олар Жамбылдан үлгі алуды сол Жамбыл бұрын айтып қойған ой-пікірді Жамбылдың ақындық үлгісімен қайталап айтып беру деп түсінеді, қайталап айтқанда, көркемдігі нашар, пікірі жалан, жаңа образ, жаңа ақындық, өнері жоқ шығармалар береді.

Бұл жас ақындардың айтатыны: Жамбыл заң туралы, егіс туралы, стахановшылар туралы жазды, мен де сондай етіп жазамын дейді. Бұл жазған шығармада жаңа сурет, жаңа ой-пікір болмайды. Жамбыл жазған тақырыпқа барлық ақындар жазуға болады, бірақ бұрынғы халық әдебиеті үлгісіндегі домбырамен жатқа айтып шығаратын Жамбылды сол күйінде қайталауға болмайды. Әр ақын әрбір жаңа шығармасында өзінің үнін, өзінің ізденгіш жаңалығын танытсын.

1939 ж.

АҚЫНДЫҚ ТАЛАНТ ӨЗ ОРНЫНА ЖҰМСАЛСЫН

(1941 жылы 4-июнь күнгі баяндамадан)

Қазақ әдебиетінде поэзия — бұрын да, бүгін де қалыптанған негізгі жанр. Революциядан бұрын орыстың, Еуропаның ғалымдарын қайран қалдырған дүниелік әдебиетке асыл шұрай боларлық халықтық әдебиетіміздің өзі поэзия болса, бүгінгі Советтер Одағында да қазақ әдебиеті алдымен поэзия жанрымен танылып отыр. Жамбылдың сан алуан өмір шындығын жан-жақты қамтыған терең мағналы жырлары, сол сияқты жалпы қазақ ақындарының өлең, поэмалары қанатын одақ көлемінде кең жайып отыр. Қазақ совет поэзиясының өскендігін, күн сайын жаңа тақырыпты меңгеру, жаңа ақындық мәдениет жасау жолында өнімді жұмыстар істеп отырғанын ақындардың әсіресе соңғы екі-үш жылғы творчестволық тәжірибесінен айқын көруге болады. Саны жағынан алғанда, соңғы екі-үш жылда алпыс шамалы поэма, дастандар жазылған. Бастылары: «Сұраншы батыр» (Жамбыл), «Сөз — советтік армия», «Майбұлақтан Москваға» (Сәбит), «Ақын», «Қобланды», «Комиссар Пожарский» (Нүрпейіс), «Қанды жазу», «Өмірге жол» (Асқар), «Нарын», «Белосток» (Тайыр), «Батыр», «Ескендір», «Лұқпан хакім», «Егіншінің баласы», «Дін сыры», «Бодық сопы» (Қалмақан), «Кавказ», «Он бір күн, он бір түн» (Иса), «Абыл», «Аққу көлі» (Әбділда), «Қойшының арманы» (Доскей), «Өткен күн» (Қуат), «Қарағанды» (Көшен), «Орман қызы», «Ақсақ құлан» (Қалижан), «Бес мылтық» (Саяділ), «Аманкелді» (Омар), «Күланда» (Жұмағали), «Азғынбаев» (Қасым), «Ақмаралдың жүрегі» (Әбу), «Каспий толқыны» (Тілеков), «Дарын» (Теміржанов), «Қаратау қызы» (Қалауова), «Асан қайғы» (Абдолла), «Шолпан» (Әли), «Шахтер» (Ғалым), «Калина» (Дайырбеков), «Шешілген жұмбақ», «Айдан тамған жас» (Қапан), «Мұңсыз Мариям», «Аю талаған Арыспай»

(Дихан), «Ғалия» (Қалиев), «Ақ бидай» (Жұмаханов), «Шойын жолда» (Х. Абдуллин), тағы басқалар.

Бұған ақындарымыздың жүздеген ұсақ өлең, жырларын, лирикаларын, толғауларын қосатын болсақ, поэзиямыз Қазақстанның бүгінгі социалистік өмірінің сан алуан саласын қамтып, дамып отырғанын көреміз. Әлбетте, мына тізімде аталғанның бәрі өз дәрежесінде құнды шығарма емес, олардың көпшілігі әлі жетілмеген, алғашқы творчестволық іздену сияқты нәрселер. Сонымен бірге бұл жаңа шығармалар дәуіріміздің талабына сай сапалы көркем шығарма берудің батыл, творчестволық адымы. Жамбылдың, Сәбиттің, Нұрпейістің Отан қорғау тақырыбына жазған поэмалары мен өлеңдері, Исаның, Саяділдің батырлық дәстүр туралы толғаулары, Қалмақанның Шығыстың аңыз әңгімелерінің негізінде жазғандары, Әбділданың «Абыл», Әбудің «Ақмаралдың жүрегі» атты лирикалы-романтикалы поэмалары поэзиямыздың творчестволық ізденуінен туған маңызды шығармалар.

Поэмалар мен толғауларда, лирикалы өлеңдерде советтік патриотизм идеясы, социалистік еңбек пен ерліктің көтеріңкі лебі, совет халқының коммунистік партияға деген зор сүйіспеншілігі жарқын көрінеді; қазақ халқының ерлік дәстүрі де едәуір жырланып, Исатай, Махамбет, Сұраншы сияқты батырлардың образы, 1916 жылғы көтеріліс, азамат соғысы дәуіріндегі халық азаттығы үшін күрескен Аманкелді, Бекболат сияқты большевик ерлердің образы, ең ақырында, бүгінгі еңбек, техника майданындағы геройлардың образдары поэзиямызда кең суреттеле бастады. Лирикалы поэзия совет адамдарының ізгі адамгершілік қасиетін, әсіресе сезім дүниесін жырлауға бет бұрды. Әбділданың, Қасымның, Қалижанның, Зияштың жаңа лирикалары ізденумен жазылуда. Поэзиямыздағы маңызды бір факты — орыстың және басқа халықтың классик ақындарының өлеңдерінің қазақшаға аударылуы. Лермонтов, Шевченко, Маяковскийдің лирикалары мен поэмалары аударылды. Қазір Новаи, Низами аударылып жатыр. Соңғы кезде поэзиямызға талантты творчествосымен жас ақындар келіп қосылды. Нұрлыбек, Шашубай, Нартай сияқты халық ақындары іргелі шығармалар бере бастады. Бұл жай халық поэзиясы мен жазба поэзияның бір-бірімен нық ұштасқанын, бірін-бірі толықтыра отырып дамып келе жатқан процесін көрсетеді.

ЛИРИКА ТУРАЛЫ

Қазір лирикамыз күшті дамуға бет алды. Қазақ поэзиясында жалпы лирика жанрының қалыптасу, даму мәселесі өз алдына үлкен тақырып. Бұл жерде бір шағын өлеңдердің, яғни лирикалардың қал-жайына назар аудармақшымыз. Шағын өлеңдер, егер шын поэзиялық қасиеті түгел болса, бәрі де лирика бола алады. Жеке жинақтарда газет-журналдарда басылған өлеңдердің көбі лирика екендігіне ешкім таласпайды.

Лирика — поэзияның мықты бір саласы бола отырып, өз ішінде бірнеше жанрлық түрге бөлінеді. Лирикада тартыс, уақиғалар суреттелмей, көбінесе өмірдің құбылыстың картинасы, соған деген ақынның көзқарасы суреттеледі. Лириканың асылы — адамның сезім күйін, ой толқынын білдіру. Олай болса, адамдардың рухани дүниесі, сыр құбылысы лирикадан орын алуы табиғи да заңды: онда адам толғанады, кейиді, шаттанады, қайраттанады, еркелейді т. б. Сезім дүниесіндегі мұндай құбылыстар еңбекте, үй тұрмысында, жолдастық қарым-қатынаста, табиғат пен тартыста, жаумен күресте көрінеді. Қазақ поэзиясында лириканың осындай әрқилы түрлері түгел, қатар дамып келе жатқан жоқ.

Осыдан екі жыл бұрын әдебиет теориясы туралы кітабымызды жазу үстінде лирикалық жанрдың дүние әдебиетінде бар негізгі жанрларын беруге тырыстық, Қазақ поэзиясынан мысал, үлгі қарастырғанымызда ол іздестіргеніміздің көбі жоқ болып шықты. Сонсын Әбділдадан балладаны, Қасым мен Қалижаннан романсты, Жұмағалидан сонетті жаздырып алдым. Бұл факты лирикалық жанрлардың барлық үлгісі бізде әлі толық қалыптаспағанын байқатады.

Ұлы классик ақындар қысқа лирикалы өлеңдерді көп жазған. Лирика арқылы ғана өзінің ақындығын танытқан. Амал қанша, кәзіргі ақындарымыздың көбі, міне, осы шағын лириканы жаңа сатыға көтеріп өсіре түсудің орнына, оған маңыз бермеуге айналып барады. Екі, үш шумақпен аса мағналы лирикалы өлеңдер жазуды ақындар творчестволық салтқа айналдырмай жүр. Шынын айту керек, үш ауыз өлеңге терең мағна сыйғызып өлең жазудан гөрі бір километр поэма жазуды оңай көреді. Орыстың ақындарында мынадай салт бар. Бір ақын күшті бірер өлең жазса, ол шығарманы поэмадан ешбір кем санамай, соның төңірегінде үлкен пікір көтереді. Бізде жақсы

жазылатын қысқа өлеңдер, әрине, жоқ емес, бар. Оған Әлидің Отан қорғау тақырыбына жазған өлеңдері дәлел. Бұған қоса Сәбиттің «Генерал», Әбділданың «Қойшы жыры», «Күзет әні» атты екі өлеңін, Қасымның «Ақын», «Жауынгер жыры», «Дауылда» атты өлеңдерін, жас ақын Қабікен Мұқышовтың «Нұра» атты өлеңін, Жұмағалидың соңғы жазған «Екі өлеңі», Қалауованың кейбір қысқа өлеңдерін алуға болады. Бұл өлеңдегі басты ерекшелік — әрі қысқа, әрі сюжетті, әрі толқынды.

Бізге шын мағынасындағы көркем, идеясы терен, мәдениетті лирикалар керек. Бізде жетілмеген, тұмаған романс, баллада, сонет сияқты лириканың толып жатқан қысқа түрлері поэзиямыздан көрінуі керек. Бізде лирика жазу үшін не махаббатты, не көңілдің мұңын, қайғысын жазу керек, өйтпеген күнде лирика жасалмайды дейтін теріс түсінік бар. Шынында, қандай тақырыпқа жазсаң да лирика жасауыңа болады, тек ақындығың, шеберлігің жетсін.

Махаббатты жазба демейміз, жазу керек. Махаббат, табиғат құбылысы, адам өлімі жалғыз лириканың ғана емес, бүкіл көркем әдебиеттің «мәңгілік» тақырыбы екенін Горький атап көрсеткен.

Әңгіме мұның тақырыбында емес, сол тақырыпты қалай меңгеріп жазуда. Біздің бірқатар ақындарымыздың махаббат лирикалары адамның ішкі дүниесін, кіршіксіз жүрек сырын, нәзік сезімін шебер суреттеп берудің орнына, кейде екі жасты не жарық айлы түнде теректің көлеңкесінде, не жарық электрлі бөлмеде кездестіреді де, дереу сүйістіреді. Іштей ынтық болу, сырттай көзқарас, сезім құбылыстарын беруге бармай таныстырады да, оп-оңай құшақтастыра, сүйістіре қояды. Екі жастың достығы, адамгершілік қасиеті, лирикалық кейіпкерлердің бірін-бірі білудегі ішкі сезім қайшылықтары, ұғыса алмаушылық дегендер ашық айтылмайды. Немесе, оның керісінше, бүгін қосылып, ертең айрылысып кеткен опасыздықты бейнелейді.

Махаббат тақырыбына жазып жүрген ақындарымызда классиктерге жалаң еліктеушілік бар. Бұл тақырыпқа жазғанда классиктерден үйренетін жер бар да, ал үйренбей керексіз ететін жер бар. Классик ақындар махаббатпен байланысты жастардың ішкі сезім күйлерін тамаша көрсетеді, жеткізіп береді. Ал әйелдің, жігіттің адамгершілік қасиеті, өмірдегі ізгі арманы қандай болу керек деген мәселені толық дұрыс шешіп бере алмайды, өйткені олар басқа қоғамдық ортада өмір сүрді. Сол заманның ең алдыңғы қатарлы прогрессті моральдық нормаларын айтқанның

өзінде де, біздің социалистік дәуірдің адамгершілік, мораль жөніндегі нормаларына жетпейді, жетуге, қатар түсуге мүмкін де емес. Сондықтан да, Горький айтқандай совет ақындары махаббат тақырыбына жазғанда совет әйелдерінің жаңа моральдық қасиеттерін, адамгершілік, семья жөнінен өткендегілерден әлдеқайда артық ерекшеліктерін көрсетуге тиіс.

Табиғаттың көркем құбылысын жазу — лириканың үлкен тақырыбы. Бұл тақырыпқа ақындарымыз аз жазбайды, көп жазады, жақсы өлеңдер де көп. Бұл ретте Қалауованың «Жаз келсе» атты сұлу лирикасын мысалға келтіруге болар еді.

1940 жылы декабрь айында Ғылым академиясы филиалының сессиясында Мұқанов жолдас ақындарымыздың творчествосын тек поэмалармен ғана өлшеді, ұсақ өлеңдермен ақындығын танытып, жақсы лирикалы шығармалар берген ақындар туралы мардымды ештеме айтпады.

Бізде жаман салтқа айналып кеткен нәрсе мынау: кесек поэма жазбаса ол ақын емес, яғни ұзаққа, алысқа шаба алмайтын шабан күшеншек ақын сияқты болып көрінеді. Осы бір жаман әдеттен арылып, шығарманы көлеміне қарап емес, сапасына қарап бағалайтын уақыт жетті. Қалмақанның үш мың жолдық «Батырынан» отыз жолдық «Гранаты» анағұрлым шебер, құнды екенін, Әбділданың екі мың жолдық «Құтқаруынан» отыз жолдық «Сырдариясы» анағұрлым бағалы екенін, Асқардың екі мың жолдық «Уборщицасынан» жиырма жолдық «Турксиб түйіскенде» немесе «Желіккен жеңгейлер» сияқты сатиралы жыры анағұрлым маңызды екенін түсіну қиын емес. Пушкин: «Мінсіз бір сонет ұзақ поэмаға барабар... Жақсы эпиграмма жаман трагедиядан артық»,— дейді ғой. (Шығармалар жинағы, V том, 24-бет.)

Біздің кейбір басты ақындарымыздың негізгі творчестволық стилі осы шағын өлең жанрымен қалыптасты, бірақ біз оны байқамаймыз. Мәселен Асқардың ақындық жолы үлкен поэма немесе проза, драмада анықталған жоқ, алдымен осы қысқа саяси және сатиралы өлеңдерімен айқындалған. Бәрімізге мәлім, Асқар жұртшылыққа қызыл әскер, жастар, комсомол туралы жазған «Қызыл әскер», «Ченберленге жауап», «Нағиманың хаты», «Турксиб», «Күшті болса көкте кім», «Ең жоғары» сияқты саяси өткір лирикалары мен өте қызықты сатиралы сықақ өлеңдері арқылы танылды. Асқар ақындығының алғашқы дәуіріндегі төрешіліктерді, молдаларды, арапшыларды, ескі әдет-ғұрыпты

мінеп жазатын өткір сатираларын кейінгі уақытта бәсеңсітіп алды.

Асқар сатиралы өлеңдерінде біздің адамдарымыздың мінезіндегі, іс-әрекетіндегі кейбір жағымсыз қылықтарды өте өткір түйреп, соған лайықты зілді кекесін сөздерді тауып айтып, кейде сюжет жасап отырады. Мәселен, «Сот алдында» дейтін қысқа кекесін өлеңінде кейбір жеңіл мінезді қыз бен жігіттің бір кеште бақшада танысып, ертеңіне іле-шала ЗАГС-ке барғанын, ақырында екеуі араздасып соттасқанын айтады:

Екеуміз де түк әсерсіз
Қайта-қайта сүйісеміз.
«Өлсек мола бір болсын»,— деп,
Қатты уәде түйісеміз...
Тап сол күні зағз бардық,
Қолымызға қағаз алдық...
Түні бойы құшақтасып,
Көп жүрістік сад алдында,
Бір жыл өтті, екінші жыл —
Алимент дауы сот алдында.

Өлең не бәрі жиырма төрт жол, бірақ осында ақын семья, махаббат мәселесіне жеңіл қарайтын ұшқалақ мінезді кейбір жігіт пен қызды шебер мінейді, кекейді. Бір жыл бұрын «моламыз бір болсын»,— деп бірін-бірі өлгенше сүйген екі жас, енді бір жылдан кейін жанжалдасып сотқа барады. Әуелгі күн мен сотқа барғанға дейінгі аралықта мол уақиға жатқаны өзінен-өзі белгілі.

Асқардың «Желіккен жеңгейлерге», «Қылтың-сылтың», «Үйін көр де түсінен түңіл» сияқты соңғы кезде жазған сатиралы өлеңдері көркемдігі, идеялық өткірлігі жағынан өте шебер шыққан. «Желіккен жеңгейлерде» қоғамға пайдалы еңбек істемей, екі қолын қусырып қарап отырып, тек жеңіл тұрмыс құратын кейбір әйелдердің типін айқын сипаттап береді:

Түнімен ұйықтап, түсте тұрады,
Кейде сағат үште тұрады.
Бір-екі сағат жуынып жүреді,
Үйдің апшысын қуырып жүреді.
Бір-екі сағат айнада тұрады,
Бір бетін, бір сыртын айнаға бұрады,
Сипалап, майлап сылайды келіп,
Дидарласып шашын бұрайды келіп...
Істейтін ісі жоқ, еріге түседі,
Еріккен жеңгейлер желіге түседі...
Кинодан, сірә, кино қоймайды,
Әйтеуір бір күн үйде болмайды.

Бір опера, бір драма
Желіккен жеңгейдің жөнін сұрама.
Әліпті, бірақ таяқ деп білмейді,
Оны өзіне ұят деп білмейді.

(«Лениншіл жас», 20 XII, 40.)

Белгілі бір орында істемейтін үй шаруасындағы әйелдердің бәрі мұндай емес, ал осы ақынның айтып отырған типіндегі кейбір «желіккен» әйелдердің бары рас, ондай әйелдердің мінезі коммунистік семьяның салтына жатпайды. Асқар осыны өткір сатирамен түйреп, сынап отыр.

Асқардың осындай сатиралы өлендері жұртшылық арасына өте көп таралады және жұрт аса қызығып оқиды. Қазақ ақындарының ішінде қысқа сатиралы өленді Асқардан артық шебер, әдемілеп жазатыны жоқ. Бұл Асқар поэзиясының басты стилі, ерекшелігінен саналады.

Асқар творчествосында оның поэмалары қысқа өлендеріндей маңызды орын алған емес... Асқардың «Ұлы майданда», «Қаскелең», «Өмір», «Күзетте», «Уборщица», «Жолдас», «Өмірге жол», «Қанды жазу» сияқты құлаш-құлаш поэмалары құнсыз, нашар шығармалар екенін жұртшылық мезгілімен сынаған болатын. Бұл шығармаларымен Асқар ешуақытта өзін жұртшылыққа танытқан емес. Алайда Асқар соңғы жылдары барлық ақындық қызметінің салмағын поэма жазуға жұмсап жүр. Алайда оның ең соңғы поэмасы творчествосының сәтсіздігін, ақындық мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Ғасырлар бойы қасықтай су тамбай кеуіп жатқан шөл даланы талқандап, керемет кең арналы арықтар жүргізіп, гүлдендіріп, табиғатты қолдан қайта жасаған совет адамдарының саналы ісін, жеңісін, жаңа ерлік тұлғасын түйіндеп көрсетудің орнына Асқар белгілі стандартқа түсіп алып: кеше меңіреу шөл дала еді, бүгін құлпырды, жайнады,— дейді, бұрын ешкім тимеген тасбақа, құрбақалардың жиналып кеңееіп, біз құрыдық, біз біттік деп «жылағанын» әңгімелейді. Ақынның айтпақ ойлары да, қолданған сөз образдары да жалаң, тұрпайы:

Ұйтқысы ұлы өмірдің қалындады,
Сара жол Октябрьде салынғалы.
Шарықтап шаруашылық, білім, сана,
Тең өсті біреуі артта қалынбады,—

деген сықылды жалаң отчет, рапорт болып келеді. Ақын мұнда жаңа сөз образын жасай алмаған, тақырыпты творчестволық жолмен меңгере алмаған, терең мағыналы пікір жоқ. Біздің әдебиетке қойған мәдениеттік талап-тілегіміз

мейлінше өскен бүгінгі жағдайда мына сықылды құнсыз сөздермен поэма жазу Асқардың творчествосына жауапсыз қарағандығын көрсетеді. Асқардың 1941 жылғы «Өмірге жол» поэмасы мен 1931 жылғы «Ұлы майданда» атты рапорт поэмасының көркемдік дәрежесі бірдей. Бұл жағдай, бұл факты Асқарды ойландыруға тиіс; ақындық мәдениетті көтеруге ұмтылдыру керек. Ол өзінің ақындық жолының күшті, әлсіз жағын салмақтауы керек. Біз Асқарға: өзіңнің ақындық стиліңе қайшы келетін, құлашыңды жаздырмайтын жанрға бара бермей, ежелден творчестволық өрісінді анықтаған ұсақ лирикалы жанрға баса көңіл аудар, өткір саяси лирика мен сатиралы өлеңдердің жаңа мәдениетті формулаларын тудыр дейміз. Лебедев-Кумач қысқа өлең жазумен-ақ бүкіл одаққа сүйікті ақын болып отырғаны үлкен үлгі емес пе? Асқардың стилі Лебедев-Кумачқа жақын, оның Лебедев-Кумачтан өнеге алғаны жөн.

ПОЭМАЛАР ТУРАЛЫ

Поэманы Асқар ғана емес, басқа ақындар да көптеп жазып жүр. Бірталай поэмалар халықтың өткендегі ерлік дәстүрін жырлауға арналған. Бұл ретінде Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасы жақсы үлгі. Мұнда ақын Сұраншының елді қорғаудағы ерлігін халық достығы идеясымен байланыстырады. Бірақ тарихтағы ерлікті, тарихи адамдарды суреттеуде дәріптеуге, жоқтау сарынына түсіп кететін немесе мұңға бату сияқты жалған сарындар да жоқ емес.

Біз тарихтағы ерлерді, батырларды жырлағанда «Қайда кеттің, сабазым-ай!»— деп жоқтау күйін тартып жатпаймыз, біздің міндетіміз ұрпаққа солардай елінді сүйі, солардай батыр бол деп үлгі етіп тарату. Тарихтағы ерлерді жырлау бүгінгі ұрпақты Отан қорғау борышына, ерлікке тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты болу керек.

Тарихи тақырыпқа жазылған поэмалардың ішінде көркемдік-идеялық жағынан жақсы шыққаны — Әбділданың «Абылы», «Аққу көлі». Бұларда ақындық шабыт, лирикалық ой толқыны жарқын көрінеді, көркем өнерге тән әсемдікті, нәзік сезімді көтере жырлаушылық мол. Осыған байланысты Әбділданың творчестволық жолы туралы мынаны айту керек. Әбділда, сөз жоқ, өлеңді көп ізденіп, жаңа ақындық мәдениетпен жазатын ірі лирик ақын. Ол өзін әдебиетте 1935—1936 жылдардағы біркелкі мәдениетті

лирикаларымен танытты. Онан бері де бірнеше қысқа, мағыналы лирикалар жазды. Бірақ ол әлі өзінің ақындық стилін қалыптастыра алған жоқ, әртүрлі тақырыпқа, әртүрлі жанрға жазумен өзінің негізгі творчестволық бетін анықтата алмай отыр. Ол прозаға араласпақ болып еді, аяқсыз қалды, драмалары («Ақ қайың», «Терең көл») әдебиетімізде маңызды орын ала алған жоқ, жаңа тақырыптағы қысқа лирикаларын да бір жүйемен тереңдетіп, меңгеріп әкетпеді, оған анда-санда ғана бір үңіліп қояды. Сәбит сияқты бірыңғай жаңа өлең формаларын іздеу жолына берілмейді; айналып келіп музыкаға не көне замандық аңызға жүгінеді. Әрине, бұл екеуі де жаңалық емес; мәселен, «Аққу»— аңызы романтикамен жазған, шығыстың ғашықтық, каталдық туралы аңызы ғана. Міне, бұл жайлар Әбділданы кең ойландыру керек, өзінің бұл сюжетті лирика жазудағы ең жақсы, жаңа батыл творчестволық өрісін анықтап, сол өрісті тереңдету, қалыптастыру керек болады. Әрине, Әбділданың «Абылы» сюжет, композиция құрылысы, ақындық шеберлігі жақтарынан күшті поэма. Бұл ақынның ғана емес, поэзиямыздың да жаңа табысы екені даусыз. Сүйтсе де, Әбділда сияқты ақыннан бұдан көп, әрі күрделі нәрсені талап етеміз.

Өзіндік ақындығымен көрінген Қалмақанның «Бодық сопы», «Дін сыры», «Ескендір», «Егіншінің баласы», «Лұқпан хакім» атты шығыстың хикаяларына негізделген поэмалары алдымен балалар үшін аса қызықты, құнды шығармалар. Қалмақанның бұл поэмаларындағы бір қасиет — сюжеті қызықты және шығыстың ежелгі даналық, тапқырлық ақыл-ойларын бере білушілігі, түйіннің жатық қарапайым келетіндігі. Мәселен бір патша қатты ауырып, соның жазылатын емі адам өті болыпты. Патша іздеп жүріп бір кедей егіншінің баласын сатып алдырып, патшаның алдында бауыздағалы тұрғанда бала күле беріпті. Патша аң-таң қалып: «Сен өлгелі тұрсың, күлетін жерің осы ма», — дегенде, бала:

Ката айтасыз, тақсырым,
Тек күлетін күн қалды.
Жылай-жылай таусылдым,
Зар тындайтын кім қалды?—

деп өзінің өткен өмірінің азабын дәт қояды. Бала өзінің осындай тапқырлығымен өлімнен азат болады.

«Лұқпан хакімде» Қалмақан ерте замандағы шығыстың ғалым адамдарының өмірін, хандардың жауыздық қылық-

тарын өте қызықты сюжет желісінде көрсетеді. Даналық пен жауыздық тайталасып келгенде, ғылым алдында жауыздық амалсыз тізе бүгеді. Қалмақанның көркемдік стилі, поэманың уақиғасын құрауы бәрі тартымды, шығыстың Фердауси, Новаи, Низами, Шаих Сағди сияқты ұлы ақындарынан үйренгенін көреміз. Шығыс ақындарынан үйрене отырып, сол елдің әңгімелерінің тақырыбына поэма жазу Қалмақан творчествосындағы өте сүйсінерлік бір факт. Бұл күнде біздің негізгі мәдениет өрісіміз — орыс, батыс әдебиеті. Ол дұрыс. Бірақ кейде біз ғасырлар бойғы рухани мәдениетіміз бен тіліміз жағынан туыстас болып келген шығыс мәдениетінің ерекшелігін мүлде ескермейміз. Сонау Абай, Ақмолда, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан, Шәді төре, Майлы қожа сияқты белгілі ақындарымыздың үлкен өрісінің бірі шығыс әдебиеті болған. Егер Қалмақан сол ақындардың салтын бүгінгі әдебиетімізде сақтап, жаңа идеялық көркем мотивпен дамытып отырса, біз мұнысын әруақытта мақұлдауымыз керек. Бұл факты біздің әдебиетіміз алдымен орыс әдебиетімен, сол арқылы дүниежүзілік әдебиетпен тығыз байланыста үйрене дамыса, екінші жағынан қазақтың халықтық әдебиетінен түлеп, өріс қосып дамиды, ал үшінші жағынан шығыстың әдебиет үлгілері мен өнерін де толық қамти отырады. Демек, әдебиетіміз әртүрлі ақындық стиль, әралуан өнер бұлағынан сусындау арқылы өркендейді. Совет әдебиетіндегі форманың байлығы да осыдан туады.

Сюжетсіз поэмалардың ішіндегі ең тәуірі — Сәбиттің «Сөз — советтік армиясы». Ақын мұнда нақты бір сюжетпен, нақты бір гөрой өміріне байланысты уақиғаны суреттемейді, әдебиеттің қоғамдық қуат-күшінің советтік армиядай Отан қорғау жолында қызмет істейтінін тың сөз образдарымен, жаңа ақындық толғаумен көрсетеді. Сәбиттің «Қолхоз аулы осындай», «Майбұлақтан Москваға» дейтін поэмалары да бүгінгі күннің маңызды тақырыбына арналып жазылған. Сәбит поэмаларының бір ерекшелігі: онда белгілі бір сюжет алынбай, нақты типтік объектіні алып, оны идеялық түйіндеу желісінде айқын суреттейді. Осы күнгі орыс ақындарының бірталайының поэмасында да сюжеттік құрылыс дамытылмай, ерекше поэтикалық жағдайды көрсетіп, сол арқылы образ жасайды. Кәзіргі орыс совет поэзиясында мақтаулы Николай Асеевтың «Маяковский басталды» дейтін поэмасы осы үлгіде жазылған. Ақын Маяковскийді негізгі образ етіп алады да, оның образын жасау үшін өмірінің ең жарқын кезеңдерін жеке-

жеке суреттейді. Поэмада уақиғаның жібі байланып, онан ширатылып, онан шарықтау шегіне жетіп, онан шешілу кезеңіне келетін бірыңғай сюжеттік желі жоқ. Бірақ мұнда ақын Маяковский өмірінің ең қызықты, ең айқын моменттерін іріктеп, типтік сипат етіп бере білген. Сонымен бірге ақын поэманың әрбір тарауында дара картина, айқын портрет, мінездеме, терең ойлар беріп отырады. Осыдан келіп ақын Маяковскийдің тұтас образы жасалады. Бұл — жаңа поэманың бір үлгісі. Мұндай поэма, яғни сюжетсіз поэма жазу үшін мықты екі шарт керек. Бірі — пікірдің тереңдігі; екіншісі — сөз образдылығының күштілігі. Сәбит өз поэмаларын осы үлгіде жазу жолында творчестволық жағынан ізденіп келеді. Сәбит қазақтың бүгінгі өлең өлшемін, жаңа ырғақ, жаңа суреттеу системасын табуға ұмтылады. Жаңа форма табу — Сәбит үшін үлкен творчестволық жұмыс.

Енді Тайырдың поэмасына келейік. Тайыр — өлеңді ақындық шабытпен жазады және сюжетсіз, толғаулы лириканың үлкен шебері. «Күн тіл қатты» сияқты поэмасында ол өзінің шын ақындық стилін тауып, көсіліп шапқандай кең өрісін көрсетіп еді. Онан кейін бірнеше ұсақ толғаулы лирикаларымен бірге «Тасқын» сияқты поэма, толғау жырын берді. Бүгінгі совет жастарының жағымды образын жасауда республикамыздың астанасы Алматының әсем бейнесін елестетуде «Тасқын» поэмасының маңызы ерекше. Тайыр өлеңдерін сонау Махамбет, Омар жырларының құйғытпалы толғаулы үлгілерімен тематикалық асқақтауға, лирикалы ой толқынына салынып жазады. Сонымен қабат бұл өлеңдер сырт формасы жағынан неше түрлі әсем, әдемі, жарқын сөздерге көміліп, көз тартып, музыкалық үн беріп отырады.

Осындай өзінің белгілі стилі, ақындық жолы бар Тайыр соңғы жылдарда жазған поэмасында үлкен сәтсіздікке ұшырады. Творчествосында жаңа ақындық өнер, жаңа идеялық терең өрістерін көрсетудің орнына ол құнсыз шығармалар берді. Мысалға оның 1940 жылы басылып шыққан «Әкесі мен баласы», «Нарын» атты поэмаларын алайық.

Тайырдың «Әкесі мен баласы» поэмасында әке мен бала ізгілік туралы кеңес құрады.

Бала туысымен ақылды болады, социализм туралы бірден кең ойланып толғанады, әкесімен саналы адамдай кеңеседі. Ертең самолетке мініп, құсша ұшуға талпын деген әке ақылын мынадай «лирикамен» береді.

Құс сұлуы судан гүл
Жеміне арнап жүзбей ме?
Құс жырышысы бұлбұл ғой,
Сайраса өзек үзбей ме?
Соның балапанына
Сүйіп балақайымды,
Тенесем мен жанымды,
Сені сүйгендігімді
Жан сезімің сезбей ме?!

Осыдан не ұқтыңыздар? Мен өзім, бұйырмасын, түк ұққаным жоқ. «Сұлу құс судан гүл сүзе ме екен? Бұлбұл сайрағанда өзек тамылжу орнына үзгені қалай? Оның балапанына балақайын теңей ме, жанын теңей ме? Сені сүйгендігімді жан сезімің сезбей ме, сезімің сезбей ме?» деген олақ қайталау емес пе? Соншалық сай сүйекті ақтарғандай егілетін бұл ғашықтық жыры болғаны ма? Бұлар — әкенің балаға деген жылы, мейрімді сөзі емес, дерексіз (абстрактный), мағынасыз бұлдыр елестер ғана. Өлеңнің сөйлем құрылысы жағынан қырық құрау екені өзінен-өзі көрініп тұр. Бірақ біз түсінбегенмен әлгі сөзді естіген әкенің баласы, яғни герой бала «жұмбақтың» бәріне түсінеді.

Ұқтым енді, әкежан,
Мен де асылға ұсармын,
Самолетке мініп ап,
Құстай болып ұшармын,—

дейді. Не керек, ақынның совет баласының тәрбиесін, ертеңгі күні кім болатын ой-қиялын көрсетпек болған жақсы ниеті орындалмаған.

«Нарын» поэмасы әдебиетшілердің арасында айтысқа түсіп жүр. Т. Елеуов: «Бұл осы күнгі қазақ әдебиетінің шұрайы» деп жазды. Сейітов: «Тәуір жағы да, кемшілік жағы да бар, дегенмен құбатөбел жақсы поэма» — дейді. Ақынжанов, Қалиев және мен — бәріміз поэма нашар, құнсыз дейміз. Сол пікірлерді қорытып, ортаға салайық.

Поэманы екі түрлі жоспармен жазып шығуға болар еді. Бірі «Нарын» деген тарихта аты бар кең алап жерді алып, сол жерде болған әр замандағы ұлы-ұлы уақиғалардың ең жанды, ең айқын эпизодтарын көрсетіп, ең ақырын бүгінгі жаңа Нарындағы өзгерістермен бітірсе, сол арқылы елдің өзгергенін, жердің өзгергенін, адамдардың тұрмысы, тіршілігі жаңарғанын өте типтік әрекет, картиналармен түйіндеп беруге болар еді. Бұл поэманың сюжетсіз түрі, «Маяковский басталдыға» ұқсас поэма болып шығар еді.

Бірақ автор ол планды алмаған. Екінші планды алған. Ол Нарында болған азамат соғысы дәуірінің қызықты бір уақиғасын суреттеп, сол арқылы майдан, күрес болған жерді көрсетпек болған. Қысқасы, поэманы тарихи эпизодқа құрмай, дамып, шиеленісіп отыратын нақты сюжетке құрған. Ол сюжет уақиғасы 1918—1919 жылдардағы азамат соғысының дәуірін, сол соғысқа қатысқан партизан Бейсекештің образын көрсетпек болған. Поэманың өзі үш бөлімнен тұрады (жүз бет). Соның алғашқы екі бөлімінің (қырық бет) негізгі сюжетті бөліміне ешқандай қатынасы жоқ, Нарынның құмы, Каспийдің толқыны, Еділ, Жайықтың ағысы туралы, Махамбет заманынан бергі жүз жылғы тарих туралы жазылған лирикалық кіріспесі ғана. Егер поэма нақты бір сюжетке құрылса, әрбір бөлім сол нақты сюжеттің бұтағы, өрісі болып отыруға тиіс. Сол поэманың уақиғасына тығыз байланысты түрлі тарихи мәліметтер бергің келсе, табиғатты суреттегің келсе, дамыған нақты уақиға желісінде де лирикалы шегініс ретінде, не әрекет тәсілі ретімен орынды, қонымды етіп беруге болады. Ал Тайырдың кіріспесі Бейсекештің басындағы уақиғаға ешбір қатынасыз, жеке екі бөлім болып кеткен.

Енді поэманың нақты сюжетті бөлімінің өзі соңғы планда шын көркем шығарма болып шыққан ба, шықпаған ба деген сұрауға келсек, бұған сол поэманы бәріміздің соңымыздан қорғап, жақсы деп мақтап отырған Сағынғали Сейітов жолдастың өзі-ақ жауап берсін. Сейітов «Әдебиет және искусство» журналының 3-санындағы «Нарын туралы» мақаласында былай дейді:

«Ең басты кемшілік: суреттеп отырған кезеңнің 1918—1919 жылдардың жалпы бейнесі көрінбейді, уақиға азамат соғысының тұсында болғаны айқын сезілмейді. Поэманың негізгі геройы — Бейсекеш. Тайыр Бейсекештің бойына нелер жақсы қасиеттерді бітірген. Бейсекеш ақылды («Ойланбай жалғыз сөзді айтпас еді»), табанды («Бір айтса айтқанынан қайтпас еді»), қажырлы, қайратты («Жауса да маңдайдан мұз, таңдайдан қар, ат басын ашуланса тартпас еді»), әнші («Құлжадай ащы даусы дарылдаған, қозғалса тау жаңғыртып қоңыр әні»), шешен («Өткендей сөзі тастан жалын еді») т. б...

...Бейсекештің образы жарқын жасалмаған... Бейсекештің көрсеткен ерлігі де жөнді суреттелмеген. Ақын көбінесе жалпылап айтуды жақсы көреді. Бейсекештің өсуі жанды өсу емес, ол салған жерден командир болып шыға келеді. Оның командир болғанға дейінгі өсу жолы қайда? Ол

ешуақытта аяғын шалыс басқан емес, орынсыз іс істеген емес» (114—115-бет).

«Нарынды» мақтап отырған Сейітов жолдастың сөзі осы. Поэмада суреттелетін ең негізгі объекті 1918—1919 жылдардың кезіндегі азамат соғысының дәуірі көрінбесе, басты герой Бейсекеш мына сияқты жасанды схема болса, онан әрі ол поэмада нендей жақсылық қасиет қалады? Біз де мақаламызда дәл осы пікірді айтқанбыз. («С. Қ.» 17.V.1940.)

Әрбір көркем шығарма үшін керекті басты шарт — алған тақырыбына сәйкес нақты заманы, сол дәуірдің қоғамдық рухани бейнесі жарқын көріну керек. Нақты дәуір көрінбеген шығарма ешуақытта реалистік шығарма бола алмайды. Екінші негізгі шарт — шығармада басты образ дұрыс, ақиқат жасалып шығуға тиіс; егер басты образ жасалып, екінші қатардағы персонаждың олқылығы болса, әрине, ол жалпы шығарманың жақсылық қасиетін әлсіретпейді. Ал «Нарында» басты образ Бейсекеш схема болып шыққан. Оны біз түгіл, поэманы мақтаушы сыншының өзі де мойындап, бізден әрі тереңдетіп сынап отыр. Сондықтан поэманың жақсылық қасиеті шамалы екендігі туралы талас жоқ деп білеміз.

Поэмада тәуір шумақтар, кейбір жерінде жақсы суреттер бар, сыншылар сонысын еске алмаған дейді Сейітов жолдас. Дұрыс-ақ, Бейсекештің Көксаранды алып кететін кезеңі, Раушанның ішкі-арпалысы, Махамбеттің портреті сияқты ойдым-ойдым тәуір жерлері бар. Бірақ мұнан поэманың тұтас, бүтіндік қасиеті көріне ме? Поэмада көркемдікке, поэзия тіліне жатпайтын, мағынасыз тенеулер, шорқақ ұйқастар, қырық жамау сөз образдары толып жатыр. Ақын көбінесе құмды даланы асыра... дәріптейді. «Кәрі құм», «Жолбарыстай жонды құм», «Нарындай құмның құмы», «Құмның жымы» деп мақтай берген.

Ғасыр бойы жылап жатқан құм, әрине, Тайырдың ойынша біздің заманымызда теңдік алады, құлпырады. «Жолбарыстай жонды құм», «Кәрі құм» енді қайта жасалып, каналмен қазылған, жақсы тіршілік жасаған Нарынның қызықты, көркем шағын бергелі отырған шығар деп үміттенесің, бірақ баяғы қызыл құмды тағы мақтайды. Қолхоз орнаған Нарынның құмын былай суреттейді:

Инжудей сүзілген құм су түбінен,
Күмістей көтерілген бу түбінен.
Қызыл құм өркеш-өркеш күркеленген,
Түбіттей құмаршығы шүйкеленген

Қызарған қарай-қарай қызыл құмға,
Тоғысқан құммен жалғас шықтым қырға.
Құмның қыр қашаннан да жайлауы еді,
Бөленіп тұрған шағы екен нұрға
...Бұрынғы жататын қыр дала болып,
Қарасаң көзді енді мүдірткендей,
Кетіпті колхоз ауыл қала болып.

Осыдан не шықты: құмды құлпыртады, алтынға, күміске, інжуге теңейді, құмға саяси мән беріп, кеше бұлт бүркеніп жатыр еді, бүгін нұрға бөленіп күлім қағып тұр дейді. Сүйтіп ақын Нарынның құмын натуралдық қалпында мақтап отыр.

Тайыр «алтын құм», «жібек құм», «күміс құм» деп қалай мақтаса олай мақтасын, қызыл құмның аты қызыл құм. Бұл табиғаттың адам үшін қызықты тіршілік арқауы болатын құбылысы емес; қайта адам күресетін, қайта жасап шығаратын құбылысы. Құмда алтын көп болса, жақсы өсімдік болса, мақтауға болар еді. Рас, Нарынның патриоттары, бүгінгі Орда ауданының колхозшылары Нарын құмында малын өсіріп, шалқып отырмыз дер. Дұрыс, Нарын баяғыдан бері малға, адам тіршілігіне құт, берекелі жер, оны жақсы білеміз. Ал Тайыр мынаған жауап берсінші: колхоздың малы жолбарыстай жонданған құмды жерде күн көре ме, болмаса білектей балдырған мен жүректей баттауық сияқты жұғымды өсімдіктерді жақсы көре ме? Ақын осыны ұғыну керек еді.

Ақынға ең ақырында айтатынымыз, поэзия үшін натуралды Нарын керек емес, келешекте болуға тиіс Нарынды жасап бер. Өзіңнен бұрынғы халық әдебиеті қандай өсіріп, ел қиялын тербеткендей жақсы етіп көрсетсе сен де жұртшылықтың ықласын, сезімін аударатын, «шіркін-ай, барып көрер ме еді» дегізетін поэзиядағы Нарынды жасап бер. Ал поэмадағы «шөккен құмды» Нарынға ешкім қызығып отырған жоқ, жұртшылық «жел болса құм бораны азнап соғатын бір сұрықсыз жер екен» деген жирену сезімінде қалып отыр.

Мұнан туатын қорытынды: біздің бірқатар ақындарымыз, соның ішінде Тайыр, поэма жазуға жауапсыз қарайды. Тақырыпты, сюжетті меңгере алмайды, образдары ехема, жасанды болып шығады; табиғат құбылысын творчестволық мағынада түсінбей, натуралды қалыпта түсінеді, әлеумет өмірінің тарихи кезеңін нақты, айқын бейнеде бере алмайды; тіл, көркем сөз образдарында ұқыпсыздық көп. Қазіргі қазақ поэзиясында бүгінгі замандастарымыз

туралы шын мәніндегі көркем шығармалар тіпті аз. Жас ақындардың жастар тұрмысынан жазған бірқатар поэмалары өзінің тақырыбын меңгеру, поэзияның биік талабы дәрежесіне жете алмаған. Әсіресе қазіргі еңбек майданындағы үлгілі адамдардың бейнесін елестеткен күрделі поэмалардың жасалмауы — поэзиядағы елеулі олқылық. Өміріміздің ең маңызды уақиғалары мен қажырлы күрестерін кең эпикалық планда суреттеу совет поэзиясының үлкен борышты міндеті. Поэмань жауапсыз, құнсыз жазу — біздің поэмаға қоятын талабымыздың, критерийіміздің нашарлығынан туып отыр. Ұзақ поэмалар көп жазылып, бірақ солардың әдебиетімізде елеулі орын ала алмай қалып қоя беруінің басты себебі — маңызына қарап емес, көлеміне, аумағына қарап баға беріп келгендігімізден. Өте-мөте авторлардың беделіне, ақындық стажына қарап баға бергендігімізден. Ақындарымыз, міне, осы кемшіліктерден тиісті қорытынды жасауы керек.

АҚЫНДЫҚ ӨНЕРГЕ ЖЕТІЛУ — ӨМІР ШЫНДЫ- ҒЫН АҚИҚАТ БЕЙНЕЛЕУДІҢ ДҰРЫС ЖОЛЫ.

Қазіргі қаламгерлерімізді әдебиет жанрына қарай топтастыратын болсақ, драматургтер, прозаиктер, сыншылар тіпті аз, ең көбі — ақындар. Олар ниеті бола тұрса да драмаға, прозаға, сынға аяқ баспайды, қиын сияқты көреді. Ал ақындық өнер тіпті оңай сияқты, кімге болса да оның есігі ашық. Ақындыққа да көп біліп, көп үйреніп, басқыштап жету қажет емес сияқты, егер жазуға аздап икемі бар екен, ол ертең-ақ ақын болып шыға келетін тәрізді.

Бізде ақындардың көбі өлеңді әрі ұзақ, әрі көп жазады, сөзге сараң емес, мейлінше жомарт. Мұның өзі поэзияның қадірін кетіретін қылық. Бәрімізге белгілі, пьесалар сан рет сынға түсіп сыналып, түзеліп, көбі жарамайтын болып жатса, өлеңдер ұйқасса, идеясы түзу болса бітті, басыла береді. Ақындық оңай кәсіпке айналып кеткен. Расында, өлең жазушылардың бәрі ақын емес.

Айталық, Мариям Бектембекова әйелдер журналының редакторы, журналистер институтын бітірген, жинағындағы датаға қарағанда өлеңді 1927 жылдан жаза бастаған. Қысқасы, әдебиетті ерте танып түсінген, творчествосына жауапты қарайды дейтін адам. Өзі Қазақстан совет жазушыларының жай мүшесі емес, басқарма мүшесі. Мариям-

ның беделіне қарады ма, болмаса бізде әйел ақындардың аздығын еске алды ма, әйтеуір баспа 1940 жылы Мариямның өлеңдер жинағын шығарды. Қай өлеңін алсаң да мына сықылды:

Ең басында сыпырған үй,
Жаңа салған жұтыңған үй,
Айналасына әсер етті,
Құрылыста тартылған күй.
Құрылыстың сипаты осы ма?
Балбырап тәтті ұйқыда жатқан денем,
Жатарда сергек ұйықта бүгін деген.
Қуаныш бақыт таңын қарсы аламыз,
Сағаттың соғуында алты деген.

(«Әжемнің қуанышы».)

Осы да өлең болып па?

Онан әрі:

Өркендеген өндірісім,
Өндірді ғой оны күшім.
Поршын, тормыз, автоматты
Бір-бірінен ажыратты,
Сигнал, состав, золотникті
Жетік ұқты әбден қатты.

Осылай-осылай кете береді. Осындай өлең көргендеріңіз бар ма? Мынау өлеңдер басылып шығу түгіл, көркем шығарма деп ауызға алуға тұрмайды.

Ал, Оңалбаев туралы ауызға алып айтпаса да болар еді, бірақ ол үш жылдан бері бүкіл Қазақстан жұртшылығы оқитын «Әдебиет және искусство» журналының бетін босатпайды. Әрбір саны сайын не бір ұзақ «өлеңі», не бір құлаш-құлаш поэмасы басылады. Журнал бетін бүлдіріп бара жатқан соң, Оңалбаев туралы пікірімізді 1939 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде айтып едік, бірақ журналдың редакторы Есбатыров «Оңалбаевты ақын емес деу саяси қате» деп, оны қорғаштап, оның өлеңдерін бұрынғыдан да көптеп басты, өйткені ол журналда істейді. Оңалбаевтың қай өлеңін алсаң да, іліп алар ешнәрсесі жоқ. «Мәскеу жолында» атты ұзақ поэмасында көрмеге бара жатқан үлгілі колхозшыны бермек болған. Бас геройы Сәлімнің сипатын:

Қара елтірі бөрік киген
Алматылық елге моды,
Көріп шексіз көп байлықты,—

деп береді. Сәлім баққан малдың сипаты былай:

Жүні жібек, сүті дәрі,
Терісі алтын, еті шірін,
Қайтып адал қызмет етпей,
Қалай сүймес еңбекті адам,
Ұлы көсем, партия, үкімет
Осыншама бағалаған,—

деп, бірді айтып, бірге көшеді. Поэманың ақырғы жағында ақын:

Аз-мұздап бояу жағып,
Оқып жүрген балаларға
Берейін бір кітап жазып,—

дейді. Осындай да сорақылық бола ма екен?

«Лениншіл жас», «Октябрь балалары» газеті мен «Пионер» журналын оқысаңыз, талай құнсыз, мағынасыз өлеңдер кездеседі, себебі бұл баспасөз орындары жас таланттарды тәрбиелеу, жаңа жазушы, ақын кадрларын жұртшылыққа таныту деген ізгі пікірді ұстайды да, шығарманың құндылығымен оншалықты санаспайды. Айталық Жұлаушыбай дейтін жас ақын:

Ойнақтаған көк бесті
Құлын тапты ақ төсті,—

деп жазады. Еркек бестінің құлын тапқанын кім көрген? Ақын Дүйсенбек аттың сипатын былай береді:

Жазық төс, қабырғалы, бойы нардай,
Тар қолтық, кең омырау, бура санды.

Мүмкін, автор бұл — жүйрік, сұлу ат емес, жүк тартатын мықты ат дер. Сонда ондай ат тар қолтық бола ма екен? «Жазық төс», «кең омыраудың», «бойы нардай» мен «бура санның» ұқсас мағыналарынан да күшті аттың сипаты көрінбейді. Бұл суреттемелер:

Омырауы есіктей
Ойынды еті бесіктей,—

деп келетін батырлар жырындағы мықты аттың тұлғасын бере алмайды.

Мұндай ұқыпсыздықтар, мағынасыз сөздер, сурет жасай алмайтын орынсыз теңеулер көптеген ақындарымыздың өлеңдерінен кездеседі. Шынын айтқанда, ақындарымыз өлең жазуды тіпті оңайлатып барады. Бір түн отырса, бір өлең дайын, екі түн отырса, бес жүз жолдық поэма дайын болады.

Н. Асеев «Маяковский басталды» деген поэмасын төрт жыл жазыпты. Ол жыл сайын бірер тарауын журналдарға жариялап, әдебиетшілердің сынына салып, түзетіп отырған. Ал біздің ақындарымыз өлең жазуға олай қарамайды, төрт жылда бір поэма түгіл, жылына әлденеше поэма жазады. Бұл асығушылық әдебиетімізді өсіретін факты емес, көп оқып, көп біліп, өмірді кеңінен зерттеп, әрбір сөзге, әрбір пікірге аса ұқыптылықпен қарап жазуға тырыспайтын жауапсыздықтың белгісі.

Бұлардан туатын қорытынды: ақындық оңай кәсіп емес, өте жауапты творчестволық жұмыс. Еліктеумен, болар-болмашы икемдікпен немесе өлең құрастыру техникасын үйренумен ешкім ақын бола алмайды; ақын болу үшін бойға біткен талант керек, талантқа қосымша білім, өмірді білу керек, зор ұқыптылық керек. Өлең жазуды оңай кәсіпке айналдырмай, басқа жанрларымыз сияқты аса қиындықпен жазылатын, көлеміне қарай емес, маңызына қарай бағалайтын өте жауапты творчестволық жұмысқа айналдыруымыз керек. Өлең, шығармалар ақынның атағына қарап емес, сапасына қарап тексеріліп бағылатын болсын. Құнсыз, мағнасыз шығармаларға ешбір баспасөз бетінде орын бермеуі керек.

* * *

Совет әдебиетінің негізгі творчестволық әдісі — социалистік реализм. Социалистік реализмнің мәнісі — өмір шындығын барлық ой-қырымен даму процесінде өте жарқын бейнелеу деген сөз. Шындықты сан алуан тармақтарымен кеңінен көрсетудегі біздің әдебиетіміздің идеялық өрісі социалистік қоғамның ең жоғарғы фазасына — коммунизмге жетудің ұлы мақсаттарымен тығыз байланысты. Совет ақын-жазушыларының алдына қойылатын негізгі талап — дәуіріміздің ең озық қоғамдық құбылыстарын толық қамту, заманымыздың әлеуметтік және рухани бейнесін жасау. Патриотизм, ерлік, оптимистік трагедия, т. б. бәрі де социалистік өміріміздің бүгінгі және ертеңгі мақсаттарынан тууға тиіс.

Дәуірге сай көркем образ жасау жалаң идеялық декларациямен бітпейді, ол ақиқат көркемдікпен, өршіл фантазиямен, революцияшыл романтикамен тығыз байланысты болу керек.

Біздің ақындарымыздың бірталайы шындықты ішкі тартыс, қайшылығымен көрсетпей, Ақынжановтың тілімен

айтсақ, тек күнгей жағын ғана суреттеушілік бар. Осыдан келіп, көптеген өлеңдерде күн сайын той, бірыңғай құттықтау сөздерді қайталай берушілік басым жатады: лирикалық кейіпкер бәрін ешбір кедергісіз жеңе береді. Шынында, бұл жағдай — өмір құбылысын тұрпайы түсінгендік болып табылады. Қиыншылықсыз ешбір жеңіс болмайтыны, ерлік, батырлық дегендеріңіз — қарсы тұрған аса қауіпті жауды, қиындықты жеңіп шыққандықтан туатыны бәрімізге мәлім. Ал біздің ақындарымыздың геройлары абыржу, қобалжу, қайғыру дегенді білмейді. Геройдың өмірі, рухани дүниесі динамикада емес, статикалық тұрғыдан көрінеді. Мәселен, Диханның «Мұңсыз Мариямы» жаулар ағасын бауыздап, жүрегін сылып алып қолына ұстап тұрғанын көргенде де қабақ шытпайды. Жасандылық деп осыны айтамыз. Геройларды, жаңа адамдарымыздың мінез-қылықтарын бұлайша қатып қалған схемада көрсету шындық емес, карикатура болып шығады. Осындай бір факт туралы «Правда» газетінде былай деп жазылды: «Фиксиннің кітабының аты — «Дем алыс оңай» және сырты да әдемі-ақ. Фиксиннің көзіне көрінгеннің бәрі ұнайды, бәрі оны қуантады, бәрі оған сирек кездесетін мінсіз, қызық болып көрінеді. Ал балықшының нағыз айлалы диверсантты, балық сияқты оп-оңай ұстап алғаны және басқа нәрселер туралы өлеңді «шабытпен» жазады.

Оптимизмді терең түсінбеу көптеген совет авторларын қиындықты бұрмалаушылыққа апарып соқтыруда, олар геройларының жолында кездесетін қиыншылықтардың бәрін шындықтан аулақ, жеңіл және мүлтіксіз етіп көрсетеді. Бұл кемшілік Р. Версатскийдің кейбір әңгімелерінде кездеседі, тіпті қайсыбір әдеби редакторларда да бар қасиет, өйткені мұндай редакторлар қолжазбадан «қайғылы» шердің бәрін ұқыпты түрде алып тастап, саналы күресті, қажырлы еңбекті көрсететін жерлерді жымиған күлкімен, әнмен әшекейлейді¹.

Нағыз оптимизм, нағыз адамдық қайрат-жігер қашан да сол тайталасқан, тартыс үстінде ғана жарқын көрінеді. Жазушы — адам жанының инженері. Ендеше ол адамдардың ішкі, сыртқы дүниесін толық көрсетуге тиіс. Суреткерлеріміздің өмір көрінісін натуралы қалпында суреттей салудан арылатын уақыты жетті. Көп өлең, поэма өмірдің жалаңаш копиясы ғана. Бұл социалистік реализм біздер-

¹ «Правда», 16. V. 1941.

ден өмір фактысын бұрмаламай, болуға тиісті нақты жайды көрсетуді талап етеді. М. Горькийдің сөзімен айтқанда: «Әдебиеттің міндеті — шындықты ғана көрсету емес. Бар нәрсені ғана көрсету аз, ойға сиятын болуға мүмкін нәрсені ұмытпау керек. Құбылысты типтендіру керек, ұсақ нәрсенің өзін-ақ алып, бірақ өте айқын ұсақты алып, үлкен және типті етіп шығару — міне әдебиеттің міндеті осы».

Ақындарымыздың көбі реализмнің осы қағидасын түсінбей жүр. Әсіресе поэзия үшін көркем романтика аса қажет. Ал біздегі бірқатар өлең, поэмалар өмір көрінісін, адамдарды типтендіріп берудің орнына, даяр қалпында дәрекі түрде көшіре салуда. Сондықтан өмірді, шындықты білу, оны творчестволық жолмен қайта екшеп, жаңа поэтикалық шындық тұрғысынан жырлау қажет. Ол үшін ақындық қиял, шабыт керек, жаңа сюжет, жаңа ақындық мәдениет керек.

Өлеңнің сыртқы формасы, ырғақ, ұйқас, музыкалы құрылыстары жаңа сөз образдары жөнінде іздену соңғы кезде тіпті аз. Маяковскийдің, оның шәкірттері Асеевтердің ақындық өнерлерінен үйрене отырып, жаңа мазмұнға сәйкес жаңа өлең формаларын табуға тиіспіз. Бұл ең маңызды творчестволық жұмыстың бірі. Барлық өлеңді он бір буынды қара өлең немесе жеті буынды жырмен зымрата беру жеткіліксіз. Жаңа ақындық мәдениет жаңа мазмұнға сәйкес туған жаңа форма арқылы жасалады.

Романтика туралы бір-екі сөз.

Романтикасыз поэзия болмайды, әрбір лирикалы өлеңде романтика бар, оны біз өткендегі талантты ақындар поэзиясынан айқын көреміз. Романтика қашан да болсын поэзияны құлпыртып, жандандырып отырады. Дүниелік әдебиет тарихында романтика екі түрлі: бірі — адамды қайғы, зарлы үмітсіздікке қарай шақыратын кертартпашыл романтика, екіншісі адамның үмітін, сенімін, жігер-қайратын алдағы өмірге қарай жұмсайтын өршіл, революцияшыл романтика. Совет әдебиеті революцияшыл романтиканы мақұлдайды.

Революцияшыл романтика туралы А. Жданов жолдас совет жазушыларының бірінші съезіндегі сөзінде былай дейді: «Материалистік берік негізге мықтап сүйенетін біздің әдебиетіміз үшін романтика жат емес, бірақ ол жаңа типтегі революцияшыл романтика болу керек. Біз социалистік реализм совет көркем әдебиеті мен совет сынының негізгі әдісі дейміз, ал, бұл жағдай: революцияшыл романтизм әдебиеттік творчествоның негізгі бір бөлігі болып кі-

руге тиіс деп ұқтырады, өйткені партиямыздың бүкіл өмірі, жұмысшы табының бүкіл өмірі мен күресі аса қатал, аса саналы практикалық жұмысты ұлы героикамен, зор перспективалармен байланыстыру болып табылады. Біздің партиямыздың әрқашан күшті болып келгендігінің себебі, ол орасан іскерлік пен ысылған тәжірибені зор перспективамен, үнемі ілгері талпынған жігермен, коммунистік қоғам құру жолындағы күреспен біріктіріп отыр. Совет әдебиеті геройларымызды көрсете білуге тиісті, ертеңгі күнімізге көз жібере білуге тиісті.

Біздің поэзиямызда Жданов жолдас айтқан революцияшыл романтика әлі кең өріс алған жоқ. Тайырдың «Күн тіл қаттысы» мен кейінгі «Қыран туған күнінде» адамдарымыздың ерлік, жеңімпаздық ой-сезімімен ұштасқан романтика мен асқақтау нәші, әсірелеу тәсілі бар. Бірақ романтиканы прозасы мен драмасында бірдей қолданған Ғабит сияқты саналы творчестволық әдіске айналдырған ақындарымыз аз. Абдолла Жұмағалиев, Қапан Сатыбалдин, Қалижан, Қасым сияқты кейбір жас ақындар өлеңдерін романтикалық әдіспен жазуға талаптанып жүр. Бұл жолда олардың лирикалық мотив, жаңа ақындық өнер іздеу сияқты сүйсінерлік жақтары болғанымен, ол әлі шын мәніндегі өршіл романтика емес. Керісінше, кейде Европаның дарашыл романтиктерінің көлеңкесі болып шығады. Мәселен, талантты ақын Абдолланың өлеңі былай келеді: бір уақиғаны алады да соның ең қараңғы тұңғыық жағын ғана өсіріп суреттейді, жарқын жағын бере алмайды. Образдары: кебін, қу бас, бейіт, түнгі байғыз, қараңғы түн. Адамдары жігерсіз, қайғыға, терең ойға батқан мұнды.

Абдолланың ойынша адамдар қашан да болсын Асан қайғыша ауыр мұңға батып, жер бетінде шыр айналып бара жататын сияқты. Мұндай романтика социалистік реализмге қабысатын ақындық лебіз емес, жалған романтизмге қарай бой ұратын лебіз. Бұл романтикаға еліктеушілердің айтатыны: біз басқалар айтпаған мотивті жырлаймыз, біздің жаңа пікір айтқымыз келеді, біз жаңа образ жасаймыз, бізге жол беріңдер. Дұрыс, жол берелік, сонда терең ой, жаңа образдарды, жарқын дүниені жырлау арқылы да беруге болмай ма екен? Бұл ақындар сол қайғы әлеміне деген күшті образдарын бүгінгі ерлікті, адамның тамаша жайдары бейнесін беруге неге жұмсамайды? Ендеше, ақындарымыз романтизмге салынудың дұрыс жолын табу керек, өмірге сеніммен, шаттық қиял-

мен өршіл жігердің қуатымен қарайтын романтиканы жасауы керек! Сонда ғана романтика социалистік реализмнің бір бұтағы болып көрінеді.

Біздің қазақ поэзиясы — қазір кең арнаға түскен, өрісін кең жайып отырған поэзия. Ақындар әсіресе бүгінгі өміріміздің шындығын кеңінен қамтып жырлауға бет бұруы керек. Жаңа мәдениетпен, біліммен қарулана отырып, өмірді танып біле отырып, жаңа дәуірдің жақсы адамдарының образдарын жарқын көрсетіп жырлауға батыл кірісу керек. Ақындық талант пен ақындық шабыттар өз орнына, нағыз жемісті творчестволық жолға жұмсалсын!

Май, июнь, 1941.

ЖАЗБА ӘДЕБИЕТТІҢ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Халық поэзиясы мен жазба әдебиеттің қарым-қатынасы үлкен мәселе, бұл барлық елдер әдебиеті тарихының келе-лі мәселесі болып зерттеліп келеді. Ауыз әдебиеті — халықтың рухани мәдениетінің мықты бір саласы. Ол тек фольклорлық мұра есебінде ғана айтылып қоймай, жазба әдебиет пен көркемөнердің дамуына үнемі елеулі ықпал жасап отыратын творчестволық мықты фактор тұрғысынан да жан-жақты зерттеледі. Бұл мәселенің әдебиет тану ғылымының негізгі бір тақырыбы ретінде қойылуының теориялық және практикалық маңызы аса зор.

Осы бір күрделі мәселенің екі ұшты екендігін естен шығармау керек. Бірі — совет дәуіріндегі халық поэзиясының дамып, жазба әдебиетке біте қайнасып араласу процестерін, екіншісі — советтік ақын-жазушылардың көркем шығармалардағы фольклорлық мотивтерді анықтау.

Мәселені осылай қоюдың бүгінгі қазақ совет әдебиетінің күнбе-күнгі даму міндетінен туатындығы даусыз.

Фольклор мен жазба әдебиеттің өзара қарым-қатынасы орыстың әдебиет тану ғылымында бұрыннан кең зерттелген. Революцияға дейінгі дәуірді сөз етпегеннің өзінде, тек совет тұсында ғана бұл мәселеге арналып ондаған ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. А. П. Андреев, Н. К. Пиксанов, Ю. М. Соколов, М. Азодовский, В. М. Сидельников және басқаларының жеке-жеке зерттеулерінен бастап, «Вопросы советской литературы» атты күрделі еңбекке (4-том, 1956) дейін бәрінде де орыстың классик ақын-жазушыларының, атап айтқанда, Пушкиннің, Лермонтовтың, Некрасовтың, Горькийдің, Маяковскийдің және басқаларының халық творчасымен тығыз байланыстылығы айтылып, ол байланыстың табиғи заңдылық жақтары жан-жақты зерттеледі; көркем шығарманың халықтығы, шынайы өмірмен, халықтың эстетикалық талғамымен біте қайнасқандығы, тіл шеберлігінің жетілу мәселелері кең сөз болады. Халық поэзиясы мен жазба әдебиеттің байланысын осылайша кең зерттеу Совет Одағындағы халықтар

әдебиетінің творчестволық мәселелерін шешуге, социалистік реализмнің теориялық принциптерін дамыта түсуге көп жәрдемін тигізетіндігі сөзсіз.

Совет әдебиетінің атасы — кеменгер Горький фольклор мен жазба әдебиеттің үнемі тығыз байланыста болып, олардың бір-біріне әсер етіп отыратындығын ғылыми-теориялық тұрғыдан айқындап берді. М. Горький — халық поэзиясы жазба әдебиеттің шығуының негізі ғана болып қоймай, оның дамуына барлық дәуірде де таусылмас көркемдік нәр беріп отырады деп қарайды: «...геройлардың өте терең және айқын, көркемдік жағынан мінсіз типтерін туғызған фольклор, еңбекші халықтың ауыз әдебиеті. ...сөз өнері ауыз әдебиетінен, фольклордан басталады... Ауыз әдебиеті сіздерге де, біздерге де, Одақтың барлық ақындары мен жазушыларына аса көп материал береді»¹.

Горький совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде фольклорды терең зерттеу, оның жақсы үлгілерін жинап, іріктеп іске асыру, халық поэзиясының көркемдік, тіл шеберлігінен үйрену мәселелерін бүкіл совет әдебиетінің басты бір творчестволық міндеті етіп қойды.

Марксизм-ленинизм классиктері, Коммунистік партия шынайы халық поэзиясына, көркем творчествосының шын мәнінде халықтық болуына әрқашан да айрықша мән беріп келді. Партия өзінің көркем әдебиет пен өнер туралы тарихи қаулылары мен күнбе-күнгі нұсқауларында социалистік искусство қайраткерлерін халық творчествосының жақсы дәстүрлерін терең меңгеруге, халық таланттары шығармаларының барынша кең дамуына қамқорлық жасауға жұмылдырып отырды.

Демек, халық поэзиясы мен жазба әдебиетінің қарым-қатынасын зерттеудің қазақ совет әдебиетінің творчестволық келелі мәселелерін шешуде маңызы аса зор. Әсіресе қазақ әдебиеті дамуының ерекшелігін және ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің қарым-қатынасын жан-жақты ашып беретін арнаулы зерттеулердің болмағандығын еске алғанда, мәселенің бұлай қойылуы біз үшін өте-мөте қажет.

Қазақ әдебиеті, ең алдымен, ұшан-теңіз бай ауыз әдебиеті негізінде туып дамыды. Қазақтың ауыз әдебиетінің сан алуан формасынан, жанрларынан (батырлар жыры, ертегілер, ғашықтық жырлары, халықтық романдар, салт өлеңдер, мақал-мәтелдер т. б.) бастап, осы күнге дейін сақталып дамып отырған ақындар айтысына дейін — бар-

¹ А. М. Горький. Әдебиет туралы, Алматы, 1954, 178, 215-беттер.

лығы да біздің рухани творчествомыздың тамаша байлығын барлық елдердің ақын-жазушылары мен ғалымдарын қайран қалдырған көркемдік ерекшеліктерін танытады.

Қазақтың жазба әдебиетінде ақындардың дара төл шығармасы туа бастаған (индивидуальное поэтическое творчество акынов) дәуірден бермен қарай ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет өкілдері бір-бірімен тығыз байланыста, аралас, қатар өмір сүрді. Ұлы Абай, Ыбырайлармен қатар Жанақ, Орынбай, Марабай, Шөже, Біржан, Жамбыл т. б. ақындар өзінің өлең-жырларын ауызша айтып таратып отырды. Жазылып немесе басылып таралған шығармалар мен ақын-жыршылардың ауызша айтылған өлең-шығармалары бірін-бірі ығыстырып жоғалтқан емес. Қайта, біріне-бірі әсер етіп, бірін-бірі толықтырып отырды. Бұлардың қабысуы прогресшіл идеяны, халық өмірінің шындығын жырлауда айқын көрінді. Сондықтан да еңбекші халық осындай көркем творчествоны қызығып, сүйсініп оқып, қабыл алды. Абайдың, Алтынсариннің шығармаларымен қатар Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», Марабай айтқан «Ер Тарғын», «Қобланды» жырларын, «Біржан мен Сара» айтысын, Абай аударған «Евгений Онегин» романын, тағы басқаларын қазақ халқының қызыға тындап, жатқа айтып жүргендігі белгілі. Қазақ әдебиетінің тарихи даму жолындағы мұндайлық ерекшелікке айрықша мән бермей болмайды.

Қазақтың қоғамдық тарихы ілгерілеген сайын жазба әдебиеттің ролі күшейе түскендігі даусыз. Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде экономикасы мен рухани мәдениетінің жаңа бағытта дамуы, сөз жоқ, қазақтың жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің жақсы идеялық көркемдік принципте өркендеу процесін жылдамдата түсті. Орыс классиктерінің қазақ тіліне аударылған шығармалары, қазақтың жазба әдебиеті, атап айтқанда, Абай мен оның дәстүрін дамытушылардың творчествосы ақын-жыршылар поэзиясына ықпалын тигізді.

Абай, Алтынсарин шығармаларының, сонымен бірге, ХХ ғасырдың бас кезіндегі ақындар: Сұлтанмахмұт Торыайғыров, Мұхаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев шығармаларының көптеген халық ақындарына жаңа үлгі-өнеге бергендігі даусыз. Жазба әдебиеттегі озық идея, қалыптасқан көркемдік принцип халық ақындарының творчествосына әсер етті. Мәселен, Ілияс Манкин (1880—1954) былай дейді: «Жас шағымда мен Шығыстың «Салсал», «Зархұм» тәрізді діни дастандарын қызық көріп оқыдым,

ал Абай шығармаларымен танысқан соң, бұл дастандар маған ұнамсыз болып қалып қойды»¹. Мұндай сыншыл ойларды басқа да халық ақындары айтады.

Жазба әдебиет дәстүрі ақындардың лирикалық және эпикалық поэзиясының дамуына зор әсерін тигізді. Мәселен, поэзия бірыңғай ертегі әңгімені, батырлық және қырғын соғыс тәрізді уақиғаларды сырттай суреттеумен шектелмей, кейіпкерлердің рухани дүниесін де ашатын болды.

Халықтың өмірімен және күресімен байланысты азаматтық әуен, бас бостандығы, міне осылардың бәрі халық өлеңдерінің, әндерінің, дастандардың лирикалық және сюжеттік мотиві болып табылады. «Айман — Шолпан» дастаны мен «Біржан мен Сара айтысының» тікелей көркем әдебиеттің әсерімен туғандығына шүбә келтіруге болмайды. Бұл екі шығарма ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі бола отырып, күрделі қоғамдық мәселелерді көтерді. Айман образы арқылы әйел бостандығы үшін күрес қана емес, ескі мен жаңаның тартысы да, ру аралық жаулықтың кесірлері де ашық көрсетіледі.

«Жанбота», «Сырымбет», «Ақ сиса», «Ғалия», «Қаракесек» ән-өлеңдердің негізінде терең драма жатқандығына ешкім дауласпайды. Әнімен айтылып таралған бұл өлеңдер Абай лирикасының дәрежесіне көтеріле қоймағанымен де бұрынғы дәстүрлі салт-өлеңдерінен жоғары тұрады және де поэзиялық дамудың жаңа сатысына бастама тәрізді.

Кейбір ақындар хат танып, қазақ кітаптарын оқып, Абай, Алтынсарин, Торыайғыров, Сералин шығармаларымен, «Дала уалаяты» газеті және «Айқап» журналы арқылы орыс ақындарының туындыларымен таныса бастайды. Жазба әдебиеттің осы жаңа дәстүрін Абай мен Ыбырай Алтынсарин айналасындағы ақындар зейін сала, терең қабылдайды. Хат танитын ақындар Шығыс поэзиясының үлгілерімен, атап айтқанда, татар, өзбек және т. б. үлгілерімен де танысады.

Сонымен XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында халық ақындарының шеберлігін байыта түскен жаңа жазба поэзия туды. Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармалары Төлеу Қөбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Қуат Терібаев сияқты әйгілі халық ақындарына үлгі болды.

«Балалық шағымнан менің сүйіп оқитыным Абай шығармалары болды. Мен оны әрдайым өзіме ұстаз санадым.

¹ Өмірбаяны. Қолжазба, ТӘИ архиві, 30—31-беттер.

Онан соң ақындық өнерге төселуіме себепкер болған ақын Әріп те мені осы жолда ұқыпты тәрбиеледі»,— дейді Сапарғали Әлімбетов. Ал Қуат Терібаев: «Жас күнімнен бастап-ақ мен Абай шығармаларын зор сүйіспеншілік ынтамен оқыдым. Менде орыс ақындарының шығармаларына деген сүйіспеншілік сезімді тудырған ақын Әсет еді»¹,— деген.

Абайдың творчестволық тәжірибесінен үлгі алған ақындар өлеңдеріндегі негізгі бағыт — ақындардың дерексіз жалпылаудан нақты жырлауға, аңыз қиял дүниесінен шындық өмірді жырлауға көшуі болып табылады. Мұның өзі бұрынғы дәстүрлі фольклорда кездесетін жалпылама жадағай жырлаудан арылуға себебін тигізді.

Осы ерекшеліктердің бәрін біз шын мағынасында жазба ақындық дәрежеге көтерілген Абайдың шәкірттері: Ақылбайдың, Мағауияның және басқалардың поэзиясынан ғана емес, сонымен бірге совет тұсындағы белгілі халық ақындары; Төлеу, Қуат, Сапарғали, Иса, Нұрқандардың шығармаларынан да аңғарамыз. Бұлардың бәрі де хат танитын және Абай мен оның замандастарының шығармаларымен жақсы таныс болғандар, солай бола тұрса да, олардың ой өрісі, ақындық қабілеті тек совет дәуірінде ғана дамыды, поэтикалық таланты қайта туып, гүлденді, ойлары мен сезімдері тереңдеп, жаңа көзқарас қалыптасты.

Олар поэзия шеберлігін тек Абайдан ғана емес, көптеген көрнекті орыс, қазақ ақындарынан да үйренді. Демек, совет әдебиеті халық поэзиясын дамытудың жаңа дәуірін жасады.

Әлбетте, халық ақындары бұрынғы ауыз әдебиеті үлгісінен қол үзген жоқ. Олардың творчествосында Жамбыл бастаған совет халық ақындарының поэтикалық дәстүрлері де мықтап орын алады. Міне сондықтан да социалистік қоғам жағдайында таланты гүлденген, жазба поэзия мен ауыз әдебиет дәстүрін ұштастыра білген Төлеу, Сапарғали, Қуат ақындар өздерінің ең таңдаулы, көркем өлеңдерін Советтік Қазақстанды, оның сан алуан табиғат байлығын, тамаша ер адамдарын жырлауға арнады.

Революцияға дейін Абайдың өлеңдері Қазақстанның барлық жеріне таралып жеткен жоқ, көбінесе Орталық Қазақстанға кең жайылды. Осыған сәйкес бұл жерде жоғарыда аталған бір топ ақындардың творчестволық өзгеше-

¹ Сапарғали, Қуат ақындардың өмірбаяны (қолжазба) ТӘИ архиві.

ліктерінің территориялық мекеніне қарай қалыптасқанын айтып өту қажет. Бұл ақындардың бәрі Қазақстанның орталық аудандарынан, Абай төңірегінен шыққандар. Жаңа поэтикалық дәстүрдің қалыптасуына сай, бұл топтағы ақындар Абай творчествосының, орыс әдебиетінің әсерімен көптеген лирикалық поэмалар тудырғанын байқаймыз. «Күнсағила» (Қуат), «Салиха — Сәмен» (Әсет), «Татьяна» (Сапарғали) т. б. Осыларды мысалға ала отырып, біз ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның өз ара әсер етуіндегі ерекше бір процесті аңғарамыз.

Жаңа поэзияның ендігі тақырыптары аңыздар мен ертегілер емес, олардың шығармаларында қазақ қоғамында болған әлеуметтік күрес, рухани өмір, мәдени өркендеушілік айқын бейнеленіледі. Дәлірек айтқанда, олардың жырлаған тақырыптары: әйелдерді күндіктен босату, жастардың бас билігі үшін күресі, кейбір жеке батырақтардың байлар мен феодалдарға қарсы стихиялық күресі, қазақтар мен жоңғарлар арасындағы соғыс, 1916 жылғы көтеріліс, азамат соғысы, сонымен қатар орыс әдебиетінен алынған сюжеттерді творчестволық жолмен меңгеру болды.

Ал осы кезде Қазақстанның оңтүстік-батысында тұратын ақындар «Мың бір түн», «Шахнама» тәрізді шығысқа ортақ әңгіме ертегілер сюжеттеріне құрылған эпостар тудырып, өздерінше батырлық эпос пен қиссаларды (шығыс поэмаларын) сан рет өндеп, қайта айтумен болды. Бұларға қарағанда Абай, Ыбырай төңірегіндегі ақындардың өзгешелігі сол, олар, негізінен, әлеуметтік тұрмыс тақырыптарына арналған реалистік жырлар мен поэмалар тудырады. Міне, осы жөнінен алғанда, халық поэзиясында Абайдың, Ыбырайдың және солар арқылы орыс әдебиетінің қуатты әсері болғандығы даусыз.

Социалистік қоғам жағдайында қазақтың халық ақындарының творчествосы, территориялық шегіне қарамастан, тез, жан-жақты кең дамыды. Ақындардың поэтикалық творчествосы қоғамдық және мәдени факторлар дәрежесіне дейін көтерілді.

«Біздің елімізде,— деп жазды «Правда» газеті,— халық таланттары үздіксіз өсіп жетілуіне кең жол ашылып отыр. Совет Отаны халық таланттарын бағалап, қамқорлық жасап, жақсы көріп құрметтей біледі... Совет Отаны нығайып өскен сайын, оның кең байтақ жеріндегі халық творчествосы да нығайып дами берді. Біздің дәуіріміздегі халық творчествосына тән сипат, өмір шаттығын, көтеріңкі көңіл-

күйін, келешекке берік сенімді жырлау болып табылады»¹. Халық творчествосына берілген бұл жоғары бағада халық поэзиясының бүкіл совет мәдениетіндегі орны мен маңызы анықталды.

Жамбыл бастаған біздің ақындарымыздың талантты шығармаларында социалистік өміріміздің өскелең күші мен ұлылығы, совет адамдарының жаңа қоғам құру, еңбекші халықтың бақыт және бостандық жолындағы ерлік күресі, Коммунистік партияның жетекшілік ролі айқын суреттеледі. Осындай реалистік мазмұнда өлең-жырлар беру арқылы Жамбыл, Нүрпейіс Байғанин, Иса Байзақов, Нартай Бекежанов, Қуат Терібаев, Төлеу Көбдіков, Нұрқан Ахметбеков және басқа көптеген халық ақындары совет әдебиетіне едәуір үлес қосты.

Советтік халық поэзиясы өткен ғасырлардағы фольклордың прогрессивтік дәстүрлерінің негізінде дамып, нығая түседі. Заманымыздың революциялық жаңа идеяларын жырлайтын шығармалар тудыра отырып, ақындар, бір жағынан, өткендегі ауыз әдебиеті творчествосының алдыңғы қатарлы үлгілеріне сүйенсе, екінші жағынан, мәдени революция нәтижесінде қалыптасқан советтік жазба әдебиеттегі негізгі идеялық-творчестволық принциптерді бірте-бірте игеріп отырды.

Советтік халық поэзиясының дамуындағы дәстүрлер мен жаңашылықты, халық ақындарының социалистік реализм принциптерін меңгеруін, поэтикалық шеберліктің ерекшеліктерін совет дәуірінде эпикалық поэмалардың пайда болуы мен дамуын сөз ете отырып, Жамбыл, Нүрпейіс, Иса (Қазақстан), Халық, Алімқұл (Қырғызстан), Юлдаш, Ислам (Өзбекстан), Атасалық (Түркменстан), Сүлейман Стальский (Дағыстан) тәрізді халық әдебиетінің көрнекті өкілдеріне тоқталмай өте алмаймыз. Олардың творчестволық тәжірибесін талдамай тұрып, совет фольклоры дамуының заңдылықтарына дұрыс және ғылыми қортынды жасауға болмайды. Ұлы Октябрь революциясына шейін ауыз әдебиетінің дәстүрлері басым боп келген қазақ, қырғыз және т. б. елдерде халық поэзиясы совет әдебиетінің өзекті бір саласы ретінде дамыды. Бұл факті Совет Одағындағы халық әдебиетінің жалпы даму заңдылықтарының сырын ашуға мүмкіндік туғызады.

Карл Маркстің ертедегі грек мифологиясының қайталанылмайтындығы туралы айтқан дұрыс қағидасына сүйене

¹ «Правда», 1938, 20 мај.

отырып, кейбір фольклористер жаңа эпикалық поэмалардың туып, олардың дамуына күмән келтірді. Алайда, біздегі халық поэзиясының даму тәжірибесі мұндай долбарды жоққа шығарып отыр.

Совет дәуірінде халық таланттары эпикалық поэмаларды тудырып келеді. Бар айырмашылық — бұл жырлардың мифологиялық эпосты қайталамай, реалистік дәстүрмен жаңа үлгі негізінде дамуында. Бұл жөнінде М. И. Калининнің совет эпосы туралы: «міне бұрын капитализм жек көріп тоқыратқан рухани өндірістің бір саласы — өткен заман мен бүгінгі замандағы халық творчествосының өрісін ұштастырған совет эпосы туды»¹, — деп айтқан сөздерін еске алған жөн.

Бұл сөздердің дұрыстығын советтік халық ақындарының, соның ішінде қазақтың халық ақындарының творчествосы дәлелдеп отыр.

Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Ворошилов туралы поэма», «Туған елім»; Нүрпейістің «Комиссар Пожарский», «Өрістеген өмір», «Нарқыз», «Жиырма бес»; Исаның «Алтай аясында», «Ақбөпе», «Он бір күн, он бір түн» атты эпикалық поэмалары советтік көркем эпостар болып саналады. Бұларды жырлауда авторлар өткен дәуірдегі эпикалық шығармалардың реалистік дәстүрлері мен ертегі әсірелеудің кейбір элементтерін пайдаланады. Бұл поэмаларда советтік поэзияға тән, өмірді шындық тұрғыдан көрсету мен жаңа идеялық, көркемдік принциптер де үлкен орын алады.

Жамбыл творчествосының біздің заманымызда дамуы өте қызықты, айта кетерлік мысал. Біз Жамбыл творчествосын бағалағанда революцияға дейінгі фольклорды жырлаушы ақын деп қарамай, өзінің құнды шығармаларын советтік көркем әдебиеттің принципі негізінде тудырған ақын-жыршы деп қараймыз. Оның терең патриоттық, идеялық, «біздің заманымыздың үдемелі қозғалысын жырлаған» және «миллиондар жүрегін толқытқан» шығармалары қазақ совет мәдениетінің тарихында ерекше орын алады. Жамбылдың поэзиясы, оның зор көркемдік күші, саяси өткірлігі қалың жұртшылықты коммунизм жолындағы күреске жұмылдырудың, Коммунистік партия мен Совет Отанына деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиелеудің қуатты рухани құралы болды. Жамбыл поэзиясы — жаңа поэзия,

¹ М. И. Калинин. О Коммунистическом воспитании, М., 1951, стр. 113.

онда бұрынғы ауыз әдебиеті мен қазіргі жазба әдебиетіміздің өзіндік сипаттары түйінделген.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің ықпалы нәтижесінде Жамбыл творчествосының әралуан көркемдік формасы қалыптасты, ақын көркем суретті сөз өнерінің жаңа құралдарын таба білді. Біз бұл мәселеге басқа еңбегімізде арнай тоқталғанбыз¹. Алдыңғы қатарлы совет әдебиетінің, соның ішінде орыс әдебиетінің Жамбыл творчествосына және Совет Одағындағы басқа да халық шығармаларына идеялық-көркемдік зор әсер еткендігін академик М. Әуезов² өте орынды атап айтқан болатын.

Революцияның алғашқы жылдарында түрлі буржуазияшыл ғалымдар ескі әдет-ғұрыптың бірте-бірте жойылуы, жаңа мәдениеттің дамуы бұрынғы ауыз әдебиетінің дәстүрін жоқ қылады, халық ақыны болмайды деген идеалистік сандырақтарды соққан болатын. Ондай «сәуегейлікті» осы күнгі империалистік буржуазияның жалған ғалымдары әлі де айтып қояды.

Социализм жағдайында халық таланттарының қабілеті, әралуан ақындық өнері кең дамығандығына қазақтың халық ақындарының қайта туған творчестволық өмірі толық дәлел бола алады. Совет искусствосында әралуан форма, әралуан стиль кең өрістеген. Гүлдің бір түрлі түсте ғана жарқырамай, әралуан әшекей бояумен құлпырып өскені қандай жарасымды болса, міне, бұл да сондай. Бұл тек біздің социалистік мәдениеттің тәжірибесінде ғана болатын тамаша факты. Ауыз әдебиетінің дәстүрі өзінің ерекшелігін сақтай отырып, жазба әдебиет дәстүрімен біте қайнасып, кейде қабысып, жымдасып өсті.

Бұған бір мысал келтірейік. Қазақ ақындарының ең көне творчестволық дәстүрінің бірі — импровизация. Мұның өрен жүйрігі қазақ әдебиетінің жағдайында Иса Байзақов болғандығы белгілі. Иса және сол сияқты совет дәуірінде хат танып, білім алған ақындар өзінің творчестволық тәжірибесінде бұрынғы импровизаторлық пен жазба әдебиет өнерін ұштастыра меңгеріп, қатар дамытып отырды.

Қоғам өмірінде болған революциялық өзгерістер, мәдениет пен ғылымның дамуы, көпшілік арасында жүргізілген саяси-идеялық жұмыстар ақындардың творчестволық өсуіне, жазба әдебиет дәстүрін игеруіне, ақындық тәжірибесінің жаңаруына қолайлы жағдай жасағандығы сөзсіз.

¹ «Ақындар», 1956, 212—230-беттер.

² М. Әуезов. «Наше общее дело», «Лит, газета», 1954, 14 декабрь.

Ақындар мен жыршылар творчествосындағы бұл өзгерістер, негізінде, өлең-жырлардың идеялық-көркемдік сапасын арттыру, мазмұнын тереңдету, алған тақырыптарын творчестволық дамыту бағытында болып отырғандығын көреміз.

Бұл Нүрпейіс, Шашубай, Иса, Нартай және басқа да көптеген ақындардың Октябрь революциясынан кейінгі бүкіл творчествосынан айқын көрінеді. Бұрын суырып салма өлеңдер мен айтыстарда біркелкі жаттамалы ұйқас, бірінбірі қайталау, тақырып тарлығы жиі кездесетін. Ой саяздығы және қайым өлеңдерге сырттай еліктеу де байқалатын. Қазіргі кездегі халық ақындарының өлең-жырлары терең мазмұнды, әр алуан формада дамуда. Халықтың жақсы поэтикалық дәстүрлері негізінде олар көркемдік жағынан жоғары сапалы шығармалар беруге тырысады. Осындай творчестволық ізденгіштік импровизациямен айтқан жеке өлеңдерге және айтыстарға да әсерін тигізбей қойған жоқ. Ақындар, жазба әдебиет тәжірибесін қабылдай отырып, осы күнгі тақырыптарға арнап жаңа шығармалар тудырғанда поэзиядағы ескіріп қалған кейбір архаизмдік формадан арылып отырды.

Аға буын қарт ақындар өмір құбылысын, естіп білгенін тез қабылдап, оларды қолма-қол өлеңге айналдырып айту тәрізді импровизаторлық қабілетті біздің дәуірімізге толық сақтап келді. Ал хат танып, білім алған ақындар импровизаторлық дәстүрден қол үзіп кетпей, өздерінің творчестволық тәжірибесінде сол дәстүрдің жаңа мүмкіншіліктерін ашып отыр. Бұған Иса Байзақов пен Нартай Бекежановтың ақындық өнері дәлел бола алады. Осы ақындардың ішінде импровизация өнерінде Иса барлық ақыннан озық болды. Оның «Он бір күн, он бір түн» атты дастаны қазақ совет поэзиясының елеулі шығармаларынан саналады. Бұл дастанның текстін жазылған күйінде Иса толық жатқа білмейтін, бірақ оның есесіне ол, сюжеттік желісін сақтай отырып, кез келген мезгілде оны жаңа текспен үздіксіз суырып салып жатқа айтып шығатын.

Ақындық шабытына келген кезде Иса Байзақов қандай тақырыпқа болсын өлеңді бөгетсіз суырып салып айтып кететін, күшті, келісті көркем поэзиялық сөз де, ішкі логикалық мазмұн, тапқыр ойлар да осы тұтқиыл жылдам шығарып айтқан өлең-жырдан толық табылатын. Жазушылар М. Әуезов пен Ә. Тәжібаев А. С. Пушкиннің «Египет түні» әңгімесін Исаның қалай жалғастырып, аяқтап шыққандығы жөнінде қызық әңгіме айтады. Жазушы, ақындардың

басы қосылған бір мәжілісте Исаға Пушкин шығармасының мазмұны айтылып беріледі. Иса оны ести сала, дәл сол жерде поэма етіп қайта жырлап шығады. Уақиғаның аяқталмаған түйінін өзінше шешіп, Қлеопатраға деген махаббаты үшін өз басын құрбан етуге дайын ерлер елі үшін де жанын пида етеді, ұлы махаббат, ұлы адамгершілік сезімді, ұлы отаншылдық ар-намысты тудырады деген идеяны жырлайды.

1938 жылы республика жазушыларымен кездесу кезінде тағы да Исаға Марина Раскованың самолетпен Москвадан Қиыр Шығысқа шейін қонбай ұшқан сапары туралы тақырыпты жырлауды ұсынады. Сонымен Иса сол жерде-ақ, небәрі қырық минуттің ішінде, өзінің «Он бір күн, он бір түн» атты дастанын қолма-қол шығарып айтып шығады. Кейін поэманы ақын жазып қағазға түсірді, ол басылып шықты. Исаның творчестволық өмірінде өзі біліп көрмеген қызықты уақиғаларды табан ауызда өлеңмен айтып беру сияқты факті жиі ұшырап отырады. Бұл фактілерден импровизация мен жазып шығару өнері Исаның бір өз бойына қатар қонғанын көреміз. И. Байзақов ауыз әдебиетінен жазба әдебиеттің дәстүріне тұпа-тура бір ізбен емес, бұран, оралымды жолдармен келген. Бұған да бірнеше факті келтірейік.

Оның Құдайбергенмен айтысы (1919), Нұрлыбекпен айтысы (1922—1924) ауыз әдебиеті дәстүрінде өтеді. Ал «Ленин» (1924), «Біздің еңбек» өлеңдері және «Құралай сұлу» (1926) дастаны жазба әдебиет дәстүрінде туған.

«Мақтандым бүгін, мақтандым», «Ұлы Октябрь» (1927), «Алатау неге шаттанды» (1929) атты толғау өлеңдері ауыз әдебиетінің; «Қордайдан өткенде» (1929), «Қызыл әскерлер маршы» (1932), «Комсомолка Ажар» (1934) деген өлеңдері жазба әдебиет дәстүрінде жазылды.

«Желдірме», «Қарағанды» (1932) атты өлеңдері, «Ұлы құрылыс» (1933) дастаны және отызыншы жылдардың аяғы мен Ұлы Отан соғысы кезінде шығарып таратқан ән текстері, «Қырмызы — Жанай», «Александр Невский» (соғыс жылдары жазылған) дастандары негізінде ауыз әдебиеті дәстүрінде шығарылған.

«Кавказ» (1936), «Ақбөпе» (1944—1945) дастандары жазба әдебиет дәстүрінде шығарылған.

Сонымен, Иса Байзақов өз творчевствосында импровизаторлық шеберлік дәстүрі мен жазба әдебиеттің дәстүрін ұштастыра білген.

Белгілі бір әдебиеттің өзгешелігі екінші бір әдебиеттің

өзгешелігімен біртұтас органикалық байланысқа түскенде біріне-бірі қайшы келмейді, бірін-бірі жоқ қылып жібермейді, қайта бір-бірін толықтырып отыруы мүмкін. Әңгіме осы байланыстың тек қандайлық қоғамдық, мәдениеттік ортада болуында. Социалистік мәдениеттің даму жағдайында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзгешеліктері бір-біріне қайшылықта емес, біріне-бірі ықпал жасау, бірін-бірі толықтыру, молықтыра түсу бағытында дамиды дегенді білеміз.

Жамбылдың, Исааның творчестволық тәжірибесі бұл күнде сақталып қана отырған жоқ, жаңа идеялық, көркемдік мән алып кең дамуда.

Қазақстанда қазір отыздан аса ақын-жыршылар бар. Жетпіс бестегі қарт ақын Кененнен бастап жиырма бестегі жас импровизатор Қалиқанға дейін барлығы да ауыз әдебиетінің жақсы дәстүрлерін дамыта отырып, совет дәуірінің ең маңызды тақырыптарын кең жырлауда. Ақындардың өзара айтысу дәстүрі де өрістеп, бүгінгі өмір шындығын көбірек қамтиды. Советтік патриотизмді, совет адамдарының коммунизм құру жолындағы күресін жырлаған халық таланттарының өсуі мен творчествосының дамуына партия мен өкімет әрқашан қамқорлық көрсете отырып, көркем шығарманың осы саласына үлкен назар аударды.

Ауыз әдебиеті өкілдерінің дерексіздіктен, мифтік қиялдан, архаизмнен, аллегориялық формалардан, жадағай, жалпылай айтушылықтардан бірте-бірте арылып, шындыққа, өмірді нақты жырлауға, жаңа ақындық мәдениетті меңгеруге келуі поэзияның халық өмірімен біте қайнасуы болып табылады. Колхозды ауылдың күнделікті еңбек өмірін, мәдени-тұрмыс жағдайларын суреттеу, даңқты еңбек ерлерінің образдарын жырлау — халық ақындарының жырлары мен толғауларының ең негізгі тақырыптарының бірі болып отыр. Осы фактінің өзі біздің халықтық поэзиямыздың алған тақырыпты нақтылы суреттеуге, өмірді кең бейнелеуге бет алғандығын, ақындардың тек шағын өлең толғауларды ғана емес, сонымен қатар сюжетті эпикалық дастандар тудыруға тырысып отырғандығын дәлелдейді. Мысалы, Қарағанды шахтерлары туралы ақын Ғабділман Игенсартовтың «Лавандағы өмір» деген дастаны (1950) туды. Ақын өмірді шыншыл бейнелеп, тұрмыс картинасын кең көрсетеді де кейіпкерлердің көркем портреттерін, психологиялық кезеңдерді, олардың характеріндегі негізгі сыпаттарды шеберлікпен суреттеп береді. Игенсартовтың поэ-

масы тек халық поэзиясының ғана емес, сонымен бірге осы күнгі бүкіл қазақ әдебиетінің де елеулі бір көрінісі. Халық ақыны Нұрқан Ахметбековтың Аманкелді туралы поэмасын да осы тұрғыдан бағалау керек болады.

Бұл айтқандардан туатын бір қортынды бүгінгі халық поэзиясындағы реалистік тенденцияны, ең озық совет әдебиетінің заңды бір саласы болып отырған халық поэзиясының жазба әдебиетке ұштасуын, одан идеялық, көркемдік нәр алып отырған ерекшеліктерін барынша жан-жақты зерттеп ашу болып табылады. Біз Жамбылдың ақындық өнері туралы тексеруімізде¹ оның ақындық эволюциясын үш салаға бөліп қарап, ең соңғы, үшінші саты, ақынның жаңашылдыққа бой ұрған кезін жазба әдебиеттен творчестволық үйрену фактісі деп қарадық. Мұны біз белгілі халық ақындарының көбінің шығармаларынан айқын көреміз.

Біздің бұл айтқандарымыз ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара қарым-қатынасы туралы проблеманың бір жағы болса, оның екінші күрделі бір саласы — ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке ықпалы, анығырақ айтқанда, көркем әдебиеттегі фольклоризм мәселесі. Бұл мәселе қазақ әдебиетінің тәжірибесінде бұл күнге дейін өз алдына арнаулы тақырып болып зерттелген емес. Жазылған кітаптар мен мақалаларда біздің көрнекті ақын-жазушылардың ауыз әдебиетімен байланысы жалпылама түрде сөз болып жүр. Шынында М. Әуезовтың, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың немесе С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровтың қазақтың бай ауыз әдебиетімен тығыз байланыста болуы жеке-жеке тексеруді, арнаулы сөз етуді керек қылатын тың мәселелер.

Біз бұл жерде осы проблеманың кейбір негізгі принциптеріне тоқтала кетпекпіз. Қазақ әдебиеті өзінің даму тарихында халық әдебиетінің ең жақсы үлгілерімен тығыз байланысты болды. Аңыз ертегілер мен халықтық поэзияның ең нәрлі, құнды мұралары ақын-жазушыларға таусылмас рухани азық, творчестволық мотив беріп отырды. Қазақ жазба әдебиетінің көрнекті өкілдері Абай, Ыбырай Алтынсарин, С. Торайғыров, С. Дөнентаев тағы басқалардың ауыз әдебиеті байлығынан мол пайдаланып отырғандығы белгілі.

Совет әдебиетінің қалыптасу дәуірінде халық поэзиясындағы әралуан өлең, жыр, толғау, дастан үлгілері рево-

¹ «Ақындар», 212—230-беттер.

люциялық өмірдің маңыз, мақсатын қалың бұқараға кең насихаттауда өте қолайлы болды. Сәбит Мұқановтың, Илияс Жансүгіровтың, Бейімбет Майлиннің, Асқар Тоқмағамбетовтың, Қалмақан Әбдіқадіровтың т. б. жиырмасыншы жылдардағы бірталай үгіт-насихаттық маңызы зор өлең-жырлары ауыз әдебиет үлгісінде жазылуы, тіпті Сәбиттің «Батырақ», Бейімбеттің «Сағындық», Илиястың «Толғау» сияқты поэмаларының бұрынғы ақындық дәстүрмен жазылуы сол дәуірдегі әдебиетіміздің өсу дәрежесіне сай туған заңды құбылыс еді; сонымен бірге бұл ақындар озық орыс әдебиетінен тереңдей оқып үйрену үстінде, ұлы Абайдың мұрасын творчестволық жолмен меңгеру үстінде ауыз әдебиетін творчестволық принциптерін пайдаланудың жаңа сатысына көтерілді. Мұны Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасынан, І. Жансүгіровтың поэмаларынан айқын көреміз.

Бұрынғы фольклорлық мұраны творчестволық жолмен пайдалану тек ақындық шеберлік мәселесі ғана емес, ақын-жазушының идеялық бағытын, творчестволық әдісін анықтайтын да мәселе. Бұл жөнінде үлкен идеялық тартыстар болып отырды. Орыс совет әдебиетінің тарихында фольклор мотивтерін М. Горький, Д. Бедный революциялық идея, социалистік реализм тұрғысынан пайдаланған болса, П. В. Орешин, Н. А. Клюев сияқты ақындар ескі патриархалды кулак деревнясын дәріптеу, жоқтау тұрғысынан пайдаланды. Мұнда бір-біріне қарама-қарсы идеялық екі принцип — яғни ауыз әдебиеті үлгісін әр тап өкілдері өзінше творчестволық жолмен іске асыру принципі — айқын көрінеді. Осындай идеялық тартыс қазақ әдебиетінің тәжірибесінде де болды.

Бұрынғы фольклорлық сюжет, мотивтерді социалистік реализм әдісімен пайдалану дегеніміз фольклорлық шығармада суреттелетін өмір мен тартысты маркстік-лениндік дүние тану тұрғысынан айқын ашып көрсету, яғни халық өміріндегі ең прогресшіл күрес пен талаптарды барынша дамытып ашып, коммунизмге жету жолындағы совет халқының рухын тілегіне жат, кертартпашыл мотивтерді әшкерелеп көрсету деген сөз.

Бұл пікірімізді жоғарыда аталған шығармалардың идеялық-көркемдік принциптері толық дәлелдейді. Буржуазияшыл ақындар Көкшетау туралы аңыздарды жырлағанда ескі хандықты, феодалдық әдет-ғұрыпты жоқтап зарласа, Сәкен өзінің «Көкшетау» поэмасында хандық, феодалдық заманның іріп-шірігенін батыл әшкерелейді.

Халықтардың достығын, жаңарған, гүлденген социалистік Көкшетауды суреттейді. Сәбит өзінің поэмасында екі жастың махаббатын шиеленіскен тап тартысы жағдайында бейнелейді. Мұқтар «Айман — Шолпанда» ескі феодалдық зорлық-зомбылықтың бірте-бірте тарих сахнасынан ығыстырылғанын батыл әшкерелеп күлкі ете отырып, Россиямен экономикалық байланыстың озық жағы бірте-бірте жеңіп келе жатқандығын көрсетеді. Ғабит та Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың ізгі арман, талап жолындағы күресін айқындау үшін пьесасына жаңа драмалық тартыстар, жаңа кейіпкерлер енгізеді.

Фольклорды социалистік реализм тұрғысынан пайдаланған шығармаларда алдымен еңбекші халықтың бостандық, әділеттік жолындағы қажырлы күресі, ең прогресшіл ой арманы баса көрсетіледі. Фольклорлық мотивті творчестволық жолмен ойдағыдай пайдаланған және идеялық-көркемдік жағынан кемел жазылған шығармалар біздің қазақ совет әдебиетінің тарихында әрқашан көркемдік дамудың жаңа бір кезеңін жасап отырды. Қазақтың Академиялық театрының алғаш пердесі М. Әуезовтың «Еңлік — Кебек» драмасымен ашылуы (1926), музыкалық театрдың алғашқы сахнасы «Айман — Шолпанмен» ашылуы (1934), «Сұлушаш» пен «Көкшетау» поэмалары, «Қыз Жібек» пен «Қозы Көрпеш», «Ер Тарғын» (С. Камалов), «Арқалық батыр» (Ж. Шанин) драмалары — бәрі де қазақ әдебиеті мен искусствосының дамуында жаңа бір кезең тудырып отырғандығы даусыз. Қазақ совет мәдениетінің алғашқы дәуірінде халық поэзиясының ең таңдаулы үлгілері негізінде мұндайлық шығармалардың тууы табиғи заңды құбылыс еді. Тынысы кең үлкен әдебиеттің ірге тасы қаланып жатқан мезгілде ақын-жазушылар халықтың өзінде бар асыл қазыналарды мезгілімен меңгере білді.

Фольклорлық мотивтерді пайдаланудың жақсы дәстүрі қазақ совет әдебиетінде баянды қалыптасқан. Бұл дәстүрді қалыптастыруда орыс әдебиетіндегі тамаша бай тәжірибенің көмегі де аз болған жоқ. Пушкин, Лермонтов, Толстой, Горький т. б. классик ақын-жазушылардың халық поэзиясын қалай пайдаланғандығы, әлбетте, қазақтың жазушыларына үнемі үлгі болып отырды. Бұрынғы ауыз әдебиеті мұраларын маркстік ғылым және творчестволық тұрғыдан кең зерттеп игеруде Коммунистік партия үнемі басшылық жасап келеді. Партияның Орталық Комитетінің 1936 жылғы Демьян Бедныйдың «Батырлар» атты пьесасының қойылуымен және искусстводағы формализм эле-

ментіне қарсы күреспен байланысты нұсқаулары көркем шығармалардың халық творчествосынан үлгі алу қажеттігі туралы қойылған үлкен талаптар еді. Соғыстан кейінгі дәуірдегі Коммунистік партияның идеологиялық мәселелер туралы тарихи қаулылары әдебиет пен искусствоның дамуына жаңа жол көрсетті. Бұрынғы фольклорлық мұраны түгелдей талғаусыз құптай беретін «бірыңғай ағым теориясы» (теория единого потока) немесе халықтық поэзияның қандай үлгісін болсын тұрпайы социологизм тұрғысынан (вульгарный социологизм) қарап, оны түгелдей жоққа шығаратын көзқарастардың қандайына болсын партиялық әдебиет сыны тойтарыс беріп отырды. Бұл жолда түрлі идеялық, творчестволық қате, кемшілік жіберген ақын-жазушылардың социалистік реализм әдісін меңгеріп, күрделі жаңа шығармалар беруіне мүмкіндік жасады.

Фольклорлық мотивтерді пайдаланудың өзі жалаң еліктеу, дайын сюжетті өңдеп пайдалана салу немесе ауыз әдебиетіндегі көркем сөз құралдарын сол дәстүрлі қалпында қолдану деп бір жақты түсінушілер де болды. Мұндай әдебиетшілер фольклорды пайдаланудағы орыс әдебиетінің тәжірибесін жете ұғынбады. Түсініп меңгеруге жазушылық тәжірибелері жетпеді. Жиырмасыншы жылдарда фольклорлық мотивті өңдеусіз, сол қалпында пайдаланған «Бет ашар» (І. Жансүгіров), «Тұлпар жорығы» (С. Мұқанов), «Батырақ Қобланды» (Ә. Тәжібаев) сияқты поэма, толғаулардың жазылуы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі әлсіздіктер еді, ал отызыншы жылдардың әдебиетінде де мұндай әлсіздіктер бой көрсетіп отырды.

Бүкіл Совет Одағына даңқты челюскиншілердің ерлік уақиғасына арналып жазылған оннан артық поэма бар, тек «Ақ аюдан» басқасы фольклорға жалаң еліктеу немесе фольклорлық мотивті әлсіз стильдендіру формасында жазылған болатын.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған поэмалардың көпшілігі, тек Аманжоловтың «Абдолласынан» басқасы, тағы да ауыз әдебиетіне еліктеу немесе жалған романтикалық әдісте жазылды. Оның бер жағында бірқатар ақындар, атап айтқанда, ең озық орыс әдебиетін, асса дүние жүзілік прогресшіл әдебиет мұрасын терең оқып игермеген ақындар (Асқар, Жақан, Қалмақан және т. б.) өздерінің көптеген өлең, поэмаларын бұрынғы фольклордағы тақпақ, жыр үлгілерімен жазды. Әңгіме форманың ескі-жаңалығында емес, соны орнымен игере білуде.

Толғау — қазақтың бұрынғы поэзиясында қалыптасқан форма. Бұл формамен бірталай ақындар жақсы шығармалар берді. Мәселен, І. Жансүгіров «Гималай», «Отарба» сияқты өлеңдерін, Ж. Саин «Партизан жырларын» осы форманың шеңберіне сыйғызып шебер айта білді. Толғау формасын ізденгіш ақындар жаңа идеялық көркемдік принципте барынша ұтымды пайдаланып келеді.

Бірақ отызыншы жылдар мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиямызда бірталай ақындар фольклордың толғау, жыр үлгілерін талғаусыз қолданды. Мұндағы әлсіздіктің ең бастылары: көп тақырыптылық, бір ұзақ толғаудың ішіне (кейде поэма деп те қояды) көп уақиғалардың басын құраушылық.

Әңгімені адам баласы жаралғаннан бастайды да ескі феодалдық, капиталистік заманның жағымсыз сырларын санап өтіп, Октябрь революциясы, социалистік құрылыс дәуіріндегі уақиғаларды да тізбектеп айтады. Міне, осындай тарих, халық өмірінің сан алуан кезеңдерін желе жортып, ат үсті баяндағандықтан нақты өмір бейнесі, нақты типтік сипат жасалмай қалады. Соның салдарынан ақын еріксіз дерексіздікке ұрынады.

Екінші бір үлкен кемшілік — толғау, жыр үлгілерінде белгілібір өлеңдік заңдылық (қайталап келетін шумақтық ұйқас), белгілібір композициялық бүтіндік болмайды. Мұның өзі бірталай ақындарға өлеңді оңай, еркін ұйқаспен жаза беруіне мүмкіндік береді. Толғаулардың бұл сықылды үлгісіне көптеген ақыннан мысал келтіруге болады. Бұған С. Мұқановтың «Көмір коммунизмі», Т. Жароковтың «Нефтстан», А. Тоқмағамбетовтың «Бақыт кілті», Ж. Сыздықовтың кейбір толғау, поэмалары дәлел.

Фольклорға жалаң еліктеу жайын айтқанда бірқатар ақын-әдебиетшілер бізге халық ақындары, соның ішінде Жамбыл үлгі болды, солар жақсы жазуымызға бөгет жасады дегенді сылтау қылады. Бұл — мүлде теріс пікір әдебиет фольклорға қарағанда көркем творчествоның жоғарғы сапалы түрі екені белгілі. Фольклорлық элемент қашан да болсын ақынның творчестволық мақсатына лайық алынады. Егер автор фольклорлық материалды, фольклорлық форманы творчестволық електен өткізіп, жаңа шығармасының бойына біте қайнастырып пайдаланбаса, шығарма биік идеялық, көркемдік дәрежеге жете алмайды.

Анығында, ақын-жазушының өз шығармаларын жақсы жазуына халық ақындары ешуақытта бөгет жасаған емес.

Сәбит Мұқановтың отызыншы жылдардағы Маяковский дәстүрімен жазған өлеңдері, Ә. Тәжібаевтың орыс классиктері стилінде жазған лирикалары халық ақындарының поэзиясымен қатар жарыққа шықты. Ал, Жамбыл, Нұрпейіс ақындар толғау формасымен совет дәуірінің шындығын терең бейнелеп, көркем жырлады. Ақын мен жыршы біріне-бірі бөгет жасаған жоқ. Қайта, әр алуан гүлдің көркі сияқты жарастық тапты.

Онан соң фольклорлық мотивті меңгерудің өзінде бір ақынның творчестволық тәжірибесі бірде сәтті болса, бірде сәтсіз болып шығатындығы және бар. Мәселен, талантты ақын Асқар ұзақ толғау-поэмаларда сәтсіздікке ұшырайтын болса, ән-өлеңдердің текстін, атап айтқанда сықақ өлеңдерін жазуда халық әдебиетінің тіл, көркемдік, сюжеттік байлықтарын өте ұтымды, жатық пайдалана біледі. Асқардың мұндай өлеңдері халыққа кең таралып отырды. Сондай-ақ біздің талантты ақындарымыз Әбділда, Жұмағали, Қалижан т. б. өздерінің «Абыл», «Толағай», «Мариям Жагор қызы» сияқты шығармаларында халықтың аңыз-әңгіме жырларын творчестволық жолмен меңгерсе, «Аққу», «Ақсақ құлан», «Досымның хаты» поэмаларында ол дәрежеге жете алмаған.

Қ. Аманжоловтың, Д. Әбілевтің соғыстан бұрынғы толғау үлгісіндегі поэмалары мен соғыстан кейінгі дәуірдегі поэмаларында айырма үлкен.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Бұл фактілердің барлығы қазақ совет әдебиеті қарыштап өркендеген сайын ақын-жазушылардың фольклорлық мотивті шын мәнінде творчестволық жолмен меңгеруде үлкен іздену үстінде болғандығын көрсетеді. Фольклор тақырыбына жаңа шығармалар бізде үнемі жазылып келеді. Осы ретте М. Әуезовтың «Қара қыпшақ Қобланды», Ш. Хұсайновтың «Алдар Көсе», Ә. Тәжібаевтың «Жомарттың кілемі», М. Ақынжановтың «Алтын сақа», Қ. Сатыбалдиннің «Аякөз ару» т. б. шығармалары нақты талдап тексеруді, сын елегінен өткізіп пікір қорытуды керек етеді. Өйткені мұның бәрі бірдей сәтті шыққан шығарма емес, кейбіреуі фольклордың жетегінде қалып қойды, ауыз әдебиетіндегі сюжеттік, поэтикалық мотивті еркін игере алмады.

Поэзияның, жалпы көркем әдебиеттің, фольклормен қарым-қатынасы тек біз жоғарыда сөз еткен тақырыптар мен мәселелердің төңірегінде ғана болып қоймайды. Проблеманың аумағы бұдан гөрі кең, жан-жақты. Басқа шығармаларын былай қойып, М. Әуезовтың тек Абай туралы эпопея-

сының халық поэзиясымен тектестігінің өзі-ақ жеке бір тың мәселе емес пе? Сәбиттің прозалық шығармаларының халық әдебиетімен біте қайнасқан жақындығын зерттеу де қызық проблеманың бірі. Керісінше, белгілі халық ақындарының жазба әдебиетпен үйрену жолдарын ашу да тың мәселе екендігі белгілі.

Орыстың ұлы классик ақын-жазушылары халық поэзиясынан үлгі алып үйренді, әсіресе тамаша, көркем, тапқыр, нақыл сөздерін, қалыпты теңеу, көріктеу құралдарын, ғажап сұлу аңыз әңгімелік мотивтерін, типтік образға айналған кейіпкерлерін, шиеленіскен тартысқа толы сюжеттерді — барлығын үнемі зерттеп, алтындай іріктеп, творчестволық жолмен пайдалануды әр мезгіл басты міндет етіп қойған. Горький шын мәніндегі көркем тілді фольклордан үйренуді сан рет қайталап айтқан болатын. Академик М. Әуезов қазақ совет поэзиясы туралы соңғы бір мақаласында поэзиямыздың озық орыс әдебиетіне байланысты новаторлық сипатын айта келіп, ақындардың соңғы кезде халық поэзиясындағы сөз өнерлерінен қашықтап жүргендігін кемшіліктің бірі деп атап көрсетті.

«...Халық поэзиясы үлгісінде айтылған образдың бәрі бірдей тек сары жұрт емес, әңгіме ұлттық дәстүрді, ақындық түрді бар элементі жағынан байыта, дамыта айтуда»¹ екендігін ескертті.

Қазақ совет поэзиясы әр алуан көркемдік, жанрлық ерекшелігімен дәуіріміздің ең маңызды уақиғаларын кеңінен қамтып, дамып жетіліп келеді. Поэзия өзінің өскендігін, озық орыс әдебиеті дәстүрін, Маяковский дәстүрін меңгеру жолында үлкен новаторлық принципте дамығандығын толық танытып отыр. Бұған бүгінгі қазақ поэзиясының табыстары толық айғақ бола алады. Поэзияда лириканың шын мәдениетті үлгілерінің дамып қалыптасуымен қатар, бүгінгі өмір тақырыбына арналған Д. Әбілевтің, Т. Жароковтың, Х. Ерғалиевтің жаңа поэмалары жарыққа шықты. Мұның өзі қазақ поэзиясындағы эпикалық саланың барған сайын дамып, жетілу жолындағы жаңа творчестволық процесті көрсетеді.

Бүгінгі поэзиялық шығармаларды оқығанда байқалатын, жоғарыда Әуезов айтқандай, бір кемшілік ақындардың шынайы халықтық поэзия тілінен, қалың бұқараның эстетикалық талғам-талабынан кейде алыстап кетуі болып табылады. ҚПСС Орталық Комитетінің Жазушылардың

¹ «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері», 1956, 68—69-беттер.

Бүкілодақтық ІІ съезіне арнаған құттықтауында былай делінген: «Социалистік реализм міндеттерінің дәрежесінде болу дегеніміз — адамдардың шын мәнісіндегі өмірін, олардың сезімдері мен ойларын терең зерттеп білу, олардың хал-жайына жете зер салып, тыңғылықты қарау және мұны реалистік әдебиеттің шын мәнісіндегі үлгілеріне лайықты көркемдік формада, қызықты және тартымды етіп көрсете білу»¹.

КПСС XX, XXI съездері искусствоның халық өмірімен тығыз байланыстылығын, совет ақын-жазушыларының өмірден, халықтың нағыз ішкі тіршілігінен үйренуді, көркемдік пен шеберлікті жетілдіре беруді, совет ақындарын коммунизм жолындағы ұлы күреске жұмылдыратын шығармалар беруді басты міндет етіп қойды. Бұл партиялық, бүкіл халықтық талапты орындаудың бір кілті көркем творчествоның халық поэзиясымен, халықтың рухани эстетикалық талап-тілегімен біте қайнасып араласуында болып табылады.

Осы күнгі кейбір жас ақын-жазушылардың шығармалары көңілге қонымды болып шықпай жүр. Мұндағы үлкен бір сыр — шығармалардың сол халық өмірімен байланысының аздығында, халықтың көкейіне қонымды тіл шеберлігінің жеткіліксіздігінде болып отыр. Ал біздің ең шебер жазылған шығармаларымызды, халық ақындарының өлеңдері мен айтыстарын жұртшылықтың қандайлық қызығып оқитындығы бізге белгілі. Демек, халық поэзиясының ұшан-теңіз көркем тіл байлығынан барынша мол үйрену әсіресе біздің жас ақын-жазушылардың үлкен творчестволық борышы болып табылады.

Осыған байланысты туатын екінші бір міндет — қазақ совет әдебиетінде фольклоризм мәселесін, атап айтқанда, халық әдебиетінен үлгі алып үйренудегі жақсы творчестволық тәжірибелер мен әлсіздіктерді ашып анықтау болып табылады.

Халық поэзиясы мен әдебиеттің қарым-қатынасын жан-жақты зерттеу — социалистік реализм әдісінің негізгі бір теориялық проблемасы. Бұл проблеманы бүкілодақтық әдебиет тану ғылымының көлемінде көтеріп шешуге қазақ совет әдебиетінің тарихи даму жолы, әр алуан көркемдік, ұлттық ерекшеліктері мүмкіндік береді.

¹ «Жұлдыз», Алматы, 1955, № 1, 5-бет.

БІРЖАН САЛ

Қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше, даңқты халық композиторы, асқан әнші, дарқан ақын Біржан салдың есімі мен тамаша шығармалары қалың бұқараның сүйіспеншілік құрметіне бөленіп, бүгінгі түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына айналып отыр. Біржанның композиторлығы, әншілігі, ақындығы өзінің замандастарын қандайлық қызықтырып баурап алатын болса, қазіргі ақын-жазушы, әнші-композиторларды, жалпы мәдениеттік қауымды соншалық қызықтырып баурап әкеткендігінің куәсіміз. Біржан әнші, композитор ретінде қазақтың әншілік өнерін, музыкасын дамытып, молықтырып, жаңа белеске көтергендігін, Арқада әншілік, композиторлық творчествоның өзіндік озық үлгі-өрнегін, мектебін жасағандығын, қазақ ақындарының айтыстағы суырыпсалмалық (импровизаторлық) дәстүрін үлкен ақындық дарынмен дамытып қалыптастырғандығын әдебиетші, өнерші ғалымдар толық мақұлдап жазып келеді.

Біржан — бұрынғы-соңғы қазақтың сал, сері ақындарының ағасы, ұстазы, жаңашыл өнерпазы. Өйткені сал, сері ақындардың поэзия мен музыканы, халықтың ойын-сауық өнерлерін ұштастыра біліп, жаңа көркемдік мазмұнмен дамытуға жол ашқан жаңашылдық сипаты да, қалың бұқараның азатшыл, әділетшіл арман-күйлерін жырлаған өршіл сарындары да Біржанның творчестволық дүниесінен толық табылады. Оның асқақ үнге, терең де нәзік лиризмге толы тамаша ән-өлеңдері мен жырлары, айтыс өлеңдері мен тапқыр сықақтары өз заманындағы өзі өскен қоғамдық ортадағы күрделі әлеуметтік, ізгі адамгершілік мәселелерді тебіреніп толғайды. Демек, Біржанның ақындық шығармалары өзінің өмірлік сыр-сипаты жағынан қазақ әдебиетінде бұқарашыл, прогресшіл тенденцияға саяды.

Біржан — ХІХ ғасырдың орта кезінде өмір сүрген ақын. Бұл дәуірде ақын өскен қазақ ауылы бір жағынан атам заманғы көшпелі, патриархалды салтты сақтап келсе, екін-

ші жағынан Россияның қол астына қарап, оның тіршілік, өнер сағасындағы пайдалы ықпалын қабылдай бастағанды. Біржанның ата мекені — «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы». Сол сұлу Көкшені, Бурабай төңірегін қоныстаған Атығай, Қарауыл, Керей елдерінің ХІХ ғасырда жаңа түскен қала, деревняларымен жақын араласа отыруы, Біржанның ақындықпен ел кезіп жүргенінде жәрменкелі ойын-сауығы, өнері анағұрлым қызықты Көкшетау, Ақмола, Омбы, Қарқаралы, Семей, Атбасар, Торғай, Орынбор т. б. қалаларында болуы, сөз жоқ, оның ақын-әншілік өнеріне жаңа леп бергендігі даусыз. Мұны әдебиет, өнер зерттеушілер айрықша атап көрсетеді.

Біржан сал туралы осы күні көп жазылып жүр. Ең алғаш баспа жүзінде Біржанның атақты сал ақын, әнші ретінде есімі Сәбит Мұқановтың, А. Затаевичтің, С. Сейфуллиннің еңбектерінде аталады. Біржанның өмірі туралы тұңғыш деректі жазған — Сәбит Мұқанов. Онан кейін Қ. Жұмалиевтің, А. Жұбановтың, М. Әуезовтің, М. Ғабдуллиннің, Е. Ысмайыловтың кітаптарында Біржанның өмірі мен творчествосы сөз болады. Біржан туралы бұрын-соңғы деректерді жинап, қорыта отырып, оның поэзиялық шығармалары жөнінде нақты талдау жасаған — әдебиетші ғалым Ғ. Әбетов. Біржанның ақындығы, айтыстағы өнері туралы пікірлер басқа әдебиетшілердің еңбектерінде де кездеседі. Біржанның өмірі мен ата-тегі туралы және бұрын белгісіз өлеңдерін, әндерін жинауда көп еңбек етіп келе жатқан Б. Г. Ерзакович, Е. Байболов, Қ. Қантарбаев, М. Майшекин т. б. «Біржан — Сара» айтысы негізінде ақын Қ. Жұмалиевтің либреттосы бойынша композитор М. Төлебаев опера жазып, ол совет жұртшылығының зор бағасына ие болды. Біржан туралы бұрын-соң жазылған еңбектердің қай-қайсысы болсын ұлы ақын-композитордың шығармалары ескірмей, тозбай, халықпен бірге жасап келе жатқан асыл қазына екендігін кеңінен түсіндіреді.

* * *

Біржанның өмірбаяны өз мезгілінде жазылып алынбаған. Оның замандастарының, туған жақындарының естелік әңгімелері бойынша кейін бір жүйеге келтіріп жазылып келеді. Біз де бұрын-соңғы жарияланған немесе жиналып қолжазба күйінде сақталған деректерге, ауызекі әңгімелерге сүйеніп, оның өмірі мен шығармасы жайында қысқаша айтып өтелік.

Біржан 1834 жылы бұрынғы Көкшетау дуаны, Ақсары болысының ішінде Бурабайға жалғас қалың тоғаймен қоршалған айдын шалқар Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген. Көкшенің сексен көлдерінің бірі Жөкейге жақын төңіректен суы күмістей сылдырап мөлдір бұлақтар ағады. Соның бірін осы күнге дейін ел Қожағұл бұлағы деп атап келген. 1870 жылдары Көкшетау дуанының жері мен елін аралаған Батыс Сибирь өлкесінің жер-су мекемесінен келген И. Я. Славцов дейтін агроном, 1824 жылы Көкшетау дуаны ашылатын жиында Ақсары болысының беделді биі Қожағұл Дербіс баласының болғанын айтады. Оның ауылы Қожағұл бұлағының бойында дейді. Бұлақ пен Жөкейдің арасы он шақырымнан аспайды. «Мың жарым жылқы біткен» Қожағұлдың қысқы күнгі мекені көл мен бұлақ төңірегі болса, жазғы жайлауы одан алыс кең жазықтағы Мамай көлі, Майлысор алқабы екен. Бір жағы айдын шалқар көл, сыңсыған қалың орман, екінші жағы сылдырап аққан ерке бұлақ, үшінші жағы кең жазық, малдың өрісі, төртінші жағы Көкшенің биік те кербез шың-шоқыларымен жалғасып жататын қырқа, адыр, төбелер — барлығы да адам қолдан жасағандай әсем бір поэзиялық дүниедей сұлу жер болашақ дарқан ақынның әсемдік қиялын еріксіз тербесе керек. С. Мұқанов Ыбрай туралы мақаласында Көкшетаудың сұлу табиғаты Біржан, Ақан, Ыбрайлардың ақындық, әншілік өнерінің дамуына елеулі әсері болғандығын айтады. Өзінің белгілі «Көкейкесті» дейтін әнінде Біржан осы бір сұлу жерлер мен қалың ел сән түзеп, сайран салып көшкендігін сүйіспеншілік сезіммен еске түсіре:

Бүркітті асуынан талай өттім,
Қалың ну орманында сайран еттім.
Айнала Жөкейкөлдің жағалауын,
Шіркін-ай, бір көруге арман еттім!—

деп туған жеріне деген ыстық махаббатын айтады.

Біржанның ата-тегін, кейінгі ұрпақтарын елдегі қариялар да, Қарта мен Есім де кеңінен таратып баяндайды. Біржанның руы Керей, Керей ішінде Ақсары. Ақсарыдан Нұралы, Нұралыдан Батыр, Батырдан Қенже, Қенжеден Бертис, Бертистен Қожағұл, Қожағұлдан Тұрлыбай, Тұрлыбайдан Нұржан, Біржан, Біржаннан Теміртас, Қалікен, Асыл, Ақық, Теміртастан Мұхаметқали мен Жамал туған. Қожағұл — Біржанның ұлы атасы. Қариялардың айтуына қарағанда, Біржан әкесі Тұрлыбайдан гөрі, елдің билігіне, шешендік сөзіне үнемі араласқан ұлы атасының тәрбиесін

көбірек көріпті. «Жақпадым өзім әкем Тұрлыбайға» деген Біржан сөзі бір доға, бір бет әке мінезіне наразылықтан туғандығы сөзсіз. Оның бержағында Тұрлыбай ерте өліп, Біржан атасының қолында баласы атанып кете барған. Жоғарыда аталған Славцовтың дерегінде Қожағұлдың фамилиясын Дербіс деп атаған, ал қариялар Бертіс дейді. Бертіс дегенді сол кездегі тілмаштар «Дербіс» деп бұрып жаза салуы да ықтимал.

Біржанның арғы аталары XVIII ғасырдың ақырында бұрынғы Қызылжарға (Петропавл) қарасты Ақ Қосақ болысындағы қалың керей ішінен көшіп осы Жөкей көлінің төңірегіндегі рулас Ақсары ортасына келіп орналасқан. Керей ішіндегі Нұралы Көшектен тарайтын ауылдар қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының жерінде де, Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданының Біржанның туған жерінде де бар. Біржан да, оның әкесі Нұралы, бабасы Қожағұл, басқа ағайындары Қызылжар жағындағы ағайын-туғандарымен үнемі сапырылысып, араласып, олардың қысқы мекені — Жайсаң қорығы мен жазғы жайлауы Қайранкөл өздерінің Жөкей мен Мамай көлі сияқты болып кеткен. Біржанның:

Ақсары, Тоқсары мен екі Сары,
Үш жүздің болысына болдым дәрі,
Құдайберді Көшектің баласы едім,
Қызып кетсем сөйлеймін одан да әрі,—

деген өлеңі ата-бабасын қайдан, қалай тарайтынын есіне түсіруден туған. Қожағұл, Біржанның өзі айтқандай, дәулетті, ел жұмысына араласқан білікті шешен, белді адам болыпты. Қожағұлдың үйіне сол замандағы қазақтың белгілі шонжарлары, шешен билері, аға сұлтан ұлықтары, ақын-әншілері үнемі ағылып келіп, кетіп жатқан. Сондықтан Біржанның аулында, төңірегінде жүрген замандас, ел билігіне араласқан адамдар жайында сақталған әңгіме сөздер бірталай кездеседі. Ол сақталған сөздердің кейбірін Біржан айтып таратса, енді бірталайын Біржанның серіктері, құрбылары айтып таратқан. Қожағұлдың мәмлесінен тараған бір сөзді Керей Соқырбайдікі дейді.

Бай болам десең, ерте тұрып малыңды бақ,
Кедей болам десең, төсеніп ұйықта да жат.
Батыр болам десең, қаруланып жауға шап,
Жаман болам десең, көрші туысқаныңмен
күнде ұрыс та жат.

Керей Мүсет, Тоқсан, Сексен, Шоқай билердің дау шар үстінде айтқан шешендік толғаулары да Біржанның жас кезінен тыңдаған сөздері екен. Мүсетпен кездескен жерде: «сөзден ешкімге есе бермеймін деп жүрген Саққұлақ Керейдің торалалы жылқысын құртқан кесірлі Мүсет сенбісің?»— дегенде, ол бөгелместен:

— Е, кеше еліңді қалмақ шауып, қызыңды қатын, керегенді отын қылған еді. О да менің қырсығым ба еді?— деп оны жеңіп кетіпті. Шонай бидің көңіл айтқан толғауы да мағыналы.

Ну қарағай құласа, орнына орман шыршалар
Жапырақ шығып гүлденіп, бұлақ шығып бүрленіп
Қолдан ұшқан қыран құс, қонақтай өтпес деменіз
Айдын шалқар суалса, бұлақ болар сарқырап
Теңіз болар жарқырап, аққу жүзіп бетінде
Тұрақтай өтпес деменіз...

Бірталай сөздер Керей советник Тұрлыбековтің есіміне байланысты. Қожағұл, Тұрлыбек, Ыбырай тағы бір топ адам отырған жерде Атығай Үкі би келіп, өзін елегісі келмеген шонжарларды кекетіп былай дейді:

Азғана Керей едің,
Керей ішінде кедей едің,
Арбанды майлаушы едің,
Атыңды жегіп айдаушы едің.

Жауыр аттың арқасында бір тал ақ жүргендей, басына бір-ақ бақыт біткен еді, елді қырып жібермессің,— деп шығып кетіпті. Ара кісілер— сені айдатады ғой дегенде Үкі тағы да: «кетсем артымда сөзім қалады, жанымды құдай алады»,— депті. Бірақ Тұрлыбекке мақтау сөздер де айтылған. Біржанның:

«Болғанда өзің советник, Жүсіп қазы,
Әулие боламысың бұдан артық.
Мал мен бақ, бақыт, өнер бәрі түгел
Теңіздің мұхитындай тұрсың шалқып»,—

деген өленді сол кездегі өзінен үлкен, ұстаз тұтқан Орынбай, Шөжелердің үлгісінде арнайы шығарған. Шыңғыс, Тұрлыбек, Тезек төрелер өзінің мәжілістес ақын, шешендерін көтермелеп, сыйлықты үйіп-төгіп беріп отырғандығын да ескермеске болмайды.

Орынбай ақынның Абылайдағы Тұрлыбекке, тағы басқа адамдарға арнаған өлеңдері, Орынбай мен Арыстанның, Шөже мен Тезекбайдың, Шөже мен Орынбайдың айтысқан

өлеңдері Біржанның жас кезінде зор ықыласпен тыңдап жатпаған репертуарына айналыпты. Біржан бұрынғы шешендердің нақыл сөздерін де, атақты майталман суырып салма ақындардың сөздерін де үлкен өнер үлгісі ретінде кейін есейген шағына дейін еске түсіріп те айтып отырған. Орынбайдың Сералы қожаға қарсы:

«Шарифат айтар болсаң, кітап ұста,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам».

Нүркей ақынға қарсы:

Жақсы көрген кісімен ніскесемін,
Жаман көрсем айғырдай тістесемін,—

Тоғжан ақынға қарсы:

Мен дария жайлаған жайын едім,
Шынымен мен туласам қайтер едің,—

деген сөздерін айтып отырады екен.

Біржан салдың бала және жігіт бола бастаған шағында атын, немесе мағыналы тапқыр сөздерін естіп біліп қызыға қараған, үлгі алған ақын-әншілер аз болмаған. Біржанның ата-тегін бірталай тексерген Қарта Қантарбаев және Біржанның өзін көріп мәжілістес болған Тұран баласы Ысмайыл, т. б. қариялардың айтуына қарағанда ақынның өзімен рулас, жерлес Атағазы, Тәттімбет деген адамдар әрі батыр, әрі өнерпаз, әнші-күйші болса керек. Жанботаға арнаған бір өлеңінде Біржан намысын жоқтайтын ауылдасы Исаны атайды. Иса да Керейден шыққан, әкесі Қожағұлмен қатар өскен адам екен. Кереймен ауыл аралас, қой қоралас отыратын қалың ел Атығай. Атығайдың Қожағұлмен замандас мықтысы Аңғал батыр болса Біржанмен тұстас Өтетілеу, Күшен, Бабаназар, Шағырай, Бабай, Тоқсанбай, Байман, Сатбай, Кеженбай, Оразалы, Қосдәулет деген шешен билер екен. Бұлардың кейбірімен (Бабай, Шағырай) кейін Біржан өзі өлең өнер жарысына түсіп, құрбы-құрдас болып кеткен.

Біржанның Атығай ішінде жақын араласқан адамының бірі — Байқожа Тәнті баласы. Оразалы, Байқожа да Біржанның аталарындай Қызылжар жағынан қоныс аударып келіп Қөкшетау, Бурабайдың баурында Қызылағаш деген жерден мекен теуіп жомарттық, өнерпаздық салтанатын құрыпты. Ағайынды Жанқожа мен Байқожа екеуі екі жолға түскен. Жанқожа байлық пен болыстық жолына

салынып елдің партия дау-жанжалына араласып кетсе, Байқожа серілікпен өмір өткізіпті. Ол да Біржан сияқты дәулетін өнер жолына жұмсап елдегі ақын-әншілерді үйіне жинап алып, немесе салдарша сән түзеп ел кезуді әдетке айналдырған екен. Байқожаның баласы Бекахмет те өз заманында атақты әнші сері. Біржанның да, Ақанның да «батасын» алып қасына еріп жүрген дарқан өнер иесі. Біржан мен Ақан жайындағы естелік әңгімелерін айтқанда қызықты жастық дәуірін сағынғандай көзіне жас алып, әрі мұнайып, әрі көңілі өсіп бір жасағандай рахаттанып, әрбір әңгімесін шырқап, ән салумен аяқтаған өнер үлгісін бала кезімде талай естіп тыңдағаным бар.

Бекахмет отызыншы жылдарда жасы сексенге жақындай келіп қайтыс болды.

Көкшетау төңірегінде, одан асса, қазақ даласына даңқы жайылған Шал (1760—1831), Шөже (1805—1880), Орынбай (1813—1890), Нүркей, Тоғжан ақындар — Біржанның бала кезінде ұстаз тұтқан өнерпаздар. Себепсіз, үлгісіз талант оянбайды, өнер тумайды, ақындық-әншілік те сондай, қызықты өнер жолы әрбір жасты еліктермей қоймайды. Біржанның ақындық, әншілік жолға түсуінің де негізгі себептері бізге белгілі. Біздің жоғарыда айтып өткен, атасы Қожағұл араласып жатқан қоғамдық, семьялық, өнерпаздық орта оның ақындығына елеулі түрткі болса, ең бастысы өзімен ауылдас, жерлес Орынбай, Шөже, Арыстан сияқты майталман ақын-әншілердің өнерпаздық үлгісі, әсері бәрінен де күшті болғаны даусыз. Біржан бала жасынан өлең-әнге үйір болыпты. Біржанмен арғы аталары туыс болып қосылатын Темірғали Нұртазин айтады:

— Біржан он алты жасар кезінде түсіне бір белгісіз қария кіріп өлең аласың ба, көнек аласың ба деп сұраған екен. Оған Біржан — атам Қожағұлдың бір жарым мың жылқысы жетеді, маған өлең керек — депті. Ояна келсе өн бойын өлең, ән кернеп түр екен. Атасы Қожағұлдың наразылығына қарамай қалың тоғай ішіне барып, өлең, әнді шырқап айтып кетіпті. Түсінде өлең айту, ақындық дүниемен араласып жүру өңіндегі творчестволық қиялданудың — мен ақын, әнші болсам екен деген арманның, жан күйзелісінің сәулесі екендігін біз басқа еңбегімізде кеңірек түсіндірген болатынбыз («Ақындар» 74—84 б.).

Біржан тек өзінің ауылының төңірегінде ғана емес, сол он бес-он алты жастан әрі қарай елдегі белгілі ақын-әншілердің қасына еріп, атақты ақын шешендердің сөздерін, әндерін жаттап айтатын болған. Біржан Қызылжар жа-

ғындағы Атығай Арыстан ақынның, Көкшетаудағы Орынбай, Нүркей ақындардың қасына еріп жүріп, оларды ұстаз тұтып, солардың сынынан өткен көрінеді. Арыстанның айтыс үстіндегі:

Орынбай, жеңілдім деп бас ұрмаймын,
Басымнан ақын сөзін асырмаймын.
Менің әкем Толыбай билік еткен
Онымды сенен қорқып жасырмаймын,—

деген асқақ сөздері Біржанға әсер еткендігі сөзсіз. Біржан, өзінен үлкен ақындардың импровизаторлық өнерінен үйрене отырып, өзінің асқақ үнді әншілік қабілетін жетілдіре береді. Шырқап салатын әнге келгенде Біржан өзіне ұстаз ақын-әншілерден де, замандастарынан да үздік түсе берген. Біржанның салдық, серілікпен ел кезуге түскен жүріс-тұрысын ағалары Ержан мен Нұржан ұнатпаса да, Қожағұл оған тыйым салмаған. Әкесі Тұрлыбай ерте өліп, дәулет билігі өзіне көшкеннен кейін Біржан біржола салдық, серілік өнер жолына түседі. Бірғағын тоқсан құбылтып, әсем әуенін серпінді де толық күшті дауыспен шырқап, құйқылжытып салатын кең тынысты әншілік өнері ойын-тойға, жиын-думанға жиналған халықты қайран қалдыратын болған. Біржанның даусы керемет зор, әнді шырқай салғанда бес-алты шақырымдағы ауылдар түгел естіп қайран қалып, жым-жырт болып тыңдайды екен.

«Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,
Әнімді естігенде бұлбұл дерсің.
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдің сындырардай терезесін»,—

Шорманның Мұсасына осылай айтса,

«Ортаңды түрлендіріп ән салғанда
Біржанға қалушы еді таласып-ай»,

деп Атығай еліне арнаған сөзінде және Сарамен айтыс үстіндегі «Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған», «Даусыма аспандағы құс айнала, құбылтып тоқсан екі төңкерілген» деген толғауларда өзінің асқақ үнді, үздік әншілік сипаты елестейді. Ысмайыл Тұранов та, Бекахмет те ән шырқаған уақытта оның әнінен отырған үйдің түндігі желпілдегендей, басындағы тақиясы төбесінде әрлі-берлі ойнап билегендей болушы еді дейді. Тюмень облысында тұратын Біржанмен мәжілісте болған тоқсан алты жастағы Омар қария да, Ыбрайдың жолдасы Молдахмет те

Біржанның үздік әншілігін әңгімелей отырып,— Шыңғыс төренің үйінде Орынбайдың шешен тапқырлығына, Біржанның әншілігіне қазақ баласында тең түсер жан бар ма деген әңгіме болғандығын, сонда Орынбаймен таласар Арыстан, Шөже, Тоғжан, Жанақты атаса да, Біржанмен таластырар жан таба алмаса керек. Сонда Біржан өзі отырып:— түбінде бәрімізден озатын мынау жас пері Ыбырай болады,— деген екен. Дайын театры жоқ, дайын профессионалдық артистері жоқ қазақтың көшпелі кезінде ақын, әншілер елдің ойын-сауығының дарқан еркесі, көңіл ашар өнерпаз бұлбұлы болды. Сонда халық, әсіресе жастар бірыңғай түйдектеп айтылған сөзге місе тұтпай, бір мезгіл басына құндыз бөрік, үстіне жібек шапан, кең балақты ұзын шалбар киініп, сән-салтанатын түзеп, шырқап ән салған әншіні тыңдауға құштар болады. Біржан сияқты сал-серілер халықтың осы бір көркемдік талғамын толық ескеріп, поэзия мен музыканы, әшекей, қимыл өнерлерін ұштастырып, дамыта отырып, сол сері пішіндегі ақынның салтын қалыптастырған. Біз Сарыарқада Біржаннан бұрын, Толыбай деген салдың есімін, сол тұстас Әздембай Шәрке деген салдардың есімін жақсы білеміз. Мұндай сал-серілер көшпелі қазақтың ішінде ерте кезден бері болғанмен, олардың өмірі мен өлеңі жөнінде деректер аз сақталған. «Қыз Жібек» жырындағы Шеге мен Қаршыға ақын-жыраудан гөрі сал-серіге ұқсайды. Біз сал-серілердің орта ғасырдағы Европаның сал-серілерімен (рыцарь, трубадур) ұқсастығы да жоқ емес деген кейбір болжамдарды еске түсіргенбіз. («Ақындар» 51—66 бет).

Рас, Біржан, дәулетті семьяда туып өссе де ол өз дәулетінің мастығымен қазақтың жүн жеп, жабағы құсқан байларындай отырып қалмай, сол дәулетін жұмсап ақындық өнеріне кең жол аша береді. Біржанның жас кезінен бізге жеткен ең алғашқы өлеңі «Біржан сал» деп аталады.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын...
Жасым бар жиырмада, жасырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.

деген өктем сөзді өзінің ақындық, әншілік құдіретіне және турашыл, сыншыл ойына берік сеніммен айтады. Ол өзінің аспанға самғаған сұңқардай дүниеде еркін жүріп, әнін шырқаған уақытта патшаға да бас ұрмайтын тәкаппар екендігін тебіреніп толғайды. Біржан жасы отыздың ішіне толық кірген шағында өз төңірегіндегі Көкшетау, Ақмола,

Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын кең аралап, сауық-сайран құра жүріп, жәрменкесі, ойын-сауығы, өнер өрісі мол Омбы, Орынбор, Семей елін де, Торғай, Тобыл бойындағы, Ұлытау, Ақтау, Ортау бойындағы қалың елді де аралап өзінің алуан түрлі тамаша ән-өлеңдерін айтып таратады. Біржанның айналасына жаңа ақын-әншілер, өнерпаздар топталады. Бірқатары Біржан бастаған әншілік, ақындық өнерді әрі қарай дамытып әкетсе, енді бірқатары Біржанның айналасында топтасып, серіктесіп жүрді. Жаяу Мұса, Басқараның Қананиясы, Құлтума, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ыбрай, Бейбіт, Ғазиз, Иман-Жүсіп, Кемпірбай, Сабырбай, Шашубай, Ағашаяқ т. б. атақты ақын-әншілер Біржанның мектебінен өрістеп, өнер қанатын жаяды. Біржанның ақындық, әншілік өнерін, ол заманда сүйсініп, танымаған адам сирек. Өзі ақын, әнші, Көкшетауда Шыңғыс әулетімен бақ таласына түскен Байтоқа баласы Зілғара да Біржанды мезгіл-мезгіл шақырып алып, кейде қасына ертіп Орынборға алып барыпты. Зілғараның жасы Біржаннан үлкен, ол Орынбай, Арыстанмен құрбылас. Солай бола тұрса да оның жастық шағын жоқтап шығарған атақты «Жиырма бес» әні Біржанның әсерімен тумалы ма екен деген ойға келесің:

Өзім бай, өзім батыр Зілғара едім,
Келгенде сөйлер сөзге ділмар едім.
Жиырма бес, қайта айналып келер болсаң,
Төрт бұрышын дүниенің бұлғар едім,
Жиырма бес қайта айналып келмес саған...—

деген өкінішті арманға, әлде болсын беті қайтпаған өктем серпінді:

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай...
Салады Біржан әнді ентелетіп,
Біржанды қойған өзің еркелетіп,—

деп өзінің өнер еркіндігін, адамдық намысын қорғайтын жігерлі де табанды сезім күйлерін шертеді.

Шын талант иесі өмірлік құбылысқа бейтарап қарамайды. Ойын-сауықты қаншама қызықтаса да, Біржан өзін толғантқан жайларды аттап өте алмаған. Ақын серілік дәурені жүріп, көптеген ән-өлеңдері халық ортасына кең таралып, даңқы жайылған шақтарда да заманы, жақсылық пен жамандық, бар мен жоқтық, достық пен махаббат, араздық пен татулық жайынан көптеген өлең, толғау-

лар шығарып айтады. Біржан айтып таратқан әлеуметтік мәні бар өлең-жырлардың оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен.

Шешеннің сөз шығады таңдайынан,
Жұмақтың бізге мекен қандайынан?
Бар болып байлар кімді асырайды,
Әркімнің жазған алла мандайынан,—

деген өлеңінде ақын байлардың пейілі тарлығын шенейді. Біржан, Ақан сері, Ыбрай, Балуан Шолақ сияқты сал-сері ақындардың творчествосына тән бір ерекшелік, өздерінің әншілік өнер дүниесіне жақын нәзік сезім күйлерін зор ақындық шабытпен тебірене жырлайтындығы. Ойын-сауық думанға әсем көрініс жүріс-тұрыстарға, махаббаттық драмаға, көңіл күйінің құпия сырларына толы өмірлік құбылыстарды шебер жырлап, алуан түрлі әсем әншілік, лирикалық сарын күйлер жасау Біржан ақындығының биік бір асуы болып табылады. «Көкек», «Бурылтай», «Алтын балдақ», «Ләйлім шырақ», «Жамбас сипар», «Телқоңыр», «Көлбай — Жанбай», «Айтбай» т. б. ән, өлеңдері, Сарамен айтысы Біржан поэзиясының мықты бір саласы.

Рас, Біржанның лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сарын күйлерінен туып дамыған. Бұл Біржан лирикасының терең халықтық сипаты бар артықшылығы болуымен бірге міні де. «Жамбас сипар» — жастық дәуренді аңсаған әсем де ерке әннің бірі. Жастық пен кәрілікті салыстырған ақынға әрине «серттен тайған», «келін, балаға жақпас» кәрілік шақтан гөрі есерлікпен ел кезіп, сұлулармен сырлас болған романтикалық өмір қызықты да. Бәрі де жарасымды, бәрі де әсем. Біржанның лирикаларында ғашықтық, махаббаттық сарын елеулі орын алады. Тіпті «Ләйлім шырақ», «Көлбай — Жанбай» сияқты әзіл-қалжың аралас өлеңнің негізгі сарыны шідерді жоқтауда емес (кейбіреулер солай түсіндіреді), шідерді сылтауратып, Ләйлімге көңіл күйін білдіруге «Актентек», «Көкек», «Алтын балдақ», «Айтпай», «Жайма шуақ», «Ғашық жар», «Мәті-Дәулен», «Бірлән» т. б. өлеңдерінде жастық, махаббат, достық сезім күйлерін шертеді.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,
Алдымнан шықты сәулем аппақ шапақ,
Кигені қара камшат оқалаған
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.

(«Алтын балдақ»)

«Ішінде осыншама формың бөлек,
Жаратқан құдай артық жалғыз сәулем»
(«Мәті-Дәулен»)

«Аты жоқ құс болады көкек деген
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сенен, сәулем, кетем деген
Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз менің сүйген сәулетайым,
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,
Ей көкек, ұшып барып білші жайын.
(«Көкек»)

деген өлең жолдарында «ерекше жаралған», таң шапағындай жарқын, жаз көркіндей құлпырған сұлу сәулені аңсаған жігіттің — лирикалық кейіпкердің шынайы махаббаты шебер жырланады.

«Телқоңыр», «Бурылтай», «Ақсеркеш» тағы басқа ән өлеңдері мен айтысында жүйрік жорға, сұлу аттардың көркем тұлғасы елеулі орын алады. Сұлу ән, сұлу жыр, сұлу ат ер жігіттің зор мақтаны саналған. Біржан да бұған зор мән берген, құйрығын талдай өрген жорғаны шайқалта сау желдіріп, терең сайдағы судан жалдай өтіп, қалқатайдың аулына келетін Әсемкермен жарыста, желісте жүлде бермес, жорға, жүйрік Ақсеркеш, Қырғынкөктің баласы Телқоңыр, Сұржорға, Бурылтай — бәрі де Біржан лирикасының кейіпкері. Қайда жүрсе де қызды ауылды кезіп бара ма, той-думанды сүйгенін іздей ме, әйтеуір ол астындағы әсем де сұлу атын айтпай өте алмайды. Ақын кейде жүйрік-жорғаны жігіттік өмірге, жастық дәуренге, дарқан ақындыққа балайды. Жастықты, әнші-серілікті, ойын-сауықты, махаббатты, жүйрік жорғаны қызықтап жырлағанда ақынның қайта-қайта тоқталатын тағы бір түйіні — жігіттік арман.

Ақын жігіттік туралы ойлары есейген шағында, «Жамбас сипар», «Талай заман» өлеңдерін шығарған сияқты. Ол:

Ал десе еркін жүйрік ағындаған
Ақылға кейбір надан бағынбаған.
Жігіттік бойға таққан бір гауһар тас,
Қартайсаң қайта айналып табылмаған.

Жігітке сайран етіп жүрген артық,
Жігіттік бір кеткен соң келмес қайтып,
Дүниеде үйде жатып босқа өлгенше
Жан-тәнің бірдей жанып күйген артық.

Ер жігіт дүниені кезген артық,
Дүниенің не бар-жоғын сезген артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап тәуекел деп, төзген артық.

деген толғауында жігіттікке тән талапкерлікті замандасына, жас қауымға үлгі етіп ұсынады. Жігіттік сонымен бірге дүниені сайран етіп өнер үлгісін шашқан өз өмірінің сәулесіндей, оны әрі өкініп жоқтайды, әрі мақтан етеді. «Жиырма бес қайта айналып келмес саған» деген сарынға оралғандай. Тағы да жігіттік дәуреніне қош айтысқан мұнды сөзбен:

Қарайып қара көлде қамыс қалды,
Ауылы ғашық жардың алыс қалды.
Ауылы ғашық жардың алыс қалса,
Сағынғаннан қарауменен көзім талды,—

деп өзінің бұрынғы сұлу ән-өлеңдерінің өзекті бір түйініне оралады, алғашқы тәтті де еркелі арияны қайта ойнағандай күй шертеді. Міне, бұл ақындық ой мен өнердің толыса бастауының бір белгісі. Осы толысу процесі Сарамен айтысы кезінде кемелдене түседі.

Біржанның творчествосына байланысты ара-тұра дау тудырып жүрген бір мәселе Сарамен айтысы жөнінде. Профессор Б. Қенжебаев, әдебиетші-ғалым Қ. Мұқамедханов және басқалар Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса да дәл осындай көркем емес, мұны өз жанынан шығарып жазған Әріп Тәңірбергенов дейді. Келтіретін дәлелдері революцияның қарсаңында кейбір адамдардың осыны Әріп шығарса керек деген бір-екі ауыз жорамал сөздері ғана. Осы айтыстың авторы екендігі туралы оқыған ақын Әріптің өзі бір ауыз сөз жазып қалдырмайды. Тіпті Әріп бастырды деген нұсқада аты жоқ. Даудың дәлелсіз бір жағы осындай. Ал Біржанның творчествосын зерттеуші және өмірбаяны туралы мол деректер жинаушы Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин, Есім Байболов, Т. Қалилаханов, Б. Г. Ерзакович, Қарта Қаңтарбаев және басқалары Біржан мен Сараның кездесіп айтысқандығына көптеген факті мен дәлелдер келтіреді. Сәбит Мұқанов 1938—1939 жылғы Қ. Бекхожинмен бірге жариялаған әдебиет хрестоматиясында және ақындар айтысы туралы зерттеуінде Біржан мен Сараның айтысқаны рас екендігін дәлелдеген алғашқы пікірді айтты. Сәбит Біржанның қасына атқосшы болып еріп барған ағасы Нұржанның баласы Ахметжанның сөзін келтіреді.

Мұхтар Әуезов Біржан мен Сараның айтысқанын толық мақұлдай келіп, мұнда Әріп айтысты жазып алушы ғана деп түсіндіреді. «Анығында, — дейді Мұхтар Әуезов, — Біржан мен Сараның айтысы болған, бірақ толық күйінде, алғашқы айтысқан жердегі түп нұсқасы толық сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясын айтып беруші Сара болады. Ал кейін сол Сараның айтысқаны да көпке шейін ауызда жүреді. Көп айтушы ақындардың аузынан өтеді. Сол тірлігінде хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының, ең алғашқы хатқа түсірушінің бірі Әріп».

Біржан, Сара айтысының бір нұсқасы Мұхтар Әуезов айтқандай, Әріптің өңдеуінен өтуі ықтимал. Біз де Біржан мен Сара айтысқандығын, оған байланысты ел аузында сақталған әдеби, тарихи деректердің молдығын еске ала отырып, бұл жөнінде әдебиетші-ғалым Ғали Әбетовтың зерттеуі нағыз ғылымға сүйенген толық дәлелді екендігін мақұлдап мына жайларға назар аударғымыз келеді.

Біржанның Жетісуға барып Сарамен айтысқаны жөнінде ел аузында сақталған деректер қандай? Ең алғашқы дәлелді дерек келтіруші С. Мұқанов Біржан әуелі Абай ауылы — Тобықты елінде болып, содан кейін Балқаш көлінің төңірегіндегі елдерді аралап Жетісуға жетіпті дейді. Айтыс әуені ауызша таралып, кейін жеке кітап болып жарияланған. 1898 жылғы кітапта былай делінген: «Әлқисса, Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан бастан-аяқ баян қылғаны, айтысқанның келер жылында». Бірақ айтысты Жүсіпбек Сарадан ертерек жазып алса керек. Жазып алу мен басылудың арасында бірнеше жылдар өтетіні белгілі. Біржанды көрген Ысмайыл, Ысқақ, Омар, Хамит қариялар да, Теміртастың жақын ағасы Ақан да Біржанның Жетісуға барып, Сарамен айтысқанын растайды. Сараның өмірі жөнінде материал жинап жүрген Т. Қалилаханов та Біржан мен Сараның айтысқанын бекер демейді. Біржанның туысы Ахметжан, Тоқабай, Баршын тағы басқалары сол айтысқа қатынасқан немесе айтыстан кейін елге олжалы, көңілді қайтқан ақынды көріп жақын араласып білген адамдар. Ал «Талай заман» деген өлеңінде Біржан Наймандағы ақын сұлу қызды іздеп барғандығын айтады. Біржанның ата тегі, ұрпақтары туралы Қарта қарияның жинаған материалында айтыстың болғандығын дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Біржан Орта жүзге, Сарыарқаға даңқы шыққан ақын

болғандықтан Арғынның Алтай-Қарпықтың атынан сөйлеуі де әбден орынды. Бұл жерде руын Керей демей, Орта жүздің іргелі руларын тұтас алуы айтыс ақындарының бойына мін емес. Біржан мен Сараның кездесіп айтысуына негізгі бір дәлел — айтыстың ең алғашқы нұсқасын Жүсіпбек қожа Шайхұлисламовтың 1897 жылы Сараның өз айтуынан жазып алғандығы. Жүсіпбек нұсқасы 1898 жылы Қазан қаласында басылып шықты. Онан кейін Зайсан қаласынан жіберілген Біржан мен Сараның айтысының екінші нұсқасы 1899 ж. жарияланды, Ғ. Әбетов — Әріптің қолы қойылмаса да осы нұсқа Әріптікі болуы мүмкін дейді. Бұл екі нұсқаның кіріспемен аяқталуындағы Жүсіпбек қожа мен Сараның өз сөздерінен басқа негізгі мазмұнында өзгеріс шамалы. Айтыстың шиеленісін, нағыз драмалық тартыс дәрежесіне, кемел ақындық өнер биігіне көтерілген мезгілдері екі нұсқаның екеуінде де бірдей. Оны Жүсіпбек те, Әріп те өзгерте алмаған.

Ендігі бір мәселе — айтыс қай мезгілде өткен? Бұған әдебиетшілер әрқайсысы әр түрлі жауап береді. Сәбит Мұқанов Біржан мен Сара айтысы ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында кездесіп айтысқан болуы керек дейді. Есім Байболов жетпісінші жылдарда айтысқан көрінеді, — дейді.

Бұл мәселеге басқа әдебиетшілер үзілді-кесілді жауап бермейді. Айтыстың өзінде Біржан отыз сегіз жаста деген бар. Әдебиетші ғалым Балташ Ысқақов Сараны көрген адамның әңгімесін тексеріп, екеуінің айтысқанына және Сара 1910 жылдары 50-ге жақындап егде тартып қалған әйел екендігіне жаңа деректер келтіреді. Ал, Сараның өмірі туралы дерек жинап жүрген Т. Қалилаханов Біржан айтты дейтін мына бір өлеңді келтіреді:

«Мінекей жасым асты отыз бестен,
Өткіздім сауық-сайран мен бір десте.
Найманға келіп сәлем берейін деп,
Еліңді іздеп келдім Ешкі өлмеске...»

Бұған қарағанда айтыс 1889 жылы өткенге ұқсайды. Айтыстың соңындағы Жүсіпбек сөзінің арасына Абайдың 1886 жылы жазған «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» деген өлеңінен үзінді кіріп кеткен. Осы соңғы жорамалдың дұрыс екендігін Біржанның еліндегі қариялар да мақұлдайды. Егер Сараның бертінде жасағандығын, 1910 жылдары жасы қырық пен елудің арасына келіп қайтыс бол-

ғандығын рас дейтін болсақ, Біржан мен Сара екеуі ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарында кездесіп айтысуы дұрыстыққа келеді. Сонда Сараның туған жылы алпысыншы, жетпісінші жылдардың арасында болады. Әңгіме Сараның бірер жасы артық-кемдігінде де немесе Біржанның кәрі я жастығында да емес, екеуінің бірін-бірі тең тұтып өнер жарысына, әншілік өнеріне қарай егде тартса да дарқан ақын бейнесінде суреттелуі таңданарлық нәрсе емес. Қызу айтыс үстіндегі Біржанның:

Күніне он көрінсе де айнымаймын,
Көк төбет болды деме мені, жаным,—

деген сөзінде Сараға қарсы өзінің жасы егде тартса-дағы қартаймағандығын аңғартқан дауы сезіледі. Біржанның Сарамен кездесуі 80-жылдарда өтуіне тағы бір дәлел осы айтыстың алдында оның Абай аулында болуы. Бұл Құнанбайдың тұғырдан түсіп, Абайдың ақындық, шешендік, азаматтық даңқы бүкіл Орта жүзге жайылған сексенінші жылдардың орта кезі болады. Абайдың ақындық, композиторлық өнермен қатты шұғылданған кезінде ауылына Біржан келіп алты ай жатып кеткен. Бұл жайды М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының ІІ кітабында тарихи шындыққа сәйкес ете дұрыс суреттейді. Айтыста Мұсаның баласы Садуақастың аталуы да 80-жылдарға дәл келеді. Сүйтіп, Сараның еліне Біржан Баянауыл, Шыңғыстауда болғаннан кейін барған көрінеді.

Біржанның ақындығы, сөз жоқ, Сарамен айтыс үстінде айқын танылады. Қазақтың бұрын-соңғы айтыс өлеңдерінің ішінде қоғамдық, адамгершілік мәселесін көтеруде, лирикалық кейіпкер ақынның өз тұлғасын жинақтап поэзиялық шындық биігіне көтере шебер суреттеуде, алғыр ақындық өнер үлгісін сарапқа салуда Біржан мен Сара айтысына тең түсетін айтыс өлеңді жоқ деуге болады. Айтыстың жалпы қоғамдық сыр-сипатына талдап баға беруден бұрын осындағы талас мәселеге байланысты, атап айтқанда, Біржанның лирикалы өлеңдері мен айтыстағы өлеңнің арасындағы өз ара тектестікті ажыратып айта кеткен жөн деп білеміз.

Біз әуелі Біржан мен Сара айтысының Әріп өлеңдерімен үндестігі, ақындық өнер жағынан қайталап келетін тамырластығы бар ма деп қарастырдық. Бірақ ондай үндестік байқалмайды.

Ақ қағаз тәштит етпе хат жазарға,
Түскен соң мұғлұм болар сөз базарға...
Жаһил көп тілін тіске құр жаныған
Не пысық сәуел қылсаң иманыңнан...
Ей, достым, қапыл жатпа, басты көтер,
Көңілі көзі барларға бұл да жетер...
Көзіне көрінбейді жиған малың,
Суліктей сора берме елдің қанын...
Қорқыттай қазған көрің алдында тұр,
Жалғыз топырақ шашасың көпке неге,
Мысалы дүние — теңіз, ғылым — кеме...

Міне, Әріптің мұндай өлең, сөз өрнектерінің Біржан мен Сара айтыстарындағы ақындық өнер үлгісі байқалмайды. Әріп оқыған діндар ақын. Оның өлеңдерінде ақыл айту, мінез-құлық түзеу, құбылысты сол қалпында прозалық үлгімен баяндау басым болып отырады. Әріптің өлеңдерінде қайталап келетін сөз кестесі, сөз машықтарының бірдебірі Біржан мен Сараның, сондай сал-сері ақындардың ақындық дүниесіне тіпті қабыспайды.

Ал, Біржанның өлеңдері мен айтысын алсақ бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұратын ішкі тамырластығын көреміз. Міне, осыларды салыстырайық. «Біржан сал» өлеңінде:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.
Кісіге менменсіген бас имеймін,
Өзім әнші, өзім сал кімге зармын.
Жасым бар жиырмада, жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын...
Үш жүздің баласына еркеледім,
Әншілік бұдан артық болсын қандай.
Арасын Орта жүздің аралап ем,
Үш жүзді сайран қылған Біржан салмын.
Қыран бүркіт мен түсер таудан құлап...
Таудан аққан сылдырап мен бір бұлақ...

Міне, осындағы ой түйіні, өзіндік көркем сөз өрнектерінің барлығы Біржанның айтысында қайталанып әрі қарай дамып тереңдей түседі:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын
Сен түгіл сенен артық құмар маған...
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын...
Қызығын жүргенім жоқ алар пұлға.
Мойным жүзген қаздай иіледі,
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.—

дейді.

Біржан өзінің өлеңінде:

Жанбота, өзін болыс, әкең Қарпық...
Созады Біржан даусын қоңыр қаздай.
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.—

десе, айтысында:

Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным «ер Қарқабат, Алтай-Қарпық».
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ашы күйді түптеп тартып.
Көкшетау дуанына даңқым барған
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.—

дейді. Біржан өзінің өлеңінде:

Аққудай аспандағы мың құбылтып,
Сал Біржан ән салуға ерінбейді.

Немесе:

Құбылтып неше түрлі әнге салсам...
Жастықтың әсерімен сайран салдым...

деген ақындық ой түйіндерін ән өлеңдерінде қандай айтса, айтыс өлеңдерінде анағұрлым құлпыртып, жетілте түседі.

Біржанның лирикалық өлеңдерінде сұлу қыз, келіншекке ақын-әнші атынан айтылатын еркін әзіл, асқақ менмендік сөздер қандай жүйелі келісті келіп отырса, айтыс өлеңінде сондай:

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан...
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,
Онымды тастамаймын өзім өлмей.
Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер
Қарамай, қатты сөйле, өлгеніме —

деген сөздері де Біржанның, Біржан сияқты сал, сері ақындардың бойына лайықты мінез-сипат.

Біржан айтыс үстінде Арғын, Керейдің, Алтай, Қарпықтың, Қаржастың шонжарларын бірталай мақтан ететін болса, өзінің «Аққошқар» атты өлеңінде сол дәстүрімен:

«Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты»,—

деп Алтай Қуандықтың байлығын да атай кетеді. Осыған байланысты тағы бір жәйді аңдата кетейік. Көкшетаудың атақты ақындары Арыстан, Орынбай, Шөже, Ақан сері, Ыбырай, Шолақ ақындардың өлең өрнектеріне қарап отыр-

сақ, Біржанның айтысындағы ақындық үлгі өрнектер қайталап кездесіп отыратынын аңғарамыз. Ақанның «айдын көлдің аққуындай», «Ақ тұйғын қоңыр қаз», «мен қыран, сен түлкі», «он төртте айқын тудай айқындалған» деген сөздер, немесе Біржанға ұстаз Арыстан ақынның:

Орынбай, жеңілдім деп басылмаймын,
Басымнан ақын сөзін асырмаймын,—

деген өлең жолдары, Ыбрайдың:

Төрт Момындап келгенде қалың шормын,
Елім бай, шалқып жатқан көлден молмын.—

деген толғауы мен «Ежелден әрі баймын, әрі молмын» деп келетін Біржан толғауларымен үндес келетіндігіне қол қоясың. Аққу, ақкиік, қыран құс, жүйрік, жорға, сұлу ат, айдын шалқар көл, әнші сұлулар дүниесі Біржан бастаған сал, сері ақындардың поэзиясында қайталап дамытылып жырланатын белгілі жүйеге түскен ақындық өнер дәстүрі. Біржанның өлеңдері мен айтысындағы тектестік сол дәуірден туып түлеген.

Сүйтіп бұл салыстырмалардан туатын негізгі бір қорытынды Сарамен айтыстағы Біржанның ақындық өнер дүниесі өзінің лирикалы өлеңдерімен, өзінің төңірегіндегі сал-сері ақындардың өлең өрнектерімен іштей бірлікте, тамырлас-сабақтас екендігі.

Біржан мен Сараның айтысы Біржан ақындығының биік шыңы болумен бірге бүкіл қазақ ақындары айтысының да биік шыңы. Мұнда Біржан күшті ақындық өнерімен халық поэзиясын дамытып сол дәуірде туып қалыптасып келе жатқан жаңа жазба әдебиет өрнегімен ұштастыруға жол ашады. Біржан мен Сараның айтысы мазмұны мен формасы сай келген күрделі көркем туынды, оның өмірлік ақындық сырлары әдебиет жұртшылығын үнемі қызықтырып, толғандырып келеді. Біржан мен Сара айтысында негізгі көтерілетін мәселе — бас бостандығы, өнер, талант бостандығы. Даңқты ақындар екі елдің атынан сөйлеп, байлық, салтанат, адамгершілік, кісілік мінез-құлықты салыстырады. Айтыс үстінде Арғын мен Найманның сол кездегі ру басылары, белгілі шонжарлары, батыр, билері, ақын-әншілері сынға түсіп, әрі мақталады, әрі сыналады. Бұл айтысушы ақындардың ежелгі бір өнер тәсілі. Ақын өз руының белгілі адамдарын бай еді, батыр еді, пейілі кең жомарт еді деп қанша мақтап дәріптесе де қарсы ақын сол мақтаған адамын сықақтай, әжуалап отырады, сонда

тұтас айтыстың бойында екі ел шонжарлары мақталудың орнына маскара күлкіге ұшырап абройы айрандай төгіліп отырады. Мұны біз Шөже, Кемпірбай, Сүйімбай, Орынбай, Майкөт, Түбек, Жамбыл ақындардың айтыстарынан қандай айқын сезінетін болсақ, осыны Біржан мен Сара айтысынан да, айқын сезінеміз. Біржан алыс Көкшетаудан келгендіктен Сараның мақтаған шонжарларын қолма-қол әшкерелерлік мін таба алмаса, ал Сара Найман мен көрші отырған рулы ел билеушілерінің қылмысты қылықтарын бір талай өткір сынға алады. Біржан мақтаған Құсбек, Сартай, Құнанбай сияқты ұлықтардың сұмдығынан ел шошиды, дүрелеу, соттап жер аудару, ұл, қызды бәйгеге тігіп, құл, күң етуі, өз қызын өзі өлімге байлап беру т. б. сорақылықтарды Сара Біржанның бетіне шіркеу етіп тартады. Бірақ Біржан Сараның бұл тәсіліне баспайды, оны сүріндірер торды алды-артын орай әріден құрады. Біржанның айтыстағы кең өрісті ақындығы шығарманың тұтас композициясынан, өзекті идеясынан көрінеді. Біржан мен Сара айтысы белгілі бір сюжеттік тартысқа, уақиғалы әңгімеге құрылған драмалық поэма сияқты.

Әуелі айтысты жазып алушының немесе Сараның атынан Біржанның Сарыарқадан іздеп келіп қай жерде, қандай жағдайда кездескені баяндалады. Қасында он жолдасы бар Біржан Сараны күтпеген жерде кездестіріп айтысқа шақырады.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,—

деп келген беттен Сараға өлеңмен шабуыл жасайды. Екеуі амандасып танысқаннан кейін дағды бойынша өзінің елін мақтауға, қарсы жағының мінін айтуға ойысады. Айтыс шиеленісе қызып, ақынның өнерімен тең түсіп отырған, Сараны Біржан осал жерінен ұстап жеңеді. Оның айттырған күйеуі өзіне тең емес, оған Сара қалың мал төлегендіктен еріксіз басы байланып отырған. Алыстан тор құрған Біржан, міне, осы жерде Сараны ғана емес, Найманның шонжарларын да қатты сүріндіреді. Сондықтан жеңілген Сара кейін айтысты Жүсіпбек қожаға жаздырарда:

Тақсыр-ау, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмайды екен бір басының

Болған соң тері-терсек ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының.

Арғынға жол бермеген есіл тілім
Күн өтпей қор боп шыққан қызыл гүлім
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім,—

деп мұңаюмен сөзін аяқтайтын болса, өзімен тең түсіп, ақындық өнерін танытқан Сараны Біржан да аса жоғары құрметтейді.

Шырағым Сара, сендей тумас бала,
Шежіре туармысың мұндай дана.
Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің...

Есімбек, жоққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр, қыз да болса, нәсілінді...
Законда зорлық болмас жақсы адамға,
Жақсыны қор ғып болмас бір жаманға...
Дәл сендей тумас адам шын өнерлі
Айбатың ғаламға айқын Ай бедерлі.
Садаға тырнағыңнан кетсін сенің,
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді,—

деп, оған жақсы сөзін арнайды. Сара мен Біржанның осы бір сөздерінде айтыстың негізгі идеялық түйіні жатыр. Найманның шонжарлары еріксіз торда ұстаған бұлбұл Сара тең түсер өнер жарысында ақындықтан мүдірген жоқ, әттең басы байлаулы, тілі күрмелерлік халге душар болғандықтан ол Біржан сияқты еркін көсіліп айтыса алмайды. Оның жолын қазақтың ескі әдет-ғұрпы, Есімбек, Тұрысбек сияқты шонжарлар торлап тастаған. Бұлқынарға, Біржан сияқты ел кезіп өнер жолын қуып кетуге еркі жоқ. Бас бостандығы жоқ адамның өнер бостандығы да жоқ. Олай болса Біржан да, Сара да екеуі бірдей бас бостандығын, өнер бостандығын көксеп отыр. Біржан сыпайы айтса да Көкшетауда Жанбота мен Азнабайға арнаған ызалы-кекті сөзін енді Найманның Есімбек, Тұрысбек сынды жуандарына арнап, Сараның көз жасына, обалына қалмандар, заңда да, шарифатта да зорлық-зомбылық жоқ, өнер иесіне, жақсы адамға еркіндік берілсін деген талапты ұсынады.

Айтыста екі ақынның кең көсіліп айтқан толғау өлеңдері арқылы XIX ғасырдағы қазақ өмірінің сыр-сипатынан да жарқын елес береді. Бірде мақтап, бірде сынай отырып екі ақын ел арасының айтыс-тартысынан да, қоғамдық рухани тіршілігінен де көп жәйларды баяндай отырып, Абай, Тәттімбет сияқты өнерпаздардың бейнесін де және екі ақынның өзіндік тұлғасын да жарқын елестетеді. Айтыс

өлеңдерінде айтысушы ақындардың — лирикалық кейіпкердің өз тұлғасы әрқашан орталық образға айналып отыратын болса, осы ерекшелік Біржан, Сара айтысында кемел ақындық дәрежеде көтеріледі.

Айтыстың қалай өтіп, немен тынғаны Сараның атынан баяндалады дедік. Ұйткені бұрынғы, соңғы ақындардың дәстүрі бойынша айтысты жаттап, ел арасына жаюшы жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет, парыз саналған. Бұл ақындық ар-ұжданның ісі, өнерді бағалаудағы әділдік таразысы. Мен жеңдім деп әр ақын, өз атынан мақтана бермес үшін, бұл өте жауапты міндетті жеңілген ақынға жүктеген.

Міне, сол дәстүрге берік Сара бастан-аяқ Біржанмен айтысын Жүсіпбекке жырлап берген. Сондықтан да айтыста Сара өзінің тамаша ақындық, әншілік тұлғасын, сұлулық кескін-келбетін келістіре жырлаумен бірге өзімен қарсы айтысып жеңген Біржанның ақындық, салдық, әншілік тұлғасын да елестетеді:

Сал Біржан домбырасын көкке сермеп,
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.
Сөзіме ызаланып алғаннан соң
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп...

Сараның суреттеуінде Біржан осылайша әнін түрлендіріп, аспанға өрлете шырқайтын, жүрген жерін сауықпен, қызықпен дуылдатып «Орта жүзді әнмен сандалтып» толықсып, төңкерілте ән салатын, жас күнінен өнері асқан ардагер, оның әнінің «бұрмасына» қазақ баласы сүйсінеді. Әнінің толқынымен Ешкіөлместің бауры күнреніп күй шерткендей.

Бұл айтыс үстіндегі Біржан ақындығы тіпті бөлек. Ол алғыр да өткір ойларды, асқан әншілік, салтанатты салдық тұлғасын әлдеқайда айқын суреттейді. «Сайраған Орта жүздің бұлбұлы», «Арғынның ақтангері» Біржан ақындық мақтанға келгенде қиял қанатына ерік бергендей, теңіздей шалқып «желді күнгі аспандағы қырандай даусы» көтеріліп өрлей, дәуірлей береді.

«Ақ нық мұз балақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...

Жалымнан ұстаған қыз арман қалмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарланған.
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ашы күйді түптен тартып...

Жорғамын сарынымен самғайтұғын,
Бәйге аты серпінімді шалмайтұғын.
Әнімді он екі взвод жіберемін,
Есіңнен өле-өлгенше қалмайтұғын.
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,
Лауға жеті күнге талмайтұғын.
Болатпын екі жүзді, жетем құрыш,
Күйсеуін шапқан түйе танбайтұғын.
Гауһармын бозбалаға сәуле берген,
Дәндеме жаманыңнан жанбайтұғын.
Ой желке, қамыс құлак, қара көкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.
Ұрғашылық қылмасаң бір басыма,
Қазақ жоқ Біржан десе нанбайтұғын.
Даусымның жаңа түсті кәрі жыны,
Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын.
Қарқабат, Қарақожа ата-бабам,
Осындай ерегісте қолдайтұғын.
Қырымға қарайтұғын қара кермін
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.
Айнымас қанды балақ ақ иықпын,
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.
Тұлпармын Қорғұлының Фиратындай
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын.
Рүстем — Дастандаймын дәл өнерге,
Меңгеріп кісі билеп алмайтұғын.
Бір итке елің неге берем дейді
Алашта лайық сен таңдайтұғын?
Он бесте ұрғашыға саятшымын,
Күн сайын қанжығамды қандайтұғын.
Андап бас аяғыңды, байғұс Сара,
Мен сенің кісің емес алдайтұғын...»

деп, төгілтіп түйдектел берілген тамаша тапқыр шешен де шебер өлең тасқыны құлашты кең сермейтін майталман сөз зергерінен туған өнер екендігін, осының өзінен Біржанның ерекше бітімді әншілік, ақындық тұлғасын көреміз. «Он екі взвод ән салған», «Орта жүздің бұлбұлы», аспандағы аққумен тілдескен, жүйріктікке келгенде дәуірлеп бәйге бермес Қаракөк тұлпар ақын осынша үздік өнерімен өте биікке шырқап, көтерілген асқақ әсем үнді, теңдесі жоқ жүйрік шешен ақынның ұмтылмас образын көз алдына алып келеді. Біржанның әрбір сөзінде дамытылып, жымдастырылып шебер қиюластырып қолданылған сөз өрнегі теңеу, салыстыру, бейнелеу, ұлғайған метафора тағы басқа көріктеу құралдары бірінен бірі асып түсіп жатады. Тіпті сол кездегі айтыс ақындарының еш бірі жеткізіп бере алмайтын поэзиялық сөз өрнектері де мол кездеседі. «Асықша ақжамбыны сұлуға аттым», «Қанды көз май жеп алғыш ақ иықпын».

«Ақ марал, осы жолы жығылмай кет
Алтайдың душар болдың мергеніне»...
«Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті...
Қанатын күн шалмаған ақтұйғынның,
Жапалақ иемденер басқан ізін»,—

деген көркем де тапқыр ақындық сөз өрнектері бұл айтыстың тамаша шеберлік үлгілері.

Біржан, Сара айтысының басқа айтыстардан ерекшелігі — тек осындай мазмұны, өмірлік сыры тереңдігінде, көркемдік қуатының күштілігінде болумен бірге осы бір іші-сырты бірдей бүтін жымдасып келген драмалық поэмаға пара-пар кесек туындының ерте басылып, сол арқылы халық арасына кең жайылып, жалпы қазақ поэзиясына, ақындық өнердің дамуына орасан зор ықпал жасағандығында. Біржан мен Сара айтысын қызыға оқып жаттап үлгі алмаған ақын, жазушы сирек. Бұдан импровизатор ақындар да, жазба ақындар да үйреніп үлгі алған. Әлі де үйреніп келеді. Сондықтан да әдебиет поэзия тарихынан да, өнер, музыка тарихынан да Біржанның айрықша орын алуы осындай өлмес асыл қазынаны қалдыруында. Біржанның асқақ әншілігін, дарқан ақындығын ең алғаш терең түсініп суреттеген Сәкен Сейфуллин:

Ән салса арыстандай ақыратын,
Әуені қалтыратып жапыратын,
Саңқылдап даусы кетіп алты белге
Көркем ән маңдағы елді шақыратын.

Қазақта кім білмейді Біржан салды,
Ағызған қызыл тілден шекер-балды,
Сан ақын жарысқанда талай тойда,
Үздік боп бәйгіні ақын Біржан алды...

деп Біржанның топты жарған майталман жүйрік ақындығы мен алты қырдан даусы асқан әншілік өнерін жас қауымға зор мақтан, үлгі етіп ұсынады. Сәкен бұдан қырық жыл бұрын Біржан, Ақан, Ыбрай әндері жаңа өнердің жарасымды гүлі болады деп талапты айтатын болса, сол талап толық іске асқан дәуірде отырмыз.

Біржанның поэзиясы туралы айтқанда оның ақындығын бастан-аяқ мінсіз еді дегеннен аулақпыз. Біржанның ән-өлеңдерінің ішінде ауыз әдебиетіндегі ежелгі қайым, қара өлеңнің дәстүрімен келетін өлең шумақтары кездеседі. Мәселен, «Біржан сал», «Жанбота», «Адасқақ» сияқты өлеңдері мазмұны мен әні бірдей қабысып келетін болса,

бірқатар өлеңдерінің әні тамаша сұлу асқақ үнді болып келсе де сөзі онымен пара-пар түспейді («Мәті-Дәулен», «Аққошқар» т. б.). Бұл кемшіліктің біралуаны. Екінші, Біржанда өзінің өскен патриархалды-феодалдық қоғамның тар шеңберлі салт-санасынан аса алмаған кейбір қайшылықты пікірлер де жоқ емес. Мұны айтыс үстінде Орта жүздің бірқатар шонжарларын асыра дәріптегендігі де және ел аралап жүріп Мәті-Дәулен, Тұрлыбек, Мұса, Аққошқар сияқты адамдарға арнаған өлеңдерінде де жаңылыс басқандығы сезіледі. Бірақ бұл кемшіліктер Біржан творчествосында негізгі сарын емес, мұндағы негізгі идеялық сарын сыншылдық, ақындық, әншілік өнердің қадір қасиеті, сол өнерге, ізгі адамгершілік қасиетке кесел келтіретін жағымсыз құбылыстарды сынап, мінеу.

Мұны ақынның жоғарыда талданған лирикалық өлеңдері мен айтысынан айқын көреміз. Біржан ақпа, төкпе және турашыл ақын болғандықтан әр кезде әртүрлі жағдайға байланысты тосыннан айтып тастаған өлеңдерінде жағымсыз қылықтарды сықақтау кездеседі. «Бүгінгінің биінде ми қалмады», «Есек озған заман болды», — деп айтқан шенеуі. Байпақ байдың сараңдығын, Құдайберген тілмаштың менмендігін «Көтерем өгізге» теңеп әжуалайды.

Бабай мен қасқырды айтыстырған өлеңінің де сатиралық мәні күшті. Атығай елінің шешені Бабай (руы Бабак) мен қасқырды айтыстыру арқылы Біржан замандасы Бабайды ғана әжуалап қоймайды, елге тізесін батырған аға сұлтан қыпшақ Ыбрайды қасқыр бейнесінде суреттейді. Ыбрай Бабайдың қайын жұрты болса да аралары келіспей, бірде тату, бірде араздықпен күн кешкен. Бабай батыл шешендігімен, Ыбрай зорлығымен ел көзіне түсіп сөзге ілінгесін Біржан осы айтысты таратып жіберіпті. Ақын Бабайдың сөзі арқылы жұрттың малына жаудай тиіп, кәрі-жасын шулатып, мазасын алған қасқырды әшкерелей отырып, кісі өлімі деп Ыбрайдың Атығай еліне бүлік салған қылықтарын ақтарады.

«Қасқыр, сенің тілінде сенім бар ма,
Қыпшақтан жақсы көрер елім бар ма.
Аузыңа келген сөзді оттай бердің,
Болысымды тастап жүрген жерім бар ма?»

Сен жылқыны көп жегенде құнығасың,
Жүнің қалың, аязға жылынасың.
Сен-дағы ол жағына күлгенің не,
Енеңнің байы болып ұлығасың»,—

деп Ыбрайдың өз жақындарынан қыз алған оғаш әдетін де, Бабайдың ұлық алдында жалтақ халін де аңғартады. Ал қасқырдың сөзі арқылы Майлы — Балта елінің дау-жанжалға құмарлығын, ұрлық-қарлыққа үйірлігін, екі ноғайды өлтірді деген іспен екі адам сотталғандығын мінейді. Осылайша бейнелеу, тұспалдау әдісімен ақын өз тұсындағы жағымсыз қылықтарды шенейді, күлкі етеді. Біржанның осы өлеңі таралғаннан кейін Қыпшақ пен Атығай арасының жанжалы қайта өршіп, көпке дейін басылмайды. Біржанның мұндай сатиралық сарындағы өлеңдері Жанбота мен Азынабайды әшкерелеген өлеңдерімен үндес, сарындас келіп отыратындығы белгілі.

Сал, сері әншілердің жүріс-тұрысы бұрынғы ескінің көзі саналған феодал-шонжарлардың көбіне ұнамаған. Әсіресе молдалар, ишандар сал-серілердің ісін, жүріс-тұрысын сайтан қуған қылық деп, жаратпай мінеп, жұрт көзінде абройын түсіруге тырысқан. Өз заманында тақуалыққа бейім Орынбай, Шөже, Тезекбай ақындар Біржанның дарқан думанға, жиын сауыққа толық еркін жүріс-тұрысын шарифат дін жолына қайшы деп кейде сынап та отырады. Сара айтысында Біржанды «Салдықпен сайтан қуған» деп кемітеді, Тезекбай ақынның құдайдың не сипатын танысың деген сұрауына, Біржанның берген жауабы тура да өз бойына жарасымды:

Тезеке, оқи білдің жазған хатты,
Сері қайдан біледі шарифатты.
Әкем Қожағұл, өзім салмын,
Мен сізден сұрамаймын насихатты.

Бұл сөзге Тезекбай:

Олай болса, отырғанда ақылмен ой таба бер,
Күндіз-түні жүрсен де жол таба бер.
Орта жүздің баласы «Темір қақпан»
Байғұлабай деп әне зарлап тұр ғой,

Қыз-келіншекке ойынды айтып, тана-моншақ жиып мал таба бер — деп, Біржанды шарифат білмейтіндігі тұрғысынан сынап кетеді. Біржанды пері соқты, шайтанмен жолдас болып, жың қақты деген әңгімелердің де бір тамыры осыған байланысты. Асылы ақын, әншімен шарифат дін жолы қабысқан емес. Біржан, Жаяу Мұса, Ақан сері, Шолақ, Ыбрайлардың дін иелерімен мезгіл-мезгіл қағысып қалып отыруы осы өнердің табиғатынан туған әлеуметтік құбылыстар еді. Бұл идеялық мотив Ілияс Жансүгі-

ровтің «Кұлагер» поэмасында, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында, С. Мұқановтың «Балуан Шолақ» повестінде, Ғ. Мүсіреповтың «Ақан сері — Ақтоқты» драмасында, Қажым Жұмалиевтің «Біржан, Сара» операсының либреттосында дұрыс берілген.

Біржан 1897 жылы 64 жасында дүние салған. Өлер алдында Біржан екі-үш жылдай ұзақ ауырып, қатты жан күйзелісіне түсіп, бірталай бейнет көрген. Міне, осы сырқат кезінде шығарған өлеңдерінде де Біржанның жастық шағын еске түсірген, өмірмен, замандастарымен қоштасқан, тірлікті, Теміртас, Асыл, Ақық атты ұл-қыздарын қия алмай аяушылық сезім білдірген жан-күйлерін шебер баяндайды. Бұл өлеңдерінің бәрінде де өткен өмірі туралы түйінді ойлары, жетім қалып бара жатқан балаларының тағдыры оны қатты толғандырғандығын сеземіз.

Біржанның сүйегі өзінің атасы Қожағұлдың зиратына (қазіргі Степняк қаласының Жармау бөлімшесі тұрған жер) қойылады. Кейін ағайындарының араласуымен, 1940 жылдары Ақмола облыстық атқару комитетінің председателі Әшімбек Бектасовтың басқаруымен Біржанның зираты қоршалып, басына құлпытас орнатылды.

Әдебиет зерттеушілер де, музыка зерттеушілер де Біржанның әндері мен өлеңдерін өз заманында жаттап, халық арасына кең тарата отырып, жоғалтпай біздің заманымызға жеткізгендігін атап айтады. Арқадағы әншілік, композиторлық, ақындық өнердің туын көтерген Біржанның серіктері, өнер жолы, ақындық, әншілігін сақтап әрі дамытып, молықтыра түсетін шәкірттерінің мол болуы табиғи заңды да еді. Егер Біржанның ақындық өнерін Сара, Әсет, Шашубай, Доскей, Тайжан, Ыбрай сияқты майталман ақындар дамытатын болса, әншілік өнерін жатқа айтып жеткізуші алдымен сол Біржанның қасына еріп бірге жүрген, одан тағылым үлгі алған Ыбрай, Шолақ, Бекахмет, Ғазиз, Естай сияқты ақын-әншілер, бұдан берідегі Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Әміре Қашаубаев, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков, Мәжит Шалқаров, Хамит Бекенов, Мұқан Еркесарин, Ахмеджан Тілеубаев, Мария Бекахметова, т. б. көптеген ақын, әншілер.

Біржанның өзінен туған Асыл, Ақық атты қыздары мен Теміртас, Қалкен атты ұлдары ақын, әншілік өнерге онша қабілеті болмаған. Ағасы Нұржанның баласы Сыздықтан туған Мария кейін ел ішінде елеулі әнші болды. Бірақ осы өнер жолын қуып дамыта алмады. Біржанмен рулас, ауылдас белгілі әнші Бекеннің Хамиті деген болған.

Хамит әрі асқан үнді әнші, әрі революцияшыл от жігерлі ақын болып әлеумет өнер ісіне белсене араласады. Біржан, Ақан сері, Шолақ әндерін және өзі шығарған өлеңдерді өл ішінде ең көп таратқан Хамит. Жиырмамыншы жылдарда Атығай, Керей ортасында Хамиттің әншілігіне сүйсінбеген ел қалмады. Ел-жұрт Біржанның өнері осыған қонған, ол соның нағыз мұрагері деп аңыз қылатын, ол мезгілсіз қаза болған ағалары мен жас қызын жоқтап:

Шетіне Жөкей көлдің бітер қияқ,
Ұқсайды жалғыздыққа біздің сияқ.
Соңымнан ағатайлап еретұғын.
Қалмады-ау, Өтебайдан жалғыз тұяқ.

Адамзат көтермей ме ауыр істі,
Қолымнан жас балапан тұйғын ұшты,
Өлеңге жас күнімнен ұста-ақ едім,
Ақ тұйғын балапандай ұстап едім.
Дарига-ай, бұл дүниенің ғамалымен
Алыста нағашыма қыстап едім,
Сәукежан, туған айдай мінің бар ма,
Шақырсам атыңды атап үнің бар ма,
Үйімнен өзім жоқта ғайып болдың
Көзіме көрінетін күнің бар ма?!—

деген өлеңдерін арнаулы әнімен айтқанда Хамит тыңдаушыларының жан дүниесін босатып, егілтіп жылататын еді. Хамит әндерінің кейбірін сол кезде ауылдасы Рамазан Елібаев жазып алған еді, оның қаншалық сақталғаны бізге мәлімсіз. Бертін оқып, білім алып (үш айдай Свердлов қаласында өндіріс академиясында оқып), партияға кіріп, әлеумет ісіне араласқан дәуірде Хамиттің алдына өнер таңдау мәселесі қойылды, «әншілік өнер жолымен кету керек пе, жә болмаса күрескер ағаларының ізімен азамат күрескер болу керек пе?» деген сұрауға келгенде ол соңғы күрескерлік жолға бүтіндей беріліп, әнші ақындық өнері бірте-бірте қаға беріс қала берді. Бірақ ерте қайтыс болса да ол Біржан әндерін өз төңірегіндегі жастарға үйретіп кең жайып, таратып кетті. Хамиттен де, және басқа өнерпаздардан да үлгі алған Еркесарының Мұқаны, Бекахметқызы Мария Біржан әндерін тамаша жақсы орындайтын. Көкшетау елін әлденеше рет келіп аралаған Сәкен Марианы Қызылорда мен Алматыға шақырып театрға алдыруға әрекет жасаса да Мария үлкен өнер дүниесіне араласуына мүмкіндік ала алмады. Ол да Сараның тағдырына ұқсас халге ұшырап, ауылда қала берді. Біржанның әншілік, композиторлық өнерінен үлгі алып, үлкен білім жолына

түскен сол ұлы өнерпаздың ағайыны, жерлесі Рамазан Елібаев еді. Оның өмірі мен творчествосы «Жас қазақ», «Жолдастар» сияқты Біржан әндерімен сабақтас екендігі қалың жұртшылыққа мәлім. Белгілі музыка зерттеуші ғалым Б. Г. Ерзакович «Жас қазақты» лиризм мен драматизм мотивы бірдей күшті эпикалық аңызбен ұштасып кететін тамаша күрделі әндердің бірі деп қарайды.

Сонымен Біржанның ақындығы, әншілігі, композиторлығы біздің мәдениет жұртшылығымызға толық танылған, жаңа социалистік мәдениетіміздің сарқылмас асыл қазынасына ғйналғаны тарихи шындық. Тарих қайталанбайды, өмір өз заңымен ілгерілей бермек, жаңа қауым өзінің жаңа өнерін жасайды. Жаңа өнер дамыған сайын Біржан сияқты ардагер ақын, өнерпаздың шығармалары, ұмытылмас абзал бейнесі бізден алыстамайды, әрқашан қасымызда күмбірлеп күй тартып, шырқап ән салып, сырласып, мұңдасып, әзілдесіп күліп-ойнап, мәңгі бірге жасамақ.

Январь — февраль, 1966 жыл. Алматы.

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ

Көкшетаудың сарғайып, сұрғылт тарта бастаған күзгі сентябрь жәрменкесі өткен жазғы қызықтың жалғасындай, келер қатал қыстың жыл басындай думан-дүрмекке толы еді. Базаршылаған ығы-жығы аттылы-жаяулы халық сеңдей соғылысады. Бір кезде жұрт дөңестеу бір алаңға қарай жапырыла жүгірді. Бәрінің аузында «Ыбрай-Ыбрай» деген жалғыз сөз. Ішінде Жұмағали екеуміз бар, бір топ бала, біз де сол жерге жүгіріп жетсек, айналасын көп аттылы адам қоршаған Үкілі Ыбырай, ат үстінен шырқап ән салып тұр екен. Сақал-шашы аппақ қудай ағарған. Үстінде барқыт жағалы әдемі тігілген кең түйе жүн шапан. Ұзын да, кең балақты қоңыр шалбарын етіктің сыртынан жіберген, басында құндызбен жиектеген ықшам бөрік, омырауы да, алқымы да даладай, ашық.

Қолында үкілі домбыра. Жиналған мың сан халық құлаққа ұрған танадай немесе намазға ұйып дұға қылғандай тым-тырыс, Ыбырайдың аузына телміріп қарап қалыпты. Ашық аспанның астында, дүниені жаңғырықтыра ұлы әншінің құдіретті дауысы бірде шырқап, биіктеп қалықтап кетіп жатса, бірде арыстанның ақырғанындай гүрілдеп, тегеуірінді күші Көкшенің қия жартастарына соғылып жатқандай, дауыстың әдемілігінен гөрі, сол бір кең ән сарайынан күңіреніп-шалқып шыққан зор да пәрменді дауыс өзінің ежелгі әсем де ерке арнасына қарай құйылып жарастық тапқандай. Мұнда жастық дәуренінің қызығы емес, қазіргі кәрілік жеткен өмірінің сыр-сипаты көбірек жырланып жатыр. «Қалдырған», «Дүние», «Заманым» өлеңдері бір кезде «Жиырма бес», «Жанбас сипар» мен жалғасып барып бір бәсеңдеп еді. Жиналған халық шулап, айқайлап, «уә бәлі», «жарықтық кәрі тарланым-ай, баяғы шабысынан әлі танған жоқ екен», «өлме, Ыбырай, өркенің өссін!»—деп алғыс жаудырып жатты.

Халық тарайтын емес, ағылып келіп жатыр, келіп жатыр. Ыбырай іркілген жоқ, бұл жолы термелеп жәрменкеге келген халықты өлеңмен қошеметтеп, әр елдің руын, тари-

хын таратып бірталай жырларды үйіп-төгіп айтып тастады... Арасында күлдіретін әзіл, сықақ сөздер де, бұрын-соңғы ақындардан нұсқалы нақыл сөздер де жеткілікті, мол. Шырқалған зор дауысты ән де, өмір сырын баяндаған салмақты ой да, ажарлы күлкіге батыратын тапқыр сөз де бір бойынан түгел табылған Ыбырайдың ақындық, әншілік өнері кімді болсын қайран қалдырғандай еді.

Бұл менің он бес жасымда Ыбырайды тұңғыш көруім. Бұдан кейін Көкшетаудағы Бегежанның үйінде Жұмағалиға еріп барып, бірер қабат әңгімесін тыңдағанмын. Қызылжарда педтехникумға келіп өлең айтып, И. В. Коцикке әнін жаздырып жүргенінде бір көргенім бар. Бәрінде де Ыбырайдың дарқан ақындық, әншілік өнері, алғыр шешендігі естен кетпестей боп көрініп еді. Бұл бірер көруден туған сыртқы әсер ғана, онымен жақын сөйлесіп, тілдесе алғаным жоқ. Сол әсерлерімді және Ыбырай туралы басқалардың естеліктерін тексеріп қарайтын болсақ, кейін өзіміз көрген қазақтың басқа да даңқты әнші, ақындарына да ұқсас мінез-қылықтары да, әрі ешкімді қайталамайтын өзіндік өнер үлгісі де мол екендігі көз алдымызда айқындала түседі.

Ыбырай — шын мәніндегі ұлы өнерпаз. Ақындығымен халықты тылсым бұғандай бағындырып алу әркімнің қолынан келе бермейтін өнер. Ыбырай ақындығының терең тамырлары да күшті. Ол Көкшетаудың атақты Орынбай, Арыстан, Шөже, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Нұркей, Тезекбай сияқты атақты әншілерінің өнер дәстүрін игеріп, дамытып сақтап, біздің революциялық заманға жеткізуші өнерпаз.

Өнерпазды біз кең түйінді мағынада ұғынамыз. Ыбырай тыңнан өлең, жыр шығарушы ақын, тыңнан ән шығарушы композитор, өзінің және басқалардың шығарған әндерін әдемі асқақ дауысымен орындаушы әнші. Ойын, той, жиындарда халықты ақын әншілігімен де, тапқыр, қызықты ойындарымен де, құмарта, еліктіре білетін сауыққой артист. Кең мағынадағы Ыбырайдың өнерпаздығы міне осындай. «Гәкку», «Қарақат көз», «Жайма қоңыр», «Жан баспас», «Маңмаңкер», «Қалдырған» сияқты өлең әндері жаңа социалистік мәдениеттің игілігіне жаратылып, өлмейтін асыл қазынаға айналса да Ыбырайдың тамаша ақындық, композиторлық, әншілік өнер жолы бұл күнге дейін кең зерттелген жоқ. Ыбырайдың ақындық әншілігіне өзі уақытында зор мән беріп арнайы мақала жазып, бір қатар өлеңдерін жазып алып шығарған белгілі жазушы Сәбит

Мұқанов¹. Революциялық тақырыпқа арналған кейбір өлеңдері Қызылжар қаласында шығатын «Бостандық туы» газетінде² жарияланған. Сәбит онан кейінгі жазған мақалалары мен естеліктерінде Ыбырайдың дарқан ақындығын аса жоғары бағалайды. Ыбырай туралы қазіргі жазылып жүрген бірлі-жарым мақалалардың қай-қайсысы болсын Сәбиттің еңбегіне сүйенеді.

Затаевич А. өзінің 1925 жылы жариялаған «Қазақтың 1000 әні» атты еңбегінде Ыбырайдың «Қалдырған», «Дүние», «Қарақат көзді» әндерін нотаға түсіріп жариялаған, атақты халық композиторы әнші екендігін, жас кезінде оқу іздеп Петербор қаласына дейін барғандығын хабарлайды. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау поэмасында» және 1930 жылдардағы мақалаларында Ыбырайдың дарқан әнші ақындығын жоғары бағалайды.

Біз осы еңбегімізді жазу үстінде Сәбиттің Ыбырай туралы бұрын-соңды жазғандарын ауызекі естелік, әңгімелерін де, Молдахмет Тырбиев, Молдахмет Ержанов, Игібай Әлібаев, Жәкен Жоламанов, Өтелбай Жұмабаев, Хамит, Қалымсейіт, Омар қариялардың, ақын жазушы Шахмет Құсаинов, Ғалым Малдыбаев, Жақан Сыздықов, Темірғали Нұртазин тағы басқалардың естеліктерін де, Мұса Асаиновтың, Ыбырай туралы диплом жұмысын жазған Сәркен Құлмағамбетовтың деректерін де еске алып пайдаландық.

Ыбырай туралы жазуымызға тағы бір себеп, 1965 жылы Қазақстанның солтүстік облыстарын (Қостанай, Солтүстік, Көкшетау), РСФСР-дың Батыс Сібір аймағын (Омбы, Тюмень облыстарын) аралап жүргенімізде, Ыбырайдың өмірі мен шығармаларына қатынасы бар жаңа қызықты деректердің табылуы. Сол деректер көптен ойландырып, толғандырып жүрген маңызды тақырыптың кілтін тауып бергендей болды.

Ыбырайдың туған, өлген жылын әркім әр түрлі жазып келеді. Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Ғалым Малдыбаев 1856 жылы туды десе, енді біреулер 1860 жылы туды деп жазған. Он бес жасынан Ыбыраймен жақын араласқан Молдахмет Ержанов «Қалдырған» деген әнін жасы алпысқа келгесін, қазақтан солдат алатын жылы шығарды

¹ С. Мұқанов. «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай», «Қызыл Қазақстан», 1924, № 78, және «Ыбырай ақын», «Бостандық туы», 1924, 25 июль.

² «Бостандық туы», 1925 жыл, 26 май.

дейді. Бұған қарағанда осы 1856 жылы туды деген шама дұрыс. Ыбырайдың 1930 жылдың басында ұсталып, содан қайтпағандығын еске алатын болсақ, оның 74 жаста қайтыс болды дегені расқа шығады.

Ыбырай бұрынғы Ақмола облысы, Көкшетау уезінде (қазіргі Көкшетау облысы, Айыртау ауданы) Жақсылық қарауылынан Жалғыз таудың бауырында Сандыбай бұлағында туып-өскен. Арғы аталасы Сәбден батыр Абылайдың жорықтарына қатынасқан. Сәбден батыр балуандығының үстіне он қолынан өнер төгілетін зергер екен. Абылайға осы зергерлік өнерімен ұнапты. Сәбденнен Дербісал, Дербісалдан Әбіле, Мандай, Сандыбай туады. Сандыбайдан Бөбіш (қыз), Шалғымбай, Ыбырай туған. Бөбіштен атақты Тайжан ақын туған. Ыбырайдан Есеп, Есемберген, Үстемір туған. Ал Әбіле оқыған, тапқыр шешен екен, аға сұлтан кезінде Шыңғыстың хатшысы болып қасына еріп жүріпті. Әбіледен тараған Ілияс, Қенжеғали, Молдағали Мандайдан тараған, Қосшығұл, Үсейін, Асайын, Асайыннан тараған Мырзағұл, Шалғымбайдан тараған Сүлеймен, Дауыт барлығы да ұста, зергер, сөзге жүйрік, шешен, ойынауыққа құмар сері, өнерпаз болыпты. Мырзағұлдың баласы Мұса қазір Ыбырайдың ақындық, әншілік өнерін мықты ұстаған талапты ақын-әнші. Ыбырайдың Есеп, Үстемір деген балалары революциядан кейін совет жұмысына араласады (ауылнай, сот болады).

Сәбден ұрпағы шалқыған бай болмаса да, өздерінің ет тірлігімен Абылайдан бергі дәуірдегі елдің ірілі-уақты тартыстарына, қоғамдық, рухани тіршілігіне араласып отырған. Руаралық дауларда, болыстыққа таласуда, жер, жесір дауларында Әбіле, Мандай, Қосшығұл, Сандыбайлар белсене араласып есесін жібермеген, кейін ақындық, шешендік атағы шыққан Ыбырай да ел ішіндегі тартыстардан сырт қалмаған. Сондықтан бұлармен Уәлихан, Шыңғыс әулеті де, Зілғара, Шопан, Әлібектер де, Шөбек тұқымдары да есептесіп отырған. Шыңғыс төре Қосшығұлмен құда екен де, бір кезде өзінің көп жыл жақсы досы болған Әбілені елеусіз қалдыратын мінез білдірсе керек. Мұны білген Зілғараның Әлібегі араларын алыстатып, Әбілені өзіне аударып әкетіпті. Ақыры Шыңғыстың аға сұлтандығынан түсуіне әкеліп соққан дейді.

Сандыбай ұсталық еңбегімен күн көрген кедей болса да баласының жастайынан ойын-сауықты, ән-күйге құмарлық талабына бөгет жасамаған. Сәбиттің, Молдахметтің, Хамиттің айтуына қарағанда — түсінде бірде Нұркей ақын-

ды, енді бірде Орынбайды көріп, олардан домбыра бата алған дейді.

Ағаштан арба, шана не алмадым,
Жаманмен жолдас болып жүре алмадым.
Атамыз қара мұрын ұста атанды
Көмірге орнымды өзім қия алмадым,—

деген өлеңінде әкенің ұсталық өнерінен гөрі, ән-өлеңге берілгендігін мойындайды. Тағы бір өлеңінде он жеті — он тоғыз жасында өмірдің теңізінде қайғысыз жүзіп салдықпен сайран салғандығын жырлайды. Бірақ Ыбырай үй шаруасынан, семьялық өмірден қол үзбеген. 1924 жылы Сәбит мақаласында Ыбырайдың он жеті жасқа дейін мал баққандығын, шөп шапқанын, әкесінің қасында үш жылдай ұсталық құрғандығын, ал жасы ұлғая бастаған шақта қайтадан үй шаруасымен ұқыпты айналысқанын баяндайды. Өлеңін, әнін айта жүріп шаруасын тындырған. Шаруасын тындырып жүріп, ойын-сауықты тастамаған. Жиырма-сыншы жылдардың басында Ақмола губерналық атқару комитетінің бастығы Ұзақбай Құлымбетовке, редакциядағы Сәбитке барып, балаларының оқуға түсуі үшін өлеңмен арыз айтқан.

Ыбырай бала кезінде ауыл молдасынан оқып хат таныған. Оқып білім алуына Әбіле көп ықпал жасапты. Зирек, алғыр Ыбырай хат танығансын қолына түскен кітаптарды, әсіресе қиссаларды құмартып оқыған. Бір қатарын жаттап айта бастаған. Молдахмет Ержановтың айтуына қарағанда Ыбырай жас кезінде «Қыз Жібек», «Алтын балық», «Мұңлық — Зарлық», «Боз жігіт» дастандарын, «Рүстем дастанды», «Сейпіл — Мәлікті» тағы басқа кітаптарды оқып жаттаса керек. Бұған қарағанда Ыбырай мұсылманша бір талай сауатты, татар, түркі кітаптарын еркін түсініп оқып кететін болған. Сәбит мақаласында Ыбырай «Мың бір түнді» өлеңмен айтады дейді.

Алайда Ыбырай өлеңді жазып шығаруды негізгі әдетке айналдырмаған. Оқығанын да, басқа ақындардан естігенін де домбырамен жатқа айтып таратқан. Сонымен бірге бала күннен шырқап ән салуға құмарланып, берілген. Бірте-бірте ауыз әдебиеттің дәстүріне машықтанады. Бұлай болу табиғи заңды да. Ыбырайдың өскен ортасы, алған үлгісі ақындық пен әншіліктің туын тіккен Көкшетаудың атақты Орынбай, Біржан, Ақан серілердің өнер жолы еді. Ыбырайдың өз айналасы ақын-әншілікке қандай бейім болса, көрші, жақын елдің бәрінде әнші ақындық жолын

ұстаған өнерпаздар мол еді. Мұның барлығы да жас Ыбырайды еліктірген дүниенің қызығы да, қол жетер арманы да, Нүркейдің қасына еріп жүрген өзімен замандас Балуан Шолақпен де дос, жолдас болған. Сан рет Біржанмен кездесіп, әң салысқан. Бәрінен үлгі-өнеге алған Ыбырай Қызылжар, Атбасар, Көкшетау, Ақмола, Омбы қалаларында, Қоянды, Мәкерже, Тайынша жәрменкелерінде, бұрын таныс емес татардың, орыс, украинаның өлең-әндерін де есітіп біліп жадына тоқыған. Бертін келе есейген шағында Ыбырай қазақ тіліндегі өлең кітаптарын да қадағалап оқып жүрген. «Бір қызық, ит жүгіртіп, аң ауласа», «Заманым», «Жалғызтау» өлең, толғауларында ауыз әдебиетінен гөрі жазба әдебиеттің әсері күшті.

Ақан сері Ыбырайды жас күнінен өзіне ең бір жақын дос серігі санап, оның серілік салтқа бейім талабының барлығын да мақұлдап ән-күйге, сан алуан күлкілі қылықтарға толы, артық-кем мінез-әрекеттеріне бетінен қақпай, жол беріп үнемі еркелетіп ұстап, жұртқа мақтап таныстырып отырған.

Үлкен жиын тойларда, сауық-сайран үстінде сөзін тыңдап үлгі алып жүрсе де, Орынбайдың үлкен сынына жиырма жасында кездесіпті. Молдахмет айтады:

— Үлгі алған ақындарыңыз бар ма?— деп, бір топ жастар болып, сұрағанымызда, Ыбырай таңданған пішінмен бетімізге ежірейе қарап алды да:

— «Үлгісіз тон пішіле ме екен! Жиырмаға келгенімде Өрекенді де, Біржанды да көріп өлеңімді сынға салдым. Қалың жиын ішінде Жанқожа қария отырып, мынау Әбіленің інісі, жолыңызды қуып жүр, Өреке, дейді. Өреке — кәне тыңдайық дегенінде, денемнен ағыл-тегіл тер саулап қоя берді. Шу дегенде жаттаған қисса, өлеңдерді, Өрекеннің өз сөздерін де үсті-үстіне төпеп соғып жатырмын. Оны ықылас қойып тыңдап отырды да, өз айтарың бар ма деді. Мен «Қалқам шырақты» шырқап салдым, Өрекең риза болып батасын беріп отырып, тағы да:

— Ауылда, үйде жүріп өнер таппайсың, шырағым. Алысқа көз жібер. Ел кез, өнер жарысына түс, сонда өзіңнен де өнерлі жақсыларды, ақылдыларды көп тыңдап, көп көресің. Мен алыс елді көп аралағанымнан опық жегенім жоқ,— деді.

Жасы да, жолы да үлкен болғанымен, Біржан мен Ақан өзімізбен құрбы-құрдас сияқты еді. Ойын-сауықты күйіттеп, жастықтың әуенімен желігіп жүрген шағымда Біржан сал біздің Қарауылды аралады, қасына ерген өңшең сері-

лер жүрген жерімізді шулатып жібердік. Оспан қарияның үйінде Қарауылдың игі жақсылары жиналып Біржанның алдында маған қайта-қайта ән салғыза берді. Отырғандар — мынау есер Ыбырай жолыңызды ұстауға жарай ма? — деп сұрады Біржаннан.

— Қазақ әніне өзім жеке-дара тұрмын ғой «тайпалмалы» мен «шайқалмалыға» Ыбырай жеткізбес, — деді.

Ыбырайдың өмірін жақсы білетіндердің айтуына қарағанда оның ақындық, әншілік жолдағы талабына дәл өзінің жақын ағайындарынан гөрі атығай, қарауыл, керей, уақтың қалың елі, сол елдердегі өнердің қадірін білетін адамдар көп болысқан. Барлығы да Ақан, Біржан, Шолақ сияқты Ыбырайды да ардақтап сыйлай білген. Тіпті оның оғаш мінездеріне де төзімділік жасаған. Атақты Қосан сал да, атығай, қарауылдың мықтылары, билері, Бегалы, Шалабай, Ескендір, Нұралылар да, патша үкіметіне қарсы күресіп, жер ауған Мәмбетәлі, Жақып, Бекахметтер де, қыпшақ Әбдіқармен тартысып келген әнші Ержігіт, Жәкен де — бәрі де Ыбырайға тілектес болған. Сонымен бірге елдегі шонжарлар (кейде сайлау тартысында), аңқау сенгіш халық алдында беделі зор Ыбырайды пайдаланып отырған. Мәселен, Қошқарбайдың Ескендірі Ыбырайды бірнеше жыл өзінің уысынан шығармайды. Болыс сайлауларында, екі елдің дауларында, алғыр, шешен, дарқан әнші Ыбырайды қасынан қалдырмаған.

Ыбырай ойын-сауыққа, қыз-қырқын думанның ішінде алшаң басып, сайран салып жүргенінде, ел жуандарының жүргізген қоғамдық тартыстарының түпкі сырларына үнемі жете түсінбеген сияқты. Мына бір фактіге назар аударайық. Ескендір де (бай, болыс), Жәкен де (әнші, палуан, кедей) Ыбырайдың досы. Бірі — дәулетімен, әкімдігімен Ыбырайдың өнерін жаюға себепкер. Екіншісі — ақындық, балуандық өнерімен Ыбырай өнерін жұртқа жаюшы. Ескендір сол Жәкеннің алдына жан салмаған, көк жорғасын қоярда-қоймай алып қояды. Бұған қарсы тұрарлық Жәкенде дәрмен жоқ. Ал Ыбырай арашашы бола алмайды. Міне бұл Ыбырай сияқты ақындардың басындағы әлсіздігі, трагедиясы.

Молдахмет Ержанов тағы да былай дейді:

— Біз, жастар, Ыбырайдың әндерін құмарта тыңдаумен бірге өз басынан кешкен жайларды да сұрап мазасын алушы едік. Бір жолы мынадай әңгімесін айтып берді.

— Отыздың ішіндегі қылшылдаған жігіт шағым. Шөбектің Нұралысының қызы Жания сұлуды ұзататын тойға

жиналды. Ақанның егде тартып қалған шағы еді. Алайда ойын Ақанның айтуымен думандатып өтіп жатты. Бір кезде Ақан — әркім өз сүйгенін өлеңмен шақырып қасына отыртсын деген тәртіп шығарды. Сол тәртіпті айтты да ол — Ыбырай, осыны сен баста деді. Құдайдан тілегім осы еді. Бұрыннан ұнатып, құмартып жүретін Шәбектің Мұқанының қызы Мәлике сұлу болатын. Мен соған арнап:

Бозбалаға бұл бір сын жеке-жеке.
Әркімнің қасындағы сәулесі ерке.
Бұйрығы ханзаданың екі емес,
Жаныма келіп отыр, ей Мәлике!—

деген өлеңді шырқап қоя бердім. Мәлике теңселе басып, күміс шолпысын сылдырлатып, сызылып алып қасыма отырды. Арнап өлең шығарып, сүйіктісін шақырып алу, қыз, бозбалаларға қиын міндет болды. Қиын болса да Ақан жарлығы бұзылған жоқ. Әліне қарай әркім өлең айтып, сүрініп, қабынып жатты. Ол менің бір бақытты күнім еді. Ақанның да, сұлу қыздардың да көңілінен табылдым. Бәрі де маған телміріп қалғандай еді. Мәлике сұлу қасымда отырған соң өлеңдерім ағыл-тегіл кетіп жатты... Аужар айтуға келгенде Ақан Жанияның теңі емес адамға еріксіз жылап бара жатқан зарын көп айтып кетті. Сол аужар құдалар жағына ауыр тиді. Бірақ Ақанның атылған оқтай аужарына ешкім қарсы келе алмады. Жанияның бір жаманға қор болып бара жатқанына Ақан бастаған ақындар ғана емес, әкесі Нұралы да қарсы еді. Бірақ ақ бата құдалық жолын ешкім аттап кете алмады. Ақыры ұзатылып барғаннан кейін Жания көп ұзамай қайтыс болды ғой сорлы.

Сонымен Ыбырай ұстаз аға ақындарынан үлгі-өнеге ала жүріп, өзінің ақындық, серілік, әншілік жолын анықтап қалыптастырады. Ыбырай әрқашан өзін Біржанның, Ақанның өнер жолын қуған ең жақын серігі, шәкірті санаған. Атақты «Шалқымасын»:

Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын
Қорғасындай дененді балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,
Азырақ шалқымамды шалқытайын,—

деп бастап кетеді. Біржан сал қартайған шағында: «Әнімді жоғалтпас Ыбырай інім болғанына шүкіршілік» деп талай айтыпты. Ыбырайдың үздік әншілігіне, майталман шешендігіне Біржан да, Ақан да, Орынбай да, Тоғжан,

Тезекбайлар да түгел ден қойған; Көкшетаудың сал, серілерінің туы енді Ыбырайда болатындығына сенген. Алпыстан жасы асып, серілік дүниесінен сопылыққа ойысқан шағында Ақан қалың жиында отырып — мені әурелей бермеңдер, мені жоқтатпас ендігі Ақандарың мынау Ыбырай депті.

Жасы жиырма бестен асқасын-ақ Ыбырайдың ақындық, әншілік атағы төңірекке тез жайылып, қайда ойынтой, сауық болса, сол жерге бір топ серігімен айлап, жылдап кетіп, ел кезіп талай елдерді аралайды, талай өлең-жырлар шығарды. Ел аузындағы талай жақсы әндерді, өлең сөздерді өзінің талғамынан өткізіп жаттайды. Ит жүгіртіп, құс салып, аңшылықпен айналысады. «Жиырма бес», «Шалқыма», «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа», «Гәкку» сияқты көптеген өлең-әндерінде ақын өз өмірінің сырларын баяндайды.

Құс салып айдын көлді дабылдаттым
Ән салып талай елдің дәмін таттым.

(«Гәкку»)

Аралап таныс болдым ой мен қырға,
Ән салдым ел ішінде болып жорға.
Біреуге айдай білмес мал береді,
Шебермін тәңірі берген өлең-жырға.
Салайын шалқыманы ырғақтатып,
Үкілі домбырамды бұлғақтатып.

(«Шалқыма»)

Шіркін дүние кең едің,
Біраз күн алдап бөгелдің.
Орта жүздің ішінде
Ән шырқаған мен едім.
Қартайғанда дүние-ай
Қайдасын, Ыбырай, демедің!

(«Қалдырған»)

Белімді тәуекелге түйіп алдым,
Үкілей домбырамды іліп алдым.
Адам көркі-шүберек дегендейін
Ақ шапан, ақ шалбарды киіп алдым.
Аралап талай жердің дәмін таттым
Қызыл тілмен дұшпанды ащылаттым.
Сәмекеден қалған қара қалпақ
Құлпыртып екі тоты үкі тақтым.
Шаш алдыру дегенді кім біледі,
Құлағымнан түсіріп салбыраттым.
Пері ме, диуана ма, бақсы ма деп,
Көрінген көп халықты таңырқаттым.

(«Доскеймен айтыс»)

Осылайша Ыбырайдың сал, серілік құрып, қалың елді аралаған, өнерпаздық салты әрбір өлеңінен айқын елес береді.

Ақын жүріс-тұрысын ғана емес, өлеңмен олжа тапқанын да жасырмайды.

Ыбырай адамның бар-жоғына қарамай, кейде ақындық өнерін сынға салу үшін де өлең айтады екен. Сексен жасар Қасия, Садақтың Ыбырайы, ақын Ыбырайдың базарда екі аяқты арба жеккен жай бір момынды өлеңге қосып, әрі жұртты күлдіріп, әрі әлгі ерлі-байлы екеуін састырып, үш сом ақшасын олжалағанын әңгімеледі. Сондағы:

Па, шіркін, ат тұрманның келіскені
Тырашпан қара майлы жегісті еді
Мендей-ақ бір адамның еміншегі
Ақ көңіл ашық ықылас қарағым,
Құдайдың кез келтірген келіншегі,—

деп айтқан кейбір сөздері есімде қалыпты дейді.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде совет қызметінде жүрген азаматтарды көрсе болғаны, Ыбырай алдыартынды орап, бірде мақтап, бірде күлдіріп, бірде ажуа-лап, өлеңді төлеп қоя беретіндігін Сәбит те, Жақан да, Игібай да, Молдахмет те растайды.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясын зерттеуші Шоқан, Дауылбаев, Безверхов, Потанин тағы басқалар да Орынбай, Шөже, Тоғжан, Кеншімбай ақындардың да өлеңмен олжа табатындығын анықтап жазады. Біздің қазіргі әдебиетшілеріміз бұрынғы ақындардың бұл творчествосын өте бір жағымсыз қылық ретінде түсіндіріп жүр. Осы дәстүрдің, осы фактылардың төңірегінде тереңірек ойлап көрдік пе? Бұл жерде ақынды ғана кіналап қоямыз ба? Мұны алдымен феодалдық ауылда, капиталдық қоғамда творчество адамының басындағы трагедия, материалдық өмірдің заңына бас игендік дейік. Ал буржуазиялық қоғамдағы жазушылар шығармасына қаламақыны кімнен алды? Еңбегін кімге сатты?! Сыншыл, тапқыр ақындық өнеріне, жеңіп шыққан айтысына бәйгі, олжа алып отырған ақын-жыршыны бас салып сөгудің жолы бар ма? Ерден, батырдан, ақындық күшімен ерікке қоймай, бір-бір ат мінген Орынбай, шаирлердің өнері, қырғыз Шабденді, Тезек төрені сөзден ұтып, жеңіп, бір тоғыздан сыйлық алып қайтқан Сүйінбай, Түбектердің өнерін кемітуге бола ма? Әңгіме сол айтылған өлең, жырлардың өмірлік сырында, сыншылығында. Бұл жердегі сыйлық, олжалар ақынның алуға

тиісті, занды қалам ақы сияқты. Демек Ыбырайдың ақындығы, бір жағынан, кәсіптік, профессионалдық сипат алуында ешқандай ерсілік жоқ еді. Ақынның жайы да нәзік, өзін құрметтеген, сыйлаған қауымға, халыққа жақсы сөзін арнаған.

1965 жылы Қызылжар мен Қостанай арасындағы керей, уақ рулас елдерді аралағанында Ыбырай сөзін, ол жайындағы әңгімелерді көп есітіп, тыңдадық. Бәрінің аузында да Ыбырайдың Орта жүзді, атығай, қарауылды аралап жүріп, пайданы көп көргенін, соның ішінде керей, уақтай жомарт елді таба алмағанын айтады.

Әр жерде тиіп еді пайдан, керей,
Салып едім ортаңда сайран, керей,
Астыма ат, үстіме киім берген,
Атыңнан айналайын, қайран керей,—

деген сияқты өлеңдері оның халыққа айтқан алғысы сияқты.

Ия, Ыбырай халықтың өнерпаз әншісі, артисі.

Артистерге тән ойнақы, сан алуан құбылмалы мінезімен де Ыбырай жұртқа жаққан. Қас-қабағының, ажарының, отырыс-тұрысының шапшаң, түрлі өзгеріске ұшырауы, өлеңдері ғана емес жай сөздерінің желдей есіп, бірде қайралған қылыштай өткір, бірде әзіл аралас, күлдіргі, бірде терең ойлы, бірде нәзік сырлы болып отыруы — тыңдаушы халықты тылсымдап буып, баурап алады екен. Әрине Ыбырай сөздерінің арасында зат пен көріністі жалаңаш күйінде айтып қалатын тұрпайы қалжындар да кездеседі. Мәселен «Қарақат көзді» атты тамаша сұлу өлеңінің бірнеше шумағын ол тұрпайы сөздерді араластырып айтып отырған.

Омар қария айтады:

— Мен көпті көрген қариямын. Шыңғысты да, Зілғараның Әлібегін де көрдім. Солардың мәжілісінің ішінде қазақтың талай ақын-әншілері кездесті. Мен көріп, жақын араласқан кезімде Ақан сері жасы ұлғайғандықтан ба, қалай, салмақты тазалық пен сыпайылықты тәуір көретін орнықты адам еді, ал Ыбырай болса жын қаққан перідей, ұшып-қонған бір көбелек еді. Үлкенмен үлкен, баламен баладай, қалай болса солай ойнап-күліп отыратын. Алты қырды күңіренге, ақырып, шырқап салған әні айдаһардың лебіндей кімді болса тартып, алды-артын орап, буып тастайтын. Осы күні жұрттың қымызға, сыраға, араққа елтіп мас болғанын көріп жүрсіңдер ғой. Ал Ыбырай әнімен,

өнерімен бәрімізді де сиқырлап есімізді тандырып тамсандырып жіберетін. Нақ желідегі байлаулы құлындай, Ыбырайдың өнеріне балқып мас болып, қашан ол тоқтағанша еркімізден айрылып, ешқайда тырп ете алмайтын едік. Мен тоқсан бес жастағы шалмын. Осынша жасағалы Ыбырайға пар келерлік керемет өнер иесін көрген емеспін.

1924 жылғы мақаласында Сәбит те «оның әндерінің құбылыстары, дауысының ырғағына қарай тыңдаушыны теңселтіп, денесінен билігін тартып алып, өзіне бағындырады» дейді. Ыбырай өнерінің осындайлық сиқырлы күшін Жақан да, Шахмет те қызық әңгімелейді.

Өнермен етене болып қалыптасқан әдет адам өмірімен бірге жасайды. Бірге жасап қоймайды, оның дағдылы мінез-құлқына айналады. Серілік дәуіріне тән қылықтарын Ыбырай егде тартқан жасына қарамастан бұрынғы әдеті бойынша ажарландыра қайталайтын болған. Бірақ сол сырттай ойын-сауық, қылжақ болып көрінген мінездерінің ішкі сырлары әлдеқайда терең екені, тіпті творчестволық өміріне өте жауапты қарайтыны аңғарылады.

Қыдырма, Молдахмет қариялар айтады:

— Бір мәжілісте Ыбырай жасы үлкен адамдарға ерсі, тек біздің жастарға ұнайтын қылжақ сөздерді айтып отырғанда, үй иесі Оспан шал, осы мінезді ұнатпағанын, ойынын-шынын араластыра — қылжақтықты, сұрамшақтықты қоятын мезгілің жеткен жоқ па, бәрімізден тартып алғандай, олжаны сапырып келесің, содан бізге берерің бар ма? Жын-шайтанның дегенімен кеткен күнәң таудай. Ораза, намазды білмейсің, құдай алдында не деп жауап бересің? Тәубеге келер күнің бар ма, мыналармен бірге қайта жасарам дейсің бе?— деді.

Бұған Ыбырай айылын да жиған жоқ, қарқ-қарқ күлді де:

— Қазақтың дәулеті түкке аспай шашылып жатыр, атыңды кім мінбейді, асыңды кім ішпейді, құмға сіңген су сияқты ізі-тұзы жоқ, ал, Ыбырайдай ақынға бергенің жоғалған жоқ. Қасыңда ән салып жүрген жоқ па? Біржан өлеңіне қоспаса, Жанботаны кім біледі? Мырзалы Шөбекең, Шалекең, сен бәрің де өлеңімнің төрінде жүргеніңізді азсынсаңдар, қояларыңды ақтарып, көріне бір-ақ жіберейін бе осы?— деп Оспанды жасқандырғандай болды да:

«Ұшады бозша торғай Сұңғақ көлден,
Қызығы бұл дүниенің ойнап күлген»

деп, қайтадан қалжың сөзді, ән, күйді бастап кетті. Бір орайда Ібекең Оспанның жігіт кезіндегі кейбір оспадар қылықтарын еске түсіріп, қылжақ өлеңге қосып, жұртты қыран-кескі күлкіге мәз қылып алды да, тағы да:

— Уай, Осеке, мен «Гәккуді» сатам. Бағасы өте қымбат,— деді.

— Ой, не дейді мынау жынды неме? Жұрттың бәрі айтып жүрген әніңді неге сатып алам? Бес тиын төлемеймін.

— Сенің малың да, қымызың да жұрттың бәріне жетпейді, ал менің «Гәккуім» бәріне жетеді. Сендердің бар малыңды жиса да құнына тұрмайды... оны сатып алуға дәулетің жетпейді.

Ыбырайдың қалжың сөздегі тапқырлығы, тұтқиылдан бөгелмей өлең шығаратындығы жөнінде әңгіме, естеліктер мол айтылғанымен оның нақты фактілері әлі жеткілікті жиналған жоқ. Оларды жинап жүйеге келтіру өз алдына үлкен міндет.

Кенжеғали деген құрбысы қайтыс болғанда, оның қызы — ағаң қайтқалы біздің үйді елемедің деп өкпе айтыпты. Сонда Ыбырай қызға айтар көңілін, құранның мақамына салып сарнай жөнеліпті. Қыз да, отырған басқа адамдар да құранды тыңдағандай үнсіз мүлгіп қалмай, шек-сілесі қатқанша күліп жіберіпті. Имамбай деген биге де құран мақамымен көңіл айтқан батасында:

Айналайын Имекем,
Бұрынғыдай би ме екен.
Періштелер келгенде
Бұтына қалай сиді екен,—

деген тақпақ кездеседі.

Ақын жас кезінен бастап, ел үстінде қаймақтай қалқып, еркелеп дәурей сүрсе де, ізгі адамгершіліктен, шындықтан, әділдіктен таймаған. Сұлулық дүниесін қастерлеп, нәзік сезімнің әуенімен жүргенінің өзінде де Ыбырай өз жүрегінің ұжданына берік бас иген, жоғарыдағы әзіл аралас сөздерінде де ақынның жүрегінен туған қаншалық ақиқат сырлар жатыр!

Намысына тиіп, ызасын келтірсе, Оспан сияқты менменшіл адамдардың қоясын ақтарып, өлеңнің көріне жібермек. Кеудесіне нан пісіп, мейменси тасқан маймақ болыстың қоясын ақтарады да, кеше ұрлық-қарлықпен, қулық-сұмдықпен жүрген маймақтың бүгін болыспын деп

кісімсініп, кеуде қағуы сондайлық өрескел, жиренішті қылық екендігін өткір тілмен ажуалайды.

Әнші-ақындардың поэзиясына тән, негізгі ерекшелік, сыршылдығы, көңіл күйі, өмірдің, адамдардың жарастықты көркем көріністері, нәзік сезім күйлері лириканың өзекті сарынына айналады. Ал лирикалық кейіпкердің жан дүниесі арқылы, ақын өз өмірінің сырларын, өз өмірінің сыры арқылы замандастарының сезім әлемін жырлайтыны баршамызға аян, ақиқат. Міне осыдан келіп, біз Ыбырайдың көңіл күйі, махаббат тақырыбына арналған лирикаларының, өлең-әндерінің шығу себептеріне, өмірлік сырларына үңілеміз. «Қыз Жібек» операсы арқылы бүкіл мәдениет әлеміне кең тараған «Гэкку» әні, қалың ел аузынан тастайтын «Қарақат көз», «Алты басар», «Мақпал», «Майда қоңыр», «Қалдырған», «Маңмаңкер», «Шалқыма» сияқты сөзі мен әні бірдей әсем тамаша өлең-әндер Ыбырайдың үздік, ақындық, композиторлық, әншілік талантын танытқан шығармалар. Біздің қолымызда бұл шығармалардың қай мезгілде, қандай жағдайда туғандығы жөнінде деректер шамалы. Замандастарының естелігіне сүйеніп, әркім әр түрлі жорамал айтады. Біз де сол жорамалдарды еске ала отырып, ақынның творчестволық дүниесін тануда маңызы бар біраз өлеңдеріне назар аударайық.

Ыбырай өлеңдерін жастайынан жаттап, жинап жүрген Есім Байболов 1960 жылғы «Әйгілі Гэккудің» авторы кім?» деген мақаласында Ыбырай «Гэккуді» жиырма жасында Қәкима деген қызға ғашық болып шығарыпты дейді¹. Профессор А. Жұбанов та осы жорамалды мақұлдайды, алғашқы кездескен сауықтың үстінде бір «кеште» туған ән дейді².

«Гэкку» сияқты ғажал сұлу классикалық әннің бір кеште тууы мүмкін бе деген сұрауға жауап іздемей-ақ, бұл жөнінде Ыбырайдың қасында бірге жүріп сырлас болған адамдардың пікірлерін ортаға салайық.

Молдахмет Ержанов айтады:

— Маған Ыбырайдың өзі де, Молдахмет Тырбиев та «Гэкку» жайын көп әңгімелеп еді, «Гэккуді» айтқанда Ыбырай жын ұрған бақсыдай, есінен тана жаздаушы еді,— осы әнді шығарам деп көп қиналдым, көп азап шектім ғой дейтін. Атбасар жағынан ел аралап келе жатып, жолда бұған сері, бір жас жігіт кездесіп қасына еріп достасады,

¹ «Лениншіл жас», 10.1.1960 ж.

² «Замана бұлбұлдары», 1963, 172—174-беттер.

жігіт Ыбырай өнерінің алдында табынып, бас ие отырып, өзінің әншілік өнерін Атбасар елінің жаңа, жақсы әндерін, көңілінен кетпес арманын айтады.

«Еркем едің ақ маралдай керілген,
Екі аяғың бір басуға ерінген»

деген жігіт әні де қатты ұнап, Ыбырай оның көкірегін кернеген арманына құлақ қояды. Осы елде өзі сұлу, кербез, тәкаппар, теңдесі жоқ әнші Кәкима қызға сөзі өтпегенін, қыз маған ешкім есітіп білмеген ән керек дейді, ондай әнді қайдан табам, арманым да, сандалып жүргенім де осы бір ғашықтықтың салдары дейді жігіт. Ыбырай бұған зор мән беріпті. Қасында әлгі жас жігіт, және басқа бір топ серіктерімен қызды іздеп, үлкен бір тойда кездесіпті... Жігіт гармонмен, Ыбырай домбырамен ән салғанда Кәкима екі әншінің ортасында отырыпты. Ыбырай осы бір өнерлі, асқақ мінезді қызға өзі де қызықса керек. Досының көңілін де, Кәкиманы да қиып кете алмай, ол елде әлденеше айлар бойы Кәкима туралы әнін шығарып, айта алмай қиналып, сандалып жүріп алады... Ыбырайдың «Гәккуі» сол бір қиналудан туса керек...

Жазушы Ғалым Малдыбаев былай дейді:

— Ыбекең көптеген өлең-әндерінің тарихын баяндап барып, содан кейін әнін шырқап, өлеңін айтатын еді, «Гәкку» әнінің шығуын былайша баяндайды ол:

— Ән, жиын... жын қуып жүрген кезім, Кәкима деген сұлу қызға әнмен өлең шығармақ болдым. Күндер, айлар толғанып жүріп, бір шілдеханада Кәкимаға осы ойымды білдірдім. Кәкима да домбырамен өлең айтатын. Домбыра кезегі келгенде әлгі қызым маған күлкілі көзін бір қадады да, өлеңді қоя беруі бар емес пе?

Ақынға неге керек күр мырзалық,
Сүйгенін жаутаңдатып ойға салып.
«Айтатын сертіңе жет» деген мақал
Болмай ма ән шығарсаң өмірге азық.

— Жаман қатты ұялдым,— дейтін Ыбекең кеукілдеп күліп,— аузыма түскені:

Таусылмас дариясы әзіл, наздын
Мамығы жанымға ем қоңыр қаздың.
Қыл арқан ат мойнында шірімейді
Періште жанабыңа қарыздармын,—

деп кете бардым.

Міне осыдан кейін Ыбырай Қәкимаға естен қалмас өлең шығару әлегімен болады. «Я, жасаған, аузыма жақсы ән сал, не осы арада мені ал» деп зар илейді, түсінде қаңқылдаған қоңыр қаздың дауысын естиді. Түсінен ертелі-кеш Қәкиманың сәулесі жетпейді. Өңінде я түсінде қиялынан кетпеген Қәкима туралы ән бірте-бірте айқындала беріпті.

Ыбырайдың өзімен сөйлесіп, ең алғаш өмірбаянын жазып алған Сәбит Мұқанов та «Гәкку» әнінің шығуына Қәкима қыз себеп болғандығын, Қәкима мен Ыбырайдың бірін-бірі танысып білісуінің арасында үш жылдай уақыт өткендігін, қыздың айттырған жігіті де сырнайшы өнерпаз екендігін дұрыс түсіндіреді. Қәкима бір жағынан Ыбырайды, екінші жағынан берген жерін қимай, сынаптай толқиды.

Сырнай мен домбыраның арасында
Балқыған қорғасындай, қайран Гәкку,

дейтін себебі сол¹.

«Гәкку» әнінің қалай, қандай жағдайда туғандығын анықтайтын Ыбырайдың өз айтуынан алынған бұл деректердің маңызы үлкен. Алдымен «Гәкку» әні тек сол Қәкимаға ғашық болғандығынан ғана шығарылған, асқақ мінезді сұлу өнерпаз қыздың замандастары алдына: бұрын естілмеген ән тауып кел деген талабына қызығып, намыстанып, сол бір творчествоға құлай берілгендігінен туған:

Құс салып айдын көлді дабыл қақтым
Ән салып талай жердің дәмін таттым.
Жетсін деп осы дауысым Гәккуіме
Гәккуді қоңыр қаздай қаңқылдаттым.
Таранған айдын көлде сен бір аққу
Мұндай сөз естіп пе ең бек ләззәтлу
Сырнай мен домбыраның арасында
Балқыған қорғасындай, қайран Гәкку.—

деп келетін әні мен сөзі бірдей назды да еркелі сезімге, асқақ әсем үнге, баяу да еркін, ойнақы ырғақтарға толы тамаша ән өлеңінің лирикалық кейпікерлері терең, шебер бейнеленген. Аққу сынды сұлу қыз Гәкку өмір дариясында еркін жүзіп, сіңісіп жырлап, балқып ән тыңдайды. Айдын көлді дабылдатып, барлық елді кезіп, аңсаған Гәккуіне арнап жігіт ән шырқайды, сол аққу сынды сұлуға ынтық, күйлі сезімін баяндайды, қайта-қайта «Гәкку-Гәкку» деп аққу құстың сыңқылдаған әсем назын шертеді. Гәккуді

¹ «Қызыл Қазақстан» журналы, № 7—9, 1924.

сүйген әнші, сері жігіт махаббаттың үмітсіз зарын айтпайды, шаттыққа, үміт дүниесіне бөлеген арманды жырлайды. «Гәкку» үні алыста емес, жанында сырласып, сыбырласып отырғандай. Ән шырқалып, кең даланың төсіне, көгілдір таулардың қияларына жайылып жатса да оның жаңғырығы сол әсем қалпында қайта естілгендей сезімінің нәзік пернелерін тербеуден тоқталмайды.

Әдетте лирикалық өлеңдердің көбі акынның даралық өмір кезеңіне байланысты туады. Ол лирикасы арқылы белгілі дәрежеде өз өмірінің кейбір қырларын баяндайды. Бірақ бәрін емес. Ақын өмірде көріп, сезгенін лирикалық кейіпкер атынан бейнелейді. Әлем поэзиясындағы атақты ақындардың махаббат, көңіл күйі, лирикасы, объективті өмірдің сәулесі ретінде туғандығын, Пушкин, Лермонтов, Абай, Блок, Есенин лирикаларының өмірлік төркіні, даралық құбылыстан көрі әлде қайда тереңде, өз заманындағы жас қауымға ортақ рухани дүниеде жатыр. Олай болса Ақан сері, Ыбырай сияқты ақындардың махаббат өлеңдерінің сырларын да кеңірек байымдағанымыз жөн. Абай қазақ жастарының атынан: «Айттым сәлем қалам қас», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдерді шығаратын болса, Ыбырай да «Қарақат көз», «Қаралдым», «Жайма қоңыр», «Алтыбасар» сияқты халық арасына кең жайылған сұлу әндер шығарады. Жас жігіттің атынан сұлу қызға арналған сезім күйлерін шертетін «Қарақат көздің» өз ырғағы, өз сарыны қызықты. Лебізі бал қаймақ, оймақ ауыз, қиғаш қас, ақ маңдай, бұраң бел сұлудың портретін жасап, бұған жас қауымды құмартады, сол бір сұлу өмірімнің еркесі, соған жан да, мал да садаға деп біледі. Әрбір жастың өз сүйгені, өз қалағаны бары, соған лайықты сезім сырлары да әр алуан.

Өз замандасы қазақ жастарының басынан кешетін жастық, махаббат сырлары, қарақат көзді сұлудың бейнесі акынның творчестволық қиялында үнемі жаңа бір жарастық тауып, құлпырып жандана түседі.

Артық туған қаралдым
Сенің үшін жаралдым.

(«Қаралдым»)

Ей қалқа, талпынушы ең бала құстай
Аулыңа неше келдім ала қыстай
Бір жаман мал бердім деп алып кетер,
Тұйғыннан жем айырған ала құстай,—

(«Алтыбасар»)

деген екі жастың бір-біріне ынтызар көңіл күйін, өкініш үмітке толы арманын шертеді.

Ақын қашанда өзі сезініп, толғанған дүниені, ақиқат шебер жырлайды. Ол барша өнерпаздардың басынан кешкен ақиқат. Демек, Ыбырай да жастық, серілік дүниені өз басынан өткен кейбір драманы да терең тебіреніп, өлең-жырына қосқан. Ғалым Малдыбаев, Молдахмет Тырбиев тағы басқалар Ыбырайдың үй тұрмысынан бірталай дерек береді.

Ыбырай бірнеше әйел алған. Үшеуі өлген де, біреуін өзі тастапты. Соңғы алғаны Дәметкен болыпты. Мақпал, Алтынай, Жәкен деген қыздарға ғашық болса керек.

Қазақтың халықтық махаббат лирикасында поэзиялық образға айналған Алтыбасар, Мақпал, Майда қоңыр, Ләйлім, Жамал, Сырғақты, Шалқыма сияқты әдемі есімдерді өз өлеңдерінің өзекті сарынына айналдыра жырлаған кейбірі бейнелі, кейбір тура мағнадағы ол есімдердің ақын өміріне тікелей қатынасы болғаны жөнінде айтылатын көптеген әңгімелердің негізі шамалы. «Алтыбасар» Алтынай деген сұлуға ғашық болудан туғаны сөзсіз. Сондай-ақ «Майда қоңыр», «Екі торы ат» өлең әндерінің өзінде дарқан ақын даралық сезімнің шеңберінен шығып, лирикалық кейіпкердің жан сырын түйіндеп беруге назар аударғанын аңғарамыз.

Алайда Ыбырайдың әйелді қалың мал төлемей, көңіл қосқаннан алып қашқандығы жөніндегі фактілердің кейбірі оның поэзиясында із қалдырады. Ыбырай алғашқы қайтыс болған әйелдеріне де алып қашып қосылса керек, бірақ олар жөнінде әңгімелей де, өлеңдей де дерек жоқ. Тек таңдап алған Жәкен туралы бірталай әңгіме, өлеңдер сақталған, Молдахмет Ержанов былай дейді:

— Ыбырайдың жігіт ағасы болып қырықтың ішіне кірген, бірақ ақындық даңқы жер жарып дүрілдеп тұрған шағы, оның алдынан ойын, сауық, қыз-қырқын, сұлу қыз, әнші-ақын кетпейді. Бұрынғы әйелі өліп, қыз таңдап жүрген кезінде, бір талайдан бері таныс, іштей бір-бірін ұнатқан Жәкеннің ұзатылар тойына келіп, сол той күнгі түнде қызды алып қашып, атығай Бекет ақынның үйіне жасырады. Бекет пен қызды ертіп қарауыл Қожахмет, Жақыптың үйлеріне келеді. Бұл екеуі де және бір Ақан сері мен Ыбырайға әр қашан дос Шалабай қария да, керей ішіндегі шағалақ рулас ел түгелімен Ыбырайды қорғап, алып қашқан Жәкеннің қалың малын бөліп төлеп, жанжалды басыпты.

Ғалым Малдыбаев былай дейді:

Жанжал оңай басылмайды. Әсіресе жесір иесі Ыбырайды құртпақ болып соңына түседі. Ыбырай шағалақ ішіндегі атығай Бекет ақынның үйіне паналайды.

...Иесі бақ дәулеттің алтын қазық,
Аман бол, туған халқым шағалағым.
Патшаның соғысатын әскеріндей
Жігітін шағалақтың шамаладым.

Қырдан қырық, ойдан ондар сыйғызбайды,
«Еліне шағалақтың паналадым», деген өлеңі осы жайдан туған.

Оң жақта отырған басы бос қыз емес, тойын жасап ұзатылғалы отырған қызды алып қашу өте қиын жанжал. Бұл қылығымен атығай қарауылдың игі жақсыларын, мықтыларын түгел өзіне қарсы қойғандығын әбден сезінген Ыбырай, ел ішіне бүлік салғандай болдым-ау дегендей әрі іштей қатты толқып қиналып, әрі осы қадамынан қайтпас берік сезімін білдіріп, замандас құрбыларына «Сүйгенім жүре берді қасыма еріп», «Аузыма түрлі жауһар сөзім келді» деген өлеңдерін шығарып таратады.

Дүние мүлік жинамадым, қолда барды түгел шашып төгіп, атығай, қарауыл, уақ, керейді еркелеп аралап кете бардым. Маңдайым жақсылардан қағылған емес, «қан қараның төбесіне ойнаған төрт момынның тайпалған жорғасы едім», сүйгенімді алып қашқан тағы бір еркелігімді көтересің бе, жоқ па?

Мен келдім жауға бермес елім бар деп,
Қорғайтын сал, серісін ерім бар деп.
Мас екем, жас екем мен Жақып ағам,
Шегі суат дария көлім бар деп...
Сайрандап, дуылдатып жүрген шақта
Сұрлеулі жолға түстім жіп-жінішке.
Қалтам тақыр қыз алар қалың беріп
Жаным қалса жарайды елге келіп.
Ауызға дүрия жәуһар сөзім келді.
Ағайын, алды-артыңнан озып келдім,
Қолымда қаршығам бар қуғын да көп.
Бекетжан, паналайтын кезім келді
Артымнан жауымдай боп атталап қуып келіп,

Жарды, қалың малды жоқтаған жұртты тоқтатар күш сенің қолыңда — дейді. Ақынның айтқанындай қалың ел сүйікті ақынның еркелігін көтеріп алып, Ыбырайды да, сүйген жары Жәкенді де жесір даулаушыларына ұстап бермейді. Елдің басты адамдары жиналып, бір-біріне сал-

мақ салып келгенде, дау түйіні қызды алмақ, құдаларға жақын Шалабай қарияға тіреледі. Ыбырайдың дарқан ақындығы үшін өрт болып тұтанғалы тұрған дауды басып, екі жағын да бітімге келтіреді.

Ыбырай өмірін жете білушілер осы дауды басуда Қожахмет пен Жақыптың салмағы басым болғандығын айтады. Қожахмет Ыбырай сияқты ақындарды төңірегіне топтап жүретін мықты, сауыққой адам екен, Қожахмет арқылы болыс ағасы Жақып та Ыбырайды қолдайды, бұл Ыбырай үшін үлкен күш. Алайда Жақып пен Қожахметтің осы дауға белсене араласқаны да аяқсыз қалмайды. Кейін отаршылдық дәуірінің тартысына ұштасады. Оған кейінірек тоқталамыз.

Сонымен Жәкенге үйленумен Ыбырайдың семьясындаға өзгеріс тоқталып, балалы-шағалы болады. Үнемі ел кезіп айлап, жылдап жоғалып кетпей, бірталай уақытын үйінде, аулында өткізеді. Бірақ Ыбырай қайда болса да оның жүріп-тұрған жері ойын, сауықсыз, думансыз өтпейді. Қожахмет, Бекет, Ескендір сияқты замандас құрбылары үнемі еліктіріп, аңшылық, мергеншілік, саятшылық жолына да түсіреді.

Ыбырайдың қолында енді домбырамен қатар жақсы, алғыр қыран құс, қаршыға да, жүйрік тазы да болады. Мұның бәрі де кешегі өзі көріп араласқан Біржан, Ақаннан қалған дәстүр деп санайды. Міне осы кездегі өзінің замандас жастардың саятшылықпен әуестенген салтын қастерлеп «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» деген сюжетті де суретті өлеңін шығарады. Бұл — Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» сияқты, құбылыс пен мінезді, сезім мен ойды шебер мүсіндеп жеткізген тамаша көркем лирика.

Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танаураса
Болғанда іші қызыл орман түлкі
Құлпыртып жер сабаумен сабауласа...
Бүркіттің сонда тұрса саңқ-саңқ етіп
Күтіліп саятшымен бабы жетіп,
Қарғылы тұрса қазың сылдыр қағып,
Танертең аңға шығар мезгілінде.
Ертелеп келсе жетіп сылаң қағып
Қызыл жел көңілінді қыздырмалап.
Тұрмай ма тағаныңды бұздырмалап.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы
Үшеуі ер жігітке құйрық-қанат
Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып
Соңынан қуса тазы сылдыр қағып,—

деп саятшының тауды, қырды кезіп, түлкі алып, көңілі толып, жаны рахатқа батқан шағын айнытпай, дәл түсіреді. Бұлтты қақ жарып аспанға шырқай көтеріліп түлкіге түскен қыранның қимылы да, түлкінің бұлдір қағып қашқаны да, күні бойы тауды айналып, олжаны қанжығаға байланып қызды ауылға қарай оралып тартқан аңшының көңіл күйі қандай жарасымды, әсем!

Қазақ ақындары аңшылықты бірталай жырлаған, қыран бүркіт, алғыр тазы, жүйрік ат үшеуі де саятшылықтың да, жігіттің де жарастығы, сәні. Ақан сері де аңшылық көрінісін осылай суреттейді. Ыбырай қыранның түлкі алғандығымен суретті аяқтамайды. Түлкіні байланар, аңшының айналар жерінің де ерекше бір көрінісін естен шығармайды. Абай суретті қыранның түлкі алған жерімен тоқтататын болса, Ыбырай соның жалғасын да баяндаған.

Желіккен сол көңілім қайтқанда елге
Мінген ат қырауытып батса терге
Өлеңші, домбырашы қасында боп,
Кез болсаң қоналқаға бұраң белге.
Самауыр ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап.

Аңшының сұлу қызы бар үйге келіп, көңілді мәжіліс құрғаны да қандай жарқын, дәл елестейді. Мұның бәрі шынайы суреткер ақынға тән сипат.

Ыбырай қолма-қол өлең айтуға төселген, жүйрік, суырып салма (импровизатор) ақын болғандықтан, көптеген ақындармен айтысқа, өлең сайысына түскен. Оны білушілердің айтуына қарағанда, Ыбырай өзіне ұстаз болған Орынбай, Ақан, Біржан, Нүркей, Шөже, Тоғжан, Тезекбай ақындармен кездескенде бірер ауыз сәлемдесу, қағысу ретінде өлең айтса керек. Оның бер жағында өзінің құрбыларымен жеңіл-желпі әзіл-қалжың аралас айтысы да болыпты. Бірақ жас кезіндегі ондай айтыстарынан сақталып, жиналып қолға түскені жоқ. Қазір бізге белгілі Құдайбергенмен, Доскеймен ғана айтысы бар. Бұл айтыстың екеуі де Ыбырай егде тартқан кезінде, яғни 1910 жылдардың шамасында өтсе керек. Құдайбергенмен айтысында Ыбырай өзін Көкшетауға данқы шыққан ақын екендігін, шығыс халқына ортақ діни сарын аралас аңызды жырлап кететін болса, Доскеймен айтысында өзінің салдық, серілік өмірін баяндайды.

Ойлаған ой көңіліме түйін болды,
Сайрандап жүрген жерім жиын болды.

Ойладым Атбасарға барайын деп
Айғайды жиын топта салайын деп.
Қараған Атбасарға он бір болыс,
Солардан сый бағамды алайын деп.

Ыбырай қалың топты қақ жарып өлең айтып, айтыста Доскейді жеңіп, көп сыйлық, олжа алып елге қайтады. Есімбет деген әрі ақын, әрі той иесі Ыбырайға өнеріңді сынға саламын, бәйгеден келсең ғана сыйлығыңды толық беремін дейді. Бұл ақынды қайрап салар үлкен сынның бірі еді. Ыбырай іркілмей:

Есеке, арғын десең жақыныңмын
Олжа алған екі дайда батырыңмын.
Атығай, қарауылдан шығып жүрген
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын.
...Сең соғар Есіл тасып биік жарға
Өлеңге өлең сата жүргенім жоқ,
Өзімде өлең десең он екі арба.

Түк шықпайтын ақынды қайтемін. Толық бәйгенді тігіп қой тең түсер ақынмен ғана айтысамын дейді. Айтыс үстінде Ыбырай Доскейдің алды-артын орап, халыққа деген ризашылығын да, Доскейге жақ жуандардың мінін де өткір тілмен жеткізіп жырлап, шалқытып тасып кетеді.

Халқына тұрса сенің көңілің ұнап,
Құм қайрақ тастан аққан мен бір бұлақ.
Сөзіме, қайран халқым, мейірің қанбас.
Жақсының сыбағасы жая-жанбас.
Опасыз мына дүние жалған екен
Одағы талайлардан қалған екен,—

деп ақын айтыс үстінде халқы, заманы, өмірі туралы толғанған ойларын да аңғартып отырады.

Ыбырай бір жағынан ежелгі сері, ақ жарқын сауыққой мінезімен көрінсе, екінші жағынан жасы ұлғайған, өткен өмірі мен келешегіне көз жібере отырып, өкініш пен арманға толы ойларын да ортаға сала бастаған. Ақындық жаны жас Ыбырай осы бір жайшылықтан өмірінің ақырына дейін құтыла алмаған, жеңіп келе жатқан табиғи кәрілік пен серілік дүниесінен қол үзбеген асау көңіл алысуын тоқтатпайды. Жасы ұлғайған сайын Ыбырайдың өмір, заман туралы, жақсылық, жамандық, ізгі адамгершілік туралы ойлары да қалыптасып, тұрақтала бастайды.

XX ғасырдың басындағы тарихи қоғамдық өзгеріс, қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, патша үкіметінің отаршылдық саясатынан туған ауыр қысым, еңбекші ха-

лық тұрмысының күннен-күн ауырлауы, бостандық жолындағы арман-тілектердің бой көрсетуі тап Ыбырай сияқты саналы ақындарды толғантпай қоймады. Россиядағы революцияшыл қозғалыспен байланысты Мәмбетәлі Шөберек пен отаршылдық қысымға қарсы ашық күресуші Балуан Шолақ, Қожахметтермен Ыбырайдың жақын достығы кездейсоқ емес. Әсіресе ата-бабасынан бері қарай күн көріп, мекен болып келе жатқан жақсы, шұрайлы жерлерді патша үкіметі тартып алып, өздерін құнарсыз, сортаң жерге айдап көшіріп тастау саясатының іске асуы өз заманында Балуан Шолақ, Мәди, Иман-Жүсіптерді қандай ауыр күйге салса, Ыбырайды да толғантады. Ақан сері ата мекені Қоскөлден, Балуан Шолақ Қайрақтыдан, Ыбырай Жаңғызтаудан зорлықпен көшіріледі, күресерлік дәрмен жоқ, жерінен айрылған Қожахмет сияқты ер жігіттер, бұл қорлыққа шыдамай жерін, мекенін бермеймін деп қарсы шығады. Сол себепті ағасы Жақып екеуі сотталып жер ауады. Бұл уақиғалардың бәрі де Ыбырайдың творчествосында елеулі із қалдырады. Қазақтың ескі халі туралы бір жырында Ыбырай сорлы қазақ болыстыққа, шенге таласудан басқа тапқаны жоқ, қазақты қара жүрек, парақор төрелер адам қатарына санамады, байлар жалшы кедейді еңбегін жеп зарлатып жылатты. Қазақ сорлы қараңғыда жол таппай, қонатын айдын көл таппай, ауруына ем таппай, қанаты сынған қоңыр қаздай жүрген халық еді деп сипаттады. 1924 жылғы мақаласында Сәбит те Ыбырайдың жасы елуден асқасын қазақтың жерінен айрылған арманын, жаратылысты, заманды суреттеуге кіріскенін растайды.

Тюмень облысы Жалтыр ауданында тұратын 80 жастағы Камали, Көкшетаудың Айыртау ауданында тұратын 79 жастағы Тінеев Қалымсейіт қариялардың (Ыбырайды жақсы білетін) дәптерінде сақталған Ыбырайдың «Жаңғызтау» атты толғауы кәрілік кіре бастаған, елдің отаршылдық қыспағына ұшыраған заманның мұңын шертеді. Қалымсейіт бұл өлеңді Ыбырай 1911 жылы шығарып еді дейді. Мазмұнына қарағанда да осы шама дұрыс. Бұл нағыз Столыпиннің реакцияшыл саясаты жүріп тұрған дәуір болатын. «1907—1912 жылдары патша үкіметі қазақ еңбекшілерінің жерін өте көптеп жаппай тартып алып отырды. Патша үкіметі жергілікті халықтардың бұрыннан игерген, отырғызған ағаштарын зорлықпен тартып алу жолымен қоныс аудару фондысын жасай берді. Бұл жерлер ең алдымен кулак элементтерге тиді. Қоныс аудару систе-

масы шаруалардың негізгі бұқарасын күзейлікке ұшыратты» деп жазады «Қазақ ССР тарихы» (1957. I том, 546-бет).

Ыбырайдың қонысынан айырылуы да, елдің штат сайлауына араласып, одан түңілуі де, кәрілікке мойынсұнып уайымға беріле бастаған шағы да осы дәуір. Ақын заман ауқымын, өмірдің алдын-артын кеңінен толғайды. Замандас ақындардың салты бойынша, өзі араласып отырған қоғамдық ортаға наразылық сын айтады, өткен мезгілім қызықты еді, енді барлығы қысымға айналды деп біледі. Қазір билік малдының қолына көшті, жарлыда қуат қалмады. Атаның жолын қуам дегендер мерт болды. Көлде жүрген қоңыр қаз қара құстың жемі болды. Қазақ түгел сайлауға араласып — бар малын шашып, болыс-билікті қолға алмақ, елді жыландай арбауға келген ұлықтар күшқуатыңды алып, қойныңа, қонышыңа қол салды. Бұрынғы еркін көшіп, қону қалды. Бишара қазақ талып тұр, қолынан келер шама жоқ, ішің бір оттай жанып тұр... деп, қонысынан кеткен зар-мұңды шертеді.

Еркі болса өзінде,
...Құлан да кетпес қағынан
Тағдыр жазса болмайды,
Қойдай шулап жөнелді,
Атамыз қонған тауынан.
Алыстан төбең көрінген,
Көрінумен хабар берілген,
Қош-есен бол, Жалғызтау
Бауырыңды қыстап, жаз жайлап
Атамыз қонған тау едің,
Жан-жағымда пана едің,
Ешкімнен көрмей кемдікті,
Бетіммен өскен жан едім.
Қош-есен бол, Жалғызтау
Сыртында биік заңғар бел,
Суыңды ішіп, шөбін жеп,
Күнелткен сенен қалың ел.
Ол заман қайтып келмейді,
Соғып өткен ол бір жел.
Ел мен жер еске түскенде
Көзімнің жасы болар сел.
Сұм дүние алдаған
Адамзатты жалмаған
Кім бұзады еркімен
Қондырған ата сарайын.
Ата қонған сарайдың
Кім кетер қиып қанайын.
Қиыны мен оңайын,
Аманат сізге, ағайын.
Қош-есен бол, рухтар

Аққан бұлақ тұнықтар
Жалмауыз жалған дүние
Қайсыңызға тұрақтар.
Ризық дәмін біткен соң,
Күн сайын ажал жуықтар.

Қазақ ақындарының ел басына түскен зар мен мұңды, туған жердің қайғысын жырламағаны сирек. Барлығы да ата мекен қоныстан айрылғанға өкініп зар илейді. Бақытсыздықтың ең үлкені осы деп біледі... Бұл сарын қазақ жерін кең көлемде отарлау саясаты жүргізген Столыпин реакциясы тұсында және 1916 жылғы көтеріліс апаты кезінде күшейе түсті.

Кір жуып кіндік кескен қайран жерлер,
Көзіме бір көрінбей қалды-ау кейін.

(Мәди.)

Кең дала кеткенің бе кербетеге
Бұл жерде бала туып ер жете ме,
Суырдай іннен шыққан сүмірейіп,
Дариға-ай, мекенінен ел кете ме?

(Нармамбет).

деген өлеңдер, сондай-ақ осы тұстағы Ақан серінің, Сәкеннің, Бейімбеттің, Сұлтанмахмұттың, Мәшһүр Жүсіптің, Омар Қарашевтың тағы басқа ақындардың өлеңдерінің негізгі идеялық сарыны жерді жоқтаған ел мұңы.

1906 жылы I мемлекеттік думаның депутаты Бақытжан Қаратаевтың қазақ халқын ең бірінші кезекте толғанып отырған жер мәселесі, жерінің мөлшерсіз алына беруіне тоқтау салынса екен деген сөзін Ленин — бұл бұратана елдердің демократтық талап мұңы деп мақұлдағаны есімізде. Патша үкіметі ішкі Россиядан жүдеп, жадап келген орыс, украин шаруаларына немесе переселен басқармасының есебіндегі артық қазыналық жерлерді бөліп бермеді. Қазақ шаруаларының мекендеп, малын жайып күн көріп отырған жерін тартып алып берді. Оның үстіне патша үкіметінің оң көзі саналған отаршыл элемент казак-орыс байлары да жақсы жерлерді еркін ойып кесіп алып, пайдаланып талай ауылдарды көшіріп қаңғыртып жіберді. Қоныстан қуылған, мал жаятын жерлері жыртылып, егін салынған, ата-бабаның зираты аяққа тапталған, егіннің потырабы үшін күнде айып төлеген, ауыр жағдайда еріксіз жанжал тумай қоймады. Бұл патшаның халықтарды өз ара жауластырып, бір-біріне айдап салу саясаты еді. Бұл саясаттың сырына, әр ұлттың еңбекші шаруалары бірден

түсіне қоймады. Жер қайғысын жырлаушы ақындар да өздерінің мекенінен айрылу бақытсыздығына патшаның арандату әрекеті себепші екенін кең түсініп, оны әшкерелей алмады. Бұл идеялық қайшылық Ақан сері, Балуан Шолақ, Ыбырай өлеңдерінде баршылық. Көшпелі шаруа салт-санасынан аса алмаған, Россиядағы жалпы азаттық қозғалысқа ілесе алмаған ақындардың поэзиясына тән күштің де әлсіз ерекшелігі бар еді. Күштілігі — жерінен айрылған халықтың мұң-шерін жан толқыта күңірене жырлауы, әлсіздігі — сол мұң мен шердің түпкі тамырын аша алмауы.

Ыбырайдың заманына, кәрілік жеңген өз өміріне байланысты айтқан мұң мен шерге толы өлең-жырлары мол болған. Олардың көбі сақталмаған, қариялардың айтуына қарағанда Ыбырай Ақан сері сырқаттанып жатқан, қайтыс болған мезгілдерде де қатты жан толғауына түскен көрінеді, Ақанға жоқтау шығарып, егіліп жылапты. Сол Ақан қазасы кезінде шығарған өлеңдерінің кейбір шумағы:

Көз қайда айнадай боп жайнайтуғын
Тіл қайда бұлбұлдай боп сайрайтуғын
Ақыл қайда жер түбінен болжайтуғын
Тамақ қайда ішкенде тоймайтуғын.
Қайран жігер бәрі де жастықта екен,
Қарсылысқан дұшпаннан таймайтуғын.

«Жас күндегі көңілдің зауқы сөніп, жүру шабандап барады, достарды сағынатын болдық. Түсетін үй азайды» деп мұңын айтады.

Табиғат заңы өзгермейді, өмір ілгерілеген сайын, жасы алпысқа жеткен Ыбырайдың қайғысы мен арманы қалыңдай берді. Бұлдырап қарасын үзген, қайтып оралмас жастық та, суық құшақ арасын аша алқымдаған кәрілік те асау жан, ерке сезім иесі ақынға ауыр салмақ салды.

Ақын тілімен айтқанда «жалмауыз жалған дүниенің» толқыны да Ыбырай сияқты халық ардагерлерін ауыр қыспаққа кіріптар етті. Тар қыспақ тығырықтан ауыр салмақты көтеріп өте ала ма, жоқ сүрініп құлап мерт бола ма? Бұл да ақын алдына қойылған тарихтың сұрауы еді. Бірінші жиһангер қырғын соғыс заманы, 1916 жылғы халықтың көтеріліс жасап, апатқа ұшыраған дәуірі — осынау күрделі уақиғаларға Ыбырайдың қандай түрде үн қосқандығы туралы қолымызда дерек жоқ, Ыбырайды жақын білетіндер — елмен бірге күңіреніп, жылап-еңіреп, өлеңін айтып жүрді, қолынан келері жоқ, кәрілікті жеңері жоқ, әйтеуір жастық заманын сағынып жоқтай берді

дейді. Міне осы кезде жастығымен қоштасарлық, кәрілігін мойындарлық өз өмірі туралы терең философиялық толғауы «Қалдырғанды» жазуға кіріседі. Бұл жайында ең алғаш дерек берген Сәбит: «Осы қалыппен жасы 60-қа келеді. Сақал-шашы ағарады. Ойын-күлкісі сирейді. Алды-артына көз салады. Ойдан-қырдан ізденіп жастық уақытын қайтарғысы келеді. Ыбырайдың тілегі болмайды. Сөнген өмірі қайтпайды, суына береді. Айнала қарап, өз елінде ән салып жүрген Сұраған әншіге көзі түседі. «Қалдырғанды» Сұрағанға аманат қылады.

Алпысқа келдім, жамағат,
Шықпады ешбір жаман ат
Қалдырғанды тапсырдым
Сұраған, саған аманат
Халилау, халилау-халилай-лайлау
Ей, өтгің бе қайран заман-ай!

Бұл өлеңнің бәрі де күйінішті, өкінішті сөздермен айтылған («Қызыл Қазақстан», 7—8—9, 1924 жыл, 73 бет).

«Қалдырғанды» шығарған кезде Ыбырайдың ауылында болған Молдахмет Ержанов айтады:

— Менің 19—20-дағы кезімде Ыбырайдың «Қалдырғаны» шығып, кәрі-жасты бірдей қайран қалдырды. Біздің ауылдағы шалдардың сақалынан жас сорғалап жылап отырып тыңдағанын көрдім. Әннің шыққан кезінде Ыбырайды әрдайым көріп жүрсек те, «Қалдырған» жайын сұраған емеспіз. Кейін жасы жетпісті алқымдаған кезінде елдегі жастармен бас қосылған көңілді бір отырыста Ыбырай бізге мынаны айтып берді.

— Жан қиналмай ән тумайды. Ән де келіншектің толғатып ұл тапқанындай. Кәрілік алқымдан тастаған шағым еді. Жастық заманым қол былғап шақырғандай, қанша құмартсам да қайта айналып келер емес. Жанымды мазалап жүрген, жақсы әнім туарда түсімде сұлу келіншекті көретін әдетім еді. Келіншек күлімдеп қарап, сыңсып ән шырайын берсе, әнім ойдағыдай сұлу, асқақ болып шығар еді, ал келіншек оң шырайын бермей қырын тұрса, ол әнім оңбайтын. Дәл «Қалдырғанды» шығаратын түні ел жайлауда Сасық көлдің басында еді, қалың ел іші болатын. Түсімде сұлу келіншек кіріп келіп, күлім қағып оң шырайымен қарады. Әдемі бір ән салғандай болды, ояна келсем көкірегім күмбірлеп әлгі әнді сайрап тұр екен. Бұрыннан жанымды мазалап жүрген күйдің пернесі басылғандай... Ертеңгі қой өріп барады. Жұрт шырт ұйқыда, қасымдағы сүйеулі домбыраны ала салып, көңілдегі әлгі

енді тартып шырқай бастадым. Қайта-қайта бабына келтіріп, жөндеп тартып отырдым. Түсімдегі бұлдыр ән ажарлана берді. Әні мен өлең сөзі де құдайдың өзі ауызға салғандай — жарасым тауып сылдырап, ыңғайымен орала берді. Ерте тұрып, менің дауысымды естушілер — Ыбырай жынданып жатыр депті. Онымен жұмысым болған жоқ, әнімді қайта-қайта айтып жаттығып жатырмын. Көз алдымнан сұлу келіншек те, сұлу ән де енді кетер емес. Сол кезде дауысымды естіп, баламдай жақыным ақын Сұраған кіріп келді. Жанымды да, әнімді де қас-қабағымнан ұғатын досым жаңа айтып отырған әнімді қайта-қайта айтқызып, тез жаттап алды. Мен сол жерде «Қалдырғанды» Сұрағанға арнадым.

Қызығың дүние өткен күн,
Кейінгі қуып жеткен күн.
Байланбаған асаудай,
Сырт айналып тепкен күн.
Қара бура қартайып
Жар басына шөккен күн.

Сол күні-ақ Сұраған әнімді, маған тілеулес дос жаранға жеткізіпті. Бәрімізге қамқор Шалабай қария, үш күннен кейін мені көріп, «Қалдырғанды» өзімнен естіп, ықыластанна риза болып тыңдап отырды да:

— Уай Ыбырай, мынау ерте қоштасу ғой,— дегенде, мен:

— Жоқ, осы қоштасу дәл болады — дедім...

Сөйтіп «Қалдырған» Ыбырайдан ақындық, композиторлық өміріне терең түйінді, қорытынды жасаған, лиро-эпикалық дастан сияқты күрделі туынды, мұнда ақын қызық, сауық-сайранмен өткізген өмірін елестете келіп, дүниенің аса жауапты асуында тұрғандығын есінен шығармайды. «Заман-ай» деп өткен күнін жоқтап өкінеді. Алдағы көк тұмандай бұлдыр дүниені болжай алмай қиналады. Лирикалық кейіпкердің — ақынның ақиқат жан сыры қандай әсем, күн сәулесіне бөленген зәулім сарайдай, нәзік сезімнің пернелерінен күй шерткізе төгілген шешендік сөз өрнегі, екпінді, түйдекті ырғақ, ұйқас жарастығы, шырқап қалқытып, толқыта баяулай күңіренумен тынатын ән сазы. Өлеңнің тамаша терең мазмұнын да, көркемдік қуатын да танытады. Егер Абай өзінің ақындығына «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» мен үлкен бір түйін жасайтын болса, Ыбырай да «Қалдырған» арқылы өзінің ақын-әншілік өмірін тамаша түйіндеп, өлмес ескерткіш жасайды.

Шалабай қарияның сыны әбден орынды. Ыбырай ақындық дүниемен жастығымен асығыс қоштасады. Жасы қартайғанымен ақындық көңілі қартаймайды. Әсіресе, Ұлы Социалистік Октябрь революциясынан кейін Ыбырайдың творчестволық өмірінде елеулі өзгеріс туады, бұрынғы қайғы орнына енді, үміт арманы қанат қағады. Қазақ еңбекшілерінің бостандық алғанына, кедейлердің таптық күреске шығып, әлеумет ісіне араласқанына, жастардың ілімге, өнерге ұмтылуына, әйелдердің малға сатылмай, сүйгеніне қосылғанына, қазақ даласына отарба, машиналар келгеніне жан-тәнімен қуанады. Өлең, жыр шығарады. Совет халқының ұлы көсемі Лениннің өмірбаянын ұқыпты оқып тексеріп, мезгілсіз қайтыс болғанын жоқтап, Ленин туралы, Октябрьдің жеңісі туралы толғау-жырлар айтып таратады. Тіпті, «Дүние», «Құрама» сияқты кәрілігіне байланысты өлеңдерінің өзінде де қайта қанаттанған ақындық серпін айқын сезіледі.

Тарлан көк енді жорғалар
Көп думан келсе ағылып,
Домбырасын қолға алар
Қалған екен сағынып.
(«Құрама»)

Қайғысыз, мұңсыз жан болмас,
Ай жарығы таң болмас
Келістірмей жыр болмас,
Жақсының көңілі кір болмас,
Жақсы құста мін болмас,
Дүниесіз күн болмас,—

деген нақыл, термелер Ыбырайдың жаңа өмір сарын күйлеріне арналған өлең-жырларының кіріспелері сияқты. Ақын революция, Ленин туралы толғау-жырларында екі заманды — қара түнек патшалық заман мен бостандық алған советтік заманды салыстырады. Қара жүрек залымдардың қорлығындағы қазақ халқының, еңбекші кедейдің қолы бостандыққа жеткені ақын үшін ұлы мәртебе.

Суалып қалған көңілден,
Қуарып қалған өмірден
Тасыған дария сел шықты.

Байларды ауыздықтап, әділдікті, сәулелі өмірді Ленин бастаған большевиктер әкеліп орнатып жатыр, қараңғы тұманнан адастырмай, азып-тозғанынан басыңды қосып ел қылған Ленин бабаңды, ол салған даңғыл жолды, қазақ баласы, ұмытпа! Ленин Николай патшаны тақтан құлатып,

жаңа дүниеге жол ашты. Ыбырайдың суреттеуінде Ленин әлемнен асқан батыр, табиғатты жаңартып, күн жарығын орнатушы, сол далада тастан бұлақ ағызушы:

Тасыған бұлақ көз шықты,
Кұдық едік суалған.
Ленин шығып батысқа
Жетім-жесір қуанған.

Ыбырай да сол кездегі дәстүр бойынша «Пайғамбарын бастайтын, әділ жолды қостайтын Ленин еді күндерің», «Қолындағы шырағың, алдындағы жұмағың» деп суреттейді. 1925 жылы 26 май күні «Бостандық той» газетінде жарияланған «Ленин бабам» атты жырындағы:

«Лениндей басшы іңкәрім
Халық сүйген сұңқарым.
Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр төбесі,
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның,
Қайрандайды кемесі.
Бәрін айтып келгенде
Ұлы көсем данышпан
Ел шырағы дер едім»

деген күшті де тапқыр толғауы Ленин тұлғасын жарқын мүсіндеуге арналған жаңа бір ақындық өрнек болып табылады. Ыбырайдың бұл жырлары да ел арасына кең таралған, оның кейбір шумағы Жамбылға да жетуі ғажап емес. Сонымен Ыбырай революция әкелген жаңалықты, өмір өзгерісін шабыттана жырлайды. Бұған алдымен әлеуметтік ортаның қуатты ықпалы болды дей отырып, бұл жерде Ыбырайды жаңалық жолға баулыған Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ұзақбай Құлымбетов сияқты мәдениет қайраткерлерінің жолдастық, достық, творчестволық ролі зор екендігін ұмытуға болмайды. Жиырмасыншы жылдарда Ыбырай сияқты халық ақындары Қазақстанның барлық түкпірінде мол еді, бірақ оларды мезгілінде елеп, өлең жырына мән беріп, ақындығына жол сілтеушілер аз болғаны баршамызға аян өкініш.

Революциялық өмірдің жаңалығы, бүгінгі жастардың жаңа салт-санасы Ыбырайды қатты желпінтеді. Жиналыстарда, мерекелерде Ыбырай өлеңмен сөз сөйлейді. Әлденеше рет Қызылжар, Көкшетау қалаларына да шақырылып келеді. Ыбырайдың өлеңдері де, әндері де қағазға түсіріліп жазыла бастайды. Ыбырай көшпелі ауыл ортасының

ғана емес, қаладағы сахналы, митингілі, жәрменкелі жерлердің де қадірлі адамына айналады... Қызылжар қаласындағы белгілі музыкант И. В. Коцик, Орынбордағы А. Затаевич Ыбырай әндерін жазып нотаға түсіреді. Ыбырай Сәкеннің, Сәбиттің қасына еріп Көкшетау елін аралайды. Ыбырайдың жүрген жері әрі думан, ойын-сауық, әрі жаңалықтың жаршысы болады. Ол ән-күйді де, бүгінгі өмірдің маңыз-мақсатын да үздіксіз жырлап отырады. Сәбиттің, Молдахметтің, Ғалымның айтуына қарағанда, Ыбырай өмірінің соңғы кездерінде тарихи аңыз-әңгімелерді де өлеңмен жырлай бастаған, жиырмасыншы жылдардың басында,— дейді Сәбит,— «Мың бір түн» мен «Тотының тарауын» өлең қылып айтып, әр біреуін отыз, қырық күнде айтып бітіре алмай жүреді. Бұл өлеңдері тіпті ғажап шығарылған. Ыбырай содан бері осы күнге дейін ептеп жазып жүр. Он шақты тетрадьтай жазған өлеңі болса керек. Оны Көкшетаудың сенімді азаматтарына тапсырыпты. Баспаға бергізбек. Бізге ескі әдебиет өте қажет. Бұдан былай қарай ескі әдебиетті жинауға кіріскенде, кімнің болса да ойына алдымен Ыбырай түсуі керек» («Қызыл Қазақстандағы» мақаласында). Сәбит Ыбырайдың Ленин, Октябрь туралы кейбір өлеңдерін 1927 жылғы «Ақындардың шашуы», 1928 жылғы «Ленин» жинақтарына кіргізеді. Осы кезде «Жазғытұры» дейтін өлеңі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланады. Молдахмет Ержанов та Сәбиттің пікірін толық растайды.

1927—1929 жылдары Ыбырай өткендегі хикая, дастандарға, ертегі сөздерге көбірек ойысып жүргендігін, «Тотының тоқсан тарауын» өлеңмен жазып жүрген қолжазбасын үйінен «Алтын балық», «Мұңлық — Зарлық», «Қыз Жібек» дастандарын Сәкеннің Көкшетау, Оқ жетпес туралы өлеңдерін көргендігін айтады. Сол жазып жүрген дастанының бір тарауы ма, қалай, бір кеште ұзақ, қызықты бір хикаяны Ыбырай жастарға әңгімелеп беріпті. Әңгіменің мазмұнында ізгі адамгершілік, даналық, әділдік дәріптеледі де, қаталдық, озбырлық әшкереленеді. Қайыршы мүсәпірдің өлімнен құтылып, барша мұрадына жеткені баяндалады. Ыбырай жазба әдебиеттің, Сәкеннің, Сәбиттің әсерімен «Көкшетау», «Отарба», «Көктем» туралы бірлі-жарым суретті өлеңдер де, өзінің кәрілігіне, ізгі адамгерлік жайына арналған өлеңдер де жазады. «Қалдырғаннан» кейін «Құрама», «Дүние», «Қара торғай», «Терме», «Менің атым Ыбырай» сияқты тағы да мұң мен үмітке, философиялық ойға ойысқан өлең-әндерін шығарады. Барған са-

йын ақын жырында мінез-құлық түзеу, жақсылық, жамандық, достық, қастық жайлары тереңдей береді. Бұрын орта жүзді шалқыған дарияға, өзін аққу құсқа балайтын болса, енді дүниені алдаушы қақпас кемпірге, алжыған қара төбетке ұқсатады. Кеше дүние сыландаған сұлу жар еді. Бүгін жалмағалы отырған кемпір сияқты. Таңертеңгі қара торғайдың сайрауы тас көңілді жібітеді. Жағынуды, қиянатты қарғағандай да, адалдық, уағадалы сертке беріктікті ардақтайды.

Бірді алдап жүрем, бірді қорғап,
Жігіттікті өткіздім өмір талғап,
Қысқа жіп күрмеуге келмегесін,
Ұшығына жібердім кендір жалғап.
Қайран дүние, өттің бе,
Гармон менен домбыра,
Мені тастап кеттің бе,—

деген өзінің «Қалдырғандағы» сарынға қайта айналып орала береді. Қызықты жастық дәуренін сағынады. Қаншама сағынса да қайтып келмес дүниені жоқтап өкінеді. Бұрын дүниенің барлығы өзінің қолымда, еркімде деп білетін ақынның асау көңілі су сепкендей басылған, ендігі дүние ит дүние сияқты. Ол «жарға ойнаған лақтай. Қолын қанша жұмсаса да жылмиған, суылдаған сынаптай».

Ит дүние, қысырақтағы айғырдайсың,
Неліктен жанның бәрін бай қылмайсың.
Қайырам деп иесінің өкпесі уысына,
Сен оған қуанбасаң қайғырмайсың.

деп өз тіршілігінде кәрілікке мойынсұнып, кедейлік-жоқшылық жеңіп қажытқан шағынын мұң-шерін еске түсіргендей. Өмірінің ең қызықты дәуренін өткізген, ақындық табиғаты біте қайнасып араласқан ескі көшпелі ауылдың жақсы салт-дәстүрін жоқтап сағынуы да Ыбырайдың бойындағы жат мінезі емес еді. Сол кездегі солақай «жаңашыл» жастардың бұрынғы дәстүрлі ойын, сауық, өлең-жырды мансұқ етпек болған мінездеріне де, 30-жылдың қарсаңында ауылда жүргізілген науқандардың кейбір асыра сілтеушілік көріністері де Ыбырайға ұнамауы әбден мүмкін.

Турашыл, жаны таза ақын міне осы көріп сезінгендерінен де өлең-жыр шығарып тартуы ықтимал еді. Оның үстіне ауыл ақыны түгіл жазба ақындардың өзі де әр түрлі таптық салт-сананың әсерінен сырт қала алмады. Кәріліктің жеңуі, жаңалықты әбден баурай ала алмауы. Әнші

ақынның творчестволық өміріне ауыр салмақ салмай қоймады. Аңыз, ертегіге, ізгі адамгершілік қағидаларға, мұңды күйлерге бойұра беру сарыны міне осы жайлардан келіп туады. Мұның өзі Ыбырай өмірінің трагедиясын да жылдамдатады.

Ел ішінде ғана емес, ауыл, облыс көлемінде де Ыбырайдың беделі өте зор еді. Бірнеше жыл бойы ауыл жеріндегі өтетін науқандар Ыбырайдың белсене қатынасуымен, мақұлдап, құптауымен өтіп жүрген болса, соңғы кезде аудан, ауылдағы кейбір «белсенділер» Ыбырайды «сол ескіліктің» адамы деп сырттатып, қасына жолатқысы келмеуге айналды. Ыбырайға тілектес қызметкерлер не орнынан алынды, не ауысып кетті: Ыбырайдың беделі ел ішінде бұрынғы қалпында қала берді, оны жек көретін адамдар да бар еді. Міне осылар бәрі қосылып, Ыбырайды жамандап, үстінен қағаз түсіріп, мазасын алып, жаңалыққа қарсы адам етіп шығарғысы келді. 1929 жылы күзінде Ыбырайды бірнеше рет көріп жүрген Молдахмет айтады:

— Бұрын неге болсын әзіл-қалжыңмен бейғам отыратын Ыбырай, тынышсызданып, уайымшыл бола бастағандай. Жақсылық, жамандық, ол дүние, бұл дүние жайын айтатын болған сол уайымды басқысы келгендей ара-арасында арақ ішіп қалып жүрді. Бір сөзінің кезегінде ол:

— Түсіме Орекең кіріп, домбыраң қайда, кімге бересің деді, мен домбырамды көрсетіп ұсына беріп, оянып кеттім. Мені қасына шақырғандай болды-ау! Аһ жалған-ай, домбыраң жоғалмайды дедім. Не сіздің, не біздің тұқымнан қу қарағайға ие болатын біреу туар деп ауыр мұңды ойға батып отырып қалды. Осыдан кейін Ыбырайды көре алмадым. Сол кезде аудандық заң орны Ыбырайды мезгіл-мезгіл жауапқа шақырып, мазасын алып жүргенін соңынан білдім. Көп ұзамай ол ұсталып, сотталып кетті. Ыбырайдың даналығына қайран қалам! Орекеңнің қасына кетіп бара жатқанын, домбырасын жоғалтпайтынын біліп отыр. Осыны ойлағанда Ыбырайдың өнерін ұстап қалған немересі Мұсаны еске алам...

Ыбырай 1929 жылдың ақырында ұсталып, Көкшетау қаласында үш-төрт ай тергеу соты болып, айдалып кеткен, содан қайтып оралған жоқ. Отыз жыл үзілістен кейін барып Ыбырай ақталып, өзінің тарихтан тиісті орнын ала бастады. Ыбырайдың атақты «Гэккуи» «Қыз Жібек» операсының негізгі ариясы, операның өзекті сарыны (лейтмотивы) да, даңқты әнші Күләш әншілігінің шырқау биігі де осы «Гэккуге» тығыз байланысты екені жұртшылыққа аян.

Ыбырайдың ән-өлеңдері опера арқылы да, әндер жинағы арқылы да, ауызша да халық арасына кең таралған. Оның әншілік, композиторлық өнеріне өнер білімпаздары аса жоғары баға беріп келеді (А. Жұбанов, Б. Г. Ерзакович т. б.).

* * *

Сөз жоқ, Ыбырай өз заманының майталман жүйрік ақыны, асқан өнерпазы. Қайталап айтамыз, Ыбырайдың ақындығы, әншілігі, композиторлығы жан-жақты зерттеліп жеткен жоқ, бұл күнге дейінгі жазылғандардың барлығы да алғашқы таныстыру ғана. Ыбырай қазақтың халықтық музыкасын дамытуда қаншалық биікке көтерілсе, халықтың суретті лирикалық поэзиясын дамытуда соншалық биікке көтерілген ақын.

Поэзия мен музыка ежелден тектес етене құбылыс. Ыбырай өлеңдерін әсем әндері қандайлық ажарландырып отырса, әндерін шебер жазылған өлеңдері сондай ажарландырып отырады. Әні мен өлеңі бір арнадан, бар саладан өрнектеліп шығады. Мұның себебі неде деген сұрауға біз алдымен Ыбырайдың үздік ақын, композиторлығында деп жауап береміз. Бірақ бұл жауап жеткіліксіз. Жауабымыз толық болу үшін бұл жерде біз Ыбырай өлеңдерінің поэзиялық сипатына, ақындық шеберлігіне назар аударғанымыз жөн.

Ыбырай ауыз әдебиеттің дәстүріндегі суырып салма (импровизатор), поэзияны шын мәніндегі өнер деп таныған ақын. Әр өлеңін ақындықтың жаңа бір тапқыр тәсілімен, жаңа бір көркемдік құралымен жазып отырған. Жас кезінен хат таныған жазба әдебиеттің таңдаулы үлгілерін оқып отырған үздік талант иесі өзінен бұрынғы кемел ақындардың сөзінен, өлең шығару өнерінен үлгі ала білген Ыбырайда Абай ақындығының әсері де байқалады. Ыбырай жырлап отырған белгілі бір тақырыпты немесе лирикалық кейіпкерді үстірт таныстыру ретінде (иллюстрация) алмайды, ішіне кіре, құпия сырларын аша түйіндеп суреттейді. Бұған «Гәкку», «Шалқыма», «Қарақат көз», «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа», «Қалдырған» сияқты көптеген өлеңдері толық дәлел. Бір сөзбен көп жайды, түйінді тұлғаны, жиынтық ойларды шебер бейнелейді.

Біз жоғарыда талдап айтқанымыздай Ыбырай лирикасындағы, қайталап келетін орталық кейіпкер қазақтың сауыққой-әнші, сері жастары. Жас жігіт пең қыздар ақын-

дык, әншілік өнер жарысына түсіп қоймайды, ар, намыс бәсекесіне де, бас бостандығы жолындағы тартысқа да түседі. Өмірдің осы бір толқынды сындарынан сүрінбей өткен табанды, жан дүниесі де, кескін-келбеті де сұлу өнерпаздар ақын поэзиясында жарқын мүсінделеді. Мүсінделуші кейіпкер сонымен бірге Ыбырайдың өз тұлғасын да, өз өмірінің үлесін де көз алдымызға жайып салады. Ақиқатшыл ақында құпия сыр болмайды. Барлығын да ол сырласу, мұндасу үстінде жариялап отырады.

Түрлентіп, тоқсан түрлі ән саламын,
Жай тастап құлашымды кең саламын...
Өлеңмен екі өкпенді қалқытайын
Дененді қорғасындай балқытайын.
Домбыра екі шекті қолға алайын
Қайырып он екі алуан ән салайын —

деген сияқты өлеңдерінде қалың топты қақ жарып шырқап ән салған дарқан әншінің тұлғасы, әншінің өз өнері, өз өмірі елестейтіні даусыз. Жастық дәуреннің қызығы, махаббаты, достығы, сүйініші, күйініші ақындық жан дүниені біте қайнасатын құбылыс екенін де Ыбырай терең сезінген. Жастық сезімнің нәзік сырларын Ыбырай ауыл боз балаларының дағдысы бойынша тұрпайы жырламайды, өте сыпайы, көбіне бейнелеп, астарлап жеткізеді.

Атымды көк орайға шалдырғаным,
Қолыма ақ тұйғынды қондырғаным.
Ақ тұйғын деп жүргенім қарға болып,
Отырып, шаппай, желмей болдырғаным.
Жамылдым жанат ішік деп жүргенде,
Жанатым шекпен болып тондырғаным...
Сөзінді кім тыңдамас жүйе болса,
Ғашықтық балбыраған шиіе болса.
Көңілің ақ қағаз деп ойлаушы едім,
Кір шалып ақ ниетің күйе болса,—

деген өлең шумақтарында лирикалық кейіпкер көңіліндегі үміт пен күдікке толы махаббат арманы қандай әсем бейнеленіп берілген. Сүйгенін табу, көк орайға атын шалдырып, ақ тұйғынды қолына қондырғандай, көңілдің адалдығы — ақ қағаздай, жанның рахат табуы — жанат ішік жамылғандай. Бұл үміт, арман ғана, өмірде ол арман бола бермеуі мүмкін. Ақ тұйғын қара қарға, жанат дегенім панасыз шекпен, ақ қағазды кір шалуы ықтимал.

«Енді есен бол», «Жана басбас» сияқты өлеңдерінде де жас жігіттің сүйгенін аңсаған тәтті арманын:

О баста нем бар еді жүрсем жай-ақ
Қайғымен көздің жасы түсті бояп.
Ізіне жарға басқан көзім түссе
Құшақтап жатқандаймын төсім таяп.

деп айтысқан сертке, табысқан көңілге берік сенім күйін шертеді.

Ақынның сезімді ашатын, көрініс пен құбылысты елестететін көркемдік құралдары, халықтың тіршілігіне өзі араласқан табиғат әлеміне, ежелгі поэзиялық дәстүріне тығыз байланысты төрт түлік мал, ұшқан құс, жүгірген аң барлығы да ақындық өнердің кәдесіне жұмсалады.

Өзінен бұрынғы Біржан, Ақан ақындығының үлгісіндей Ыбырайда — жүйрік, жорға ат, қыран құс, сұлу аққу, қоныр қаз әсемдіктің, жарастықтың бейнесі ретінде алынады. Ыбырай сұлулық бейнені сол қалпында ала салмай, құлпыртып, жан бітіріп, түрлендіріп жібереді. «Гәккуді» алайық. Мұнда өлеңнің ойнақы ырғағы, шебер сөз кестесі, әні мен өзек тектес әсерлі сазы мінсіз жарастық тапқан. Жарастық дегенді гармония мағнасында ұсынсақ, поэзияға тән сол қасиет осында түгел.

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым
Ән салып талай жердің дәмін таттым.
Жетсін деп осынау әнім Гәккуіме
Гәккуді қайтқан қаздай қаңқылдаттым.

Алғашқы екі жол үшке бөлінген өлең ағынымен іштей ұйқасып, әдемі музыкалық күй шертеді.

құс салып : айдын көлде : дабыл қақтым
ән салып : талай жердің : дәмін таттым

Тегі Ыбырай сөздерді әдемі үнге, ал әдемі үнді ақындық сөзге бағындырып алған. Онан әрі:

Сыланған айдын көлде сен бір аққу,
Мұндай сөз есітіп пе ең бек ләззәтлу.
Сырнай мен домбыраның арасында
Балқыған қорғасындай, қайран Гәкку...

деп тағы да тәтті әннің ырғағында ақындық сөздер сылдыр қағып, сыңғырлап ойнақ салғандай. «Айдын көлде сылаңдаған сен бір аққу» дың сұлулық жарқын бейнесін айқындай түсу үшін таңқалатын. «Бек ләззәтлу» деген тың ұйқастың өз өрнегін жасайды. Лирикалық кейіпкердің жан дүниесінде Гәккуге деген махаббат сезімі, таусылмас арманы мейлінше күшті, сүйгенін жоқтап, айдың көлдің бойынан

Гәккүді қоңыр қаздай қаңкылдатады, сырнай мен домбыра арасында балқытқан Гәккүдің жан күйін ұққысы келеді. Қайта-қайта Гәкку деп, көл күңіреніп сұлуын жоқтайды. Гәкку бір мезгіл аққу құстан көрі «ақ тамақ, шұбар бауыр қоңыр қазға», бір мезгіл ақ көйлекті, үкілі бөрікті көлбеңдеген сұлу қызға ұқсайды. Бірде сұлу аққу, бірде ән-күйге балқып, еркелеген сұлу жар елестейді көз алдымызда, сол бір көріністі, сол бір құбылысты ақындық сөзбен де, тамаша ән сазымен де жеткізіп берген.

Махаббат қол жетпес арман дүниесінде, айдын көлде сылаңдаған аққу құс бейнесінде тәтті қиялға бөленіп қалып қойғаны қандай абзал! Ыбырайдың кеменгерлігі де міне осында. Лирикалық кейіпкер де, Гәкку да мұратына жете алмаған шын махаббаттың сыры да осында. «Қыз Жібек» операсында да «Гәкку» міне осы бір өмірлік ерекшелігімен өз орнына қойылған. Төлегенді жоқтап айтқан ұлы арманның мәңгі сөнбес жұлдызындай — қараңғылық әлемін жарқыратып, жаңғырықтырып жібереді.

Қазақтың қара өлеңінде, қайым өлеңінде кездесетін мағынасыз жолдар, артық-кем ұйқас, орынсыз көркем сөз кестелері Ыбырайдың поэзиясында сирек ұшырайды. Ұйқас, шумақ өлшемдері де, өлең-жыр ағындары да, өлеңнің қайырмаларында да — бәрі де шегелеп қаққандай орнықты, жарастықты. «Қарақат көздің» өзінде қандайлық ойнақы әсемдік, сөз өрнегі қиыстырылып берілген десеңші! Табиғат әлеміндегі сұлулыққа тән бейнелерді маржандай тізбектеп, лирикалық кейіпкердің сұлу жарға деген сезім толқынын тербейді. Абай дәстүріндегі сегіз буынды а, а, б — а ұйқасымен келетін жыр толқынымен көтеріңкі лепті, шаттық көңілдің күйлері шертіледі. Ақын өлеңді сөйлемнің орнын ауыстырып, ырғақ ұйқасты да ойнатып, тамаша сұлу музыкалық лебіздерге бөліп отырады.

Ей қалқа, талпынушы ең бала құстай,
Аулыңа неше келдім ала қыстай.
Бір жаман мал бердім деп алып кетер,
Тұйғыннан жем айырған қара құстай.

(«Алтыбасар»)

дегенде ұйқас, екпін еркіндігі байқалса, ал енді бірде Ақан сері үлгісімен:

Қызды ауылдың сыртынан
Қылаң еткен жиырма бес,
Тастан қашқан түлкідей
Сылаң еткен жиырма бес.

Немесе:

Қардан аппақ етің бар,
Қаннан қызыл бетің бар

деген ойнақы да тапқыр сөздермен сезім пернесін басады.

Ей, сырғақтарма,
ырғақтарма
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға —

деп келетін «Сырғақтының» әні мен өлеңінде де Ыбырайдың ғана тыңнан қосқан өз жаңалығы, өз машығы айқын.

«Жан баспас» деген ән өлеңінің ырғағы мен ақындық сазы да тамаша сұлу, маржандай төгілген сөз өрнегінен құралған. Мұнда да «Қарақат көзді», «Қалдырған», «Гәк-кудегі» ақындық шеберлік жаңа бір қырынан жарқырайды.

Қарай көзің сүзіліп,
Қынай белің үзіліп,
Сіз-біз деген отыз тіс.
Меруерттей тізіліп,
Ұйықтамадым ой ойлап.
Жүре алмадым той тойлап.
Санаменен сарғайдым
Сені, қалқа, көп ойлап,
Үйден шықтым аттанып,
Барайын деп баптанып
Ақ дидарын бір көріп
Қайттым шалқып шаттанып

дегенінде қаншалық терең де нәзік сезім толқындары берілген десеңші! Өлеңнің мазмұны да, әні де, сылдыраған сөз келістері де төгіліп күй шерткендей!

Ыбырайдың поэзиясында қоңыр қаз әсемдік бейнесінде ғана емес, табиғаттың жарастығы немесе халық бейнесінде де алынады. Шебер суретті «Жазғытұры» лирикасында ақын «Сұрша бұлтты жамылып, көкше мұзды тебініп», жылқышы таңының атуын суреттей келіп:

Қоңыр қаз келді қаңқылдап
Қауырсыны жалпылдап —

көктемнің сәнін келтірген қоңыр қазға айрықша назар аударады.

«Ленин ізіне» деген толғауында:

Қараңғыда жол таппай,
Қонарына көл таппай,
Ауруына ем таппай
Қанаты сынған қоңыр қаз

бейнелі қазақ халқы Ленин көзін ашып тасытқан дарияда жүзеді. Демек аққу құс, қоңыр қаз, ақын шебер мүсіндеген көркемдік бейнелердің өмірлік сыры да айқындала түседі.

Ыбырай қазақ өлеңіне жаңа өрнек кіргізген емес, 7—8 буынды жыр үлгісі, 11 буынды қара өлең үлгісі үнемі сақталып отырады. Кейде Абай өлеңінің өлшеулері де байқалады (мысалы: «Қарақат көзде»). Солай бола тұрса да жаңадан қайырмалар арқылы сол халық өлеңінің өзіне де Ыбырай толып жатқан жаңа ырғақ, екпін бергендігін жоғарыда келтірген мысалдардан байқадық. «Қалдырған» жыр үлгісімен жазылса да, өлеңнің ырғағында, суреттеу жүйесінде әнімен бірге жымдасып келген жаңа ырғақ, жаңа сарыны мол тың дүние:

Жасымда болдым балдырған
Талайды сөзбен кандырған.
Мәжілісімді көрем деп,
Халқым бір қалап алдырған.
Сол балдырған кезімде,
Сөзім де жиі жаңбырдан.
Бір сағатта он көрсе
Халқыма әнім жаңғырған.
Кейінгілер айтсын деп,
Атын бір қойдым «Қалдырған»
Жігіт едім қындай боп,
Жамбыға тартқан сымдай боп,
Жүрмін енді қартайып,
Аппақ қу, шұнақ жүрдай боп.

Төгілмелі, түйдекті жырдың ағынымен де, әнге бағынған ырғақ сарынымен де, тіл ұйқас шеберлігімен де бұл өлең төселген ақын өнер үлгісін танытады. Ақынның суретшілік, көркемдік құралында кездейсоқ құбылыс жоқ. Бір өлеңнен екінші өлеңіне ауысып, дамытылып, ұлғайып берілетін табиғи заңдылық бар.

Ыбырай әнші композитор ақын болғандықтан да өлеңдегі көркем сөз, ұйқас жүйесін, өлең-жырдың айтылу, естілу, орындалу екпін, ырғағын, машығын дыбыстың сан алуан толқындарына бағындырып алған... Сезімнің, адам жанының әрбір құпия пернелерін қозғайтын әдемі, үнді, ойнақы сөздерді Ыбырай орнымен тауып, қиыстыра қалап, шебер мәнерлей біледі. Тек дауыс арқылы ғана емес, сөздегі дыбыс үнділігі арқылы да өлеңіне жан бітіріп отырады. Міне осыдан келіп, біз Ыбырай лирикасының өзіне тән бір ерекшелігіне ден қоямыз. Ол адамның еркелі сезімін ойнатуы.

Адам сезімінің қалтарыстары ұшан теңіз мол. Адам жаны, табиғат сұлулыққа құштар. Сәнденуге, салтанатқа әуестенбейтін адам сирек, сұлулық сыртқы көріністе, келбетте ғана емес, қимыл әрекетте де, жан дүниеде де жарастық тапса екен дейміз. Сол сұлулықтың бір көрінісі еркелі, ойнақы сезім. Еркелеп, ойнақ салу адамның бала кезіне, жастық шағына тән қасиет, еркелеу, жаны сұлу әнші ақындарға әсіресе жарасады. Еркелеу — сүйген сұлу жардың мінезіне лайық. Балалар да, әнші-ақындар да, сұлу жарлар да, жанымен, барлық табиғи болмысымен, мінез-қылығымен еркелеп ойнауы мүмкін, онда ерсілік жоқ, қайта өмірдің жарастық көркіндей. Ыбырай сияқты әнші ақын өзіне ең жақын қауымның еркелі сезімін үнімен, лебімен, асқан әнімен, биязы, сыпайы мінезімен, жан жүрегі жарқын адал көңілімен еркелі құбылысты жеткізе бейнелейді. Сондықтан да Ыбырай өлеңдерінде, әндерінде мұң мен зар тіпті аз, көбінесе жарқын сезім, үміттілік арман сарыны басым отырады. Махаббат, достық, аңшылық заман туралы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаң да жаны, көңілі күлім қағып, күмбірлеп күй шертіп, еркелеп, ойнап тұрған жас қауымның дарқан сезім дүниесі жарқырайды. Өмірдің, заманның жеркеништі, бұлдыр жағынан гөрі, адамды көңілді, еркелі сезімге, сұлулық арманға жетектейтін құбылыстарды дамытып жырлай білу, ақын поэзиясының тарихи мақтаны болмақ.

* * *

Ақын бар тақырыпта, бар мезгілде өрен жүйрік емес, Ыбырайдың өлеңдерін, ақындық жолын қадағалап отырсақ еліктеу, әуестену дәуіріне тән кемшіліктері де бар. Қартайып тоқыраған кезіндегі өлең-жырларының көркемдік бояуы біркелкі емес, ала-құла. Ыбырайдікі деп айтылып жүрген бірқатар өлеңдерде («Алай көк», «Кідіғай», «Келдік думан» т. б.) ақынның басқа шебер өлеңдеріне ұқсамайды. Біздің қолымызда Ыбырайдың қолжазбасы жоқ, барлық өлеңдері ел аузынан, Ыбырайдың замандастарының айтуынан, Ғылым академиясының қолжазба қорынан алынып, тәртіпке, жүйеге келтіріліп отыр, осы Ыбырайдікі-ау деген өлеңдердің кейбірі, Ыбырай мүлкіне жатпауы мүмкін. Оның есесіне осы жинаққа кірмей қалған Ыбырайдың жаңа өлеңдері табылуы әбден ықтимал. Түгелдей кәсіпті жазба ақын болмағандықтан да Ыбырайдың кейбір өлеңдерінде орынсыз қайталау (кейде өзін өзі, кейде Ақан, Біржанды), ой

пікір таяздығы да кездеседі... Ауызша таралып жүрген Ыбырай өлеңдерінің әр түрлі нұсқаулары да тіпті Ыбырай шығаруы екіталай, бірқатар өлеңдердің, соның атынан таралуы, оның ішінде құнды-құнсыз қоспалардың болуы да әлде қалай тосын нәрсе емес, фольклорлық дүниеге тән тарихи заңды құбылыс. Мұның бірде-бірі Ыбырайдың ғажап ақындық өнеріне нұқсан келтіре алмайды.

Ыбырай ақындығы, композиторлығы, әншілігімен қазақ өнерінің даму тарихында ерекше орын алатын аса көрнекті өнер қайраткері. Қазақтың ұлы әншісі, бұлбұл құсы, «Гэкку» әнін әлем өнерінің сахнасына жайған Күләш Байсейітова, әрқашан Ыбырайдың дарқан әншілігін құрметпен айтып, сүгіретін әйнекпең қаптап үстеліне салып қойған еді...

Ыбырайдың ақындық, әншілік өнері қанатын кең жайған, оның терең тамыры бір жағынан қазақ өнерінің арыдағы тарихында жатса, екінші жағынан бүгінгі социалистік жаңа мәдениеттің даму өрісінде жатыр. Ыбырай өзінің шығармаларын ғана емес, ХІХ ғасырдағы даңқты ақын әншілердің өлеңдерін де сақтап, біздің заманымызға жеткізіп жалғастырды. Ыбырай Тайжан, Молдахмет, Игібай, Сұраған, Мұқан, Хамит, Мұса сияқты көптеген ақындарға бұрын-соңғы әншілік, ақындық өнер дәстүрін үйретіп, бойына сіңіріп қалдырады. Қазір оның көбі қағазға, нотаға, магнитофонға, операға, киноға, кітапқа түсіп, үлкен өнердің қажетіне жаратылып жатыр.

Халық құрмет даңққа бөленген дарқан ақынды — Үкілі Ыбырай деп еркелетіп атап кеткен.

Салайын шалкыманы ырғактатып,
Үкілі домбырамды бұлғактатып —

деген асқақ әні де елінің ардагер ақынына деген сүйіспеншілік сезіміне орай айтылған сияқты. Халқының жүрегін тербеген ән де, өлең де өлмейді. Жүректі тербеген жыр иесі,—«халықтың жаны бірге денесіндей», жан мен дене бірге жасай береді.

Алматы — Көкшетау, 1966.

АҚАН СЕРІ

Ақан сері қазақтың әйгілі сері ақыны, халық композиторы, Сарыарқаның сұлу кербез тауы Көкшетаудың айналасына сұлу ән, сұлу жырдың туын тіккен, жаны, жүрегі кіршіксіз халықтың ең ерке, сүйкімді ардагер ұлы.

Ақан серінің Арқаның ой мен қырын тебіреніп салған әні, Көкшені күңдіретіп тартқан күйінің үні бұл күнгі бізге айқын естіледі, айқын сезіледі.

Ақан серінің серілік өмір, сұлу лирикалы шығармалары, әсем ән-күйлер заманалар бойы қазақ халқының тарихында мәңгі жыр, ұлы аңыз болып қалады.

Ақан серінің туып-өскен жері сұлу Көкшетау. Көкшетау қаласының күнбатыс-солтүстігіне қарай 70 шақырым Қоскөл, Сарыкөл деген жер Ақан серінің бала күнінен мекен еткен жері. Айналасы құрақты қалың орман, суы айнадай жалтыр, тұп-тұнық мөлдір. Ақан осы Қоскөлдің бойында 1843 жылы туды. Әкесі Қарамса өз еңбегімен күн көрген шаруа адам. Қарамсаның әкесі Жарқын Орта жүздің іргелі руы Қарауылдың ішінде аты шулы бай болған. Жарқыннан тоғыз қыз, бір ұл туған екен. Ұлдың аты — Қарамса.

Жарқын өліп, қыздар ұзатылып кеткен кезде әкесінің ең дәулеті азаяды, әсіресе, Ақан туып, жігіт бола бастағанда Қарамсаның үйінде мал мүлде шағындалып, кедей болып қалады. Бұған себеп — Ақан 15 жасынан бастап атқа мініп қатарға қосылғаннан бастап мал жинап, дүние күйіттеумен жұмысы болмайды. Серілік өмірге салынып кетеді, қолындағы бар мал, мүлікті сол серілік жолға салып нағыз дос, нағыз сері жолдастарына сыйлап берумен тауысады.

Ақан 7 жасынан 13 жасына дейін ескіше оқу оқиды. Зирек, зейінді, ұғымды Ақан 6 жыл бойы оқығанында, ескі оқудың қиындығына қарамастан шығыс елінің дүние тануы, шарифат жолдары жайынан мол ұғым алады, әдебиетпен жақсы танысады. 13 жасына жеткен уақытта Ақан өзінің оқытушы молдасы Күнтеудің ғылымнан, дүние тану ұғымнан түк білмейтін топас екенін сезіп, бір күні айтысқа

түседі. Айтыста Ақан молданы жеңіп кетеді. Бұған намыстанған Күнтеу Ақанды жалаңаш шешіндіріп дүре соғады. Осы азаптанудан кейін Ақан қайтып молданың алдын көрмейді. 15 жасынан серілік өмірге салынады. (Ақынның шын аты Ақжігіт екен, Ақан деп, сері деп халық еркелетіп атап кеткен.)

Ақанның серілік өмірі халық алдында ерекше көзге түседі. Ақан өзі асқан сұлу әнші болғандықтан Қарауыл, Атығай ішіндегі сері, балуан, ақын жігіттер Ақанның айналасына жиналады. Ақан өлеңді бөгелмей айтатын суырып салма жүйрік ақын болып өседі. Әнмен қатар тапқыр сөз, шешендік толғау Ақанның даңқын көтере береді. Ақан не айтса да тура, батыл, шын айтатын болады. Мынау бай, жуан мырза екен деп қаймығып, жарамсақтанып жағынып сөйлеу дегенді білмейді. Кімнің мінін көрсетсе де жарып тура бетіне айтып, алмастай өткір, шешен, тапқыр тілмен шенейді. Теріс мінезді адамдарды, әсіресе дарақ, тентек мырзаларды өлтіре сынап отырған. Олардың ешбіріне дес сөз бермей өктем, ер өркеуделік ой сезімін үнемі өсіріп асқақтата білген. Ақанның осы турашылық, ерлік мінездері халыққа айрықша ұнаған. Ол отырған жерде ешбір ақын, ешбір шешен, ешбір сері сөз бастап ән сала алмайды, барлығы Ақанның аузына қарап, әніне, сөзіне құлақ түретін болады.

Ақан сері бүкіл Сарыарқаны аралап ән салады, серілік құрады. Ақанның жанында үнемі 15—20 жігіт жолдастары болады. Бұлардың барлығы да бір түсті сұлу, жүйрік, жорға ат мінеді. Көпшілігі ақын, әнші, сері, балуан болады.

Бұлар жүрген жерінде жалғыз ән салып, өлең айтып қоймайды, айтысады да, қосылып та (хормен) ән айтады, ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп аударысып ойнайды. Өздерімен бірге аттарын да ойнатады. Елдің балуан жігіттерін жинап күрес ашады. Шылдақана, қыз ойнақ кештерін жасайды, жақсы әнші, жақсы ақын жігіттер мен қыздың сөздерін, әндерін сынға салады, жұртқа тыңдатады. Серілер тобын жазбай елден аулаққа шығып кетіп, биік құз жартас, зеңгір тауларды, қалың орманды аралап, айдан шалқар көлдерді жағалап кезіп, жортып жүріп ит жүгіртіп құс салады, мергендік құрып аң аулайды.

Мұндай ойын-сауық, серілік салтанатында дәулеттің буына мас болған, топас, дарақы байдың мырза балалары көбінесе ілесе де алмайды, бұған шынайы талант, өнер иелері ғана араласа алады. Серілер ел еркесі, елдің ең жақсы ой-сезімін беретін адамдар болып өмір базарында

жарқын көрінеді. Осындай серілік салтанатты, серілік өмірді өз өмірінен бастап, әйгілі серілік атағын алған ақын-әнші Ақан. Ақанның 30—35 жастарға дейінгі өмірінің көбі осы серілікпен өтеді. Мынау бай, мынау хажы, мынау молда, мынау болыс еді деп ешкімнің алдында бас имеді, өркеуде, ер мінезді салтанатпен өмір өткізген сері, әнші-ақындарды халық өте қадірлейді, құрметтейді, бұларды байлар, хажы, молдалар ғана жек көрді. Олар Ақан серінің жүріс-тұрысын дін жолынан безгендік, азғындық деп санады.

Айрықша көз тартарлық киімдер киіп, айрықша сұлу өмір көрінісін беріп, алдында еркелеп ән салып, халықтың ой жүрегін тербететін сергектік тәтті сезім, сұлу әндер, қызықты ойын-сауықтар көрсеткен әнші, жыршыларды халықтың шынайы артистері деп түсіну керек болады. Қосылып ән айту (хормен) өнерін мұнан бір ғасыр бұрын Біржан сал, Балуан Шолақ, Ақан серілер тудырған болатын. Соған қарағанда қазақ халқының хормен ән айту өнерін біз ғана жасадық дейтін бүгінгі кейбір композиторлардың сөзі үстірт айтылған, шындықтан аулақ айтылған сөз.

Ақан сері өз заманындағы атақты ақын, әнші серілердің бәрімен жолдас болды. Атақты Біржан салды әншілік жағынан ұстазым деп біліп, оған үнемі барып, жанына еріп жүріп сұлу Бурабайды аралап, шырқап салатын әсем дауысты асқақты әнін естиді, сонан үйренеді. Қара сөздің ділмар шешендері, жүйріктері өзімен жерлес, елдес Орынбай, Тезекбай, Арыстан, Шөже сияқты ақындармен де жолдас болады, сөзін тыңдайды. Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума тағы басқа ақындар, әншілер Ақанның ең жақын достары болады. Машһүр Жүсіп, Орынбай, Нұрқожа ақындармен ара-тұра қағысып айтысады да Сарыарқаны серілікпен аралаған кездерінде атақты Балуан Шолақ, Машһүр Жүсіп, Доскей, Естай сияқты ақындар Ақан серінің нөкер жолдастары болып отырады.

Ақан серінің серілік өмірімен байланысты шығарған көптеген өлең-жырлары, сұлу әндері сері жігіттердің, ел жастарының аса сүйіп айтатын өлең әндеріне айналып кетеді («Сұлу қызға», «Торыны талға байлап мінген қандай», «Ақ көйлек», «Ақ иық пен ақ түлкі», «Гауһар жақұт» т. б.). Ақанның ақындық, әншілік дәурені дәуірлеп тұрған кездерінде шығарған лирикалы өлеңдері, қазақ жастарының өскелең жігерлі ой сезімдерін толық жеткізіп сыпаттап береді. Сонымен бірге Ақанның өзінің серілік

өмірінің бейнелерін, ішкі жан сырын айқын елестетеді.
«Ақ иық пен ақ түлкі» өлеңінде:

«Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір шыққан марал-дағы.
Пормыңа төңкеріліп салдым қанат,
Шарықтап ақ иықша Оралдағы
Ертістің құба талы секілденіп,
Алдымнан майысып шық, бұрал-дағы
Келемін сал кемемен саяттанып,
Дариядан сен шам-шырақ фонардағы
Қызыл гүл сен болғанда, гүл бақшасы,
Біз бұлбұл күйін шерткен Ирандағы.
Қиынның қиясында тұрсаң-дағы,
Қиғаштап қанатымды бұрам-дағы.
Қапаста қиын қыстау бекінсең де.
Тәуекел майданында тұрам-дағы»,—

ден кең өрісті сұлу сурет жасайды, қазақ халқының сүйікті жерлері (Жайық, Орал, Ертіс), даланың сұлу тал, шалқар көлі, қызыл-жасыл гүлі, әнші бұлбұлы — барлығы Ақан өлеңінің көркемдік суреттеу объектісі болып отырады.

Дүниенің барлық қызығы серілік, әншілік деп ұғынған Ақан ел еркесі болып өмір сүруді өзіне ұлы мәртеба деп санайды. Ғашықтық махаббат мотиві, соның қызықты саяхаттары Ақанның көңілін үнемі өсіріп, құлпыртып отырады, нәзік сезімді жүректен шалқып тасыған лирикалардың көбі Ақаннан таралып отырады. Елдегі ең жүйрік, ең сұлу ат болса іздеп барып, Ақан алмай қоймайды. Ақан Зылғараның баласы Әлібектен бір жылда 60 түлкі алған Қараторғай атты бүркітті қалап алады. Саират төреден бір қыста тоғыз қасқыр алған Базарала деген құмай тазыны бар малын беріп сатып алады.

Ел ішінде жүйріктердің бірде-бірін жаратпай жүріп, ақырында Қарауыл Шөкетаи жылқысының тұқымы Құлагерлі құнан күйінде 100 сомға сатып алады (ол кезде 100 сом он жылқының құны). Құлагер дөненінде шабысқа түсіп алдына жылқы салмайды. Қандай үлкен жиын, той, ас болсын, үш жүз, төрт жүз аттың алдына жеке озып келеді. Бір жылы Алтай Аққошқар Сайдалының асы болып, Құлагер 200 аттың алдында бір шақырымдай жалғыз озып келеді. Осы аста Ақмола елінің Қуандық руынан шыққан атақты жуан Батыраш. Қотыраштың бір баласы Жүсіп мырза аты бәйгеден қалып қойғансын, намыстанып, іші күйіп Ақанға тиісіп екеуі қатты шайқасып қалады.

Жүсіп Ақанға — сенің түбіңе жетемін, сен сияқты қу кедейді ат-матыңмен жоқ қылуға дәулетім жетеді, деп жу-

андығын, мықтылығын, байлығын айтып күш көрсетеді. Турашыл, қиянатқа бой ұрмайтын өркеуде Ақан тілін тартпай:

— Қолыңнан келсе білгенінді істе, сенің байлық, бектігіңнің бұты маған бір тиын,— деп масқаралайды.

Қараторғай бүркіті, Базарала иті, Құлагер жүйрігі, өзінің әнші серілігіне қосылып Ақанның атағын бүткіл үш жүзге жаяды. Ат жетер, құлақ естір жерден Ақанның даңқын естіп, атын, құсын, итін қалап, сатып алмақшы болып келушілер көп болады. Бірақ қанша мал, дүние берсе де бұл үш жолдасынан айрылмайды. Серілік, аңшылық, мергеншілік өміріне бұл үшеуін мәңгі-серік, дос деп санайды.

Ақан сері алғашқы әйелі өлген соң, Қарауыл ішінде атақты сұлу Ақтоқты дейтін қызға ғашық болады. «Ақ көйлек», «Сұлу қызға», «Ақ иық пен ақ түлкі» дейтін өлеңді Ақан сері осы кезде шығарған. Ақтоқты да мұны сүйеді. Бірақ қыздың атастырып қойған жері, туыстары Ақтоқтының маңына Ақанды жуытпайды. Сөйтіп жүрген Ақанның көзіне екінші бір асқан Қарауылдың сұлу ақмаралы Тінәлінің Ұрқиясы түседі. Соған ғашық болып, қызды бір түнде алып қашады. Қыз үш айдан кейін шешек шығып өледі. Ақан қайта Ақтоқтыға айналып келеді. Ақтоқты Ақаннан бойын аулақ салады. махаббатың тұрақсыз дегенді айтып, Ақанға қайтып жылы сөзбен қарамай, суық түс көрсетеді. Ақтоқтының күйеуі келіп, ұзататын күні болады. Қыз сырт беріп өзінен алыстаған сайын Ақанның ғашықтығы жалындай береді. Ақтоқтыға арнап сұлу өлеңін айта береді.

Ақан «Ақ көйлек» дейтін өлеңінің бірінде ғашық жарының сипатын шебер суреттейді:

«Етегін ақ көйлектің алтындаған
Ажарын ақ жамбыдай жалтылдаған.
Сексен қыз серуенге шыкса-дағы
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.
Қамалап қанша дұспан келсе-дағы,
Қалқажан айтар сөзін тартынбаған.
Болғанда сен аққу құс көлде жүрген,
Лашын құс не болады талпынбаған,
Көз салып жаман қызға не қылайын,
Кигіздей уқаланып қарпылмаған...»

«Сексен қыз» ішінде болсаң да сен бәрінен артық айдындағы сұлу аққуым, сүйкімді қоңыр қазым деп шын махаббат сырын білдіреді. Бірақ Ақтоқты Ақанның қолы жетпейтін биік шынарға айналады, әрі қыз жүрегі салқын, әрі құдалар, күйеулер келген, әрі қыз туыстары Ақанды

ұнатпайды, ақыры қыздың ойын-тойы болып ұзатылады. Ұзатылып жөнелген жолында Ақан астындағы жүйрік Құлагер атымен қуып жетіп, қызды алып қашады. Артынан қалың топ қуғыншылар шығады. Ақын құшағындағы қызымен тулап тасып жатқан Есіл өзенінің өткелсіз жеріне кез болады. Жүзіп өтуге ат екеуін бірдей көтере алмайды. Ақырында, сені өзіме де, оларға да жоқ қылайын, деп Ақан қызға қанжар салып, Есілден жүзіп өте шығады. Қыз өлмей аман қалады. Ақан күңіреніп қызға тағы ән шығарады:

Актоқты, кеткенің бе шыңыменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басынды сары мида кесіп алып,
Өмірімше даулассамшы құныңменен.
Дарияның толқынындай қайран бола,
Зарланып ән шырқаймын үнімменен,—

деп Ақтоқтыға арнаған соңғы күйінішті өлеңін айтып таратады.

Ереймен бойында үш жүзге сауын айтқан Керей Сағын-айдың асы болып Ақан соған барады. Аста 323 ат бәйгеге шауып, Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда баяғы кектескен Жүсіптің жігіттері жолдан тосып тұрып, Құлагерді айбалтамен мандайдан шауып өлтіреді. Құлагердің үстіне мінген Бөрібай дейтін жас бала талып қалады. Құлагердің өлген жерінде Ақан еңіреп, егіліп жылап, сардаланы күңіrentіп зарын айтып, бір күн, бір түн жатады. Ақанның зарына Сарыарқа мүлгіп, күрсініп қара жамылғандай: жел жылап ішін тартып, бұлт жылап жасын төккендей болады. Еңіреп, егіліп отырып «Құлагер» әнін шығарады. Құлагердің өлімінің үстінде Ақан өзінің жауыздық дүниесінен қатты соққы көргенін бірінші рет айқын сезеді. Дүниеде әділдік өшіп, адамдардың көңілді, шат рухты болу үшін өзінің барлық ой, қуатын, талантын жұмсағаны, адамдарды өзіне мәңгі бауыр, дос санап келгені есіне түсіп:

Не үшін жазаландым, не үшін осыншалық жалғыздық, қорлық жаза тарттым, не үшін жауыз жандар жанымды, арымды қорлады, әділдік қайда, жауыздыққа тосу қайда, деп күйініп, күңіреніп Ақан зар жылап Құлагерін жоқтағанда, асқа жиналған халықтан Ақанға жаны ашып жылаушылар да көп болады. Ел болып Құлагердің құнын ұсынған екен, Ақан сері маған байлық, мал-дүние қажет емес, Құлагермен бірге жаным өлді, деп атқа берілген құнның ешбірін алмай Жүсіптің жауапқа тартылуын талап

етеді. Бірақ бір елдің жуаны Жүсіп жауапқа тартылмайды. Бір жылқының тайы өлді екен деп, ел болып бүлінеміз бе деп елдің жуан байлары, би-больстары Ақанның арызын аяқсыз тастайды. Ақан Құлагердің басын кесіп құшақтап алып, Бөрібайды артына мінгестіріп, астың тарқағанына қарамастан жалғыз күңіреніп зарлап Көкшетауға жол тартады. Үш ай өткен соң Қараторғай бүркіті ауырып өледі. Бұл Ақанның қайғысын бұрынғыдан да ауырлатады. «Қараторғай» әнін шығарады. Ақан серінің Құлагері өлгеннен кейінгі халіне Ақанның замандасының бірі Машһүр Жүсіп былай баға береді: «Ақан сері жігіт көркі, сөздің бұлбұлы еді. Ақан серінің Құлагері өлген соң серілік бақыты бастан тайды, шын сорлы болып қалды ғой» дейді.

Ақанның қайғысы күннен-күнге ауырлай береді. Бұрын өмірге тек сұлулық салтанат, ойын-сауық, халықтың сергектік әсемдікті сүю сезімін ардақтау жағынан қарап баға беріп келген Ақан енді өмірге саналы, терең қайғылы көңілмен қарай бастайды, туралық, әділдік неде болуға тиісті, осы өзім тіршілік етіп өмір сүрген дүниенің тетігі кімде, жауыздық неге қалындай береді, молдалар, байлар әлсіз сорлыларды, әділ адамдарды, жұртын сүйген таза жүрек жандарды осынша неге қор етеді? Жауыздықтың қабындай беруінің түпкі тамыры қайда деген сұрақтарға жауап іздейді. Ол серілік жолды тастайды, әділдік, туралықты іздеп шарқ ұрады. Сондағы іздеп тапқаны — Шығыс елінің ақындарының орта ғасырлардан басталған әдеби-философиялық ағымы — сопылық жолға салынады.

Ол бұл сопылық ағымнан адамдардың құлық-мінезін түзеу жолын, өзінің замандастарының, кейінгі жас ұрпақтарының ой санасын ашу мақсатын, ғылым үйрену, әлеумет өмірін тереңдей ұғыну жолын іздейді. Көкшетау қаласындағы Шығыс елінің дүние тану философиясынан, әдебиетінен кең мағлұматы бар адамдардың бәрімен жақын болып оқи бастайды. Осы оқуының нәтижесінде — дүние толған жауыздық, пәлекет деп түсінеді, ел ішіндегі байларды, қиянатшыл залымдарды аяусыз мінеп өлең жазып шығарады (Жүсіп төре, Сөбек балаларына жазғандары), жақсылық, әділдікті қиял дүниесінен іздейді. Адамдармен көп араласпайды, бұрынғыдай жұртпен шешіліп сөйлесе қоймайды, не айтса қағазға жазып таратады. Ән салса өзінің трагедиялы өмірінен шығарған әндерін айтады. Ел жайлауға көшкенде Ақан жалғыз қыстауда қалып, өзінің ата мекені күмістей мөлдір сулы Сарыкөлін кіршіксіз таза ұстайды. Көлге өзінің атынан басқа дос еркесі сұлу аққу-

ды ғана қондырады. Басқа бір де жан иесін көлдің маңына жуытпайды.

Сарыкөлдің жағасында күніреніп жатып ән салады. өлең шығарады. Тілсіз мылқау табиғатпен сырласып сөйлеседі, туған жер, өскен елінің жұртын құшақтап жылайды. Сарыкөлдің мөлдір суына шомылып, майысқан сұлу құрағын жамылып, тұңғық терең судан сұлу су перісін күткендей пернелеп жырлайды. Ақанның сұлу жырын, мұңлы әнін Сарыкөлдің назды сұлу аққуы ұйып тыңдағандай болады, Ақанның сұлу Көкшетауы ұлы жан иесі серінің сырын ұққандай, жырына түсінгендей мұнар бұлтқа оранып, ауыр күрсінгендей болады. Елмен араласқанда ең жақын досы болмаса, жұрт жиналған жерге әсте бармайды. Кірлі ыдыс-аяғы бар үйден, үйінің іші лас, былығып жатқан үйден дәм татпайды, шыға жөнеледі. Үстіне ылғи аппақ таза кірсіз киім киіп жүреді. Түскен үйіне отырса астына салатын таза ақ киізді өзі ала жүреді. Түнде ешкімнің үйіне қонып жатпайды: жаз болса ауыл сыртында таза көк шөптің үстінде, не көл, өзен жиегіне, не қалың орман ішіне барып ұйықтайды. Көрпе-жастығын өзі бөктеріп ала жүреді. Қыс болса пішен шөптің арасына барып ұйықтайды. Ақанның бұл сықылды романтикалы өмірі жұрт көзінде шешусіз жұмбақ бола бастайды. Ақанның бұл өміріне өз заманында екі түрлі баға беріледі. Серінің достары: бұл Ақанның шын, әділ, таза жолды іздегендігін, ойы қаншалықты таза болса, сыртымен де соншалықты таза ұлы адал жан екендігін көрсетеді, дейді. Ал Ақанның қастары, әсіресе Сөбек балалары сияқты жуандар, байлар — бұл жынданғандық, бұл пері соққандық, Ақан перінің қызына үйленіпті, перінің қызымен жүргенін көрген адамдар бар, деп сан түрлі өсек, қауесет әңгімелерді таратады. Ақан бұл сияқты өсектерге онан әрі қапаланып, қайғы үстіне қайғы жамыла береді.

Өмірдің жауыздығынан түңілген, күйінген, жараланған Ақан өз басын бұл сықылды өсектерден арашалауда жұмысы болмайды. Бірақ Ақан жұмбақты романтикалы өмірге салынғанда мистикаға (сары уайымға) беріліп, қоғам өміріне жат дүниеге кетіп қалмайды, қайта ел өмірі, халық қайғысы оның жүрегінен нық орын алады. Ол ел қамын, дүние, заман, жақсылық-жамандық, достық жайларынан көптеген өлеңдер жаза бастайды. Қазақ даласының отарланып, ең жақсы жерлері, соның ішінде Ақанның Қоскөл дейтін ата мекені де тартылып алына бастайды. Осылардың барлығына наразылық білдіріп өлеңдер жазады. За-

ман азды, келімсектер жерімізді тартып атамыздың зиратын талқандап, қабырының үстіне егін салып жатыр, патша рахымсыз жауыз болды, қазақ халқын қорлауда, деп айта келіп Ақан халықты, жастарды ел болуға, қатарға қосылуға шақырады:

Болғанда мұндай күйде заманамыз,
Болыс, би ет пен шайға мәз болуда,
Қайткенде тура жолды таба аламыз,
Жігіттер, өнер үйрен заманында,
Ден саулық әлің келген аманында,
Жайылып сақарада жатамыз деп;
Мінекей қалдық дұшпан табанында...

Ақан өз заманын жауыздық дүние, байлық, мансап, дәулет адамды аздырады, адастырады, әділдік, туралық іздеген адам бұл дүниеден қайғылы болып өтеді, деп өз өмірінен әсер береді:

«Дүние адастырар қуғаннан соң,
Шырмайды қол-аяғың буғаннан соң,
Дүние аз көпшілік фани жалған

Басыңнан қайғы кетпес тұғаннан соң.
Бұл дүние жұртты алдаған бейне базар,
Әр адам өз әлінше базарлайды».

Жынды есінен танды деп байлардың, күншіл жуандардың өсек қылған адамы ұлы сезімді жан иесі Ақан міне осындай зор мағналы, саналы терең ойлы өлеңдер жазды. Сөйтіп Ақан жалғыз серілік, махаббат, сұлулық, жігіттік өмірдің жыршысы немесе қайғы зардың жыршысы ғана емес, ол сонымен бірге әлеуметтік өмірдің жыршысы. Бұл жағынан Ақан зар заман ағымдарының мотивін береді.

Ақанның соңғы дәуірдегі өмірі қайғымен, кең ойланып-толғанған әлеумет өмірі жайында өлеңдер шығарумен ғана өтпейді, сол қайғының қалың қара бұлтын серпіп шыққан нұрлы күн сәулесіндей жарқ етіп ақын жан жүрегін сергітіп, махаббат, ғашықтық сарынға біраз уақыт салынады.

Жасы елуден асқан кезде Ақан сері Қарауыл ішінде асқан үш сұлу қыздың үшеуіне ғашық болады. Бірі Сөбектің немере қарындасы, Ұрқия сұлу, екіншісі Шыңғыс төренің немере қарындасы, үшіншісі Жүсіп төренің қызы Жамал. Бұл үш адамның үшеуі де Ақанның қолы жетер, сөзі өтер, тең санар адам емес, өзін қуғынға ұшыратқан жынды, пері соқты деп өсекке таңған, таза жанын қорлаған қастары. Сонда да ақын олардың қызын сүйеді, серілік

кезіндегі сұлу ән, сұлу үн қиялына қайта оралады. Жалғыз өзі тұн құшағында ел үстінде кезіп жүріп:

«Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада
Наркесті қалам қасты лағыл бала,
Иранның құснн зия тотысындай,
Жануардан әркан асыл тудың зада» —

деп бастайын үш сұлуға арнаған атақты «Үш тоты» әнін шығарып таратады. Үшеуінен Жамалды айрықша бөліп, соған арнаған бірнеше сұлу жырларын шығарады. Жамалға «Қалқа бала» деген ат қойып жазған өлеңдері махаббат сезімдерін толық сыпаттайды, өз жүрегінің ішкі сырын ашып көрсетеді:

«Аспанда ұшып жүрген сен ақ тұйғын,—
Екеуден үшке жеткен тілегіңіз,
Сұқсырдай су ішінде мекен етіп,
Ілінбей қармағыма жүр едіңіз,
Көрініп қолға түспей жүрсін, қалқа,
Қай жерде мекен еткен түнегіңіз,
Тұн қайтып түнегіңнен ұшқаныңша,
Үзілмес сірә сізден күдеріміз,
Жұмысым көңілімдегі бітер еді,
Артылса ақ төсіне білегіміз».

Ақан жасым қартайғанмен көңілім жас, жүрегім махаббат сезіміне толы деп, «Біздің көңіл қайда жатыр» деген сұлу лирикасын жазады:

«Ой қалқа, біздің көңіл қайда жатыр?
Толқыған он төртінде айда жатыр,
Ат тұрса, атан тұрса көз салмаймын,
Арғымақ мың теңгелік тайда жатыр.
Гүл шашақ, жасыл бояқ жайлауында
Көңілім ел қонбаған сайда жатыр,
Қиуадан торға түскен ақ сұңқардай,
Көңілім қапаланған торда жатыр.
Білетін асыл жайын жан болмаса,
Жаманды не қылайын жолда жатыр...
Ішінде ақ көйлектің орын жатыр
Қалқаның тал бойында форым жатыр
Баласы ақ иықтың түсер ме деп
Бауырында Көкшетаудың торым жатыр»

Ақанның бұл сықылды жан сырын ақтарған әсем лебезді, терең мағналы өлеңі әрине жас Жамалға әсер етпейді. Өйткені ол қарт Ақанды сүймейді, Ақан қыз сүймесе де ең сұлу жырларын соған арнай береді, қыз сүймесе де менің сүйгенім шын махаббат дейді.

«Жоқ болса айтар сөзім жұбайыма.
Жүрейін амалым не өз жайыма,
Обалың айнымасаң маған емес,
Жаратқан жақсы қылып құдайыңа.
Қыздарды мен не қылам қылаң-сылаң
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам
Жанартқан өмірімді Қалқа бала,
Басы жұм, ортасы мем, аяғы лем»

деп ең ақырында Жамалдың атын өлеңге қосады.

Жамал ұзатылатын болады. Жамал ұзатылатын тойға қыз-ойнақ кешіне Ақан бармайды. Ол сол күні кешке Жүсіп төренің қонысы Сырымбет тауының бөктерінде, қыздың аулының сыртында түнімен ат үстінде жортып жүріп Жамалға арнаған ең соңғы атақты әні «Сырымбетті» шырқап салады.

«Ауылым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына.
Лашынға лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба?
Ей еркем!!
Қарындас-ай!
Енді есен бол-ай!!!»

деп Сырымбет тауын күңіретіп, толқытып ән салады Ақан. Жамалдың ойынына жиналған ел жігіттері ойынын тоқтатып қойып ауыл сыртындағы Ақанның күңіретіп салған «Сырымбетін» ұйып жүректерімен елжіреп тыңдайды. Бұл ән Ақанның соңғы музыкалы шығармасы болады. Қыз ұзатылып кете барады. Қызды алып қашатын астында Құлагер жоқ, жас албырт қуаты өтіп кеткен Ақан енді өзін осындай әнмен жұбатқандай болады.

Ақан сері 1913 жылы өлді. Ақан өлгенмен халыққа бүкіл ән мен күйін, барлық жазған шығармаларын түгел таратып, өлмес ұлы мұра қалдырды. Сөзін, жырын, әнін — барлық өмірін халықтың көркем өнерін, эстетикалық сезімін өсіру жолына сарп етті. Ол өз сөзінің, өз өнерінің кейінгі ұрпақтар үшін аса қадірлі екенін толық түсінеді:

«Көлденең көмейіме сөзім тоқтап,
Басылған талай жаннан біздің қарқын...
Шығарар оқығандар сөздің әрпін,
Берерге ғылым жазып адам керек,
Біреу мыс, біреу қола, біреу алтын,
Санамен салмақталған ер табылса,
Айтылмай неге қалсын менің атым,—

дейді ақын «Жігіттерге» деген өлеңінде. Ол сұлу көркем өнер тудыруда өзінің қазақтың алдыңғы қатарлы өнерші-

сі екенін де жақсы ұғынған. Махаббат, сұлулықты жырлап, шынай асыл өнердің жасаушысы Ақан ғашық жармен сырласқан бір өлеңінде былай дейді:

«Жатқа сөз жақсы мінез жайдары ашық,
Жағымды жан жадыратқан қайран ғашық.
Сегіз қыр, сексен сырмен сырға тартсаң,
Түсіне алмас айтқаныңа кейбір жасық.
Өрнекші жөн білмеген надандарға,
Туып едің нақыш беріп өрнек шашып.
Қараңғы көңілімнің ай мен күні,
Жарығың азаймайды күңгірт басып,
Сөз бірге, ақыл ойлас, мінез тату,
Тұрады сені ойлап көңіл тасып,
Махаббат бізде болмай жатта болса,
Аһ ұрам у ішкендей ішім ашып».

Ақан мұнда да махаббат өмірін қалай жырлағанын, көркем өнер жолына қалай берілгенін жеткізіп, терең айтып береді.

Ақан қазақтың асқан шебер халық композиторының бірі. Ақан шығарған әндердің қайсысы болсын толқынды, лирикалы айтылады: жүректі, ойды толықтып, Сарыарқаның көк бұйра сағымды бел, сары жонын оятып, алыстан тербей келетін мұнды, қайғылы сырын, күйін беріп отырады, сонымен бірге Ақан әндері адам ойын сергітіп, жастық махаббаттық сезімді құлпыртатын шаттық рухты да береді. Ақан әндері Біржандікіндей бірыңғай алты қырдың астына жеткендей айғайлап, шырқап салатын ерен дауысты, асқақ үнді әндер емес, көбінесе майда қоңыр күңірене келетін толқынды әндер. Әндерінің қайсысы болсын ұлы махаббат (сұлу әйелді, сұлу атты, қыран бүркітті, мергендікті сүйген, туған жер, туған елді сүйген) мотивімен байланысты туып отырғанын қореміз. Сондықтан да «Құлагер» әні атқа арналып шығарылған ән болса да «Жалбыр» операсында «Балқадіша» болып, ғашықтық мотивте Елеместің аузынан айтылуында ешқандай ерсілігі жоқ.

Ақан сері жалғыз композитор ғана емес, ол серілік өмірімен халықтың шынайы артисі де болған ірі көркем өнер қайраткері. Сері деген ардақты ат кім көрінгенге беріле бермеген. Сері, сал, әнші, ақын деген атақты — халықтың театр, ойын-сауығы бола білген ақындарға халықтың өзі берген.

Ақан сері қазақтың әдебиет тарихында да айрықша орын алатын ірі реалист ақын. Ақан сері қарапайым ақын емес, ол қазақтың жазба әдебиетінің стилист лирик ақыны.

Шығыс елі әдебиетінен көп үйренген, сонымен бірге орыс тілін де жақсы білген ақын. Бірақ Ақан сері орыс тілін білсе де, мәдениетін меңгеру дәрежесіне жетпеген. Омбы, Көкшетау, Қызылжар қалаларымен байланысты серілік өмірінде жырлаған өлеңдеріне орыс сөздерін араластырады:

«Милая, тебя вижу кырындаймын,
Без ответ все-таки ұрынбаймын.
Көптен-көп поклон айттым скажия
Сырымды кімге айтамын сізден зия.
Еминной искренный ескеріңіз,
Хорошенко, сестра спатия».

(қарындас, құдаша мағынасында) деген өлеңдерді Ақан қазақ тілін білмегендіктен емес, орыс жастарымен аралас жүріп те серілік өмірлерді өткізгендіктен әдейі орыс жастарына еліктеп шығарған Ақан сері қаладағы сұлу орыс қыздарына да ғашық болғандығы бар. Бұл ретте Сүйіндік Нұрқожа ақын Ақанмен айтысында сен мәтушкелерге ғашық болдың деп Ақанды мінейді. Ақанның бұл айтыс жүйелі өлеңдерінің өзі қызықты жазылғандықтан ел жастары бірден-бірге таратып айтып кеткен.

Ақан сері поэзиясының стилі музыкасындай лирикалы сұлу келеді. Ақанның музыкасы мен лирикаларының айрықша жарқын, сұлу келетіндігі тек Ақанның серілік өміріне байланысты шығарыла салған емес, ол ұлы ақынның эстетикалық көз қарастарына, дүниені көркемдік жолымен тану ойларына тығыз байланысты. Ақан айналадағы өзгеріп, құбылып жатқан дүниені, жаратылыс әлемін, адамдар өмірін — бәрін мәңгі сұлулық бейне деп түсінеді, сұлу емес нәрселер, жан иесі Ақан үшін ешбір мағынасы, қасиеті жоқ. Дүние тек сұлулықтан тұрады деп біледі. Бұл көркем өнер жасау әлеміндегі таза эстетизм жолы ма? Таза сұлулықты ардақтаушылар — искусствоны әлеумет өмірінен алыстатады, олар таза ойдың, таза сөздің, таза қиялдың сұлулығына, қиял романтизм жолына беріледі. Европадағы импрессионизмнің бір қатар өкілдері осы жолға түсіп өзінің сұлулықты сүйген көркем өнерін қоғам өміріне қайшы мотивте ұсынды. Бірақ Ақан серінің сұлулықты ардақтай жырлаған мотиві әлеумет өміріне жат емес, қайта халықтың эстетикалық сезімін өсіріп құлпыртып отыратын, Ақан сүйген сұлулықты халық құмарлана қарсы алып отыратын сұлу өнер. Олай болса Ақанның дүниені сұлулық жолымен танып жырлауы искусствоның

сұлулық қасиетін ұлы классик ақындарша терең мағынада түсінгендігін, өз өнерін теориялық жағынан ойланып, меңгеріп алғандығын көрсетеді.

Расында сұлулықты кім сүймейді. Адам сұлулықты мәңгі сүйеді. Искусствоның түпкі асылы сұлулық сезім алудан туған деп данышпан Горький де айтқан. Искусство дүниені көркемдікпен тану деп Маркс те ұлы даналық қағида берді. Искусствоны осы жағынан ардақтай білген ақын Ақанның творчествосы айрықша мағналы, терең сырлы екендігі даусыз.

Ақан серінің махаббат, сұлулық бейне мергендік, серілік салт, сұлу әйел, достық жайларында жазған өлеңдері қазақтың лирикалы поэзиясының бір шұрайлы саласын береді. Ақан сері өзінің лирикалы шығармаларында шығыс елінің Навои, Низами, Омар Хайям сияқты сұлу поэзияның классик ақындарының творчестволық мотивін көрсетіп отырады. Ақанның махаббат тақырыбына шығарған өлеңдері ауыл арасының бозбалалары шығара салатын қара жаяу өлеңдер емес. Оның махаббат лирикасындағы сөз сұлулықтары, тенеу образдарының өзі тың, жана поэтикалық системада беріледі.

«Асыл зат ал қызыл гүл қарындасым,
Есілдің құба талы шынарым-ай
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы,
Көріндің хор қызындай жұмақтағы,
Өткірсің нар кескендей қынаптағы,
Сөзінді ешбір жанға ұстатпайсын
Қалбырға құйып қойған сынаптағы.

«Ақ көйлек» дейтін бір өлеңінде:

Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
Қастарың харіп мәттей сүрмеленген,
Сүмбіл шаш, лағыл ерін асыл қалқам,
Іш бауырым, ғашық отпен тілмеленген.
Қалқаға ақ көйлекті ырымдаймын,
Сұқсырды ақ сұңқардай қырындаймын,
Қалқамен дидарласып қайтқан күні
Дарияның кемесіндей сырылдаймын...
Алтынды жел қайығың табылмаса,
Тұңғыық Ніл дариясын кешпе деген.
Шырын мен Фархат, Мәжнүн ғашығындай,
Түсірдің ғашық отын ішке деген,
Аспанда алтын айдын бедеріндей
Бұл қаулы бұзылмайтын десе деген.
Көңілімнің қамалында жатыр қалқа
Фамелни шай секілді мәстелеген.

Немесе:

«Қасың қара қаламның сиясынан,
Қолың нәзік өзеннің миясынан...
Ақша бетің үстіне нәркес көзің,
Ал қағаз нүктесіндей нонға тартқан».

Әсіресе Ақан серінің соңғы дәуірде жазған ғашықтық жайындағы өлең жырларында терең сыр, зор мағыналар жатады. Ол иран, араб, қытай, қазақ әдебиетіндегі ғашықтықтың ұлы мотивтерін көрсете отырады. Жүсіп — Зылиқа, Ләйлі — Мәжнүн, Шырын, Сейфіл Мәлік — Бадиғұлжамал, Бозжігіт, Зияда — Қорлығайын, Қозы Көрпеш — Баян сұлуды атап қосып жырлайды. Әйел қауымын ардақтай, оның жан сезімінің сұлулық, ақылдылық сипаттарын шебер суреттей жырлайды, жүректен шалқып шыққан ғашықтық жалынды сезімдерді жырлайды. Қыздың сұлулығын, оған жігіттің ынтықтығын былай береді:

«Бұл елдің сіз дегенде салы қалмас,
Мойнында ат айғырлар жалы қалмас,
Жандарын сіздің үшін пида қылып,
Күн көрер, сауып ішер малы қалмас.
Аспанда құс естісе дауысыңды,
Шыбындай көкірегінде жаны қалмас.
Бір көрсе жүгірген аң дидарынды,
Жүрерге аяқ басып халі қалмас.
Сипатыңды бір көрсе піскен алма,
Ішінде суы кетіп дәні қалмас.
Мұхиттың дариясына бір түкірсен,
Жайылма тәтті кілі көлі қалмас.
Дарияға ағып жатқан суға түссен,
Бойында гүлденбеген талы қалмас.
Басына Қап тауының шыға қалсаң,
Дүниенің жұпарланбай желі қалмас.
Беліңе алтын шашың алты оралған
Бұл күнде басқа қыз жоқ сіздей болған.
Пердеңнен ақ жүзінді бір шығарсаң,
Күндік жер мәшһүрленіп нұрға толған.
Шарапаты абы ләззәт сілекейің
Ақ мерует отыз тісің қырлап жонған
Кірпігің қатар тізген әскеріндей
Жігіттің көзінің жасы сағым қонған...
Көп шер бар көкіректе таралмаған,
Тіл байғұс асығыс жұбап айталмаған...
Қамыс бармақ қайысып іс тіккенде
Бүйімге ине балқып өте алмаған.
Мен түгіл жансыз темір буыңа мас,
Қасыңнан сөкпе мені кете алмаған.
Жұпар жел мас боламын самалыңа
Туыпсың нұр безеніп заманымда,
Сағымдай жазғытұрғы толқын ұрып,
Қарасам көз алмасар жамалыңа»

Міне бұл өлеңдердегі Ақанның шеберлігі тек ғашықтықтан туған ішкі сезімді сұлу сыпаттауда ғана емес, мұнда Ақан серінің үлкен ақындық өнері ерекше көзге түседі. Көркемдік образдың жүйесі бірінен бірі асып түсетін айрықша әсем және күшті қолданылған. Ақан сері махаббат жырларында осындай көңіл күйінің толқындарын беріп қана қоймайды, сонымен бірге сюжетті тұтас картиналар да жасай біледі. «Торыны талға байлап мінген қандай» деген өлеңі тамаша сұлу картина. Ақанның мынау өлеңінде екі ғашықтың жолығу сипатын өте айқын береді.

«Қарағым, құшақтасам құмарланып,
Қосылған екі ғашық жұбайланып,
Жан тынып ішімдегі жалын шықса,
Аузымнан ақ сағымдай мұнарланып,
Құшақтап қыл беліңнен бір таң жатсам,
Ақ торғын орамалдай жұмарланып.
Ми тамыр, ақыл-ойдан арман қалмай
Мастансам қызуыңа тым алданып,
Көтеріп гүл бәйшешекті көңіл күліп,
Семірсе нәпсі мұрад бір жалданып.
Қардан ақ, қаннан қызыл ет пен бетің,
Лықтан қолаң шашың гіл талданып,
От сөнсе жүректегі жанып тұрған
Сорғанда тілден ләззәт мейір қанып,
Етпен ет бір-біріне еріскенде
Айтысқан шартқа жетсем әбден қанып,
Бұл менің ғашықтығым сізге жарық,
Айтқызбай, асыл сәулем, білген нарық.
Білім, ғылым ақылды таза инабатты,
Алмасаң сыр шықпайды іштен жарып.
Бір сырың, сегіз қырың бәрі өзіңде
Неткен жан жаман дейді ауыз барып».

Ақан серінің лирикалы шығармаларының айрықша сұлулығы, терең мағналылығы оның қазақтың халық поэзиясын меңгерудің үстіне Шығыстың классикалы поэзиясының мәдениетімен еркін суарылған, содан нәр алғандығын көрсетеді. Мұндағы ақын қолданған көркем образдардың бәрі Ақанның өз шығармасына ғана тән өзінің творчестволық стилін жасайтын ерекшелік өнер екенін айрықша атап өтпей болмайды. Ақан ірі лирика ақын ғана емес, шешен айтыс ақыны, өткір сатира, сықақтың шебері де, ол халықтың әлеуметтік өмірін жырлаған жыршы да, эстетикалық құлық-мінез жолын ұсынған, шындық, туралық, тазалық жолын жырлаған ірі ақын.

Ақан серінің музыкалық, әдебиеттік еңбектерін жарыққа шығару, пайдалану, зерттеу жұмысы тек совет тұсында ғана толық қолға алынды. Революцияға дейін бірлі-жарым

өлеңі ғана басылған, ал совет тұсында Ақан серінің өмірі, шығармасы суреттеліп, іске асырыла бастады. Газет-журналдарда, жеке жинақтарда бірқатар өлеңдері басылды. 1935 жылы бірқатар өлеңі жеке кітап болып шықты.

Ақан серінің «Құлагер», «Сырымбет» деген атақты музыкалы шығармалары пластинкаға беріліп, бірнеше әндері опера театры мен радиоларда айтылып жүр. Қалың көпшілік театр Ақанның әндерін репертуар етіп орындауда.

Ақан серінің сұлу әндері мен көркем жырлары Ресей патшалығы мен қазақтың феодал-байлары билеген сұм заманда құлдық қыспағына шыдай алмай еркіндікті аңсаған, батыр ой, жалынды сезімнің ұлы көрінісі, жарқын салтанаты. Сондықтан да Ақанның ақындық, әншілік, серілік өмірі біздің халқымызға мәңгі қызықты болып, ұрпақтардан ұрпаққа ұлы аңыз жыр болып тарала бермекші.

Сондықтан Ақан сері — қазақтың дана ақыны, ірі әншісі, ұлы сезімді жан иесі, ақын ұлы болумен бірге өршіл мінез, еркіндікті аңсаған еркін ой сезімінің асқар алып символын берген ардагер батыр ұлы.

1941

ӨЛЕҢНІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІКТЕРІ

РЕВОЛЮЦИОНЕР АҚЫН

(Сәкеннің қоғамдық, творчестволық өмірі турасында)

ТУҒАН ЖЕР — ӨСКЕН ҰЯ

Сәкеннің туып, өскен жері — өзі сан рет ең тәтті жырларымен әлпештеп суреттеген сұлу Сарыарқаның сүбелі шүйгін бір арнасы Нұра, Есіл өзендерінің құбылаға қарай бет алған өрісінде Аба деген таудың бауыры. «Туған жер», «Жазғы кеш», «Нұра» атты өлеңдерде және «Тар жол, тайғақ кешу», «Сол жылдарда» атты прозалық шығармаларында Сәкен балалық, жігіттігінің ең бір ұмытылмас қызық шақтарын еске түсіріп, Есіл, Нұра өзендерінің сол жердегі елдік жайын суреттеп отырады.

Сәкеннің ата тегіне келетін болсақ, ол Орта жүз Алтай-Қарпық, Қарпықтан тараған Тоқа руынан. Сейфолладан жеті бала туған. Төртеуі ұл, үшеуі қыз. Ұлдар: Садуақас (Сәкен), Мәлік, Әбен, Мәжит. Қыздар: Рахима, Халима, Сәлима.

Қыздары мен Әбен ертеде өлген. Мәліктен қалған бір қыз — Күлзағипа қазір Қарағандыда орта мектептің мұғалімі.

Сейфолла тұқымынан балалы-шағалы болып өскен Мәжит қазір Алматыда тұрады.

Сейфолланың әкесі Оспан, оның әкесі Жәнібек сөзге жүйрік, мықты, қайратты адам болса керек.

Сәкеннің бала кезінде Сейфолланың үй шаруашылығы жүдеу-жадаулы, бірде аш, бірде тоқ отыратын халде екен. Дәулетті жақын ағайындары қол ұшын беріп қарайласпаған. Кейін Сәкен Ақмола, Омбы қалаларына барып оқығанда қарайласатын ешкімі болмағандықтан жеке адамдарға сабақ беріп, күн көрерлік қосымша қаражат тауып отырған.

Міне осындай семьяда (1894 жылы Ақмола уезі, Нілді болысының — қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ау-

данының бірінші ауылында; туып өскен. Сәкен әуелі ауылда Ағаш аяқ дейтін молдадан оқып хат танып, 1905 жылы Нілді (Успенский) мыс қорыту заводындағы орыс-қазақ мектебіне (русско-киргизское училище) оқуға түсіп, онда жұмысшы қызметкерлердің балаларымен бірге оқиды.

Ол кезде Ақмола облысының мыс өндіріп, қорытатын осы Нілді, Спасский, Қарсақпай заводтары мен Қарағанды көмір кенінде істейтін жұмысшылар ең алғаш саяси күрес майданына шыққан, еңбек пен капитал арасының қайшылығы қазақ даласына да қанатын жайған кез еді. Нілді өндірісінде оқып жүріп, болашақ ақын завод жұмысшыларының ауыр тұрмысын, завод иелері мен жандармдардың жұмысшы табына көрсеткен айуандық қысым-қиянатын, қанаушылық әрекеттерін көріп, әділетсіздіктің күшті екенін сезе бастайды. Нілдіде оқып жүргенде алған әсері туралы кейін Сәкен: «1905 жылғы жұмысшылардың көтерілісін көрдім. Орыс шешендерінің сөздерін естідім. Көтеріліс жасаушыларының қозғалысы менің ой-дүниемде шу деп із қалдырды» деп жазды. Елде өз үйінің жоқшылық, кедейлік тіршілігі, қалада араласып жүрген жұмысшылардың тұрмысы Сәкеннің бірте-бірте езілген еңбекші халықпен біте қайнасып кетуіне себепші болады.

Сәкен Нілдідегі мектептен үш жыл оқығаннан кейін Ақмола қаласына келіп, Приходская школада екі жыл, үш кластық қалалық училищеде үш жыл оқиды. Сәкеннің Нілді мен Ақмолада оқыған кездерінде жалпы білімі қандайлық молайып өсетін болса, қоғамдық ой санасы да, әдебиетке бейім қабілеті де тез оянып, қалыптаса бастайды. Нілді мен Ақмолада және өзінің туып өскен ауылында Сәкен оқып-үйренуден, поэзияға ынтыға берілуден, қоғамдық өмірдің алуан сырларын, әсіресе әлеуметтік теңсіздікке, таптық күреске байланысты өмір сырларын білуден жалықпайды да, тоқталмайды да.

Сәкеннің өмірді танып-білуінің, ақындыққа алғаш бой ұруының негізгі факторлары — өзі өскен ортаның ақыны мен әншілері, яғни халықтың теңіздей мол поэзиясы. Әке мен шеше айналасынан басқа Сәкенге ерекше әсер еткен Құлмағамбет деген өлеңші, гармоншы өнерпаз ақын болған. Өз ауылындағы Әзімхан деген Сәкеннің ең жақын досының бірі; кедейден шыққан сері, әзілқой, сауықшыл, қиссаларды жатқа айтатын Сатай, Сүйіндік деген жігіттер де Сәкеннің ел аралап, аң аулап, саятшылық құрғандағы өнерпаз, балуан, сері достары. Әлеуметтік сазы қалың өлеңдерді Нілді зауытының ұстасы, жұмысшылар арасын-

да әнші жігіт Ыбырайдан естіп құмарта тындайды. Тама еліндегі Сапалай, Мүсейіп деген ақын-әншілер де Сәкеннің жақын достары болады. Онан басқа сол елге келіп-кетіп жүргенде сөзі таралған Әшек, Бітімбай деген ақын-әншілер болған. Ал Ақмолада сөзі мен әнінен үлгі алған атақты Ғазиз әншімен, ел арасында аты жайылған Иман Жүсіппен де жақын болыпты.

Қазақ ортасындағы неше түрлі айтқыш ақындарды, сері әншілерді Сәкен Қарқаралы, Көкшетау, Баянауыл, Атбасар төңірегіндегі елдерден де көп кездестіреді. Сәкен ақындығының негізгі бір қайнар бұлағы міне осылар.

Екінші, Сәкен орыс мектебіне түскеннен бастап, орыстың ақын, жазушылары, орыс тілі арқылы басқа елдердің классиктерінің шығармаларын оқи бастайды. Сәкеннің орыс поэзиясына айрықша ынта қойып оқуына оның мұғалімдері мен оқытушылары айрықша әсер еткен көрінеді. Сәкен шәкірт кезінде Пушкин, Лермонтов, Надсон, Блок шығармаларын қызыға оқыған. Сонымен қатар Сәкен сол кездерде шығып тұрған қазақ, татар тіліндегі газет, журналдарды, жеке кітаптарды да ынта қойып оқып отырған. Мәжиттің айтуынша, Сәкен жаз демалысқа елге келгенде жүгінің ең ауыры толып жатқан кітаптар болған, көбі орыс тіліндегі кітаптар. Сол әкелген кітаптарының ішінде ауыл жастары түсініп, қызығып оқығандары «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Қобланды», «Мұңлық — Зарлық», «Көрұғылы» дастандары, Абай өлеңдері және «Айқап» журналы болған. Ақмоладағы қазақ жастарын оқытқанда Сәкеннің қолында орыс әрпімен басылған орысша-қазақша сөздік және Алтынсариннің хрестоматиясы болыпты. Абайдың өлеңдер жинағын қай жылдары қолына түсіріп оқығандығы бізге анық емес, бірақ «Өткен күндер» жинағындағы өлеңдерде Абайдың әсері анық байқалады. «Ақын» деген өлеңді Абайдың шығармасын бірінші рет оқығанда алған әсер бойынша жазған сияқты.

Ауылда өтетін ойын-сауықтарда Сәкеннің өзі де домбыра тартып, ел жастарының салты бойынша ән салып, өлеңмен жеңіл айтыстарға да араласып жүрген. Сәкен домбырада «Саржайлау», «Дайрабай», «Қосбасар» сияқты Тәттімбеттің майда, нәзік күйлерін тартады екен. Сәкен өзінің жаны сүйетін жақсы күйлерін шебер тартатын Әбікен Хасеновпен өте жақын достасып кеткен.

Сәкен Ақмолада оқыған уақытында тереңдей білім алу жолына беріле жүріп, екінші жағынан Ақмолаға оқу іздеп келген қазақ балаларына орысша сабақ береді. Ақмолада

тұратын Абдуллин Насыр — 1912—13 жылдары Сәкен Абдолла қалпенің медресесіне келіп қазақ балаларына орысша оқытқандығын, ал дәулетті балалардан ақы алып, сабақ бергендігін, өзінің бір қыс Сәкеннен орыс тілін үйренгендігін айтады.

Ақмолада оқып жүрген кезінде Сәкен қаншалықты өлең жазғаны бізге мәлім емес. Ал 1914 жылы басылған жинағына кірген өлеңдерінің бірқатары өзінің туған ауылы мен Ақмолада жазылуы сөзсіз.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КҮРЕС ЖОЛЫНДА

Сәкен 1913 жылы Омбы қаласындағы оқытушылар семинариясына түсіп, оны 1916 жылы бітіріп шығады. Омбыға келу Сәкеннің бұрынғыдан да терең білім алуына кең жол ашумен бірге, саяси-қоғамдық және ақындық-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға қолайлы жағдай тудырады.

Ақмоламен салыстырғанда Омбы ішкі Россия мен Сибирьді, қазақ даласын ұштастырып жатқан үлкен темір жол, су қатынасының түйіскен жеріндегі мәдениетті қала, Батыс Сибирь өлкесінің, оған қосылатын Ақмола, Семей облыстарының саяси-әкімшілік орталығы. Омбы саяси күрес, ағымдардың да, әдебиет пен көркемөнер тіршілігінің де сапырылысып қайнаған жері. Оның бер жағында Омбы қаласы XIX ғасырдан бермен қарай Россиядағы патшалық құрылысқа қарсы болғаны үшін айдалып келген революционерлердің үнемі басы қосылып, қуатты қозғалыстың ұйтқысы болған қала. В. В. Куйбышев және басқа көрнекті большевиктердің басқаруымен белсене жұмыс жүргізген коммунистік партия ұйымдары да тегеуірінді күштің бірі болған. Омбыдағы орыстың демократиялық интеллигенциясы бастаған азаттық жолындағы қозғалыс, әлбетте Омбы қаласында оқитын қазақ жастарын да қатарына алмай қоймады. Қазақ халқын отаршылық қысымда ұстаған патша әкімдерінің билеу саясатына орыс революционерлері де, қазақ жастары да қарсы күресті. Қазақ еңбекшілерінің ұлт азаттығы жолындағы күресі бүкіл Россиядағы қозғалыспен ұштасқанда ғана ойлаған мақсатына жететіндігін бірталай жастар, соның ішінде Сәкен бастаған жастар тобы дұрыс түсінеді. 1913 жылы Омбыда оқитын қазақ жастарының «Бірлік» атты мәдени ағарту ұйымы құрылып, оның басқару жұмысына Шәймерден Әлжанов, Сәкен Сей-

фуллин т. б. белсене қатысады. «Біздің программamız және көздеген мақсатымыз қазақ арасына мәдени ағарту жұмысын жүргізіп, қазақ әдебиеті арқылы патша үкіметінің қысымшылығына қарсы идея тарату еді» дейді Сәкен. Осы мақсатты іске асыру ниетімен 1914 жылы Сәкеннің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын бастырып шығарады. Мұнда жазушы жастық, шәкірттік өмірдің жай-күйлерін айтумен бірге, патша үкіметінің отаршылық қысымына, қазақ байларының кертартпалық, топастық қылықтарына қарсы шығады. Ел жастарын өнер-білімге шақырады. Мұның өзі С. Торайғыров, С. Дөнентаев сияқты демократияшыл бағыттағы ақын-жазушылардың ұлт бостандығын жырлаған пікірлерімен үндесіп жатты. Омбыда оқып жүргенінде Сәкеннің «Айқап» журналында бірнеше өлеңі мен қазақ тіліндегі пьеса, «Манап» туралы сын мақаласы басылады.

Сәкен бастаған жастар тек ағартушылық бағытта тоқтап қалмай, «Бірлік» ұйымының алдына саяси күрестің программасын ұсынады. 1914 жылы ұйымның қала сыртындағы жасырын бір жиналысында Сәкен орыс революционерлерімен бірге патша үкіметіне қарсы күреске қазақ еңбекшілерін қатыстыру мәселесін қояды. «Бірліктің» бірталай мүшесі буржуазияшыл-ұлтшыл, кадет партиясының мүшесі А. Бөкейхановтың жетегіне еріп, патша үкіметіне қарсы көтеріліс кезінде қазақ тең аралықта тұрсын деген ұсыныс жасайды. Бұған Ш. Әлжанов пен Сәкен қарсы шығады. «Бөкейханов қазақтың ханының ұрпағы, қазақ еңбекшілері Бөкейхановтың соңынан еруге тиісті емес, ермейді де. Егерде восстание бола қалғандай күн болса,— біз орыс революционерінің соңынан еруіміз керек» дейді Сәкен. Ал Ш. Әлжанов жасырын баспахана ұйымдастырып, қазақ арасында патшаға қарсы үгіт тарату керектігін айтқан. Бірақ ұйымның оңшыл ұлтшыл топтарының алауыздығынан батыл жұмыстар жүргізе алмайды. Сондықтан Сәкен бастаған солшыл топ кейін «Бірлік» ұйымын тастап кетеді.

Омбыда оқып жүргенде Сәкен бірталай орыс интеллигенттерімен, соның ішінде революционер-жазушы Феоктист Березовскиймен жақын дос болады. Бұл туралы Сәбит Мұқанов: «Сәкеннің жақын досы Нұркин Жұмабайдың айтуынша, Сәкенмен ол большевиктік іске Омбы семинариясында оқып жүріп белгілі жазушы, қарт большевик Ф. Березовский арқылы тартылған» дейді. Қаскей Өтекиннің айтуына қарағанда, Сәкен Березовскиймен Омбыда оқыған кезінде жақын араласып, кейін совет дәуірінде

достықтары жазушылық-творчестволық жолда нығая түседі. Сәкен Омбының тұтқын лагерінде отырғанында Жанайдар Садуақасов, Ф. Березовский, тағы басқа большевиктер ақылдасып Сәкенді босатып алу амалын қарастырады. «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы басылуында Жанайдар мен Березовскийдің бірге түскен суреті басылған. З. П. Кадченконың айтуына қарағанда, Ақмоладағы большевиктерді Омбымен байланыстырып отырған, өзіне, Сәкенге және басқаларына идеялық ықпал жасаған табанды большевик Григорий Дризго Омбы қаласына келген. Омбыдағы революцияшыл ұйымдарымен жасырын байланыстың бірқатары Мұқан Әйтпенев арқылы іске асып отырған.

Сәкеннің революциялық күрес жолындағы достары әлбетте Омбы большевиктері ғана емес, Ақмола қаласында да болады. З. П. Кадченко, Н. М. Монин, Бәкен Серікбаев, И. П. Трофимов; Ф. И. Аначенко, Абдолла Асылбеков, В. Кривогуз және басқалары Сәкеннің Омбы және Ақмолада революциялық бағытта табанды, белсенді жұмыс істеуіне орасан зор ықпал жасағандығы белгілі. Сәкеннің жақын жолдастарының айтуына қарағанда Ақмоладағы оқушы жастар арасында патша үкіметіне наразы пікірлерді көбірек таратуға себепші болған адамның бірі адвокат Трофимов көрінеді. Сәкен Трофимовтың үйіне жиі барып, екеуі әр мезгілде көп жайларды кеңеседі екен.

Сәкен 1916 жылы Омбыдағы семинарияны бітіріп, Ақмола уезіндегі Сілеті — Бұғылы ауылдық мектебіне оқытушы болып тағайындалады. Осы жылдың жазында мал санағын алатын комиссияның жұмысына қатынасып, Ақмола уезіндегі елдің бірталай жерін аралайды.

1916 жылғы қазақ халқының, патша өкіметіне қарсы көтерілісі кезінде Сәкен сол көтерілген қалың елдің ортасында болып, халық арасына патша үкіметінің әділетсіз қатал заң тәртібін әшкерелеп, үгіт-насихат айтып таратады. Бірден бұрқ етіп басталған халықтың ызалы толқыны патшаның жазалаушы отрядтарының алғашқы соққысында-ақ жеңіліс тауып, қалың ел қалың қырғынға, талан-таражға ұшырайды. Сәкен елге шыққан жазалаушы жасақтардың, оған көмектескен қазақ байлары мен болыстардың айуандық қылықтарын әшкерелейді.

Сәкен Ақмоладағы жолдастарымен ақылдасып, қылмыстыларды жауапқа тарту керек екендігін айтып, уездік әкімдерге бірнеше хат жазған.

1916 жылдың сентябрінең 1917 жылдың мартына дейін Сәкен Ақмоладан 65 шақырым жерде Бұғылы елінде жаңа

ашылған мектепте бала оқытып тұрады. Бұл тұстарда Сәкеннің қандайлық әлеуметтік қызметке араласқандығы туралы бізде жаратымды дерек жоқ. Алайда творчестволық қызметін тоқтатпайды.

Сәкеннің орыс классиктерін, сондай-ақ Абай шығармаларын тереңдей оқып, ақындық өнерін анағұрлым жетілте дамыта түскен мезгілдері 1915—17 жылдар арасы екендігі байқалады.

1917 жылы Февраль революциясында патша тақтан түскеннен кейін Сәкен Ақмола қаласына келіп, саяси-қоғам жұмысына белсене араласады. Қалада мұғалімдер дайындайтын педагогикалық мектеп ашып, бір жағынан сонда сабақ береді. Сәкеннің саяси-қоғамдық қызметінің ең маңызды дәуірі басталады. Сәкен Ақмола қаласындағы солшыл революцияшыл бағыттағы орыс, қазақ, татар оқығандарымен бірлесе отырып, уақытша үкімет тұсында бұрынғы патшалық үкіметтің заң тәртібінің қалдығын жою, еңбекші халыққа шын мәніндегі бостандық берілу мақсатында белсенді жұмыс жүргізеді. Саяси мәселелерді халық мақсаты тұрғысынан ешкімге жалтақтамай, ашық, тура қоя білу арқасында бірден беделі артып, үлкен сенімге ие болады. 1917 жылы май айында Қазақ комитеті құрылғанда Сәкен әуелі орынбасар, біраздан кейін оның бастығы болып сайланды. Сәкенді қаладағы орыстың, қазақтың революцияшыл қайраткерлері үнемі қолдап отырады. Қазақ комитеті атынан жүргізіле бастаған революцияшыл шаралар: бұрын көп жыл болыс болып еңбекші бұқараны талаған әкімдерді орнынан алып, бірқатарын жауапқа тарту мәселесін көтеру, қазақ әйелдеріне бостандық беру, ел билеу ісіне қожа, молдаларды араластырмау, барлық жерде болыстық, ауылдық сайлауды қалың бұқараның қатысуымен өткізіп, болыс пен ауылнайлыққа халық мақсатын көздейтін жаңа адамдарды өткізу шараларын іске асыра бастау әлбетте, қала мен қырдағы байларды, болыс, билерді, молдаларды қатты шошындырады. Мұндай саясат Ақмола қаласындағы уақытша үкіметтің өкілдеріне де, Омбы мен Ақмоладағы алашордашыл оқығандарға да ұнамайды. Сөйтіп әр таптың уәкілі өзіне қолайлы саясат жүргізу үшін ашық майданға шығады. Қазақ комитетінің құрамындағы алашордашылар Сәкеннің тобына қарсы болып, алалық тудырады.

Міне осы кезде Сәкен Сейфуллин, Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев бастаған революцияшыл топ қазақ комитетімен қатар «Жас қазақ» ұйымын құрады. «Жас қазақ»

өзінің саяси программасында Россиядағы ең революцияшыл партиямен бірге майданға шығатындығын, Россияның құрама республика болуын қолдайтындығын жариялайды. «Жас қазақ» ұйымы «Тіршілік» атты газет шығара бастайды. «Жас қазақ» пен «Тіршіліктің» басқару жұмысының ауыр салмағы Сәкенге жүктеледі. Бұл ұйым да, газет те саяси бостандық, ұлт мәселелерінде алашордашылардың, тағы сондай буржуазияшыл партиялардың саясатына ашықтан-ашық қарсы күреседі. Елдегі, қаладағы байлар мен болыстар, молдалар, бұрынғы патшашыл әкімдер «Жас қазақ» ұйымы мен «Тіршілік» газеті төңірегіндегі революцияшыл жастарға қарсы науқан ашып, шу көтереді. «Қажы, молдалар, болыстар бізге қас болып алды, бізді дінсіз, елді бүлдіргіш деп сөз жүргізді» дейді Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуде». Осының ақырында 1917 жылы сентябрь айында қазақ комитетінің қайта сайлауында қала мен дала байлары ұйымдасып келіп, қазақ комитетінің құрамына «Жас қазақ» ұйымының мүшелерін өткізбейді. Комитетке көбінесе байлар мен алашорданың сойылын соғатын адамдар сайланады.

Оның есесіне «Жас қазақ» пен «Тіршілік» революцияшыл жастардың қолында болып қыр мен даладағы еңбекші халық арасында революциялық үгіт-насихатты күшейте түседі. Әсіресе Сәкен «Тіршілік» газетінің бетінде көптеген мақала, фельетон, очерктер жазады. «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер», «Тергеген болсаң, айтайын», «Ақша қар», «Далада», «Қырда», «Күзетші иттер» сияқты революцияшыл маңызы күшті өлеңдерін де осы «Тіршілік» газеті арқылы қалың еңбекші халық арасына таратады. Сәкеннің революциялық мазмұнға толы бұл поэзиялық шығармалары және осы 1917 жылы жазылған «Бақыт жолында» атты пьесасы — қазақ совет әдебиетінің ең алғашқы қарлығашы, «Тіршілік» газетінде, сондай-ақ жиырмасыншы жылдардың бас кезіндегі газет-журналдарда Сәкеннің бірқатар мақалалары мен шығармалары «Манап-Шәмил» деген бүркеншік атпен басылады. Бірлі-жарым өлеңі «Кер торы ат» деген атпен де жарияланған.

1917 жылдың күзінде Сәкен Ақмола қаласында Совет үкіметін орнату жұмысына белсене қатынасады. Ақмолада ұйымдасқан тұңғыш совдепте Сәкен президиум мүшесі және Ақмола уезіндегі ағарту жұмысының комиссары болып сайланады. Совдептің құрамында Екібастұздың жұмыскерлері: З. Кадченко, Б. Серікбаев, А. Асылбеков т. б. болады.

1917—1918 жылдар Сәкеннің саяси-қоғамдық жұмыстарға жігерлі араласуымен бірге, өзінің творчестволық және оқытушылық қызметтерін де үздіксіз, қатар жүргізіп отырғандығын замандас достары қайран қалып әңгімелейді. Бұл туралы «Тар жол, тайғақ кешуде» өзі былай деп жазады: «Қызметтен толас уақыт аз. Совдептің мәжілісі жиі. Сөз көп, іс көп. «Тіршілік» шығып тұрады. Ресми редактор Рақымжан, бірақ ауыр істің көбі менің мойнымда. Оның үстіне мен школда беретін сабағымды да қоймадым. Және кешке ересек балалар оқитын курс ашып, онда да сабақ беретін болдым. Қысқасы күні бойы, кеш бойы тынбастан қызметте аласұрып жүретін болдық».

Ақмоладағы қарт оқытушы, Сәкеннің жақын жолдасының бірі — Л. А. Гарбузов ағарту мектеп жұмысына Сәкеннің айырықша мән беріп, белсене кіріскенін әңгімелейді. «Қаладағы оқытушылардың арасында өте беделді, айтқанын тыңдатып, іске асыруға келгенде ұйымдастырғыш қабілеті күшті еді. Қалалық оқытушылардың жиналысында сөз сөйлеп, Сәкен қазіргі жағдайда саясаттан бейтарап қалуға болмайды, не совдепті жақтап, соның басшылығымен жұмыс істейміз, не оған қарсы шыққандар контрреволюцияға қосылады. Екеуінің бірі ғана деді. Оқытушылардың көпшілігі Сәкенді жақтап шықты. Ал бұрынғы патшалық дәуірдің көзқарасынан шыға алмаған, немесе бейтарап «тыныштықты» көксейтін кейбір учительдер Сәкенмен амандаспай жүрді. 1918 жылы Сәкен ұсталғаннан кейін қалалық оқытушылар қоғамының жиналысы қаулы шығарып, Сәкенді кепілдікке босатуды сұрады. Жиналыс атынан делегат болып Вера Боярская екеуіміз станица атаманына бардық. Бірақ атаман Гучковский бізді маңына жолатпады. Кеңсесінен қуып шықты», — дейді Гарбузов.

Орманбаев Жұмабай 1917 жылы Сәкеннің қоғамдық және оқыту жұмысына қандайлық жігерлі кіріскендігін былай әңгімелейді:

— «Школа Ақмоланың Слободкасында ашылды. Үш бөлмелі үй еді, екі бөлмесінде балалар оқиды, бір бөлмесінде Сапайұлы Дүйсекей мен Сәкен тұрды. Бізді Давид Артемьевич Гарбузов пен Сәкен екеуі оқытты. Мектеп екі класты еді, екінші кластың сабағын Гарбузов жүргізді де, бірінші класты өзі оқытты. «Меңіреулерді әуелі өзім үйретіп бермесем болмас» деп келетін. Балалардың бәрі де ересек жастар едік. Сәкен бұйра қара шашты, ақ сұр, қара мұртты, өте келбетті жігіт еді. Сол кезде Ақмоладағы орыс-қазақ жастары Сәкеннің сұлу кескініне, еркін, жігер-

лі жүріс-тұрысына қызыға қарайтын. Үстіне әр мезгіл қыпқызыл (не жібек, не сәтеннен), қысқа жағалы украин көйлек киетін, аяғында жақсы шеблет, белінде кестелі өрме белбеу, шалбары қара шұғадан. Шашы ұзын, иығын жауып тұратын. Бір күні елден бір шал үстімізге кіріп келіп, баласын оқуға алуды өгінді. Сәкен ауқатты адам екенін түрінен байқап,— кешірек қалдыңыз ғой, орын жоқ деді. Шал қалтасынан бес сомды алып стол үстіне қойды. Сәкен сақылдап күліп:

— Мынауыңыз не?— деді шалға.

— Кітап алыңыз!

— Әй, ақсақал-ай, дүниенің бәрін пұлмен алып жүргенсіз-ау. Қайтып алыңыз!— деді Сәкен түсін суытып. Шал ақшасын алып шығып кетті. Сәкеннің сол кезде әрі оқытуға, әрі газет шығаруға, әрі жазуға, әрі күні-түні дамылсыз жүріп жатқан саяси-қоғам жұмысына қалай уақыты жетіп үлгергеніне қайран қалатын едік.

Орыс революционерлерінің ішінде Трофимовты, Монинді Сәкен әр мезгіл аузынан тастамай мақтап отырғандығын естідім. 1930 жылы Сәкеннің үйінде жатқанымда, сол кезде жасы 70-ке тақалған ақ бас шал кәрі адвокат Трофимов келді. Екеуі қатты құшақтасып, көздеріне жас алып, сүйісіп амандасты. Трофимов көзіне жас алып тұрып, гордость моя, гордость своего народа деген сөзді қайта-қайта айтты. Сәкен бәрімізге ұстаз, ақылшы аға еді, білімді, қажырлы, алғыр жан еді» деп таныстырады.

Сәкен бастаған Ақмоланың революцияшыл жастары большевиктік ұйымдардың қолдауына сүйене отырып, Ақмолада алашордашылардың әрекеттеріне жол бермеді. Омбыдан келген алаш уәкілдерінің қай-қайсына болсын жұмыс істетпей қуып жіберген. Совдеп құрылғаннан кейін Ақмолада алаш саясатын іске асырмақ болған Қазақ комитетін де халықтың алдында масқаралап, ақырында таратып жібереді. Бұл жәйлардың бәрі де «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында толық баяндалады. Омбыдан облыстық алаш комитетінің уәкілі болып келген Мұхтар Саматовқа Сәкен: «Маған «үш жүз» партиясының да, алаш партиясының да керегі жоқ, екеуіне де қосылмаймын, бірақ алаштан «үш жүзді» тәуір көремін»— дейді. Бірақ бұдан Сәкенді «үш жүз» партиясының саяси бағытын қостады деген қорытынды шығаруға болмайды, қайта Сәкен Көлбайдың, Шәймерденнің «үш жүз» партиясына байланысты қателіктерін қатты сынайды, өзін «үш жүз» атынан құрылтай жиңалысына сайланатындардың тізіміне кіргізгеніне қат-

ты наразылық білдіріп хат жазады. Сонымен бірге, совет үкіметіне тілеқтес «үш жүздің» адамдарын алашорданың Қолчакқа ұстап беріп, жаза тартқызғанына өте қынжылады.

Сәкеннің саяси және творчестволық өміріндегі үлкен бір оқиға — коммунистік партиясының қатарына кіруі. 1922 жылғы өзі қолымен толтырылған анкетада (партия тарихы институтында сақтаулы), партия қатарына 1917 ж. декабрьде түстім деп жазады. Ал 1936 жылы тағы да өзі жазған өмірбаяндық ақпарда 1918 жылдан партия мүшесі делінген. Жұлдыздың екі есебі бойынша декабрьде, жаңа есеп бойынша 1918 жылдың январы болуы мүмкін. Бұл арасын толық анықтай алмадық. Өмірбаяны жөнінде өз әңгімелерінде де және замандастарының айтуларында да Сәкен большевик партиясының жолын 1917 жылдан бастап берік ұстап, оны революциялық қызметімен де, шығармасымен де іске асырып отырған. Сәкен 1918—19 жылдарда да бірталай өлеңдер жазған. Бұл кезде жазған өлеңдерінің көпшілігі өзінің революциядағы күресіне, өмір жолына тығыз байланысты болып отырады.

Сәкеннің «Бақыт жолына» атты драмасы 1917 жылы жазылып, қолжазба күйінде жастардың күшімен ауылда, қалада ойналады. Замандастарының айтуына қарағанда, пьеса 1917 және 1918 жылы бірінші май мерекесінде Ақмола қаласында ойналған. Бұл жөнінде Сәкеннің жақын жолдастарының бірі Салық Айнабеков айтады:

— «Бақыт жолына» 1917 жылы Ақмолада үш күн ұдайы қалалық нардомда ойналып, халық лық толып отырды. Кассир Шашдәулетов, оның әйелі Жаңыл буфет ашып ет, қымыз сатты. Пьесаны ойнауға Бану Асылбекова, Шарапат Темірбекова, Гүлсім Шашдәулетова, Көжебай Ерденев, Салық Айнабеков, басқаларымыз қатынастық. Түскен қаражаттың барлығы «Тіршілік» газетінің пайдасына жұмсалды.

Сәкеннің өзі де Омбыда оқып жүрген Ақмоланың мұқтаж балалары мен «Жас қазақ» пайдасына «Бақыт жолына» деген пьесаның қойылғандығын, ойынға орыс, қазақ иін тіресіп көп жиналып, жұрттың мейлінше ынталы болғандығын айтады.

Ойынды режиссерлік жағынан ұйымдастыру жұмысын бастан-аяқ Сәкен өзі басқарған. «Бақыт жолына» пьесасы қазақ әдебиетінде революциялық тақырыпты тұңғыш суреттеген елеулі драматургиялық шығарма болумен бірге

сол кездегі Сәкеннің творчестволық жұмысына да үлкен қорытынды сияқты.

1918 жылы Россияның барлық аймағында революция қанат жайып нығайған сайын, сыртқы империалистік мемлекеттердің айтақтауымен ішкі контрреволюциялық күштер де қарап жатпай, өздерінің қарсылықтарын әр жерде үдете түсіп, жас совет үкіметін тұншықтыру әрекетіне кірісті. Азамат соғысы басталды. 1918 жылы, үшінші июнде жергілікті контрреволюцияшыл күштермен қосылған чехословактардың бүліншілігі болып, Сибирьде, соның ішінде Ақмола қаласында да Совет үкіметін уақытша құлатады. Ақмоладағы совдептің бір топ басшыларын, ең сенімді большевиктерді (соның ішінде Сәкен де бар) тұтқынға алады. Сәкенді большевик жолдастарымен бірге қол-аяғына кісен салып шынжырлап түрмеде ұстап, ауыр азап көрсетіп тергеу жүргізеді. Сәкеннің Ақмола түрмесінде, онан кейін атаман Анненковтың азап вагонында, Омбының тұтқын лагерінде және тұтқыннан қашып жүргенінде басынан кешкен хал-жайлар, революцияның ең қатал, ең ауыр сындарынан өткен азапты өмір жолдары «Тар жол, тайғақ кешу» романында толық суреттеліп айтылған.

Тергеу үстінде Сәкенге қойылған үлкен айыптың бірі жазушылық қызметіндегі саяси бағыты болады. Сәкеннің жоғарыда аталған «Бақыт жолына» атты пьесасы большевиктік идеяны тарататын шығарма деп сыналады. «Тіршілік» газетінде алашорданы, атаман Дутовты жамандап сөз жазғандығы, алашорданың сұраған автономиясына қарсы советтік құрылыс негізіндегі федерациялық республика жолын қолдағандығы үлкен саяси айып болып табылады. «Сіз, алашордаға неге қарсысыз?» деген тергеу комиссиясының сұрауына Сәкен былай деп жауап берген:

«Алашшылар орыстың патшасы түскеннен кейін қазақты орыстан бөліп алып, өздері қазақ халқына хан болғысы келеді. Біздің пікірімізше патшадан бір құтылған езілген қазақ халқына енді ешбір ханның керегі жоқ. Және бұлардың ниеті бойынша қазақ халқы орыстан мүлде бөлінбек болса, қазақ жерінен күллі крестьян орыстар қуылса — үлкен бүліншілік болмақ, қазақтың нашар бұқарасына теңдік әперген орыстың еңбекшіл халқынан біз айырылып қалмақпыз, осы себепті мен алашордаға қарсымын, Орыстардың көздері шығып кете жаздады, әсіресе қара сақалды крестьянның көзі ежірейіп кетті. Алашордамын деп ақтармен бірге мені тергеп отырған үш қазақ: Төлебай мырза, Тәшти саудагер, Мәнтен молда неғыларын білмеді,

қып-қызыл болды. Орыстар алаштарға ала көздерімен әдемілеп қарап қойды. Найзамның дәл тигенін біліп, қыбым қанып қағазға қол қойдым».

Сәкеннің «Қамаудан», «Адасқандарға», «Сағындым», «Тұлпарым», «Шәһит болған достарыма», «Қамыққан көңілге» атты ыза мен кекке толы күшті революциялық өлеңдері тұтқында отырып жазылған. Тұтқындағы өмір жалынды поэзияны қалай тудыратындығын Сәкен өзінің «Тар жол, тайғақ кешуінде» және поэзиялық еңбектерінде толық дәлелдейді.

Жеті айдан кейін, 1919 жылы январь айында сақылдаған сары аязда Сәкен бастаған 40 шақты революционер-большевикті атаман Анненков отрядының қолына беріп Ақмоладан Қызылжарға (Петропавл) жаяу айдайды. Соғыс сотында жазалануға ұйғарған революционерлерге берілген тергеу комиссиясының мінездемесінде Сәкенді «қоғамға және мемлекеттің тиыштығына аса қауіпті адам» делінген. Петропавлдан атаман Анненковтың азап вагоніне мінгізіп Омбыға апарады. Омбы станциясында бұларды 15 күн ұстап, одан Ново-Николаевский (қазіргі Новосибирск), Барнауыл қалалары арқылы Семейге әкеледі. Семейге бөгелместен қайта Омбыға апарады. Бұл екі ортада Анненковтың азап вагонінде көрген ауыр бейнет пен қорлықтың есебі жоқ.

Сәкен Омбының тұтқын лагерінде 1919 жылдың мартына дейін болады. Бұл тұтқын лагерінде де ауыр азап пен аштыққа шыдамай Ақмоладан айдалып келген жолдастарының бірталайы қаза табады. Міне осы революция жолында құрбан болған жолдастарымен қоштасып отырып өзінің «Шәһит болған достарыма» дейтін белгілі өлеңін жазады. Өлеңнің негізгі сарыны Некрасовтан алынған. Алайда ақын сол кезде өз бастарынан кешкен ауыр азапты, мұң мен күйікті, өмірдің жан сырын тамаша елестетеді.

1919 жылы март айының аяғында Омбы большевиктерінің көмегімен Сәкен тұтқын лагерінен қашып шығады. Омбыдағы жолдастарының көмегімен Дүйсембі Асыл ұлы деген фамилияға оқушы деген документ жаздырып алып Павлодарға, онан Баянауылға қашып барады. Ең қиын жолдарда өзінің табандылығының арқасында қажымай жаяу-жалпы, аш-жалаңаш жүріп Баянауылдағы бір жақын туысы, әкесі Сейфолланың нағашысының қолында паналайды.

Бір жылдай көрген азап-михнаттың салдарынан нашарлаған денсаулығын қалпына келтіріп, тыныққаннан кейін

бар өмірі мен ізгі мақсатын ұлы революцияның жеңу жолына арнаған ақын алыс ауылдың түкпірінде жата алмайды, дереу қайнаған әлеумет майданының күресіне араласқысы келеді. Далабай ауылынан кейін Сәкен өзінің еліне келеді. Бірақ, Сәкеннің басқан ізін аңдып жүрген Қолчак бандалары соңына түсіп, Нілді заводындағы полиция ұстамақшы болады. Сонан туған еліне ұзақ тұрақтай алмайды, Бетпақдала арқылы ол кезде Совет үкіметі толық орнаған Түркстан өлкесіне өтеді. Сәкен қазақ даласында, Түркстан өлкесінде қалың елді аралап жүріп, халыққа Совет үкіметінің, социалистік революцияның мақсатын түсіндіретін үгіт-насихат сөздерін, өлең-жырларын айтып таратады.

Осы 1919 жылы жазған өлеңдері тақырып жағынан да, идеялық мазмұны жағынан да күшті. Ақын бірде «Боранда», «Бабаларыма», «Жазғытұры», «Қамыққан көңілге» сияқты мұң мен күйікті айтып толғанса, бірде «Біздің жақта», «Шөлде» атты туған жерді, аққу құсты, сүйген жарды сағынған көңіл сырларын баяндайды. Сөйте тұра:

«Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басып тұрса алды-артынды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер,—

деп өзіне және серіктес достарына қайрат жігер бере толғайды. Әсіресе Сәкеннің Сарыарқа мен Түркстан өлкесінің аралығындағы көшпелі руларды аралап жүріп «Жас қазақ марсельезасы», «Қашқынның ауылы» сияқты революциялық күреске шақырған, ескі құлдық дүниені талқандап, жаңа бостандық өмірдің, сәулелі келешегін елестеткен тамаша гимндік шығармасын жазуы ақын поэзиясының кең тынысты өрісін байқатады. Сәкен Әулиеата қаласына барған жерінде «Жас қазақ марсельезасын» сондағы жастарға жазып, әнмен айтып таратқызған.

Сәкен Әулиеата қаласына келе әлеумет ісіне белсене араласып, жаңада құрылған совет орындарының нығаюына көмектеседі. Қолчак талқандалған хабарды естігеннен кейін, Әулиеата уездік исполкомның бастығы Сармолдаев Қабылбектің көмек көрсетуімен жолға қаражат, үгіт-насихаттық кітаптар және қарулы милициялар алып қайта елге қарай бет алады. Бұл жолында Сәкен Сарысу, Шу бойындағы Саран, Қойтас болыстарында қарулы қызыл отрядтар ұйымдастырып, жүрген жерінің бәрінде Совет үкіметінің жергілікті басқару орындарын — ревком, исполком, т. б. тағайындап отырады. Бұл кездегі өмірі туралы Мәжит ай-

тады: «Сәкен елден сентябрьде Түркстанға қарай кетті де, келесі 1920 жылдың мартында қар жаңа кетіп жатқанда Аба, Қарашілік деген жердегі қыстауға келді. Қасындағы бір-екі солдат пен Тарақты Сүйіндік деген ер жігіт бар, барлығы да қарулы. Жолшыбай жүрген елінде Совет үкіметін орнатып отырған көрінеді. Үйде 5—6 күн болды да, асығып тез Ақмолаға жүріп кетті».

Ақмола қаласына қайтып келісімен-ақ Сәкен қызу іске кіріседі. Сәкенді бірден уездік исполкомның орынбасары және іс басқару бөлімінің меңгерушілігіне тағайындайды. 1920 жылдың апрелінен сентябрьге дейін Сәкен Ақмола уезіндегі қалың бұқара арасында революцияның жеңісін нығайту, тап күресінің саясатын іске асыру, бұрынғы болыс, би болған, патшадан шен-шекпен алған шонжарларды ауыздықтау, әйелдерге бостандық беру жөніндегі көптеген революциялық шаралардың жүзеге асуына белсене кіріседі. Ақмола уезіндегі революция ісіне берілген жастарды, кедейлерді ұлы мақсат төңірегінде ұйымдастыруға басшы болады. Сәкеннің осы кездегі нақты революциялық қызметін көрсететін архивтік деректер де, замандастарының айтқан әңгімелері де аз емес.

1920 жылы 2 сентябрьде уездік исполком атынан қол қойып жазған нұсқау хатында Сәкен кейбір болыстық атқару комитеттерінің астық разверскасын орындаудағы кемшіліктерін айта келіп, бұдан былай берілген бұйрықтарға жауапсыз қарағандары үшін Ревтрибунал сотына тартылатынын ескертеді. Ал 8 сентябрьдегі тағы бір нұсқауында жас қызды еріксіз қалыңмалға сату сияқты қазақтың ескі әдеттеріне енді бұдан былай совет заңы қатты тыйым салатындығын түсіндіреді. Сондықтан қыздарды еріксіз қалыңмалға сату жөнінде тыйым салынған заңды халық арасына таратуды болыстық атқару комитетіне бұйырып жүктейді.

Тағы бір факты: Сәкен уездік атқару комитеті атынан ел аралауға шыққанда революциялық заңды бұрмалаушыларға, бұрын халықты қан қақсатқан шонжарларға қатал болған. Қоржынкөл болысының атқару комитетінің бастығы Тұрсынбай Ералинді Сәкен үш түрлі айып тағып орнынан алған. Бірінші, басына бостандық сұрап келген Бекеш деген қыздың ерік алуына заң жоқымен көмектеспеген. Екінші, өзінің жақындары ірі шонжар — Олжабай, Барлыбай, Нұралиндерді жақтап, солардың ыңғайымен жұмыс жүргізген. Үшінші, уезден барған милицияны тыңдамаған. 1921 жылы 4 январьда Т. Ералиннің осы тақырыпты шағым

арызы туралы С. Сейфуллиннің жарлығын дұрыс деп бекіткен.

Міне осы бір фактілерді өзі-ақ Сәкеннің Ақмола уезінде революциялық заңды іске асыру жолында қандай табанды күрес жүргізгендігін толық дәлелдейді. Сәкеннің осы кездегі революциялық жұмыстарына көмекшілер Әубәкір Есембеков, Жақия Айнабеков, Ахмет Баржақсин, Бірмағамбет Айбасов, Көжебай Ерденәев, Арын Малдыбаев, Тұрсынбек Мыңбаев, Мұқатай Бекенов, Әшім Омаров және басқалар болды. Бұлардың ішінде Ахмет, Бірмағамбет жазу жұмысына да ебі бар жастар болады. Ал Көжебай көркемөнерге, ән-күйге қабілеті күшті, Сәкеннің ақыл-көнесімен, әңгіме, пьесалар жаза бастаған. «Бақыт жолы» қойылғанда Көжебай Терлікбайдың ролін өте шебер ойнаған. Революцияның алғашқы жылдарында қолжазба күйінде көп таралып, қазақ театрының репертуарына да кірген «Малқамбай» атты комедияның авторы осы Көжебай.

1920 жылда жазда Қазақстан автономиялы республикасын құру туралы тұңғыш Құрылтай съезіне дайындық қарсаңында Сәкен қазақ өлкесін басқаратын ревкомның құрамына сайланады. Тұңғыш съезге Сәкенді Орынбордан делегат етіп арнап шақырады. Уездік атқару комитеті қазіргі уақытта Сәкеннің орнына тағайындайтын адам жоқ, басқа адам барса қайтеді деп телеграммамен сұраған уақытта Губерниялық сайлау комиссиясының бастығынан «Орынбордағы съезге Сейфуллиннің қатысуы өте қажет, оның орнына уақытша Алиевты қойыңдар» деген жауап қайтарады. Сәкен өзі 15 сентябрь күні Орынбордың шақыруы бойынша жүріп бара жатып уездік атқару комитетіне мәлімдеме жазып қалдырған. Онда өзінің съезге баруының қажет екендігіне үш түрлі дәлел келтіреді:

Бірінші, Қазақ республикасының құрылуының тарихи маңызы аса зор уақиға. Мұны Совет үкіметінің негізгі мақсатына сай коммунистік партиясының жолындағы жолдас-тар ғана жүзеге асырады. Екінші, тарихи съезде түрлі теріс пікірлерге жол бермеу, партиялық борышты өтеу. Үшінші, Ақмола қазақ даласындағы ең революцияшыл қаланың бірі болды. Оның пікірін съезде ықыласпен тыңдайтыны сөзсіз.

Жалынды революционер, қоғам қайраткері Сәкеннің Қазақ республикасының тағдыры туралы мәселені коммунистік партияның даналық саясаты тұрғысынан терең түсініп, бұл аса зор мемлекеттік игілікті шешуге де мықты кіріскендігі осы бір мәлімдеме хатынан толық байқалады.

Бұл, сонымен бірге, ақынның революция жолындағы күрестері мен творчестволық қызметіне де үлкен бір қорытынды сияқты. Ол съезге салтанатты мәжіліс құрамын деп аттанбаған, әлі де бітпеген үлкен күреске аттанып бара жатқандығын айқын сезген.

ОРЫНБОРДА

Орынбор қазақ даласының шаруашылық, саяси-әкімшілік және рухани тіршілігімен көптен бері тығыз байланысты қала. Осы Орынбор революциядан кейін де қазақ даласының саяси-әкімшілік орталығы болды. Әліби Жанкелдин бастаған өлкелік Ревком да, оның тілі болған «Ұшқын» газеті де өздерінің жұмысын Орынборда жүргізіп жатты, Газет 1919 жылдан бастап шығып, 1920 жылы октябрьдегі Қазақстанның тұңғыш советтер съезі өткенге дейін «Ұшқын» атымен, съезден кейін «Еңбек туы» деген атпен шығады. 1921 жылы ноябрьден «Еңбекші қазақ» аталады.

Қазақстанның Советтер съезі осы 1920 жылы 4 октябрьде ашылған. Съездің қалай өткендігі жайында «Ұшқын» газетінде толық жазылған. Осы тұңғыш съезде Сәкен Қазақстан Орталық Атқару комитетінің президиум мүшесі болып сайланады. Сәкен Орынборға келе саяси-әлеумет ісіне де, творчестволық жұмысқа да белсене араласады. «Еңбек туы» газетінің ноябрь, декабрь айында шыққан сандарында Сәкеннің «Советтік Россия жайы», «Совет үкіметі һәм оның дұшпандары», Абдолла Асылбековтың революциялық қызметі туралы, тағы басқа саяси тақырыптарға арналған мақалаларымен бірге «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар», «Жел қайықта» атты өлеңдері жарияланған. «Жолдастар» атты өлеңі ақынның өзі шығарған әнімен халық арасына кең таралады.

Қазақстанның автономиялық республика болып құрылуы, Лениндік коммунистік партиясының ұлт саясатының шын мәнінде жүзеге асқандығының ең бір үлкен айғағы, тарихи маңызы зор оқиға екендігін қазақ еңбекшілері, оның Сәкен сияқты саналы оқыған азаматтары жақсы түсініп, республика көлемінде советтік құрылысты түгел орнатып нығайту жұмысына жұмыла кіріседі. Бұрынғы патша үкіметінің отаршылық саясаты нәтижесінде Россияның әр облысына, әр өлкесіне бағынып келген қазақ аймақтарын Қазақстан өлкесіне біріктіру, мемлекет басқару жұмысына жергілікті халық уәкілдерін қатыстыру, ғасыр-

лар бойы қараңғылық, ескілік шырмауында маталып келген қалың бұқараны өнер-білім, саясат майданына араластыру сол кездегі қазақ республикасының басшылығындағы партия, Совет қызметкерлерінің ардақты борышынан саналады. Сәкен Қазаткомның президиум мүшесі ретінде көптеген комиссияларда, мемлекеттік ерекше тапсырмалар атқарды.

1921 жылы көктемде Сәкен Сибирь өлкесіне қарайтын Семей мен Ақмола губернияларын Қазақстанға қосу туралы Қазаткомның төтенше комиссиясының құрамында болып, Омбы, Петропавл қалаларына барады. Сәкен осы сапарында Омбы мен Петропавлда бірнеше ай болып ұйымдастыру, сайлау жұмыстарымен қатты шұғылданған. Ақмола губерниялық съезін өткізген кезі туралы Қаскей былай дейді:

— Мен Сәкенмен Садуақасов Жанайдар арқылы таныстым. Ағам Әлкей әнші еді. Екеуміздің сәнді-сыпайы жүріс-тұрысымызды Сәкен бірден ұнатып, содан дос болып кеттік. Ол кездегі Сәкеннің үстінде ақ тышқанның терісінен істеген ішік, басында каракульді кавказ бөрік, аяғында ақмолалық саптама етік, мұрты ұзын, қияқты, құлағына жетеді. Сәкен съезде Совет үкіметінің саясаты, халықаралық жағдай туралы сөз сөйледі. Сәкеннің ұсынысымен Сабыр Шарипов губерниялық атқару комитетінің председателдігіне сайланды. Кадченко губерниялық соғыс трибуналының бастығына тағайындалды.

Төтенше комиссияның жұмысымен Сәкен осы сапарында Қөкшетау, Ақмола қалаларында, Қарағанды, Нілді, Спасск өндіріс орындарында болады. Осы жүрген жерінің бәрінде де революциялық заңның қалай іске асып жатқандығын, жаңа советтік мекемелердің жұмыс тәртібін қатты қадағалап тексеріп, партия мен үкіметтің саясатын халыққа түсіндіріп, үгіт-насихат жүргізіп отырады. Контрреволюциялық әрекеттермен аяусыз күрес ашты.

Сәкен 1920—22 жылдары жазу жұмысын да өндіре түседі. Орынбор қаласында: «Қарайғыр», «Біз» атты өлеңдерін жазса, Омбыда және Ақмола губерниясын аралаған сапарында «Қызыл ерлер», «Аспанда», «Жұмыскерге», «Маржан», «Аққу құс» атты өлеңдерін жазады. Қоғамдық жұмыс пен творчествосын қатар жүргізді. Ақмолада болған кезінде Сәкен сүзек болып қатты ауырады, ұзақ уақыт төсек тартып жатады. Сол себепті Орынборға қайта алмай, тынығып сауығу үшін, сонымен бірге бұрыннан жоспарланған творчестволық жұмыстарын аяқтау үшін қыс бойы өзі-

нің ауылында болады. Мәжиттің және басқа жолдастарының айтуына қарағанда, Сәкен осы (1921) жылдың күзінде жазуға қатты шұғылданып отырған көрінеді.

1922 жылдың көктемінде Сәкен қасында бір топ серік жігіттерімен Бетпақдала арқылы Түркстан еліне өтіп, Ташкентке барады. Бұл сапарында Сәкен өзінің төтенше уәкілдік правосын пайдаланып, орталықтан алыс көшпелі елдердің ішінде революциялық тәртіпті іске асыру бағытында жұмыс жүргізеді: әсіресе Орынбор, Торғай жағында аштық, таршылық білінуімен байланысты аштарға жәрдем жинау жұмысымен де шұғылданады. Осы бетінде Ташкентке келіп, «Ақжол» газетінде бірнеше өлеңдері мен мақалаларын жариялайды.

Орынборға қайта келісімен Сәкен «Еңбекші қазақ» газетінің редакторлығы мен Оқу халық комиссариатының орынбасарлығына тағайындалады. Осы кезден бастап Сәкеннің қасында бірге болған және Сәкеннің ағалық жәрдемі, идеялық ықпалы арқылы әдебиет майданына араласа бастаған Сәбит Мұқанов:

«Сәкен күні бойы кеңсе қызметі, саяси қоғам жұмысымен араласып қолы бір босамайтын. Ал түнде үнемі жазу жұмысымен болатын. Ол кезде қашан тынығып, ақындық шабыт келетін бос уақыт табу Сәкенге қиын еді. Соған қарамастан ол бұрқыратып көп жазды» дейді. Сәкеннің Орынбордағы пәтері (Диева, 5) жеті-сегіз бөлмелі, кең, үлкен екен, сол үйдің бір-ақ бөлмесіне өзі тұрады да, басқа бөлмелерінде Сәбит сияқты елден келген оқушы жастар, жақын жолдастары тұрыпты.

Қаскей де, інісі Мәжит те осы кезде Сәкеннің жазу жұмысына жығыла берілгендігін айтады. Осының нәтижесінде 1922 жылы Сәкеннің «Асау тұлпар» (өлеңдер жинағы), «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» атты пьесалары басылып шығады. Бұл үш кітаптың басылып шығуы Қазақстанның мәдениет тарихында ғана емес, саяси-қоғамдық өмірінде аса зор уақиға болды. Бұған дейін революциялық тақырыпқа арналған бірде-бір көркем шығарма жеке кітап болып басылған емес. Бұл үш кітаптың шығуына партия бағытындағы революцияшыл жас қауым тілектестік білдіріп, қуанышпен қарсы алып, революция тудырған жаңа әдебиетіміз осыдан басталғандығын айырықша атап көрсетсе, буржуазияшыл, ұлтшыл ақын-жазушылар бірден шу көтеріп, жан-жақтан шабуылдап қарсы шықты.

Сәкен 1922 жылы октябрьде Қазақстанның үшінші Советтер съезінде Қазақстан Халық комиссарлар советінің

председателі болып тағайындалады. Сол жылы Бүкіл Одақтық атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Осындай үлкен жауапты мемлекеттік орындарда партия жүктеген міндеттерін мүлтіксіз орындай жүріп, Сәкен мәдениет, әдебиет мәселесіне және өзінің творчестволық жұмысына айырықша мән береді. Сәкеннің «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналында басылған көптеген мақалалары, очерк, әңгімелер, өлең, фельетондары бар. Бұл шығармаларының қай-қайсысы болсын республика көлемінде партия мен совет үкіметі қойып отырған негізгі саяси-шаруашылық және мәдениет майданындағы міндеттерді іске асыру, соны қалың бұқараға жеткізу мақсатына арналған.

Сәкеннің Орынбор дәуіріндегі творчестволық өміріндегі елеулі жұмысы — Совет бағытындағы жас талапты ақын-жазушыларды, журналистерді өзі басқарып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің айналасына топтастыра білуі. Бұл ретінде ол жас Сәбит Мұқановтың әрі оқып білім алуына және қаламы төселмеген кездегі алғашқы шығармаларын газет бетіне жариялап, қамқорлық көрсетуі қазақ совет әдебиетінің таңы атып келе жатқан дәуірдегі ең ізгі үлгі дәстүр еді. Сәкеннің қолдауымен Шолпан Иманбаева, Рахымжан Малабаев, Қайып Айнабеков, Аманғали Серізбаев, Таутан Арыстанбеков және басқалары ең алғаш әдеби творчестволық жұмысқа араласады. Бейімбет Майлин, Қенжеғали Абдуллин, Молдағали Жолдыбаев, Назипа Құлжанова сияқты бұрын қаламы төселген жазушы, журналистерді газет жұмысына тартып, революциялық бағыттағы шығармаларын үздіксіз басып, советтік ақын-жазушылардың тобын көбейтіп, поэзиясын нығайтуға мүмкіндік тудырып отырды. Сәкеннің мемлекет басқару және мәдениет мәселесінде өнімді жұмыс істеуіне сол кезде өлкелік партия комитетінде істейтін Қорестелов, Абдолла Асылбеков, Совет мекемелеріндегі жауапты қызметкерлер Жанайдар Садуақасов, Нығмет Нұрмақов, Әбілқайыр Досов, тағы басқалары көп жәрдемдесті. 1923 жылы Сәкен туралы жазған бір мінездемесінде Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Қорестелов жолдас «С. Сейфуллин қазақ коммунистерінің ішіндегі ең бір табандысы, партия жолын берік ұстайды, өзінің қызметіне тиянақты» дейді.

Сәкен 1923—24 жылдарда жазылған поэзиялық шығармаларында «Асау тұлпар», «Қызыл сұңқарлардағы» негізгі идеялық мотивті — Ұлы Социалистік Октябрь революциясының жеңісі мен жемісін, кеменгер Ленин бейнесін,

жеңімпаз жұмысшы табының образын жырлау мотивін тереңдете түседі. Бұл тұстағы өлеңдерінің көбі 1924 жылғы жарияланған «Домбыра» жинағына кіреді. Әуелгі шығармаларда революцияның тегеурінді күші — асау тұлпар, сұңқар құс бейнесінде жырланса, енді аэроплан, автомобиль, бұлшық етті жұмыскердің қуатты тұлғасы бейнесінде жырланып, ақын поэзиясының формасы жөнінде де көп ізденеді. Орыстың революцияшыл ақындарының дәстүрлерімен қазақ өлеңінің ырғақ, екпініне де бірталай өзгерістер енгізеді. Бірақ бұл ізденулерін Сәкен әлі сәтті деп білмеді. 1923 жылдан бастап Сәкен өзінің атақты «Тар жол, тайғақ кешуін» де жазуға кірісіп, жеке тарауларын «Қызыл Қазақстан» журналында жариялай бастайды.

Сөйтіп Сәкен Орынбордағы кезінде жауапты қызметтерде жүрсе де, үлкен жоспарлы творчестволық еңбегі сәтті, өнімді болады. Сәкеннің ақындық, жазушылық еңбегін қалың әдебиет жұртшылығы қызыға оқып, қуанышпен қарсы алады. Сәкеннің «Жолдастар», «Жас қазақ марсельезасы», «Біздің жақта», «Тау ішінде», «Қамыққан көңілге», «Жұмыскерге», «Қайғылы хабар» сияқты өлеңдерін халық арнаулы жаңа ән-күймен жатқа айтып әкетеді. Бұл ақын поэзиясының халық жүрегінен кең орын алғандығын көрсетеді.



Сәкен — күшті романтик ақын. Романтикасыз поэзия да, ақын да болмайды. Ал романтик ақындардың жан сырлары қат-қабат терең. Сәкеннің тілімен айтсақ зеңгер таудың шыңында кілттеулі сандықтың ішіндегі жасырын қойма сияқты. Сәкеннің бар дәуірдегі өмірін алсақ ел аузына ертегі болып таралғандай ғажайып сырлы да қызық. Оның революция жолындағы, әлеумет майданындағы қажырлы ерлік күрестері қандайлық қызықты болса, Сәкеннің нәзік жанды ақынға, бұл өмірде алшаң басып өткен әсем салтанатты, кербез мінезді тақаппар серіге тән дара сырлары да қызықты. Бұл жайлар Сәкеннің әрбір кітабынан да айқын сезіледі.

Сәкен жастардың махаббат сезімін шебер жырлаған ақын. Көңіл күйі, махаббат, достық сырларын жырлауда Сәкен қазақ поэзиясында жаңа бір дәуір екендігі сөзсіз. 1915 жылы жазған «Жазғы түнде» атты лирикасынан бастап, 1926 жылғы «Совпарттағы қарындасыма» атты лириканың жазылған мезгілдері арасында Сәкеннің басынан әр

түрлі драмалар, әр түрлі романтикалық өмір сырлары өтеді. Бұл жерде «Арқа сұлуы», «Ғазел», «Тау ішінде» сияқты ақиқат нәзік жан күйін шырқатқан лириканы да, «Аққу құс», «Лашын әңгімесі», «Аққудың айырылуы» сияқты кіршіксіз адал махаббаттың романтикасын да, бірде мұңды, бірде көңілді «Мариямға», «Сараға», «Гүлбарамға» жазылған хаттарды еске түсірсек те жеткілікті.

Шынында да Сәкен сұлу әйелді көрсе, «күйдім, жандым», — деп өліп-тірілуге дейін баратын, күйгелек ақын ба екен? Ал ақынның өмірінде болған фактілерге қарасақ, оның махаббат, семья құру мәселесіне өте жауапты қарағанын көреміз. Ең алғаш Сәкен 1920 жылы Ақмола қаласындағы белгілі саудагер Халфин Ақбәрдің қызы Рахимаға үйленеді. Рахиманы көрген адамдар Сәкен өзі таңдап жүрген қыздардың ішіндегі көріктісі еді дейді, онымен Сәкен революцияның қарсаңында Бұғылыдағы мектепте оқытушы болып тұрғанда танысса керек. Бірақ Сәкен мен Рахима ынтымағы жарасып, семья құра алмайды. 1920 жылы ревкомның бұйрығы бойынша Халфиндердің артық үйлері мен қымбат заттарын ала бастағанда қыздың ағайындары Сәкеннен қамқоршы болуды талап етеді. Мұны Рахима да қолдайды. Осы себепті екеуі келісе алмай, Орынборға кетерде Рахимадан айырылысады.

Сәкен әйел қауымының арасында жалпы жастық дәуренінің қызығымен жүрген шақтарында дөрекі, бейбастак, былапыт мінез көрсетпеген. Сыпайыгершілік, әдептілік оған тән сипат еді. Сол кездегі «Әйел теңдігі» журналының редакторы Сара Есова айтады:

— Сәкен сері ақын ғой, ойын-сауықты, қызық думан мәжілісті жақсы көретін. Астанада істейтін Нағиманы, мені, Алманы — бәрімізді әр мезгіл театрға, циркке ертіп апаратын. Бәрімізді күлдіріп әзіл, қалжың айтып отырады. Оның әр мінезіне, әр қызығына қызыға қарайтынбыз. Бәріміздің қадірлі адамымыз жалынды ақын Шолпан өлді, тағы бір сондай көңілсіз мұңды шағымда Сәкен Москваға кетіп бара жатып «Отарба терезесінен» деген хат-өлеңін жазған еді: Рас, әйелді оқыту, тәрбиелеу, махаббат жайы сөз болғанда кейде біз Сәкенмен келісе алмай, жолдастық наз, ақыл ретінде айтысып та қалатынбыз. Не айтсақ та ауыр көрмей құрбылық әзілге айналдырып «яри», «яхшы» деп күліп жүре беретін.

Сәкеннің творчествосында із қалдырған бір уақиға 1920 жылдардың орта кезінде Мақаш қызы Гүлмен кездесуі. Сәкен сырттай даңқын естіген Қарқаралы уезі, Шет ауда-

нындағы Гүлді көріп, ертіп алып кетпек болады. Қыздың ауылындағы белгілі күйші Әбікен Хасенов Сәкенге көмектеседі. Қыз да, Сәкен де бір-бірін ұнатады. Бірақ үш түрлі қарсылыққа кездеседі. Бірі — әкесі қызын қалыңмалсыз бергісі келмейді. Екінші, қыздың айттырып, мол қалыңмал төлеп отырған жері Адамбай, Тұрсын деген Қаракесектің мықты шонжарлары, Сәкенді естіп, жиналып келіп, үлкен бел, күш көрсетеді. Үшінші, жоғарыдағы шонжарлардың шылауындағы жергілікті әкімдер Сәкен бұрын қатын алып айырылысып жүрген адам, бұл қызды да бір жерде тастап кетеді деп қарсы болады. Осыған күйінген Сәкен торға түскен жас лашынның жайын сипаттап белгілі «Лашын әңгімесі» атты поэмасын жазады. Адамбай — Тұрсынның жақыны Дня қажы «Лашын әңгімесіне» қарсы Сәкенді кекетіп өлең жазады. Бұған орай Сәкеннің де өлеңмен қайырған жауабы бар. Бұл өлең де және «Лашын әңгімесі» де арнаулы әнмен ел арасына кең таралып кетеді.

1926 жылы Сәкен өзінің еліне барады, өмірлік жар тауып, тұрақты семья құрудың мезгілі жеткенін әбден ұғынады. Сәкен бұрыннан таныс, бірімен бірі хат жазысып тұратын, ол кезде Петропавлдағы совет-партия мектебінде (совпартта) оқып жүргек Гүлбарам Батырбек қызымен кездеседі. Екеуінің де ақыл, мінездері үйлесіп, ақыры сол 1926 жылдың күзінде Қызылордада қосылады. Айнабек балалары — Жақия, Садық, Қайып Сәкенмен Совдеп заманынан бері жақсы дос-жар, жаңа пікірлі адамдар болады, енді сол Айнабекпен бірге туысқан Батырбектің қызына үйленіп, бұрынғы достықтары туыстық, семьялық жақындыққа айналады. Гүлбарамға қосылғаннан кейін Сәкен Аян атты ұл, Лаура атты қыз перзент көреді, бірақ екеуі де жастай қайтыс болады. Сәкеннің жеке басынан кешкен өмір сырлары Сәкеннің әр кезде әртүрлі көркем лирикалық, романтикалық шығармалар жазуына ақындық мотив болып отырады.

ӨРЛЕУ

1925 жылы Сәкен жауапты қызметтерден босанып, бір-ыңғай жазу жұмысымен айналысады. 1925—1929 жылдар арасы Сәкеннің жазушылық өмірінде үлкен бір белестерге өрлеу жылдары болуымен бірге, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің де мықты іргесі қаланған өрлеу дәуірі болды.

Тұңғыш қазақ театры ұйымдасты, «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет» журналдары шыға бастады. Тұңғыш жоғарғы дәрежелі педагогтық институт ашылды. Қазақстан пролетариат-шаруа жазушыларының одағы құрылды. Қазақ көркем әдебиетінің идеялық бағыты мен творчестволық әдісі туралы айтыстарда, жалпы мәдениет құрылысы мәселесінде буржуазияшыл ұлтшылдар әшкереленіп талқандалды. Қазақстандағы мәдениет құрылысының әр салада мұндайлық күшті қарқынмен дамуында, ұлтшылдарға қарсы пролетариат бағытындағы ақын, жазушылардың күштерін біріктіріп, совет әдебиетінің алдына қойылған творчестволық міндеттерді анықтауда Сәкеннің творчестволық ағалық ықпалы айырықша зор болды. Жауапты қызметтен босап, бірыңғай творчествомен айналысқан Сәкен сол дәуірде өндіріп жазады. Ол бұрын-соң қазақ әдебиетінде тумаған идеялық-көркемдік қасиеті жоғары аса күрделі новаторлық шығармалар жазып таратады. Сәкен 1926 жылы «Экспресс» жинағын, 1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» романы мен «Еңбек шарт — жалшылар қорғаны» поэмасын, 1928 жылы «Тұрмыс толқынында» жинағы мен «Жер қазғандар» повесін, 1929 жылы «Көкшетау» поэмасын жариялайды. Бұл күрделі шығармалардың қай-қайсы болсын ұзақ жылдар бойы өмірді, тарихты жан-жақты тексеріп ізденуден, қажырлы творчестволық еңбектен туғандығы белгілі. «Экспресс» жинағына кірген белгілі «Советстан» поэмасын Сәкеннің Маяковский новаторлығын терең игере отырып жазғандығын жақсы білеміз. Сәбиттің айтуына қарағанда Сәкен В. Маяковский, Д. Бедный, А. Блок, С. Есенин шығармаларын қадағалап оқумен бірге осы тұстағы орыстың жанашыл ақындарының бірталайымен жақын қарым-қатынаста болған. Маяковскиймен әлденеше рет кездескен.

Совет поэзиясындағы новаторлықтың негізгі сипаты революциялық өмір шындығын өршіл идеямен жырлауда ғой. Мәселе сырттай жалаң формалық қана өзгерісте емес, жеңіп келе жатқан социалистік өмірдің жаңа көтеріңкі сырын, күйін бейнелей білуде. Міне, Сәкен «Советстанды» осы тұрғыдан жазған. Сәкен жүйткіп келе жатқан жүйрік поезд — экспресті революциялық өмірдің дамуына ұқсатып жырлайды. Поездың ырғағын поэзия ырғағына, өмірдің асқақты лебіне ұштастыра суреттеу Сәкен әкелген қазақ поэзиясындағы зор жаңалық. Сәкен от арба, автомобиль тақырыптарын жиырмасыншы жылдардың бас кезінде жырлай бастаған. «Біздің тұрмыс экспресс» (1922), «Автомобиль»

(1923), «Отарба», «Советстан» (1925), «Отарба мен ақ төбет» (1926) т. б. революция дәуірінің шындығын тереңдей жырлаудың, творчестволық ізденудің сәтті нәтижелері еді. Осы кездегі буржуазияшыл-ұлтшыл ақын Мағжан Жұмабаев қазақ даласындағы отарба елге бақытсыздық әкеледі деп сарыуайымға салынған болса, Сәкен оған қарама-қарсы отарба қазақ халқының келешек бақытты өмірінің ұйтқысы деп жариялады. Сөйтіп, «Экспресс» жинағы (мұның ішінде «Аққудың айырылуы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық» сияқты романтикалық шығармалары да бар) қазақ совет поэзиясының жана дәуірін жасады.

Ұлтшыл ақындар немесе солардың шашбауын көтеруші сыншылар қаншама байбалам салғанымен, бұл шығарма әдебиетке жаңа келген ақын жазушыларға орасан зор идеялық ықпал жасады. Сәбит Мұқановтан бастап, Асқар, Жақан, Тайыр, Әбділда, т. т. көптеген ақындар өздерінің алғашқы кездегі поэзиялық шығармаларын «Советстан» үлгісімен жазуға тырысты.

Қазақстанның мәдени және қоғамдық өмірінде болған ендігі ірі уақиға — «Тар жол, тайғақ кешудің» шығуы. Бұл кітапты жазу жұмысына да Сәкен жиырма бесінші жылдардың бас кезінде кіріскен. Қазақстанда Октябрь революциясының жеңісіне, азамат соғысының тарихына байланысты әдеби, архивтік деректерді де жинап зерттей отырып және сол дәуірдің саяси уақиғаларына тура қатынасқан адамдардың естеліктерін де жинап, теріп, Сәкен өзінің романын жазып аяқтайды. Бұл романның шығуы сол кездегі партия совет және әдебиет жұртшылығының көкейтесті бірнеше күрделі мәселелерін шешіп береді.

Бірінші — Голощекин, Құрамысов және сондай басшы қызметкерлердің Қазақстанда Октябрь революциясы болған жоқ, кішкене октябрьді енді жасаймыз деп жүрген теориясымақтарына үлкен соққы болып тиді.

Екінші — қазақта таптық күрес болмады, сондықтан қазақ халқы Октябрь революциясы кезінде саясат майданындағы күреске араласқан жоқ. Революцияға бейтарап болды деген буржуазияшыл ұлтшылдардың теориясымақтарын талқандады.

Үшінші — қазақ халқы, оның арасынан шыққан революцияшыл интеллигенция орыс большевиктерінің басшылық көмегімен Октябрь революциясы үшін күрес тарихын кеңінен суреттеп көрсетті.

Төртінші — революция дәуірінде халық мақсатына опасыздық жасап, Россиядағы контрреволюцияшыл күштер-

мен ауыз жаласқан алашордашылардың сырларын жан-жақты батыл әшкереледі. Алашорда тарихы туралы қазақ тіліндегі толық мәлімет осы кітапта берілген еді.

Бесінші — Қазақстанда Октябрь революциясының жеңісін, сол жолда күрескен большевик ерлердің жағымды образын суреттеген тұңғыш прозалық шығарма еді. Демек, «Тар жол, тайғақ кешу» қазақ әдебиетінде революциялық тақырыптағы прозаны, соның ішінде роман жанрын дамыту мәселесін шешуге тұңғыш жол салып еді.

Әлбетте, ұлтшыл жазушылар немесе Октябрь революциясы кезінде өздерінің саяси бағытынан жаңылып, алашордашылардың ықпалында болып, кейін совет жолына көшкен кейбір жауапты қызметкерлер де «Тар жол, тайғақ кешуге» қарсы шығып шу көтерді. Бірақ қалың жұртшылық бұл кітапты қолдан-қолға тигізбей, мейлінше қызыға оқиды. Жер-жердегі жастар, жұмысшылар, мұғалімдер, совет қызметкерлері «Тар жол, тайғақ кешуді» орынсыз сынаған Н. Төреқұлов, Ғ. Тоғжановтардың мақалаларына қарсы наразылық білдіріп хаттар жазып жатады. Оның бәрінде де «Тар жол, тайғақ кешу» шын мәніндегі революцияшыл шығарма, Сәкен соның жалғасын жазса екен деп тілек қояды. Мұндай хаттарды татардың, қырғыздың, өзбек, башқұрт, қарақалпақтың оқушы жастары, жазушылары да көптеп жазады.

Сәкен ұлтшылдардың ықпалымен жазылған сындарға тойтарыс жауап бере келіп, былай дейді: «Менің мінімді түзейтін шын сыншым да, шалдықсам емдейтін шын докторым да, қате бассам тергеп өзімнің тура жолыма салатын әділ, тез, сотым да — еңбекші ел, жұмысшы табы, сол еңбекші таптың оқуына жараса еңбегімнің еш болмағаны».

Сәкен өзінің бар дәуіріндегі шығармасында күрескер революционер мен еңбек адамы — жұмысшының образын негізгі жағымды тұлға етіп суреттей отырып, совет әдебиетінің өзекті творчестволық мәселесін шешуге белсене атсалысты. Жас күнінен жұмысшы өмірімен тығыз байланысты ақын бұл тұста да сол байланысын солғындатпайды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде ең алғаш жұмысшы өмірін суреттеген оның прозалық шығармасы «Жер қазғандар» туады.

Әрине «Тар жол, тайғақ кешуде» және басқа шығармаларында Сәкеннің қате, кемшіліктері жоқ емес. Сәкен НЭП дәуірінің саясатына толық түсінбей кейде мұңға, орынсыз күйректікке салынған өлеңдер де жазды. Кейбір өлеңінде Европа отаршылығынан Азия халқын сол Азия-

ның жаңа пайғамбары күтқарады деген символистердің паназияшылдық көзқарасын жырлайды. «Домбыра», «Тұрмыс толқынында» т. б. жинақтарында басылған өлендерінің идеялық, көркемдік дәрежесі біркелкі емес. Ондай жаңылыс басқан қате-кемшіліктерін Сәкен жолдастық, қамқоршы сын болған жағдайда түзеп, жөндеп отырды.

Сәкеннің өрлеу дәуіріндегі шоқтығы биік ірі шығармасының бірі — «Көкшетау» поэмасы. «Көкшетау» Сәкеннің көп жыл зерттеп, көп жыл бойы құмартып, қызыға жырлаған тақырыбының бірі. 1921 жылы «Көкшетауда» өзінің «Аққу құс» атты шағын лирикасын жазған. Онан кейінгі 1923, 1924, 1926, 1927 жылдары ұдайы Көкшетаудың елін, жерін аралап, дарқан шешен, сері ақын әншілерінің өмірлерін зерттеп, Арқадағы ең сұлу жер — Бурабайда мезгіл-мезгіл тынығын жатып, Көкшетау, Бурабайға байланысты аңыз-әңгімелерді жинап, «Көкшетау» туралы поэмасын жазуға кіріседі. Поэманың ең алғашқы «Оқ жетпес», «Ақ бура» сияқты тараулары 1925—26 жылдары «Жаңа мектеп» журналында жарияланады. Жеке тараулары кейін «Еңбекші қазақ» газеті мен «Жаңа әдебиет» журналында да басылады. Сөйтіп бұл поэманы толық аяқтап жазып шығуға Сәкен бес жылдай уақытын жұмсайды. 1927 жылы Көкшетау елінде жер бөліс науқанында жүргенде Сәкен Көкшетаудың кейбір тарауларын жазып жүргендігін және Көкшетау жерін басып өтетін жаңа темір жолды салушылардың тұрмысынан алып жазатын «Жер қазғандар» повесіне керекті материалдар жинап жүргендігін Гүлбарам да және өзіне сол кезде хатшы болған Баймұханов Әлімжан да растап айтады.

«Көкшетау» және «Жан-Зол-лин», «Аққудың айрылуы» сияқты поэмалар қазақ әдебиетінде әр алуан ақындық шеберлікпен сюжетті поэма жазу мәселесін шешуге тың жол салды. Сонымен бірге «Көкшетау» қазақ совет әдебиетіндегі кесек туынды екендігін әдебиет жұртшылығы айрықша атап көрсетті. Әрине «Көкшетау» поэмасына да қарсы шыққандар аз болған жоқ. Мәселен сол кездегі ҚазАПП-тың бастығы Қайыпназаров: «Соңғы кезде басылып шыққан Сәкеннің «Көкшетауы» салт-сана жағынан барып тұрған зиянды кітап. Ақсүйектер дәуірін жырлайды. Қажымұқаннан, Біржан әнінен үлгі ал дейді. Қазіргі Көкшетауда болып жатқан жаңа социалды қатынасты айтпайды» деп жазды.

Сәкен бұл поэмасында ұлтшыл, ескішіл Мағжанға қарама-қарсы творчестволық принципті іске асырады. Сәкен

Мағжан жоқтап, көксеген ескілікті хандардың жаугершілігін әшкерелейді, оның сүйкімді кейіпкерлері Адақ мерген, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Біржан, хан қолындағы кіріптар болған тұтқын қыз. Көкшенің бүгінгісі мен келешек өмірін, ұлы социалистік өзгерісті сүйіспеншілікпен суреттейді.

Сөйтіп жиырмасыншы жылдардың ақырында Сәкен өзінің творчестволық жолда үнемі өрлеп, ақындық кемеліне келген, қазақ әдебиетіне елеулі үлкен үлестер қосқан дәуірге жетеді. Сәкен сын мақалаларын да, әдебиеттің творчестволық проблемаларын шешуге партиялық принцип тұрғысынан өткір, өз мезгілі үшін өте қажет пайдалы пікірлерді көп айтып отырды. Сол қызу айтыс тұсында Сәкеннің артық, кем айтқан, кейде сол тұстағы әр түрлі қоғамдық, әдебиеттік ортаның салқынымен тап басатын әділдіктен тайқып кеткен, кейде таза эстетизмге, кейде тұрпайы социологизмге ұрынған кездері болды. Мәселен, ескі әдебиет мұрасын игеру мәселесінде Сәкен көпке дейін дұрыс пікірге келе алған жоқ. Абайды, ХХ-шы ғасырдың басындағы демократияшыл ақындардың шығармаларын сын көзімен пролетариат әдебиетінің кәдесіне жарату керектігіне бірталай уақыт қосылмай жүрді. Бәлкім бұл жалғыз Сәкеннің ғана міні болмас жиырмасыншы жылдардағы әдеби мұраны маркстік ғылым тұрғысынан зерттеп үлгермеген жалпы теориялық сынның жеткен өрісі сол болған шығар.

1928 жылғы бір мақаласында Сәкен Ғ. Тоғжановтың көркем шығарманы талдаудағы тұрпайылығын қатты сыннайды, әдебиет майданында ұлтшылдықтың қалдығын әшкерелей отырып, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің алдында тұрған негізгі творчестволық мәселелерге тоқталады. Бірінші — революцияны жырлаған ақын достықты, махабатты, туған ананы сүйіспеншілік сезіммен жырлауға әбден болатынын, өзінің біраз шығармаларын революциялық тұрмыстың, жеңімпаз күрестің әсерімен жазғанын қайшылығы көп көшпелі дәуірде кейбір шығармаларының қатал сезім әсерімен туғандығын айтады. Демек, ақын өмірді, кейіпкерлердің ішкі дүниесін қат-қабат қайшылығымен суреттеу мәселесін батыл қояды. Бұл ретінде ол Плехановтың, Белинскийдің теориялық қағидаларына сүйенеді.

Екінші — бұрын-соңды жақсы жазылған әдеби мұралардың қандайынан болсын үйрену керек. Әсіресе орыстың классиктерінен, пролетариат жазушыларынан үйрену басты шарт деп біледі. Алайда бізге идеологиялық жағынан жау болып отырған Мережковский мен Бальмонттың шә-

кірті Жұмабаевтан үйренбейміз дейді. Бұл да мәселені дұрыс принципті тұрғыдан қоя білгендігі.

Үшінші — Ғ. Тоғжановтың аққуды атып алған кедей мергенді Сәкеннің айыптауы бүгінгі өмір шындығына қайшы, үкімет аққуды атуға тыйым салған жоқ деген тұрпайы сынын сықақтай келіп, бұл жерде әңгіме адам өмірі, ізгі махаббаттың аңызы туралы болып отырғандығын түсіндіреді. Романтикалы әдіспен бейнелеп айту көркем творчествоның ерекше бір сипаты деп қарайды. Демек, поэзияда аралуан көркемдік стиль, форма ерекшеліктерін өрістету совет әдебиетінің дәстүріне қайшы емес деп біледі. Сонымен Сәкен өзінің творчестволық өрлеу жылдарында қазақ әдебиетінде Маяковский дәстүріндегі новаторлық поэзияны, аралуан стильдегі сюжетті поэманы, прозаның роман, повесть жанрын тудырып, дамытуға жол салады.

АЛМАТЫДА

Сәкен 1925 жылдан 1937 жылға дейін жазушылығымен қатар орта, жоғары дәрежелі оқу орындарында үздіксіз оқытушылық қызметте болады. Әуелі (1925—1928 жылдары) Қызылорда қаласында халық ағарту институтында, онан кейін (1927—28 жылдары) Ташкенттегі педагогикалық институтта, 1930—37 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта қазақ әдебиеті тарихынан сабақ береді. Ол кезде әдебиет тарихы зерттелмеген, қазақ әдебиетінің нұсқаулары тіпті аз жиналған. Орта, жоғары дәрежелі мектептері қазақ әдебиетінен жасалған оқулықтарды күн сайын сұрап, шөлдеп отырғанды. Республиканың мәдени құрылысындағы талап-тілектерді еске алып, 1930-шы жылдардың бас кезінде Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Молдағали Жолдыбаев және басқалары қазақ әдебиеті тарихының оқулығын жазуға кіріскен болатын.

Сәкен қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын («Көкшетау» поэмасын жазу дәуірінде) жинай бастаған Майкөт, Қарақожа, Ақан сері, Біржан сөздерін ел аузынан жинайды. 1930 жылы Жамбылды, оның төңірегіндегі басқа ақын-жырауларды тауып алып, Жетісу еліне мәлім көптеген ақындардың сөздерін, соның ішінде Сүйімбай, Шөже, Тезек, Жамбыл, Құлмамбет өлеңдерін жазып алған. Гүлбарамның айтуына қарағанда Сәкен Қызылордада, Ташкентте тұрғанда да және Алматыға келгесін де әр түрлі ақын.

сөз білетін адамдардың жатқа айтатын өлеңдерін, қызықты әңгімелерін жалықпай тыңдап, ерінбей жазып алып отырған. Фольклор, әдебиет нұсқаларын өзі оқытқан студенттер арқылы да жинатады. Ташкентте Әубәкір Диваевпен әлденеше рет кездесіп, одан да көптеген материалдар алған көрінеді. 1930 жылы Қоянды жәрменкесінде бір айдай жатып, сол жерге жиналған ақын, әншілерден көптеген өлең-жыр жазып алған.

Сәкен газет арқылы және мәдениет майданындағы қызметкерлерге арнай хат жазу арқылы да қазақ әдебиеті тарихының материалдарын көптеп жинайды және сол жинағандарын әдебиет тарихы тұрғысынан сұрыптап, зерттеп жазуға кіріседі.

Сәкен осындай ұқыпты зерттеу жұмысының нәтижесінде 1931 жылы «Қазақ әдебиетінің нұсқалары» атты бір том жинақ, 1933 жылы бір том «Батырлар жырының» жинағын, 1934 жылы Алтынсариннің өлеңдер жинағын, 1935 жылы Ақан сері, Ақмола ақындарының өлеңдерін, «Ләйлі — Мәжнүн» поэмасын бастырып шығарады. Ал негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен қалың бір том кітап болып басылады.

Сонымен Сәкен 1930 жылдарда бұрынғы әдебиет мұрасына деген көзқарасын өзгертеді. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші үлкен ғалым екендігін танытады. Сәкен ақын, жазушы, революционер, қоғам қайраткері ретінде халық арасында қандайлық беделді, ағалық орында болса, оқытушы ретінде студент, шәкірттер арасында да білімді ұстаз бола білді.

Сәкен өзінен оқыған жастарды қазақ әдебиетінің тарихын, көркем поэзияны терең сүю, білу, зерттеу рухында тәрбиеледі. Егер көптеген ақын, жазушылар Сәкеннің творчестволық ықпалымен әдебиет майданына араласқан болса, бірталай жас талаптар Сәкеннің оқушы шәкірті есебінде әдебиет майданына араласып, өзінің творчестволық қабілетін дамытуға мүмкіндік алды. Мұны алдымен ҚазПИ-де Сәкеннен оқыған — Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Қажым Жұмалиев, Мұқаметжан Қаратаев, Белгібай Шалабаев, Сағыр Қамалов, Хамза Есенжанов, Қадыр Хасанов, Мәлік Ғабдуллин, Дүйсембек Еркімбеков, Қалижан Бекхожин, осы сөздің авторы және басқалар туралы айту керек.

Сәкен — катал күрес үстінде шынығып өскен ақын азamat. Ол өзі белсене араласқан әдебиет қозғалысының қайшылығының да ащы-тұщы дәмін мол татты. Ол әр уақытта

Қазақстандағы әдебиет қозғалысының басы-қасында, жуан ортасында болды. ҚазАПП-тың алғашқы дәуірінде (1929 жылға дейін) қазақ совет әдебиетінің идеялық позициясын нығайтуға белсене араласты. Егер жиырмамыншы жылдары Сәкен ұлтшылдардың шабуылды сынына ұшыраса, кейін, енді ҚазАПП-тың кезіндегі солақай сындардың тегеуіріне өзі түседі. Бірақ Сәкен мұндай сындардың бірдебіріне абыржып сасқан емес. Өзіне қарсы айтысып, тартысып жүрген адамдардың сорына қарай жаңа шығармаларды үсті-үстіне жазумен болды.

1930 жылдардың алғашқы жартысында Сәкен көркем шығарма, ғылыми еңбектерімен қатар мемлекеттік қоғам істеріне — жаңадан құрылған Қазақстан совет жазушылары одағының ұйымдастыру, творчестволық жұмыстарына белсене араласады. Қазақстан Орталық атқару комитетінің мүшесі, Жазушылар одағы президиумының мүшесі, Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жылдығын өткізу комиссиясының бастығы, Жазушылар ұйымына жаңадан мүше алу комиссиясының бастығы, ақындар слетін, декаданы өткізу комиссияларының мүшесі, «Әдебиет майданы» журналының редакторы болып, толып жатқан мәдени-ағарту және қоғамдық игі істердің жүзеге асуына Сәкен өте жігерлі кіріседі. Сәкеннің әдебиет майданында аса маңызды партиялық шараларды іске асыруға мұндайлық білек сыбанып, жігерлі араласуына Мирзоян бастаған өлкелік партия комитетінің жаңа басшылығы себепші болды.

Осы тұста Сәкен көркем шығармаларын да мол өндіріп жазып тастайды. 1933 жылы «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларын, 1935 жылы «Социалистан» атты өлеңдер жинағын шығарады. «Альбатрос» пен «Қызыл ат» Сәкен поэмасының тағы бір белге көтерілген, творчестволық іздеуден туған күрделі шығармалары еді. Сәкен поэзиямен қатар, творчестволық еңбектің негізгі салмағын бірте-бірте проза жанрына аудара бастады. Ол бірқатар жағдайларда өзі көрген, өзі араласқан өмірден елес беретін «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда», «Дауыл алдында», «Жемістер» атты роман, повестерін жазуға кіріседі, олардың бірқатар тараулары газет, журналдарда, түрлі жинақтарда жарияланады. «Айша» атты повесті 1935 жылы жеке кітап болып шығады. «Қызыл сұңқарлар» пьесасын бүтіндей жөндеп, қайта жазып, ол Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылады. «Тар жол, тайғақ кешу» толықтырылып 1936 жылы қайта басылды. Ал Сәкеннің бірқатар шығармалары (1927—37 жылдар арасында) «Атаман Анненковтың азап

вагонінде», («Тар жолдан» үзінді), «Советстан», «Көкшетау», «Айша», «Қызыл ат», «Жемістер» т. б. орыс тілінде басылып шықты.

Қазақ совет әдебиетін өркендетудегі Сәкеннің зор еңбегін партия мен үкімет айырықша бағалап, 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Ақын 1939 жылы 9 октябрьде қайтыс болған. Ұзақ уақыт үзілістен кейін КПСС-тің XX съезінің қарарына сәйкес 1957 жылдан бастап Сәкен өзінің дұрыс, әділ бағасын ала бастады. Орысша, қазақша Сәкен шығармаларының таңдамалы жинақтары жарияланды.

ШЫНШЫЛ ТӘҚАППАР

Біз жоғарыда Сәкеннің әрбір жаңа еңбегі үлкен әдеби айтыстың, бір-біріне қайшы пікірдегі толып жатқан сын мақалаларының объектісі болды дедік. Мұның себебі неде? Басты-басты себептері біздіңше мыналар:

Сәкен қандай шығармасын болсын, қалың жұртшылықты ойландырып-толғандыратын, белгілібір әлеуметтік, этикалық мәселелерді тура, батыл көтеріп жазып отырды. Ол революциялық дәуірде өзі көріп, өзі білген шындығын, өзін қатты толғандырған, тебіrentкен жай-күйлерді жасырмай, тіпті артық-кем айтса да ағынан жарыла, ақтарыла отырып жазды. Шындықты айтуға келгенде ол батыл да, алғыр сыншы да, жалын атқан құдіретті ақын да. Мұны «Асау тұлпар», «Қызыл сұңқарлар», «Экспресс», «Тар жол, тайғақ кешу», «Тартыс толқынында», «Көкшетау», «Қызыл ат» төңірегінде болған қызу айтыстардан жақсы білеміз. Сол айтыстарға түрткі болған Сәкеннің талантты новаторлық шығармалары қазақ совет әдебиетінің аса күрделі теориялық, творчестволық мәселелерін жан-жақты талқылап, шешіп алуға мүмкіндік беріп отырды.

Онан соң Сәкен ақын ғана емес, Қазақстандағы саяси қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан жауапты қызметкерлердің көбіне адамгершілік мінез-құлық жағынан елеулі идеялық ықпал жасап отырған революционер, қоғам қайраткері. Сәкен 1925—32 жылдары Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретары Голощекинмен де бірталай принципіалды мәселелерден келісе алмайды. Голощекиннің көшпелі ауылды колхоздастыру, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қателіктерін, кадрларды іріктеуде-

Лениндік принципті бұрмалағандығын Сәкен өз кезінде ашық айтып, батыл сынап отырған. Ресми жиналыстарда Сәкен өзіне тән турашылдықпен Голощекин, Құрамысовтардың теріс, оғаш қылықтары мен қателіктерін өткір сынап жүрген. Сондықтан да Голощекин өзіне қолайсыз, беделін түсіретін, бірбет, ешкімнің ырқына көнбейтін, алдына келіп жағынбайтын Сәкенді «жуасытып» алу үшін айырықша тапсырма беріп, мезгіл-мезгіл үлкен талқылаудан өткізіп отырған. Голощекиннің осындай тапсырмаларын Ғ. Тоғжанов, М. Қайыпназаров, т. б. орындауға тырысты. Турашыл, сыншыл Сәкен ондай талқылаудан жуасымай, қайта шиыршық атып, халықтың зор ықлас, құрметіне бөленіп шығатын. 1929 жылы партия тазалауы қарсаңында алдын ала «Еңбекші қазақ» газеті бетінде Сәкенге ауыр айып тағылды. Оның қастары — енді осыдан бәлем қалай құтылар екен,— деп қуанысады, бірақ үш күнге созылған тазалау жиналысы кезінде бұлардың қуанышы аяққа басылады: жиналысқа келген жұмысшы, оқушы жастар Сәкенді қолдап, жақтап сөйлегендерді қол шапалақтап қарсы алып, қаралап сөйлемек болғандарды тыңдамай, ысқырып, мінбеден қуып шығып отырған.

1931 жылғы осындай бір талқылаудың ішінде болдық. Баяндамашы Р. Жаманқұлов та, қатты сынап сөйлемек болған Ғ. Тоғжанов та жиналыстан үлкен соққы көріп шықты. Қайыпназаровтың өзіне сөз бергізбей қойды. Ал залда отырған жазушылардың көпшілігі және ҚазПИ-дің оқушы жастары түгелдей Сәкен творчествосының жақсы жағын көтере, жеткізе сөйледі.

Сәкен шығармаларының төңірегінде айтыстың, даулы сындардың болып отыруының негізгі бір себебі ақынның саналы өмірінің бар кезінде буржуазияшыл ұлтшылдармен үздіксіз, бітімсіз күрес жүргізгендігінде екендігін біз жоғарыда айттық. Ол бітімсіз күресті Сәкен өзінің сөйлеген сөздері мен сын мақалалары арқылы ғана жүргізіп қоймай, көркем шығармаларымен де ұлтшыл жазушылардың творчестволық принципіне үнемі ашық қарсы болды.

Сәкен өзінің қаламдас, пікірлес ақын, жазушыларының кемшіліктерін айтуға келгенде де қара қылды қақ жарғандай әділ де, батыл да еді. Сәкен туралықты, шындықты айтуға келгенде оқтаулы мылтық тұрса да қаймыққан емес, өзі сезіп, әбден байыбына жеткен мәселе туралы айтатын пікірлері мейлінше батыл, мейлінше өткір келетін. Сәкеннің өзім деген досына адалдығы, ешкімнің бет ажарына қарамайтындығы, жағынып-жалбарынуды білмейтін тура-

шылдығы, ешкімге де өтірік айтпайтын ақиқатшылдығы оны өз замандастары ортасында әр мезгіл аса биікке көтеріп отыратын. Бұл жөнінде С. Мұқанов «Сәкен өтірік-өсек айту дегенді білмейтін кісі еді. Біреуді сырттан ғайбаттап немесе екінші біреуге шағыстыру деген әдет онда болмайтын. Не айтқысы келсе де бетке айтатын. Көлгірсіп жалтақтамай, өсекшінің мінін бетіне тура басатын... Ұнатпайтын адамымен Сәкен сөйлеспейтін, араласпайтын»,— деп жазады.

Сәкеннің шындықты айтудағы батылдығы, тәкаппар асқақтығы өзін қоғамға қарсы қоятын дарашылдыққа апарып соғатын тәкаппарлық емес, қалың бұқарамен бірге қайнасқан коммунистік партияның идеялық ықпалымен қуаттанған батылдық болатын.

Сәкеннің турашылдығы ешкімнің беделіне қарамай шындықты батыл айта білетіндігі, әлбетте өзіне қарсы адамдарға, әсіресе оның өткір сынына кіріптар болған адамдарға ұнамайтын. Солардың арасында Сәкенге қарсы өзімшілдік, жікшілік қызғаныштар, бықсық өсектер қоздырылатын.

Сәбит айтқандай Сәкен сөзге төселген майталман шешен емес-ті. «Ауызша әңгімелері ұрт, доғал, кесек келетін», Бірақ өзінің өте тапқыр ойларын қанжардай өткір айтады.

1936 жылы поэзия туралы бір жиналыста Сәкен сыншы І. Қабыловтың бірқатар өлеңдер халыққа түсініксіз стильде жазылады деген сөзін қатты сынға алды. Қабылов мысалға алған өлеңді қайта келтіріп айтты да, жұртқа қарап: «Осыған түсінесіңдер ме сендер?» деді. Отырған жұрт: «Түсінеміз, түсінеміз, әдемі айтылған», деп шу ете түсті. Сонан кейін Сәкен ажарлы кескінмен, өзіне өзі сенімді, батыл тәкаппарлық әдетіне басты: «Мынау үстел басында отырған философ тым көп ойлағандықтан өлеңге түсінбейді. Ал анау артта отырған жұмысшы мен оқушы жастар әбден түсінеді. Поэзия дегенің нәзік нәрсе, оның терең сырын ұғыну үшін жаттаулы ережені ғана біліп қоймай, көркем жырды түсінетін сезім қуатың сау болғаны жөн», деді.

Сәкен айтыстарда әрдайым мерейі үстем болып шыға келетін. Осындай айтыс араласқан жиналыстардың бәрінде де қалың оқушы, жазушы жұртшылығы Сәкеннің сөйлеуін күтіп, оны тыңдауға ынтығып отыратын. Сәкенде жұртты өзіне магниттей тартып алатын ерекше бір қуат, ерекше бір жылылық қасиеттер бар еді. Кітап тілімен жұрттың ықласын аудармақ болған ақылгөй сөздердің көбін біз місе тұтпай, әр кезде Сәкеннің бірер ауыз тапқыр

да өткір сөздерін ұғып, қолдай кететін едік. Оның себептері жоғарыда айтылғандай Сәкеннің тамаша көркем шығармаларының ерекше қуатты әсерінен екендігі белгілі. Сәкеннің шығармаларын, әсіресе «Тар жол, тайғақ кешуін» оқыған жас қауым Сәкенге арналған ауыр сындардың көбіне нанбайтын.

Сәкен шын мәніндегі ерекше сәнділікпен жүретін кербез, сұлу, дарқан сері ақын. Ақан сері, Біржан туралы оқыған бір баяндамасында ол Ақанның сыншыл, турашыл, тәкаппар, нәзік жанды лирик, сері, ақындық келбетін Лермонтовпен, Байронмен салыстыратын еді. Шындығында Сәкеннің бірқатар ақындық мінездері орыстың арыдағы — Пушкин, Лермонтов, берідегі — Блок, Маяковскийлерімен, қазақтың өзіндегі сері ақындарымен салыстыруға әбден болады. Әсіресе Маяковскийдің буржуазияшыл ақын, жазушыларға, олардың ескілікті дәстүріне қарсы шыққан батыл, өршіл күрестері мен Сәкеннің күрестері үндесіп, тамырласып жатады.

Сәкеннің ерекше сәнділікпен жүріп-тұруының өзі жас қауымға қызықты да еді. Адам әрқашан айырықша өсімдікке, жарастықты өмірге талпынбай ма! Сондай жарастық, сұлулық, сыр-сипат сыртқы келбетінен де, ішкі мінез құлқынан да, өмірінен де, шығармаларынан да түгел табылып тұрған Сәкенге жас қауымның қызыға қарап, кездескен жерде бір ауыз сөзін тыңдауға құмартып, зор ықласпен қошемет көрсете қоршап алуы табиғи заңды нәрсе еді.

Сәкеннің айтыс-тартыстарында әр уақыт мерейі үстем болып шығуының терең тамыры оның ақындық жанын ұға білген, талапты сыншыл шығармаларын әділ бағалап, құмарта оқыған оқушы жастар мен қалың еңбекші бұқараға тығыз байланыстылығында еді.

Сәкеннің бар дәуірдегі өмір жолына көз жіберетін болсақ, тар жол, тайғақ кешулерде өмірдің сынынан шыңдалып өткен достары, шәкірттері аз болмаған. Сол көп достардың ішінде оның әдебиет майданындағы қажырлы идеялық күресінде ең сенімді серігі бола білген Сәбит Мұқановтың орны ерекше. Ол Сәкеннен үйрене жүріп, аз уақыттың ішінде тез өседі және көптеген принципті мәселелер жөнінде Сәкеннің өзіне идеялық ықпал жасайтын алдыңғы саптағы жазушылар қатарына көтеріледі. Сәбит совет әдебиетінің жауларына қарсы күресте Сәкенге әр мезгілде ең сенімді, ең сырлас дос, ең мықты, ең табанды серік бола білді. Қазақ совет әдебиетінің тарихында айнымас адал достықтың жақсы бір үлгісі Сәкен мен Сәбит-

тің достығы дер едім. Демек, Сәкен туралы ең толық, ең қызықты өмірбаяндық әңгімелерді алдымен Сәбит жазуға борышты.

Большевик революционер, даңқты новатор ақын, совет мәдениетінің аса көрнекті қайраткері Сәкен сияқты адамның өмірі мен творчестволық еңбегі мұндай шағын бір мақалаға сыймайтыны мәлім. Сәкен қалдырған бай әдеби мұра, тамаша қызықты творчестволық өмір жан-жақты тексеріліп, марксистік әдебиет тану тұрғысынан әділ бағасын алуға тиісті. Бұл — алда тұрған келелі міндеттердің бірі.

1936 жылы Сәкеннің әдеби қызметіне 20 жыл толған мерекесін бүкіл совет жұртшылығы болып тойлағанда, Қазақстан өлкелік партия комитеті атынан, Қазақстан жазушылары атынан Сәкенге арналып берілген. «Қазақ еңбекшілерінің большевик ақыны, революция солдатты... Қазақ халқының ой-арманын бейнелеген шығармаларымен жұртшылықты тапсыз қоғам орнату жолындағы күреске жұмылдыра білді» деген әділ айқын бағалары дәл қазір айтылғандай маңызды.

Шығармалары мен тамаша, қызықты өмір жолы халық арасына кең тараған даңқты ақын Сәкен шын және кең мәніндегі халық ақыны. Революциялық күреспен, партиялық идеямен, халық өмірімен тығыз байланысты болған алғыр суреткер Сәкеннің творчестволық өмірі кімді болсын қызықтырмай қоймайды. Оның шығармалары да, революциялық және творчестволық өмірі де коммунизмге қарыштап аяқ басқан совет халықтарының рухани дүниесін молықтыра беретін социалистік мәдениетіміздің асыл қазынасы, тамаша үлгісі.

Октябрь, 1959

ӨМІР МЕН ӨЛЕҢ

(Қасымның өмірбаяны, ақындық сапары туралы)

ЖЕТІМДІКТЕН ҚҰТЫЛУ

Даладан асыр салып ойнап кіріп келген жас бала Қасым тұнжыраған кескінді, кейбірі өксіп жылаған үй толы адамдарды көріп аң-таң қалды. Ағасы Ақметжан бауырына басып «жетім қалдық» қой деп егіліп жылай берді. Жетім деген не? Неге жылайды бұлар? Тәрде беті жайнамазбен жабулы қимылсыз сұлық жатқан әкесі неге тіл қатпайды?.. Бұлардың бірде-бірін жас бала ұғынып жетпеді. Әйтеуір, үй-іші, туған бауырлары жылап-еңірегендіктен жайсыз бір іс болғандығын аңғарса да, бірақ ол жылаған жоқ, айнала жалтақтап қарап, әркімнің жүзінен моншақтап домалаған жасқа көзін қадап, томсарып отыра берді. Осы бір аянышты шақтың бейнесін болашақ ақын өмір бойы ұмытпаған. Ұлы Отан соғысы кезінде майданнан ағасы Ақметжанды сағынып жазған бір хатында:

«Жыламай қарай бердім ынтамды сап,
Көзіме көріндіңіз әкеме ұсап»,—

деп әкесі Рақымжанның өлімін еске түсіреді.

Рақымжан өлгенде Қасым бес жаста еді. Әке өліміне ілесе бұлардың аз ғана малы да жойылып бітті. Ер жеткен ағалары Нығыметжан, Ақметжан күн көру мақсатымен заводқа, қалаға жұмысқа кетеді. Туған шешесі Айғаншаны төркін жұрты келіп алып кетіп, еріксіз бір байға қалың-малға сатып жібереді. Әкеден өлі, шешеден тірі айрылған Қасым өгей жеңге, жамағайындарының қолында қала береді.

— Детдомға келіп түскенше менің көрген қорлығымның есебі жоқ, әке мен шешенің құшағында еркелеп өскен баланың арманы не екен? Жетімдіктен қалай құтылып, адам болғанымды жаза бастасам, бір том кітапқа сыяр еді,— деуші еді өз өмірі туралы әңгімелескенде.

Шешесі Айғанша (1888 жылы туған) Қасымның бала-лық жетімдік шақтары туралы көп әңгімелерді еске түсіріп айтады:

— Қасымның көп мінезі әкесіне тартқан еді. Жарықтық (ері Рақымжанды айтады) ер мінез, шадыр, өз айтқаны болмаса ешкімнің ырқына көнбейтін бір бет, бәсеке, егесте намыскер адам еді. Намысқа тиер іс болса, ол малжанды, қарабасын құрбан етуге дайын тұратын.

— Қасым туғаннан мазасыз болды, жылағанда бесікті сықырлататын, қырқынан кейін ол бесіктен шықты, ерте еңбектеді. Октябрьде туған бала келер жылы майда, жеті ай шамасында жүріп кетті. Таңертең ерте үйші ұйықтап жатқанда ол тұрып алып далада үй айналасында жападан-жалғыз ойнап жүретін, жалғыз сиырдың қара бұзауымен ойнап, өзімен өзі болып ыңылдап өлең айтатын. Көп балалардың тобына да қосылмай, оңаша жүруді ұнататын. Балалардың ұрыс-жанжалына жоламайтын. Ауылымызда жамағайын Жақыпбек деген адам жақсы домбыра тартушы еді, оны бәріміз де ынталанып тыңдайтынбыз. Өзім де үлкендер жоқ жерде аздап ән салатынмын, «Қыз Жібек» сияқты жырларды жатқа айтатын едім. Ауылда шілдехана, айт, той да өтіп жатады, алтыбақан, қой күзетінде ән-өлеңдер көп айтылатыны белгілі ғой. Бұлардан Қасымның нені ұғып, нені қызыға тыңдағанын білмеймін, әйтеуір бәрін де естіп біліп жүрді ғой...

Жарықтық өлген соң, Қасымнан тірі айырылып, жылап-еңіреп кете бардым. Менен айрылған Қасымның көрмеген бейнеті жоқ. Мейлінше қатал, мені ғана емес, екі баласы мен екі келінін де күнде таяқтайтын байым — Оспан шал Қасымды ол үйдің маңайына жолатпады. Баламның халы ауыр деген бір сөз айтқаным үшін, әуелі маған бала тауып бер деп текпілеп сабаушы еді. Арада бірер жыл өткен соң, бір күні сиыр сауып отырғанымда сол тұрған үйімнің жақын бір адамы, киімі жалба-жұлба, көзі шаңырақтай үлкен, мойны ырғайдай қылқиған, көрден тірілген аруақтай саудыраған құр сүйегі бар Қасымды сүйемелдеп алып келді. Баламды бас салып жылауға, есік алдында тұрған байым — жауыз шалдан қорықтым, сиырды сауып болып, қараңғы түскен соң барып жылап-еңіреп Қасымды тамаққа тойындырып, оңаша шошалада жасырын ұстадым. Қасым қатты ауырып жатты. Үсті-басы сірескен қотыр екен, оны май жағып емдедім. Екі ай дегенде Қасымды адам қатарына қостым. Бірақ, сырқатынан жазылып, есі кіргесін қатал шалдың үйінде жасырынып тұруды

Қасым өзіне ар көрді. Ағама барам деп кетіп қалды. Содан Қасымды көп жылдарға дейін көре алмадым.

Ағалары жақсы көргенімен өгей жеңгелері Қасымға жылы шырай көрсетпеген болу керек. Жоқшылық, аштық, жалаңаштық, жетімдік — барлығы Қасымды жастайынан иықтап, титығына жетіп өсірген. Мұң мен шер де сол жас кезінде көкірегіне байланған аурудың бірі сияқты. Тіршілік салты мешеу көшпелі ауылда 13 жасқа дейін өмірі өткен жетім жас Қасым қозы-қой бағып, шөп-отын, су да тасып, жылқы да қайырып, мал да күзетіп, тезек те теріп, қысқасы, қолынан келген жұмыстың барлығын да істей жүріп, сол ауылдан өзіне керекті сүйеніш те табады. Ауылдың әсем ән-күйлері, өлең-жыры, аңыз-ертегілері, сырнайлы өзені аққан, самал желі ескен, көкөрай шалғыны, көкқасқа бетегесі құлпырған кең дала, жас Қасымның басындағы қайғыны жеңілдетер, үмітті өмірге қол былғап шақырар арман нысанасының бірі сияқты болады.

Қасым 1911 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Темірші болысында (қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы) Қызыл деген жерде туған. Аманжол Қасымның ұлы атасы. Бұл жерде айналасы қорық, тал, ши өсетін Қазанғап өзенінің тарамдары ағады. Оның аяғы Тоқырауын, Қусақ, Талды өзендерімен жалғасады. «Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін» — деп Мәди жырлайтын Талды өзені де Қазанғаппен жалғасып, Арқаның Сибирь жақ ойпатына құлай ағады. Бұл алқап бірыңғай жазық болмай, таулы, адырлы келеді. Зайсанның тұсынан басталған Сауыр, Тарбағатай, Шыңғыс, Қарқаралы таулары бірімен бірі жалғасып, Арқаның биік жоны болып отырады. Қызыл, Берікқара, Былқылдақ сол таулардың сілемі сияқты шағын таулар. Міне, Қасымның елі сол Қызылды қыстап, Қоянды жәрмеңкесінің үлкен жолына жақын Күйген Бекет, Қазанғап бойларын жаз жайлайды.

Рас, Қасым Қазақстанның басқа да жерлерін кейін аралады, Баянды, Көкшетауды, Алатау, Сыр, Жайық бойын да жақсы біледі. Алайда, қазақ даласын сүйсіне жырлаған уақытта жастайынан туып-өскен Қарқаралысының суреттері Қасымның поэзиясында айрықша жарқын, сұлу елестейді. Сырнай тартқандай тасып аққан өзен суы, сылдыраған бұлақтың, шатырлаған найзағайдың, түнеріп төнген қара бұлттың, бұрқыратқан дауыл мен құйынның, кейде долы, кейде жұмсақ дала желінің, жұлдызды қаракөк аспанның, құлпырған жердің құбылысы мен сырлары бақташы, малшы Қасымның алғашқы ақындық сезімің оя-

тып, қанаттандырған сияқты. Кейін жазған «Мен табиғат бөбегі» атты өлеңінде:

«Жарқ-жүрк етіп жүруді,
Нажағайдан үйренгем.
Шадыман шат боп күлуді,
Күн мен айдан үйренгем.
Тәкаппарлық, ерлікті,
Асқар таудан үйренгем...
Мен бір жанмын ерікті
Жарысып желмен жүгірген.
Ашу-қайғы дегенді
Қара бұлттан үйрендім»,—

дегенді тегін айтпаған.

Қасым ауылда жүргенде молдадан мұсылманша тиіп-қашып оқиды. Өте қиын болса да зирек, алғыр жас тез хат танып, өз бетімен қолына түскен бірлі-жарым кітаптарды оқи береді.

— Сол кезде оқығандарымның қайсы бірін білем, әйтеуір екі жетім бала туралы «Мұңлық — Зарлық» дастаны есімде қалыпты,— деуші еді Қасым өзі.

Жиырмасыншы жылдардың басында Қасым жаңадан ашылған бастауыш мектепте бірер жыл оқиды. Мұнда революция жаңалығын, жаңа өлең жырды алғаш осы мектепте оқып танысады. «Оян, қарғыс таңба басылған»— деп басталатын «Интернационалды» осы мектептен алғаш үйреніп жаттайды. Бірақ ауыл жеріндегі Қасымның оқуы жүйелі болмайды, себебі мектеп оқуына Қасым күн сайын мезгілімен барып қатынаса алмайды, екіншіден, мектептің мұғалімдері де Қасымның аз-ақ алдындағы білімі саяз адамдар болады. Олардың бар білгені қымызы орта шағын ыдыс сияқты. Қасым бір қағып жұтып, түбіне қарап отырып қалғандай еді. Ол оқудың тәтті дәмін татқанмен, бірақ сіміріп жұтарлық дариядай молына кездеспейді, оқудың молы қалада екенін сезеді, бірақ оған қалай жетпек? Бар арманы қалаға барып оқу...

Осындай халде жүргенінде 1923 жылы ағасы Ақметжан келіп Қасымды Семейге әкеліп, қаладағы бастауыш мектепке түсіреді. Қаланың тіршілігі, мектеп өмірі — барлығы Қасымға жаңа бір қызық дүние болып көрінеді. Ол көп оқиды. Көп үйренеді, ойы да, білімі де тез өседі. Қасымның алғырлығы сондай, алғашқы бір жылда екі класты бірден бітіріп шығады.

Ақметжанның үйінде Семей қаласында ақын-әнші артистер, сауыққой, өнерпаз жігіттер, жазушы-журналистер

көбірек жиналып отырған. Әсіресе Әміре, Иса, Майра секілді белгілі ақын-әншілер де, Мұқамбетқали Дауылбаев сияқты жас талапты скрипкеде ойнағыш күйші-өнерпаздар да мезгіл-мезгіл Ақметжандікіне келіп, ән салып, күй тартып сауық құрады. Мұқтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев та бұл үйдің жиі келіп кететін мәжілісқор қонағы болады. Міне, мұның барлығы жас Қасымға қызығы таусылмас, қызуы басылмас аса бір сүйікті өнер, білім дүниесі, екінші бір мектеп еді. Осы ақын-әнші жазушылар дүниесінен де ақын үлгі, өнегені мол қармады. Домбыраны ғана емес, скрипка тартуды да үйренді. Әсіресе әдебиетке құмарлық талант та осы бір ортада тұтанып, оянады.

Қаладағы театр, кино, ойын-сауық орындары да, мектеп, кітапхана арқылы алған білімі де Қасымның көркем-өнерге, поэзияға деген құмарлығын арттыра береді. Енді ол мектептегі, қаладағы жастардың ынта-жігермен қойылатын сауық-кештерінің, спектакльдердің бірталайына белсене қатынасады. Ойын-сауыққа алғаш араласқан кездегі жолдасының бірі Шәкен Айманов.

— Семейдегі кезімде бірталай өлең жазған едім. Кейбірі қабырға газетіне де басылып жүрді. «Қазақ тілі» газетінің басқармасында Сәбит Дөнентаевқа апарып көрсеткен бірлі-жарым өлеңдерімді ол кісі тіл жағынан ұнатпады. Қайтып баспаға ұсынғаным жоқ. Семейде жүріп жазған өлеңдерім бір дәптер болатын, оның көбі жастық шақты, жолдас, достар арасындағы эзіл-қалжыңды, комсомолдардың үгіт-ұрандарын айтатын өлеңдер болатын. Кейін ол Семей дәптеріндегі өлеңдерім жоғалды. Жастық шақты еске түсіру үшін демесең, ол дәптердегі өлеңдерімнің жоғалғанына «қымбат қазынам еді»— деп өкінбеймін де,— дейтін ақын өзі. Сөйтіп, Қасымның 1930 жылдарға дейін жазған өлеңдерінен өзінің үйдегі қолжазба архивтерінде ешқандай дерек сақталмаған.

Қасым Семейде жүрген уақытында ағасының үйінде онша көп тұрақтамайды. Ағасы Ақметжан үйде бар кезінде, үйге ақын-әншілер келген кезде Қасым үнемі болады да, ағасы жоқ кезінде бұл үйге көп жоламайды. Себебі Қасымды туған шешесіндей жылы қабақпен қарсы алып, туыстық мейір көрсететін ешкім болмайды. Осындай өгейлікті сезген Қасым 1924—1926 жылдары Семей қаласындағы балалар үйіне түсіп оқып, тәрбиеленеді. Одан кейін мал дәрігерлік техникумына түсіп оқиды. Осы оқуларының арқасында Қасым аз жылдың ішінде орта дәрежелі мол біліммен қаруланады. Орыс тілін жақсы біліп шығып, сол

кездегі қазақ әдебиетінің үлгілерін қызыға оқумен қатар, орыс жазушыларының шығармаларын да еркін түсініп оқуына мүмкіндік алады.

Қасым детдомға түсіп, одан кейін техникумде оқуы арқылы жетімдіктен құтылады. Әкесі де, жанашыр мейірімді апасы да — совет мектебі болғандығын ақын кейін жазған көптеген өлеңдерінде зор қуанышпен есіне түсіріп айтады.

1948 жылы жазған бір өлеңінде Қасым өз өмірінің алғашқы дәуірі туралы былай дейді:

«Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп
Қабағын жаба түксиген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін
Әкем боп таптың сол кезде,
Советтік менің өз елім!
Галстук қызыл мойнымда,
Мектепке қарай жүгірдім.
Қолымды тұңғыш қойдым да
Бетін бір аштым білімнің.
Сапқа да тұрдым, ту алдым,
Келді деп менің кезегім.
Әкемдей сонда қуандың,
Советтік менің өз елім!»

Ақын өзі айтқандай ол мектепте әуелі пионер қатарында, онан кейін комсомол қатарында болып, совет жастарына тән коммунистік рухта тәрбиеленіп, қажырлы күрес, жігерлі істің школасынан да өтеді. Бұл, Қасым сияқты бұрын панасыз болып, совет мектебі арқылы қатарға қосылған жастардың бәрінің басынан кешкен негізгі өмір жолы еді. Бұл школа сонымен бірге болашақ ақынның қоғам өміріндегі орнын да, ақындық жолдағы өрісін де анықтап берді. Қасымның 1930 жылдардың бас кездерінде жазған өлеңдерінен де осы ерекшелік айқын байқалып отырады.

АЛҒАШҚЫ АҚЫНДЫҚ ӨРІСТЕРІ

1930 жылдардың басында Қасым оқу іздеп Алматы қаласына келеді. Бірақ қолайлы оқуға түсе алмайды. Республикалық «Лениншіл жас» газетіне қызметке түседі. Кейін «Қызыл әскер» газетіне қызметке ауысады. Бір жағынан өз бетімен оқи жүріп, Қасым аз уақыттың ішінде газет қызметіне төселіп алады. Шағын мақалалар, очерк-

тер жазуға машықтанады. Сонымен қатар осы кезде жазған бірқатар өлеңдері «Лениншіл жас», «Қызыл әскер», «Пионер» газеттерінде жарияланады. Бұл өлеңдері совет жастарының социализм ісіне жан-тәнімен берілген ой-сезімін, ізгі талап-тілегін, күрестерін дұрыс қамтып жырлаған идеясы айқын шығармалар болғанымен, көркемдік жағынан әлсіз еді. Отызыншы жылдардың бас кезінде жалпы басылып жүрген «есеп», «рапорт» өлеңдерінің үлгісіндегі нәрселер еді. Сондықтан да ондай өлеңдерін Қасым өзі тірі кезінде ешбір жинағына енгізбеген және 1955 жылғы басылып шыққан бірінші томына да толық кіргізгеніміз жоқ. Осыған қарап Қасымның «Семей дәптеріндегі» өлеңдері де қандай дәрежеде екендігі туралы тиісті қорытынды жасауға болар еді.

Әрине, ешбір адам «шу» дегеннен үлкен ақын болып шыға қоймайды. Ұзақ жылдар оқу, үйрену, қажырлы еңбек істеу жолында өсіп жетіледі. Міне, Қасым да отызыншы жылдардың алғашқы жартысында ақындығының жастық, шәкірттік дәуірін басынан кешеді. Бұл оның, әсіресе, Орал қаласындағы творчестволық өмірінде айқын байқалады. 1931 жылы Қасым Ленинград қаласындағы Орман шаруашылығы институтына барып түседі. Бір жылдай онда оқып, денсаулығы жарамағандықтан оқуды тастап, Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласына келіп, сондағы «Екпінді құрылыс» газетінде қызмет істейді. Бір жылдан кейін (1933 жылы) міндетті әскер қызметіне алынып, оны сол Орал қаласында өтейді.

1935—1936 жылдары Оралдағы жаңа ұйымдасқан қазақ театрында артист болып қызмет істейді. Міне, осы Оралда болған кезінде Қасымның ақындық, әншілік, артистік таланты жұртшылыққа танылады.

Қасымның Оралдағы өмірі туралы сол кездегі жақын жолдасының бірі ақын Тілеков Жәрдем былай дейді:

— Қасымның Оралға келуі жастардың ортасында үлкен бір уақиға болды. Өзі ақын, музыкалық аспаптардың барлығында ойнайтын, әрі әнші, күйші өнерпаз, оның жүрген, отырған жері ылғи думан, ойын-сауық еді. Қасымның осындай өнері, ақындығы, ақкөңіл, ақжарқын мінезі әрдайым жастарды өз айналасына үйіріліп алатын. Ойын-сауыққа, өлең-жырға үйір болатын жастар Қасымның сөзін, атын естіп онымен мәжілістес, жолдас болуға ұмтылатын. Мен жақын досының бірі едім. Мен де өлең жазамын. Оралдағы Қажым Жұмалиев те, Тастайбеков Қуан да, Батыр Қыдырниязов та тағы бірқатар жігіттер өлең

жазатын. Бірақ Қасым бәрімізден де өленді бұрқыратып мол жазып тастайтын. Ол кезде кімнен кімнің өлеңі артық екенін айырып баға бергеніміз жоқ. Әйтеуір басымыз қосылғанда Қасым әрқайсымызды сынайтын. Қасымның бізден артық бір жері — өзінің жазған өлеңдерін көбіне жатқа білетін де домбырамен де, скрипкамен де, гармонымен де қосылып айта беретін. Сонда оның өлеңдері ерекше көркемдік қуат алатын.

Қасым газет-журналистік жұмысқа да тез төселіп, өзіне жүктелген міндетті жылдам, тиянақты орындайтын. Ол «Екпінді құрылыс» басқармасында негізгі аудармашы болды, мақалаларды, ресми материалдарды орысшадан машинкаға ауызша айтып (диктовать етіп) аударды. Оралда жүргенде Қасымның жолдастары, достары көп болды. Жолдастары арасында Қасым еркін сөйлеп, олардың ісінде байқалған кемшіліктерді жолдасым екен деп мәймөңкелемей қатты сынға алып отыратын. Мәселен, алпамсадай дәу жігіт Батыр Қыдырниязовтың жазған өлеңдері Қасымға ешбір ұнаған емес. Жиналыста, бас қосылған жерде Қасым Батырдың нашар өлеңдерін ажуалап сынайтын да, сонымен бірге «өзің жақсы жігітсің» деп құшақтасып, достасып жүре беретін. Осындай турашыл, ақжарқын мінезін білетін жолдастары Қасымды жек көрмей, онымен үнемі жақын достасып, бір туған бауырдай болып кететін.

1933 жылы 22 жасында Қасым міндетті әскер қызметіне алынды. Екеуміз де Оралдың атты полкінде екі жылдай болдық. Ол кезде Қасым тым нәзік еді, салт атпен үздіксіз жүретін жорықтарға — «ойындарға» жарамағандықтан, Қасым көбінесе штабта хатшылық (писарьлік) қызметінде отырып, өлең жазуына, өз бетімен оқуына оның мүмкіндігі мол болды.

1935 жылы әскер қызметінен босасымен Қасым Оралдың театр труппасын ұйымдастырып, өзі көркем басқарушысы болды. Одан бұрын Орал жастарының күшімен клубта, пединститутта Қасым басқарып концерттер, сауық кештерін өткізетін. Енді труппаға Қасым қаладағы көркемөнерге бейімдігі бар жастарды жинап алып, жақсылап ойын қоя бастады. Қасымның театрдағы ұйымдастыру жұмыстарына облыстық кәсіпшілер одағы мен комсомол комитеті көмек көрсетіп отырады. Қадыр Қамзин, Шәкір Оразғалиев, Әмина Оразғалиева труппаның (кейін театрдың) негізгі артистік күштері еді. Музыкалық мектептердің мұғалімдерінің қатынасуымен труппа жанында оркестр да құрылды. Алғашқы қойылған спектакльдің бірі «Бүлін-

шілікте» Қасым өзі Фурманов ролінде ойнады. Ол концерттерде көбінесе ойнап, жеке номерлер де орындаушы еді, кейде хорға да қосылатын. Скрипкамен қазақ ән-күйлерін ғана емес, орыс, татар әндерін де ойнайтын. Қасымның жолдасы Оразғалиев те даусы күшті әнші, әрі скрипканы жақсы тартатын артист еді.

Оралдағы театр труппасы тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылуына Қасымның еңбегі зор болады. Труппаның қойған спектакльдері мен концерттеріне қазақ қана емес, орыс, татарлар да көптеп келеді. Сондықтан да Қасым өзінің скрипка ойнаудағы өнерін музыкалық мектептердегі оқытушылардың көмегімен үнемі жетілдіріп, орындайтын репертуарларын молықтырып отырады. Оралдың мол күйлерін де осы кезде терең ұғынып меңгереді. Әнші, артистер ортасының думанды қызық, сүйікті творчестволық өмірімен бірге бірін-бірі күндеу, табына жақсы көру, қайтып көрместей жек көру, қызғаныш, айырылысу сияқты жайсыз жақтары да болады. Қасым, міне, осы ортаның әр түрлі әсер ықпалынан сырт қала алмайды. Бірде ол серпіні күшті жалынды ақын, жұрттың сүйікті өнерпаз артисі, ерке серісі болып көрінсе, бірде кейбір аусар жолдастарының жетегіне ергіш, дарашылдық сезімге бой ұрады. Марпуғамен арасындағы махаббат драмасы осындай жағдайда аяғы айырылысумен бітеді.

«Қасыммен 1934 жылы таныстым,— дейді Марпуға Кенжеғалиева,— Оразғалиев Шәкірдің әйелі және Нұғманов Қуанғалидің әйелі — екеуі де маған туыс адамдар еді. Шәкір де, Қуанғали да шебер скрипкашы, музыкант адамдар болатын. Екеуі де Қасымның достары. Екі жездемнің үйінде Қасым жиі кездесіп жүріп, сол кезде рабфакта оқитын мені, театр жұмысына араластырғысы келді. Мен театрға араласпасам да, Қасым екеуіміздің арамыз алыстамады. Ақын, әнші, артист, сауыққой, ерке Қасымды Орал жастарының бәрі де мақтайтын. Сұлу қыз, келіншектердің талайы Қасымға сырттай ынтық болып, онымен жақын танысуға тырысатын. «Жігітті жұрт мақтаған, қыз жақтаған» деп Абай айтқандай, мен Қасымның ақындық өнерпаз таланты алдында, әсіресе ақкөңіл, адал адамгершілігі алдында шыдап тұра алмадым және маған арнап жазған көптеген өлендерінің сиқырлы күші еріксіз мені өзіне тартып отыратын. Бір-бірімізді адал көңілмен сүйіп едік.

Ол кезде жаспын, ерке едім. Іштей ұнатып отырсам да ақкөңіл Қасымды әр түрлі күйге салуды қызық көріп (кей-

де сынау үшін де) әдейі ашуланушы едім. Шақырған жеріне бармай бұлданып, жоқтан өзгені сылтау етіп ол келгенде кейде басымды көтермей жатып алатынымын немесе өзіміздің үйден басқа үйге кетіп қалатынымын. Міне осындай халдерде жас баладай алдымда зыр жүгіріп кейде жылап, кейде мұнайып барлық тыныштықтан айырылатын. Сол мезгілдегі өзінің тынышсыз халін, маған деген ықыласын тамаша бір жақсы өлеңдерімен жазып тастайтын. Қасымның осындай жайларды, яғни өзінің айнымас достық махаббатын білдіріп жазған өлеңдері көп еді. Барлығы да соғыс кезінде, үйіміз өртенгенде бірге жоғалып кетті. Оның бірінші томына кірген өлеңдері оннан бірі ғана. 1935 жылдың ақыры мен 1936 жылдың басында арамыз алыстады. Оның артистер ортасында, әсіресе екі жездемнің үйінде өткізетін кейбір ерсі мінездерін ұнатпай, Қасымнан өзімді аулақтай бастадым. Ол жиналысқа түсіп қатты сыналған кездерде де қасында бірге бола алмадым. Талай жалынып келгенде, үйге кіре алмай кетіп жүрді.

«Қыраулы терезе», «Кіре алмай қайттым үйіме» деген өлеңдерін осы қыс айларында жазған еді. «Кім кінәлі» өлеңін 1936 жылы май айында, Оралдан дәл кетер кезінде келіп жазып тастап кеткен болатын.

Рас, Қасымның маған өкпелейтін жөні де бар. Тым қатал болғанымға кейін өзім қатты өкіндім де. Соғыстан кейін Алматыда көргенімде Қасым — өмірімнің көктемін танымадым-ау! — деп өткенге наз айтқандай болды...»

Қасым да, Марпуға да кейіннен аға, қарындас сияқты бір-бірін қатты сыйласып кетеді. Оралда айырылысып, Алматыда қайта көріскенде Қасым:

«Сенің гүлдей дидарыңнан,
Бақыт нұрын көруші ем,
Махаббатты жас жанымнан
Жырлар жазып беруші ем!» —

деп сол махаббат ақындығына қанат бітіргендігін жасырмайды. Бірақ Қасымның Орал дәптеріндегі махаббат лирикалары кейде мазмұны, көркемдік шеберліктері жағынан біркелкі емес. Ақын бірде айнымас адал достықты, жастық сезімді шебер суреттеуге адым жасаса, бірде тұрпайы жалаң айтып кетеді. «Сұлудың сымбатты», «Қарай-қарай көзімнің нұры біткен», «Сүйдім дедің» сияқты біркелкі өлеңдері осындай жалаңдықпен жазылған.

Махаббат, ер мен әйел арасының қарым-қатынасы, адам баласы жаралғалы дүние жүзі әдебиетінің негізгі бір

тақырыбы болып келе жатқаны белгілі. Сондықтан адамдардың табиғи сезімдеріне арналған Қасымның махаббат лирикалары кейбір жалаңдығы байқалмай қызық көрінуі мүмкін. Үлкен ойшыл ақын Сұлтанмахмұт жалаңаш сұлу-дың су басында отырғанын қызыға жырлаймын деп «Ақсәуле» лирикасының этикалық, эстетикалық мәнін әлсіретіп алған. Міне, осындай кейбір әлсіздіктері Қасымның махаббат лирикаларынан да байқалып отырады.

Алайда, Қасымның алғашқы дәуірдегі шығармаларында махаббат лирикасы басты тақырып емес (бұл мотивтың болуы заңды да), социалистік дәуірдің шындығын жырлау негізгі идеялық-творчестволық мотив болып отырады. Оралда болғанында да, онан кейін 1936 жылдан бергі Алматыға келген кездерінде де Қасым өлеңді көп жазады. Оралдың «Екпінді құрылыс», Семейдің «Екпінді» газеттеріне және Алматыдағы «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен журналдарда оның өлеңдері көптеп басылады. Ақындық өнері әлі қалыптаспаған жастығы, ауыз әдебиеті дәстүрінен шыға алмаған әлсіздігі байқалып тұрса да Қасым бірден совет дәуірінің ең маңызды саяси, қоғамдық мәселелерін мол қамтып жырлайды. Совет жастарының оқу, білім алу, еңбек, құрылыс майданындағы ерлігі, талап-тілегі, махаббаты осы тұстағы ақын поэзиясының мазмұны болады. Совет Отанының күннен-күнге нығайған айбынды қуаты, Қызыл Армияның жауынгерлік дәстүрі, батыр ұшқыштардың, қажырлы альпинистердің үздік ерліктері ақынның қызыға жырлаған бейнелері. «Ұшқыш болғым келеді» деген лирикасында былай дейді:

Мөлдір тұнық көк аспан,
Сол аспанға жарасқан
Самолеттей сұңқармен,
Ұшқан құспен таласқан,
Ұшқыш болғым келеді!
Көңіл — дария, ойы — аспан,
Асқар шыңнан бойы асқан,
Ай, күнімен аспанның
Әзілдескен, сырласқан,
Ұшқыш болғым келеді!
Танда туып, түлеген,
Тас түлектей көреген,
Көк қойнында тояттап,
Шың басында түнеген,
Ұшқыш болғым келеді!

(I том, 50-бет.)

Совет жасының ізгі арманын сыршыл ойға толы, шебер кестелі, сұлу сөз өрнектерімен, сыршыл оймен жеткізіп айтады. Егер «Ерлік қандай, ер қандай», «Тракторшы Темірбек», «Назипа», «Жаңа батыр» сияқты өлеңдерінде революциялық дамудың, социалистік құрылыстың жеңімпаздық сипатын алғаш бастап жырлайтын болса, осы «Ұшқыш болғым келеді», «Болат сұңқар», «Отан күзетінде», «Хан тәңірі», «Жайық», «Көктем», «Күндей шалқып күлгенің», «Алма бағында», «Колхоз қызына» сияқты өлең лирикаларында совет адамдарының ерлігін жырлау мотивін тереңдете түседі. «Хан тәңірі» совет жастарының жеңімпаздығын, совет адамдары жеңіп алмайтын ешбір қамал жоқтығын суреттеген романтикалы толғау.

Ақын бірде:

«Хан тәңірі — жатыр еді ұйықтап,
Айды жастап, көк көрпесін тұйықтап,
Хабаршысы сұлу сағым сылаңдап,
Жетіп келді, тым асығыс бұлаңдап.

Жайлап жылжып, жүрді сағым жағалап
Хан тәңірінің қойны-қоншын аралап,
Кенеттен, бұлт бір ұлып, бір абалап,
Төкті жасын — құйды нөсер сабалап!»

деп адам алдына бас имеген тәкаппар таудың тұлғасын елестетсе; бірде:

Аққан алып, таңғаларлық бір мықты,
Жер мен көктің барлық сырын ұғыпты.
Қара жерді бауырдайын тіліпті,
Мұзды, құзды насыбайдай үгіпті.

Жерді жеңіп, көкке ұшып шығыпты,
Түбіттей қып түткілетті бұлытты,
Көрпедей-ақ көкжиегін түріпті,
Құле қарап, күннің сырын біліпті,—

(I том, 129—130-беттер).

деп хан тәңірге шабуыл жасап, табиғаттың долы күштерін өзіне бағындырып жатқан совет адамдарының алып қайратты тұлғасын елестетеді. Ақын шекара күзетіндегі қырағы совет солдатаның ерлігін де, империалистік фашистік басқыншыларға қарсы азаттық үшін күрескен Қытай, Испан еңбекшілерінің ерліктерін де ардақтап жырлайды. Қолында қанжары мен гитары бар отанын қорғаушы әнші, әрі батыр испанканы сүйетінін айтады.

Қасымның советтік патриотизм тақырыбына арналған бірқатар өлеңдері 1938 жылы «Өмір сыры» атты жинағын-

да жарияланды. Осы жинағымен ақын алғашқы дәуірдегі творчествосына қорытынды жасады. Қасым Алматыдағы жас таланттардың ортасында жарқ етіп, әдебиет жұртшылығына өзін таныстырады. Дихан Әбілев, Саин Жұмағали, Қапан Сатыбалдин, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин және басқа біркелкі жас ақындардың қатарына Қасым да келіп қосылып, сол кездегі әдебиет сындарында ауызға алына бастаған. Бұл алғашқы ақындық жолдағы елеулі адым еді.

ОҚУ, ІЗДЕНУ ЖОЛЫНДА

Ақынның творчестволық өсу жолы өте қиын. Ақын көп оқып, білім қорын жинау арқасында, қажырлы, үздіксіз еңбек істеу арқасында және әдебиет жұртшылығының әділ сыны арқасында өсіп есейеді. Қасым Семейде, Оралда болған шақтарында үнемі өз бетімен оқиды. Осы тұстағы қазақтың белгілі ақын-жазушыларымен қатар, орыстың және дүниежүзілік классиктерінің шығармаларын да оқып отырған. 1936—1937 жылдары Қасым Пушкин туралы белгілі «Ақын ескерткіші», «Ақын» деген өлеңдерін жазған. «Өмір сыры» жинағында Байронның «Чайльд Гарольд» поэмасынан үзінді және бір романс аудармасы, Некрасовтан екі өлеңнің аудармалары басылған. Бірақ «Өмір сыры» жинағы тұтас алғанда және сол кезде басылып жүрген өлеңдеріне қарағанда Қасым поэзиясында әлі толғау жырдың үлгісі басым еді. «Өмір сыры», «Октябрь», «Тұрмыс толғауы» сияқты шұбыртпалы жырлар, сол тұстағы қазақ ақындарының көбіне ортақ дәстүр болатын. Ол кезде осы толғау үлгісі қазақ совет поэзиясының келешек даму жолына олқы соғатындығын әдебиет сыны түсіндіріп айтқан емес, қайта-ол үлгілерді мазмұнына қарап айрықша мақтап жазып жүрді. Ал, орыстың немесе батыстың классик ақындарын аударып, солардың үлгісінде жазылған Әбділданың сюжетті лирикалары сынға алынып отырды. Ал, Маяковскийдің дәстүріндегі Сәбит лирикаларын да басқа ақындар қабылдай қоймады. Сондықтан Қасымның алғашқы жинағына байланысты ақындық өсу жолы әлі тап басып, қалыптанбаған еді. Әсіресе, Қасым ақындық творчестволық сын көрмей келген-ді! «Өмір сыры» әрі мақталды да, әрі сынға да ұшырады. Бірақ, үлкен қорытынды жасалған жоқ.

Мен Қасымды 1937 жылдардан жақын біле бастадым.

Ең алғаш «Лениншіл жас» газетінің басқармасында маған Жұмағали Саин:— Бұл сері ақын,— деп таныстырды. Талдырмаш, ашаң келген кішкене Қасым жымып тұрды да, байқап көріндерші деп ешбір қағазға қарамастан жатқа бір-екі лирикалы өлеңін айтып берді. Соның бірі әлі күнге есімде —«Көктем» деген суретті лирикасы.

«Ақырын жылжып қана көктем келді,
Сықылды жас жігіттің сәулетайы» —

деген көкейге қонымды ақын сөзі Қасымның ақындығын бірден танытқандай еді.

Ақынның таланты алдымен сезімді селт еткізетін айқын суретшілігінен танылады. Ақын да, художник те осы тұрғыдан сөзбен; бірі бояумен жанды сурет сала білуге тиісті. Маған Қасым бірден осындай бояуы ашық суретшілігімен айрықша ұнады. Біздің достығымыздың басы осыдан басталып кетті. Әрі ақын, әнші, күйші сауыққой Қасымның достары, жолдастары мол еді, ол кездегі жақын жолдастарынан Жұмағали Саин, Дихан Әбілев, Қалижан Бекхожин, Абдолла Жұмағалиев, Төлеутай Ақшолақов, Қапан Сатыбалдин және басқалары біздің үйге жиі келетін еді. Қасым кейде не домбырасын, не скрипкасын бірге ала келетін. Әрине, бас қосқан жерде әдебиет мәселесі, әсіресе поэзия жайы көбірек сөз болады ғой, кімнің өлеңі, кімнің поэмасы жақсы, жаман деген пікірлер ортаға түседі. Оның үстіне басы қосылған ақындар өздерінің соңғы жазған, әлі жарияланбаған өлеңдерін қағазға жазуынан оқыса, Қасым, көбінесе жатқа айтушы еді. Жатқа айтқандықтан ба, немесе Қасым өлеңдерінің ерекше бір көркемдік күштері бар ма, әйтеуір оның өлеңі басқалардан көбірек ұнап, көбірек мақтау алатын. Қасымды «Тәңірдей!» табынып, алдына ұстазындай иіліп ерекше бір тағзым етіп мақтау сөзді Абдолла көбірек айтатын және басқа біздің сындарымыздан Қасымды қорғаумен болатын. Ал, біз бір өлең, не бір ақын туралы қызу айтысқа кірісіп кеткенде Қасым онша көп араласпай, скрипкасын тартып өзінше бір іштей жан рахатына батқандай жымып қана отыратын.

Ол белгілі халық әндерінен де, «Айман — Шолпан», «Қыз Жібек» арияларынан да, Абай әндерінен де көп айтып орындайтын. Солардың ішінде Мәдидің, Естайдың әндерін өзгеше ықыласпен қайта-қайта айтушы еді. Әнін сырттай сүйіп айтқан Естайдың өзін 1939 жылы Алматыда көргенде, Қасымның қуанышында шек болмады. Ең бір қимастай жақыны жоғалып табылғандай шаттанды. Ес-

тайдың өзінен толық әңгімесін естіген соң, «Қорлан» уақиғасын драмалық поэма етіп жазбақ болды. Поэманың жоспарын, алғашқы бір тарауын біздің сынымызға салып, талқылап та алды. Өлеңі, не бір поэмасы жайында дәлелді, орынды сынға Қасым онша көп таласпайтын. «Ә, ә, ә? Таптың, таптың! Қарашы, мына қудың дәл үстінен түскенін»,— деп қиынның кілті ашылғандай қуанатын да, сол бір өзіне ұнаған ойды, немесе уақиға түйінін, бір ауыз сөзбен қағазына түртіп қоятын.

1938 жылы май айында Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толу мерекесі өтті. Осы мереке кезінде Қасым Жамбыл туралы мақала да жазды, өлең де жазды және «Жамбыл тойында» атты белгілі поэмасын бірер күнде-ақ жазып шықты. Қазақстанның белгілі ақын-жазушылары, мәдениет, искусство қайраткерлері және туысқан республикалардан келген қонақ жазушылар — барлығы Жамбылдың тұрған колхозына жиналып, екі күндей үлкен той өтті. Міне, сол тойға барған күндері Қасым поэмасын қолма-қол жазып шығып бізге оқып берді. Поэма әзіл-сыны аралас, формасы жөнінен ақын-жазушыларға айырықша ұнады. Бірақ бұл шығарма поэмадан гөрі оның фрагменті сияқты еді. Сондықтан да әдебиет сыны бұл жөнінде үзілді-кесілді сын айтқан жоқ. Жақын жолдас ортасында айтқан сындарымызды естігенде Қасым: «Оны сендерден өзім жақсы білемін»,— деп жай сабырмен жауап беретін. Сол себепті бұл шығармасын Қасым өз тірісінде ешбір жинағына енгізген емес.

Алматыға келгесін Қасым 1936—1941 жылдар арасында «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» басқармаларында, Жазушылар Одағында қызмет істеді. Бұл коллективтерде қызмет істеп жүріп, ол творчестволық жағынан да, жалпы әдеби теориялық білімін арттыру жағынан да тез өсті. Ол өлеңмен қатар әр түрлі тақырыпқа мақала, очерк, фельетон жазды. Бүгінгі әдебиетке де, өз творчествосына да талап-талғамы арта түсті.

1938 жылы жазған бір мақаласында жас ақындардың аз оқитындығын, өлеңді нашар жазатынын сынап келіп: «Өлеңдердің бірқатарының сапасы өте нашар болуы, бір-біріне өте ұқсас бола беруі, бір айтқанды қайталап айта берушілік, терең идеясы бар көркем шығармалар әлі де болса аз болып отырғандығы — жас ақын-жазушыларымыздың білім дәрежесінің кемдігінен... жақсы шығарма жазу үшін көп оқып, үйрену керек»,— дейді. «Кез келген сөз ақын сөзі болмайды, кез келген тақырып поэзия тақы-

рыбы бола бермейді»,— дейді, халық поэзиясы мен жазба поэзиясының қабысуы туралы 1939 жылы жазған тағы бір мақаласында. Осы сынды қаламдас жолдастарына қандай арнап айтса, өзіне де сондай талап қойып, ол оқу, үйренуден тоқталмайды.

Қасым өте адал, турашыл және жақын жолдас, достарына сенгіш еді. Біреудің беделі, атағы бар деп жалтақпайтын. Кезі келген жерде шындықты кесіп айта алатын еді. Сол турашылдығынан жақын жолдастарының талайына өкпелі де болатын. 1938 жылы Қалижан екеуіміздің басқаруымызбен ән-өлеңдерінің жинағы басылып шықты. Қасым жинақтың кемшіліктерін жақын жолдасым екен деп аямастан, қатты сынап мақала жазды.

Поэзия туралы менің бір мақаламда Сәбиттің «комбайннан құйылған бидайды», «домнаның су боп аққан теміріндей» деп бейнелеуін жаңалық деп мақтағаныма Қасым қарсы болып,— бидайды балқыған темірге теңеу тұрпайылық, көркемдік әсер бермейді деп үлкен даулы сын айтты. Өлеңнің көркемдігі жөнінде сол тұстағы үлкен-кіші ақындардың бәрін де батыл сынайтын. Олардың жеке сөздерін бұтарлай талдап қызу екпін мен сын пікірін айтқан мезгілде — құр сынағанша жақсы өлеңді өзің жазып неге үлгі көрсетпейсің деген кесе-көлденең сұрауға, ол үлкен мақсатымыз да сол ғой деп кілт тоқтаушы еді.

Қасым бұрын-соңғы ақын-жазушылардың шығармаларын таңдап, талғап оқитын. Кітаби ақындарға онша мән бермесе де, ол әнші ақындардың поэзиясына қызыға қарайтын. Ақан серінің махаббат лирикаларындағы ерекше сұлулықты, нәзік жан сырын тербете жырлаған:

«Ертістің құба талы секілденіп
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы.
Қиынның қиясында тұрсаң-дағы
Қиғаштап қанатымды бұрам-дағы»,—

деген сөздерін,

«Жігіттік көк семсердің жүзі емес пе?
Қайрап ап қалың жауға сермегендей»,—

деген Мәди сөздерін ақындық шеберлікке, тапқырлыққа үлгі етіп келтіретін.

1938—1939 жылдары «Әдебиет теориясының мәселелері» атты кітабымды жазу үстінде мынадай қиындықтарға кездестім. Дүниежүзілік әдебиетте дамып қалыптасқан жанрлардың бірталайы қазақ әдебиетінде әлі тұмаған.

Поэзиялық жанрдың ішінде баллада, сонет сияқты формалар тіпті жоқ болып шықты. Теорияны мысалмен толықтыру үшін бірқатар ақындардан осы жанрларда өлең жазып беруін өтіндім. Сонда Әбділдадан «Батыр шал» атты сюжетті баллада алдым, Қасым мен Жұмағали екеуі екі сонет жазып берді, Қалижан Шекспирден бір сонет аударды. Қасымның «Алма бағында», «Күндей шалқып күлгенің», «Колхоз қызына» атты сюжетті, суретті лирикалары да осындай теорияға мысал іздеуге байланысты жазылған болатын. Қасымның «Күпия қыз», Диханның «Мұңсыз Мариям», Қалижанның «Орман қызы», Жұмағалидің «Күлэнда», Қапанның «Шешілген жұмбақ» атты поэмалары осы бір мезгілде жазыла бастады. Біз үйімізге жиналып бұл шығармаларды кейде жеке тарауын, кейде жоспарын, кейде тұтас алып оқып өз ара талдайтынбыз, бәйгеге, баспаға ұсынуға, Жазушылар Одағының үлкен талқылауына салуға бола ма деген мәселені күні бұрын шешіп алатынбыз. Бұл ресми сындардан көбінесе қаттырақ және творчестволық іске бірталай пайдалы да еді.

1939 жылдары Баянауыл, Қөкшетауды аралаған мезгілінде Сұлтанмахмұт, Мәшһүр Жүсіп, Біржанның бейіттерін де көрген-ді. Сұлтанмахмұт бейітінің басында түк белгі жоқтығын қатты күйінішпен айтып келген еді. 1940 жылы майдың 20-да республикалық газет-журналдарда Сұлтанмахмұттың қайтыс болғанының жиырма жылдығына арнаулы мақалалар жазылды. Бірақ, сол кездегі мәдениет мекемелерінде істейтін кейбір бассауғалаушы жолдастар, Сұлтанмахмұттың үстінен арыз беріп, ол «ескішіл ақын» деп айыптар тақты. Қазақстан Орталық партия комитеті газет қызметкерлерін, әдебиетшілерді, ғалымдарды жинап кең мәжіліс өткізіп пікір алысқаннан кейін Сұлтанмахмұт жөніндегі газет мақалаларын мақұлдаған еді. Қасым Сұлтанмахмұт туралы балладасын, міне, осындай жағдайларға байланысты жазып, бізге оқып берген-ді.

Қасымның аралап көрумен алатын әсерлері, сезімдері де тез, алғыр болатын. 1938 жылы ноябрь айында демалысқа шығып, Қасым екеуіміз Москваны, Ленинградты араладық. Келер жылы жаз айларында Семейде пароходта бір топ жазушымен бірге болып, Қасым жолда Павлодар, Баянауылды аралап, біраздан кейін Бурабайда демалып жатқан маған келді.

Москва мен Ленинградта бұрын талай рет болса да, Қасым ғажап музейлерді, тарихи ескерткіштерді ерекше ақындық сезіммен қызыға қарап, алған әсерлері бойынша

қысқа өлеңдерін күнделік дәптерлеріне жазып отырды. Ленинградты бұрын жақсы білетін Қасым жетекші болғандай, қаланың талай қызық жерлеріне ертіп апарып отырды. Мен драмалық театрға барғым келсе, Қасым көбінесе концертке, опералық театрға барғысы келетін. Мен ескі кітаптар сататын магазиндерден керекті кітаптарды іріктеп алғанда,— «ескі кітаптардың не керегі бар?» дейтін маған. Брок-гаузь-Эфрон баспасы әдемілеп шығарған Байрон, Шекспир томдарын көргенде Қасым қызығып, ең болмаса Байронның бір томын берші деп қолқа салды.—«Ескі баспаның кітабын саған оқуға болмайды»— деп өз сөзімен өзін тоқтатып едім, қайтып кітап жайын сөз қылмады.

Көкшетауда болғанында Қасым Көкшенің сұлу жерлерін, Оқжетпесті, Жұмбақтасты, Ақшоқыны, Степнякті, Аңғалды, Қазгородокты, Көкше айналасындағы көп көлдерді — барлығын аралап көрді. «Мәдениет» колхозында бірнеше күн демалып жаттық. Степняк қаласында қалалық партия комитетінің қызметкері, әнші-сері жігіт Тілеубаев Ахметжардан Қасым Көкшетаудың бірталай әндерін естіп үйренді.

«Мәдениет» колхозында Біржанды көрген, Балуан Шолақпен жолдас болған Ысқақ, Исмайыл деген екі шал бар екен. Екеуі де әңгіменің бабын келтіріп, майын тамызып айтатын. Әсіресе, Біржан мен Шолақ жайындағы олардың кезектесіп айтқан әңгімелері Қасым екеумізді қайран қалдырды. Мен бірталайын жазып алып отырдым... Қасым, домбыра тартып, ән салып колхоз жастарын айналасына жинап, отырған жерін думан сауыққа айналдырып жіберді. Колхоздағы Асантай дейтін шебер күйші шалдың күйлерінен Қасым бірталай күйлерді естіп, кейбірін жаттап алды. Осы болған жердегі әсерлерін де Қасым шағын өлеңмен жазады. Бірақ, ол өлеңдерінің көбі жоғалған.

Қасым Бурабайда да он шақты күн жатып, саяхат құрып Бурабай тақырыбына да бірталай суретті өлеңдер жазған-ды. Бір күні Қасым суға кетіп қала жаздады. Курортта таныс бір қызбен екеуі қайыққа мініп Оқжетпесті көреміз деп кетті. Күн ашық та ыстық еді. Түске таман аспанда бұлт тұрып жел көтеріліп, лезде Бурабай көлінің бетінде алай-дүлей толқын тулай жөнелді. Көлдің ортасында келе жатқан Қасымдар, міне осы толқынмен, яғни ажалмен ұзақ алысып жағаға шықты. Қыз есін өзгер біледі. Қасымның да өңі құп-қу екен. Қайықты желге қарсы айдаудың арқасында аман қалыпты. «Бурабай толқындары» атты күшті лирикасы осы жағдайға байланысты жазылған

еді. Көкшенің сұлулығына бар жан-тәнімен қызыққан Қасым қайтсем де бұрын-соңғы Көкшені жырлаған ақындармен жарысқа түсіп, олардан асыра бір поэма жазам деген сертпен қайтты.

1939 жылдың күзінде Қасым Райхан деген қызға үйленді. Бірақ екеуі де келісе алмай, бірте-бірте аралары ашылып, алты айдан кейін айырылысты. Бұл жөнінде біреу Қасымды, біреу Райханды кіналайды. Екі жағынан да әртүрлі мінездер болған шығар. Алайда, осы үйленіп, айырылысу жанжалы Жазушылар Одағында арнай талқыланып, Қасымның атына ауыр сындар айтылды. Талқылауда Қасымның ақындығы мен адамгершілік мінезі қатар сөз болды. Сынаушы жолдастардың қай-қайсысы болсын Қасымның жалындап өсіп келе жатқан талантты ақын екенін, бірақ семьясындағы өмірі талантты ақын бойына зор мін екендігін айтты. Міне, осындай талқылаулар тұсында Қасым бірде тулап, немесе уайымға салынса да, кейін жақын жолдастарының ұғындыруы арқасында ол пайдалы сындардан өзіне тиісті қорытынды жасайтын халге келді.

«Мен өлмеспін, өлмеспін,
Жамандыққа көнбеспін,
Жалын едім сөнбейтін»,—

деп өзінің ішкі жан сырларын ақтара ағат басқан өмір жолына қатал сын бере отырып, бірақ үмітсіздікке салынбайды.

«Өкінбеймін өмірге
Босқа келген екем деп,
Өкінемін бір күнде
Түк бітірмей өтем деп.
Мен сүйемін өмірді,
Құшақтаймын жарымдай,
Бірде болам көңілді,
Бірде тұрман қайғырмай,—

деген өмірдегі негізгі творчестволық мақсатын айтады. Жиырма бес жасты артқа қалдырғанша түк бітірмей көп қағазды босқа шимайлаған өкінішін де жасырмай өзін жана іске қайрап салғандай, жаңа ақындық өріске құлшына кіріседі.

1939—1941 жылдар арасында Қасымның творчестволық өмірінде елеулі өрлеу дәуірі басталады. Мұның басты себебі — қазақ поэзиясында ақындық өнерге талап-тілек күшейді. Бұрынғы жыр үлгісіндегі толғаулардың орнына орыс поэзиясының үлгісіндегі Абай дәстүріндегі ойлы, мағыналы көркем поэзиялық шығармалар жасау, 1939 жыл-

ғы Қазақстан жазушыларының ІІ съезі көтерген басты міндеттің бірі болатын. Әсіресе Пушкин, Лермонтов, Маяковский, Байрон, Шевченко шығармаларын тереңдей оқып, олардан қазақ тіліне аударып бастауы Қасымның творчестволық өсу жолын анықтай түседі. Осы кездерде жазған «Ленин және дүние», «Нар тәуекел», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Заула, заула, Турксиб», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Ғашық едім қайтейін», «Сонет», «Жолдас маршал» сияқты ақын өлеңдерінде қандайлық өрісті ойлар, қандайлық терең сезім қуаты, қандайлық өткір тіл байлығы, қандайлық жаңалықты серпін жатыр?! Бұл 1930 жылдардың орта кезіне дейін жазған толғаулардан шоқтығы бөлек тұрған шығармалар екенін бірден танысың.

Ақынның В. Маяковскийден үйренуі өте жемісті. Қасым Маяковскийдің он шақты өлеңін 1940 жылы аударып, 1941 жылы «Бар дауыспен» деген атпен жеке жинақ етіп жариялайды. Бұл Маяковскийдің қазақ тілінде ең алғаш жинақ болып басылуы еді. Ақын Маяковскийді аударушы ғана емес, оның ақындық дәстүрін, творчестволық эстетикалық принципін меңгеруге батыл адым жасайды. Қасым Маяковскийге сырттай еліктемейді, осы тұстағы кейбір ақындарша он бір буынды өлеңді бір-бір сөзбен әр жолға шашып қойып жазатын еліктегіш үлгілерге жармаспайды, өлеңнің ішкі мазмұнын, ақындық мәдениетін дамыту бағытында ізденеді. Мәселен, Қасымның Маяковскийге арнаған «Ақын» деген лирикасын алайық: ескі дүние есігін теуіп ашып кірген ақын еркін басып төрге ұмтылды, кербез әйел сияқты паң дүние оның бұл қылығына бұлқан-талқан. Ақын дүниенің сырын, мұңын терең ұғынып, бостандықтың, жаңа дүниенің жырын әлемге тартты, құдіретті пәрменді ақын даусы жер құлағын тұндырды, ескілік те, ақындықтың «құдайы»— муза да естері шығып қаша жөнелді, ұйткені музаға ол ғашық емес еді.

Не қыламыз шынында музаны біз,
Көп ақыннан қалған ол бір кәрі қыз,
Муза жазып бермейді бізге өлең,
Өлең тоқыр өзіміз фабрикамыз...

Даусы қалды құлақта саңқылдаған,
Жыры қалды жүректе жарқылдаған,
Жыр керек қой дүниеге, жыр керек қой,
Неге ғана өледі ақын адам?!

Бұл 1940 жылы Қасымның жазған аса ірі ақындық сөзі; ол Маяковскийдің тарихи ұлылық бейнесін осы бір шағын

лирикада жеткізіп елестете отырып өзі Маяковскийше жазуға, оның новаторлық, эстетикалық қағидаларын творчестволық жолмен меңгеруге құлаш сермейді.

Әрине, Қасым өлеңнің формасы жөнінен де қатты ізденген ақынның бірі қандай жаңа форма іздесе де ақын белгілі бір музыкалы үнділікке, жарастықты шеберлікке келтіріп беруге тырысады, Қасымда музыкасыз, лепсіз жаңа форма келіп тумайды. Осы кездегі жаңа формамен жазған екі өлеңнің екеуі де аударма — «Сулико» және «Өтеді күндер» (Шевченкодан) өлеңдері болатын.

Көп іздедім қабырыңды,
Қайғы сыймай жүрекке.
Сүйген жарың зарлай-зарлай сағынды,
Бір тіл қатшы-ау, Сулико!
Көрдім гүлді бакшадан,
Шық сорғалап жас тамған.
Сол бір гүлім сен емеспен, жан еркем,
Тіл қатсаңшы-ау, Сулико!..—

деген Суликоның текстісін орысшасынан өзі аударып, музыкасын скрипкада ойнап, ақын-әншілер ортасында таратты. Әлбетте өлеңнің форма жаңалығынан гөрі мұнда музыканың ырғақ толқыны жаңа өлеңге жан, ажар беріп тұрған сияқты. Ал,

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап,
Соғады дауыл, солады гүлдер
Сарғаяды жапырақ.

деген он, сегіз буынды төрт жолды өлең үлгісін Қасым қазақ поэзиясына тұңғыш рет кіргізіп, кейін «Дариға, сол қыз» сияқты арнаулы музыкасымен жазған өлеңдері арқылы дамытып калыптастырды. Бұл форманы осы күнгі қазақ ақындарының көбі пайдаланып жүр.

Қасымның «Дауыл» өлеңі де осы кезде ізденумен жазылған. Кейбір сыншылар осыдан символизм іздемек болғанда Қасым өзінің В. В. Куйбышевтен аударғанын еске түсіретін және «Буря это движение самых масс» деген Лениннің (т. XV, 469) сөзін жатқа келтіретін.

В. Куйбышевтың:

«Буря, буря наступает,
С него радость мчится к нам».—

деген революцияшыл өлеңінің жолдарын Қасым:

«Дауыл, дауыл келеді, емес алыс,
Дауыл алып келеді бір қуаныш!»—

деп аударған. Қасымның поэзия жолындағы ізденулері осындай революцияшыл өлеңдермен де үндесіп жатқанды.

Қасым лирикалы өлеңдерімен қатар «Күпия қыз», «Бикеш» атты поэмалар да жазады. Бірақ, ақынның поэмалары лирикалары сияқты әдебиет жұртшылығын толық қанағаттандырмайды. Әсіресе әуелі «Азғынбаев» деген атпен жарияланған поэмасы жазушылар ортасында сынға алынды. Ақын, Азғынбаевтың теріс жолға түскен мінез-құлықтарын әжуалай суреттегенімен, сол жағымсыз қылықтарымен күресуші үлгілі жастың бейнесін жеткілікті көрсете алмаған. Мұндай сындардан Қасым кейін тиісті қорытынды жасап, поэмасын «Бикеш» деп өзгертіп қайта жөндеп жазды.

Осы кездегі Қасымның лирикалы өлеңдерінде жалпы совет поэзиясына ортақ тақырып елеулі орын алады. Ол социалистік революцияның жеңісін, совет халқының бостандық, бақытын, совет елінің күннен күнгі ұлғайған айбынды қуатын да, Совет Армиясы мен жастардың жеңімпаздық салтын да, кемеңгер Ленинді және коммунист партиясының көрнекті қайраткерлері туралы, колхозшылар мен ақын-әншілердің өмірі туралы — барлығын да жырлап жазды. Мерейі үстем, мақсаты айқын совет адамдарының қызықты, салтанатты өмірі, әр алуан көңіл күйлері, рухани дүниесінің байлығы ақын жырына қанат бітіргендей, ол өмірден көріп сезгендерін дәл жырлай отырып өз өмірінің де мағыналы сырларын ақтарып отырады. Адамның жан дүниесінде болатын әр алуан сезім толқындарын Қасым жасырмай, бүкпелемей ашық айтуға тырысады.

Алайда, соғысқа дейінгі творчестволық өмірінде Қасым едәуір ілгерілесе де, бірақ белгілі бір үлкен қорытындыға жете алмады. Соғысқа аттанар алдында қоштасу ретіндегі бір әңгімелерінде ол осы күнге дейінгі өзінің шығармаларына көңілі толмайтындығын, қазақ поэзиясы қандайлық олқылықта болса, соның жаңа келіп қосылған жас кадрінің бірі өзі әлі жақсы шығармалар бере алмай аттанып бара жатқандығын айтқан еді. Бұл поэзиялық творчествоға аса жауапты қарайтын ақынның үлкен талғамы болатын. Ол майданға аттанғанда да поэзиялық жолдағы биік мақсатын алға қойып қоштасқанды.

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНЫҢ ЛИРИКАСЫ

Қасым 1941—45 жылдары Ұлы Отан соғысына қатынасып, басқыншы жауға қарсы қолындағы қарумен де, қаламымен де белсене күресті. Соғысқа дәл аттанар алдында ақын «Мазасыз музыка», «Армиясы Лениннің», «Бейсекештің бес ұлы», «Қоштасу» сияқты патриоттық өлеңдерін жазады. Қасым әуелі Қиыр Шығыста 1941—1942 жылдары міндетті әскер қызметін өтейді де, 1943 жылдан 1945 жылға дейін батыстағы соғыс майданында болады. Қатардағы солдат болып, міндетті әскер қызметін өтеген Қасым майдан, жорық жолының қажырлы күрестерін басынан кешеді. Ол әскери бөлімде үгітші де, ойын-сауық бригадасында да ақын декламатор, артист болып та істеп, командованиеден мақтау алғыс алып отырады. Майданда жауынгерлік міндетін жақсы атқарған Қасым Коммунист партиясының мүшелігіне алынады.

Сол соғыс майданында жүріп Қасым көптеген лирикалы өлең жазады. Оның бірқатары «Қанқұйлы жау», «Отан соғысы туралы жыр», «Үстімде сұр шинелім», «Май майданда», «Подполковник Алпинге», «Мартбек», «Жеңіс даусы», «Сен фашистің, мен қазақпын», «Қызғалдақ» сияқты өлеңдері соғыс өмірін суреттеуге арналса; «Байкал», «Орал», «Ертіс», «Сарыарқа», «Сибирь» сияқты лирикалары туған жердің сыр-сипатын, сұлулық бейнесін суреттеуге арналады. Ал, «Достар, қайда жүрсіндер?», «Елге хат», «Ғалиге», «Сәбитке», «Есмағамбетке», «Қапанға», «Еркін ініме», «Ағайға» сияқты лирикалары туған елді, дос-жарандарын, ағайын-туыстарын сағынғаң солдаттың сезім дүниесін жырлауға арналған. Бұл өлеңдерінде Қасым Совет адамдарының зұлым жауға деген ыза-кегін, туған жерге, Отанға, досқа деген жалынды махаббатын суреттейді.

Ақын соғыс майданындағы жауынгерлік уақиғаларды, ұрыс қимылдарын баяндап жатпайды, көбінесе ол совет солдатаның қажырлы қайратын, моральдық қасиетін, соғыста жүргендегі сағыныш-күйініштерін сипаттауға назар аударады.

Рас, соғыс өлім мен өмірдің тай-таласқан жері. Совет адамдары зұлым басқыншы жауға қарсы сұрапыл соғыста не түрлі қиыншылықтарды басынан кешірді, жанын берді, қанын төкті. Осындай жағдайдағы солдат өмірінің басынан кешетін әр түрлі халдер, түрлі көңіл күйлері болатыны даусыз. Ақын, солдат басында болатын осындай әр түрлі халдерді кейде жігерлі, кейде сағыныш-мұңды күймен

жырлайды. Ақкөңіл адал Қасым, әсіресе майданнан жазған хаттарында, хат өлеңдерінде өзінің майдандық өмірін, ішкі жан сырларын кең баяндайды. Өз өмірі арқылы әрбір солдат басында болатын сағыныш күйлерді Қасым қандай терең тербеп айтқан десейші!

Соғыс кезінде Қасымның маған жазған бірнеше хаттары мен екі өлеңі бар еді, ол өлеңдер де, хаттар да жоғалды. Сол көп жазған хаттардың біреуі ғана менде сақталыпты. 1942 жылы 23 февральда жазған хатында былай дейді:

«Қадірлі Есет! Жеті ай бойы хат-хабар ала алмай, әбден ішқұса болған, сағынған кезімде ең тұңғыш ұшқан жыл құсындай көкірегімді көктемдей жарқыратып сенің хатың жетті. Сенің хатыңды экспедитор алып келгенде тұмау тиіп, науқастанып жатыр едім, ғашықтықтан сарғайып, сары ауру болып жатқан жас сұлу «сүйген жарың келді» дегенде қандай серпілер еді; сенің хатың мені сондай серпілтті. Хатты он қайтара оқыған шығармын. Әрбір әрпінің арасынан сүйікті туған өлкенің, жер жұмағы Алматының тау-тасы, орманы, ағаш-суы, жарқыраған аспаны, достарымның сүйкімді жанарлары маған күлімдеп қарап тұрғандай болды. Сол минуттегі сезімнің күш-қуатын Бетховен сияқты композитор болмаса ешкім де, искусствоның қай түрі болса да (музыка болмаса) жеткізіп бере алмас еді деп ойлаймын... поэзия көлін айналып қайта қонғанда бірдене етпесем, қазір тілім жетпей тұр, жетер еді, науқас бөгет болып тұр. Жас кеудеме ұялап алған кәрі тұмау тынышымды алып жүр. Дегенмен, жазылуға беттедім. Қысқасы, сенің хатың маған ұлы қуаныш болды... Жалпы халым жақсы. Бұл жақтың қысы мынадай: қар баяғыда ептеп жауып еді, қазір ырымға жоқ. Жиі-жиі қатты суық жел болады, өңменіңе көк сүңгідей қадалады. Жел болмаса, жылы. Қазір, жазғытұрымның исі шыға бастады. Өзім тоңып көрген емеспін, тек жеңілтек жүремін деп суық тигізіп алдым. Көп хабарды Алматыдан күтемін, ұзақ етіп хат жаз, адресім мынадай: ППС — 57. 276-шы инженерно-строительный батальон. Аманжолову. Хош, достым, хат, хат, хат жаз! Қасым».

Жазған өлеңі бұл хатынан әрі күшті болатын. «Поэзия мұңын шағып келетін» жолдасты сағындым дей келіп өзінің поэзиясы алыста жүрсе де құс болып ұшып, жалын болып жарқырап жететін зор сенімін айтады. Осындай ойларын ол Ғабдолға, Қапанға, Ғалиге жазған хат-өлеңдерінде тереңірек айтады. Алыста елді, достарын сағынған

жүрегі, жалынды жырға толғандай, осы хат-өлеңдерінде де оның ақындығы ерекше көзге түсетін еді.

Жанымды салсам жалынға
Қанады-ау деп те сескенбен,
Қап-жасыл болған шағымда,
Шомылып өртке өскен мен...
Нажағайлы қара бұлт болып,
Жаңбыр боп жауып өтті де».

(«Ғабдолға» Шығар. II том, 46-бет).

Немесе:

Түссем де отқа, суға тозар емен...
Солдаттың етігіндей жаным сірі.

(«Елге», сонда, 56-б.)

Немесе:

Нығырақ басамын мен аяғымды.
Алға ұстап жүрегімді, аянымды,
Өз жүрген жолдарыма келем жазып
Сырымды барлық өмір, баянымды...
Айтар ем туған елдің сүй, деп,— тасын,
Аймын, кетер тамып ыстық жасын.

(«Ғалиға», сонда, 64-б.)

Мұндай хат-өлеңдерінде Қасым өзінің сағынышын, барлық ішкі сырларын қалтқысыз ақтарыла баяндайды. Осындай терең ойға толы, елге деген жалынды сезімін жырлаған ақын жауға деген ыза, кегін де тебірене толғайды:

«Сен едің мені айырған достарымнан,
Орыстың ойран салып орманына
Қазақты қуғандай ең даласынан» —

(Сонда, 80-б.)

деп жолдастарын жауды кирата соғуға шақырады.

Қасымның екі дәптер өлеңі орысша-қазақша аралас жазылған. Бұл өлеңдері майдандағы солдатты жауынгерлік өмірін суреттеуге, неміс-фашистерінің зұлымдықтарын әшкерелеуге арналған. Ақын жалынды, отты, қанатты жырларымен әрбір солдатты жауға қатал, мейрімсіз болуға, Отанның кегін алуға, жеңісті жылдамдатуға шақырады. Майдандағы солдаттардың жиналған жерінде, жиналыстарында Қасым өлеңдерін орысша, қазақша, екі тілде бірдей жатқа айтып орындап, үлкен үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Кейбір өлеңдерін ол СССР халықтарының көп таралған әндерінің сазымен гармоньға қосып орындайтын болған. Қасымның «Майдан дәптеріндегі» өлеңдерінің көпшілігін екінші томға іріктеп беруге үлгіре алмадық. Оны

кең зерттеп, келешекте жариялау өз алдына бір міндет екендігі белгілі.

Соғыс кезінде жазылған Қасым поэзиясының биік бір қырқасы, сонымен бірге қазақ совет поэзиясына елеулі үлес болып қосылған «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасы. Поэма әуелінде «Абдолла» деген атпен жазылып жарияланды. Абдолла Жұмағалиев (1911—1943) талантты жас ақын, Қасымның жақын досының бірі болатын. Өлеңдерінде Лермонтов пен Байронның романтикалық поэзиясының сарыны бар еді. Оның кейбір өлеңдері адамның өршіл үмітін, дүниені кезген жолаушы немесе мәңгі-бақи айнымас ізгі арман бейнесінде жырлағаны бәрімізге қызық көрінетін. Нақты өмір шындығын сипаттаған өлеңдерін жақсы қабылдап, бұлдыр романтикаға бой ұрған өлеңдерін сынайтынбыз. Қасым әрдайым оны: «Біздің Байрон» деп еркелетіп, ақындығын, адамгершілік мінездерін қатты қадірлеуші еді. Абдолла Ұлы Отан соғысының майданында кескілескен қатты бір ұрыста күші басым жаудың қоршауында қалып қойып, ерлікпен қаза табады. Абдолланың жауына қарсы өмірінің ақтық минутына дейін табанды ұрыс салған тамаша ерлік уақиғасын газеттерден оқыған Қасым қатты толғанып поэмасын тез жазып шығады.

Поэмада Қасымға тән асқақты романтика да, жалын атқан ақындық шабыт та, көркемдік бейнеге толы поэзияның құдіретті қуаты да бар. Айнала оқ жаудырып, өрт қаптатып келген жауға берілместен, ақтық оғы қалғанша ерлікпен ұрыс салып қаза тапқан ақын Абдолла туралы поэмада Қасым фашистер әкелген қырғын соғыстың апатын да, сол зұлым жауға қарсы айырықша табандылықпен соғысқан совет жауынгерінің таңғажайып ерлігін де поэзия тілімен жеткізіп бейнелеген.

«Өмір гүлін жаншып, таптаған», махаббаты «шаштан сүйреген», басқыншы жендеттерден «жер жиіркеніп жиырылады», «өзендер жауға тамшы татырмастай суын алып қашады», «зеңбіректер көктің миын түсіргендей» зіркілдейді, қара толқын орман шашын» снарядтар жұлып түсіруде, мәңгі мекен көл жағасын тастап, «жарлар суға сүңгуде», жаудың Отан жеріне өрт салып, өлім егіп жатқан майдан ішінен «бұлттан атылар нажағайдай» батыр үлкен автоматынан оқ жаудырып, гранатын лақтырып, жау тобына соққы беріп, танкысын қиратып, ерлікпен ұрыс салуда. Ызалы кекті совет жауынгері өзін қоршаған күші басым жау алдында бас иер емес. Оның оғы да бітті, автоматы да тынды, қызыл-жасыл өрт киінген сұлулар ойнақ

салып келе жатқандай, ол омырауын ашып от ұстаған Прометей сияқты әлемге қарсы қасқайып тұрады. Оның көз алдынан сыландаған сұлу жардай, қызықты өмір де туыстары да елестеп өтіп жатқандай. Қандай күшті романтика десейші! Ақын Абдолланы жауға берілмей Отан намысын қорғап ерлікпен өлген өмірін бүгінгі жас қауымға үлгі етіп ұсынады.

Мұның өзі оптимистік трагедия екендігін де ақын ұмытпайды. Батыр ұланның орасан ұлы ерлігіне сүйсінеді де, өліміне қайғырып өкінеді де, ақын қазақ поэзиясында бұған дейін айтылмаған тың ақындық өнермен соғыстың шындығын, совет адамының ерлік тұлғасын жарқын елестетеді. Сондықтан да бұл поэманы соғыс кезінде де, соғыстан кейін де әдебиет жұртшылығы, орыстың, қазақтың ақын-жазушылары аса жоғары бағалады. Поэма ең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылы 22 майдағы 102 санында жарияланғанда, жазушы Ғ. Мүсірепов — бұл майданнан естілген жаңа леп, қазақ поэзиясында бұрынсоңды айтылмаған жаңа ақындық сөз деп бағалады («Соц. Қазақстан», № 112, 6 июнь 1944 жыл). Поэманың совет поэзиясында да аса ірі шығарма екенін Н. Тихонов, Л. Соболев және басқа орыс жазушылары да айрықша атап көрсетті. Сөйтіп, Қасым соғыс майданынан, жауды жеңген зор қуанышпен қатар ақындық творчество жолында да үлкен жеңіске ие болып қайтып еді.

ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ

Қасым Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, 1945 жылы октябрь айында Алматыға қайтып келді. Қасымды жазушылар жұртшылығы айрықша құрметпен қарсы алды. Майданда жүріп жазған оның бірталай өлеңдері және Абдолла туралы поэмасы Қасымды өзінің замандас достарына бөлекше танытып еді. Ақын-жазушылардың көпшілігі енді Қасымның майдан дәптеріндегі өлеңдерін ынтыға күтіп, қызыға оқып қабылдады. Жазушылар Одағының кеңсесінде кең мәжіліс шақырылып, Қасымның бұрын жарияланбаған лирикаларын оқыған жолдастардың қай-қайсысы болсын, оның ақындық өрісі әлдеқайда серпінді жатқандығын толық таныған. Қасым майдан өлеңдерін газет-журналдарға көптеп бастырумен қатар бірден жаңа өлеңдер жазуға кірісті.

1945 жылы Қасым небәрі 17 өлең жазған екен, оның 7 үі Алматыға келген соң жазылған.

«Алматы», «Сенің алма бағыңда» сияқты лирикаларында:

Келдім сені сағынып
Алтын ұям — Алматым,
Кең көшенде басар нық
Мен бір ақын солдатың.
От пен темір сайысқан,
Келдім майдан төрінен,
Жер құшам деп көр құшқан
Жауды жеңіп келдім мен.
Күлкі, жасы аралас
Ақын да бір жас бала.
Тербет өзің, мауқын бас,
Алтын бесік астана!—

деп туған жер, өскен қаланы сағынып құшқан жалынды жастық сезімді шертеді.

Қасым 1937 жылдан ағасы Ақметжанмен бірге Жазушылар Одағы берген Городская көшесі 69-шы үйде тұратын. Майданнан қайтқан Қасымның ақындық өмірінде қандайлық жаңа өріс туатын болса, жеке өмірінде де жаңа тұрақты семьялық өріс басталып еді. Ол бұрыннан жақсы таныс, бір-бірімен сыйлас құрбы Сақыпжамалға (Сәпенге) үйленді. Сәпенмен араларындағы таныстық ерте, Оралда басталды. Қасым өзінің іштей жақсы көретін сезімін білдіріп бірнеше өлеңдер де жазған. Бірақ, ол кезде Сәпен тұрмысқа шыққан жас келіншек, өзінің тату-тәтті семьясының жарастығын сақтап, Қасымның өлеңдеріне мән бермейді. Бірақ, Қасым, оған да ренжімей Сәпенді сырттай құрметтеуін тоқтатпаған. Қасым Сәпенмен қосылғаннан кейін де, төрт жылдай ағасы Ақметжанмен бірге тұрды. Бұл үй 1934 жылы жазушыларға арналып салынған демалыс үйінің бір бөлегі болатын. Айналасы жаз айларында жайқалған бау-бақша, сылдырап аққан Алматы өзені еді. Ақынның күшті табиғат лирикаларының бірталайы осы үйдің төңірегіндегі күнделікті құбылыс, әсерге байланысты жазылған-ды.

Майданда жүрген кезінде салқын алып, көкірек ауруына шалдыққан Қасым сол ескі сырқатынан айығып кете алмады. Алайда, өн бойын ақындық қуат кернеген Қасым өзінің ауру-сырқауына қарамастан күннен-күнге жазуын үдете береді. Ол өзі қатынасқан Отан соғысы тақырыбынан бастап, Совет адамдарының рухани дүниесіндегі әралуан сырларды, социалистік өмірдің күнделікті бейнесін,

барлығын да кеңінен қамтып, өлеңді бұрқыратып көп жазады.

1946 жылы Қасым 26 өлең жазған. Сонымен бірге бұрынғы «Бикеш», «Қытай қызы» атты поэмаларын қайта жөндеу үстінде отырады. Малшылар өмірінен «Боран» атты поэмасын жазуға кіріседі. Бұл кезде де Қасымның өлеңдері идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі жағынан да, өлеңдік формасы жақтарынан да, әр алуан ерекшеліктерімен оқушы жұртшылықтың назарын аударды. «Достар», «Туған жер», «Май келді», «Сауыншы жеңгейдің жыры», «Бөбегімін Лениннің», «Академия», «Кұрбыма», «Домбыра», «Дариға, сол қыз», «Астық пен бастық», «Ақындар бесжылдығы», «Долы бұлт» және басқа өлеңдері Қасымның соғыс кезіндегі өлеңдеріндей жаңа леп, жаңа ақындық ізденумен жазылған-ды.

Осы жаңа леп, новаторлық ізденудің жолында ешбір қайталанбайтын Қасымның өршіл, қуатты поэзиясы ерекше бір жоталана көрініп, қалың оқушыларды бірден өзіне баурап алған еді. Терең жан сырын тербеген ойлы, сырнайлы лирикаларында өзгеше бір сырлы саз бар еді, ән мен поэзияны түйістірген тұтастық байқалатын. Ал арнаулы әнімен жазған «Дариға, сол қыз», «Туған жер» сияқты тамаша күйлі лирикаларында Қасымның композиторлығы айқын танылды.

Сұрапыл соғыста, қып-қызыл өрттің ішінде жүрсе де, теңіз тебреніп, дауыл туласа да, жаралы болып, өмірмен қоштасар жерге жетсе де «Дариға, сол қызды» ұмытпайды, есінен шығармай жоқтайды.

«Келемін қайтып,
Өлеңімді айтып.
Қайда екен, қайда
Дариға, сол қыз?!—

деп мәңгі жас, сөнбейтін арманға айналған махаббат күйін шертеді.

Қасым творчестволық қиялында толғағы жетіп піскен ойлары келгенде қаламға ерік беріп, күйі тасып, өлеңді зор шабытпен жазатын. 1946 жылы июнь айында Қасым өлеңдерін керемет жылдам, мол жазғандығы оның қолжазба дәптерінен толық байқалады. Оннан аса өлеңді тек сол июнь айында жазыпты. Дәл июньнің 14 күні 4 өлең жазыпты. Осы бір шабытты мезгілін ақын «Күйім тасып барады күйім тасып», «Экспромт» атты өлеңдерінде ескертіп айтты. Күйі шалқып, өлең жыры көкірегінен кернегендей твор-

честволық серпіні көтерілген мезгілдерін еске түсіргенде — кең арнамен өлеңдер тасып келіп қалғанда, қалам ілеспейді-ау, шіркін-ай! Осы кезде үн-түн жоқ жазып алатын машина болар ма деген арманды да айтушы еді. Қасым өлеңді кейде импровизациямен де айтып кететін. Бірақ, Иса сияқты төселген айтыс ақыны отырған жерде Қасым импровизацияға аяқ баспайтын. Жазған өлеңдерін, көбінесе жатқа білетін Қасымның кейбір өлеңдері, әрине бұрынғы дайын текстері де болатын. Онысын жатқа айтып шыққаннан кейін өзі ескертетін.

1947 жылы Қасым ара-тұра сырқаттанып жатып қалып жүрді. Осы жылы қызы Дариға туды. Қасымның ақындық күйін, қуанышын тасытқан рухани күштің бірі өте жақсы көретін Дариғасы еді. Ең жылы, тәтті ақындық сөздерінің бірталайы Дариғаға арналып отырды. Кейін Дариға сырқаттанып қалған мезгілдерінде Қасым қатты жан азабын тартқандай, қалыпты жазу, творчестволық жұмысына тоқталушы еді. Дариғаның саулығы, еркелеп ойнап жүруі, әрдайым Қасымды жаңа ақындық шабытқа өрлеткендей болатын.

Сол 1947 жылы Қасым он шақты өлең жазады және — «Біздің дастан» поэмасын жазуға кіріседі. Сонымен бірге Лермонтовтың «Маскарад» атты драмалы поэмасын аударды және А. Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасын аударуға кіріседі. 1948 жылы Қасым 31 өлең жазады.

Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жазған таңдамалы өлеңдер жинағы «Дауыл» деген атпен басылып шықты. Қасымның газет-журналдарда жарияланған және «Дауыл» жинағына кірген өлеңдері қазақ поэзиясында ірі жаңалық еді. Қасым өзінің жалынды өршіл поэзиясының лебін, өзіндік ақындық мәдениетін жұртшылыққа таныта келді. Сонымен бірге Қасымның кейбір өлеңдері мазмұны жағынан әлсіз еді. Қасымның поэзиясындағы табыс пен кемшіліктерді әдебиет жұртшылығы сынап, көрсетіп отырды. «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде ақын Ә. Тәжібаев Қасым поэмасының ерекшеліктерін жоғары бағалай келіп, оны тұтас алғанда «Дауылды жырлар» деп атады. Біздің басқа басты ақын-жазушыларымыз да Қасым поэзиясына осы тұрғыдан баға берді. Әдебиетке соғыстан кейін келіп қосылған: Сырбай Мәуленов, Тахауи Ақтанов, Тәкен Әлімқұлов, Қуандық Шаңғытпаев, Ғафу Қайырбеков, Садықбек Адамбеков сияқты жаңа толқын ақын-жазушылар да Қасым поэзиясын терең ұғынған, ақынның жақын достары еді. Бүгінгі поэзия туралы көп әңгімелеріміздің бірінде мен

әр ақынның өз ерекшелігі, өз орны туралы, соның ішінде Қасымның да ақындығы туралы сындарымды таратып айтқанымда Қасым дауласып:

— Саған қазақтың барлық ақыны жақсы, адамның бес саусағы бірдей емес қой! Менің өлеңдерімнің философиялық мәнін Әбділда жақсы түсінеді, ал Сырбай поэзиямның нәзік жанын ұққан,— деді, кейбір музыкалы өлеңдерін нотаға түсірмей келген өкінішті айтқанымда Қасым ажарлы кескінмен — ол ән-өлеңдерімді талантты жас ақын Ғафу жатқа біледі, жоғалта қоймас,— деді.

Қасым поэзиясы төңірегінде сындар мен айтыстар ол қайтыс болғанға дейін тоқталмағаны әдебиет жұртшылығына белгілі. Бұлай болуы табиғи заңды да. Ерекше талантты новатор ақынның шығармалары өзіне дос оқушыны қаншалық көп табатын болса, сонымен бірге қызғанышты сезімдердің, дау-айтыс тудыруарлық ойлардың өрістеуіне де түрткі болып отыратыны түсінікті. Қасым өлеңдері осы тұстарда орыс тіліне де аударылып шыға бастады. Бірқатар таңдамалы өлеңдері «Гроза» деген атпен (Д. Снегин аударған) 1946 жылы және «Стихи» деген атпен 1949 жылы жеке кітап болып жарияланды. Онан соң орыс тілінде шыққан қазақ поэзиясының жинақтарында да Қасым өлеңдері елеулі орын алып отырды. Қасымның лирикаларын, әсіресе, «Байқал» өлеңі мен «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын орыстың әдебиет жұртшылығы да жоғары бағалады.

Аударма — Қасымның негізгі творчестволық жұмысының бір саласы. Орыс тілін еркін білетін Қасым Пушкин өлеңдерін 1948—1949 жылдары аса ұқыптылықпен аударды. «Чаадаевке», «Еркіндік» атты өлеңдері Қасым аудармасы арқылы қазақ тілінде кең тарады. Пушкиннің «Полтава» поэмасын да 1948 жылы толық аударып аяқтады. Қасымның сүйсіне аударған және одан әр уақыт творчестволық үлгі алып отырған сүйікті ақыны М. Ю. Лермонтов, «Тұтқын», «Ақын ажалы», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Желкен» сияқты Лермонтовтың тамаша лирикаларын Қасым қазақ тілінде лайықты тіл тауып, шебер аударма білді. Қасым Лермонтовты аударушы ғана емес, оны өзіне ақындық ұстаз деп те санаушы еді. Лермонтовқа тән асқақты романтика, жалынды пафос, терең сырлы бейнелеу, тәкаппарлық, батылдық сезім күйлері Қасым поэзиясынан да байқалып отырады. Күшті дауылды, тулаған толқынды, қыран құсты, ажалдан қорықпаған өршіл жанды сипаттаған жырлары Қасымның өзіндік ақындық ерекшелігі

болумен бірге Лермонтовпен үндестігін де байқататын. Абдолланың алып ерлікпен күресі, өлер шағында өмірмен қоштасулары Мцыридың жан сырларын да еске түсіргендей. Әрине, Қасым Лермонтовқа жалаң еліктеуші емес, орынды творчестволық жолмен үйренуші, бұл ақынның міні емес, дұрыс заңды өсу жолы.

1949—1950 жылдарда Қасым өзінің поэзиялық шығармаларымен қазақ совет әдебиетінің дамуы жолында іргелі орын алады. 1949 жылы 17 өлең, 1950 жылы 25 өлең жазады. Олардың ішінде «Дүние дұшпандарына», «Бактерия королі», «Дүние сыймас бомбаға», «Трумэнге», «Аденауэр», «Май майданы», «Қуанышқа, бақытқа» сияқты бейбітшілікті жақтау, империалистік соғыс өртін қоздырушыларды әшкерелеу тақырыбына арналған, «Отыз үш жыл», «Қазақстан коммунистеріне», «Аралым айдын шалқарым», «Есімде Эмба өзені», «Сырдария аңызы», «Коммунизм көктемі», «Шықты егінге колхозшылар», «Жылқышы», «Күн көтерген қарындас», «Комсомолдар колоннасы», «Жастық жыры» сияқты коммунизм құру жолындағы совет халқының бейбіт еңбегі, Социалистік Қазақстанның соғыстан кейінгі даму бейнелері тақырыбына арналған идеялық мазмұны терең көркем өлеңдер бар. Қасым өзінің шығармаларындағы қате-кемшіліктерді көрсеткен орынды әділ сындардан тиісті қорытынды жасай білді. Бірақ, қайсыбір шалағай ақындардай жалаң үгітке салынған жоқ, бүгінгі өмірдің ең келелі, маңызды мәселелерін қамтыған өлеңдерді өзінің Қасымдық жалынды, өткір бейнелі ақындық стилімен жазып отырды. Қасым Москвада, Бакуде болды. Қазақстанның бірталай жерлерінде, Абайдың туған мекені Шыңғыстауды тағы басқа жерлерді аралап, олардан алған әсерлерін де поэзия тілімен шебер жырлады.

Ақын лирикаларымен қатар, «Біздің дастан» поэмасын жазумен болды. Поэманы жазу үстінде ол қатты қиналып жүрді. Ең үлкен қиындық тартысты, сюжетті қалай беру керек? Негізгі үлгісі Маяковскийдің «Ленин» поэмасы болса да, бірақ Қасым оған жадағай еліктегісі келмеді. Сонымен, 1947 жылы жаза бастаған поэмасын аяқтай алмай кетті. Үзінді ретінде жариялаған үш тарауында Қасым Октябрь революциясының жеңісін, Ленин қайтыс болған кездегі халық қайғысын, Ұлы Отан соғысындағы совет халқының ерлік күресін сипаттайды, тарихи дәуірдің, ұлы революциялық жеңістердің зор дауылды тұлғасын ақын кең эпикалық өрісте суреттей отырып, өзінің лирикалық сезім күйлерін, ақындық шабыт толқындарын да орынды

береді. Әсіресе Лениннің қайтыс болу кезіндегі ел қайғысын суреттеуінде ол өзіндік өршіл, ақындық күшін танытып отырды. Алайда, Қасым поэмасында тарихтың даму заңдарын, жеңімпаздық күрестің түйіндерін жеке адамға байланысты жырлады. Елімізде болған тарихи жеңістерді ұйымдастырушы жеке бір адам ғана деген бір жақты пікірді дәріптеуге салынды. Осылай жазуына ол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағындағы сынның едәуір ықпалы болмай қойған жоқ. Қасымның лирикаларын «сойып» сынағандар, «Біздің дастанды» жер-көкке сыйғызбай мақтаумен болды.

Қасым аудару, редакция жасау, қазақ поэзиясының маңызды мәселелері туралы мақалалар жазу жұмыстарына да белсене қатынасты. Ұсақ өлеңдермен қатар Миршакардың «Алтын қыстақ» деген поэмасын аударды. Исаның ақындығы, жас ақындар туралы баяндама, мақалалар жазды. Халық ақындары Нұрқанның «Аманкелді» поэмасын, Қалқаның «Мұсабек» поэмасына жөндеу, редакция жасайды. Жас ақындар мен халық ақындарына Қасым әрдайым сын айтып, ақыл, кеңес, көмек беріп отырады. Сөйтіп, Қасым өзінің ақындық қызметімен де, қоғамдық жұмысымен де Қазақстандағы әдебиет қозғалысына белсене қатынасады. Совет жазушыларының алдына қойылған партиялық талап-тілекті орындауға үнемі атсалысады. «Дауылдан» кейін Қасымның 1949 жылы «Балбөбек» атты, 1950 жылы «Нұрлы дүние» атты жинақтары жарияланды. 1952 жылы «Таңдамалы шығармалар» жинағы басылды. Осы кездерде А. Твардовскийдің Қасым аударған «Василий Теркин», Лермонтовтан аударған «Маскарад» поэмалары жеке кітап болып жарияланды. Сөйтіп, елуінші жылдарда Қасым творчестволық өрлеу жолдарында бүкіл совет жұртшылығына кең танылған ақын болды.

АҚЫН ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ МЕЗГІЛДЕРІ

Қасыммен арамыздағы достық, жолдастық тұнық судай мөлдір еді, лайланған мезгілі болған емес. Бір-бірімізге деген сенім, көңілдің ең бір терең түкпірінде жатқан ішкі сырларды ақтарып, айтысатын сырластық, мұндастық жақындығымыз бірге жүріп тұрған өміріміздің бар кезінде де айнымаған берік қалпында сақталды. Тіпті дауылды сындарға ұшырау, ауырып-сырқау сияқты қиыншылықтарды басымыздан кешкен мезгілдерде де біріміздің қасымыз-

да біріміз болып, қуанышымызды да, ренжісімізді де бөліскендей бір-бірімізге қолдан келген көмекті аямадық. Ондайда өткен-кеткен өмір жолынан да қазіргі әдебиет жайынан да айтылмаған сыр қалмайды. Сол кезде жазушы арасында бірін-бірі күндеу, жікке, жерлестікке бөліну, біреудің үстінен біреу жала жауып арыз беру сияқты ескіден қалмай келе жатқан кейбір жиренішті әдет-ғұрыптарды айтып қынжыласың. Жаксы шығармалар жазып жүрген жазушының сүйсіне отырып, талант пен мінез-құлықтың бір жерден табыса бермейтін қайшылығын көріп күйінесің.

Бір-бірімізге айтылатын сындар мен сырлар мол еді. Қасымның көптеген лирикасы мен поэмаларының сәтті жазылып шығуына қаншалық, қалай араласқанымды теріп айтып жатпаймын. Талай өлеңінің жыртылып, талай өлеңінің қайта жазылуына себепкер болғаным рас. Ал, Қасымның да маған деген сыны мен жолдастық ақылы ерекше жылы, тіпті даулы болса да, қызық болатын. Өткендегі ақындар туралы жазған кітабым сыналып, көңлім енжар болып жүрген кездерімде жиі-жиі келіп, көңілді ән-күй, әңгіме айтып, көктем келгендей жадыратып тастайтын.

1951 жылы Жазушылар Одағында болған қатты бір сыннан кейін мен бірнеше күн сырқаттанып жатып қалдым. Қасым өзінің аурулығын елемей маған келіп, қасымда ұзақ отырып, әралуан әңгімелерінің арасында:

Жасып қайғы ойлама,
Тасып той тойлама
Осы екен өмір жолы,
Жасың қырықтан асты,
Жастық қайырылмас-ты,
Денің де сау емес қой,
Болма енді әуеской!—

деген өлең жолдарын жатқа айтты. Маған да, өзіне де арналғандай сөздер еді.

Соғыстан кейінгі дәуірлерде Қасымның өз бетімен оқуы бір жүйеге түскен болатын. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін де, классик ақын-жазушыларды да іріктеп оқыды. Нақты зерттеп тереңдей оқыған біркелкі авторлары: орыстың революцияшыл-демократтары — Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев және Плеханов шығармаларын оқу үстінде бір күні маған Белинскийдің Гогольге жазған хатының қазақша аудармасын оқып берді. Терең ойға толы, өткір жалынды леппен, күрделі әдебиет тілімен жазылған Белинский шығармасына қазақ тілінің сөз байлығын, сөйлем құрамдарын сондайлық дәл жеткізіп

пайдаланған Қасымның жазушылық, аудармашылық шеберлігіне қайран қалдым.

Ол Белинскийдің «Александр Пушкин шығармалары» атты еңбегін қадағалап оқып, өзіне керекті жерлерін сызып, кейде кітаптың беттеріне жазып отырған. Белинскийдің:

«Все народы потому только и образуют своей жизнью один общий аккорд всемирно-исторической жизни человечества, что каждый из них представляет собою особенный звук в этом аккорде, ибо из совершенно одинаковых звуков не может выйти аккорд. Как самое худшее, так и самое лучшее в каждом народе есть то, что принадлежит только одному ему» — деген жерлерін астынан сызып, тұсына қосу (+) белгісімен «для музыки казахской» деп жазып қойыпты.

Онан соң ұлы сыншының өзіндік беті, даралық ерекшелігі жоқ адам ақын емес деген пікірлерін де астынан сызған. Қаншама мағыналы ой, ақиқатты айтса да, бойында ақындық қаблеті жоқ ақын шығармасы ұсақ, жалған, жансыз, ұсқынсыз болатындығын, поэзиялық идея қағидамен, қатып қалған ережемен емес, жанды, жалынды пафоспен берілетінін айтып, творчествоның түйіні, көркемдігі нашар шығарманы ақылды, бірақ кескінсіз әйелге балаған сыншы пікірлері өзіне ұнағандығын сызып отырады. Ақындық пафос пен жан жалыны (страсть) дегенге айрықша назар аударған. Белинский кемшілігін сынап отырып келтірген Гетенің «Какого читателя желаю я? — такого, который бы меня, себя и целый мир забыл, и жил бы только в книге моей» деген сөздің де астын сызып, искусствоның өмірге байланысты заңдылығын анықтаған Белинский қағидасына тағы да мән береді.

— Сынды Белинский сияқты неге жазбайсыңдар! — деп, оның мақалалары поэзия тілімен жазылғандығын, Чернышевский, Плеханов еңбектері философиялық биік өріске құлаш сілтейтіндігін айтатын. Онда өзінің Пушкиндей, прозаиктердің Толстой, Тургеневтей, драматургтердің Гогольдей жаза алмай жүргенін дәлелге келтіріп, дау айтқаныңда Қасым кенет тоқталып, аз кідіріп: «Ә, солай екен-ау, талантымыз жетпейтін болғаны ма? Жоқ, солардай жазуға талап, қажырлы еңбек жетпейді, көбіміз халтураға, жеңіл жазуға ұмтыламыз» дейтін де, көп таласқа бармайтын.

Қасымның «Ақындар бесжылдығы» атты жолдастық әзіл өлеңі де ақын-жазушылардың творчествосына үлкен талап қою тұрғысынан жазыла бастаған. 1946 жылы Жам-

былдың туғанына 100 жыл толу мерекесі тұсында біз Қасымның бұрынғы «Жамбыл тойында» атты шығармасын еске түсірдік, соған ұқсас бір нәрсе жазуын мақұлдадық. Өзінің бүгінгі әдебиетке деген сыншыл ойын поэзия тілімен айту анағұрлым қызықты, ұтымды екенін дәлелдедік. Кейін оқып талқылағанымызда Қасым «сыншылардың егінін шарлап кеттім білем, бірақ аяқталған жоқ, және жөн-деуім керек»,— дегенді айтты.

Қырқыншы жылдардың ақыры мен елуінші жылдардың басында Қасым өзінің поэзиялық шығармасына ғана емес, бүкіл қазақ совет әдебиетінің келелі мәселелеріне аса жауапты қарайтын, эстетикалық талғамы күшті, сыншыл ой-пікірлер айтатын іргелі ақынның бірі болатын. Оның пікірлерімен қаламдас жолдастары қатты санасатын. Қазақ поэзиясында Қасым ақындығының шоқтығы биік, бүкіл жұртшылыққа кең танылып бара жатқандығына ақын-жазушылардың көпшілігі қуанатын. Басқа жанрадағы Әлжаппар Әбішев, Шахмет Хұсаинов, Ғабдол Сланов, Сейтжан Омаров сияқты өзімен құрбы жазушылар, орыс ақындарынан Д. Снегин Қасымның творчестволық табысына әр мезгіл тілектес болып отыратын. Д. Снегин Қасымның бірталай өлеңдерін мезгілімен аударып отырды. Күннен күн жалындап өсіп, бүгінгі әдебиеттен ерекше орын ала бастаған Қасымның творчествосына қызғанышпен қарайтын кейбір ақындар да бар-ды. Олар Қасым мақталса тыжырынып, ұнатпай, оның өлеңінен мін, қате табуға тырысатын да, ал Қасым сыналса, қуанатын.

Жүрегіне қызғаныш оты, көре алмаушылық сезімі ұялағандар Қасым поэзиясына эстетикалық тұрғыдан қараудан қалып, ылғи тұрпайы социологиялық тұрғыдан сын айтушы еді. Қаламдас жолдастарының кейбір жайсыз мінездеріне қынжылған Қасым:

— Тәуір өлең жазғаным үшін мені неге жек көреді, маған атақ, даңқ керек емес, мені мақтамай-ақ қойсын, сонда да жақсы өлеңді жаза берем. Кеше жиналыста ана-ның оттағанын естідің ғой, бұған қалай төзерсің,— деп бір ақынның әділетсіз сынына қатты күйінді. Осы күйінішіне орай бір әңгімеде мен Қасымға Моцарт пен Сальеридің жайын айттым — даналық музыка жазғаны үшін Моцартқа Сальери қызғанышпен қастық жасамады ма? Тегі бұл ескіден келе жатқан ғұрыптың заңы болар дегенімде Қасым,— біз социалистік қоғамның кезінде өмір сүріп отырмыз, мұнда қызғаныштың ақыры қастыққа айналуға жол жоқ деп дау айтып кетті.

Қасым өзiм деген жақын сырлас жолдасынан бүкпе сақтап, сыр жасырмай бар шынын айтатын, кейде ондай жолдастарының кейбірі Қасымның творчестволық жолдағы көмегін, қамқорлығын пайдаланып, кейіннен өзіне жоламай, тез ауысып қызғаншақтар тобына қосылып кететін. Ондай жолдастың тұрақсыздығын, екі жүзділігін Қасым қайтып кешірмейтін, қайтып маңайына жолатпайтын. Ондайда:

«Жеңісім менің жарқ етсе,
Келеді дос болып ант беріп,
Бір жерімнен қалт кетсе,
Кетеді шіркін жалт беріп»,—

деген өлеңін жазады. Ақын опасыз дастан түңілген күйінішін айтса да даралыққа салынбайды.

Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айрылсам ала көңіл он досымнан,—

деп әр уақыт өзінің тілектес достарының мол екенін, үлкен сапалы коллективтің ортасында екенін терең ұғынатын.

Жек көру тұрғысынан емес, ақындық өнер, творчестволық еңбек тұрғысынан жарысқа түсу бар ақынға тән жақсы мінез ғой. Қасымда да өзінің ақындық өнерін басқалардан асыра дамыту, жақсы өлең жазу талабы күшті еді. Өзінің қаламдас жолдастарының өлеңін, жеке сөз кестелерін қадағалай оқып, талдап сынай отырып, кейде олар жазған тақырыпқа жаңадан өзі өлең жазатын. Әбудің «Ақша бұлт» лирикасын Қасым ақындық өнер жарысы тұрғысынан қайта жазғаны белгілі. «Сырдария аңызы» атты лирикасында Әбділдамен, Қалмақанмен, Қалижанмен ақындық жарысқа түскендей әдейі қайталап жазған еді.

Қасым 1947 жылдан сырқатқа шалынып, ара-тұра жатып қалып жүрді дедік. 1949 жылы осы күнгі Виноградов көшесі, 23 үйден жаңа квартир алды. Сол 1949 жылғы деңдеген сырқатынан Қасым мүлде айығып кете алмады. Бірақ жазу жұмысынан тоқталған емес.

«Келеді өлең еселеп,
Үлгіре жазып жатамын.
Бір әндетіп, бір сөйлеп
Мол рақатқа батамын.
Құрысқан бойым жазылып,
Лапылдап отым жанады,
Отырғандаймын мәз қылып,
Ойнатып сәби баланы.

Немесе:

Поэзия асыл жар,
Тек өзіңе тең болсам,
Менде қандай арман бар
Мәңгі бірге сен болсаң!»—

деп ақындық дүниеге еркін көсіліп берілген шақтарында өзінің сырқатын да, қызғаншақтан туған жайсыз мінездерін де ұмытатын. Өлеңді үйіп-төгіп жазып тастайтын.

Табиғат өз заңына кімді болсын бағындырады ғой, сырқат Қасымды меңдете берді. 1951 жылы Қасым небәрі 12 өлең, 1952 жылы 7 өлең, 1953 жылы 9 өлең, 1954 жылы 4 өлең жазды. Өзінің сырқаты дендеп алған кездерде Қасым әр мезгіл оралып соғатын тақырыбы ақындық өмірі туралы ойларды айтуға тырысатын. Белгілі «Өзім туралы» («Сыр») атты өлеңінде Қасым ақындық жолдағы еңбегі өз өмірі жайында көп ойланып, терең толғанғандығын байқатады. Бұл аса күшті өлеңін 1949—1950 жылдары бастап жазып, бірақ аяқтай алмаған. Барлық дәптер өлеңін менен жасырмайтын. Қасым дәл осы өлеңді ол кезде маған оқыған емес; мұны 1954 жылы сентябрьде аса бір қиналумен маған оқытты.

Екеуіміз де бір-бірімізге тіл қатпай, біраз үнсіз отырып қалдық. Себебі мұнда ол өзінің өлетіндігін де жасырмай айтқан еді. Ақын досымды сол бір сұмдық дүниеге қимағандай:

— Бәрі жақсы, тек өлімнің не керегі бар? «Мені де өлім әлдиле» деген ескішіл ақынның күйіне оралу емес пе, мұның?— деп мазмұны жағынан орағытып сын бастадым. Қасым жөтелін басып, сәл езу тартып:

— Әй, қусың-ау! Саудыраған қу сүйегім қалған мені алдағың келеді-ау! Өмірді ғашық жардай қимайтын адамның бірімін. Бірақ шындықты айтпасыма шара бар ма? Сен өзің қайта бір оқышы!— деп қолжазбаны тағы маған ұсынды. Мен өлеңнің әрбір шумағына тоқтала отырып оқыдым:

«Ырзамын туғаным адам болып,
Өкінбей қаламын деп бір күн солып,
Адамзат сапарының мейманымыз,
Бір мезет жер бетіне кетер соғып...
Өкінбей мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланып, мың толғанам
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп,
Барым да, бақытым да осы өлеңім,

Жақыным жүрегімнің досы өлеңім
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін».

Замандастары, ешқайсымыз айта алмаған терең ойларды,
Қасым өзі жеткізіп жазғандығына қатты сүйсінесің. Әттен:

«Дүние жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жерінді мен кетемін...
Басымнан таярмысың бір күн дәурен?
Жалт беріп нажағайдай жоғалар ма,
Жүзінде шалқып тұрған күлкім дәурен...
Тоқтамас өмірімнің сағатындай,
Жүрегім енді қанша соғар тынбай?»—

деген жерлерін неге айтты екен! Өмірмен қош айтысқан-дай! Көзіме іркіліп жас келді. «Бұлай жазу керегі жоқ еді», дей беріппін. Қасымға көрінбей, ашық есіктің бір жағында тұрып өлеңді тыңдап егілген Сәпенге енді көзім түсті. «Ой Сәпен, оның не?» деппін өз көзімнің жасын сүртіп жатып. Қасым Сәпеннің бұл өлеңді естіп қалғанына өкінгендей:

— Жап есікті, бар, Сәпен!— деді де, менен басқа бір жайларды сұрай бастады. Қайтып бұл өлең жайын сөз қылған жоқ.

Сонымен, 1951—1954 жылдары арасында жазған өлеңдерінің көпшілігі өзінің ақындық сырларына, ауру-сырқауымен әр мезгіл мазалай берген сындармен байланысты кейде күңгірт, кейде жарқын көңіл-күйлеріне арналады. Әрине, оның араларында «Коммунист», «Волга-Дон», «Абайға айтарым» сияқты қоғамдық маңызды мәселелерді жырлаған өлеңдері де бар. Міне, сол коммунист туралы өлеңінде:

«Жігіт ол жақсылыққа жаны күштар,
Бойында бұрқыраған тасқын күш бар.
Ойында бүкіл дүние сәулелері,
Көз нұрын алдай алмас құбылыстар»—

деген ақындық толғауымен өзінің де бұрқыраған жалын күші барлығын, коммунист адамда болатын ізгі жақсылық қасиеттердің жиынтығы екендігін шебер бейнелейді.

1952—1953 жылдары Қасым ұзақ ауруға шалынады. Қырымға барып, екі айдай жатып емделіп қайтады. Осы кездегі Қасымның халы туралы Сәпен былай дейді:

— Өте ауыр мезгілді басынан кешірді ғой. Дәл 8 айдай температурамен жатты. Ол кездегі денсаулық министрі Қаракұлов жолдас 80 грамм фтивозид дәрісін алуға рұқ-

сат етіп, сол дәрінің күшімен Қасым өлім аузынан қайтты. Дәріні табуға Ибади Матақов пен Сәлкен Суханбердиев та көмектесті. Жазушылар Одағының бастығы Жаймұрзин жолдас Қасымның таңдамалы шығармаларының жинағы басылуына көмектесті. 1953 жылы Бурабай курортына емделуге барып, бірақ одан қатты жүдеп қайтты. Самолетпен келіп түскен Қасымды машинаға сүйеп мінгізіп, үйге көтеріп әкелгендей болдық. Келе төсек тартып жатып алды. Сол жатқаннан ол айықпады...

Мен Алматыға 1954 жылы 27 июнь күні қайтып оралдым. Үйге келісімен он минут өтпей Қасым маған телефон соқты. Бір-бірімізбен саулық сұрасып сөйлескенімізде Қасымның даусы дірілдеп, қамығып жылағандай болып естілді. Қатты сағынғандығын, менің тез келуімді өтініп айтып жатты. Келесі күні ұзақ отырдық. Ол жас баладай жадырап кетті. Мейлінше жүдеу, бір жапырақ еті қалмаған жақ сүйек, шықшыт, иектері саудырап бос тұрғандай. Саусақтары да ұзарып, қауырсын қаламның сабындай жіп-жіңішке, шашы мен мұрты буырлана бастаған: бірақ екі көзінің жанары бұрынғыша нұрлы, жалт-жұлт от шашады. Қазіргі тіршілігінің сарқылмас қуаты да осы екі көзде тұрған сияқты.

— Сенің келгеніңді жаңа поезда көрген, осындағы жиен қарындасым Фарида айтып келді... Сен бақыттысың. Коммунист партиясы әрқашан адалдықты ашып, әділ қорытынды шығарады. Енді сен өлмейсін. Ал, менің халім не болары белгісіз...— деп мұңайып біраз үнсіз отырып қалды. Бір тіршілік тағы ілгері жасағалы тұр, енді бір тіршілік тоқталып жоғалғалы тұр, оны екеуміз де іштей сезетін сияқтымыз... Сәпеннің ескертуіне қарағанда ол аз сөйлеуі керек екен. Мен өз басымнан кешкендерімді баяндап келіп, әдебиет жаңалықтарын түгел оқып отырғанымды айтып, жазушылар өміріндегі жайларды онан қазбалап сұрағаным жоқ.

Ол өзінің емделу жайын бірталай әңгімеледі. Ұзақ сырқаттанған адам аурудың емі, дәрі-дәрмектің түрлерін жақсы білсе керек, осы жөніндегі Қасымның дәлелді, орынды, қызықты әңгімелерін естігенде, өзімнің екінші бір жолдасым доктор Шатыбеков Қасым есіме түседі. Ақын мен доктордың сөзі бір жерден шыққандай. Мұнысына таңданғанымға орай ол:

— Ұзақ сырқаттанып емделген адам кіші-гірім дәрігерлік тәжірибеге төселеді екен,— деді.

Осыдан былай кейде күнара, кейде күн сайын Қасым-

ның қасында жиі-болып отырдым. Не өзі телефон соғады, не Сәпенге шақыртады, не Шайзада арқылы таптыртып алады. Министрлер Советі ауруханасының емдеуіндегі наразылықтарын Ғабиденге, немесе Тахауиға айтқызды. Үй ішінде болмашы жағдайға ренжігенін де, әлдекімдерден көңілі қалғанын, бұрын дос болып жүріп, енді есігін ашпайтындарын айтып, назаланады. Ұзақ мезгілдегі сырқат Қасымды дене қуаты жағынан ғана қажытып қоймай, рухани жағынан да қатты қажытқанын осы кездерде толық байқадым. Сәл ғана нәрсеге тас-талқан болып ренжиді, ауыр сөздер айтып тастайды, ондай реніштердің салмағы кейде Сәпенге де тиеді. Ол жылағаннан басқа ләм демейді. Кейде мен өзімен дауласып, туралық шегінен асып кеткендігін ескертемін. Ұзақ мезгіл сырқаттанған Қасымның қиыншылықтарын бірдей басынан кешірген, күні-түні ұйықтамай қасында отырып, күте білген Сәпеннің қажырлы шыдамдылығы мені қайран қалдырды. Бір күні стол басында Сәпен қалғып кетті. «Сорлы мен үшін ол не көрмеді, бір жұма болды әлі күнге көз шырымын алмады. Кейде өзіне ұрсамын да, жан ашыр жақыным болғандығынан да бұған қатты айтамын. Ондай ауыр сөзімді туған шешем де көтермейді. Ал, сен ше. Жуас түйе сияқтысың. Қазақтың бұрын-соңғы бар ақынын жүкше артып алғың келеді».

Бұрынғы жолдас-жоралардың, достардың сирек келетіндігін де айта келіп, осында Әбділда келіп кетіп халжайымды біледі. Бірақ оны тағы да сойып сынап жатыр. Кейде Сырбай мен Әлжаппар да келеді. Ғабиден бір-екі рет келді. Кейбіреу пайдаң тисе, беделің артса саған келгіштейді. Әл үстінде, өлі мен тірінің арасындағы Қасымды есепті достар неғылсын! Зиянды, ауыртпалықты бірдей бөлісетін осындайда қасында бірге болатын дос қайда?

Ауырып жатқанында емделуіне көңіл бөлген Орталық партия комитетіндегі Изотов, Базарбаев жолдастарға қаты ризашылығын білдіріп отырды. Осындай бір жылы ықлас, көңіл бөлінген жағдайларда Қасым ерекше сауығып жадырап қалатын. Ондай күндері үлкен папкелі қағазға жазылған өлеңдерін беріп оқытатын.

— Сен жоқта жазылған бірталай өлеңдерім бар, сынап көрші,— деп өзі жай қисайып жататын. Әрине, мен сыннан көрі, мақұлдау жағын көбірек айтқанымда.— Сен мені алдама, бұрынғыдай аяусыз сынап шындығыңды айт. Сондай талқылаудан өткен өлеңнің бірі жоғарыда айтылған «Өзім туралы».

1951 жылғы партия жиналысында оқылған өлең осы

«Өзім туралы» өлеңнің жалғасы, немесе тақырыптық жағынан үндес сияқты. Бұл туралы өзі былай дейді:

— Мені жек көретін кейбір жалақорлар, қызғаншақтар енді құритын кезі келді деп дайындалып, мені партиядан шығармақ болған екен. Бірақ, баяндамашы, жас сыншы Қирабаев олардың күткеніндей сөйлеген жоқ. Менің поэзиям туралы жалпы дұрыстықты айтты. Партия ұйымының ол кездегі секретары Мұстафин Ғабиден де туралықтан асып кете алған жоқ. Маған сынның қатал болатынын, партия қатарында болуым, болмауым, яғни рухани өлу, өлмеуім талқыға түсетінін жақсы түсінгенмін. Сондықтан өзімнің ақындық қызметімде неден ұтып, неден сүрінгенімді қысқаша өлеңге түсіріп жазып алғанмын. Сөйлеген сөзімнің ақырында осы өлеңді бірге айтып шықтым.

«Сен кеше жалбыр тонды жетім едің,
Сонда сен тіршіліктен не тіледің?
Атаң мен әкең сенің жете алмаған,
Арманға бұл кезде сен жетіп едің.
Өзіңді түсінгендей болып едің,
Өмірді отты көзбен шолып едің,
Балкытып көкірегіңнің көрігімен,
Сомдап бір сөз асылын соғып едің...
Кейбір кез кателесіп кеткен болсам,
Ей, құрбы, күдер үзіп басқа теппе...
Өмірді әлі талай жырлармын мен,
Біреуге ұнап, біреуге ұнамаспын.
Өзім болып айтармын өз сөзімді
Жамау-жасқау жинап мен құрамаспын.
Нар тәуекел омбылап тура бастым,
Өнер табу, орта табу мақсатымен,
Адассам да мен адал жолда адастым.
Кез емес дария көңіл тартылғандай
Не бопты өлен шіркін сарқылғандай.
Қырықтың дәл қырқасында тұрмын қазір
Байқаймын алдым қандай, артым қандай!
Азырақ құрғыр ауру қажытса да,
Әлі де жүрегім бар шарқ ұрғандай...»

Бұл туралы Ғабиден былай дейді:

— Жан дүниесімен тебіреніп ағынан ақтарыла сөйлеген Қасымның сөзі, әсіресе күшті ақындық ой сезімге толы өлеңі коммунист жазушыларды қатты толғандырды. Қасымның ұлы коммунист партиясының қатарында қаларлық адалдығына, турашылдығына бәріміздің де көзіміз жеткендей болды. Кейбір солақай сыншылардың ырқына көнбей Жазушылар Одағының жанындағы партия ұйымы Қасым туралы өте дұрыс, әділ қорытынды жасады.

1954 жылы сентябрь — октябрь айларында Қасым сыр-

қатынан аздап айыққандық белгі білдірді, бір мезгіл көшеге шығып жүруге жарады. Абай атындағы опера және балет театрында Қазақстан жазушыларының ІІІ съезінің ашылуына қатынасты. «Абайға айтарым» деген өлеңін жазып, бізге оқып берді.

Тыңнан өлең жазғаны мені қатты қуантты. Белгілі алыр Қасымның өзі, Абай туралы басқалардың жазғанынан шоқтығы бөлек, Абайдың өзімен сырласқандай, ақындық бой, күш теңестіргендей құлашты меңзеген. Бұл ірі творчествоға көтеріліп келу — сырқатынан айығу деген сөз ғой.

— Сен жазылыпсың, тез жазылады екенсің,— дедім өлеңді оқыған әсерден кейін. Бірақ ол көп сөйлескен жоқ, мені тыңдап жай жатты. Жиналысқа бару, мынау өлеңді жазу оны едәуір қалжыратып тастаған екен. Алайда, оның ажарында күйініш реңі жоқ, тыныштықтың, өзіне-өзі риза болған қуаныштың нұры ойнағандай еді.

— Жаңа Баймұқанға көшіртіп «Социалистік Қазастанға» жібердім. Бір сөзін өзгертетін болсаңдар баспай-ақ қойындар!— деп Аққұловқа звонит еттім,— деді.

Баймұқан Тоқтаров Қасымның жақын жолдасының бірі. Бұл үйге жиі келіп, Қасымның қолжазбаларын көшіруге көмектесетін. Осы кезде Қасымның таңдамалы шығармалар жинағы баспаға дайындалып жатыр еді. Қасым қай өлеңді қай қолжазбадан алуды, кейбірін оқытып, кей жерлерін қысқартуды Баймұқанға ауызша айтатын. Ғойы жадырап отыруға жарағанда өзі де ара-тұра қарап қолжазбаларын тәртіпке келтіреді. «Нұрлы дүниенің» екінші нұсқасын осы 1954 жылы күзде қайта жазып шықты. «Мартбек» поэмасының қысқарған вариантын да осы кезде істеп шықты. Баймұқан екеуінің дайындағандарын маған оқып қарауға беріп отыратын.

— Бұл Баймұқан бұрын детдомда тәрбиеленген жетім бала ғой, әлі де жетім. Детдомға балалардың өмірінен бір повесть жазған екен, бұрын бір оқып танысып, кей жерін жөнде дегенмін. Мен десең соны оқып шығып, басылуына көмектес. Мұны Сырбайға да айтқанмын. Сенің жолдасың Жұмағали да оқыған көрінеді. Бәріміз де детдомда өсіп адам болдық қой. Сол туралы алғашқы еңбек...— деп тағы бір міндет жүктеді. Мен Баймұқанның повестісін оқып шығып қайта бір әңгімелескенімде:

— Повестің біраз жөндейтін жері бар екен,— деп өзімнің сындарымды айта бастап едім.

— Жөндеусіз өз күшімен өтетін шығарма болса, мен саған тапсырамын ба?— деді.

Бір күні қатты жөтел үстінде отырғанда Бурабайдан келген доктор Зейн Шашкиннің жайын әңгімеледік. Бұрыннан білетін жолдас. Соны ертіп келуді менен өтінді. Ертеңінде Зейн келіп, Қасымды қадағалап қарап, емделудің, тынығудың тәртіптерін (режимдерін) белгіледі. Бірталай дәрі-дәрмекті жаңарттырды. Зейн өзінің ғылыми жұмысы жөніндегі жетекшісі профессор В. И. Зюзинді ертіп әкеп қаратты. Зюзин де Қасымның сырқатын жеңілдету бағытында көп шаралар қолданды. Зюзиннің емі бірден Қасымға ұнады.

— Зюзиннен емделіп біраз тәуір болған соң тура Бурабайға кел, мен өзім электр сәулесімен жазып алам, тек Бурабайға жетсең болғаны,— деп Зейн Қасымды қатты сендіріп кетті. Сөйтіп сентябрь — октябрь айларындағы Қасымның сауығуы осындай себептерден еді.

Қасым Зюзинге өзін мүлде сауықтырып, қайта қалпына келтіріп жіберетіндей әбден сенді. Бұған дейінгі дәрігерлердің емдеуін түкке тұрмайды деп кемітіп сөйледі. Зюзиннің әрбір келіп кетуі Қасымға үлкен жаңалық, аса бір қуаныш уақиға сияқты. Ал, профессор мезгілімен келмесе оны жабыла іздейміз. Зюзин келіп кеткеннен кейін Қасым недәуір бой жазып, жадырап сауығып қалады. Ноябрьдің орта кезінде болу керек, Зюзин басқа бір қалаға командировкаға кетті. Осыдан былай Қасымның халы тағы төмендей бастады.

Декабрьде Қасым қалжыраған үстіне қалжырай берді, ағасы Ақметжан мен Сәпен екеуі күні-түні кезекпен қасында отырады. Күніне бір мезгіл қасында отырып кету мағанда міндет сияқты. Қалмесе қатты ренжиді. Енді өзі аз сөйлеп, менен әдебиет жаңалықтарын сұрайды. Оған көбінесе көңілденетін қызықты, күлкілі жайларды айтуға тырысамын. Совет жазушыларының Одақтық екінші съезінің материалдарын қадағалап тыңдайды. Самед Вургунның баяндамасында өзінің аты аталғандығын оқып бергенімде:

— Ақиқат па осы? Сырқат менің көңлімді аулау үшін әлгі Ғабиденнің тізімге кіргізе салғаны емес пе екен?— деді де біраз қатты жөтеліп, бірталайға дейін тыныштала алмады. Мен мұның ақиқат екендігін, бүгінгі қазақ поэзиясы сөз болғанда алдымен өзінің аталатындығын дәлелдеп сөйледім.

— Турасын айтпайсың, тарих толық бағасын беретін менен мықты ақындар бар ғой!— деп көптен ауызға алынбайтын совет әдебиетінің алғашқы дәуірінде атағы жұртшылыққа мәлім болған бір-екі ірі ақынды атады.

Зюзин келіп тағы да Қасымды қарай бастады. Енді профессорда да, Қасымда да бұрынғы сенім қалмаған-ды. Ауру белең алып, күннен күнге Қасымды қалжыратып бара жатты. Бар өтінетіні: «Шіркін-ай, тынысымды кеңейтерлік амал таба алмағандарың ба?» деп қынжылады. Қанша қиналып, ауыр азап шегіп жатса да, есінен бір танған емес. Жөтелден қысылып кейде сөйлемесе де көкірегі сайрап, барлық жайды біліп, сезіп жатады. Енді осындай халде жатқанында тіршіліктегі, әсіресе өзіне жақын әдебиет дүниесіндегі жайлардың барлығы қимастай қызық, таусылмастай ұлы арман болып елестегендей. Тағы да ымдап, менен бірқатар жаңалықтар естуді күтеді. Бірақ соңғы кезде құлақ та тосаңси бастаған. Көзі де бұлдырап көретін болды.

Декабрьдің ақыры мен январьдың бас кезінде Қасым өзінің күннен-күнге төмендеп қайтып оралмас ұзақ сапарға бет түзегенін сезгендей Сәпеннен де, ағасы Ақметжаннан да жасырынып, халінің енді түзелмесін қатты қынжыла, көзіне жас ала отырып мойындады.

— Менің не күйде екенімді, не халге жететінімді біліп отырсың. Азын-аулақ қолжазба дүниелерім бар. Халыққа керекті нәрселер сонан да табылар. Сырбай екеуің бас-көз болып басқарыңдар. Адам арманға тойған ба! Өмірімнің бірталайы мағынасыз, серілікпен өтпеді ме екен!? Мұрат еткен дүниелерімнің көбін іске асыра алмағандығым өкінішті...— Жаны, жүрегі ұлы, жалынды сезімге толық — ажалмен арпалысып, алысып жатқан ақынның әрбір сөзінде терең сырлар, ойлар сайрап тұрды. Ағасы, Сәпен, Исаның баласы Ертіс, Баймұқан, Садықбек — бәріміз отырған бір мезгілде Қасым тағы да:

— Адамның тегі айуанмен аталас қой. Тіршілікте біреумен араздастық, біреумен, жамандасып алыстық, көрместей өкпелестік, онан не шықты? Оның арты жақсылыққа жеткізген жоқ. Жақсы көретін жолдастарым да, ұнатпайтын жолдастарым да аз емес қой, барлығы да менің досым болып қалса екен. Көрсем көрдім, көрмесем сәлем де. Бұрынғы өкпе-наздарымды кімге де болса кештім,— деді.

Міне, осы кезде тіпті аралары бірталай алыстап, суысып кеткен жолдастарын да ол көргісі келіп жатты. Өмірінің соңғы кездерінде Әбу, Ләзиза, Сара, Қапан, тағы басқа жолдастары да келіп, қасында отырып жүрді. Қасымның халін біліп кетуші артистер де, жазушылар да, ғылыми қызметкерлер де мол еді. Күннен күнге халі нашарлаған

сайың Қасым жанашыр жақындарын да, дос-жолдастарын да атын атап шақырып есіне түсіреді. Не қоштасқандай, небір кешірім сұрағандай оларға жылы сөздерін арнайды. Кейбір сөздерін толық ұға алмайсын, өзімен-өзі күбірлескендей бір нәрселерді айтады. Соңғы кездері сөйлеудің өзі де, біреумен қол алысу да оған қиынға соға бастады. Кейбір сөздерді өзін зорлағандай екі-үш бөліп әзер айтады. Оңашада, кейде бізбен отырғанда да қызы Дариганы шақырып алып, қасына отырғызып, маңдайынан сипап, ұзақ үнсіз отырып қалады. «Осының ер жетіп адам болғанын көре алмайтыным да үлкен бір арман ғой. Ағам Ақаң бақытты менен де» — дейді кейде.

Январьдың 14-нен былай қарай Қасым есін бірде біліп, бірде білмейтін халге жетті. Дәрігерлер де мезгілімен келіп, укол жіберіп тынысын кеңейтіп, аз да болсын көмектеседі. Бірақ ұзаққа бармайды. Қасымның туыстары, достары күні-түні кезектесіп қасында болды. 15—16 январьда күні-түні Ақметжан, Қапан, Ләзиза және басқаларымыз әлдеқалай болады деп сол үйде отырдық. Қасым бірде қатты-қатты жөтеліп, ауыр азап буындырғандай тыныс тарлығынан бір түрлі ашынулы, күңіренген үнмен сарнағандай, сөйлегендей болады. 17 январь күні күндіз Қасымның есі кіріп, келген бірталай ақын-жазушылармен бір-бір ауыз тіл қатысты. Сол күні 18 январьға қараған түні сағат бірдің кезінде Қасым келмес сапарға жол шегіп, көзін жұмды. 19 январь күні Алматының мәдениет жұртшылығы зор құрметпен Қасымды жерледі. Қазақстан Орталық партия комитеті мен Министрлер Советінің нұсқауы бойынша Қасымның басына арнаулы ескерткіш жасалып қойылды. Оның үш томдық шығармалар жинағы жарияланды. Қасымның қалдырған әдеби мұралары бай. Үш томға оның жазған еңбектері әлі толық кірген жоқ. Газет-журналдарда басылған, бірақ біз жинап үлгірмеген шығармалары да, майдан дәптерлері де, толық зерттеп игере алмаған басқа да қолжазбалары да мол. Ол мұраларды жан-жақты зерттеп, халық игілігіне жарату біздің алдымыздағы үлкен міндеттің бірі.

ҚАСЫМНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ БІР-ЕКІ СӨЗ

Қасымның ақындығы, шеберлігі туралы, күшті, әлсіздігі туралы біздің сыншыларымыз соңғы 10 жылдың ішінде бірталай жазды. Біреулер Қасымды ешбір мінсіз ерекше

жаралған ақын деп аспанға көтеріп, бірыңғай мақтау жолына салынса, енді біреулер Қасым шығармаларынан ешбір жақсылық көргісі келмеді. Оның көлеңкелі жақтарын қазбалады. Ірі ақын туралы мұндай талас пікірлердің болуы заңды да. Талантсыз ақынның шығармалары сын көтермей, ауызға алынбастан аяқсыз қалып жататын болса, Қасым шығармалары әрдайым әдебиет жұртшылығының назарын аударып отыруы — бұл поэзияның қоғамдық, көркемдік маңызын көрсетеді. Демек, Қасымның ақындығы деген күрделі сұраудың шешуін үзілді-кесілді айту бізге де оңай емес. Ол әдебиетшілердің алдағы келелі бір міндеті. Бұл жерде біз Қасымның ақындығы туралы жоғары тарауларда айтылған пікірлерімізге қосымша кейбір ойларды ғана айтпақпыз.

Көрнекті, талантты ақын Қасымның поэзиялық шығармалары бүгінгі қазақ совет әдебиетінің даму жолында айырықша орын алады. Социалистік реализм әдісімен жазылған оның мағыналы, күйлі лирикалары, дауылды уақиғаны бейнелеген поэмалары, өзі тұстас ақын-жазушыларды да, оқушы халықты да әрдайым қызықтырып, сүйіспеншілік ықыласын аударуда. Оқушы жұртшылығын үнемі ынтықтыра білетін Қасымның ақындық қуаты неде? Оның поэзиясында қандай «сиқырлы күш», жасырын сыр бар?

Сыршыл, суретші Қасым қандай тақырыпта жырласа да, ойын жалаң айтпайды. Шебер ақын тілімен бейнелеп береді. Саяси лирикалардың өзінде де Қасымның бұрқыраған ақындық жалыны, жатық, оралымды тіл байлығы ерекше көзге түседі. Қасымның өлеңдерінде әдейі көркемдік манер іздеген жасандылық сезілмейді. Көркемдік шеберліктің қандайлықты әдістері болса да, Қасымда табиғи қалпында жымдасқан, қалыптасқан мүсінде көрінеді. Қасым өзі өскен қоғамдық ортаның, туған жер мен елдің сыр-сипатын реалистік тұрғыдан жеткізіп ашып суреттейді. Ол шалқыған байлығы мол революциялық құлашпен дамыған Совет Отанының, туған өлкесі — Социалистік Қазақстанның кең байтақ, көркем бейнесін ерекше жылылық сезіммен жарқын елестете білді.

«Сүйсінттім досты ер жеттім,
Өртедім жаудың өзегін
Қуатын бердің жер-көктің,
Советтік менің өз елім!
Дүние бүкіл дөңгелеп,
Көзімнің келді алдына
Үстіне шықтым өрмелеп

Қарадым бойлап арғыға!
Ой жетер жерге көз жетті
Арғысын және сеземін,
Жатырсың алып жер-көкті
Советтік менің өз елім!»

немесе:

«Уа, дарига, алтын бесік туған жер,
Қадірінді келсем білмей кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей
Ақын болмай тасың болсам мен егер.
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің
Нендей күйге жүрегімді бөледің?!
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем
Арманым жоқ, бұл дүниеде дер едім...»

Мұндай лирикаларында ақын совет Отанына, туған жерге деген жалынды махаббатын тебіреніп, толғанып отырып айтады. Суретшіл, сыршыл ақын туып-өскен, аралап көріп қызықты шақтарын өткізген жерлердің, мекендердің тұлғаларын сондайлық жарастықты бейнеде: тамылжытып ән салып тұрғандай, жорға бидің ырғақты толқынындай, көңіл жайлауынан самал ескендей, көз алдыңнан ғажап сұлу дүниенің суреттері тізбектеліп өткендей тәтті сезімге бөлейтін алуан түрлі шеберлікпен сипаттайды.

Қасым өлеңдері музыкалы күйлі: сылдыраған асыл моншақтай, судыраған жібектей жарқырап жайнайды да тұрады. Халықтың қарапайым жай сөздерімен де ол өлеңдерін ойнақ салғызып, еркелете де, сырнайлата да, сырластыра да біледі.

«Отыр ма екен жан жарым,
Жатыр ма екен жан жарым,
Толған айдай дидарың
Көрмегелі жыл жарым!»

Немесе:

«Оралым, сенің койнында.
Ойнақтап өткен жылдарым,
Жарқылдап Жайық бойында
Достармен сайран құрғаным».

Тағы да:

«Күлдырап қиыр шығыстан,
Бұлдырап қырда, тауларда,
Бойлап бір шығып қайраңға
Ойлап бір кешіп тереңін!»—

деген өлең жолдарында (мұндай өлең Қасымда көп) жүректің нәзік сезім пернелерін баса білетін ақынның күйлі, сыршыл лирикаға шеберлігі, сөздерді қиыннан қиыстырып орнымен оралымды қолданатын ақындық құдіреті айқын көзге түседі.

Қасым суреттейтін мекен, мүсін, көріністердің бәрі де бірінен-бірі жарқын да қызықты. Ақын сені еріксіз жетелеп торғын тұман жамылып, сансыз құсы ән шырқаған Байкал көлінің жағасына да, айнадай ашық күміс көлді, жасыл орманды Көкшетауға да, тұнық суына шомылып, толқынымен ойнаған ерке Ертіс, сабырлы Жайық жағасына да, ай сәулесі ойнап сыбдыр қаққан жапырақты, жасыл гүлді бақшаға да, сайларын сырнайлатып ән салып, құлпырып жайнаған егісті көктем даласына да, алтын астығы орылып еңбек майданы қызып жатқан жерлерге де алып келеді. Сұлу Алматыны бірге аралатып, жастық шағын өткізген Оралға да қызықтырады.

Шын поэзия өмірдің ақиқат сырын, адамдардың сезім дүниесін жалаң, қаз-қалпында суреттемейді, асқақтатып әсерлеп, жинақтап, көркем шындық дәрежесіне көтере жырлайды. Қасымның поэзиясы міне осындай асқақты, лапылдаған жалынды сезімге толы, көркем шындық дәрежесіндегі поэзия. Қасым суреттеген көрініс пен заттардың қандайы болсын жарқын да көркем және бәрі де тіл бітіп сөйлеп тұрғандай жанды бейнеде елестейді.

«Ұла бұлт бейне толқын орамалы,
Толқып кеп тау мойнына оралады.
Жапқандай жасыл ала жібек кілем
Көкшенің кең құшағы, бар алабы».—

деп Көкшені суреттесе:

«Ойшыл орман мүлгіп, қалғып,
Төңіректің сырын аңдып,
Ақырын ғана тартып сырнай
Сыр шертеді ну қарағай!»—

деп орыс орманын сипаттайды.

Майдағы көктемге:

«Қыз ерніндей қызғалдақтар дірілдеп,
Бұйра бұлақ жатыр аунап, еркелеп»—

деген ақындық сөзін арнайды.

Ақын суреттеуінде Байкал жағасындағы ну орман, шымылдықтай төгілген ақ балтырлы қайындар бұралып билегендей, Алматы көшесінің жапырағы сыбырлайды, тастары жалт қарайды, бұйра бұлақ еркелеп нәзік үнмен сұңқылдайды, даланың жібек қанат желі жас бөбектей ойнайды. Көктегі долы бұлт қылышын суырып түнеріп төніп, нөсерін құйып жылайды... Оның поэзиясының осындай күдіретті күшімен табиғат әлемі де, адамның сан алуан сезім дүниесі де ақынмен бірге сырласады, бірге қуанғандай, бірге мұңайғандай, бірге ойланып, бірге тебіренгендей.

Адамның махаббат, достық, адамгершілік қасиеттерін жырлаған лирикасында Қасымның сыршыл, ойшыл, турашыл ақындық жаны ерекше бір жарастықпен жаралған ғажап бір сұлу, қызықты дүние боп елестейді. Ол махаббаттың жалынды лебін де, үміт-арманын да, ләззәтті шаттығын да, өкініш-күйігін де жасырмай бар ой-қырымен суреттейді. Махаббат адамның табиғи сезімі, оны бұрын соңғы ақындардың барлығы жырлаған. Совет ақындары да жырлауда, әлі талай жырлайды да. Адал сүю, айнымас достық, сертке беріктік, жағымсыз мінезі үшін жек көру, бірін-бірі ұғыса алмай айырылысу, осыдан туатын жайлы-жайсыз көңіл күйлері совет жастарының бойынан да табылатыны даусыз. Ақын бұл шындықты айтуды да жасырмайды. Әлбетте, Қасымның лирикаларында, соның ішінде махаббат лирикасында, алдыңғы тарауда айтқанамыздай, идеялық көркемдік жағынан әлсіздері де жоқ емес. Орынсыз мұңға бату, орынсыз күйдім-жандымға бой ұру, дала суреттерін кейде дерексіз, кейде күңгірт жырлау сияқты әлсіздіктер Қасым лирикаларында байқалып отырады.

Қасым көңіл күйін шерткен лирикаларында нені айтса да, тіпті ағат, жаңылыс айтқандарында да қалтқысыз адал ойларын аңғарып отырады. Онда ішке сыр сақтау, перделеп сөйлеу деген жоқ. Неге сүйсініп шаттанғанын да, неге ренжіп мұңайғанын да ағынан жарылып, ақтарыла айтты. Сондықтан:

«Кең жайдым құлашымды дүниеге,
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де,
Әйтеуір әрі-сәрі болғаным жоқ
Ұқтым мен көңлімнің күйі неде»—

деп өзіне өзі орынды қорытынды жасайды.

Қасымда қандайлық көркемдік мотив басым дегенде, біреулер: нәзік лирикалық сезім, көңілдің мұнды күй сырлары мол, дейді. Енді біреулер: Лермонтовтың асқақты

романтикасы күшті, дейді, үшіншілері — Маяковскийдің жалынды пафосы (лебі) елеулі орын алады, дейді. Біз бұл мотивтер арасында тепе-теңдік мөлшер қойғымыз келмейді. Қасым сияқты үздік ақынның поэзиясында өзіне дейінгі ұлы ақындардың творчестволық әсері мол болуы табиғи заңды нәрсе, бірақ ол еліктеу дәрежесінде қалып қоймай, өзіндік, Қасымдық күшін, өршіл, өктем, турашыл, батыл ақындық бейнесін танытып отырады. Қасым ақындық күй туралы терең толғанып айтқан өлеңдерінде өзінің ақындық өміріне әділ сын айтады. Өршілдік, тәкаппарлық адамның жақсы қасиетінің бірі және соның менмендікке, өзімшілдікке апарып соғатын міні де болады. Қасымның өз сырын баяндаған өлеңдерінде мықтылығымен қатар, осындай міні де кейде байқалады.

«Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп-жарып айқасып»,—

деп совет жасына тән батылдықты, талапкерлік сенімді білдіреді.

Тағы да:

«Жасырмаймын, жасымнан тентек өстім,
Тойтара алмас жүзімді менің ешкім.
Бөбегімін Лениннің, еркін жанмын,
Ортасында шыныққан дау-жанжалдың...
Таудай толқын кездесе жарып өттім
Оттан және сескенбен өзім отпын.
Ленин айтқан еркін өс, еркін жүр деп,
Қысылуға дүниеге келген жоқпын»,—

деген сырын, өзіндік өршіл тұлғасын жырлайды. «Туған жер топырағында тіп-тік өскен», «аяғын нығырақ басып», «өртке тиген дауылдай» өлеңнің «нажағайдай жырын жаңбырдай құйып» өткен тәкаппар ақын өршіл де, сыншыл да еді. Еркін, ерке өскен жастың алуан сырларын ақтарған асқақты поэзияның жалыны сөнбейді, оның ғажап көркемдік сырлары өмір ілгерілеген сайын ажарлана, құлпыра түседі.

Қасымның поэзиясынан алынатын рухани әсерлер де, үйренетін ақындық үлгілер де мол. Әсіресе Қасым поэмаларының идеялық көркемдік сырлары және орыс классиктерінен — Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Маяковский, Твардовский және Низами шығармаларынан аударған творчестволық еңбектері Қасымды кең танып, меңгеру жолындағы тың сала болып табылады.

Қасымның жалынды, дауылды, күйлі, сыршыл поэзиясы совет халқының қастерлеп пайдаланатын құнды мәдениет қазынасының бірі. Сол халықтың коммунизм құру жолындағы күрестерін, ізгі адамгершілік қасиетін, рухани байлығын жырлаған жүрегімен, жырымен коммунистік партияның күрескер солдаты бола білген Қасым поэзиясының маңызы келешекте арта бермек. Оны «Ақын сыры» деген өлеңінде Қасымның өзі терең түсініп жазған және Қасым сияқты үздік талантты ақын туралы тың ойларды халықтың өзі, әрбір жаңа ұрпақ дамытып, толықтырып айта беретіні де даусыз.

Август — сентябрь, 1956 жыл.

АСҚАҚ ШАБЫТТЫҢ АҚЫНЫ

Көптеген лирикалық өлеңдерімен, эпикалық поэмаларымен әдебиетімізге елеулі үлес қосқан ақын Тайыр Жароков. Тайырдың өлең жаза бастағанына он жылдан асты. Алғашқы шығармаларының өзінен-ақ ол өз дауысын, өз мәнерін танытқан болатын. Қазіргі өзге ақындардай Тайыр творчествосы да социалистік шындықтың тікелей жемісі болып табылатыны сөзсіз. Тайырдың ақындық шабытының қайнар көзі де, шығармаларының негізгі тақырыбы да — біздің социалистік бақытты өміріміз.

Тайыр, ең алдымен, лирик ақын. Ақын лирикаларының үні әлеуметтік өмірге арналған. Ол қоғам өміріндегі аса маңызды деген мәселелерді өзіне тән асқақ шабытпен тебірене жырлайды. Бұл бағытта ақынның сәттіліктерімен қабат сәтсіздіктері де жоқ емес. Оқушы, еліктеуші дәуіріндегі бірталай өлеңдері өмірлік материалды игеру жағынан да, көркемдік шеберлігін қалыптастыру жағынан да бір-келкі емес, ала-құла жазылды. Ауылдағы социалистік құрылыс майданындағы жаңалықты жалаң, үстірт, жалпылама жырлаған кемшіліктері бола тұрса да («Мотор жыры» жинағына кірген өлеңдері, «Нефтстан» поэмасы т. б.) ақын үнемі оқу, іздену үстінде өсіп отырды.

Сәтті, сәтсіз өлеңдер ақынның алғашқы творчестволық дәуірінде де («Жұлдыз жарығы» жинағына кірген), қазіргі кездегі творчестволық тәжірибесінде де кездеседі. Осыған орай ақын поэзиясының тақырыбы да әр алуан. Жастардың өнер, білім, еңбек ерлігі жолындағы талап-тілегі, Қазақстандағы Октябрьдің жеңісі мен жемісі ақынның тебірене жырлаған тақырыбы болды. Халықаралық оқиға мен халқымыздың өміріндегі қыруар жаңалықтарға ақындар кезінде үн қосып отырды.

Тайырдың қалың оқушы әдебиет жұртшылығының назарын аударған елеулі өлеңдерінің бірі — 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының тұңғыш санында жарияланған «Аэроплан» атты лирика. Осы өлеңнің өзіндік бейнелі образдары мол. Бейнелі образ жасауда ақын халық поэзиясының дәстүріне сүйенген. Өлеңнен мысал келтірейік:

Бүркіт пен аққу емес ұшып жүрген,
Ноқаттай көзге алыстан түсіп жүрген.
Еркіндеп еркелеген — аэроплан
Аймалап көк аспанды құшып жүрген...
Жұлдыздай жымындаған көкке тиіп,
Дірілдеп аспан көкте ұшты шүйіп,
Нұрланған бөлендіріп толқынынан,
Самал жел шапағымен құшты сүйіп.
Қиырдан құлап жатқан үйірлі бұлт
Өтісті сәлем беріп басын иіп.

Халық ұғымындағы, халық әдебиетіндегі сұлулық әсемдікке қолданатын теңеу сөздерді ақын өлеңінде ерекше пайдаланған, «еркелеу», «аймалау», «сүю», «жұлдыздай жымындау», «толқынға бөлену», «самал жел шапағымен құшу», «сәлемдесіп бас июлерінде» дәстүрлі образдар мол және шебер қолданғанын көреміз.

Аэроплан — қазақ поэзиясында тың тақырып. Жаңа тақырыпты қазақ ақындарының қайсысы болсын бірден оңай жырлап кете алған жоқ. Өмірдің осы бір жаңалығын алғаш жырлаған Тайыр да үлкен қиыншылыққа ұшырағандығын, соның салдарынан халық поэзиясындағы ақындық үлгіге көбірек бой ұрғандығын байқаймыз. Осы үлгінің шеңберінде жаңа советтік заманның құдіретті күшін жаңа техника арқылы айтпақ болған талабы орындалған.

Тайыр шын мәніндегі үлкен талант иесі. Біздің әдебиет сынымызда ақындық талант бола ма, болмай ма деген сұрауларға сан рет жауап іздеп, бірақ оның дұрыс қорытындысын айтып бергені жоқ. Бір кезде Сәбит Мұқанов ақындық үйренумен болатын кәсіп деп жазып жүрді, ал, оған қарсылар ақындық адамның жаратылысымен бірге келетін қасиет деп жазды. Біз де бұл таластарды үзілді-кесілді шеше алмаймыз.

Табиғатта ақындық таланттың болатыны анық. Тек ол екі түрлі жағдайда танылады. Бірі бірден жарқ етіп, талант иесін аспанға көтереді. Енді бірде уақыт, іздену, қажырлы еңбек арқылы танылады. Шындығында қандай жағдайда болсын ақиқат таланттар өз бойындағы ақындық өнерін жарыққа шығармай отыра алмайды. Шын таланттар бөгет дегеніңізді, жастық, кәрілік дегеніңізді білмейді. Тайыр міне осындай талант иесі ақын.

Тайыр алғашқы жазған өлеңдерінің өзінде шын талантын, келешекте үлкен лирик болатынын танытты. Әсіресе 1930 жылдардан бастап Тайыр өлеңінің мазмұны, түрі көп жаңаланады. Жастық сезім, жастық рухтың сарынын беріп жазған лирикаларының өзінде ақын шығармасының

мазмұнына сәйкес ерлік күрестің сарын күйі, жаңа ырғақ лебі сезіледі. «Мотор жыры», «Бес жылдықтың балғасы», «Бірінші» атты өлеңдерінде Тайыр Қазақстандағы Жем, Қарағанды, Риддер сияқты алып өндірістердегі екпінді еңбек өмірін, жаңа құрылыс дүниесін жырлайды. Жалпы совет елінің, соның ішінде Қазақстанның үздіксіз қарқынмен шаруашылығын өркендетіп алға басқан ерлік қимылына ақын өзінің зор мақтаныш сезімін білдіріп отырады...

Біз жоғарыда Тайырды әрі лирик, әрі эпик ақын дедік. Поэзияда осы екі сарынның екеуі де бір-бірінен алшақ дүние емес. Бірін-бірі толықтырып отыратын кең творчестволық арна. Ақынның социалистік еңбек күйін, совет адамдарының ерлік күресін жырлаған лирикаларының өзінде эпикалық мотив күшті. Мәселен, «Бес жылдықтың балғасы», «Миллион толқыны», «Шаңқай» т. б.

Ақынның «Бес жылдықтың балғасы» атты өлеңі күшті саяси лирика. Өлеңде ақын социалистік дәуірдің өршіл адыммен алға ұмтылған қарқынды күй сарынын шебер бейнелеген:

Солқылдата соғылсын,
Бесжылдықтың балғасы.
Арқырасын асаудай,
Өндірістің арнасы.

Арқыраса тасқын күш,
Асау емей немене?
Өндіріс атқан алтын мыс
Жасау емей немене?

Қарағанды, Донбастар,
Тірек емей немене?
Өндірістің бұрқанған
Жүрегі емей немене?

Днепр, Волховстрой
Ісім емей немене?
Долы ағыс күркірей
Күшім емей немене?..

Ақын осылайша социалистік құрылыс дәуірінің қарқынды екпінмен алға басқан тегеуірінді күшін, тасқынды лебін асқақты поэзия тілімен бейнелейді. Мұнда өмір шындығын дәл көшірген нақтылық жоқ, соны сезім күйіне бөлеп, қанатты поэзия тілімен әңгімелеген жыр тасқыны бар. Көркемдік бейне мен өмір ағымынан туған ырғақ та өзара қабысып, жарастық тапқан. Біз мұны ақын поэзиясының жаңашылдық сипаты дейміз. Ақынның ерекше әнімен

айтылып, жұртшылық арасына кең таралған «Миллион толқын» атты тамаша лирикасы туралы да осыны айту керек.

Тайыр — жаңашыл ақын. Өз тұсындағы орыс, қазақ поэзиясындағы жаңашылдық өнерден үлгі ала отырып, қазақ поэзиясына өз жаңалығын әкелді. Біз мұны ақынның «Күн тіл қатты» поэмасынан да, көптеген лирикаларынан да айқын сезінеміз.

Талантты ақындарда өмірді жан дүниесімен танып сүйетін ерекше сезім күші — ақындық шабыттың болатыны мәлім. Ал шабыт деген не? Шабыт дегеніміз ақын жүрегінің түкпірінен шалқып тасып шыққан ой толқыны, халық өміріне жан-тәнімен берілген махаббаттық сезім. Ой толқыны мен махаббаттық сезім өршіл жігермен ұштасқан, жан жүректі тербейтін көркем лирика арқылы сыртқа шығады. Ақын шабытының жаны лирика, ал лириканың қуаты ақын шабыты. Біздің совет дәуіріндегі ақындардың шабыты социалистік бақытты өмірді шексіз сүйетін отты махаббатпен суарылған. Мұнда елжірей егілген күйрекшіл сезім жоқ. Шат-жігерлі, өршіл сезім күйлері іргелі орын алады. Шат-жігерлілік асқақ романтикаға ұласады. Бұның лирикадағы романтикалы лептен айқын байқалатыны анық. Тайырдың поэзиясында ақын шабыты осы романтикалы лирика арқылы жарқын көрініп тұрады. Ол әрбір жақсы шығармасында өзінің сыршыл жүрегімен сөйлесе біледі. Әрбір лирикасында сұлу сипат, көркем бейне жасауға, ал поэмада алдымен образдың ішкі сезімін беруге көңіл аударады. Ол өзі суреттеген іс-әрекетіндегі қуанышқа қуанып, ренішке ренжіп іштей ой толқынын білдіріп отырады. Тайырдың ақындық шабытының өрісі асқақ романтикамен шешендік толғауларынан айқын байқалады.

«Күн тіл қатты» поэмасында ақын былай жазады:

«Қику салып күзға ұшқан.
Мұздан биік бұлтқа ұшқан,
Бұлттан биік көкке ұшқан
Қарулы қыран кім еді?..

Дулыға сыймас басына,
Асау күн келдім, қасыңа,
Сенен де күшті туғанмын
Советтен ұшқан қыранмын».

Бұл жалынды, жігерлі сөз нөсерімен берілген лирикалы толғау. Мұнда ақын шабыты творчестволық қиялмен ұштасқан. Романтикалы асқақтау шарықтап, ақындық қиял-

дың биік шегіне жетеді. Лирикалы толғауының өрісі кең, үнемі көсіліп шауып, дамып отырады.

Асқақтап өрлеу, шарықтау мотивін берудің маңызы біздің заманымыздағы оптимистік поэзия үшін аса зор. Совет адамдарының күн сайын табиғаттың долы күшін жеңу салтанаты, жігердің үстемдігі, шаттық сезімнің құлпыруы — барлығы поэзиямызға жаңа сарын, күй, романтикалы асқақтау мотивін береді. Бұл мотивтер асқақтаған ақындық көркем образбен суреттелуге тиіс, Тайырдың біз үзінді келтірген өлеңнен сұлу лирика мен асқақтаған романтиканың ұштасып, дәуірдің айбынды, асқақты мотивін қамти жырлағандығын көруге болады.

Соңғы жылдары Тайыр лирикаларының тақырыптық өрісі де кеңейді. Жаңа советтік конституция, еліміздің батыр ұшқыштары, Қызыл Армияның қаһарман жауынгерлері, Коммунистік партия мен Советтік Отан, халықтар достығы, т. б. бүгінгі күннің аса маңызды тақырыптарына жазған өткір саяси лирикалары Тайыр ақындығының кең өрісін байқататыны сөзсіз («Совет сұңқарлары», «Сайрайды қазақ даласы», «Москва», «Жаңа жыл жыры» т. б.).

Ақын творчествосында табиғат лирикасы да кең орын ала бастады. Табиғат лирикасы арқылы автор оқушының туған өлкеге деген сүйіспеншілігін күшейтуге зер салады. Бұл жөнінен ол творчестволық нысанаға көбінесе жетіп отырады. Мәселен, «Жаңа Орда» дейтін өлеңінде ақын халық еңбегімен жаңа өмір жасалып жатқан жаңа өлкенің сұлу бейнесін былай береді:

Жапырақтардың тербелген
Сылдыр сұлу күлкісі.
Сылаң еткен әр жерден
Құмның қызыл түлкісі,
Көкке ұмтыла бойлаған
Құба талы сылдырап,
Асыр салып ойнаған
Құм қояны құлдырап.
Құмға жалғас қыр тұрды
Жоталанып жоғары,
Қырға жалғас құлпырды
Көрікті Орда көгалы.

Көгал көркі қарағай,
Тұрды тәжім еткендей,
Көктің көркін аялай
Бір қуаныш күткендей.
Жасыл көгал көлемі
Күндей күміс дөңгелек.
Көз ұшында күледі,
Айдын көлдей дөңгелеп.

Табиғаттың сыртқы көрінісін мүсіндей суреттеумен бірге ақын сөз образдарын музыкалық жағынан әуезді, үнді қылып беруге назар аударады.

Жапырақтардың тербелген
Сылдыр сұлу күлкісі.
Сылаң еткен әр жерден
Құмның қызыл түлкісі,—

деген сияқты музыкалы сөз ойнақылығы өлеңнің әрі көркемдік қасиетін, әрі сыртқы үнді әсемдік бейнесін күшейтіп тұр. Ойнақы сырнайлы сөз өрнегі арқылы көркем мүсін жасау Тайыр лирикасына тән ерекшеліктің бірі.

Поэзиядағы дыбыс үндестігі (аллитерация, ассонанс, сөз ойнақылығы) әрбір ақынның шеберлігіне қарай бірде жатық болса, бірде жарастық таппайды. Сондай сәтті, сәтсіздіктің екеуі де Тайырда бар. Тайыр кейде өлеңнің сырт құбылысына, жалт-жұлт етпе сөздерге тым әуес. Сырттай жарқылдаған салыстырушылықтың ақыры пікірдің жалаңдығына әкеліп соғады. Тайырдағы асқақтау, еселеу түрінде берілетін көркемдік суреттеу әдістердің сүйсінерлік жағымен бірге ойды күңгірттендіретін, алыс дерексіздікке меңзейтін әлсіздігі және бар. Осы пікіріміздің дұрыс, бұрыстығын салмақтай анықтау үшін соңғы кезде жазған бір-екі мақаламда («Социалистік Қазақстан» 23 май, «Лениншіл жас» 26 май, 1939 жыл) «Отан дауысы» деген толғаудан мысал алып, бір-екі пікірімді тұйық қалдырып едім. Енді оны тағы да келтіріп, ойымызды ортаға салайық.

«Қазақстан кен көзі,
Алтын атқан жер көзі.
Асқар тауы асқарлай.
Асқарын сүйед аспандай,
Асқарын сүйсе аспандай
Айға алтынын шашқандай:
Шалқып жатқан дер кезі.
Кені Алтайдың үзілмей
Күркірей аққан өзендей
Күмісі шаңқан күндіздей
Алтыны шолпан жұлдыздай
Балығы балғын күндыздай.
Колхозы түлік өргізді,
Өзені балғын бал бұлақ
Суына сұлу ай құлап,
Толқынына дамылдап,
Қаздай қалқып мамырлап,
Жүзді, жүзін сабырлап,
Жүзсіз көктің кербезі,

Тек қана жалғыз ай емес
Тек қана жалғыз жан емес
Бақытты Қазақстанға
Таң қалады жер жүзі»

(«Отан дауысы», 55-бет)

Осы өлең жөнінде оқушы жұртшылық тарапынан не қос-тарлық, не сынарлық пікірлер айтыла қоймады. Бұл үзінді өлеңнің іші-сыртына толығырақ, көңіл тоқтатып қарайтын болсақ, сырты сұлу, ақынның түйдегімен төгіп жіберген жыр өрнегі сияқты, ал ішкі пікірі, ыдырап, жайылып кеткен. Ақынның айға арналған бейнелі сөзі арқылы Қазақстан кен байлығы жайында пікір түйінін беремін деп тұрғанын немесе асқар таудың бейнесі арқылы ел байлығы туралы түйінді пікір беремін деп тұрғанын, немесе дала, түн құшағы, өзен, су, балық, қаз сықылды жаратылыс әлемінің сұлулық бейнесі арқылы дарқан өмірдің шаттық бейнесін бергелі тұрғанын айырып алу қиын. Қырық құрау сөз өрнектері, мағынасыз, бос тізбектеле берген. Асқар аспанға өрлесін, сол асқарды ай сүйеді делік, алайда ай мен асқардың сүйісуіне белгілі бір сюжеттік, тақырыптық мотив болу керек емес пе? Ай сүйген асқардың алтынын айға шашқаны да қисынсыз. Күмісті шаңқан күндізге, алтынды шолпан жұлдызына теңеуі де тым жатық емес, дерексіз. Осыдан әрі балық туралы, онан кейінгі жолда төрт түлік мал туралы, онан кейін өзен, сұлу қаз тағы басқалары тізбектеліп кете береді. Міне осындай тізбеден не шықты? Ешқандай бүтін сурет те жоқ, түйінді ой да жоқ, сырттай құлпырған сөз ойнақылығы, сырты сылдыр, іші тұлдыр көркем сөз өрнегінің схемасы ғана. Ойдың жалаңдығына емес, тереңдігіне, мазмұн мен көркемдік өнердің жарастық табуына айналатын творчестволық іздену ақынға аса қажет.

Мұндай кемшіліктерінің төркінін бірқатар сыншылар, ақынның творчестволық кемелдену жолындағы жастығынан емес, ауыз әдебиетіне байланысты дәстүрден іздейді. Халық поэзиясына еліктеуден туған салақтық, олақтық деп қарайды. Бұл мүлде теріс пікір. Халық поэзиясының жақсы дәстүріне байланысты шығармалар әдебиетіміздің таңдаулы үлгісіне жатады. Әңгіме дәстүрде емес, ақындық шеберлікте, творчестволық батыл ізденуде.

Тайыр лирикаларының бүгінгі социалистік өміріміздің сан алуан жаңалығын тебірене жырлаған реалистік сипатын да, көркем әуенді, музыкалы үнді шеберлігін де әңгіме еткенде біз осы лирикасында үнемі бой көрсетіп отыратын

эпикалық жырдың дәстүрі мен өнер үлгісі де мол екендігін ұмытпауымыз керек. Тайыр бұрын-соңғы орыс поэзиясымен байланысты ақындық өнерді игерумен бірге өзінің туып өскен жеріндегі халықтық және жазба поэзияның игі дәстүрінен қол үзген емес. Қайта Батыс Қазақстан топырағында дамып, қалыптасқан батырлар жырының, Махамбеттің шешендік толғауларының дәстүрі ақынға әрдайым елеулі әсер етіп отырғандығын байқаймыз.

«Тасқын» поэмасына байланысты сын мақалаларында (сыншы Д. Николич жолдас т. б.) Тайырдың Пушкинмен үндестігін дұрыс атап көрсетеді. Алайда, сыншылардың көпшілігі ақын поэзиясының өзі өскен ақындық ортамен байланысты ерекшелігін онша ескермейді.

Батырлар жыры, Абыл, Нұрым, Махамбет, Ығылман, Омар ақындардың толғау үлгісімен айтылатын жырлары көбінесе ерлікті, жауынгерлікті ардақтайды. Тіпті батырдың шешендік сөздері де, Құрманғазы күйлері де жорық жырларымен үндесіп жататындығын жақсы білеміз. Аттан сала дүбірлетіп жауға шабу, жортуыл шабысқа салып құйғытып отыру, көркем сөз жүйесін, бүтін өлең құрылысын дәл осы жортуыл жорықтың сарынына салып жазу Қазақстанның батысында туған поэзияның бейне бір көркемдік өрнегіне айналып кеткен. Тайыр поэзиясында осы жортуыл жырының сарыны елеулі орын алады. Мұны ақын поэзиясының міні деп қарау керек емес, қайта бұрынғы әдеби дәстүрден жаңашылыққа көшудің заңды құбылысы деп білуіміз керек. Тайырдың отызыншы жылдардың бас кезінде жазған көптеген толғаулары осы дәстүрде жазылған. Әлбетте бұрынғы дәстүрде жазылған жырдың бәрі бірдей сәтті шыға бермейді (мәселен, «Хан Орда», «Мотор жыры», «Балабас» сияқты толғау жырлары сәтті емес). Ал, ақынның бұрынғы жыр үлгісінің жақсы жақтарымен бүгінгі озық поэзияның үлгісін ұштастыра білген жаңа жырлары үнемі сәтті творчестволық өсудің жаңа белесін танытады. Бұған «Күн тіл қатты» поэмасы үлкен дәлел бола алады.

Тайыр өндіріп поэма жазып жүрген эпик ақындарымыздың бірі дедік. Бірақ, Тайыр қаламынан туған поэмалардың бірталайы әлсіз, схемалық үлгіде жазылғандығын әдебиет сыны жеткілікті айтты. Мәселен «Коммунизм таңында», «Нефтстан», «Балабас», «Колхоз даласында», «Мұз тұтқыны» сияқты поэма, толғаулары өзінің жанрлық, көркемдік сипатына жете алмаған, өмір, факты көрінісін жалаң, үстірт баяндаған схемалық үлгіде жазылған нәрсе-

лер еді. Бұл шығармаларда маңызды тақырып та, өмірлік материал да жеткілікті, бірақ солардың көркемдік шешімі жоқ. Мұнайдың, көмірдің қалай алынатынын, ондағы техникалы еңбектің көрінісін ақынның дыбыс үндестігімен бермек болған талабы да сәтсіздікке ұшырады. Бірақ ақын поэма жазуда ізденуден тоқталмады. Соның нәтижесінде «Күн тіл қатты», «Тасқын» сияқты күрделі поэмалар келіп туды. Идеялық-көркемдік саласы жағынан күрделі поэмалар келіп туды. Идеялық-көркемдік саласы жағынан ақынның аталған екі поэмасы қазақтың қазіргі эпикалық поэзиясына үлкен олжа салған шығармалар.

«Күн тіл қатты» поэмасында ақын совет ұшқыштарының асқан қаһармандық өмірін асқақ шабытпен суреттейді. Поэманың сюжеттік уақиғасы нақты өмірден алынған. 1934 жылы БК(б)П-ның XVII съезі жүріп жатқан уақытта Федосенко, Васенко, Усыскин деген советтің үш ұшқышы стратостатпен аспанға 22 километр биіктікке көтеріліп ұшып, жер жүзінде болмаған рекорд жасады. Дүние жүзі совет ұшқыштарының бұл ғажайып ерлігіне таң қалады. Сол биіктікте тұрып батыр ұшқыштар партия съезіне радиограмма береді. Совет ұшқыштары 22 километр биікке аспандап ұшып, бұлтқа араласады. Сол кезде дем алатын кислород бітеді, аспан дүниесінде алай-түлей боран соғып, ұшқыштары құлап қаза табады. Поэмада сюжеттік екі мотив — ерлік және құрбандық қатар көрінеді.

Совет қырандары күн алдында өздерінің жер дүниесінен келгендігін айтып сөз сөйлейді. Күн: «Менен зор, мықты ешнәрсе дүниеде болған емес, алдымен бас и, бағын, маған жалын» деп, ұшқыштарға әмір береді. Бірақ қаһарман ұшқыштар бас имейді, олар адам баласының ғасырлардан бері қарай табиғаттың асау күшін жеңіп келе жатқан қайратын, ерлігін айтып жігерлене түседі:

Желектей желпіп желінді
Желқомдай жырттым жерінді,
Түбіттей түтіп бұлтыңды,
Таспадай тілдім толқынды...
Қағынды қағып су кылдым,
Суыңды сілкіп бу кылдым:
Түтіннен таң атқыздым,
Жеріме жұлдыз жаққыздым.
Электрден шам жанды,—

деп ақын әсірелеу арқылы заманымыздың жеңімпаз күшін асқақтата жырлайды.

Поэманың осы бөлімінде бір жағы ұшқыш адам, екінші

жағы қаһарлы табиғат құбылысы екі жақ болып аспанда алысады. Ұшқыштардың өміріне төнген қатерлі қауып та ақын назарынан тыс емес.

Ауа жетпей булығып!
Басы айналып, көздері...
Қарайып, талып... өздері...
Үзілді қырлы топшысы!..
Аспанда топшы үзіліп,
Қанаты бұлтқа сызылып...
Алай-түлей көк аспан!
Бұлтты, бұршақ, мұз шашқан!
Бұрканды боран күштісі.
Тас қараңғы табиғат.
Тұңғық терең іші жат,
Ал, бұлқынды, бұрсанды.
Борандатты бұлт қарды...»

Ақын табиғаттың долы құбылыстарын да лирикалы толғаумен түйдектеп суреттейді.

Бірде бұлтқа тығылып,
Бірде қыран шығынып,
Бірде допша домалап,
Бірде бұршақ сабалап,
Ұшқышты естен тандырды!
Кейде тұман тұңғық...
Кейде нөсер күн құйып!
Қараңғы көк алаңын.
Найзағай атып садағын,
Жайдың тасы жайды ұрды...
Көкте бұлт жөңкіліп,
Сеңдей соғып еңтігіп.
Шар қыранға шаттығып:
Таудай толқын қақтығып:
Көк дауылы тауды ұрды.

Аспанға өрлей ұшқан бетінде совет ұшқыштары қандай өктем сөйлесе, енді өлер сағатқа қауыпты кезеңге жеткенде де, олар түптеп келгенде адам табиғатты бағындыратын ұлы сенімді білдіреді.

— Ей, аспан көк, аспан көк!
Тілсіз күшке тосқан көк:
Тоспа тосып — тасбауыр!
Балқыған бізге тас та бір:
Біздің күш қоймас қадалса,
— Ей, тілсіз күн, тілсіз күн,
Дөңгелек бет үнсіз күн,
Қорқытамысың, карайсың?
Қорқа қойман тап онша.

Деп ұшқыштар тіл қатты,
Тұтылып... күрең күн батты.
Тағы да тас... қараңғы...
Тұншығып көкке оранды
Томағалы қыранша.

Осылайша табиғаттың долы күшімен күрес үстінде Совет ұшқыштары мерт болады. Ақын ерліктің мәңгі жасайтынына, совет адамдарының табиғатты жеңетін қаһарман күшіне сенім білдіреді. Поэма жігерлі оптимизмге, қуатты пафосқа толы. «Күн тіл қаттыда» совет дәуірінің батырлықпен алға басқан өскелең, асқақ, батыл жігерлі ой-сезімі, рухы тек шығарманың мазмұны арқылы ғана емес, ақындық образдардың, өлеңнің ырғақ толқындарымен де шебер қамтып берілген.

Поэманы асқақты романтикамен жазылды дедік. Ол қандай романтика? Ол осы замандағы социалистік өмірдің, советтік ғылымның өркендеу нысанасынан туатын асқақты арманның көрінісі. Адам баласы аспан әлемін, басқа планеталарды еркін игеру, соған ұшып жету мақсатын, ай мен жұлдызға, күнге жетіп тілдесуді, табиғаттың не түрлі жасырын сырларын ашып, біліп, адам өміріне бағындыру мақсатын алға қойып жатқан жоқ па? Міне осы ізгі армандарды ойлау, іске асыру талабын жырлаудың өзі қандайлық күшті романтика! Кейбір сыншылар ақынның ұшқыштарды күнмен тілдестірген шартты суреттеу әдісін шындыққа жатпайды деп тұрпайы дау айтады. Шындығында ақынның осылай суреттеуінің өзі үлкен жаңалық, тапқырлық. Оның бержағында ақынның көркемдеп, суреттеу жүйесінде де (тенеу, бейнелеу, метафора, әсірелеу т. б.) бұрын қазақ поэзиясында сирек кездесетін ақындық өнер үлгісі аз емес.

«Күн тіл қатты» поэмасынан кейін Тайыр бірталай өнімді творчестволық жұмыс істеді. Пушкиннің лирикалары мен поэмаларын қазақ тіліне аударуға қатысты. Бірнеше жинақтар мен жаңа поэмалар, жаңа өлеңдер жазды. Сол жаңа шығармаларының ішінде жұртшылық назарын аударған екі еңбегі бар. Бірі Пушкиннің «Кавказ тұтқыны» поэмасын шебер аударуы, екінші сол ұлы Пушкиннен үйрене, үлгі ала отырып («Мыс салт атты» поэмасы) «Тасқын» поэмасын жазуы.

«Тасқын» — қазіргі қазақ поэзиясындағы ірі шығарма. Поэмада ақын бүгінгі өмір, бүгінгі совет жасының іс-әрекетін, жігерлі күресі мен оптимистік трагедиясын кең түрде суреттейді. Ең маңыздысы — қазақ поэзиясында сюжетті

поэма жазып, замандастардың жағымды образын жасауды творчестволық жолмен шешуі де бұл поэманың аса қажет және дер кезінде туғанын көрсетеді. Қазір әдебиетімізде осы поэма жөнінде толып жатқан сын, айтыс пікірлер бар. Тегі түкке тұрмайтын жаман нәрселер қашанда еленбей қала береді, ал сын мен айтыстың үлкен объектісі болудың өзі осы поэманың құндылығын, елеулі шығарма екенін танытса керек. Кейбір сыншылар (мысалы Ш. Өржанов т. б.) бұл шығарманы бастан-аяқ құнсыз зиянды нәрсе деп жазатын болса, ал енді бір сыншы (мысалы Д. Николич) бұл поэма бастан-аяқ мінсіз, қазақ поэзиясының жетер өрісі осы деген қорытынды айтады. Бұл сындардың қай-қайсысы болсын біржақты, поэманы нақты талдай отырып жазылған емес. Сондықтан да оқушы жұртшылыққа түсінікті болу үшін поэмаға талдау жасауды мақұл көрдік.

Поэмаға алдымен біздің де айтар сынымыз бар. Мәселен, шығарманың соңғы бөлімі алғашқы бөліммен салыстырғанда солғын шыққан, өлеңнің көркемдік сөз қолдануында бірқатар ұқыпсыздықтар («мұнартып» «қарайып», «барып», «түйіп», «жиып», «көріп» сияқты ұйқастар), бар. Жамалдың сырт тұлғасын сипаттаудағы:

Ұшқынды нұр алғандай көзі нұрдан,
Жұмбақты ақша жүзді рең сырдан,
Құлынның сауырындай сұлу дене
Құйғандай аппақ жалтыр мрамордан,—

деген көмескі суреттеу ақынның творчестволық мүмкіндігінен әлдеқайда төмен. Онан соңғы жолдардағы ақын суреті де бұлдыр, көркемдік эсер бере қоймайды. Сұлу дене құлынның сауырындай ма, жоқ мрамордан құйған тастай ма? Ол да бізге күңгірт. Біз ақын поэмасындағы ұшырасатын осындай жеке кемшіліктерді алдын ала ескерте отырып, бұл шығарманың бүгінгі қазақ поэзиясындағы елеулі табыс екенін айтқымыз келеді.

Ақын поэмасын «Тасқын» деп атаған. Мұның да үлкен мәні бар. Кешегі тасқын кезінде талқан болған Алматы бүгінде республика астанасына айналып, жаңарып, қайта салынып құлпырып келеді. Кешегі тасқын кезінде бақытсыздыққа ұшыраған жастар бүгін ер жетіп, осы сәнді, салтанатты астананың қажырлы құрылысшысы болып, саналы еңбек үстінде бақыт пен махаббат жолында күресуде. Поэманың негізгі идеялық түйіні осында. Бұл поэмада ақын совет интеллигентінің әлеуметтік және жекелік өмірін алып көрсетеді. Нақтылы кейіпкерлердің өмірімен

байланысты Қазақстан астанасы Алматы қаласының 1921 жылы тасқын басқанда қирап бүлінген бейнесі мен совет өкіметі жылдары гүлденіп, құлпырып өскен жаңа бейнесін салыстырып суреттейді.

«Тасқын» поэмасында үш бөлім бар. Бірінші бөлімде Алматы қаласының 1921 жылғы тасқынға ұшырап, қирағаны, осы тасқын кезінде шешесі өліп жетім қалған Қайсардың аянышты халі суреттеледі. Екінші бөлімде тасқын кезінде жетім қалған Қайсар мен Жамалдың детдомға алынып, совет өкіметінің қамқорлығына бөленуі, мектепте оқығаны, Қайсардың Москвада жоғары оқу орынын бітіріп, инженер болып Алматыға келгені көрсетілсді. Үшінші бөлімде Қайсар мен Жамалдың жаңа мамандық қызметі, екеуінің махаббаты, қосылғаны, жау Ордабаевтың қолынан Жамалдың қапылыста қаза тапқаны суреттеледі. Поэмада басты үш кейіпкер бар. Қайсар, Жамал — жағымды кейіпкерлер, Ордабаев — жағымсыз кейіпкер. Поэmanın алғашқы бөлімінде ақын жағымды кейіпкерлерін табиғат апатынан қорғану жағдайында алып көрсетсе, соңғы бөлімдерінде жаңа құрылыс үшін күрес үстінде көрсетеді.

«Тасқын» поэмасынан айқын бейнеленген адам образдарын көреміз. Ақын шығармасының бас кейіпкері — Қайсар. Жас күнінде әке-шешесі өліп жетім қалған ол, Совет өкіметінің, коммунистік партияның қамқорлығына бөленіп, бақытты өмірге қолы жетеді. Әуелі орта мектепте, кейін жоғары оқу орынын оқып, құрылысшы инженер болып шығады. Алматы қаласының ірі құрылыстарын басқарады. Жұмысшылардың тәжірибелеріне өзінің ғылымдық әдістерін ұштастыра отырып, ескішіл Ордабаевқа қарсы күреседі.

Поэмадағы Қайсар жас күнінен тұрмыстың ащы-тұщы тәжірибесін көрген, оқи, өсе келе ақылды, сезімді болып ер жетеді. Ақын Қайсардың балалық шағының, шәкірттік шағының, инженер болып қайтқан шағының мінездерін, әрекетін ерекше бөліп суреттейді.

Қайсар бала кезінде табиғат апатына тап болып, анасынан айырылады. Жетім болып, панасыз қаңғырып қалады. Бас кейіпкерді бақытсыздыққа душар еткен тасқынның аса қорқынышты, қауыпты апат екенін, тасқын кезіндегі қатты күйзелушілікке ұшыраған халдерді ақын айырықша көркемдікпен сипаттайды.

Алатау сілкінгендей сүрілдеді.
Күркіреп күндей күшті күрілдеді...
Кенеттен көкке сермей көбік шашып,

Ашулы толқын мен тас араласып,
Бұрқырап судан боран сапырылып,
Лап қойды қалаға жол бұзып-жарып.

Орғып су мың бүктеліп, тоқсан толқып
Талқандап көпірлерді қамал қырқып,
Тастарды мың жасаған мөңкіткендей
Лақтырды допша қағып жұлқып-жұлқып.

Арынын асау тасқын арқыратып,
Майданда мың кылышты жарқылдатып,
Аттана шапқан жойқын қалың қолдай,
Ақырын қамалды алды толқындатып!

Қопарып талай биік бәйтеректі,
Суырып тамырымен жығып кетті,
Бір үйді допша қағып бір үйге ұрып,
Құл-талқан дуалдарын быт-шыт етті.

Бұл тасқын басқан қаланың жалпы бейнесі. Ақын мұнымен өте шықпай, тасқын кезіндегі кейіпкерлерінің тағдырына айналып оралады. Олардың аянышты халін нақты көрсетеді. Таң ата Қайсар мен анасы «Күркіреп үйге кіріп келе жатқан» асау толқыннан қашып шығады. Бірақ, барар жер, басар тауы қалмайды, барлық жерді тасқын селі басып кеткен:

Ел қайда қашқанменен таба алмады,
Тасқын тез алды-артынан айналады,
Алдында көздерінің елестеген
Секілді ажал оғы жалаңдады.

Екінші тасқынмен тас араласып,
Жұмғанша-ақ түтеп кетті көзін ашып.
Жүргенде алас-қапас жан ұшырып
Жалтарды анасынан бала адасып.

Анадан бала айырылып, үрейі ұшып, қашқан бетімен кете барады. Ана жойқын тасқыннан қаза табады.

Қайсар шешесі өлгеннен кейін көшеде үйсіз-күйсіз қаңғырып қалады. Сол кезде Қайсар Жамал деген жетім қызбен кездеседі. Қайсар мен Жамал көшеде қорғансыз жүргенде балалар үйіне алынады.

Қайсар көп жылдар Москвада оқуда болып, баяғы тасқыннан кейін көрмеген қаласы — Алматыға 1936—37 жылдары қайтып келеді. Советтік құрылыстың арқасында құлпырып өскен, жайнаған жаңа қаланы көреді. Ер жетіп адам болған өз өмірінің қуанышы қандай зор болса, мына сықылды зәулім биік, әдемі үйлермен жайнап кеткен бүгінгі Алматыны көргенде қуанышы әлдеқайда тасып кетеді.

Қайсар машинамен Алматы көшесімен келе жатқанда сұлу, сәнді қаланың бейнесі көз алдынан тізбектеліп өтіп жатады.

Әдемі салған мектеп үйлер қандай,
Жарқырап электр шам туған айдай,
Таласып қара бұлтпен қабат-қабат
Айбарлы үйлер тұрды Алматыдай.

Қаулаған биік үйлер тау секілді,
Қайсарға көрінді шын жар секілді,
Ауаны айырғандай радио
Сайрайды, үйлерде күй бар секілді...

Таласып биік үйлер аспан көкпен,
Секілді сұңғақ бойы бұлтқа жеткен,
Құлдырап, зымыраумен Фурмановтың
Түскенде көшесіне қызық неткен!

Осындай қызықты әсем дүниенің құрылысын мұнан әрі өркендетуді Қайсар қолына алады.

Поэмадағы Қайсар құрылыс инженері, советтік жаңа өмірдің адамы, халықтың жас интеллигенті. Қайсар үлкен құрылыс үйлерінің жоспарын қолға алып, тамаша жақсы үйлерді салдыра бастайды. Ол жұмысшылармен де, партия ұйымдарымен де тығыз байланысты жұмыс істейді. Бірақ бұған инженер Ордабаев бөгет жасайды. Қайсар Ордабаевтың жоспарындағы қате мен кемшіліктерді ашып, өзінің дұрыс жоспарын іске асыру үшін күреседі.

Қайсар Алматыда бұрынғы бала күнгі досы Жамалды табады, екеуі қосылады. Бірақ, жұмыс үстінде айтысып, тартысып жүрген және Жамалда көңілі бар Ордабаев жанжал үстінде Жамалды қанжар салып өлтіреді. Қайсар сүйген жарынан айырылып қатты күйінеді, әлеумет өміріндегі қас адамы енді оның жеке махаббатына да суық қолын сұқты. Сүйген жарына қастық еткен Ордабаевқа Қайсардың өшпенділігі күшейе түседі, қайғы орнына ашулы қайратқа мінеді.

Қайсар — біздің өміріміздің шындығынан алынған типті образ. Кешегі жетімнің, кешегі күн, құлдардың талайы оқып, адам болып, жоғары дәрежелі білім алып, ғылым, өнер, мәдениет, техника саласында, мемлекет басқаруда істеп жүргендері өте көп. Бұл біздің советтік дәуіріміздің ежелгі салтына айналған шындық. Поэмадағы Қайсар образы сол шындықтан алынған.

«Тасқын» поэмасындағы екінші ұнамды кейіпкер — Жамал. Жамал да әке-шешесі өліп, жастайынан көңіліне

қаяу, мұнды ой түскен жетім қыз. Бұл да балалар үйінде оқиды, онан жоғары дәрежелі инженерлік институтты бітіріп, Алматы қатнас бөлімінде істейді. Ақын Жамалдың әлеумет өміріндегі ісін, әрекетін Қайсар сияқты егжей-тегжейіне дейін, тоқталып көрсетпеген. Жамалдың образын көбінесе сұлулығы, Қайсармен арасындағы достық, махаббат сезімі арқылы суреттеген. Қатнас үйінде телеграф, телефонның техникалық процесін басқарып отырған Жамалдың сыртқы келбетін ақын былай береді:

Құл қылып табиғаттың жібек желін,
Адамның ауа арқылы сөйлегенін.
Жеткізіп бір-біріне отыр сұлу
Иіліп қынамалы қыпша белін.

Жаутандап қара көзі күлімдеген,
Алайда, жеңілдігі білінбеген...

Поэмадағы Жамал ақылды, байсалды қыз. Ол Қайсарды сүйеді, көп жылдан бері көрмеген Қайсарға бірінші жолыққанда ол ішкі сезімін, ой толқынын былай білдіреді:

Ақ беті шоқтай жанып реңінде
Бір жұмбақ шешілгендей жүрегінде,
Албырап құшақ жайып қуанғаннан
Білместен жыларын да, күлерін де.

Жамал мен Қайсардың арасындағы сүйіспеншілік, достық сезімдерді ақын поэмада недәуір көркемдеп бейнелейді. Бірақ, екі жастың махаббат өмірі үлкен бөгетке ұшырайды. Ақынның Жамалды мұратына оп-оңай жеткізе салмай, қапылыс өлімге душар еткізуі бұл образдың сипатын күшейтіп, әсерлі етіп көп ажарландырған.

Жағымсыз образ Ордабаевтың бейнесі іс, әрекет жағынан айқын берілгенмен, мінездеу, сипаттау, типін жасау жағынан елеулі кемшіліктері бар. Ордабаев поэмада бірден ақылсыз, аусар, маскүнем, ақымақ, қызға орынсыз байланысатын бұзақы адам бейнесінде көрсетіледі. Ақын Ордабаевтың жағымсыз образын өзінің ішкі қайшылығымен суреттемейді, бір қырымен ғана (статикалық пішінде) көрсетеді. Ордабаев залым, пасық, маскүнем дейік, алайда ол да адам: инженер адамға тән мінез, белгілі дәрежеде, ақыл, білім оның бейнесінен табылу қажет емес пе? Жағымсыз кейіпкерді тек жеңіл ойлы, ұшқалақ, алаңғасар, әулекі бейнесінде алғаннан кейін оған қарсы қажырлы күресудің қажеті болмай шығады. Қайта оның мақсатына берік, тіс қаққан жырынды, ойының қалтарыс, қоймалары

бар мінез-құлқынан елес беріп отырса, бұл образ айқындала түсер еді.

Шығарма зеңгер таудың бауырында, бау-бақшалы, ағынды суы мол Алматы сияқты көрікті қала туралы, тасқын туралы болғандықтан да поэмада көрікті қала, өмір, адам бейнелері әр алуан тапқыр шеберлікпен суреттеледі.

Тайырдың әдебиетке келгеніне он жылдан асты. Осы уақыттың ішінде ол қазақ совет әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосты. Асқақ шабыттың, әсем, қанатты поэзияның жалынды таланты Тайыр өзінің аз уақытта ақындық жолының сәтті нәтижелерін дамыта, толықтыра отырып, ал сәтсіздіктерінен тиісті сабақ ала отырып үздіксіз өсіп келе жатқан ақын. Қысқа бір мақаланың көлемінде көрнекті ақын творчествосының ой-қырын түгел аралап түсу қиын, ол кең айтылатын көлемді әдеби зерттеудің міндетіне жатады. Алайда біз өзіміз байқап, сезінген ақын поэзиясындағы сәтті, сәтсіз адымдар туралы ойларымыз бен сындарымызды ортаға салып, оқушы жұртшылықпен кеңесіп отырмыз. Қазір Сәбит, Тайыр, Әбділда, Асқар, Жақан, Ғали, Жұмағали сияқты ақындарымыздың таланты жайында жалпы әңгіме айтудың орнына, осы таланттың өрісіндегі шығармаларға нақты тоқталуымыз керек. Біз Тайыр шығармаларына осы тұрғыдан талдау жасап, өз пікіріміз бен ойымызды айттық. Біздің сынымыз бен пікіріміздің дұрыс-бұрыстығына әділ төресі — оқушы жұртшылықтың өзі.

1939.

ЖҰМАҒАЛИ САИН

(ӨМІРІ МЕН ПОЭЗИЯСЫ ТУРАЛЫ)

Жалын сөзді, асқақ үнді, көрнекті ақын, қоғам қайраткері — азамат, қазақ совет поэзиясына ат салысушылардың бірі Жұмағали Саинның өмірі мен ақындық өсу жолдары біздің әдебиет пен оқырмандар жұртшылығын әр мезгіл қызықтырып отырды. Өйткені республика халқына, бүкіл одақтық әдебиет қауымына талантты шығармаларымен белгілі Жұмағалидың ақындық, азаматтық өмірі туралы тарихи әдебиеттік деректер мен ойлар бұл күнге дейін жеткілікті айтылған жоқ, оны жан-жақты толықтыра жазу алдағы күннің міндеті.

1

Жұмағали Саин 1912 жылы бұрынғы. Ақмола облысы, Көкшетау уезі, Жыланды болысы, жетінші ауылда (қазіргі Көкшетау облысы Арықбалық ауданы) Қызылағаш деген таудың етегінде Қопа көлінің жағасында кедей шаруаның семьясында туған. Қамысты, құрақты, сұлу Қопа көлі, Көкшетау қаласының күнбатысында тоқсан шақырымдай жерде, қазір ол араға «Искра» атты колхоз орнаған. Жұмағалидың ағайын туыстары осында. Таулы, өзенді, көлді, орманды, бұл көрікті жерде егіншілік кәсібі де, мал өсіру кәсібі де кең өріс алған. Жалпы Көкшетау аймағына тән сұлулық пен құнарлы жер байлығы мұнда да мол. Ақын «Ойлаймын бала кезімді» дейтін өлеңінде:

Орманның жасыл жапырағын
Аялап талай тарадым.
Мөп-мөлдір бұлтсыз түндерде,
Жұлдызды қанша санадым.
Қопаны кездім, су кештім,
Шулады маған құрақтар.
Еншісі дала елде өстім,
Алдымда жатты бұлақтар.
Айдында аққу ән қосты
Етекте жырлап үйрек қаз.

деп, сол туған жерінің көркін әңгімелейді.

Жұмағалидың ұлы атасы Тілеуберді мен Тілеумағамбет екеуі бірге туған. Тілеумағамбеттен Ысқақ, Мұстапа, Тілепалды атты үш ұл туған. Мұстападан туған Иса ауыл арасында өлең жырға жүйрік шебер. айтқыш, әнші, домбырашы ақын болыпты. Жақыптан туған қыз Зада қазір жасы 59-да Алматыда тұрады. Жұмағалидың бала кезінен бері қарай, жақын араласқаны осы Зада Жақыпқызы Биттеваның семьясы.

Тілеубердіден Сыздық, Сая атты екі ұл туады. Тілеуберді қартайып 60-тың ішіне келіп өлсе керек. Ал, Сая жастайынан өз еңбегімен күн көрген еті тірі кедей болса да, астындағы жалғыз атын, үстіндегі киімін баптап ұстап, қатарлы тең құрбысынан кем жүріп тұрмаған. Заданың айтуына қарағанда Сая ауыл арасында сері атанған. Бір бет, туралыққа келгенде ешкімге бас иіп жалпақтамайтын, тәкаппар мінезді, турашыл да өжет болса керек. Бұл да немере ағасы, Иса сияқты домбыра тартып, өлең айтуға әуес болыпты.

Жұмағалидың шешесі Бәдіғұл, Қарауыл ішінде Ораз деген елдің қызы. Бұл ауыл да (шешесінің ауылы), Жұмағалидың өз ауылы да, Көкшетаудың атақты Біржан, Ақан сері, Орынбай, Ыбырай, Тезекбай, Балуан Шолақ сияқты әнші ақындарының өнер, үлгісі көп жайылып, орын тепкен ортасы. Сондықтан да ауылдың әрбір жасы домбыра тартып, өлең айтуы, шырқап ән салуы, белгілі бір салтқа айналған.

Жұмағалидың немере апасы Зада айтады: «Саядан туған үш ұл (Жұмағали, Қайыржан, Мырзаш) мен екі қыз (Шынар мен Күлән)). Күлән мен Шынар да жас кезінде жақсы әнші болды. Жұмағалидың әншілігін өздерің білесіңдер әйтеуір, бала кезінде әнді жақсы айтушы еді, жазуға айналған соң оны қойып кетті ғой.

Иса деген әнші, ақын ағамыз хат таныған кісі еді. Бұрынғы қиссаларды,—«Қыз Жібекті», Абайдың, Ақан мен Ыбырайдың әндерін жатқа да, қағаздан оқып та айтатын еді. Жастардың барлығы да Исаның өнеріне құмар болатын. Сол көптің ішінде Жұмағали да бала күннен Исаның өлең жырларын тындап жүргенін жақсы білемін. Ал атақты әнші ақын Ыбырайдың, мен өзім жасымнан білетінмін, марқұм Ыбекөңнің әсерлі әні мен өлең сөзін талай-талай құмарта тындағаным бар еді.

Кейін жолдасым (Бекжан Биттеев) Көкшетау қаласында қызметкер болып тұрғанда, Ыбырай біздің үйдің сүйікті қонақтарының бірі болды. Сан рет сауық құрып, мәжілісті думандатып, өлең мен әңгімені бірдей үйіп-төгіп айтып, үйімізді театрға айналдырып жібергендей болушы еді, жарықтық. Тегі Ыбырайдай өнерлі ақынды көрген емеспін. Міне, Жұмағали Ыбырайдың ел ішінде де, және біздің үйден де сан рет көріп, қызыға тындап жүргені есімде. Ал, оның Ыбырай мен Исадан қандай өнер үйреніп қалғанын қайдан білейін, әйтеуір бұл да өлеңге құмар болды ғой».

Заданың бұл айтқандары Жұмағалидың жас кезінде қандайлық ақындық ортада өлеңге бейім болып өскендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмағалидың балалық өмірі де өте қатал жағдайда өткен. Төрт жасында әкеден, бес жасында шешесінен жетім қалып, Саямен бірге туысқан Сыздықтың қолында қалады. Алайда Сыздықтың үйі өзінің туған әке-шешесінің құшағындағы жылы ұя бола алмайды. Өгей шешеден көрген қағажу, ата-анасын жоқтап зарлау, әркімнің жұмысын істеп, кім көрінгеннің қас-қабағына қарап, жалпақтау, жетімділік, жоқшылық зардабын тарту болашақ ақынның рухани дүниесінде ең ауыр із қалдырды. Оны жоғарыда айтылған «Ойлаймын, бала кезімді», және басқа өлеңдерінде ауыр жан толғанысымен еске түсіріп баяндайды.

«Анасы сүйген баланы,
Көргенде жасым парлады,
Қақсадым жандай жаралы,
Жүрегім мұңды зарлады.
Еңредім де егілдім,
Анам қайда дедім мен,
Жас қабырғам сөгілдің,
Панам қайда дедім мен.
Жалғыз-ақ жазғы даладан,
Қуаныш таптым, сыр таптым.
Көкірегімді қападан,
Қайғыны сонда шырқаттым».

Ақын өз жырлары арқылы ішкі сырларын баяндайды десек, Жұмағали да өзінің лирикаларында балалық шақтарынан бастап өмірінің бар кезеңінен осылайша айқын елес береді.

Жұмағали жетімдік, жоқшылық ауыр азаптан 1923 жылы құтылады. Ол Көкшетау қаласында балалар коммунасына алынып, орта мектепті осы қалада бітіреді. Әуелі

пионер ұйымында, 1928 жылдан комсомол қатарында тәрбиеленеді.

Балалар коммунасына келгенге дейін ауылдағы бастауыш мектепте Қасым деген мұғалімнен бір-екі жыл оқыған көрінеді. Бірақ Көкшетау қаласына келген соң ғана тұрақты білімі де, қоғамдық өмірге араласуы да, көркем өнерге құмарлығы да, белгілі бір жүйелі арнаға түседі.

Мен 1926 жылдың күзінде осы балалар үйіне келіп түскенде Жұмағали Көкшетауда оқитын орта мектеп балаларының ең алды, ең алғыры екен. Сабакқа зерек, әдебиетке, әсіресе өлең, әнге, әңгімеге өте құмар, қоғамдық жұмысқа ынталы, жолдастық қарым-қатынаста өте әділ, бір айтқаннан қайтпайтын табанды Жұмағалиды мектеп балалары аса қадірлейді екен.

Сол кезде Жұмағали пионер ұйымын басқарады, әрі қабырға газетінің редакторы. Ойын, сауық кештері де Жұмағалидың басқаруымен өтеді. Тіпті жасы ересек балалар да Жұмағалидың айтқанын екі қылмайды. Қабырға газеті шыққан сайын, оның бір өлеңі басылмай қоймайды. Жұмағали сол кезде шығып тұратын қазақ тіліндегі газет журналдардың бірде бірін қалдырмай оқитын. Абай, Сәкен, Бейімбет, Сәбит өлеңдерінің көбін жатқа білетін. «Тар жол, тайғақ кешу» романы басылып келгенде Жұмағали комсомол жиналысында сөз сөйлеп, біздің үлгі алып тәрбиеленетін осындай кітаптарды бәрің бірдей оқындар деп ақыл айтқаны бар-ды. Интернат жатақханасында тұрғанымызда Жұмағали өзімен жататын балалардың әр қайсысына бір-бір ертегі, не бір-бір қызықты жыр айтып беруді міндеттейтін. Ол міндетті орындамағандарға сын айтатын. Бізбен бірге оқитын Оспан деген бала екеуіміз, әрқашан кезегіміз келгенде, өзіміз бұрыннан білетін ертегі-жырларды тез айтып беріп, құтылатын едік. Сол себепті мен Жұмағалимен өте жақын дос болып кеттім. Өлең-жырға құмарлық, әуестік талабымыз да бір-бірімізді ұзақ жылдар бойы айнымайтын дос қылып жіберген-ді.

Ол кезде біз басылып келген шығармаларды сын көзімен қарап, оқу дегенді білмейміз. Барлығын да қызыға оқып, қомағайлықпен қабылдай беретінбіз. Дегенмен Абайдың әнмен айтылатын өлеңдерін, Сәкеннің революцияшыл марш өлеңдерін, Бейімбеттің «Мырқымбай» туралы жырларын, Жақан өлеңдерін қызыға оқитынбыз.

Жұмағалидың ең алғашқы «Тазаланған төре» деген сатиралық өлеңі 1928 жылы Қызылжар қаласындағы «Бостандық туы» газетінде жарияланды. Содан былай қарай

шығармалары республиканың баспасөз бетінде үздіксіз жарияланып отырды.

Жұмағалидың және онымен бірге оқитын кейбір жастардың, әдебиет пен өнерге әуестенуіне, сол кездегі белгілі оқытушы Ыдырыс Уәлиханов үлкен ықпал жасады. Ыдырыс Шоқан Уәлихановтың ұрпағынан шыққан. Бұрынды-сонды әдебиеті жүйрік білетін балаларға ойдан шығарма жаздыруға тәжірибесі мол, қазақтың тіліне ұста, мінезі байсалды, ақылды адам еді. Және балалар коммунасының директоры Рақымжанов та сол кездегі орыс-қазақ әдебиетін жүйрік білетін, сол білгендерін бізге мезгіл-мезгіл әңгімелеп айтып отыратын. Ыдырыс екеуі де Жұмағалидың әрбір жаңа өлеңдерін ықыласпен оқып, тыңдап, өздерінің сындары мен тілектерін айтып отыратын. Бұл жайлар да Жұмағали ақындығының алғашқы ұшқындары тұтануына себепкердің бірі екендігінде дау жоқ.

1928—31 жылдар арасында Жұмағали Қөкшетау ауданында ауылдық мектепте мұғалім болып істейді. Ол комсомолдың белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде ауылда жүргізілген саяси науқандарға, тап тартыстарына жігерлі түрде араласады. Жұмағалидың балалар үйінде жүріп жаза бастаған өлеңдері, және осы белсенді комсомол — мұғалім болып жүрген кезде жазған өлеңдері бірнеше дәптер болатын. Олардың бірлі-жарымы ғана «Бостандық туы» мен Қөкшетау қаласындағы «Колхоз жолы» газетінде жарияланды. Бірақ, ол дәптерлері ақынның үйіндегі қолжазбаларында сақталмапты. Ол кезде жазған өлеңдерінің ішінде жастық, достық, өмірге байланысты жай-күйлер де, әзіл, қалжың өлеңдер де қызық еді.

— Баяғы дәптерің қайда?— деп кейін сұрағанымда, Жұмағали «Оның саған не керегі бар, сендер бүгінгі ақындарды өлгеннен кейін зерттейтін едіңдер ғой»— деп, маған таңдана қарап, сол дәптерлерінің жоғалғандығын аңғартты. Және ол дәптерді оншама бір құнды қазна еді ғой деп өкіне қойған жоқ.

1931 жылы Жұмағали Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтына түсті. Осы жолы Жұмағали өзінің бірталай жаңа өлеңдерін Алматыдағы белгілі ақын-жазушылардың сынына салды. Тұңғыш рет профессионал әдебиетшілердің ортасында болып бірталай өнеге, үлгі алады. «Толғау» дейтін ұзақ жыры «Әдебиет майданы» журналында жарияланады. Алайда Жұмағали Алматыда ұзақ уақыт қала алмайды. Денсаулығы жарамай институттың бірінші курсы бітіргеннен кейін Қарсақ-

пайға барып, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі және оқытушы болып, 1934 жылға дейін істейді. Жұмағали бұл кездерде өз бетімен білімін молайтып, оқу, үйрену, іздену, жазудан ешбір тоқталған емес. Оның осы кезде жазған бірқатар өлеңдері Қарсақпайда шығатын «Қызыл кенші» газетінде және республикалық газеттерде жарияланады.

Сөйтіп Жұмағалидың алғашқы оқу, әлеумет ісіне араласуы, іздену, әуестену дәуірі осымен аяқталады. Ол 1934 жылы июнь айында Алматыға қайта оралады. Әуелі «Лениншіл жас» газетінің редакциясында (1934—1937 жылдар) онан кейін Қазақстан көркем әдебиет баспасында (1937—1941 жылдары) істейді және Қазақстан жазушылар одағында жастар және балалар әдебиеті бөлімін басқарады. Бұл Жұмағали ақындығының жаңа маңызды дәуірі еді. Енді оның оқу, үйрену жұмысы да, ақындық творчестволық жұмысы да белгілі бір жүйеге түсіп, қалыптасады. Жұмағали көп оқып, көп жазды, досы да, ұстазы да, білімі де көбейді.

Комсомол газетінің редакциясында, көркем әдебиет баспасы мен жазушылар одағында қызмет істеу, белгілі ақын-жазушылардың творчестволық ортасында жақын араласу Жұмағалиға идеялық-творчестволық жағынан өсудің үлкен мектебі сияқты еді. Әсіресе отызыншы жылдардың орта кезінде әдебиетке деген талап пен талғамның артуы, қазақ әдебиетінде Сәкеннің, Илиястың, Сәбиттің, Тайыр, Әбділданың жаңа күрделі шығармалары жариялануы, қазақ совет әдебиетінің проза, драматургия — жанры қалыптаса бастауы, әдебиет сыны мен теориялық мәселелері үлкен принциптік ғылыми айтыс дәрежесіне көтеріліп, кең талқылануы — барлығы да Жұмағалиға ақындық нәр, білім алатын жаңа қызықты өнер дүниесі еді.

Оның бер жағында Жұмағали өз бетімен орыс әдебиетінің үлгілерін де тереңдей, ішіне кіре, нәр ала оқиды. Жұмағали орыстың сол күнгі совет ақындарының көпшілігін, әсіресе комсомол ақындарын ынталана оқып, өзінің бірталай өлеңдерін А. Безумянский, А. Жаров, Е. Долматовский, А. Сурков тағы басқаларының әсерімен жазады. Соғыстан кейін өзінің ақындық есебі туралы жазушылар одағында жасаған бір баяндамасында, «алда кетіп бара жатқан ақындық өнерлерді жүрекпен ұғындық, Демьян Бедный, Безумянский, Маяковский жырларына құлақ түре алға бастық, Пушкин мен Маяковский бәріміздің ұстазымыз» деген пікірді айтады. 1936 жылы Сәкенге арналған

бір өлеңінде өзінің ең ардақты, жастайынан ақындық нәр алған досы екендігін сүйіспеншілікпен тағы ескертеді.

Жұмағалидың осы кезде жазған өлеңдерінде орыс поэзиясымен қатар Сәкеннің де, Ілиястың да, Сәбиттің де ақындық өнерлері, сондай-ақ жастайынан жыр бесігіндей көркемдік қиялын тербеткен халық поэзиясы да өзіне үнемі ілесіп, ықпал жасап, нәр алатын дүниесі болып отырғандығы бізге белгілі жәй сияқты еді. Сөйтіп ақынның қоғамдық, эстетикалық ой дүниесі өсіп, қалыптаса береді.

Жарияланған кейбір мақалаларында, қолжазбаларында, сөйлеген сөздерінде қазіргі поэзияға, өз шығармасына деген талап-талғамды айтып отырады. «Адам алуан ойдың иесі,— дейді дәптердің бірінде,— оның табиғаттан да, еңбектен де, өз ара қатнастан да алатын әсерлері орасан әр жақты, соны сен ақын тілімен, ақын жүрегімен айтып беруің керек... Ақын тек шебер тілдің ғана емес, нәзік, ыстық жүректің иесі. Өмірдің ішіне кірмеу дегеннің мағынасы — өмірді теріс баяндаумен қатар салқын, қысыр сөйлеу емес пе? Қай тақырыпты болсын шама келгенше жылы баяндау, махаббатпен, әнмен жырлау, адамның жан сезіміне тиіп сипаттау — міне ішіне кіру дегеннің мағынасы осы ма деймін. Достық — жаңа тақырып. Бұл коммунизм орнағанға дейін, одан кейін де жырлана беретін тақырыптардың бірі. Гүл, ай, күн, адам баласын қоршап тұрған ақиқаттың бірі емес пе? Бұларды поэзиядан мүлде алып тастау керек деген пікірге қосылуға болмайды». Мұндай талғампаз ойлары сөз жоқ, өзінің поэзиясында іске асып отырды. Әлбетте, біз Жұмағалидың сыншылдық ойларының бәрі бірдей мінсіз қағида еді деуден аулақпыз, бүгінгі әдебиет, жаңа шығармалар туралы сындарының ішінде даулы, бір жақты, артық, кем айтқандары да кездеседі. Оның өзі де қазақ әдебиетіндегі сыншылдық ойлардың қиын асулы жолдарына байланысты еді.

Жұмағали ақындығының ендігі бір таусылмас қайнар көзі — комсомол жастардың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты болуы. Ол өлкелік комсомол комитетінің тапсыруымен Қазақстанның талай алыс аудандарын, колхоз-совхоздарын, өндіріс орталықтарын аралап қайтып, комсомол жастардың өндірістік, қоғамдық, мәдениеттік өмірімен біте қайнасып, араласып отырды. Ал, Алматы қаласындағы оқушы жастар арасында, мәдениет қызметкерлері арасында нағыз әлеуметшіл, комсомолдық ар-ұжданды берік ұстайтын, қажырлы комсомол қайраткерлері болып қызмет істеді. Газет пен баспа және жазушылар одағымен

байланысты жас таланттарды Жұмағали сезімтал, алғыр талабымен, ұымдастырғыш қабілетімен өзінің төңірегіне топтастыра білді. Міне, осы кезде Жұмағалидың ақындығы да, азаматтық бейнесі де астана жұртшылығына бірден танылған еді. Ақынның 1934—35 жылдары жазған «Айбала», «Екі түн», «Пилот сыры» атты поэмалары мен көптеген лирикалары әдебиет жұртшылығының назарын аударды. 1936 жылы жарияланған «Бақыт жыры» атты тұңғыш өлеңдер жинағына Жұмағали талантын зор үмітпен бағаланған кіріспе сөзді Ілияс Жансүгіров жазды. Жұмағалидың ақындығына осы кездегі әдебиет сыны да жоғары баға берді. Жұмағалидың әдебиет майданындағы жақын, сырлас достары (Дихан Әбілев, Абдолла Жұмағалиев, Әбікен Жанұзақов, Саттар Ерубаяев, Несіпбай Манашов, Қапан Сатыбалдин, Қалижан Бекхожин, Әлжаппар Әбішев, Зейін Шашкин және басқалары) осы тұстағы кезекті творчестволық мәселелерді шешуге келгенде бір-бірімен пікірлес болып отырды. Әдебиетке өзінен бұрын келген Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Жақан Сыздықов, Шахмет Құсайынов, Дмитрий Снегин, Ғабдол Сланов, Әбу Сәрсенбаев және басқа бір топ ақын-жазушылардың да ақыл-кеңестерін ықыласпен қабыл алатын. Соғыстың алдында және соғыстан кейінгі дәуірде де ақын-жазушылардың кейде бір-бірімен өзара достық қарым-қатнасы қиындап, бір-бірімен ұсақ, принципшіл айтысқа түскен кездерінде де Жұмағали өзінің азаматтық адамгершілік ар-ұжданына ғана бағынып, олардың екі жағына да бұра тартпай, әділдікті батыл айтуға тырысатын еді. Сондықтан да Жұмағалиды бәрі де сыйлайтын, бәрі де тыңдайтын.

Жұмағали отызыншы жылдардың орта кезінен бері қарай тез өсіп, қазақ әдебиетінің жаңа қаулап өсіп келе жатқан талапты ақындарының алдыңғы қатарынан орын алады. 1938 жылы оның «Айқас» атты өлең-поэмаларының жинағы жарияланды. 1940 жылы Жұмағали көптеген талантты, ойлы лирикалармен қатар өзінің творчестволық өміріне үлкен қорытынды болатындай, «Күләнда» поэмасын жазады. Міне осы кезде Жұмағалидың творчестволық өмірінде қандайлық өрлеу болса, оның қоғамдық, семьялық өмірінде де үлкен өзгеріс болады. 1940 жылы Коммунистік партияның қатарына өтеді. Осымен қатар ақын 1939 жылы Екатерина Михайловнамен (Катямен) танысып соған үйленеді. Катя техникумды бітіріп, орта дәрежелі білім алған. Өте момын жұмыскер Михаил Петрович Анто-

шенконың қызы. Михаил Петровичтің төрт қызы, екі ұлы болған. Барлығы да Алматы қаласында тұратын. Тұрмысы да, тіршілігі де, рухани өмірі тату-тәтті жұпыны адал жандар. Осы семьямен Жұмағали өзінің ең бір жақын туысындай араласып, мінездері бір-біріне әбден ұнаған еді. Ал, Катя болса, Жұмағалидың қас-қабағына қарап әр кезде жылы шыраймен қарсы алып, үй-ішінде өте жарастықты өмір басталып кеткен еді. Жұмағали мен Катядан қызы Баян — 1940 жылы сентябрьде, ұлы — Алдан 1941 сентябрьде, ұлы — Марат 1945 жылы, ұлы — Владимир 1947 жылы туды. Осы балалардың ойдағыдай тәрбиеленуінің ең мол ауыртпалығы алдымен Катяның мойнында болды. Майданнан жарымжан болып қайтқан, және бірін-ғай жазумен, қызметпен шұғылданған Жұмағалидың өзіне де баланың біріндей қамқорлық, күтім керек еді. Катя балаларын да, сүйікті жарын да үлкен байсалдылықпен күте білді. Бұл семья әр қашан да әке-шешесінің (Михаил Петрович пен Александра Константиновнаның), апа-сіңлілерінің (Елена, Мария, Татьяна) Жұмағалидың апасы Заданың, інісі Қайыржанның, жиені Фариданың және әдебиетші достарының қамқорлық, достық көмегін көріп отырды.

1941 жылы июльдің басында Жұмағали Отанын қорғауға соғысқа аттанды. Майданда 102-атқыштар дивизиясының 410 полктың ротасында саяси жетекші болып қызмет істейді. Кейін үшінші Украин фронтының партизандар отрядында тағы да ротаның саяси жетекшісі болады. 1942 жылы июнь айында Солтүстік Донец өзенінің бойында үш күн ұдайы кескілескен ұрыс салады, күші басым жаудың қоршауындағы қырғын соғыстан кейін жаудың шебін бұзып шығып, партизандар қатарында 1943 жылға дейін жауға қарсы үздіксіз қатал күрес жүргізеді. Бұл жөнінде Украинаның Луганск қаласында шығатын «Прапор перимоги» газетінде (1954 жылғы № 116 (2163) санында). Жұмағалидың партизан болғандағы ерлігі қызық әңгімененеді.

— Личисан төңірегінде күші басым жаумен соғысқан партизан отрядының командирі башқұр Хайрулдинов, саяси жетекшісі — қазақ ақыны Жұмағали Саин — бұлар сентябрь айында Я. И. Сиворонов бастаған екінші бір партизан отрядымен қосылып, небары жүз шамалы жауынгерлер немістің үш полкымен қырғын соғыс салған. Екі мың «СС» солдаты көмекке келіп, бұларды қоршауға алады. Осы соғыста Жұмағали Саин көкірегінен оқ тиіп ауыр

жараланады. Партизандар сүйікті политругының өмірін сақтауға бар күшін жұмсайды. Үш ай бойы плащ-палаткаға салып, қолға ұстап, жаудың ең қиын қоршауынан құтқарып алып шығады. Жаралы Жұмағалидың халі күн сайын әлсірей береді. Ақырында оны Донбасстың ескі шахтері партизандармен байланысты Михаил Алексеевич Масловтың үйіне қалдырады. Бұл 1943 жылдың бас кезі еді. Айнала құтырған иттей қаптаған фашистерден қорықпастан Масловтың семьясы Жұмағали Саинды күтіп, жарасын емдейді. М. А. Масловтың қызы Ефросинья Михайловна Маслова Жұмағали Саинның қасынан кетпей шала-жансар кірпігі қимылдап жатқан шақтарында да аузына қасықтап су тамызып, оны өзінің туған бауырындай күтеді. Жұмағали Саин бірте-бірте ауыр жарасынан айығып тәуір бола бастайды. Совет Армиясы Ворошиловград облысын босатқаннан кейін, Ж. Саин госпитальға емделуге кетеді.

Осы жылы (1954 Киевте шығатын «Украина» атты журналдың жетінші санында Жұмағалидың жау тылында партизан отрядының қатарында жүргендегі тамаша ерлігі кеңінен баяндалып жазылған. Жұмағалидың өзі де «Ұмытылмас күндер» деген атпен майдандағы ерлігі туралы естелік әңгіме жаза бастаған. Сондай естеліктерінің бірінде былай жазғаны бар:

«Біздің отряд Айдар өзені жанындағы кішіректеу бір ағаш арасында дем алып отыр. Орман қандай көркем! Астым да, үстім де көкпеңбек. Күннің әдемі нұрымен құбылып, ағаш іші біртүрлі көркем түске бөленеді. Әнші құстар бұл ағаштан үркіп жоқ болған. Осы жердің жапырағы мен гүлін көріп отырып, өзімнің бала кезімде жидек терген туған жерім Көкшетау елестейді. Самалмен тербелген жапырақты қайың менің балалық өмірімнен сыр айтқандай...»

Осы Айдар өзенінің үстінде үлкен бір кескілескен ұрыста Жұмағалидың Федор Щербаков пен Әбдеш Ғабдолов деген екі досы қаза тапқан. «Осы бір екі жастың қайғылы өлімі менің жүрегімде із қалдырды. Көзіме жас алып, үнсіз эрең тұрдым. Екі өлікті жерлеп, біз ілгері аттадық. Дәл сол минутта, «Есімде Айдар өзені» деген өлеңнің бірінші шумағы менің ойыма келіп еді. Екі асыл адамға арналған бұл жырым менің ең соңғы жырым болмас, әлі де бұл тақырыпқа талай жырлар, талай дастандар жазармыз».

Сөйтіп, ақынның поэзиясы кескілескен қанды қырғын соғыс үстінде, ақынның өз сөзімен айтқанда, сиямен емес, төгілген қанмен жазылып жатады. «Партизандар», «Айтылмай кеткен аманат», «Жаралы партизан жырлары»

тағы басқалары осы соғыс кезінде ақын қиялынан толғағы жетіп, тербеліп туған аса күшті шығармалар еді. Осындай ауыр, қатал күрес үстінде жүргенде Жұмағали Совет Отанына жан-тәнімен берілгендігін, адамдық, моральдық қасиеті аса жоғары азамат екенін танытады. Ақын жаны кейде тербеліп, өзінің туып өскен жері Көкшетауын, Алматыдағы достарын, артында қалған жары мен балаларын сағынып мұңаяды да. Майдан үстінде, ұрыстың аз ғана толастаған кезінде солдат досы Корчуганов қалғып кетіп, түсінде баласын, әйелін есіне алады. Соған өзінің де ақындық жаны егілгендей «Мен де күрсіндім. Менің де ойыма әйелім, қызым түсе қалды. Мен майданға кеткеннен кейін әйелім көп ұзамай ұл тапты. Міне сол ұлымның бейнесі көз алдыма келеді. Өзіме ұқсаған кең маңдайлы қара бала маған қарап күлімсіреп «папа!» дегендей болады». Сонымен 1943 жылдың күзіне дейін Жұмағали майданнан тылға қайтып, бірнеше қалаларда госпитальда жатып емделеді.

Осы жылы ақын соғыс кезінде жазған өлең жырларын, күнделік дәптерін тәртіпке келтіріп, Алматыдағы газет-журналдарда жариялатады. 1944 жылы ақынның соғыс кезінде жазған өлең, толғаулары «Жорық жырлары» деген атпен екі тілде (қазақша және орысша) басылып шығады. «Жорық жырлары» Жұмағали творчествосының биік шыңы болумен бірге осы дәуірдегі қазақ поэзиясының өскендігіне үлкен өлшеу болғандай туынды еді. Ол жайға кейінірек тоқталамыз.

Жұмағали госпитальдан емделіп шықса да, майданнан алған ауыр жарақатынан, сырқатынан айықпағанды. Өкпесіндегі оқ тескен жараның орны бітпеген. Сынған үш қабырғасы мүлде алынып тасталған. Ол бірінші топтағы мүгедек деген дәрігерлік комиссияның қорытындысын бірге ала келді. Алайда, жаны, ары таза, партия мен Отанға шын берілген патриот большевик ақын өзін жарымжанмын, аурумын деп санаған емес. Тұрақты пенсия алудан бас тартып, бірден қызметке, жазу жұмысына белсене араласып кетті. Жұмағали 1944—1947 жылдар арасында республикалық халық творчествосы үйінің және Қазақстан Мемлекеттік филармониясының директоры, 1950—1956 жылдары «Жаңа өмір», «Жұлдыз» журналдарының редакторының орынбасары, 1960 жылдың ақырынан 1961 жылдың майына дейін «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет істеді. Бұл кездерде Жұмағалидың бірнеше таңдамалы шығармалары, «Самал», «Жылдар» атты өлеңдер жинағы, Лермонтовтың «Біздің заманымыз-

дың геройы» атты повесінің аудармасы, «Алтай азаматы» атты поэмасы, «Жол үстінде» атты повесі тағы басқа көптеген күрделі шығармалары жарияланып, Жұмағали қазақ совет әдебиетінің ең алдыңғы қатарындағы ақындарының бірі болып, қалың оқушы жұртшылық алдында танылады. Ақынның таңдамалы шығармалары орыс, украин және басқа ұлт тілдеріне де көптеп аударылады. Жұмағалидың совет әдебиетін өркендетудегі үздіксіз жасаған зор еңбегі жоғары бағаланып келді. СССР Жоғарғы Советтің Президиумы оны Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен наградтады. Халық достығын, еңбек ерлігін шабыттана жырлаған Жұмағали поэзиясына әдебиет жұртшылығы да, партия совет жұртшылығы да сүйсіне назар аударды. Тын жерді игеру тақырыбына жазған Жұмағалидың өлеңдері орталық баспасөз бетінде аса жоғары бағаланды.

Жұмағали бұл тұстарда қазақ әдебиетінің творчестволық мәселеріне, көркем өнер мен мәдениет игіліктеріне өте жауапты және сыншылдық көзбен қарайтын көрнекті қайраткерлерінің бірі екенін әбден сезінеді. Қазақ әдебиетінде коммунизм дәуірінің ең маңызды тақырыптарын игеру, ақындық шеберлікті жетілдіру жолындағы сыншылдық, талғампаздық күрестерге белсене араласып, өлеңімен қатар, көптеген публицистикалық мақалалар жазады, баяндамалар жасайды, сын мақалаларын да жазады. Және Жұмағали жұртқа қандай талап-тілек қоя білсе, өзінің творчестволық жұмысына да үлкен талап қояды. Жұмағалидың поэзиялық шығармалары мазмұн, форма жағынан үнемі жетіліп кемелдене береді.

Осы соғыстан кейінгі дәуірде де Жұмағали үздіксіз көп оқитын еді. Бұрынғы классик ақындарды да, Блок, Есенин, Лермонтов, Байрон лирикаларын да өзімен замандас қазақ ақындарын да сүйсіне көп оқып жүрді. Сонымен қатар прозаның классиктерін де Толстойды, Тургеневті, Чеховты, Горькийді, Мамин-Сибиряқты, Шишковты, Фадеевті, Шолоховты, Драйзерді тағы басқаларды қызыға оқып, олардан алған әсерін үнемі айтып отырушы еді. Философ, сыншы, тарихшылардан Белинский, Чернышевский, Плеханов, Радишев, Тарленің еңбектерін де қадағалап оқып жүрді. Қазіргі қазақ жазушыларының романдарын да қалдырмай оқыды. Бұл оқығандардың бәрі де босқа кеткен жоқ. Ақынның ең талантты шығармаларында жақсы із қалдырып отырды.

Соңғы он жыл ішінде Жұмағали Қазақстанның көп жерін аралады. Бірнеше рет туған жері Қөкшетауға барып

демалып қайтты. Бурабай курортында екі жылда бір рет ұзақ мезгіл жатып емделді. 1954 жылы май айында жазушы Мұхтар Әуезов және басқа бірталай көрнекті мәдениет қайраткерлерімен бірге Украинаның Россияға қосылуының үш жүз жыл толуының мерекесіне барды. Оларды Украин халқы, украинаның ақын-жазушылары аса құрметтеп қарсы алады. Міне, осы жолы Жұмағали әдейі іздеп өзін ажалдан алып қалған, туған баласындай әлпештеп күткен Масловалардың семьясымен кездеседі. Жұмағалидың сол жан достарымен кездескен мезгілдерін де украин газеттері толық суреттеп жазды. Бір-бірімен қандайлық ыстық сезіммен көріскендігі, өткен қиындықты, достық өмірді қалай еске түсіргендігі, бәрі де қызық баяндалады. Жұмағали сол достарына арналған өлеңдерін бір дастарханның үстінде отырып оқып берген (жоғарыда аталған газет-журналдарда басылған). Халықтар достығының осы бір тамаша көрінісі әсіресе Жұмағалидың поэзиясынан мықтап орын алғандығы жұртшылыққа аян.

Жұмағали жолдастыққа, достыққа айнымас табанды берік болатын. Ол қазір Талғарда тұратын Қайыржан деген інісін қандай жақын бауыр тұтатын болса, өзінің партизан достары Қасым Қайсеновты да, Әди Шариповты да, қаламдас достары Тайыр Жароков, Дихан Әбілев, Зеин Шашкин, Сейітжан Омаров сияқты достарын да сол туысынан кем санамайтын. Біз бәріміз де Жұмағалидың ақылды, өз айтқанынан қайтпайтын табандылығы, алдында тағзым еткендей, айтқанын екі қылмай тыңдайтын едік, ең жақын бауыр тұтып сыйлайтын едік. Жалғыз біз, жақын достары ғана емес, үлкен-кіші жазушылардың бәрі де Жұмағалидың турашылдығына ден қойып, әр уақытта онымен ақылдасатын, есептесетін. Жұмағали жазушылар одағының қасындағы бастауыш партия ұйымының секретары болып тұрған кезде де, ақын, жазушылар арасында тәрбиелік, творчестволық принципті мәселелер турасындағы өзінің ойларын батыл айтып ұсына білді. Қаламдастарының арасында сақталып келген ескіліктің қалдығымен (өзімшілдік, жерлестік, өсек-аяңға үйір болушылық, ішкілікке салыну, екі жүзділік, семья шырқын бұзу сияқты) бітімсіз күрес ашатын. Ақындық, қоғамдық қызметінің бар дәуірінде де Жұмағали жастардың творчестволық еңбегіне үнемі қамқорлық жәрдем көрсетіп отырды, олардың таланты оянып жетілуіне айырықша көңіл бөлетін. Жұмағалидың ағалық қолдауымен әдебиетке келіп қосылған жас ақын, жазушылар бізде аз емес. Мұндай коммунистік ту-

рашылдық мінездері мен қоғамшылдық қызметі Жұмағалидың беделін әрқашан көтеріп отырды. Ақын ғана емес, адал азамат болу қасиеті Жұмағалидың бойынан толық табылатын.

Үздіксіз творчестволық және қоғамдық қызмет Жұмағалиды әр мезгіл қажытып, соғыс кезінен бері бойында дерт болып сақталған сырқатын қайта-қайта өрбітуге себепші болып отырды. Дәрігерлердің, жолдастарының, жазушылар одағының денсаулығының нашарлығы жайындағы сан рет айтқан ескертпелеріне қарамастан, Жұмағали емделіп, өзін-өзі күтіп жүрудің орнына дамылсыз қызмет істеумен, жазумен шұғылданды. Соңғы «Жол үстінде» атты повестін қатты сырқат кезінде жазды. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторлық жұмысын да сырқаттанып жүріп істеді. Ақын азамат өзінің қара басының мақсатынан гөрі коммунистік қоғамның мақсатын жоғары санады.

Міне осындай аса көрнекті ақын, партияның адал ұлы Жұмағали Саин 1961 жылы 28 май күні ұзақ уақыт аурудан кейін қайтыс болды. Жұмағалидың жарқын бейнесі, Отанға деген ыстық сезімі мен патриоттық жырлары көңлімізде берік сақтаулы.

Ойлы да отты поэзиясында замандастарымыздың өршіл сезім күйлерін, жан сұлулығын тебірене жырлаған ардагер ақын Жұмағалидың арамыздан мезгілсіз кетуі барлығымыздың да қабырғамызды қайыстырды. Азамат ақынның өзі өлсе де, бізге мұра болып оның өміршең поэзиясы қалды.

II

Дарқан өмірімізді шыншылдықпен жырлаған Жұмағалидың ақындық жолы көз алдымызда сайрап жатыр. Социалистік еңбектің ұлылығын, совет жастарының отаншылдық қасиеттерін, туып өскен жердің көркем табиғатын жалынды шабытпен суреттеген ақын поэзиясының қадірі жыл озған сайын арта бермек.

Нағыз суреткер санатына қосылу үшін қай жазушы болса да творчестволық толысудың белгілі бір белесінен өтеді. Ол белес социалистік реализм әдісін нақтылы меңгеру, өзіндік көркем стиль іздеу, өзі тандап алған жанр ерекшелігін игеру сияқты әдеби эстетикалық қағидаларға негізделеді. Осы тұрғыдан бағалағанда Жұмағали 1940 жылдарда іргелі ақындар санатына қосылады. Мұның куәсі «Күләнда» (1940), «Жорық жырлары» (1944), «Ай-

ғақ» (1948), «Жас достарыма» (1948) атты өлеңдер жинағы.

Кейінгі жылдарда да Жұмағалидың бірнеше кітабы жарық көрді. «Алтай» (1950), «Таңдамалы шығармалары» (1952), «Жылдар» (1954), «Самал» (1957). Ақын осы жазғандарының бәрінен сұрыптап 1959 жылы жұртшылыққа «Шығармалар» (Өлеңдер мен поэмалар) жинағын тарту етті. Қазір Жұмағалидың шығармалары үш том жинақ болып басылғалы отыр. Соңғы жарияланған бір томдық ақынның творчестволық еңбегінің үлкен қорытындысы деуге болады.

Томға енген шығармалар «Еңбек дабылдары». «Жүреппен жалғас», «Көңіл күйлері», «Жорық жырлары», «Поэмалар» делініп бес топқа бөлінген. Оның өзі-ақ ақын поэзиясының тақырыбы мен жанрлық өрісін бірден танытады. Жұмағали поэзиясын әңгіме еткенде, оның «Еңбек дабылдары» деп келетін жырлары көңіл бөлерлік. Бұл заңды да, өйткені Жұмағали социалистік ауыл өмірін көп, әрі көрікті жырлаған ақын. Оның лирикалық шығармаларында колхоз өмірі, колхоз адамы, колхоздағы еңбек пен дала табиғаты жарастық мүсінде шынайы суреттеледі. Заманымыздың нағыз қаһармандары малшылар мен егіншілер бұл шығарманың орталық кейіпкері. Ең тамаша жері — ақынның совет адамы жайындағы толғаныстары жалаң күйінде алынбай, белгілі бір құбылысқа, оқиғаға, пейзажға байланысты беріледі.

Күз бір қатал тергеуші бейнесінде
Орнаған әр адамның кеудесінде.
Жинап жатыр, зорлықпен алып жатыр.
Берерін де, даланың бермесін де.
(«Күздегі көріністер»)

Өмір, адам, еңбек, табиғат жайындағы Жұмағали жырлары коммунизм орнату жолындағы ұлы нысанамызға саяды. Қасым Аманжоловтың лирикасындағы тәрізді Жұмағали поэзиясында да өмір құбылыстары, табиғат көріністері, адамның ішкі сезім күйлері, өзіне лайықты көңілге қонымды сыр сипаттармен автордың ой, намысына, идеялына қабысып жатады: ақын өзі суреттеп отырған құбылыстардың бәрін де қоғамдық өміріміздің қайнарынан алып типтендіреді. Жұмағалидың «Есімде Айдар өзені», «Днепрге қарады», «Екі жалын», «Қарамашы» сияқты толып жатқан лирикасы әрі сюжетке, әрі суретке, әрі геройдың ішкі сезім дүниесін ашуға құрылған әсерлі көркем шығармалар

болумен қатар, өзінің өмірге көзқарасын айқын танытатын саяси лирика. Сондықтан Жұмағали саяси лирикаларының өзіне «Жүрекпен жалғас» деген циклдік атау береді. Бұл ретте де ақын жалаң үгітке беріліп кетпей, адамдар тағдырының сырына, табиғат әлемінің қоғамдық құбылысына, Отандық ғылым өміріне жүгіне өзгеретін жаңалыққа, көңіл, махаббат күйлеріне мезгіл-мезгіл оралып отырады. Мәселен, «Ленин атымен» лирикасында ақын ышқына соққан боранның, діріл қағып қалшылдаған дүниенің қыл тұзаққа буынғанын бейнелейді. Өмірді үрей кернеп, жылы баспана сұп-суық боп тұрған шақта өмірге бір жас перзент келеді. Лениндік ұлы бостандық та осы мерзімде Россия даласына жарық сәулесін себеді. Ақыры Ленин деп өскен балғын сәби қысы-жазы тыным таппай, ұлы бостандықтың аясында жаңа дүние мен жаңа адамдардың игілігі үшін қызмет етеді. Ақынның жылы сезім күйі мен шынайы сыршылдыққа ұласатын «Россия туралы сөз», «Москва», «Ресей қызы», «Кел, бауырым» сияқты саяси лирикалары да жүректің тереңінен құйылған, айырықша бір ыстық лебізге бөленген. Бұларда да құдіретті адам туралы, адам мен табиғат туралы айтылатын суреткерлік толғаныстар және автордың «Тау мен адам», «Шын мен адам» лирикаларындағы сияқты идеясы ашық, нысанасы айқын, нәзік сырлары мол. Рас, Жұмағали поэзиясында социалистік өміріміздің күнбе-күнгі талап-тілегіне сай, үгіт-насихаттық тұрғыдан жазылған белгілі бір мезгіл үшін ғана маңызды болған өлеңдер де баршылық.

Ақынның еңбек тақырыбына жазған өлеңдерінде, совет жастарының достық, сүйіспеншілік сезімдері бірге жырланады. Міне, көрікті егіс даласы мен кең жайлау құшағында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғандай жарастықты ұйымшылдықпен еңбек етіп жүрген ұл-қыздар махаббат нұрына сол еңбек үстінде бөленеді («Қолхоз қызы Биғайша» т. б.) Еңбек майданында ұғынысқан жүректер бәрінен де ыстық, бәрінен де қымбат. Ай сәулесі астында сыр шерткен албырт жастарды көргенде, бойыңды бейне бір шоқтай ыстық сезім билесе, олардың ертеңгі еңбегін көргенде, шаттана жайдарыланып одан бетер риза боласың. («Бір түнде»). Жастар жүрегінің ырқын еңбек дабылына жүгіндіргенде, ақын сүйіскен жандарды колхоз даласында табыстырады («Жігіт пен қыз»). Сөйтіп ақынның лирикасында еңбек пен махаббат ажырамастай біртұтас бейнеге айналады.

Махаббатты еңбекпен тұтастыра жырлады дегенде,

Жұмағалидың сүйіспеншілік, достық сезім күйлерін шебер шертетін лирикаларын естен шығаруға болмайды. Бұл ретте «Жолығар кезде мен күттім», «Қараш бойында», «Қарамашы, қадамашы көзінді», «Сүйем дейсің», «Екі жалын бір жүректе маздаған» сияқты лирикалар Жұмағали поэзиясының елеулі табыстарына жатады. «Жолығар кезді мен күттім» жырында ақынның лирикалық кейіпкері серттескен сәулесіне жолығуды асыға күтеді. Асау жүрек тулаған, уақыт жыл сияқты келер ме, келмес пе деген үміт пен күдік қатар жарысып, жастық жанды асықтыра мазалайды. Бұл өмірдің, бар бақыттың асыл кілті де, осы бір жолығар шақта тұрғандай. Бірақ ақын екі жасты кездестірмейді. Сол кездесер кезді күткен минуттегі жан сезімін дәл толғана шертеді. Ғашық жарын ынтыға күтуді бұрынсонды ақындар талай жырлаған. Абай, Сәкен, Қасым лирикаларында да, қазіргі жас ақындарда да бұл мотив кездеседі. Бірақ әр ақын бұл жайды өз өрнегімен береді. Жұмағалидың «Қараш бойында» лирикасы жолығар кездің жалғасы тәрізді, жүректі жылытып, махаббаттың жарық нұрын құйған мезгілі әлі ұмытылмаған.

«Әлі тұр Қараш бойында,
Әлі тұр менің ойымда,
Құлаққа салған әнің тұр,
Жүректе жанған жалын тұр».

Махаббат — адамның ең терең, нәзік сезімі. Ол үнемі шаттыққа бөлей бермейді, өкініш пен мұңға да батыратын шағы болады. Табысқан көңіл қошының артынан ойраны шыққан мазасыздық келуі де мүмкін. Шын шебер ақын махаббат дүниесінің бұл сырларын да жырламай қоймайды. Жұмағалидың «Қарамашы, қадамашы көзінді» лирикасы жөнінде де осыны айтуға болады.

«Жаудыратпа мөлдір қара көзінді,
Ая мені, ая, сәулем, өзінді.
Жан түбінде ұйқтап жатқан арыстан,
Боларсың мерт, оятпашы сезімді.

Ойлашы өзін, ойлашы өзін, ақылдым,
Үнсіз ғана мені қайда шақырдың.
Тыныш еді, неге дауыл тіледің,
Неге мені тұңғыыққа батырдың».

Әрине, махаббат сырларын, сүйіспеншіліктің қуаныш-күйініштерін біреулері ерте, біреулері кеш жырлады.

Біздің қазақ совет поэзиясындағы хал де осындай. Бар айырмашылығы біздің ақындар классикалық поэзиядағы сияқты мөлдір махаббаттың құдіретті күшін жалаң күйінде сипаттамай, қоғамдық мәні зор мәселелермен байланыстыра бейнелейді. Сонымен қатар қазақ совет ақындарының бірсыпырасы махаббат тақырыбын кейініректе өздері кексе тартып қалған шақтарында жырлай бастады. Өзінің жігіттік өмір жолына сай тақырыпты сол жас шағында жырлаған ақындар бізде аз болды. Ал, ертерек қамтығандары махаббат жайындағы тумаларын Қасым Аманжолов тәрізді қолжазба күйінде сақтады. Іргелі ақындарымыздың ішінде махаббат тақырыбын жігіттік шақтарында мезгілімен жырлаған Сәкен Сейфуллин, Асқар Тоқмағамбетов, Тайыр Жароков, Жұмағали Саин, Дихан Әбілев, Әбу Сәрсенбаев, Қалижан Бекхожин тәрізді ақындарымыз бұл тақырыпқа кейіннен есейген шақтарында еске алу, сағыну ретінде ғана оралып соғып жүр. Әрине өткендегі қызығы мол өмір елестеріне қайта оралу кімге болса да мін емес. Қайта өзі кәрі болғанмен, жаны жас дегендей, сезімі сергек, көңілі жүйрік, шабыт мезеттерін жастарша асқақты, ішкі жан-күйлерін байқататын творчестволық факт болып қалмақ. Мұндай ақындарға ештен кеш жақсы дегеннен басқа, жастық шақты сағыну ретіндегі махаббат лирикалары қазіргі Ізтай Мәмбетов, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев тәрізді жас ақындарымыздың сүйіспеншілік тақырыбына жазылған күшті лирикаларымен қатар қойғанда олқы соғып жүрмесе болғаны. Жұмағали лирикасының сәтті идеялық-көркемдік ерекшелігі — еңбек пен табиғат дүниесін жымдастыра жырлағанында дедік. Ақын бірде табиғат әлемін жадырата, құлпырта суреттеу арқылы, еңбек адамдарын жұмыс істеуіне мүмкіндік туғанына шаттанса («Сығалады ай, көк жиегі сөгіліп», «Май күні», «Қолхоз таңы»), бірде нажағай ойнап құя салған жауын селін егін-жайға қорек бергені үшін мадақтайды. («Жаңбырлы күні» т. б.).

Ақынның «Бұлақ сыры», «Ойна, ойна, балдырған» атты лирикаларының көркемдік қасиеті оның сыршылдыққа бейімділігінде ғана емес, сонымен қатар сөз кестесін музыкалық үнге бағындырып берген шеберлігінде де терең тапқырлық бар:

«Сыңқылдайды, күледі,
Тағаты жоқ сабырсыз.
Тағаты жоқ сабырсыз,
Тіл қатады дамылсыз...

Жағасында тұрам мен
Қызығамын тіліне.
Қызығамын тіліне
Үн қосамын үніне.

Жасырмады су сырын:
Ғажап!.. Маған тіл қатты.
Маған рас тіл қатты
Маған сөзін тыңдатты:

«Тұрсын ба, адам, таңырқап
Барады деп бұл қайда?
Мен барамын қырманға,
Мен ғашықпын бидайға...»

(«Бұлақ сыры»)

Мұнда күмістей сылдырап аққан мөлдір бұлақтың еркелігі ғана емес, оның адам баласына қызмет ететін қасиеттері де қызықтырады.

Ақынның қанатты сезімдері домбыраның пернесіндей еркін тамылжитқан күйге басып, әрбір сөзі он саусақша ойнап, музыкалық әсем үн шығарғандай. Ұйқас пен ырғақ тас бұлақша шымырлап құйылғандай жарастықты бір қалыпта келіп, әсем де әсерлі, қуатты да мағыналы ойларға ұласады:

«Ойна, ойна, балдырған?
Бидайың бар сан қырман,
Күлсен өмір жаңғырған,
Мінезің бар таң қылған...

Ойна, ойна, балдырған?
Шықсын әнің жаңғырған.
Осында анаң көтерген,
Қос білегін талдырған...

Ойна, ойна, балдырған?
Сағым да бол, жалын бол,
Жүрегімді жандырған
Сырласым бол, жаным бол!

Озам деген талап бар,
Алдыңа жан салмашы!
Еңбек тұрсын жырыңмен,
Ел жүрегін андашы...»

(«Ойна, ойна, балдырған»)

Мұны біз ақын шабытынан бір мезетте мінсіз төгіле құйылған шынайы, қанатты лирика деп білеміз. Мазмұн мен түрдің, ырғақ пен ұйқастың, сөз өрнегі мен музыкалық леббиздің гармониялық тұтастығымен жасалған өлеңдер оқыған сайын қызықты.

Әрбір талантты суреткер тумаларында, әсіресе, ақындар поэзиясында, автордың өзіндік тіршілік көріністері, басынан кешкен үлкенді-кішілі өмір белестері айқын елестейді. Бұл табиғи заңды нәрсе, өйткені қай адамның болса да көңіл қошы өз өмірінің сипатына қарай бейім тұрады. Осыған орай Жұмағалида балалық шақта көрген жоқшылық қасірет, жетімдіктен құтылу, адамдықтың жарық сәулесі бақыт жолына адым жасау тәрізді өзінің әр мезгілдегі өмір жолын бейнелейтін өлеңдер бірталай бар. Көп сәттерде ақын ұлы Ленин партиясын ғарыптарға ақ сүтін берген абзал анаға теңей келіп, өзінің жетімдік шағын еске алады:

«Ақтық рет ақ маманның
Қалған сүтін еме алмай,
Ақтық рет жан анамның
Қалған жүзін көре алмай.
Сонда маған ана болған,
Күшәк жайған «кел» деген,
«Ей, күнәсіз, жетім ұлан,
Мә, сүтімді ем» деген
Ұлы Ленин партиясы...»

(«Жетім серті»)

Бұл үзіндінің алғашқы шумағы ақынның «Ойласам бала кезімді» атты сезімтал да сыршыл лирикасындағы өмірбаяндық деректерді еске түсірмей қоймайды. Онда Жұмағали былай дейді:

«Жылы бір қабақ таппадым,
Бетімнен адам сүймеді.
Талпындым, жұртқа жақпадым,
«Қу жетім» деп түйреді...
Анасы сүйген баланы
Көргенде жасым парлады.
Қақсадым жандай жаралы,
Жүрегім мұңды зарлады».

Осыншалық азаптан құтқарған Ұлы Ленин партиясы мен Ұлы Октябрь революциясын ақын бар өнер шабытымен жырлай отырып, бұдан былайғы өзінің өмір жолын бүкіл совет адамдарының өмір жолымен тұтастыра баяндайды. Отан даңқы, халық салтанаты, әрбір совет адамының бақыты мен мақсаты ақынның өз бақытымен, өз өмірінің ақиқат сырларымен ұштасып келу арқылы Жұмағали лирикасы әрі қызықты, әрі реалистік мүсінге бөлшенеді. Бұл тақырыпқа ақын өзінің соңғы «Азамат» поэмасымен қорытынды жасайды.

Мұнда да үлкен әріппен басталатын адам тағдыры,

оның алыста қалған аянышы мен жарқырай түскен бүгінгісі автордың өзіндік толғаныстарымен, басынан кешкен оқиғаларымен тұтасып жатады. Хирургтің операция столындағы жаралы азамат жайын ақын былайша толғайды:

«Еркін, күшті, күдіретті, салмақты,
Адам жатыр, адам жатыр ардақты.
Адам үшін біздің дүние жасалған,
Өлмес өмір сол адамнан нәр алған...
Әйтеуір мен тастамаймын қаламды,
Сүйе берем, сүйе берем адамды.
Қарапайым жандарды мен жырлаймын,
Бозторғайдай өмір бойы тынбаймын».

Мұндайлық лирикалық детальдың реалистік нәрі, философиялық түйіні, көркем нақысы жайында ғана емес, оның бүкіл бітімнен туатын музыкалық жылы лебі туралы да үлкен қорытынды айтуға мүмкіндік береді.

Біз жоғарыда Жұмағалиды лирик ақын дедік. Ал лирик ақында көңіл күйі жырларының айырықша орын алатыны белгілі. Сондықтан да Жұмағали поэзиясында «мен» деп келетін баяндаушының күйініш-сүйініштері, неге шаттанып, неге кекететіні күңгірт тартпайды, пернелі көмескісі аз, ашық та анық бейнеленеді. Пікірімізді дәлелдеу үшін ақынның «Шырт ұйқыда жатыр едім» атты көңіл күйі лирикасын талдап өтсек те жеткілікті. Терең тапқыр ойға толы нәзік жан сезімін тербеген бұл лирика ақындық шабыттың тасқындай құйылар қайнар көзі туралы жазылған.

Бұл лириканың ең басты көркемдік ерекшелігі — онда психологиялық толғаныспен жымдаса келген кесек сюжет бар. Ол мынадай: шырт ұйқыда жатқан лирикалық кейіпкерге (ақынның өзіне) бұлқынған шабыт әмір етіп, мезгілсіз уақытта оятып алады. Төгіле қалған жырды жосылта жазып жіберер шақта дайын тұрған төрт қалам мен төрт қарындаш түгелдей жоқ боп шығады. Шабыттан құйылған жырдың эп-сәтте ғайып болатыны қандай, ақын жоқты тапқанша ойдағы жыр ойқастап кете барады. Бірақ өкініш жоқ: төрт қаламы мен төрт қарындашын төрт баласы бөлісіп алғанын білгенде, ақын ұйықтап жатқан бөбектеріне қарап, тағы да шаттыққа бөленеді, жыр қайтадан құйылады:

«Қарсы алдымда шырт ұйқыда жатқандар:
Ұрпақтарым,
Терең кеткен тамырым,
Жан тынысым,
Бойымдағы жалыным,

Маған жылы леп келеді маздаған,
Маған жаңа жыр келеді жазбаған.
Сол жырларды көкрегімде тоқимын,
Төрт баламның жүздерінен оқимын»...

Әрбір ата-ананың балажан сезім күйі тап осындай болмақ. Жұмағали көңіл күйі лирикаларын жазуға кейінірек те — соғыс дәуірінен бері қарай көбірек бой ұрды. Алайда осы кешірек туған көңіл күйі лирикаларының өзінде де ақынның төл үні, отты да қанатты сөз нақыштары айқын аңғарылады.

Бізде кейбір ақындар оқушы жұртшылықты әшекейлі сөзбен үйіріп алу мақсатын көздейді де, өздерінің лирикалық шығармаларында әлеміш сөздерді, көркемдегіш сөз кестелерін әдейі үйіп-төгіп, жылтыр тізбектерді күштеп сыналап бастайды. Әрине, ойды құрғақ сөз басып кеткен, қарапайым адамдардың ұғары шамалы мұндай «моншақты» лирика оқушы жұртшылықты қызықтыра алмайды. Ал Жұмағали поэзиясының өзіндік бір қасиеті — ол осындай жылтырауықтан таза: ақын суреттеліп отырған көріністі тым әсірелеп жібермей, образды тіл жүйесін реалистік тұрғыдан игере біледі.

Жұмағали поэзиясының ендігі бір қомақты саласы — оның жорық жырлары. Бұл топқа ақынның Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған шығармалары кіреді. Егер біреу: Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі қазақ совет поэзиясында патриотизм идеясын көркем түйіндеу дәрежесіне жеткізе жырлаған шығармалар қандай? — деген сұрақ қояр болса, біз бұған жауап ретінде алдымен — Жамбыл поэзиясын, Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын, Жұмағалидың совет партизандары жайындағы жорық жырларын атаған болар едік.

Жұмағали өзінің жорық жырларында басынан кешкен катал да қажырлы партизан күрестерін жан-жақты әрі сыншыл, әрі сыршыл ақын ретінде тебірене бейнелейді. Сиямен емес, «жүрегінің қанымен, ұлы айқаста құрбан болған ерлердің атыменен, арыменен» жазылған «Ұрыстан кейін», «Айтылмай кеткен аманат», «Жаралы партизан», жырлары, «Донец», «Есімде Айдар өзені», «Днепрге қарады», «Қанжар» тәрізді жырларында өмір мен өлім айқасқан шақтың шындықтары шынайы суреттелумен қатар, лирика мен эпостың тұтастық, сыбайластық қасиеттері де толық танылады.

Қараңғы түндегі қара орманның құшағында үскірік боранға бой бермей, өмір үшін, Отан үшін, халықтың ар-на-

мысы үшін қасарысқан жаумен, ажалмен бетпе-бет алысқан қайсар да алғыр, қырағы да ойлы совет партизандары бейне бір алып тұлғасымен көз алдынан өтіп жатады. Совет адамдарының ешбір елде, ешбір тарихта болып көрмеген күрескер, жеңімпаз, батырлық қасиеттері олардың барлық ішкі сезім дүниесіне ұласа елестейді. Мұнда оқиғаның сюжет желісіне айналған шабуылдар жайы шығарманың композициялық арнасында эпикалық сипат алып қана қоймайды, сонымен қатар өзі де осы ұлы дүрмекке араласқан жауынгер ақынның сол оқиғаға байланысты толғаныстары да, өмірлік топшылаулары да, философиялық ойлары да араласа келіп, эпикалық мәнерге лирикалық ажар береді. Сөйтіп, ақынның партизандар өмірінен алынып жазылған жорық жырлары эпикалық желісімен де, лирикалық сезімталдығымен де оқушы жұртшылықты бірден үйіріп әкетеді. Бұл ретте Жұмағалидың жорық жырлары Сәкеннің революция дәуірінде жазған асқақ лирикаларымен үндесіп жатады.

Жұмағалидың партизан күресіне қатысқан жері — Украина. Туысқан Украина елін, табиғаты бай Украина мекенін, оның ізгі қасиетті тамаша адамдарының өмірін суреттей отырып, Жұмағали өзінің қазақ ақыны, Қазақстан жігіті екенін де ұмытпайды. Ақынның патриотизм рухымен суарылған көркем нақысты жорық жырларында Украина сипатын Ұлы Россия мен қазақ даласының, туып-өскен ата мекенінің сыпатымен толықтырып отырады да, Советтік Отанымыздың біртұтас ұлы тұлғасын жасайды. Өзін ажалдан сақтап қалған Маслованың образы, автордың сол бір сүйікті де батыр Украина әйеліне деген ыстық ризашылығы аса қадірлі:

«Тар кезеңде қара түнді жамылып,
Әлсіз ғана соққан кезде жүрегім,
Іздегенде қанды тырнақ сыбырлап,
Сен саянда сақтағансың, білемін.
Ажал жетіп, көз жұмылар күн болса,
Суық көрге сен деп қана енермін.
Жүрегімді жарып шығар жыр болса,
Сені көктің жұлдызына теңермін...»

Мұнда бүкіл совет адамдарының Отандық сезімі айқын бейнеленген. Бұлар — ақын поэзиясында халықтар достығы тақырыбының қоғамдық тұтастыққа, мақсат бірлігіне, өмірлік мүдделердің бірыңғайлығына байланысты нанымды да нақ жырланғанын дәлелдейтін әдеби-эстетикалық көрініс болып табылады.

Жұмағалидың жорық жырлары идеялық нысанасы жағынан қандай жарқын болса, көркемдік қасиеті жағынан да сондайлық жарқын тұтастықта. Бұл ретте айырықша назар аударатын бір жай — ақын жырларының циклдік сипаты. Цикл өлең қамтылатын мәселенің біртұтастығын керек етеді десек, Жұмағали поэзиясында осы ерекшелік берік сақталумен қатар, көркемдік нақысы жағынан да стильдік тұтастықта болып келеді.

Ақынның әрбір цикл өлеңдері бір-бір жорық көрінісі, жеке поэманың бір-бір тарауы тәрізді. Лирикалық поэмаға татитын «Айтылмай кеткен аманат», «Жаралы партизан жырларын» былай қойғанның өзінде, «Ұрыстан кейін», «Майданда кездесу», «Жауынгер сөзі» сияқты лирикаларының идеялық-көркемдік нәрінің бір өзектестігі Жұмағали өлеңдерінің циклдік бірлігінің нық екендігін дәлелдейді. Бұлардың бәрін қосқанда кәдуілгі эпикалық поэма болып шығады.

Кейбір сыншылар біздің бұл пікірімізге келіспеуі де мүмкін. Өйткені олар Жұмағали жорық жырларын жеке-жеке лирика деп қарайды. Ал біздерше, Жұмағалидың жорық жырлары — әуелде майдан үстінде жазылып, кейіннен толысып отырған, бір арнадан келіп тоғысқан дастан сияқты.

Жұмағалидың жорық жырлары өзінің көркемдік жанрлық сыпаты жағынан халықтың шешендік толғау үлгілерін келісті түрде пайдалана білуімен де ерекшеленеді. Ол суреттелген оқиғаны неше түрлі көркемдегіш құралдар қолдана отырып, түйдек-түйдегімен еселеп, дамыта жырлауға шебер-ақ.

Толарсақтан қан кештім
Тобылғы жастай жүгірдім.
Тоғыз рет оқ өтті...
Тал бойымды аралап.
Тағы да жау «мақтанды»...
Теріме сыймай кетті ашу.
Терістен шыққан бұлттай
Теңізге селін төкті ашу.

Адамгершілік ар-намыс — Жұмағали поэзиясындағы өзекті сарындардың бірі. Оның лирикасында көне заманның азап шеккен аяулы жаны мен майдан оғына ұшқан бейбітшілік солдатты, хирургтің өмір әкелгіш жазық столында жатқан қадірлі совет адамдары мен достық нұрына бөленген мейірімді әйелдер, тіпті күннің күркіреуі мен сары аяздың сақылдауы да адамгершілік тұрғысынан, яғни

адам баласына тигізер ізгі пайдасына қарай бағаланады. Коммунизм дәуірінің адамдары мораль қасиет пен гуманистік сезімталдығы жағынан тарихтағы барлық адамдардан жоғары тұратын кіршіксіз, таза ақпейіл, асыл махаббатты, сүйіспеншілік күшті ерекше типтегі адамдар болмақ. Коммунистік партия бүкіл тәрбие жұмысын осы бағытта жүргізуде. Демек, Жұмағали поэзиясындағы адамгершілік ар-намыс, сарыны — бүгіннің ғана емес, жарқын болашаққа мензейтін ертеңгі ізгіліктің де бейнесі. ~

Көркем әдебиеттің қоғамдық санаға әсері, адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеу маңызы айырықша жоғары бағаланатын социалистік заманда поэзияның ақылгөйлік, насихатшылдық қасиеті анағұрлым жетіліп дамыды. Шын талантты ақындар өзінің өршіл, революцияшыл идеяларын қалың бұқараға ақыл айту түрінде, толып жатқан көркемдік тәсілдер табу арқылы айқын жеткізе алады. Советтік суреткерлерге жүктелетін қоғамдық міндет — адамдар санасына коммунизм идеалын ұялату, сезімге әсер ету арқылы соған шүбәсіз иландыру десек, мұның өзі көркемөнер аясында әр түрлі нақыс-стильдер жүйесінде орындалмақ. Соның бірі — поэзиядағы ақылгөйлік, дидактикалық мотив.

Парасатты ақыл айту, әсіресе поэзияға тән ой-өрістерімен есептеледі. Философиялық ойдың поэзияға қатысы әуелден-ақ алғы сапта келеді. Бұған дүниежүзілік поэзияда ертеден қалыптасқан дидактикалық жырлар дәлел бола алады. Бұл ретте Жұмағалидың замана орамына, дәуір ерекшелігіне социалистік өміріміздің ізгі шындықтарына орай айтылған афоризмдік жыр толғаулары да ақындық таланттың тамырынан тебірене шыққан шымыр толғаныс («Өкініш біреу, ой тоқсан», «Елді сүйсең беріле жүрекпен сүй», «Сынына, өмір сынына», «Деуші ем сені саналы жан» т. б.). Әрине совет әдебиеті жалаң дидактикадан алыстап, көркем шығарманың, тіл және образдар жүйесі композициялық арнамен жымдаса түскен шақта ежелгі поэзияның нақыл формаларына оралу қазіргі ақын-жазушылар үшін мәртебе емес. Бірақ сыршылдық ұласа келетін афоризмдік түйіндер, мысал үлгісіндегі қорытындылар совет поэзиясына да тән ерекшелік болып отыр. Өйткені социалистік өміріміздің өзіне лайық, терең философиялық сырлары көп. Жұмағали қазақ совет поэзиясында ақылгөйлік мотивтің дами түсуіне ат салысып келеді. Ол өзінің ішкі жаңа ләззатына ақындық шабыт толғаныстарына жүрек сырымен парасатты ой арқылы үңіліп, өмір құбылыстарын өзінің сол

ішкі сезім күйімен ойлы жан сырларының тезіне салады. Солар арқылы пайымдайды, сондықтан да Жұмағали заманымызға сай, абзал ой ұсына алатын сыршыл ақын ретінде де танылды. Әрине, сыршылдықпен тоғысатын афоризмдік лирика, жалаң дидактика ұсынатын ежелгі толғаулармен парапар емес. Жұмағали поэзиясындағы ақылгөйлік мотиві осы тұрғыдан, яғни сыршылдықпен жалғас қасиеті жағынан тексеріп түсінуіміз керек. Жұмағали поэзиясында сыршыл нақылға құрылған шағын көлемді лирикалық шығармаларымен қатар поэма толғауларында аралас келетін жеке афоризмдер де баршылық. Ақынның «Шын алтындар жарқырар», «Жауыз ойлап, жалған күлме», «Ер жүрек бар» сияқты тапқыр да, тұжырымды ойға құрылған жыр, тақпақтары афоризмге парапар көркем туындылар. Бұларда ақын адамдар санасында, тұрмыста некен-саяқ кездесіп қалып отыратын екіжүзділік, арамдық, жалған әрекет, өзімшілдік тәрізді капитализм қалдықтарын бітімсіз әшкерелейді де, оларға кіршіксіз таза адалдықты, қара қылды қақ жарғандай әділдікті, қайрат пен жігерге суарылған намыскерлікті, қоғамшыл идеяны қарсы қойып, көркем антитеза жасайды.

Біреу таза,
Тәні болар адамның.
Біреу қара
Орны болар жараның...
Біреу емес, мыңдар біздің досымыз,
Мыңдар үшін жасаймыз ғой осы біз.

(«Біреу»)

Адамдар мінезінің тазалығы үшін күрес совет суреткерлерінің басты бір мақсаттарынан саналатыны бізге мәлім. Бұл бағытта Жұмағалидың да ұсынған үлгілі сөздері аз емес.

Айтқаныңа басыңды сал,
Ақиқатын ойласаң,
Тұрдым деген жерінде қал,
Адамдығың жоймасаң.

Биік адамгершілік ақынның «Жорық жырлары» мен «Азамат» поэмасында терең де шынайы көркем шешімдермен мүсінделеді.

Әділдік пен ар намыс туралы ізгі ой, асқақ сезім ұсыну, ақынның өзіндік адамгершілік қасиетіне де байланысты демек, белгілі бір суреткердің шығармаларындағы адам-

гершілік тақырыбын әңгіме ету үшін, оның өзін іштей жақсы ұғыну, жетік білу шарт.

Жұмағали — менің ертеден бергі досым, 35 жылдан артық уақыт мен оның жан сырларын да, поэзиясын да өте жақын біліп, іштей ұғынып келемін. Жұмағали әділдікке жанын беретін, сол жолда ешқандай жақындықты да, ешқандай беделді де танымайтын батыл да, ашық жанды адам. Ол адамгершілік ар-намысты сақтауға, жақтауға келгенде табжылмай қатып қалатын табанды азамат. Рас, субъективті сезім билеп кететін кейбір мезеттерде ақынның шындықты тап басып айта бермейтін, көбінде өзіндік қана ішкі толғаныстардың жетегіне тізгін беріп жіберетін кездері де болады. Бірақ, соның өзінде ақын сүттей ақ, судай тұнық адалдықты емірене жырлай біледі. Адамгершілік идеясын насихаттаудағы осындай табандылығы мен турашылдығына келгенде біз Жұмағалидың бойынан Сәкенге тән тәкаппарлық пен сыншылдықты бірдей көреміз. Жұмағалидың бұл мінез әдеттері оның поэзиясында да жарқын сәулеленген, сондықтан да оның лирикасы темпераментті, психологиялық толғаныстарға толы болып келеді.

Жұмағали лирикасының идеялық, көркемдік ерекшеліктері жоғарыда айтылғандармен ғана шектелмейді, оның қырлары көп. Солардың ішінен образ жасаудағы жаңалығын да атап өткен жөн. Бұл ретте біз ақынның образды ой, бейне, мінез, портрет жасаудағы суреттеу тәсіліндегі ақындық шеберлігін айтып отырмыз.

Ең алдымен Жұмағали өлеңдерінде күштеп құрайтын жасандылық жоқ. Оның поэзиялық сөз өрнектері, бейнелеу кестелері, үнемі дерлік табиғи да, еркін бүтіндікте. Келісті де ашық жарастықта қиысады. Тасып, төгіліп отыратын ақындық шабыт мол. Ең тамашасы — Жұмағали Қасым Аманжолов тәрізді халықтың қарапайым, әрі жатық сөз өнерін кеңінен пайдалана біледі.

Түн катады партизан,
Қар құшады мұз жайлап,
Қалтырамас біреуі,
Қөр қылсаң да ойбайлап,
Катал, қайсар жүрегі,
Қайтпас боран кәрінен
Қымбат елдің намысы,
Партизанға бәрнен.
Қатал-қатал партизан,
Қаңтардан да алды тар,
Қатал бол деп үйреткен
Туған бала, сүйген жар.

Кейбір сыншылар Жұмағалиды ауыз әдебиеті стиліне жақын ақып деп оған мін тағуға бейім тұрады. Анығында халық поэзиясымен біте қайнасып, араласу оның міні емес, керісінше күштілігі, шеберлігі болып табылады. «Айтылмай кеткен аманат» толғауындағы мына бір шумақты алып көрейікші:

Бесігіме телміріп,
Ай батқанша қараған.
Ақ үлдер бөбегім,
Асқарлы шынға санаған.
Айбарлы туың ақ балаң,
Алысқа кетті дегейсің,
Ажалменен айқасқан,
Шабысқа кетті дегейсің.
Жауар күндей күркіреп,
Жауға төнді дегейсің.
Жауыз фашист жендетін
Жаншып өлді дегейсің.

Ауыз әдебиеті кестесіне орайлас келген үшін ақынның осы тәріздес жырларының идеялық нәрі мен көркемдік орамын кемсіте бағалау оған қиянат жасағандық болар еді.

Қиыннан қиыстыратын тапқырлық, суреттеу шеберлігіндегі ерекше талант ақынның көптеген жырларында шоғырлана келеді де, оқушы жұртшылықты бастан-аяқ қызықтырады:

Бұрқанды асау Днепр
Толқынды беті шымырлап,
Секілді терең бейне бір.
Солдатқа бір сөз сыбырлап.
Тынымсыз соққан өмірдей
Днепр суы зыр қақты.
Толқынмен қатар көрінбей,
Солдат ойы бірге ақты.

Жұмағали өлеңді қалай болса солай күлді-көмеш бұрқата беретін ақын емес. Ол өзіне де, көркем әдебиетімізге де зор жауапкершілікпен қарап жазады. Нәрлі, мағыналы етіп жасауға тырысады. Сондықтан да ақынның жеке лирикалары, әдебиет сыншыларының ортасында арнайы сөз болып, пікір таласын тудырып келді. Мұның өзі ақын поэзиясының өмірлік, көркемдік қырлары мен сырлары мол екендігін танытса керек. Әрине, ақынның бәрі де аз жазсын деген талап қоймаймыз. Бірақ, біреу болса да бірегей болсын, құнсыз көптен, құнды аздың өзі артық дей аламыз.

Әлбетте жоғарыда айтылғандардан Жұмағали поэзиясы еш мүлтіксіз деген ұғым тумайды. Ақынның поэзия жанрларын жете игеру жолында жасаған сәтті де, жемісті де қадамдарымен қатар ойлаған нысанасына жете алмаған сәтсіз ізденістер де болды. Әсіресе қазақ поэзиясының толғау сияқты көне формаларын бірде жаңаша шебер қиыстырып пайдаланса, бірде соған еліктеуге салынады. Толғаудың ежелден қалыптасқан байырғы стандарт құрылысының шеңберінде қалып қою тәрізді кемшіліктер ақын поэзиясын кей ретте соны стильге бастай алмай жатады. Бұл әсіресе ақынның алғашқы әуестену, іздену, қалыптасу дәуіріне тән нәрсе еді. Ал, орнымен пайдаланған бұл үлгі ақынның жорық жырларында жаңа идеялық мәнге, жаңа көркемдік кестеге тоғысып құлпыра түседі.

Толғау қазақ совет поэзиясына жат форма емес. Орынды да қисынды пайдалана білген ақынға ол нәтижелі түрде қызмет ете алады. Бұның тамаша үлгілерін Жамбыл, Нұрпейіс сияқты ауыз әдебиеті өкілдерімен бірге Ілияс Жансүгіров секілді жазба әдебиет өкілдерінің де шығармаларынан кездестіреміз.

Толғау өзінің даму, жаңару жолында қазақ поэзиясы үшін қажетті, әрі қалыпты ішкі форма болып келді. Біздің атақты ақындарымыз әр уақыт осы толғау үлгісіне оралып соғып отырды. Ілияс өзінің «Гималай» лирикасын осы толғау кестесіне құлпыртып жазды. Бұл шығарма қай жағынан болса да, ешбір поэзия шығармасынан кем соқпайды. Алайда біздің кейбір ақындарымыздың поэзиясында толғау кейде тым қарапайым, ішкі мағынасы тайыз, көркемдік дәрежесі төмен, тіл оралымы жадағай жыр болып шығады. Жұмағалидың «Алтай» поэмасындағы бірқыдыру эпизодтар мен суреттемелер жөнінде де осыны айтуға болар еді.

Жалғыз толғау ғана емес, поэзияның басқа да сыртқы формаларын жаңғырта игеру мақсатында Жұмағали үнемі ілгері ұмтылумен, тынымсыз ізденумен келді. Ол қазақ поэзиясының бұрынды-соңды бар түрлерін барынша пайдаланады. Бірақ өз тарапынан қосқан түр жаңалығы шамалы. Ақын Маяковский үлгісіне барғанның өзінде де, белгілі бір заңдылыққа шоқталған, соған негізделген жаңалық таба алмай, көбінесе бұрынғы жыр не қара өлең айшықтарын жаңғыртыңқырап барып қана өрнектейді.

Түр алалығынан келіп, ақынның мереке салтанатына, мерзім міндеттеріне арналған үгіттік мәндегі өлеңдерінде де дүркін-дүркін қайталана беретін машықтар орын алады.

Жұмағали ауыз әдебиетінің түр дәстүрлерімен қатар,

бұрынғы ақындардың мотивтерін де қайталайды. Сұлтанмахмұттың, Сәкеннің, Сәбиттің, Бейімбеттің іздерімен белгілі бір тақырыпты жырлау сарындары Жұмағали поэзиясынан айқын сезіледі. Ақынның «Таңқы мұрын қара қыз» атты сатиралық өлеңінде Сұлтанмахмұттың «Таңқы мұрын, быртыған, қара бұжыр», Бейімбеттің «Томпақ бетті қара қыз» тәрізді сатиралық өлеңдерінің нақыштары молынан қамтылған. Сондай-ақ, саяси лирикасында кейде ақылгөйлікке беріліп, негізгі идеялық қазығынан алыстап кету (мейрам салтанатына арналған өлеңдері) өлеңді газет тілімен құрастыра салу, тіл мәдениетін, сөз логикасын сақтай алмау, болмысты кейде сырттай тамашалап, жайша таңдану сияқты олқылықтар да Жұмағали поэзиясынан кездесіп отырады. Әлбетте, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер жалғыз Жұмағалиға ғана емес, 30 жылдан аса уақыт поэзиямен серік, сырлас болып келе жатқан бірталай іргелі ақындарымызға да тән екендігі сөзсіз.

Ақын үнемі соныдан жол сала бермейді: ол өзінің он жамбасына келетін машықты үлгісіне іш тартпай отыра алмайды. Бірақ ежелгі көне жұртқа, талай рет тапталған сүрлеуге қайта-қайта орала берудің өзі кей ретте творчестволық ізденісті тоқыратып тастауы да ғажап емес. Шығарма дегеніміз әдебиет дүниесіне белгілі бір жаңалық әкелу деген сөз ғой. Осы талап тұрғысынан алып қарағанда, Жұмағалидың көптеген өлең-жырлары өз жаңалығын ала келді. Әсіресе оның «Самал» атты жинағында, одан бұрынғы поэзиясында айқын көріне қоймаған жаңа ақындық лебіз ескенін атап айтуға тиіспіз. Бұл жинақта ақынның көңіл күйі және махаббат лирикасы көтеріңкі леппен, айырықша бір пафоспен жаңа мәнерде шебер жырланады. Жинақтағы «Қарамашы» атты лирикасы әнмен айтылып кетті. Бұлардың қазақ поэзиясындағы орны мен маңызы жайында біз жоғарыда өз пікірімізді айтып өткенбіз.

Жұмағали поэма жанрын игеру жолында да көп ізденіп, талай творчестволық тәжірибені басынан кешірді. Анығырақ айтқанда, Жұмағали поэзиясының қомақты жанрына «Күлэнда» поэмасымен ғана келген жоқ, оның алды-артында жазылған, кейі сонымен үндес келетін басқа поэмалары да баршылық («Пилот сыры», «Балықшы», «Досыма хат», «Алтай», «Азамат»). Бұлардың ішінде оның творчестволық кең өрісін, суреткерлік талантын, ақындық әуенін, соны ойлары мен жаңа лебізін танытатын және бүкіл қазақ совет поэзиясының даму тарихында белгілі дәрежеде орны бар «Күлэнда» поэмасы.

«Күлэнда» поэмасы С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, І. Жансүгіровтың, И. Байзақовтың және алдыңғы қатарлы орыс ақындарының поэма жасаудағы жақсы тәжірибелері мен дәстүрлері негізінде жазылған. «Күлэнда» әсіресе адамгершілік, махаббат тақырыптарын әсірелей суреттейтін, шығыстың классикалық поэзиясындағы ғашықтық дастандарға көбірек ұқсайды. Сәбиттің «Сұлушашы», Исаның «Ақбөпесі» мен «Алтай аясында» дастандары, тіпті Сәкеннің «Көкшетауы» да сонау «Қозы мен Баян», «Еңілік — Кебек», «Қалқаман мен Мамыр» ежелгі шығыстағы «Ләйлі мен Мәжнүндер» жайындағы көптеген эпикалық жырлардан тарайтын сюжет желісімен көркемдік шешімдерді, солармен өзектес келетін романтикалық сарында жазылған әсем мұралар болып табылады. «Күлэнда» поэмасы туралы да осыны айтпақпыз.

«Күлэнда» поэмасының тақырыбы — классикалық дастандардағы сияқты адал махаббат пен абзал адамгершілік, адам баласының осы ғұмырлық екі ізгілігі тел өскен егіздей жұбын жазбай қосақталып жүреді. Бұған поэманың басты геройлары Әбікеш пен Күлэнда арасындағы қарым-қатынастардың бейнеленуі әлпеті дәлел.

«Күлэнда» поэмасында табиғат көріністері, пейзаждық сипаттамалар молырақ және ол шығармадағы негізгі оқиғалармен іргелес беріліп отырады. Бұл композиция Жұмағалидың сюжет желісін қиыстыру жағынан романтикадан бір табан алыстағанын, яғни реалистік тұрғыдан қиыстыруға бой ұрғанын танытқандай.

Автор социалистік реализм әдебиетімен совет суреткерінің идеялық нысанасына тән позицияны Күлэнда мен Әбікештің ішкі арпалыстарын бейнелейтін алғашқы шумақтарда-ақ бірден танытады. Қайғы-мұңға шомған зерделі қыз өзінің мүшкіл өміріне ызаланып, табиғаттың мейірімді құшағында күніреңе толғанып келе жатқанда сүйікті жігіт Әбікеш елес береді.

Жағатын туар ма екен алдан өмір,
Адамға мәңгі сөнбес бақыт шамын.

Күлэнда әлеуметтік мәселеден хабары жоқ, туыстары мен сүйген жарының ырқына көніп жүре беретін, бүкіл тағдырын солардың мойнына арта салатын ынжық қыз емес, ол өзіндік талпынысы бар, Есметтей дұшпанына «тартыста үлес алам» деп тіс қайрайтын ер мінезді өжет қыз. Осындай қайыспас ерлігінің арқасында, сүйіскен екі жас поэма-

ның аяғында дүр сілкініп, ел жастарының көмегімен көңілге алған мақсаттарына жетеді.

«Тартыста үлес алам» дейтін өжеттілік Әбікеште тіпті басым. Ол өзін ауыр азапқа салып жатқан Есметке өлімнен қорықпастан былай дейді:

Күн болса әлде қалай құтылатын
Ашармын найзаменен түндігінді,

Поэмадағы осы тәріздес ыза менен кекке толы толғаулар Күләнда мен Әбікеш образдарын біздің заманымызға жақындата түсетін реалистік суреттемелер іспетті. Алайда күреске бастайтын іс-әрекеттер төңірегіндегі әлеуметтік сарындар поэмадағы кейіпкерлердің таптық көзқарастарынан, таптық санасының әбден оянуынан туып жатпайды. Автор бұлай етсе адамдардың заманға лайық емес қимылдарын көрсетуге ойысып кетер еді де, шығарманың реалистік сипаты жойылар еді. Сондықтан да Әбікештің Есметпен дін иелеріне қарсы күресі, ел жастарының ұйымдасып кек алулары жеке бас төңірегіндегі белгілі бір қақтығыстардан, өштесулерден тарап отырады. Болыстың қолынан қаза тапқан інісі үшін Есенкелді кеткен еді. Әбікеш махаббат еркіндігі үшін ғана күреседі. Ел жігіттерінің Есметке қарсы ұйымдасуы Күләнда мен Әбікешті құтқарып алу мақсатынан әрі аспайды. Бұл заңды да, өйткені көне заманның адамдары мен олардың өмірін бейнелейтін тіршілік жағдайын танытатын шығармада патриархалды-феодалдық қоғамның шындықтары сол күйінде көрінуге тиіс. Мұндай туындылардың саяси-әлеуметтік бағыты, таптық сыры басты тұлғалар образынан тумай, соған автордың өз көзқарасын үстемелеуі, өз поэзиясын тоғыстыра суреттеуі арқылы пайымдалады. Біз «Күләнда» поэмасынан шеберліктің бұл үлгісін де анық аңғарамыз.

«Күләнда»да романтикалық поэмаға тән кейбір ерекшеліктер де бар. Онда кейіпкерлердің іс-әрекеті кенет те ғажайып оқиғалар төңірегіне шоғырланған. Оқиға сипатына қарай бірде жадырап, бірде түнере қалатын айнаымалы табиғат, ыстық махаббатын жер астына ала кетуге дайын тұрған ұл мен қыз, күш пен өнерден теңдесі жоқ жігіттің қазақша сайыстардағы ауыр жеңістері, дұшпан қолындағы азаптар мен талпыныстар, міне осының бәрі әсірелеп бейнелеу арқылы оқыс көріністерге айналған романтикалық жайлар.

Бірақ автор бастан аяқ романтикаға беріліп кетпейді. Қоғамдық сана мен ғұрыптарға келгенде, сол заманның әлеуметтік жағдайларын, адамдар тіршілігін, қоғамды шындық аясында шынайы бейнелейді. Кедейлер мен байлар тұрмысының көріністері, жәбірлеуші мен жәбірленушілер арасындағы ежелгі өшпенділік, палуандар сайысы мен атшабыс тәрізді эпизодтар өмірдің нағыз реалистік көріністері. Демек, поэмада романтикалық желілер реалистік баяндаулармен шебер ұштастырылған. Осыған орай поэманың суреттеу нақысында да реалистік детальдар мен әсірелеулер қатар келіп отырады.

Поэма стилінің классикалық дастандарға ұқсайтын ендігі бір көркемдік ерекшелігі — суреттелген оқиғалар мен бейнелер поэтикалық тұжырымдармен көмкеріліп отырады. Мәселен, ақын Есмет шалдың өктем зұлымдықтарын ұзақ суреттей келіп, оған екі жол ғана өлеңмен кең мағыналы мінездеме береді:

Сұмдықпен адам қанын ұрттаса да,
Бола алсын махаббатпен қайдан араз.

«Күләнда» поэмасы жайындағы бұрынғы пікірлерге біздің қосарымыз негізінен осы айтылғандармен шектелмек. Әрине, Жұмағали поэзиясында бұл поэманың айырықша орын алатындығы, қазақ әдебиетінде поэма жанрының қалыптасуына үлкен үлес болып қосылатындығы баршамызға аян.

Алайда ақынның көркем шығармаларын тұтас күйінде салмақтап қарағанда, оның ақындық беталысын анықтайтын ең өнімді жанры — лирика болғанын ұмытпауға тиіспіз. Эпикалық поэзия мен лирика ұштаса келіп, бейнебір тұтас дастан сияқтанып шыққан тамаша жорық жырлары, бүгінгі творчестволық еңбек адамдарының рухани дүниесін тебірене, толғана жырлаған, философиялық ойға, қанатты сезімге толы өлең толғаулар — міне, Жұмағалидың шарықтап көтерілген биік белестері осылар.

Жұмағали Саин — қазақ әдебиетінің тарихында өз орны бар адам. Оның поэзиясындағы ақындық ерекшеліктері, іздену жолдары мен қазақ поэзиясына қосқан өзіндік жаңалықтары әр алуан. Оны бір мақаланың көлемінде сарқа пайымдау мүмкін емес. Сонымен қатар, Жұмағалидың творчестволық өмірі, суреткерлік өнері, поэзиясының жанрлық ерекшеліктері туралы бұдан бұрын да бірталай сын пікірлер айтылған болатын. Әрине, өзіндік лебі, ақындық жолы айқын, талантты ақын туралы көрнекті жазушы,

сыншылардың әр кезде арнайы пікір айтуы табиғи заңды нәрсе.

І. Жансүгіров, С. Мұқанов және басқалардың Жұмағали талантын алғашқы таныған жеке пікірлерін есептегенде, Ұ Отан соғысы жылдарынан кейін де ақын туралы, оның творчестволық келбеті туралы байсалды талдаулар аз болған жоқ. Ақынның «Жорық жырлары» 1944 жылы екі тілде (орысша-қазақша) жеке жинаққа шыққанда, белгілі ғалым М. И. Фетисов оны ұлы жорықтың ақиқат шындығын бейнелеген нағыз жауынгерлік жыр деп бағалады. Сыншы Т. Нұртазин Жұмағалидың лирикасы мен поэмаларын нақты талдай келіп, ақын поэзиясының қаймағы, романтикалық сарында жазылған «Күлэнда» поэмасы деген тұжырым жасады. Т. Абдрахманов «Қазақ әдебиеті тарихының очеркінде» (1948 жылғы мақаласында) Жұмағалидың жорық жырларына айырықша мән бере келіп, оның социалистік еңбек тақырыбына арналған өлеңдері белгілі бір машықтан шыға алмаған қайталау бар деген сын айтты. Ә. Тәжібаевтың, Қ. Шаңғытбаевтың, А. Нұрқатовтың, Ж. Өмірбековтың т. б. мақалаларында ақынның жеке өлеңдері қазақ поэзиясы мәселелеріне байланыстырыла тексерілді. Сыншы С. Қирабаев «Жылдар» жинағына жазған рецензиясында Жұмағали лирикасының әлеуметтік мәніне, көркемдік талғамына дұрыс мағына бере келіп, «Алтай», «Досыма хат» поэмаларының ақын таланты дәрежесінен төмен жатқандығын ескертті. Жұмағалидың ақындығы жайында бірқатар жинақты пікір айтқан Д. Әбілев орыс поэзиясының ықпалына тоқталғанда, әсіресе, М. Ю. Лермонтовтың идеялық әсерін баса айтты. Ақын творчествосында елеулі орын алатын «Күлэнда» поэмасын нақтылы талдады. Міне, осының барлығы да Жұмағали поэзиясының үнемі дерлік жұртшылық назарын аударғанын және келелі творчестволық мәселелерді көтеруге себепші болып келгенін дәлелдейді.

Жұмағали ақындығының бірқатар сырлары асу белестері жайындағы біздің пікірлеріміз де үлкен ақынның күрделі поэзиялық туындылары туралы бұрын-соң айтылып жүрген топшылаулардың жалғасы және келешекте зерттеліп тұжырымдалатын жаңа ойлардың бастамасы сияқты. Осыған орай бір ескертетін жай, Жұмағалидың ақындық жолы мен творчестволық өмірі туралы жазғанда екі нәрсеге айырықша назар аударған мақұл: ең алдымен, Жұмағали поэзиясы — советтік өмір шындығының көрінісі, екіншіден, азамат ақынның өз рухани дүниесінің айнымас сәулесі.

Анығырақ айтқанда Жұмағали қандай мәселеге болсын партиялық, халықтық талап тұрғысынан қарайтын шын мәніндегі ақылды, күрескер, жауынгер ақын. Жұмағалидың осындай қасиеттері оның поэзиясында да жарқын көрінген. Жұмағалидың мінез-құлқы, адамгершілік қасиеті, өзіне ғана тән табиғи жарастықта көрінетін болса, оның поэзиясы да сондай-ақ табиғи жарастығымен қадірлі. Мінез-құлқында ешқандай жасандылық, жалғандық жоқ ақынның өлең-жырлары да өзінің жан дүниесінің жарық сәулесіндей, сұлу көңілдің арнасынан құйылып жатқан ойлары мөлдір бұлақ суындай таза. Сондықтан да Жұмағали поэзиясы әлі де талай зерттеушінің назарын аудармақ.

1961

МАЗМҰНЫ

Ә. Тәжібаев. Үлкен досы өлең-жырдың 5

ОЙ. ТОЛҒАНЫС. ТҮЙІН.

Асқақты жыр керек	13
Поэзиямызды сөз еткенде	30
Ақындық талант өз орнына жұмсалсын	48
Жазба әдебиеттің халық поэзиясымен өзара байланысы	71

ҚАЗЫНА ХАЛЫҚТА

Біржан сал	91
Үкілі Ыбрай	120
Ақан сері	161

ӨЛЕҢНІҢ ӨРЕН ЖҮЙРІКТЕРІ

Революционер ақын	178
Өмір мен өлең	214
Асқақ шабыттың ақыны	266
Жұмағали Саин	283

Ысмайылов Есмағамбет
ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ ОЙЛАР.
(Ақындық өнер мен ақындар тура-
лы). Алматы, «Жазушы», 1968.
320 бет.

Есмагамбет Исмаилов
Раздумья о литературе

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы»—1968

Редактор С. Досанов. Художник И. Джаркешев.
Худож. ред. А. Бейсембинов. Техн. ред. С. Лепесова.
Корректор М. Рзагалиева.

Сдано в производство 16/VII 1968 г. Изд. № 242.
Подписано к печати 11/XII-1968 г. УГ06974. Бум. тип. № 2.
 $84 \times 108^{1/32} = 10,0$ п. л. = 16,8 усл. п. л. (Уч. -изд. 17,48).
Тираж 7500 экз. Цена 1 р. 90 коп.

Заказ № 470. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати.